



**ТҮЙМЕБАЕВ Ж.
ЕСКЕЕВА М.**

**ТҮРКІТАНУДЫҢ
ТАРИХИ-ЛИНГВИСТИКАЛЫҚ
НЕГІЗДЕРІ**

**ТҮРКІТАНУ
СЕРИЯСЫ**



TURKOLOGY

**Жансейіт ТҮЙМЕБАЕВ
Мағрипа ЕСКЕЕВА**

ТҮРКІТАНУДЫҢ ТАРИХИ-ЛИНГВИСТИКАЛЫҚ НЕГІЗДЕРІ

**ТҮРКІТАНУ
СЕРИЯСЫ**



**«Қазығұрт» баспасы
Алматы, 2015**

ӘОЖ 80/81
КБЖ 81.2
Т 87

*Баспаға Халықаралық түркі академиясы және
Аймақтық әлеуметтік-инновациялық университеттің
Ғылыми кеңесі ұсынған*

РЕЦЕНЗЕНТТЕР:

ф.ғ.д., академик Қайдар Ә.Т.
ф.ғ.д., профессор Жалмаханов Ш.Ш.
ф.ғ.д., профессор Боранбаев С.Р.

ТҮЙМЕБАЕВ Ж., ЕСКЕЕВА М.

Т 87 Түркітанудың тарихи-лингвистикалық негіздері /

Ж.Түймебаев, М.Ескеева. Екінші басылым. – Алматы, 2015. – 512 бет.

ISBN 978-9965-22-511-6

Еңбекте түркітану ғылымының қалыптасу тарихы, ХХІ ғасыр түркологиясының бағыт-бағдары сараланып, түркі тілдері тарихи дамуын кезеңдестірудің, глоттогенеалогиялық және глоттохронологиялық тұрғыдан классификациялаудың ұстанымдары, түркі тілдерінің негізгі ерекшеліктерін сипаттайтын заңдылықтар мен тілдік құбылыстар жайлы түсінік беріледі.

Еңбек қазақ филологиясы және түркітану мамандықтарында оқитын студенттер мен магистранттарға, түрколог-лингвистерге және түркі тілдерінің тарихы қызықтырушы көпшілік қауымға арналады.

**ӘОЖ 80/81
КБЖ 81.2**

ISBN 978-9965-22-511-6

© Түймебаев Ж., Ескеева М. 2015
© «Қазығұрт» баспасы», 2015

АЛҒЫ СӨЗ

Түркітанудың негізін құрайтын лингво-грамматологиялық сала – түркі әлемінің ортақ құндылықтарын сақтауға, жалпы-түркілік тарихи-тілдік сананы жаңғыртуға, түркі халықтары арасындағы ынтымақтастық пен мәдени ықпалдастықты нығайтуға қызмет етеді. VI-IX ғасыр түркілерінің *Bengü El* «Мәңгі Ел» идеясының бүгінгі Қазақ Елінің ұлттық мұратына айналуы түркітану бойынша жаңа сападағы оқулықтар кешенін дайындаудың қажеттілігін көрсетуде. Түркі халықтарының тарихи тамырының тереңдігін, адамзат өркениетіндегі айрықша орнын тану ұрпақ санасындағы патриоттық ұстанымдарды нығайтып, әлемдік өркениетке, жаһандану үдерісіне батыл қадам басуына ықпал етеді.

Түркітануды адамзат өркениетіндегі түркі мәдениетінің орнын теориялық тұрғыдан негіздейтін кешенді ғылым саласы тұрғысынан қарастыратын еңбек кеңестік, қазақстандық және шетелдік түркологиялық-лингвистикалық ғылыми мектептер дәстүрін жалғастырып, тың тұжырымдар мен соны пікірлерді жүйелеуге, XXI ғасыр түркологиясының бағыт-бағдарын айқындауға, түркі әлемінің тарихи-мәдени және тілдік сабақтастығын жандандыруға бағытталады. Мақсатқа сай түркітанудың ғылым саласы ретінде қалыптасуы мен дамуы, түркітанудың кешенділік сипаты, лингвистикалық түркітанудың методологиялық негізін құрайтын салыстырмалы-тарихи талдау мен жаңа зерттеу парадигмалары сараланып, түркі тілдеріне жалпы сипаттама беріледі. Лингвистикалық түркітанудың қазіргі таңдағы міндеттерімен, өзекті проблемаларымен, негізгі ғылыми бағыттарымен таныстыру; түркі тілдерінің қалыптасу, даму кезеңдерінің ерек-

шеліктерін тілдік және тарихи деректер негізінде саралап, түркі тілдері тарихын кезеңдестіру мәселесіндегі жаңа көзқарастар жайлы мәлімет беру; түркі тілдерін глоттогенеалогиялық және глоттохронологиялық тұрғыдан жіктеудің лингвистикалық, тарихи-этногенездік, ареалдық-географиялық т.б. ұстанымдарын саралап, түркі тілдерінің классификациясы жайлы көзқарастармен таныстыру; түркі тілдерінің фонологиялық жүйесі мен морфологиялық құрылымының негізгі ерекшеліктерімен, түркі тілдерінің даму жолын айқындаудағы маңызды заңдылықтармен, тілдік құбылыстармен таныстыру; лингвистикалық түркітану ғылымындағы қазақ тіл білімінің орнын көрсету көзделеді.

Авторлар ұжымы

БІРІНШІ ТАРАУ

ТҮРКІТАНУ ҒЫЛЫМЫ

§1. Түркітану ғылымының әлемдік гуманитарлық ғылыми кеңістіктегі өзектелуі

Ғылым тарихы – адамзат өркениетінің тарихы. Кез келген ғылым саласы тәрізді күрделі даму жолынан өту үрдісі түркітануға да тән. Қалыптасу барысында теориялық-методологиялық тұрғыдан әр тарапты ізденіс нәтижелерінен, әртүрлі қайшылықты көзқарастар тезінен сарапталып, дербес ғылым саласы ретінде орнығуы түркітанудың әлемдік ғылыми кеңістіктегі маңызы мен өзектілігін танытумен қатар түркі халықтарының жалпыадамзат өркениетіндегі орнын да нақтылай түседі. Еуразия кеңістігінің кең алқабына қанат жайған түркі мәдениеті көне шығыс және көне батыс өркениетімен қанаттаса қалыптасқан, терең тамырлы феномендік құбылыс.

Тарихи деректер еуропа ғалымдарының көзқарасы бойынша «әлем мәдениетінің бесігі» саналған көне грек мәдениетінен бұрын орнығып, оның дамуына елеулі ықпал еткен үнді, қытай, араб халықтары сынды шығыстық өркениет өкілдері мәдениетінің маңызын көрсетуде. Араб, парсы, қытай т.б. шығыс халықтарымен тығыз қарым-қатынаста болған түркі халықтарының мәдениеті әлі де болса өз деңгейінде бағаланбай келеді. Түркі халықтарына ортақ эпос – «Алпамыс» жырының сюжеті мен грек эпосы «Одиссеяның» сюжетіндегі ортақтықтар мен

ұқсастықтардың анықталуы, бұл мәселені терең зерттеу қажеттігінің¹ баса көрсетілуі; түркілердің XIII ғасырда хатқа түскен «Оғыз қаған» эпосының сюжетіндегі тарихи оқиғалардың б.з. I-V ғасырындағы хундардың батысқа жасаған жорықтарын сипаттайтыны жайлы пікірлердің айтылуы, эпосқа «Оғыз қаған XIII ғасырда да, тіпті XI ғасырда да жасалған емес. Бұл – ертедегі түркі әдебиетінің тарихи рельефіндегі сөнген вулкан» деп бағалануы², әр жылдары жүргізілген археологиялық зерттеу жұмыстарының нәтижелері түркі мәдениетінің тереңнен бастау алатын тамырлы тарихын танытса керек.

Еуразия кеңістігінің ұлан-ғайыр аумағын алып жатқан автохтонды суперэтнос – түркі халықтарының тұтас мәдени-өркеніеттік аясы Солтүстік мұзды мұхиты мен Жерорта теңізінің аралығындағы, шамамен 14-15 миллион шаршы шақырым болатын алып территорияны қамтиды. Ежелгі түркі тайпаларының мекені тек мал шаруашылығы мен көшпелі тұрмысқа ыңғайлы Еуразияның далалық аймақтарымен ғана шектелмей, климаты жайлы суармалы оазистік алқаптарды, бірнеше өзендер мен көлдерді, теңіздерді, Алтай, Тянь-Шань, Памир, Кавказ тауларын да қамтуы олардың мәдени-тұрмыстық кеңістігінің бірыңғай табиғи ландшафтан ғана емес үлкен өркениет қалыптастыруға қолайлы әртүрлі жер бедерлерінен тұратынын көрсетеді.

Кез келген мәдениеттің орнығу, даму үдерісі томаға-тұйық жағдайда өтпейтіні де белгілі. Түркілердің өздері бейімделген тұрмыстық-мәдени кеңістігін қалыптастыруы, игеруі, шегаралас, өзіндік өркениеті қалыптасқан басқа этностардың мәдени-саяси ұстанымдары мен саяси-экономикалық даму-құлдырау үдерісінің амплитудасына да байланысты болды. Өркениеттер арасындағы байланыс әлеуметтік-мәдени сұхбаттасу деңгейінде ғана емес, саяси-әскери сипатта да болуы мәдениет-

¹ Жирмунский В.М. Тюркский героический эпос. – Ленинград: Наука, 1974. – С. 334.

² Өмірәлиев Қ. Көне түркі әдеби ескерткіштері туралы зерттеулер. – Алматы: Арыс, 2010. – Б. 507,558.

аралық қатынастың қым-қиғаш тарихи оқиғалар қатпарынан тұратын күрделі процестер негізінде қалыптасып дамитынын көрсетеді. Түркі халықтары мен көршілес халықтар арасындағы тарихи қарым-қатынас та екіжақты болғаны тарихи деректерден белгілі. Түркі қағанаттары тұрмыстық-әлеуметтік өмірде де, әскери-саяси өмірде де жетістікке толы, күш-қуаты толысқан, көрші мемлекеттермен тең дәрежелі империялық сипаттағы кезеңдерді де, әлсіреген, тіпті елдігінен айырылып, бодандыққа ұшыраған кезеңдерді де басынан өткерді. Соған орай түркілердің мәдени-рухани және материалдық құндылықтар жүйесі де *даму* → *өркендеу* → *құлдырау* → *тоқырау* → *даму* → *өркендеу* тізбегінің бірнеше сатысынан тұратын ұзақ хронологиялық мерзімді қамтиды. Түркі халықтарының тарихы, жалпыадамзат өркениетіндегі орны жайлы шынайы көзқарастармен қатар, «тұрпайы, мәдениеті дамымаған жабайы халық» деген тәрізді біржақты көзқарастардың да қалыптасқаны көпшілікке аян. Қалай болғанда да техногендік өркениетке дейін мыңдаған жылдық адамзат тарихында түркілердің қуатты күш болғаны, рухани-зияткерлік және қолданбалы-материалдық құндылықтар кешенін қамтитын өзіндік мәдениеті мен жазба дәстүрін қалыптастырғаны күмән тудырмайтын тарихи шындық. Түркілердің тарихи тамырын тереңнен тарататын түркітанымдық зерттеулерге жол ашылуына байланысты «шынайы түркітану» («адекватная тюркология»), неотүркітану (неотюркология) ұғымдары да қолданыла бастады.

Түркілердің көне дәуірлердегі әскери жорықтарға, тарихи көштерге, кейінгі жылдары саяси қуғын-сүргінге, экономикалық-материалдық қажеттілікке байланысты жер шарының түкпір-түкпіріне таралуы, қазіргі таңда олардың атамекенінен тыс аймақтарда да өмір сүруі түркі халықтарының жалпы санын нақтылауда қиындықтар тудыруда. Әр жылдары жасалған санақ нәтижелері көрсететін статистикалық деректердің сәйкес келе бермеуі де осыны меңзейді. 1989 жылы Мәскеуден шыққан «Население мира» атты демографиялық анықтамалықтың дерек-

терібойынша Түркия, Қазақстан, Өзбекстан, Қырғызстан, Әзірбайжан, Түркіменстан тәрізді 6 дербес мемлекеттің, Қарақалпақстан, Татарстан, Башқұрт, Якут, Тува, Чуваш т.б бірнеше автономиялық республикалардың негізгі халықтарын құрайтын түркілердің, Қытай Халық Республикасы құрамындағы Шынжан Ұйғыр Автономиялық Республикасындағы, Монғолиядағы Қазақ Автономиялық Өлкесіндегі түркі халықтарының, басқа да Батыс Еуропадағы, Америка мен Австралиядағы, Африкадағы мемлекеттерді мекен ететін түркі диаспораларының жалпы саны – 135594000¹. М.Закиев 1989-1995 жылдар аралығында жарияланған деректер бойынша дүниежүзіндегі түркілердің саны 132804576 адамнан тұратынын көрсете отырып, бұл көрсеткіштің шынайылығына күмәнмен қарайды, түркі халықтарының дәл санын анықтаудың күрделілігін, халық санақтары кезінде кейбір түркі халықтарының өкілі әлеуметтік жағдайға байланысты титулды халықтың өкілі ретінде жазылуы жиі кездесетінін айтады². Бұл дербес мемлекеті жоқ түркі этностары немесе түркі диаспоралары өкілдерінің санына қатысты жағдай. Надир Девлеттің көрсетуі бойынша 1990 жылы түркі халықтарының саны 147987270 адамды құраған³, әлеуметтік желілердегі соңғы деректер бойынша қазіргі таңдағы түркілердің саны 150 миллион шамасында. Мұндай деректер төрт құрлыққа шашырай таралған түркі тектес, түркі тілдес халықтардың саны әлемдегі адамзат санының елеулі бөлігін құрайтынын айғақтайды.

Этномәдени кеңістіктің ұлғаюы немесе ықшамдалуы, этностардың өз ата-мекенінен ығыстырылуы, ассимиляцияға ұшырауы, тіпті тұтастай жойылып кетуі де тарихи-эволюциялық үрдіс. Мұндай тарихи оқиғалардан түркі халықтары да тыс қалмады. Көне замандардан бері дербес тайпалық одақтар мен

¹ Население мира. Демографический справочник. – Москва: Мысль, 1989. – С. 414-415.

² Закиев М.З. Древнетюркская ономастика и ее морфонология. – Астана: Prosper Print, 2013. – С. 15-16.

³ Nadir Devlet. Türk Dünyasının Demografik ve Ekonomik Yapısına Toplu Bir Bakış // Türk Dünyası El Kitabı. – Birinci Cilt.2. – Baskı. – Ankara, 1992. – S. 55-102.

хандықтарға бөлінсе де, өзара ұласып-сабақтасып жататын суперэтностық тұтастығын қамтамасыз етіп келген түркі дүниесі тарихи жағдайларға байланысты бөлшектеуге түсті. Сібір мен Орталық Азияның арасына, Еділ-Жайық бойы түркі халықтары мекенінің ортасына, Қырым өңіріндегі, Қаратеңіз жағалауындағы түркі этностарының ата-мекендері аралығына басқа мәдениеттер орнықты. Түрлі саяси ықпалдарға байланысты түркі халықтарының біразы ата-мекенінен шетелдерге ауа көшуге мәжбүр болса, 1990 жылдардың алғашқы кезеңдеріне дейін тамыры бір Осман түріктерімен байланыс үзілді, Қытай мен Ресей арасындағы саяси-дипломатиялық ахуалға байланысты Шығыс Түркістанды, Қашқарды, Турфан өңірін мекендеген автохтонды түркі этностарымен де қарым-қатынас күрделене түсті. Бұл негізін жалпытүркілік тектілден алатын, сан ғасырлық даму жолынан өтсе де жалпытүркілік табиғатын сақтап келе жатқан Еуразия кеңістігіндегі 40-тан аса түркі тілдерінің дамуында, қолданыс аясында, жазба дәстүрінің қалыптасуында, белгілі бір дәрежеде із қалдырды.

Түркі халықтарының жартылай көшпелі өмір салты мен саяси-әлеуметтік жағдайына байланысты XI ғасырда Махмұд Қашқари шығармашылығынан басталып, XVII ғасырға дейін классикалық араб филологиясымен сабақтастықта дамыған лингвистикалық түркітану (Жамал ад-дин Мұхаммед Абдуллах ат-Түрки, Махмуд ибн Омар Замахшари, Джамал ад-дин ибн Муханна, Асиф ад-Дин Абу Хайан Мухаммад ибн Али ибн Юсуф ал-Гарнати, Молла ибн Мухаммед Салих т.б.) біраз уақыт кешеуілдеп барып, жалғасын тапты. Түркі халықтарының тарихы мен мәдениетін, түркі тілдерін, түркі жазба мұраларын зерттеу XX ғасырдың алғашқы жылдарына дейін негізінен басқа ұлт өкілдерінің, шетел ғалымдарының үлесінде болды. Саяси-әлеуметтік жағдайларға және академиялық ғылыми дәстүрдің кешеуілдеп қалыптасуына байланысты түркі халықтары өкілдерінің өз елінің тарихы мен мәдениетін, тілі мен әдебиетін зерттеуге мүмкіндігі аз болды (Түркия ғалымдарынан басқа). Бұл

мәселе де түркі халықтарының, олардың тілдерінің табиғи болмысы мен тарихи даму жолын анықтаудағы еуроцентристік көзқарастардың қалыптасуына алып келді.

Кеңес үкіметі кезінде орыс тілінен немесе орыс тілі арқылы басқа тілдерден енген сөздердің көбеюі, жаңа емлелік ережелердің қалыптасуы, жаңа жазу жүйелерінің енгізілуі түркі халықтары тілдерінің табиғи дыбыстық жүйесіне көп өзгерістер әкеліп, кейбір тілдердің қолданыс аясын біршама тарылтқанымен, ұлттық кадрлардың қалыптасуы, әрбір түркі тілінің терең зерттелуі, түркі тіл білімінің аясында академиялық деңгейдегі салалық тіл білімдерінің (қазақ тіл білімі, өзбек тіл білімі, түркімен тіл білімі, қырғыз тіл білімі, әзірбайжан тіл білімі, татар тіл білімі, қарақалпақ тіл білімі, чуваш тіл білімі, якут тіл білімі т.б.) қалыптасуы осы кезеңнің жемісі. Кеңес Одағы ыдырағаннан кейін түркі тілдерін, түркі тілдерінің тарихын зерттеудің бағыт-бағдары жаңаша сипат алып келеді. Әсіресе дербес мемлекетін құрған түркі халықтары тіл мәселесіне ерекше көңіл бөліп, мемлекеттік тілдің қолданыс аясын кеңейту бағытында жұмыстар жүргізіп, түркі тілдерінің тарихына, көне түркі, орта ғасыр түркі жазба мұраларын зерттеуге қатысты жіберілген олқылықтар мен бұрмалаушылықтарды тарихи ақиқат тұрғысынан зерделеу қолға алынуда. Дегенмен, бұл тарихи түркі тіл білімінің проблемасы шешілді деген сөз емес екені белгілі. Ұзақ жылдар бойы басқа мәдениеттің ықпалында болып, суперэтностық тұтастығына нұқсан келген түркі халықтарының тарихына, мәдениетіне, тіліне қатысты өзекті мәселелер әлі де баршылық. Қазіргі түркі халықтарының мәдени-рухани құндылықтары мен ұлттық рухы ежелгі жалпытүркі әлемінің рухани құндылықтарынан бастау алатындықтан ұрпақ бойына ұлттық рухты сіңіріп, жалпытүркілік ұлттық сананың берік қалыптасуын қамтамасыз ету қазіргі түркілердің тарихи тамырын терең тануына, түркілік тектілден тараған ана тілдерінің тарихи даму жолын саралай білу деңгейіне байланысты. Сондықтан түркі тілдерінің тарихына, жазба мұраларына, әліпби жүйесіне, түркі тілдерінің зертте-

луіне қатысты мәселелер жалпытүркілік континиумда қарастырылуда.

Жаһандану үдерісіне өзіндік болмыс-бітімімен араласа алатын, әлемдік ақпараттық кеңістікке ұлттық мүддені ескере отырып еркін бойлай алатын ұрпақ қалыптастыру да жалпы түркі халықтарына ортақ міндет. Сондықтан түркітану ғылымының классикалық саласын құрайтын Орхон, Енисей, Талас т.б. көне түркі жазба мұралары мен көне ұйғыр, араб, көне латын, армян т.б. жазуларымен хатқа түскен орта ғасыр түркі жазба ескерткіштерінің мәтіндерін жан-жақты зерттеп, көне түркі және орта түркі тілдеріндегі диалектілік ерекшеліктердің қазіргі түркі тілдерінің қалыптасуындағы ықпалын саралаудың, осы бағыттағы тың пікірлерді, ескерткіштердің жаңа оқылымдары мен аудармаларын ғылыми білім айналымына енгізудің маңызы ерекше. Көне түркі, орта түркі тілдеріндегі диалектілік жіктелістерді көрсететін тарихи дыбыс өзгерістерін қазіргі түркі тілдерімен салыстыра қарастыру арқылы түркі тілдеріне тән альтернативалық құбылыстардың даму бағытын айқындау; түркі тілдерінің прототүркілік, пратүркілік, ортатүркілік, жаңатүркілік қабаттарды қамтитын кешенді сипаттамасын жасау, алтаистика, түркология саласындағы соңғы нәтижелерді сұрыптап, жүйелеу; түркі тілдерін генеалогиялық және тарихи-хронологиялық тұрғыдан классификациялаудың принциптері мен нәтижелерін интерпретациялау түркітанудың (лингвистикалық) тарихи, ғылыми-теориялық және методологиялық негіздерін игеруді қажет етеді.

Генетикалық тегі бір түркі халықтарының тарихы мен мәдениетін, әдебиеті мен тілін зерттеуде, түркі тілдеріне глоттогеналогиялық, глоттохронологиялық классификациялар жасау барысында, өз ішінде ғана шектелмей, дәстүрлі шегарадан шығып, басқа халықтардың мәдениеті мен тіліндегі ортақ типологиялық индикаторларды кеңінен қолдану қажет. Бұл еуроцентристік бағыттағы дәстүрлі түркология шектеп тастаған түркі халықтарының тарихи тамырын тереңдетуге ықпал етеді. Осыған орай

XXI ғасыр түркологиясына салыстырмалы ізденістердің шеңберінен шығып, салғастырмалы-типологиялық зерттеулерге де сүйенуіне тура келеді.

Түркологиялық бағыттағы ғылыми-зерттеулерді жүйелі түрде жүргізу түркі халықтарының өткені мен бүгінін қамтитын тарихы мен мәдениетіне, тілі мен әдебиетіне, басқа да рухани-мәдени және материалдық құндылықтар жүйесіне қатысты кешенді ғылыми білім жүйесін қалыптастырумен ұштасып, этнолингво-мәдени тегі бір түркі әлемінің өзара ынтымақтастығы мен рухани тұтастығын қамтамасыздандыруға бағытталған жалпытүркілік идеологияның негізін құрайды.

Түркітану – адамзат өркениетіндегі түркі мәдениетінің сүбелі орнын теориялық тұрғыдан негіздейтін әлемдік гуманитарлық ғылымдар жүйесінің құрамдас бөлігі, батыс мәдениеті мен шығыс мәдениетін ұштастыратын айырықша сипаттағы аралық мәдениеттің ғылыми тұғыры.

§2. Түркітану ғылымы және *түрк*, *түркі* терминдері

Әлемдік мәдениеттің континенттік жіктелісі бойынша шығыс мәдениетінің құрамдас бөлігі саналатын түркі мәдениетін құрайтын түркі халықтарының тілі мен әдебиетінің, тарихының, салт-дәстүрінің басқа да құндылықтар жүйесінің зерттелуі шығыстану ғылымының аясынан бастау алады. Еуропалық зерттеушілер тарапынан ориенталистикалық сипатта қарастырылған шығыс мәдениеті терең тамырлы, көпсалалы, көпүлгілі әрі көптекті құбылыс.

Шығыстану – шығыс елдерінің тарихын, тілін, әдебиетін, этнографиясын, өнерін, дінін, философиясын, географиясын, экономикасын т.б. зерттейтін ғылыми пәндер жиынтығы. Зерттеу нысанына байланысты бірнеше саладан тұратын шығыстану ғылымы еуропалық тұрғыдан алып қарағанда негізінен XVII-XVIII ғасырларда ірі державалардың шығыс елдерін отарлау

саясатына байланысты қалыптаса бастады. Мәселен, Англия, Франция, Голландияның Үндістан, Үндіқытай елдерін, Ресей патшалығының Орта Азия мен қазіргі Қазақстан аумағын, Сібір өңірін, Кавказды отарлауына байланысты жергілікті үнді, үндіқытай, кавказ, түркі халықтары жайлы мәліметтер жинап зерттеу ісіне зор мән берілді. Отарланған елдерді басқару, өз мүдделеріне сай пайдалану осыны талап етті. Ориенталистикалық бағыттағы шығыстанудың әлемдік ғылым саласына айналуына шығыс елдерінен алынған жазба мұралардың зерттелуі арқау болды. Жазба ескерткіштерді оқу, аудару жергілікті шығыс халықтарының тарихы мен мәдениетінен мол мағлұматтар алуға мүмкіндік берді. Шығыстың материалдық ресурстарына еркін қол жеткізуді мақсат еткен отарлаушы елдердің ұстанған саясаты сол кездегі қалыптаса бастаған шығыстану ғылымының бағытын айқындап берді. Шығыс елдерінің негізінен тарихын, тілін, ауыз әдебиетін, географиясын, әлеуметтік қатынастары мен саяси құрылымын, басқа да мәдени құндылықтарын (діні, әдет-ғұрпы, салт-дәстүрі т.б.) зерттеу бірінші кезекке қойылды. А.Н.Кононовтың көрсетуі бойынша, бұрын негізінен функционалдық-практикалық бағытта лингвистикалық тұрғыдан ғана қарастырылып жүрген шығыстанудың ресми түрде кешенділік сипат алуы 1863 жылға сәйкес келеді, осы жылы әлемдік шығыстану тарихында бірінші болып Санкт-Петербург университеті шығыс тілдері факультетінің құрамында шығыс тарихы кафедрасы ашылады¹.

Шығыс халықтарының көне жазба мұраларын, ауыз әдебиетін және ауызекі тілін зерттеу, шығыстанудың лингвистикалық саласының дамуына жол ашты. Ағылшын ғалымдары У.Джонс пен Г.Колбрук санскритті Еуропа тілдерімен салыстырмалы түрде зерттеуді қолға алса, француз ғалымы А.Я.Анкетиль-Дюперрон ежелгі иран тілінен «Авестаны» аударарды. Ассирия-Вавилон сына жазуларын, Египет иероглифтерін, көне түркі руна жазуларын

¹ Кононов А.Н. История изучения тюркских языков в России: Дооктябрьский период. – Ленинград: Наука, 1972. – С.4

оқудың кілті табылды. Орыс ғалымы Г.С.Лебедев тұңғыш санскрит грамматикасын құрастырып, үнді тілдерінің фонетикалық жүйесі, морфологиялық құрылымы, синтаксистік құрылымына сипаттама берді. Еуропада жинақталған шығыс қолжазбалар қорының каталогтары жасалып, шығыс тілдерінің сөздіктері басылып шығарыла бастады. Филологиялық сипаттағы арнаулы сериялық басылымдар шығару қолға алынды.

Ресей патшалығының саяси-экономикалық мүддесіне сай шығыс халықтарының тарихы мен тілін, мәдениетін, материалдық әлеуетін зерттеген орыс шығыстанушылары шығыстану ғылымының жаңа салалары – түркітану мен кавказтанудың ғылыми негізін салды.

Түркітану (түркология) – түркітөктес, түркі тілінде сөйлейтін халықтардың тілін, әдебиетін, тарихын, этнографиясын, мәдениетін т.б. рухани, мәдени құндылықтарын зерттейтін кешенді ғылым саласы. Түркітану (түркология) ғылымының атауы қазіргі түркі халықтарының ортақ атауына сәйкес, олардың ата-бабалары, VI-IX ғасырларда өмір сүріп, Орхон, Енисей, Талас т.б. жазба ескерткіштерді келер ұрпаққа мұра етіп қалдырған, бірнеше ру-тайпалардан тұратын макроэтникалық топ – Түрктердің атауымен байланысты қалыптасты.

Замана желісіне, тарихи даму барысындағы этностық топтардың саяси-әлеуметтік жағдайына, бірінің әлсіреп, бірінің күшеюіне байланысты белгілі бір этностық топтар атауының өзгеріп, жаңа этнониммен аталуы да мүмкін екенін тарихи деректер дәйектеуде. Орталық Азиядағы әртүрлі этнониммен аталатын бірнеше ру-тайпалардан тұратын ежелгі түркі халықтары VI ғасырда Алтайда өз мемлекеттерін, Түрк қағанатын құрады. Қағанат құрамындағы барлық тайпалар өздерін *түрктер* атай бас тайды, Түрк қағанатының территориялық ауқымы кеңіген сайын *түрк* этнонимін иеленген халықтардың да саны арта береді. Ішкі қайшылықтарға байланысты Шығыс түрк қағанатының жарты ғасырдай Қытайдың ықпалында болуы этнонимнің қытай тілінің артикуляциясына сәйкестендірілген *tukiju/tujukijue*

нұсқасының қалыптасуына ықпал етті. Жалпытүркілік *türk* этнонимі VI ғасырда кеңінен қолданысқа енгенімен, басқа этнонимдерді иеленген түркілердің ата-бабалары бұл мерзімге дейін де өмір сүргені ақиқат. Бізге белгілі сақтар мен ғұндар, үйсіндер мен қаңлылар, қыпшақтар сияқты т.б. тайпаларға дейін де түркі халықтарының ата-бабалары өмір сүрді.

Türk этнонимі түркі халықтарының мыңдаған жылдарды қамтитын тарихи дамуындағы ерте орта ғасырлардан басталатын 1400 жыл көлеміндегі хронологиялық мерзімде ғана өмір сүріп жатқан ұрпақтарының жалпы атауы.

XIX ғасырдан XX ғасырдың екінші ширегіне дейінгі әдебиеттерде *türk/türük* этнонимі жалпы түркі халықтарына да, Түркия түріктеріне де қатысты кең мағынада қолданылып келді. Көне жазбалар тіліндегі жалпылама мәнді *türk* этнонимі қазіргі түркі халықтарының бірі – Осман империясы мұрагерлерінің жеке атауы ретінде қалыптасып қалғандықтан «түркі» сөзі барлық түрік тектес халықтардың ортақ атауын білдіретін термин ретінде шартты түрде қабылданып, өткен ғасырдың отызыншы жылдарынан бастап кеңінен ғылыми қолданысқа енді. «Түркі (тюрк/тюркский)» сөзін жалпы түркі халықтарына қатысты термин ретінде қолдануды ең алғаш 1923 жылы А.Н. Самойлович ұсынады¹. «Түркі» термині жүйелі түрде пайдаланыла бастағанға дейін түркі халықтарының жалпы атауы ретінде «түрік» сөзімен қатар «түрік-татар», «татар» этнонимдері қолданыста болды.

Түрктану/Түркітану/Түркология терминіне арқау болған *türk* этнонимі VI-IX ғасыр жазба мұраларында кеңінен қолданылады: *Türk budun joq bolmazun tijin, budun bolsun tijin* КТү.11 «Түркі халқы жоқ болмасын дейін, халық болсын дейін»; *Türk budun jitmezün tejin* Он.3. «Түркі халқы өлмесін-жітпесін деп» (ОА). Түрк(түркі) сөзінің шығу тегі жайлы көптеген пікірлер айтылып жүргенімен, толық шешімін таппаған мәселе, негізгі пікірлер: 1. `күшті,

¹ Кононов А.Н. История изучения тюркских языков в России: Дооктябрьский период. – Ленинград: Наука, 1972. – С.17.

қуатты, билік иесі` мағыналарын береді (В.В.Радлов, Ю.Немет); 2. `тайпа, ру, қандас туыстардың үйі` мәніндегі *törkin* сөзінен шыққан (А.Н.Бернштам); 3. түркі-монғол тілдеріне ортақ `туу, дүниеге келу` мағынасындағы *töre/törü* сөздерімен гомогенді (Б.Мункачи, Л.Базэн); 4. Монғол тіліндегі `бас, белгілі бір заттың ең биік ұшы` мәнін беретін *tolgo/tolgaj* және `жауынгерлік бас киім` мағынасында қолданылатын *duwlgal/dugulga* сөздерінен шыққан (Ю.А.Зуев); 5. `билік етуші халық` мағынасын береді (Г.Дерфер); 6. *türük (türk), törük (törk)* сөзі этнонимге айналғанға дейін `жаратушы, мырза, заң, ақиқат` мәніндегі зат есім, `құдіретті, қасиетті, ақиқат, нағыз` мағынасын беретін сын есімдер болуы мүмкін (О.Сүлейменов); 7. Монғол тіліндегі `басшы, көсем, бірінші, алдыңғы` мәніндегі *tərgüün* сөзі мен *türük/türk* сөзінің жалпылама мағынасы тілдік заңдылық бойынша сәйкес келеді (А.Аманжолов)¹. Түркі/түрік этнонимінің этимологиясы жайлы әр жылдары айтылған басқа пікірлердің көпшілігі осы тұжырымдар төңірегінде өрбиді. Түрік этнонимін интерпретация жасаған зерттеушілер сүйенген тілдік деректерді лексика-семантикалық жағынан екі топқа бөліп қарастыруға болады. 1. `күшті, қуатты, алдыңғы, ең, нағыз, таңдаулы, маңызды, сыйлы, басшы, билеуші т.б.` семаларын беретін көне түркілік *türk* `күшті, қуатты`, `нағыз, кемеліне келген` (ДТС, 599), орта түркілік *türk jigit* `ержеткен, кәмелетке толған жігіт`, *türk qujaš* `күннің ең жоғары нүктесі (аспандағы), кульминациясы` (МК I, 353); қырғ. тілінде *turk* `ірі, қоңды, семіз (қой)` (КРС, II, 284); бур. тіліндегі *türüü* `бірінші, негізгі, озат, құрметті` (БМРС, 458); монғ. тілінде *tərgüün* `басы, алды, алдыңғы`, `басшы, жауапты`; *tör* `үкімет, мемлекет`, `заң, ереже, тәртіп` (МҚС, 473, 497); қаз. тілінде *tör* `құрметті, сыйлы орын`; *töre* `хан тұқымы, сыйлы, құрметті адам, билік басындағылар`; 2. `туу, дүниеге келу` семасынан тараған `туған үй`, `туған ауыл`, `туған-туысқан` мәнін беретін сөздер: монғол тілінде *töröx* `туу`, *töröl* `туыс, ағайын, туысқан`, *törölx* `тума, туған, ата`, *törxöm* `төркін` (МҚС,

¹ Аманжолов А. С. История и теория древнетюркского письма. – Алматы: Мектеп, 2003. – С. 37-40.

474); қырғ. тілінде *törö* `туу, босану`, *töröt* `туу үдерісі (роды)`, *törkün* `әйелінің ата-анасы және туыстары` (КРС, 260, 261); қазақ тілінде – *törkin* `әйел адамның туған-туысқандары, туған үйі, туған жері`. Бірінші топтағы `күшті, билеуші, таңдаулы, кемеліне келген, сыйлы, нағыз т.б.` семаларын беретін *tör/tor/tür* тұлғасы мен екінші топтағы `туу` семасынан тараған *tör* тұлғасын гомогенді сөздер деп қарауға толық негіз жоқ. Түркілер тілінің қалыптасуының бастапқы кезеңдері негізінде глоттогенездік ізденістер нәтижесінде аталған түбір-негіздердің гетерогендік сипаты теріске шығуы да мүмкін. Зерттеушілер арасындағы пікір қайшылығы да осыдан туындайды.

Түркі халықтарының өткен тарихы, еркіндікті сүйген өмір-салты, өр, өткір болмыс-бітімі, образды ойлау жүйесі, жауынгерлік қабілеті анық байқалатын VI-IX ғасыр жазба мұраларының тілі, мазмұн-идеясы тұрғысынан сараласақ түрк/түркі этнонимінің жалпылама мәні бірінші топта қарастырған *törk/tork/türk* лексемаларының семантикалық аясына сай келеді және бұл сөздердің тектес түбірден тарағаны да дау тудырмайды. М.Закиев *türk* этнонимі біздің заманымызға дейін-ақ қолданыста болғанын, *tawar/tiær* `тау ері (тау адамдары)` тайпасының бір бөлігі мен *ok* `оқ (ақ, таза немесе оғымен садақ ұстап жүретіндер)` деп аталатын тайпаның бір бөлігінің консолидациясы нәтижесінде қалыптасқан тайпа атауын білдіретін күрделі *tiærok* этнонимі уақыт өте редукцияланып *türk* формасында орныққанын көрсетеді¹.

VI ғасырдың екінші жартысында қолданысқа ене бастаған этнополитоним *türk* лексемасын соғды тіліндегі *turk* (көне иран тіліндегі – *aryaka* `ирандық`, `арилық` сөзіне қарсы мәндегі *turya-ka* `тұрандық` сөзінен дамыған) лексемасымен сабақтастыра қарастыруға да болады². Алайда түркілердің ежелгі мекені Тұран атауының этимологиялық негізі, топонимнің түркілік немесе

¹ Закиев М.З. Древнетюркская ономастика и ее морфонология. – Астана: Prosper Print, 2013. – С. 11.

² Түймебаев Ж.К. История тюрко-казахско-монгольских этноязыковых взаимоотношений. – Астана, 2008. – С. 72.

ирандық тегі жайлы көзқарастар бірізге түскен жоқ. Тұранның түркілердің төл мекені екенін негізге ала отырып, **tur+an* топонимі мен **tür+k/*tur+k/*tor+k/*tör+k* этнонимінің варианттары құрамындағы **tür/*tur/*tor/*tör* моносиллабтарын бір архетиптің аллоформалары ретінде қарастыруға морфонологиялық тұрғыдан да логикалық тұрғыдан да толық негіз бар және бұл тұлғалар екінші дәрежелі түбір-негіз болуы да мүмкін. Сондықтан иран тіліндегі *turyaka* 'тұрандық' лексемасы парсы тілдеріне түркі тілдерінен енген кірме элемент болуы да әбден ықтимал.

Соңғы жылдары *түркі/түрк* сөзін *төрк* деп өзгерту мәселесі де көтерілуде. Қалыптасқан дәстүр бойынша этимологиялық негізі, тарихи мән-мағынасы, архисемасы бірдей *түрк/төрүк* параллелінің *түрк* нұсқасын қолдана беру, лингвистикалық тұрғыдан қайшылық тудырмайды. Көне түркі жазуының ерекшеліктеріне орай *ö, ü* дыбыстарының таңбасы бірдей болғанымен Махмуд Қашқари заманында-ақ *түрк* тұлғасының этноним ретінде қалыптасып қалғаны белгілі. Ал *торк* этнонимі оғыз-бұлғар тобындағы көне уз тайпалық одағына енетін шағын түркі этносының атауы ретінде мәлім. Сондай-ақ жасанды термин *түркіден* бас тартып, тарихи термин *түрк/түрік* сөзін барлық түркі тектес халықтарға қатысты Түркияда қалыптасқан дәстүр бойынша жалпылама мәнде де (*түрік* этнонимін қазіргі халық атауымен немесе мемелекет атауымен бір тіркесте – Қазақстан түріктері, қазақ түрікшесі; Өзбекстан түріктері, өзбек түрікшесі, Әзірбайжан түріктері, әзірбайжан түрікшесі т.б), бір ғана түркі халқы – Осман түріктеріне қатысты да қолдануды ұсынушы көзқарастар бар. Соған орай қазақ тілінде *түркітану* терминінің орнына *түрктану* термині де қолданыла бастады. Өзара тектес ұғымдарға байланысты термин қабылдауда шарттылық сипаттың болуы жалпы терминжасам принциптеріне тән заңдылық, бұл бір мазмұнның аясындағы тектес ұғымнан ыдыраған жаңа ұғымдарды бейнелейтін гомогенді лексемалардың фонетикалық варианттарының семантикалық тұрғыдан дифференциациялану үдерістері бойынша жүзеге

асатын тарихи сөзжасам құбылысының табиғатына да сәйкес келеді. Ал тарихи атауды қайта орнықтыру, әлемдік ғылыми дәстүрде орныққан *түркология* терминінің қазақ тіліндегі баламасы *түркітану* сөзінің орнына *түрктану* терминін бұқаралық қолданысқа енгізу ресми құжаттармен рәсімделуді қажет етеді. Сондықтан еңбекте дәстүрлі *түркітану* термині қолданылды.

Түркітану жалпы шығыстану ғылымының аясына ене отырып, зерттеу нысанының ауқымдылығы мен маңыздылығына байланысты XVIII ғасырдың алғашқы жылдарында-ақ бағыт-бағдарын нақтылай бастайды. XVIII ғасырдың екінші жартысында дербес гуманитарлық ғылым саласы ретінде қалыптасқан түркітану XIX ғасырдың орта тұсынан бастап филологиялық бағытта дамиды. Түркітанудың дербес ғылым саласы ретінде дамуы түркі жазба мұраларының зерттелуіне тікелей байланысты болды. Орта Азия мен Сібірді басқа да өңірлерді мекендеген ежелгі түркі тайпаларының, олардың мемлекеттік деңгейдегі бірлестіктерінің тарихын, тілін, әдебиетін, мәдениетін зерттеуде аса бағалы дерек көзі болып табылатын Орхон-Енисей, Талас жазба ескерткіштерінің табылуы мен зерттелуі түркітанудың әлемдік ғылымдағы маңызын арттыра түсті.

Түркітанудың дамуына орта ғасыр түркі жазба мұраларының, араб, парсы тілінде жазылған тарихи жылнамалар мен көркем әдеби шығармалардың зерттелуі де үлкен ықпал етті. Орта ғасыр түркілерінің тарихы, тілі мен әдебиеті, этнографиясы мен мәдениеті, т.б. құндылықтар дүниесінен мағлұмат беретін жазба мұралардың алғаш зерттеу нысанына іліккендері Махмұд Қашқаридың «Диуани лұғат-ит түрк» шығармасы, Жүсіп Баласағунидың «Құтадғу білік» дастаны, Ахмед Йассауидың «Диуани Хикметі», Саиф Сараидың «Гүлстан бит-түрки» поэмасы, Хорезмидің «Мұхаббат-наме», Құтыптың «Хұсрау мен Шырын» дастандары, одан кейінгі жылдары жазылған Мұхаммед Хайдар Дулатидың «Тарихи Рашиди», Қадырғали Жалаиридін «Жылнамалар жинағы (Шаджра түрк)», Рашид ад-диннің «Жами ат-тауарих» шығармалары т.б. жазба жәдігерлер болды.

Түркітану бастапқы кезде түркі халықтарының тарихы мен салт-дәстүріне, тілі мен әдебиетіне, мәдениеті мен шаруашылығына, олар мекендейтін жерлердің географиялық-геологиялық, флоралық-фауналық ерекшеліктері бойынша материалдар жинауға бағытталған кешенді сипатта болғанымен, дами келе филологиялық бағытқа басымдық беріліп, лингвистикалық пән ретінде орнықты. Соңғы жылдары түркілерге қатысты барлық рухани, мәдени, материалдық құндылықтарды қамтитын кешенділік сипатын жаңғыртуға аса мән берілуде. Классикалық түркітану ғылымы үшін түркі халықтарына қатысты ортақ мәселелердің тарихи аспектісі негізге алынса, жалпы түркітану түркілердің өткені мен бүгінін толық қамтиды. Соған орай қазіргі таңдағы түркітану ғылымы зерттеу нысандарына байланысты сараланып – лингвистикалық түркітану, түркі әдебиеті, түркі философиясы, түркі этнографиясы т.б. тәрізді жалпы түркі мәдениетінің тарихи дамуын зерттейтін, бір-бірімен тығыз байланысты пәндер жиынтығынан тұрады.

§3. Түркітанудың кешенділік сипаты

Тіл білімінің бір саласы ретінде Ресей және Еуропа ориенталистері мен миссионерлерінің ізденістері нәтижесінде қалыптасқан түркітану ғылымы уақыт өте келе жаңаша бағыт-бағдар алып, пәнаралық сипаты мен мән-маңызы тереңдеп, зерттеу ауқымы кеңейіп келеді. Кезінде еуроцентристік көзқарастардың ықпалымен түркі халықтарының мәдени мұрасына біржақты қарау, байырғы жазба ескерткіштердің саяси, тарихи, мәдени маңызына, адамзат өркениетіндегі орнына мән берілмей, тек тілдік дерек ретінде қарастыру үрдісі түркітану ғылымының зерттеу аясын шектеп келгені белгілі. Түркологияның кешенді ғылымға айналғанына да көп уақыт өте қойған жоқ. Себебі, қоғамдық-гуманитарлық сипаттағы ғылымның өсіп-өркендеуі үшін қоғамның кемелденуі қажет. Қоғамның кемелденуі ел тә-

уелсіздігімен, қоғамдық ой-пікірдің азат болуымен бірге жүретін үдеріс.

Кеңестер Одағының саяси-идеологиялық ұстанымдарының аясында дамыған басқа қоғамдық-гуманитарлық пәндер сияқты түркітанудың да белгілі бір шеңбер ішінде шектелуі алдымен оның пәнаралық кешенді сипатының жан-жақты қанат жая алмауынан көрінеді. Кеңестік ғылымда түркітанудың кешенділік сипатына жол ашылар болса, түркі халықтарының әлемдік өркениеттің қалыптасуындағы тарихи үдерістердің төрінен орын алатынын қадап айтудың қажеттілігі туындайтын еді. Ал ежелгі дәуір мен орта ғасырларда әлем тарихының күре жолында болған түркілер тарихына шынайы сипаттама беру кеңестік идеологиямен үндесе қоймайтын. Сондықтан скифтер, сақтар, үйсіндер мен қаңлылар, қыпшақтар мен ғұндар, көк түріктер тарихы бір арнаға тоғыстырылып, қазіргі түркі халықтарының арғы тарихымен біртұтас сабақтастықта қарастырылмады. Ал түркілердің сақтарға дейінгі арғы тарихы лингвистикалық бағыт бойынша, алғашқы коммуникациялық қызмет түрлері, жалпы дыбыстық тілдің шығу тегі, имитатив теориясы, моногенез теориясы, ностратикалық тілдер теориясы, ежелгі шумер тілі мен түркі тілдерінің байланысы, Америка үндістері тілі мен түркі тілдерінің байланысы жайлы ғылыми-теориялық тұғыры бекем зерттеулер дүниеге келгенімен, кеңестік ғылым аталған теорияларды ғылыми концепция деңгейіне көтермеді, гипотезалық пайымдаулар ретінде ғана қабылданды, әрі мұндай зерттеулерді ресми түркітанудың зерттеу объектісінен алшақ ұстады. Түркі тілдерінің біздің дәуірімізге дейінгі мыңдаған жылдарды қамтитын терең тарихы әлем тілдерінің классификациялау барысында орныққан орал-алтай тіл бірлестігі, алтай тілдік семьясы ұғымдарына сәйкес алтай теориясының аясында кеңінен зерттелуге мүмкіндік алды. Ал түркілердің жалпы тарихы мен жалпы мәдениеті VI ғасырдан әрі тереңдетілмеді, көне түркі дәуірінен бұрынғы мәдениет Еуразия аймағындағы ірі миграциялық үдерістердің көлеңкесінде қалды. Қоғамның мұн-

дай саяси ахуалы түркітану ғылымының кешенділік сипатын, бағыт-бағдарын, хронологиялық тереңдігін, зерттеу парадигмасын шектеп отырды, түркологияның шынайы ғылыми нәтижелері тарих, өнер, философия сияқты қоғамдық пәндердің бағдарламаларына енгізілмеді, жалпы көпшілікке адамзат өркениетіндегі түркілердің тарихи орны жайлы мағлұмат берілмеді. Оның үстіне түркологияның тұжырымдамалық қорытындылары мен теориялық нәтижелері негізінен орыс және еуропалық ғалымдардың зерттеулерімен байланысты болды.

Өткені түркі халықтарының тарихи тағдыры мен саяси-әлеуметтік жағдайы тәрізді «бұғаудағы» түркологияның шынайы болмысы мен заманауи бағыт-бағдары түркі халықтары жайлы тарихи ақиқатты қалпына келтіріп, рухани-мәдени және материалдық құндылықтар жүйесін әлемдік өркениеттегі «түркілік феномен» деңгейінде қарастыратын пәнаралық кешенділік сипатымен, халықаралық және мемлекетаралық салмағының, мән-маңызының артуымен айшықталады. Түркі мемлекеттері арасындағы қазіргі гео-саяси шарттарға сай мәдени, экономикалық қарым-қатынасты одан ары жетілдіру үшін тарихи тамырластықтың айтарлықтай септігі тиетінін өмірдің өзі көрсетуде. Бұл өткенді ғана алға тарту емес, өткеннен сабақ ала отырып, түркі халықтарының қазіргі рухани-мәдени, саяси-экономикалық қарым-қатынасын әлемдік дамудың бағыт-бағдарымен өрелестіре жетілдірудің айрықша маңызды тетігі болып табылады. Осы орайда түркологиялық зерттеу нәтижелерінің функционалдық-тәжірибелік маңызы мен әлеуметтік мәні арта түспек. Сондықтан да түркітанудың зерттеу парадигмасын вертикальды позицияда да, горизонтальды позицияда да мүмкіндігінше кеңейту, яғни диахрониялық және синхрониялық аспектісін қатар дамыту, өткенді зерделейтін классикалық бағыт-бағдарымен бірге түркі халықтарының бүгінгі тыныс-тіршілігіне сай рухани сұранысын қамтамасыз етуге бағытталған, тарихи сананың орнығуына тікелей қызмет ететін қоғамдық-әлеуметтік сипатына да айрықша мән беру жалпытүркі әлеміндегі өзекті

мәселе. Бұл түркітанудың кешенді ғылым ретіндегі теориялық-әдіснамалық, қолданбалы-тәжірибелік мәселелерімен де, мәдени, қоғамдық-әлеуметтік, саяси-идеологиялық мән-маңызымен де сабақтасып жатады.

Түркітану да өзге гуманитарлық пәндер сияқты филологиялық бағыттағы ғылыми-теориялық ізденістермен қатар, басқа да қоғамдық-гуманитарлық ғылым салаларының жетістіктеріне арқа сүйей отырып, осы бағыттағы ғылыми және қоғамдық ой-пікірмен тығыз байланысты дамыды. Бұл түркітанудың кешенділік сипатын, қоғамдық-гуманитарлық пәнаралық орнын негіздейді.

Түркітану – филологиялық пән. Түркологияның қалыптасу тарихында тіл білімінің айрықша орын алғаны белгілі. Күні бүгінге дейін түркологиялық зерттеулер ретінде негізінен түркі тілдерін тарихи-салыстырмалы аспектіде қарастырған еңбектер мен түркі жазба ескерткіштерінің тілі бойынша жүргізілген ізденістер аталады. Бұл тұрғыда лингвистиканың барлық зерттеу парадигмасы түркітануда бой көрсетті деуге болады. Көне түркі жазба ескерткіштері, орта ғасырлардағы жазба мұралары тіл мен тарихтың, тіл мен әдебиеттің, тіл мен әлеуметтік мәселелердің ара-қатысында қарастырылды. Олардың жалпы ескерткіш ретіндегі мәні алдымен грамматологиялық (жазу таңбаларын зерттеу, мәтіндерді оқу, транскрипциялау, аудару) және тарихи-салыстырмалы негізде тіл білімінің аясында зерттелуі түркітанудағы лингвистиканың басымдылығын сипаттайды. Түркі әдебиетінің қайнар көзі саналатын ауыз әдебиеті үлгілерін жинақтау, орта ғасырларда дүниеге келген түркі жазба мұраларының сюжеттік, көркемдік қырларын зерттеу, әдеби аудармаларын жасау мәселелері де алғашқы түркологиялық ізденістер қатарында болды. Бұл әдебиеттанудың түркологияның қалыптасу тарихындағы өзіндік орнын сипаттайды. Сондықтан да түркітандың өзегі тіл білімі мен әдебиеттану салаларының басын қосатын филология ғылымы болып табылады.

Заманауи түркі тіл білімінде тілді тіл иесінің дүниетанымымен, мәдениетімен, жалпы болмысымен сабақтастыра қарасты-

ратын антропоэзектік зерттеу парадигмасы кеңінен қолданылуда. Түркі жазба ескерткіштерін, ауыз әдебиеті үлгілерін, көркем әдебиетті, жалпытүркілік тілдік жүйені құрайтын басқа да жанрлық, стильдік қолданыстарды (бұқаралық ақпарат құралдары тілі, ғылыми тіл, жарнама тілі, ауызекі сөйлеу тілі т.б.) этнолингвистикалық, лингвомәдениеттанымдық, лингвофилософиялық, лингвокогнитологиялық, лингвопсихологиялық тұрғыдан зерделеп, тіл иесі – халықтың дүниетанымын, мәдениетін, жалпы болмысын сипаттайтын концептілер жүйесін саралау; дүние бейнесінің тілдік репрезентанттарының этно-мәдени мазмұнын ашу; концептілердің құрылымдық түзіліміндегі тілдік және мәдени кодтарды анықтау; түркі тілдері дамуының әрбір кезеңіндегі тілдік тұлғалардың сапалық мазмұнын талдау мәселелері өзектелуде.

Ежелгі түркі халықтарының қоршаған орта, адамзаттың пайда болуы, адами қасиеттер жайлы таным-түсініктері туралы, жалпы түркілік болмысқа тән мәдени-рухани құндылықтар жүйесі жайлы мағлұмат беретін маңызды дерек көзі – ауыз әдебиеті үлгілері. Фольклор – қай халықтың болмасын өткен тарихы, мәдениеті, әдебиеті, тілі, тұрмыс-тіршілігі, мифологиялық, діни наным-сенімдерінен мағлұмат алуға мүмкіндік беретін асыл мұра болып табылады. Сондықтан лингвистика мен әбиеттанудың (фольклортану) сабақтастығына негізделген лингвофольклористика мен лингвомифологияны дамыту да өзекті мәселелер қатарынан орын алады. Антропоэзектік бағыттағы этнолингвомәдениеттанудың құрамдас бөлігі болып табылатын түркі лингвофольклористикасының мақсат-міндеттеріне ауыз әдебиеті үлгілерінің мазмұны мен тілі арқылы мифтік сана мен эпикалық санада сақталған этно-мәдени және тілдік кодтарды анықтау; мифтік-эпикалық сана мен тарихи сананың сабақтастығын тілдік сананың ақпараттық әлеуеті арқылы көрсету; эпикалық/мифтік тұлғаның сапалық белгілерін талдау; дүниенің мифтік/эпикалық бейнесінің тілдік бірліктерінің этномәдени мазмұнын саралау т.б. мәселелері жатады.

XX ғасырдың соңғы жылдары мен ХХІ ғасырда руникалық түркі жазба мұраларының оқылымдары мен аударылымдарының қайта қаралуы, араб, көне ұйғыр, армян, көне латын т.б. графикаларымен хатқа түскен орта ғасыр түркі жазбалары тіліне аналитикалық зерттеулердің жүргізілуі, жаңа ескерткіштердің ғылыми айналымға енгізілуі; жаңадан белгілі болған, бұрын зерттелмеген немесе тым аз зерттелген түркі (афшар, айналлу, боджнурди, лобнор, кашкай, салар, сарыұйғыр, сонкор, фуықырғыз, халадж, шұлым-түркі т.б.) тілдері мен диалектілерінің, түркі тілдерінің тарихи дамуына қатысы бар монғол (баоань, дагур, дунсян, монгор, минхэ, хуцзу, шира-ұйғыр т.б.) тілдері мен диалектілерінің грамматикалық сипаттамалары бойынша жүргізілген ізденістердің нәтижелері лингвистикалық түркітанудың мүмкіндігін кеңейтіп, материалдық-базалық әлеуетін арттыра түсті. Бұл лингвистикалық түркітанудың теориялық-методологиялық аппаратының жаңа сатыға көтерілуіне – тіларалық байланыс пен тіларалық ықпалдастықты салыстырмалы-тарихи немесе салыстырмалы-генетикалық әдіс арқылы зерттеудің жаңа қырларын айқындап, ғылыми зерттеу парадигмасының жаңа мүмкіндіктерін пайдалануға жол ашты.

Түркітану – тарихи пән. Гуманитарлық ғылым саласында түркологияның тарихи ғылым ретіндегі үлес салмағы басым. Сондықтан да түркітанымдық зерттеулер негізінен тарихи, тарихи-салыстырмалы, тарихи-хронологиялық принциптерге құрылады. Түркі халықтарының тілі, әдебиеті, дәстүрлі мәдениеті, өнері, тарихы, дүниетанымы туралы ортақ мәселелер бойынша, бірінші кезекте, олардың тарихи аспектісі алдыңғы тұғырға шығады. Түркілер тарихы – түркі этностарының тарихы, түркі мәдениетінің тарихы, мемлекеттің тарихы, мемлекетаралық және халықаралық байланыстардың тарихы. Сондықтан да түркология барлық деректердің тарихи астарына айрықша мән береді. Тарихилық сипаты басым болғандықтан түркітанудың зерттеу әдістемесі әлемдік тарихи үдерістермен, қоғамдық-гуманитарлық ілімнің тарихи қағидаларымен үндесіп жата-

ды. Соған сәйкес түркі халықтарының тарихы әлемдік тарихи үдерістермен өрелестіріліп, түркілердің рухани-мәдени және материалдық құндылықтары, әлем тарихындағы орны мен рөлі жалпыадамзаттық контексте, жалпытүркілік мүдде мен ғылыми ақиқат тұрғысынан пайымдалуы тиіс. Тарихи деректердің шынайылығы мен ақиқаттығы дәйектелмеген жағдайда түркітанудың өзекті мәселелері жайлы жеке көзқарастардың жүйеленуі, аймақтық (этностық, ұлттық, мемлекеттік) мүдделерге қатысты қайшылықты пайымдаулардың бірізділенуі күрделеніп, ғылыми-теориялық тұжырымдардың бір арнаға тоғысуы мүмкін емес. Түркі халықтарының бәріне ортақ жалпытүркілік тарихи сана қалыптаспайынша түркітанудың жекелік мәні, жергілікті аспектісі шынайы ғылыми сараптама жасауға кері ықпалын тигізіп, жалпытүркілік мәдени құндылықтарды зерттеудің жекелік (ұлттық, этностық) сипаты басымдық алады. Бұл түркологиялық ізденістердің ғылыми-теориялық сапасын, қолданбалы-тәжирибелік қырларын көлеңкелеп, зерттеу нәтижелерінің жалпытүркілік мүддемен үйлеспеуіне алып келеді. Сондықтан ұлттық көзқарас тұрғысынан қарастырылған тарихты әрі қарай түркі дүниесінің ортақ тарихы тұрғысынан, жалқыдан→жалпыға принципі бойынша негіздеу немесе ортақ тарихи тамырды тұтастықта қарастыра келіп, XIV-XV ғасырлардан бері қарай дербес халықтық тұрғыдан саралап, жалпыдан→жалқыға принципі бойынша зерделеу өзекті мәселе болып табылады. Түркологияның тарихилық болмысы өткенге ғана қатысты көрінгенімен, оның таратылу жүйесі бүгінгі шындықтан өрбиді. Қазіргі түркі халықтарының өткен тарихын, өзіндік тарихи ерекшеліктерін ескере отырып, бүгінгі таңда «не қажет», «қаншалықты маңызды» және «қандай мақсатта өткеннен сабақ алуымыз керек» деген мәселелер түркітанудың тарихи бағыт-бағдарын айқындаудың басты тетігі болып табылады. Сондықтан түркологияның негізгі тарихи ұстанымдары бүгінгі күн тұрғысынан анықталуы аса маңызды. Түркітану тарихи пән ретінде оның археологиялық, этнологиялық, деректанымдық қырларын да қамтиды.

Түркітанудың деректанымдық аспектісі. Түркі халықтарының тарихы мен тілін, басқа да құндылықтар жүйесін түркі халықтары әр кезеңдерде қолданған руникалық, көне ұйғыр, манихей, көне латын, араб, армян т.б. әліпбилерімен хатқа түскен жазба ескерткіштер негізінде, шетел жылнамаларындағы түркілер жайлы ақпараттарды пайдалана отырып қарастыру ғылыми-зерттеу нәтижелерінің шынайылық деңгейін көтеретін аса өзекті мәселелердің бірі. Қазіргі түркі халықтарының рухани-мәдени және материалдық құндылықтарының тарихи бастауларынан мәлімет беретін көне түркі, орта ғасыр түркі жазба мұраларының, әр дәуірлерде түркі халықтары жайлы жазылған шетелдік саяхатшылар мен зерттеушілердің жазбаларының деректік-ақпараттық маңызы жыл өткен сайын арта түсетін асыл қазына. Ұрпақтан-ұрпаққа мұра болып қалған, біртұтас түркі әлемінің тарихи шежіресі болып табылатын жазба мұралар қорын жинақтау, әрбір мұрағатқа сипаттама беру, көне мәтіндердің ақпараттық-деректік маңызын анықтау түркітанудың деректанымдық қырларымен ұштасады.

Түркітанудың этнологиялық аспектісі. Әлемде қалыптасқан славистика, синология, арабистика, иранистика т.б. сияқты қоғамдық ғылым салалары ең алдымен этностану мәселесіне маңыз береді. Бірнеше этностық топтардан тұратын түркі халықтарының дербес этнос ретінде қалыптасу, даму үдерістерін, әрбір этностық топтың этникалық негізі мен құрамын (құрамдас ру-тайпаларды) зерттеу, ежелгі түркі ру-тайпаларының өзіндік этномәдени ерекшеліктері мен олардың қазіргі түркілер құрамына шашырай таралуының факторларын, қазіргі түркі халықтары құрамындағы үлес-салмағын т.б. мәселелерді саралау аса маңызды. Сондықтан түркологияның этнологиялық қырларына басымдық беру заман талабы. Адамзат жаратылысынан бастау алатын тарихи тұтастықта өзінің архаикалық ерекшеліктерін бірде-бір этникалық топтың сақтай алмайтыны, олардың өзгермейтін тұрақты категорияға жатпайтыны ескеріліп этнос сөзі шартты түрде ғылыми термин ретінде қа-

былданса да, архаикалық белгілердің із-түзсіз жоғалып кетуі де мүмкін емес, олардың реликт белгілері әрдайым сақталып отыратынын да жоққа шығаруға болмайды. XIX ғасырда *этнос* лексемасын бір тілде сөйлейтін, бір аумақта мекендейтін белгілі бір ұлт өкілдеріне қатысты пайдаланылуы ұғымның мазмұнын айқындап, терминдік мәнін біршама нақтылауға ықпал етті. Этногенез, этнос онтологиясы, этнос философиясы, этникалық сана, этнос психологиясы, этнос мәдениеті немесе этнография, этностың тарихи типологиясы, этнос аралық ассимиляция, этностың эндогамиялық тектестігі, этностың биологиялық ерекшелігі т.б. тәрізді этнология ғылымының салалық нысандарының өркендеуіне орай XX ғасырдың екінші жартысында *этнос* ұғымының аясы кеңі түсті. Сондықтан түркітанудың этнологиялық саласы түркі халықтарының жалпы болмысына қатысты барлық проблемалардың басын біріктіретін келелі міндеттердің жиынтығынан тұрады.

Түркітанудың дүниетанымдық-философиялық аспектісі. Кез келген халықтың тарихи-қоғамдық, саяси-әлеуметтік аренадағы өзегі – өзіндік болмыс, яғни этнос болмысы. Өзіндік болмыс әрбір қоғам мүшесінің өмірлік доминанттарының жалпылығына және өзіне тән ерекшелігіне негізделген қоғамның дербестігін, сапалық айқындылығын білдіруге жұмсалады. Бұл жерде қоғамдық тұрмыстың әр қырлары, қоғамдық сананың онтологиялық және гносеологиялық аспектілері, тіршіліктің қалыптасқан элементтері мен формалары және даудың ішкі бастаулары бір арнаға тоғысады. Философтар мен мәдениеттанушылар өзіндік болмыстың орны жайында ой түйе келіп, ол тарихтың қозғаушы күштерінің бірі, мәдениеттің, ғылымның өміршең өзегі, қоғам дамуының үдемелі қағидасы деген ұғымды қалыптастырған. Бұл ұғым қоғамның сапалық ерекшелігін, қоғам мүшелерінің дүниетанымын көрсетуде белсенді түрде көрінеді¹. Осындай қоғамдық-тарихи, әлеуметтік,

¹ Орынбеков М. Ежелгі қазақтардың дүниетанымы. – Алматы: Ғылым, 1996. – Б. 5.

Философиялық мәні зор өзіндік болмыстың даралық сипаты этностық сананың орнығу деңгейімен өлшенеді. Ғұндар дәуірінен жалғасып келе жатқан түркілік төлтума мәдениеттің негізі – Тәңірлік дүниетаным аясындағы түркілік болмыс пен түркілік танымды, орта ғасыр түркілерінен басталатын ислами-мұсылмандық танымды қазіргі түркі халықтарына тән дара этноболмыспен, этникалық таныммен салыстыру негізінде ортақ жалпытүркілік болмыстың жігін айқындау түркологияның маңызды міндеттерінің бірі.

Түркітанудың мәдениеттанымдық аспектісі. Этностану этнос мәдениетін танумен ұласады, кез келген этностың дербестігін айқындайтын, басқа этникалық топтардан ажырататын басты критерийлерінің бірі – олардың мәдениеті. Түркілердің төл мәдениеті де есте жоқ ерте замандардан бастау алады. Сондықтан түркологияның мәдениеттанымдық аспектісі архаикалық мәдени стереотиптерден бастап қазіргі түркілік мәдениеттің барлық категорияларын ғылыми-теориялық тұрғыдан негіздеуге бағытталуы қажет. Мәдениет ұғымының тіл, әдебиет, өнер, салт-дәстүр, наным-сенім, дін, шаруашылық-кәсіп т.б. құндылықтар жүйесін толық қамтитын кең мағынада қолданылуына, сондай-ақ музыка-саз, би, сурет-сәулет, қолөнер т.б. нақты өнер туындылары мен олардың қолданбалы аспектілерін қамтитын тар мағынада қолданылуына байланысты түркітанудың әмбебаптық сипаттағы мәдениеттанымдық саласы іштей бірнеше бағытқа сараланады.

Түркітану және өнертану. Өнер түрлерін қамтитын эстетикалық мәдениет өзінің көпқабаттылығымен, әмбебаптығымен сипатталатын күрделі құрылым. Әрбір халыққа тән өнер түрі, өнер туындылары сол халықтың болмысы мен дүниетанымның, тарихы мен мәдениетінің көркем бейнелі (образды) сипаттамасы, яғни өнердегі этникалық ерекшелік өнер туындысының көпқырлы семиотикалық мазмұнынан орын алады. Түркілердің әлемді эстетикалық тұрғыдан игеруінің ең жоғарғы формасы болып табылатын түркі халықтары өнерінің архаикалық үлгіле-

рінен бастап бүгінгі жетілген түрлерін (саз, би, сәулет, мүсіндеме, кескіндеме-сурет өнерлері, басқа да қолөнер түрлері) сала-сала бойынша толық қамти отырып ғылыми интерпретация жасау түркологияның өнертанымдық аспектісінің аясына кіреді. Түркілердің саз аспаптарын зерттеу де күн тәртібіндегі көкейкесті мәселе. Соңғы жылдарғы археологиялық зерттеу нәтижелері түркілердің мың жылдан аса уақыт бойы жер қойнауында жатқан көне музыкалық аспаптарын (домбыра, қобыз) ғылыми айналымға шығаруы да түркологияның өнертанымдық бағытын дамытудың өзектілігін танытады.

Түркітанудың теологиялық аспектісі. Дін адамзат өмірін қалыптастырушы, әлеуметтік қатынастарды ретке келтіруші факторлардың негізгісі болғандықтан саналы адамзат тарихының тұтас хронологиялық кезеңдерін қамтиды. Этникалық топтар мен халықтар өміріндегі діннің алатын орнының, қоғамның үйлесімді дамуындағы қызметінің маңыздылығы соншалықты, діндердің негізін түсінбей жатып, сол діндерді ұстанатын халықтардың болмысы мен мәдениеті туралы толық көзқарас қалыптастыру мүмкін емес. Бір негізден тараған түркі халықтарының наным-сенімдері бірыңғай болмауы түркі халықтарының діни сенімдерін зерттеудің күрделілігін және дінтанымдық түркітанудың зерттеу парадигмасының аса ауқымдылығын танытады. Әр түрлі діни көзқарастағы түркі халықтарының белгілі бір дінді қабылдауының тарихи-саяси факторларын ғылыми тұрғыдан саралап, тегі бір болса да діни жіктеліске түскен түркілердің ортақ құндылықтар жүйесін айшықтап көрсету, генеалогиялық-тілдік тектестігіне қарай ортақ мүддеге топтастыру теологиялық түркітанудың стратегиялық бағытын айқындайды.

«Дін адамдардың бірлестігін және ұйымдастығын қалыптастырушы идеологиялық механизм»¹. Дін қоғамдық құбылыстардың ішіндегі ең күрделісі болғандықтан діни факторлар ескерілмей маңызды әлеуметтік процестерді саралау, қоғам мүддесіне

¹ Ғабитов Т., Мүтәліпов Ж., Құлсариева А. Мәдениеттану. – Алматы: Раритет, 2007. – Б. 57.

сай оңтайландыру мүмкін емес. Діннің негізі, субстанциясы – сенім, сондықтан түркі халықтарының архаикалық наным-сенімдері мен қазіргі діни ұстанымдарын толық қамтитын түркілік діни жүйені диахрониялық, синхрониялық аспектіде талдау; тарихи-әлеуметтік және қоғамдық-саяси жағдаятқа байланысты бір негізден тараған түркілердің ислам, христиан, иудаизм, буддизм т.б. сынды әртүрлі діни сенімге мойынсұнуының факторларын саралау; Ресей патшалығы саясатына сәйкес жүргізілген діни-миссионерлік ұйымдардың жұмыстарын зерттеу; түркі халықтары ұстанатын дәстүрлі діндер жүйесіндегі жалпытүркілік Тәңірлік идеясының реликт белгілерінің сақталу деңгейін бағамдау; әр түрлі діндегі түркі халықтары арасындағы және түркі халықтары мен басқа халықтар арасындағы конфессияаралық ынтымақтастықты орнықтырудың ғылыми-теориялық негіздемесін жасау; адами құндылықтар мен адамгершілік қасиеттерге қайшы келетін шағын діни ағымдардан жастардың бойын аулақ салып, зайырлы діни ұстанымдарға бет бұруын қамтамасыздандыру идеологиясын ғылыми-методологиялық тұрғыдан дәйектеу т.б. жалпытүркілік келелі мәселелер түркітанудың теологиялық аспектісінің бағыт-бағдары мен мақсат-міндеттерін сипаттайды. Бұл тұрғыдан алғанда түркітанудың дінтанымдық аспектісі конфессияаралық ғылым саласы ретінде қызмет етеді.

Түркі халықтарының басым бөлігі ислам дінін ұстанатындықтан, түркітану мен исламтану арасындағы тығыз сабақтастықты «Бір Тәңір» ↔ «Бір Алла» идеяларының сининимиялық-синкретикалық сипаты контекстінде зерделеп, көне түркілердің өмірлік ұстанымдарын айқындайтын «елдік», «жершілдік», «халықшылдық», «адамгершілік» позицияларының жетілген зайырлы дін – ислам қағидаларымен үндестігін ғылыми тұрғыдан дәйектеу де түркітанудың негізгі міндеттерінің бірі болып табылады. Орта ғасыр түркі жазба мұралары тілінде мұсылмандық идеяларының терең көрініс табуы, бұқара халықтың жаңа дінді қабылдау үдерісінде «түрікшілдік» пен «мұсылманшылдық» арасындағы рухани үйлесімділіктің басымдыққа ие болуы түр-

кітану мен исламтанудың өзара байланысын терең зерттеуді міндеттейді. Сондықтан түркітанудың дінтанымдық аспектісін түркологияның дүниетанымдық-философиялық, мәдениеттанымдық қырларымен сабақтастыра отырып, дербес бағыт ретінде дамыту заман талабынан туындайды.

Түркітанудың этнопедагогикалық аспектісі. Жалпытүркілік тарихи сананы қалыптастырудың басты тетіктерінің бірі – ұлттық тәрбие. Ата-баба салты мен дәстүрін бойында сақтаған, ұлттық құндылықтарды құрмет тұтатын ұрпақ тәрбиелеу түркі әлеміне ортақ мүдде. Сондықтан түркі жазба мұраларының, мақал-мәтелдер мен тиым сөздердің, басқа да ауыз әдебиеті үлгілерінің тәрбиелік мәнін талдау, салт-дәстүрдің тағлымдық идеясының мазмұнын айқындау, басқа да рухани-мәдени құндылықтардан көрініс табатын адамгершілік қасиеттерді саралау; зерттеу нәтижелерін ұрпақ тәрбиесінде қолдануды ғылыми-методологиялық тұрғыдан негіздеу түркітанудың этнопедагогикалық қырларын сипаттайды. Орхон ескерткіштері мәтінінің мазмұнындағы тізеліні шөгеріп, бастыны жүгіндірген асқақ түркілік рухты; сұлу қыздарын күңдікке, бек ұлдарын құлдыққа түсірмеу жолында күндіз тізе бүкпей, түнде көз ілмеген намысшылдық пен арлылықты; түркінің қасиетті жер-суы иесіз қалмасын деп қызыл қанын ағызып, қара терін төккен, барлық күш-қуатын берген елдік-жершілдік идеяларын ұлттық тәрбиенің өзегіне айналдыру түркологиялық этнопедагогиканың басты міндеті. Бұл Қазақстан Республикасының ұлы мұраты – Мәңгілік Ел идеясын нығайтумен ұласады.

Эпикалық және тарихи тұлғалардың ұлттық дүниетаным мен ұлттық мәдениетті қалыптастырудағы, ұрпақ тәрбиелеудегі мәнін этнопедагогикалық тұрғыдан дәйектеу де түркітанудағы өзекті мәселелердің бірі. Сондай-ақ ұрпақ зердесінің кеңеюі мен тән салауаттылығының артуына ықпал ететін түркі халықтарының зияткерлік ойындары мен ұлттық спорттық ойындарын ғылыми-методологиялық тұрғыдан саралау, ойынды дұрыс ұйымдастырудың әдістемелік нұсқаулықтарын дайындап, мета-

тілін жүйелеу де түркі этнопедагогикасының зерттеу нысанына жатады.

Түркітану – этносаралық ғылым. Ғасырлар бойы Еуразия аумағын мекендеген өзге этностармен тығыз қарым-қатынаста болуына орай түркілердің тарихын, этномәдениетін, этникалық құрамын фин-угор, араб-парсы, монғол, тұңғыс-маньчжур, славян, қытай-тибет халықтарының этномәдениетімен, тарихымен, этногенезімен тығыз сабақтастыққа құрылған «этносаралық мәдениет» контексінде қарастыру заман талабы.

Түркі тайпаларының өз ішінде де *ыдырау* → *араласу* → *бірігу* → *қайта ыдырау* үдерістерінің бірнеше кезеңін қамтитын этникалық процестер үздіксіз жүріп жатты. Бір негізден тарап, дербес этнос ретінде орныққан түркі халықтарының әрқайсысына тән төл мәдениеті мен тілі, саяси-әлеуметтік жағдаяты қалыптасты, жеке-жеке ұлттар мен ұлыстар ретінде өзара этномәдени байланысқа түсті. Сондықтан түркі халықтарының мәдени қарым-қатынастары да этносаралық, мемлекетаралық сипат алды және ол дүниежүзілік жаһандану үдерісінің аясында өтуде. Бұл жағдай түркітану ғылымында таразы басын тең ұстаудың қажеттілігін, этносаралық мүддені үнемі назарда ұстаудың, этносаралық құбылыстарды шынайы саралаудың маңыздылығын көрсетеді. Тегі бір түркілердің бір-бірінен артықшылығын дәлелдеу түркологияның «жүгі» болмауы тиіс, жалпытүркілік мүдде мен жалпытүркілік пайымдауларға басымдық берілген жағдайда ғана түркі өркениетінің жалпыадамзат өркениетінен алар орны мен шынайы болмысы айшықтала түсері анық. Бұл түркілік мәдениеттің жаһандану жағдаятындағы үстем мәдениетке жұтылып кетпей, әлемдік үдеріске өзіндік болмыс-бітімін сақтай отырып араласуына жол ашады. Жаһандану әлемдік ғылыми-техникалық жетістіктерді ортақ пайдалану, жалпыадамзаттық рухани-мәдени құндылықтардың озығын бір арнаға тоғыстыру, жер бетіндегі барлық адамзаттың (этностың, мемлекеттің) бейбіт қатар өмір сүруін қамтамасыз ететін жалпыадамзаттық қарым-қатынастардың жетілген жүйесін қалып-

тастыру. Түркологияның этносаралық, мемлекетаралық қырларына маңыз беру – түркі мәдениетінің әлемдік мәдениет үрдістерімен өрелесуіне ықпал етеді. Бұл түркітанудың саяси-идеологиялық қырларымен, халықаралық қатынастар жүйесіндегі маңыздылығымен ұласады.

Түркітанудың идеологиялық қырлары. VI-IX ғасыр түркі жазба ескерткіштері мәтіндерінен Түркі қағанаттары мен мемлекеттік деңгейдегі тайпалық одақтарының ішкі, сыртқы саясатқа, елдің қауіпсіздігін сақтауға қатысты ұстанымдарының кеңінен көрініс табуы көне түркілердің өздеріне тән саяси және дипломатиялық мәдениет қалыптастырғанын көрсетеді. Орхон, Енисей, Талас жазба ескерткіштері – ұлы түркі мемлекеті мен оның халықтарын ұйыстырып, мемлекеттің тұтастығын, елдігін сақтауға қызмет еткен идеологиялық-ақпараттық құрал. Көне түркілердің Түркі елінің қауіпсіздігі мен аумақтық тұтастығын сақтауға бағытталған *Жауынгерлік* позициясының тілдік репрезентанттары мен Түрк Елінің елдігін сақтауға бағытталған *Мәңгілік Ел* позициясының тілдік репрезентанттарының мазмұны жинақтала келе «түркілік рух», «түркілік патриотизм» идеяларының тілдегі бейнесін сомдайды. Орхон ескерткіштері мәтінінің мазмұнындағы тізеліні шөгеріп, бастыны жүгіндірген (*tizligig sökürmis, başlıyïy jükünturmis*) асқақ түркілік рух; сұлу қыздарын күндікке, бек ұлдарын құлдыққа түсірмеу (*silik qiz oyliñ küñ bolmasun tijin, beglik urï oyliñ qul bolmasun tijin*) жолында күндіз тізе бүкпей, түнде көз ілмеген (*tün udïmatï, küntüz olurmatï*) намысшылдық пен арлылық; түркінің қасиетті жер-суы иесіз қалмасын деп (*türk iduq jir-subï idisiz bolmasun tijin*) қызыл қанын ағызып, қара терін төккен (*qizil qanïm tökti, qara terim jügürti*), барлық күш-қуатын берген (*içig-kuçig bertik*) елдік-жершілдік идеялары көне түркі қағанаттарының саяси-идеологиялық ұстанымдары болып табылады. Түркі мемлекеттерінің ұлттық идеологиясының тұғыры қызметін атқаратын жалпытүркілік идеяларды ғылыми-теориялық тұрғыдан негіздеп, «әсіре қызыл түркішілдік» пен «зайырлы түрікшілдіктің» ара-жігін ажыратып

беруімен; «жалпытүркілік рух» пен «жалпытүркілік патриотизмді» түркі мемлекеттерінің өзара ынтымақтастығы мен ықпалдастығын қамтамасыз етудің басты тетігі ретіндегі ғылыми негіздемесін жасаумен; жалпытүркілік саяси-идеологиялық ұстанымдар мен дипломатиялық қарым-қатынас тәжірибелерін басқа мемлекеттермен үйлесімді мәдени және саяси-экономикалық байланыстарды нығайту барысында қолдануды ғылыми тұрғыдан дәйектеу түркітанудың саяси-идеологиялық қырларын сипаттайды.

Түркітану және экономикалық қатынастар мәселесі. Түркітанудың экономикалық аспектісі түркі мемлекеттері аралық және олардың басқа мемлекеттермен саяси-экономикалық қарым-қатынастарын ортақ түркілік мүддеге сай онтайландырудың ғылыми-теориялық негіздемесін жасауға, түркілердің экономикалық-қаржылық саясатының тарихи негіздерін саралауға бағытталады. Ұлы Жібек жолын бойлай мекендеген түркілердің экономикалық қарым-қатынастар жүйесі мен қаржылық саясаты, тауар айналымы диахрониялық аспектіде кеңінен зерттеуді қажет ететін өзекті мәселе. Ежелгі түркілер өміріндегі саудасаттық, айырбас мәселелерінің өзіндік ерекшеліктері, мал-мүлік пен азық-түлікке, қолөнер мен зергерлік бұйымдарға, киім-кешекке белгіленген баға, ақша бірліктерінің түрлері мен аналогиялық нұсқалары жайлы зерттеулер өз кезегін күтуде. Бағалы металдардан жасалған теңгелерден, арнайы таңба басылған сом алтындар мен күмістерден (аттұяқ, тайтұяқ, қойтұяқ т.б) тұратын түркілер қолданған ақша бірліктерін зерттеу мәселесі нумизматикалық тұрғыдан да, экономикалық тұрғыдан да жанжақты ізденістерді талап етеді.

Түркітану және жаратылыстану ғылымдары. Түркілердің қала салу дәстүрі, ақша бірліктерін жасауы, зергерлік бұйымдар, қыш бұйымдар т.б. тұтыну құралдарын өндіру мәселелері, мал шаруашылығымен, бау-бақша, егін шаруашылығымен айналысуы, математикалық білім қорын қалыптастыруы (сандық жүйе, танымдық-логикалық жүйеге құрылған жұмбақ есептер,

зияткерлік ойындар) түркітанудың жаратылыстану ғылымдарымен де ұласатынын сипаттайды. Ата-кәсіпке байланысты түркілер арасына (әсіресе мал шаруашылығымен айналысатын көшпелі түркілердің) кеңінен таралған халықтық ветеринария ғылыми тұрғыдан зерттелмей келеді. Сол сияқты түркі халықтарына тән халықтық медицина мен халықтық фармацевтиканы, халықтық астрономиялық білімді (жұлдызнама, жыл қайыру, ауа райын, табиғи апаттарды болжау) зерттеу мәселесі де түркология ғылымының гуманитарлық-қоғамдық және жаратылыстанымдық пәндераралық кешенділік сипатының болашағын айқындайды. Түркітанудың жаратылыстанымдық бағытындағы өзекті мәселелердің бірі – түркі антропологиясы. Түркі антропологиясын археология мен биологияның (анатомия) сабақтастығы негізінде диахрониялық тұрғыдан да, қазіргі түркілердің антропологиялық ерекшеліктеріне байланысты синхрониялық тұрғыдан да дамыту қажет.

Түркітанудың кешенділік сипатын айқындайтын пәнаралық сабақтастықтағы ізденістердің барлығының дерлік ең басты зерттеу тетігі дискурстық, контекстік немесе лексемалық деңгейдегі – тіл бірліктері (ескерткіштер тілі, фольклор тілі, фразеологизмдер мен паремиялар, этнонимдер, топонимдер, антропонимдер басқа да мәдени лексемалар), тілдік бірліктердің ақпараттық-деректанымдық әлеуеті мен этно-мәдени мазмұны, этимологиялық негізі мен семантикалық уәждемесі. Бұл лингвистикалық түркітанудың зерттеу амалдары мен ғылыми ұстанымдары түркологияның барлық салаларына қатысты зерттеу парадигмасының негізгі элементтерін құрайтынын көрсетеді.

Түркологияның қалыптасу, даму тарихында В.Томсен, В.В.Радлов, П.М.Мелиоранский, С.Е.Малов, М.Насилов, К.К.Юдахин, Э.В.Севортян т.б. сынды әлемге әйгілі ресейлік, еуропалық және азиялық басқа ұлт өкілдерінен шыққан түркітанушы ғалымдар еңбек етті. Түркітанушылар қатарын түркілердің өз арасынан шыққан А.Байтұрсынов, Э.К.Пекарский, Н.Ф.Катанов, Э.Наджип, Э.Р.Тенишев, Н.З.Гаджиева, Т.Кеңесбаев,

Б.М.Юнусалиев, Э.И.Фазылов, Ә.Құрышжанов, К.М.Мусаев, Ә.Т.Қайдар, Ғ.Айдаров, А.Аманжолов, Т.Текин т.б. ғалымдар толықтырды. Түркітану тарихындағы ұлы тұлғалардың зерттеулері академиялық ғылымның іргетасы ғана емес, түркология ғылымының мемлекет, ұлт шеңберімен шектелмейтінін, жалпыадамзаттық арнада, халықаралық деңгейде дамитындығының айқын көрінісі. Қазіргі түркологияның халықаралық сипатының артуы, әлемдік білім, ғылым деңгейімен өрелесуі табиғи жағдай. Қоғамдық ғылымда ғылыми ой-пікір тек бір ғана халықтың немесе туыс халықтардың арасында ғана өрбісе әлемдік деңгейдегі ғылыми салмағын бәсеңдетіп алуы мүмкін, сондықтан түркологиялық проблемаларды өзге жұрттың да сынынан өткізу, ғылыми тұғыры бекем тарихи-мәдени-лингвистикалық тұжырымдамаларды халықаралық тезге салу түркі мәдениетінің әлемдік өркениеттен алар орнын айшықтап көрсетудің тікелей жолы болып табылады.

§4. Лингвистикалық түркітану

Түркітану ғылымының өзегі болып табылатын лингвистикалық түркітану (түркі тіл білімі) көне түркі жазба мұраларының табылуына байланысты қалыптасып, олардың оқылуы, аударылуы, жазу таңбаларының генезисін анықтау мәселесіне, тілдік ерекшеліктерінің зерттелуіне, орта ғасырлық түркі ескерткіштерінің оқылуы мен аударылуына, тілінің зерттеле бастауына байланысты жандана түсті. Түркі тайпаларының жазба әдеби дәстүрлері түрлі тарихи-әлеуметтік жағдайларға байланысты бір жазу жүйесінен келесі бір жазу жүйесіне (руникалық, көне ұйғыр, манихей, брахма, араб, латын, армян) алмасып немесе қатар қолданылып, сондай-ақ бірде дамып, бірде әлсіреп, үзіліссіз жалғасып отырды. Бұл дәстүрдің гүлденген кезі XI-XVII ғасырлар болды. XI ғасырда араб мәдениетінің ықпалымен Қараханидтер әулеті мемлекетінде дамыған түркі жазба дәстүрі XIII-XVII ға-

сырларда екі мәдени орталықта: батыста – Сельжук әулетінің мемлекеттерінде, Түркия мен Әзірбайжанда, ал шығысында Қашқарияда, Хорезмде, Бұхара мен Самарқанда жалғасты. Бұл орталықтардағы көптеген көркем-әдеби ескерткіштер көне осман, көне әзірбайжан және Орта Азиялық классикалық түркі әдеби тілінде жазылды. Орта Азиялық түркі әдеби жазба тілі түркі халықтары мекендеген Орта Азияның шығыс аймағындағы Шыңғысханның ұлдары билеген өлкеде қалыптасып, XIV-XVII ғасырлар аралығында кеңінен қолданылды. Бұл жазба әдеби тіл түркітануда қалыптасқан дәстүр бойынша Шағатай ұлысында қолданылғандықтан «шағатай тілі» деп аталады. Шағатай тілі XI-XIII ғасырлардағы шығыс түркістандық түркі әдеби тілімен және XIII-XIV ғасырдағы алтынордалық түркі әдеби тілімен сабақтастықта дамыды. Орта Азия мен Қазақстан және Шығыс Түркістан аймақтарында қолданылған шағатай тілі жергілікті өзбек, қазақ, татар, башқұрт, ұйғыр т.б. халықтардың жазба дәстүрінің, әдеби тілінің қалыптасуына негіз болды.

XIX ғасырдың соңында Орта Азия мен Сібірден табылғанына бір ғасырдан аса уақыт өтсе де сыры ашылмай келген тасқа қашалған көне руникалық жазба ескерткіштерінің түркілер мұрасы екенінің анықталуы, сондай-ақ, әртүрлі әліпби жүйесімен хатқа түскен XI-XVII ғасыр түркі жазба мұралары қорының жинақталуы Ресей және Батыс ғалымдарының қызығушылығын тудырып, түркітанудың лингвистикалық саласының дамуына игі ықпал етті.

Ұзақ жылдар бойы көршілес аумақтарда тұрып, өзара тығыз қарым-қатынаста болған түркі және славян халықтарының тіл-аралық қатынас нәтижесінде қалыптасқан орыс тіліндегі түркізмдерді жинақтау, түсініктеме беру, екі халық арасындағы байланысты қамтамасыз ету мақсатында тілашарлар мен сөздіктер дайындау мәселесі де түркітанудың лингвистикалық саласының дамуына өзіндік әсерін тигізді.

Түркітану ғылымының кең ауқымда дамуы XIX ғасырдың екінші жартысы мен XX ғасырдың бірінші жартысына сәйкес ке-

леді. Түркітану ғылымының ілгерілеуі түркі халықтары жайлы түркі тілдерінде жазылған жаңа жазба деректердің табылуына, жекелеген түркі халықтарының мәдени-әлеуметтік даму үдерістерін, тілдеріндегі ерекшеліктерін зерттеумен, ана тілдерінде білім беру, ұлттық кадрларды дайындау мәселелерімен сабақтастықта болды. Түркі халықтарының негізгі бөлігі Кеңес үкіметінің құрамында болуына орай XX ғасырдың 20-25 жылдарынан бастап ерекше қарқынмен дамыған кеңестік түркітану (тіл білімі) үлкен ғылым саласына айналды, Кеңес үкіметі әлемдік түркітанудың ошағы (орталығы) қызметін атқарды. Әрбір түркі тілдері жан-жақты зерттеліп, басты-басты тілдер бойынша ұлттық кадрлар шоғыры қалыптасты. 1970 жылы КСРО ҒА-ның тіл, әдебиет бөлімшесі жанынан кеңестік Түркітану комитеті құрылып, «Советская түркология» (Баку қаласында) журналы шығарылып тұрды. Түркияда түркологиялық зерттеулерге арналған «*Türk dili*», «*Türk dünyası*» басылымдары шығарылады. Кеңес Одағы ыдырағаннан кейін егемендікке ие болған түркі мемлекеттерінде төл мәдениет пен төл тарихқа айрықша маңыз берілуіне байланысты түркітану ғылымы да жаңа бағыт-бағдар алып, түркологиялық мәселелерге арналған тұрақты ғылыми басылымдардың да саны артты.

Лингвистикалық түркітану зерттеу пәніне байланысты өзара сабақтас бірнеше зерттеу бағыттарын қамтиды: VI-IX ғасыр көне түркі жазба ескерткіштері тілі; орта ғасыр түркі жазба ескерткіштері тілі; XVI-XVIII ғасырлардағы ескі түркі түркілері; қазіргі түркі тілдерінің тарихи даму жолы; түркі тілдерін диахронды тұрғыдан салыстыра зерттеу (салыстырмалы-тарихи түркі тіл білімі); ежелгі түркі тілдері немесе палеотүркологиялық бағыттағы прототүркі, пратүркі тілдерін реконструкциялау мәселесі; этимология және лингвоархеологиялық мәселелер; түркі тілдерін синхронды тұрғыдан салыстыра зерттеу (салыстырмалы түркі тіл білімі); түркі халықтарының жазу жүйесін диахрониялық және синхрониялық аспектіде саралау (түркі грамматологиясы); түркі тілдерінің аударма, түсіндірме т.б.

сөздіктерін түзу (түркі лексикографиясы). Сондай-ақ, түркі тілдеріндегі кірме элементтерді және басқа тілдердегі түркизмдерді ажыратып, әр жүйедегі тілдердің байланысы мен өзара ықпалдастығын саралау (лингвоконтактология), түркі тілдерінің лексика-грамматикалық табиғатын тереңірек аша түсу мақсатында және глоттохронологиялық сипаттамасын біршама нақтылау мақсатында түркі тілдерін басқа жүйедегі тілдермен салғастырмалы тұрғыдан зерттеу де (салғастырмалы-типологиялық тіл білімі) лингвистикалық түркологияның бағыттары болып табылады. Түркі тілдері мен басқа жүйедегі тілдерді салғастыра зерттеу мен лингвоконтактологиялық зерттеулер нәтижелері түркітанудың тюркоиранистика, тюркоарабистика, тюркосинология, тюркославистика (тюркославика), тюркогерманистика, тюркороманистика т.б. сынды бағыттарын дамыта бастады.

Түркі тілдерін лингвоконтактологиялық бағытта зерттеуде ерекше назар аударарлық мәселелердің бірі – түркі тілдерімен тығыз ықпалдастықта болған иран, сино-тибет, орал т.б. тілдердің құрылымындағы ұқсас белгілерге кешенді-компаративті зерттеулер жүргізу. Бұл дәстүрлі алтай тіл бірлестігі аясындағы (түркі-монғол, тұңғыс-маньчжур, корей-жапон) тілдермен ғана шектелмей Орталық Азиядағы түркі-монғол, тұңғыс-маньчжур, иран, сино-тибет, орал т.б. тілдерді қамтитын *тұран тілдік одағы* концепциясын дамытудың өзектілігін айқындап отыр. Сондай-ақ Америка үндістері мен түркілер арасындағы тарихигенеалогиялық байланыстарды тереңдеп зерттеу де түркілік тектілдің (прототүркі) реконструкциялық моделін сомдауға мүмкіндік беретін лингвистикалық түркітанудың өзекті мәселелерінің бірі (палеотүркология).

Заманауи тіл білімінде лингвистиканың дәстүрлі құрылымдық, яғни тілді өз жүйесі ішінде ғана зерттеу парадигмасымен қатар тілді сол тілдің иесі болып табылатын адаммен, яғни, белгілі бір тілдің функционалды әлеуетін пайдаланатын этноұжымдық ортамен, олар өмір сүретін әлеуметтік қоғаммен, тұрмыс-тіршілігімен, тарихымен, мәдениетімен сабақтастыра

зерттеу қолға алында. Этностың дара болмысын қалыптастыратын дүниетанымымен, адам санасындағы танымдық процестермен, психологиялық ерекшеліктерімен тығыз байланыста қарастыруды көздейтін антропоэзектік, танымдық бағыттағы тіл білімінің дербес салалары қалыптасты. Бұл адамзат өркениетіндегі адам факторына басымдық беріп отырған заман талабы. Лингвистикалық түркітану ғылымында да антропоэзектік парадигма аясына кіретін жалпытүркілік таным, жалпытүркілік сана, жалпытүркілік тілдік сана, жалпытүркілік мәдениет, жалпытүркілік руханият, жалпытүркілік тұтастық, жалпытүркілік кеңістік мәселелері өзектелуде. Соған орай түркі жазба мұраларының және қазіргі түркі тілдерін тіл иелерінің дүниетанымы негізінде саралау түркітанудың негізгі бағыттарының бірі ретінде орнықты.

Әрбір түркі тілі, әрбір түркі диалектісі – жалпытүркілік құндылық. Ал тілдің өлуі немесе тілдегі ассимиляциялық құбылыстар этностың жоғалуына тікелей ықпал етеді. Сондықтан қазіргі түркі тілдерінің ішіндегі қолданыс аясы тым шағын тілдерді зерттеп, жойылып бара жатқан, ассимиляцияға ұшыраған этностар тілдерінің статикалық қалып-күйін саралау, лингвоэкологиялық талдаулар жүргізу, сол тілдер бойынша эмпирикалық материалдарды мүмкіндігінше толық жинақтап, «түркі тілдері лексикасының электронды қорын» жасау да лингвистикалық түркітанудың басты міндеттеріне жатады.

§5. Лингвистикалық түркітанудың тарихи бастауы

Түркітану ғылымының жеке ғылым саласы ретінде қалыптасуы, түркі тілдерінің жүйелі түрде зерттеле бастауы саяси мақсаттарға байланысты Ресей және Еуропа ғалымдары тарапынан жүзеге асты (XVII-XIX ғғ.) десек те, түркі тілдерінің түркі топырағында зерттелуі Қараханидтер дәуірінен бастау алады. Классикалық араб тіл білімі үлгісінде жазылған алғашқы

түркологиялық еңбектер түркі және араб халықтарының тарихи, мәдени-рухани, ғылыми байланысының нәтижесі. 633 жылы Араб Халифатының «дін үшін» ұранымен жүргізілген әскери жорықтары басталып, дін басылары билейтін қуатты мемлекет көп уақыт өтпей-ақ Иран, Сирия, Палестина, Египет, Ирак жерлерін басып алған соң Орта Азияны бағытқа алады. Арабтар 709 жылы Амудария өзенінің шығысындағы түркі халықтарының мекені – Мауренахр аймағына жорыққа шығып, 712 жылы Бұхараны, Хорезмді, 713-714 Самарханд, Ферғана, Шаш (Ташкент) қалаларын, Кавказдың бір бөлігін өздеріне қаратады. Жергілікті түркі халықтары тарапынан қарсылықтар болғанымен қуатты мемлекетке қарсы тұра алмайды. Араб мәдениеті мен діні, жазуы түркі тайпаларына тарала береді. Тарихшылар Муканна көтерілісі басылғаннан кейін, 776-780 жылдары Мауренахрда ислам діні біржола орныққан деп есептейді. Орта Азия мен Таяу Шығыстың жақындаса бастауы да осы кезеңнен басталады. Қазіргі Оңтүстік Қазақстан аумағы мен Жетісу өңірін мекендеуші халықтар да бұл үрдістен тыс қалмады. Араб үстемдігі Оңтүстік Қазақстанның бір бөлігінде ғана жүргенімен, оның қалған бөлігі мен Жетісуда, Шығыс Түркістанда мұсылман дінінің кеңінен тарала бастауы XI ғасырға сәйкес келеді.

Араб Халифатының өз қарамағына қосылған елдер мәдениетінің дамуына ынталылық танытып, ислам дінін насихаттау саясатын сауатты жүргізе білуіне байланысты, мұсылман діні бұқаралық дінге, араб әліпбиі негізгі жазу жүйесіне айналды. Араб Халифатының орталық қалалары Басра мен Бағдат ғылым-білімнің, өнердің орталығы қызметін атқарып, халифат құрамындағы барлық елдердің талантты адамдары аталған қалаларға шоғырланды. Зерттеушілердің пікірі бойынша, араб лингвистикасының пайда болуы мен дамуының екі практикалық негізі бар: 1) құранның халыққа түсініксіз болып бара жатқан тілін және қолданыстағы араб тілінің диалектілерінің арасындағы айырмашылықты жақындату; 2) басып алған елдерге мұсылман дінін енгізіп, араб тілін сол елдердің ресми және

ғылыми тілі ету. Араб Халифатындағы тілтану ілімі дами келе өзіндік бағыт-бағдары бар бірнеше ғылыми мектептерге бөлінеді. Ең басты лингвистикалық мектептер Басра, Куфа, Бағдат қалаларында орналасты¹. Халифаттағы ғылыми орталықтардан түркі халықтарының өкілдері де білім алып, ғылыммен айналысты. Түркі тілдері жайлы орта ғасырларда жазылған еңбектер де араб лингвистикалық мектептерінің ғылыми-әдіснамалық ұстанымдарын негізге алды.

Жалпы түркі ғылымының тарихи бастауында қазақ даласында дүниеге келген ұлы тұлға – Әбу Наср Мухаммед ибн Тархан ибн Узлағ әл-Фараби (870-950) тұрады. Аристотельден кейінгі «Әлемнің екінші ұстазы» атанған әл-Фарабидің философия, логика, этика, эстетика, социология, лингвистика, тіл мәдениеті, риторика, поэзия, музыка салаларын қамтитын философиялық-гуманитарлық бағыттағы және астрономия, астрология, космология, физика, метафизика, химия, медицина, математика, география салаларын қамтитын жаратылыстану бағытындағы 150-ге жуық трактаттары әлемдік ғылымның теориялық-методологиялық іргетасына алынуда. Шығыс мәдениетінің құрамдас бөліктері араб, түркі мәдениетімен қатар батыс мәдениетін де жете меңгерген әл-Фарабидің «Ғылымдар тізбесі» деп аталатын ғылыми трактатында X ғасыр ғылымын бірнеше салаға бөліп қарастырады: тіл білімі және оның тараулары; логика және оның тараулары; математика және оның тараулары; физика және оның тараулары, метафизика және оның тараулары; азаматтық ғылым және оның тараулары, заң ғылымы және дін ғылымы. Ғалымның тіл білімінің иерархиялық құрылымдық жіктемесі, әр салаға қатысты метатілдік үлгілері, сондай-ақ «Риторика», «Поэзия өнері туралы» деген филологиялық бағыттағы трактаттарындағы лингвистикалық ойлары араб тіл білімінің тұғырын бекітуге ықпал еткен еңбектер болды. Орта ғасырларда классикалық араб тіл білімі дәстүрін сақтаған түркі тілдері жай-

¹ Шарапатұлы Ш. Жалпы тіл білімі. – Қарағанды: Болашақ-Баспа, 2006. – Б.23.

лы жазылған еңбектерге де әл-Фарабидің лингвистикалық ілімдерінің оң әсері болғаны анық.

Түркі тілдері жайлы жазылған құнды түркологиялық еңбек – Махмұд Қашқаридың «Диуани лұғат-ит-түрк» («Түркі тілдерінің сөздігі») сөздігі. Қашқар қаласында дүниеге келіп, Бағдад шаһарында білім алған М.Қашқаридың туған жылы туралы нақты мәлімет жоқ, зерттеулерде шамамен ХІ ғасырдың үшінші онжылдығында (1028-1029 жж.) өмірге келгені көрсетіледі. А.Н. Кононов М.Қашқари еңбегінің жазылуын түркілердің арабтар мен саманидтерді ығыстырып, тәуелсіздікке ие болуымен байланыстырады¹, араб тіл білімінің теориялық негіздерін жетік меңгерген ғалымның өз еңбегінде «түрік тілі араб тілінен бір мысқал да емес екенін» дәлелдегісі келгенін атап көрсетуі де халықтың рухани жаңғыруына қызмет еткен ұлы тұлғаның мақсат-мұратын сипаттайды.

ХІ ғасырдағы түркі тілдерінің деректерін жинақтап, бірнеше түркі тілдері мен диалектілеріндегі гомогенді сөздердің тұлғалық-мағыналық ерекшеліктерін салыстыра отырып, олардың араб тіліндегі түсініктемелерін берген М.Қашқаридің «Диуани лұғат ит-түрк» сөздігінде аударма сөздіктің де, салыстырмалы сөздіктің де, түсіндірме сөздіктің де, этимологиялық сөздіктің де, этнолингвистикалық сөздіктің де, диалектологиялық сөздіктің де ұстанымдарының элементтері жинақталып қолданылған. Бұл алғашқы түркі сөздігінің әмбебаптық, кешенділік сипатын көрсетеді. Араб тіл білімінің лексикографиялық ұстанымдары негізінде дайындалған «Диуани лұғат ит-түрк» шығармасында Махмұд Қашқари түркі тілдерінің грамматикалық құрылымын да араб тілі грамматикасының ережелеріне сәйкес жүйелейді. ХІ ғасырда грамматикалық-лексикографиялық сипатта жазылған «Диуани лұғат-ит-түрк» тарихи салыстырмалы әдісті негізге ала отырып, түркі тілдері мен диалектілерінің негізгілерінен (оғыз, арғу, қыпшақ, түрк, бұлғар, қарлұқ, шігіл, яғма, ябақу, тоғсы,

¹ Кононов А.Н. Махмуд Кашкарский и его «Дивану лугат ит-турк» // Советская тюркология. – Баку, 1972. – №1. – С.5-6.

жомул т.б.) мысалдар келтіреді. М.Қашқари түркі тілдеріндегі дыбыстың өзгерістердің аса көп еместігін айта отырып, 9 түрлі дыбыс сәйкестіктерін көрсетеді¹.


Еңбектің түпнұсқасы сақталмаған, бізге жеткен жалғыз көшірмесі 1266 жылы жазылған, 3 кітаптан 8 тараудан тұрады. Әр тарауда бір кітап деп атаған зерттеуші әр кітабындағы талдауларын белгілі бір жүйе бойынша (алфавиттік, құрылымдық, дыбыстың жасалу жолын байланысты) жүргізген зерттеуші, 1-кітабын *алиф* әрпінен басталатын, 2-кітабын *алиф, уау, йа* дыбыстары жоқ сөздерге, 3-кітабын бір дыбыс екі рет қайталанатын, 4-кітабын *йа* әрпінен басталатын, 5-кітабын үш әріптен тұратын, 6-кітабын төрт әріптен тұратын сөздерге, 7-кітабын мұрын жолымен айтылатын дыбыстар бар, 8-кітабын екі дауыссыз дыбысы бар сөздерге арнаған². Сөздікте жеке сөздермен қатар, мақал- мәтелдер, нақыл сөздер де кеңінен қамтылған. Тілдерді топтастыру мәселесі жөніндегі алғашқы деректерді де осы еңбектен кездестіреміз.

Тілдерді топтастырғанда тіл тазалығына, басқа тілдердің ықпалының аз-көптігіне де мән береді. М.Қашқари 29 түрлі этнонимді атап, олардың географиялық мекенін, тіліндегі фонетикалық ерекшеліктерін көрсетеді. Махмұд ибн-әл Хусайн ибн Мұхаммад әл Қашқари жазған бұл шығарма ерте орта ғасырдағы түркі тайпаларының лексикалық қорындағы әдебиет пен өнерге, этнографияға, әкімшілік басқару жүйесіне, атакәсіп пен шаруашылыққа, қандық-туыстық және жекжат-жұраттық қарым-қатынастарға, түркілердің құқықтық негіздері мен өмірлік ұстанымдарына, этнопедагогика, тәрбие мәселелеріне, медицина мен ветеринарияға, түркілер мекендейтін аймақтардың географиясына, фаунасы мен флорасына т.б. қатысты тілдік материалдарды кешенді түрде қамтыған энциклопедиялық мұра. М.Қашқари сызған дүниежүзі картасының дөңгелек фор-

¹ Қашқари М. Түрк сөздігі. I том. – Алматы, 1997. – Б. 60.

² Қашқари М. Түрк сөздігі. 1,2,3-том. – Алматы, 1997; Құрышжанов Ә. «Диуани лұғат-ит-түрк» // Қазақ тілі. Энциклопедия. – Алматы, 1998. – Б. 99.

мада берілуінің өзі орта ғасыр түркілері дүниетанымында жер планетасы, әлем құрылымы, кеңістік, ғарыш туралы шынайы білім қоры жинақталғанын сипаттайды (1-сурет).



1-сурет. Махмуд Қашқари сызған дүние картасы

XI ғасырда өмір сүрген филолог-түркітанушы М.Қашқаридың мұрасы жалпы түркітану ғылымының бастауы болуымен қатар лингвистикалық түркітанудың фонетика, морфология, лексикология, семасиология, лексикография сынды салалық бөлімдерінің де қайнар көзі болып табылады. М.Қашқаридың «Диуани лұғат ит-түрк» сөздігіне дейін жазған түркі тілдерінің морфологиялық құрылымы

жайлы «Түрік тілінің асыл жауһарлары», түркі тілдерінің синтаксистік құрылымы туралы «Түрік тілі синтаксистік жүйесінің негіздері» («Китаб-и джавахир ан-нахв фи лұғат ат-түрк») атты еңбектері болғаны жайлы мәліметтер бар¹.

М.Қашқари шығармашылығымен сабақтаса жалғасқан түркі тілдері жайлы еңбектер негізінен классикалық араб тіл білімінің үлгісінде оғыз-қыпшақтық, қыпшақ-оғыздық аралас тілде жазылды.

М.Қашқаридың еңбегінен кейінгі құнды шығармалардың бірі – «Китаб мажму тәржуман турки уа ажами уа мағоли уа фарси» («Түрікше-арабша-монғолша-парсыша түсіндірме сөздік кітабы») сөздігі. Мысыр, Шам елдерінде мәмлүк қыпшақтарының

¹ Наджип Э.Н. Исследования по истории тюркских языков XI-XIV вв. – Москва: Наука, 1989; Стеблева И.В. Древняя тюркоязычная литература // История мировой литературы: В 8-ми томах / АН СССР, Институт мировой литературы им. А.М. Горького. – Москва: Наука, 1984. – С. 197; Мутъи И., Османов М. О родине, жизни и гробнице Махмуда Кашкарского // Советская тюркология. – 1987. – №4.

сөйлеу тілін арабтарға үйрету мақсатында дайындалған, авторы мен жазылған жылы белгісіз «Китаб мажму таржуман түркий уа ажамий уа мағолий уа фарсий» шығармасы екі бөлімнен тұрады. Бірінші бөлімі түрікше-арабша сөздікті, екінші бөлімі монғолша-парсыша және арабша-монғолша сөздіктерді қамтиды. 78 беттен тұратын қолжазбаның 62 беті түрікше-арабша сөздікке, қалған 16 беті монғолша-парсыша және парсыша-монғолша сөздікке арналған¹. Сөздік материалдарының құрылымы екі тілді аударма сөздіктердің ұстанымына сәйкес келеді.

Зерттеушілердің пікірі бойынша сөздік шамамен 1245 жылдары құрастырылып, 1343 жылдары толықтырылып қайта көшірілген болуы мүмкін. Көшірмені жасаған Халил ибн Мухамад ибн Юсуф ал Коневи. Шығарма тұңғыш рет неміс тіліне аударылып, 1894 жылы Лейден қаласында жарияланады. Неміс тіліндегі нұсқасын дайындап, түсініктеме жазған голландиялық ғалым М.Т.Хаустма (1851-1943). Түрікше-арабша сөздікте берілген тілдік материалдар автордың түркі тілдеріндегі диалектілерді мүмкіндігінше мол қамығанын аңғаруға болады. Сөздікте «таза түрік тілі» немесе «түрік-қыпшақ тілі», «түрікмен тілі» деген орта ғасыр түркі лингвистикасына тән терминдер қолданылады. Түрікмен тіліне «қоспа тіл, араб-парсы сөздері көп араласқан тіл» деп сипаттаса, түрік-қыпшақ тілін түркілердің негізгі әдеби тілі деңгейінде қолданып «таза түрік тілі» деген сипаттама береді. Бұл еңбекте де *қыпшақ* және *түрік* этнонимдері синонимдік мәнде қолданылады. Кезінде А.Зайончковский көрсеткен XII ғасырда түрік, қыпшақ сөздерінің бір-бірін алмастырып, бір мәнде қолданылғаны жайлы пікірін дәйектей түседі. Зерттеушілер сөздікте берілген түрік-қыпшақ сөздері мен Алтын Орда қыпшақтарының сөздері өзара сәйкес келіп жататынын ескере отырып, Мәмлүк қыпшақтары мен Алтын Орда қыпшақтарының арасындағы байланыстың үзілмегенін көрсетеді. Еңбектің түрікше-арабша сөздік бөлімі төрт тараушаға бөлінеді. Бірін-

¹ Курышжанов А. Исследование по лексике «Тюркско-арабского словаря». – Алма-Ата: Наука, 1970.

ші тараушада есім сөздер семантикалық тақырыптарға бөлініп тізімделсе, екінші тараушада етістіктер, үшінші тараушада етістіктердің жіктелу формасы беріледі. Төртінші тарауша қосымшаларға арналған. Сөздікте *er* `ер адам, ер, батыр`, *erkek* `еркек, ер адам`, *abişqa/qoşa* `қарт адам`, *qart* `қарт кісі`, *qıryl* `ересек адам`, *qız* `қыз`, *erçi* `әйел`, *tul erçi* `тұл әйел`, *jijit* `жігіт`, *olan/oylan* `жас жігіт`, *kiç oylan* `жас бала`, *qız oylan* `жас қыз бала`, *ayuz oylan* `емшектегі бала`, *ajıaw/ jüklü/avrat* `жүкті әйел`, *qazaq başlı* `бойдақ, жалғыз басты`, *eren* `бойдақ адам`, *qazaq* `басы бос, өз еркімен жүрген адам`, *başdaq* `жалғыз басты адам`, *tıyraq* `оқыған, сауатты адам`, *oırı* `ұры, ұры адам`, *ijilci* `елші`, *qula ız* `жолбасшы`, *ovdan* `дарынды адам` т.б¹. сөздердің қолданылуы ескерткіш тілінің қазіргі қыпшақ тобындағы тілдермен сабақтастығын айқын көрсетеді. С.Е.Малов 1941 жылы жарияланған «К истории казахского языка» деген мақаласында аталған сөздіктің қазақ тілінің тарихы үшін құнды да маңызды дереккөзі болып табылатынын көрсетеді².

Түркі тілдерінің лексикалық жүйесі жайлы мәлімет беретін орта ғасырда жазылған еңбектер қатарындағы Махмұд Замахшаридың «Мұхаддимат-ул адаб» еңбегінің (XII ғ.) сөздік бөлімінде бірсыпыра араб сөздерінің түркіше, монғолша аудармалары берілген. Бұл еңбекте қамтылған түркі лексикасы XII-XIII ғасырлардағы Орта Азия түркілерінің тілін сипаттайды³. Түркітану ғылымы үшін маңызды еңбектердің бірі теолог, құқықтанушы Абу-л-лайт ас-Самарқандидің «Китаб муқаддима» («Кітаптың кіріспе бөлімі») (XI ғ.) атты діни трактаты. Ислам дінінің ережелері мен қағидаларын түсіндіруге бағытталған еңбек 47 беттен тұрады, әр бетте 6 жол арабша мәтін және 6 жол түркіше аударма беріледі. Зерттеушілердің көрсетуі бойынша түркі тіліндегі аударма қыпшақ диалектісінде жазылған.

¹ Қазақ тілі. Энциклопедия. – Алматы, 1998, – Б.411.

² Малов С.Е. К истории казахского языка //Изв. АН СССР, отд., лит. и яз. – 1941. – №3. – С.9

³ Бартольд В.В. Обзор деятельности факультета восточных языков. Сочинение. Т.IX. – Москва, 1977. – С. 464-465.

Хорезмде дүниеге келген Ибн Муханнаның «Терджуман түрки уа араби» («Түркіше-арабша тәржіма») атты лексикографиялық сипаттағы еңбек түркіше-арабша, монғолша-парсыша, арабша-монғолша сөздіктерден тұрады. 1245 жылы Мысырда жазылған еңбектің түркіше-арабша сөздік бөлімінде екі мыңнан аса түркі лексемасы сөз таптарына жіктеліп беріледі. XII ғасырдағы түркі тілдерінің жай-күйінен мол дерек беретін қолжазба 76 беттен тұрады.

XII-XIII ғасырларда түркі халықтарының тілі, салт-дәстүрі туралы «Әл-Әнуар әл-мудифа» (Жарық нұры) атты еңбек жазған мәмлүк қыпшақтарының өкілі Ала әл-дин Байлақ әл-Қыпшақи жайлы деректер белгілі. Өкінішке орай, мәмлүк қыпшақтарының тілі жайлы шығармалар жазған ортағасырлық зерттеушілердің көшбасында болып, біразына ұстаздық еткен Ала әл-дин Байлақ әл-Қыпшақидың түркі тілдеріне арналған еңбегінің түпнұсқасы да, көшірмесі де әлі табылған жоқ. Зерттеушінің 1282 жылы жазылған «Канз ат-тиджар фи мағрифат әл-хйуиджар» (Мемлекет байлығы – асыл тас саудасы) атты еңбегінде Мысырдың қаржы-сауда мәселесі мен сыртқы экономикалық байланыстары сипатталады.

Түркітану ғылымы тарихында мәмлүк қыпшақтарының тілі жөнінде араб тілінде жазылған Асир(Асиф) ал-Дин Абу Хайан Мухаммед ибн Али ибн Юсуф ал-Гарнатидің (Андалусий) «Китаб ал-идрак ли-сисан ал-атрак» («Түркі тілі туралы жазылған түсіндірме кі) (XIII-XIV ғғ.) шығармасының орны ерекше. Кітаптың араб тіліндегі атауының тікелей аудармасы – «Түркілер тілінің інжу-маржандары кітабы». 1265 жылы араб халифатының Андалусиядағы (қазіргі Испания аумағы) Гарнат қаласында дүниеге келіп, 1344 жылы Египетте, мәмлүктер билігі тұсында қайтыс зерттеушінің бұл еңбегі мәмлүк қыпшақтарының тілі туралы грамматикалық оқу құралы. Еңбек ескі қыпшақ тілінің грамматикасы туралы трактат және ескі қыпшақ тілінің сөздігі бөлімдерінен тұрады. Грамматикалық бөлім «Сөзжасам дыбыстары» деген фонетикалық ерекшеліктерге арналған және «Сөй-

леудің құрылымдық заңдылықтары» аталатын морфологиялық ерекшеліктерді саралауға бағытталған тарауларды қамтиды. Белгілі ғалым Ә.Құрышжанов мәмлүк қыпшақтарының грамматикасында 32 дыбыс көрсетіліп, оларға айтылуы жөнінде талдаулар жасалғанын, сөз тұлғасындағы өзгерістер (*ajaq~azaq, art~ard, api~ariy, bit~bitik, bud~but, buzaуu~buzavi, til~dil* т.б.) ажыратылғанын және «Сөздік» бөлімінде 3500-дей сөз беріліп, олардың шыққан тегі мен өзгеру өрісі барынша дәл көрсетілгендігін айтады¹. Сөздіктегі қыпшақ сөздері түрікмен, татар, ұйғыр, булғар, Түркістан түріктері, тоқсаба тілдерімен салыстырылып беріледі.

Зерттеушілер «Китаб ал-идрак ли-сисан ал-атрак» шығармасының сөздік қорының 56,5 пайызы мағынасы мен дыбыстық тұлғасы жағынан қазіргі қазақ тілімен сәйкес келетінін көрсетеді². «Китаб ал-идрак ли-сисан ал-атрак» шығармасының тілін жан-жақты зерттеген Е.Есбосынов «Автор өзі қарастырып отырған ескі қыпшақ тіліндегі зат есімдерді араб грамматикасындағы түбірді графикалық тұрғыда белгілеу ұғымына сай, төмендегідей топтарға жіктейді» дей отырып шығармадан сөзбе-сөз мысалдар келтіреді: 1) екі таңбалы зат есім түрі 12, оларға түрлі жалғаулар жалғанады, бұлардың барлығы түркі тілінде қолданылады, мысалы: *sen* `сен`, *kim* `кім`, *qari* `есік, қақпа`, *qisa* `қысқа`; 2) үш таңбалы зат есімнің (сөйлем ішінде) әртүрлі орында кездесуі мүмкін болса да, негізінен алғанда 23 түрі тіркелген, мысалы: *sirt* `төбе, биік, дөң, қырқа; соқаның жүзі`, *qargu* `жылқының буыны`, *jarasa* `жараса` т.б.; 3) төрт таңбалы зат есімдер әртүрлі позицияда кездессе де, негізінен алғанда 33 түрі естілген (қолданылады), мысалы: *etmek* `қамырдан жасалған нанның бір түрі`, *ustaq, bilezik* `білезік` және осыған ұқсас сөздер; 4) бес таңбалы зат есімдер бірнеше түрде кездескенімен, оның 23 түрі тіркелген, мысалы: *arqataq* `ренішті келбет`, *ortecsek* `өрмекші`, *setleuuk* `фундуктың бір түрі` және осыған ұқсас сөздер; 5) мұнымен қоса түркі тілінде аз

¹ Құрышжанов Ә. «Китаб ал-идрак ли-сисан ал-атрак» // Қазақ тілі. Энциклопедия. – Алматы, 1998. – Б. 172.

² Маженова М.Н. Абу-Хайян – исследователь кипчакского языка (материалы по истории казахского языка). АҚД. филол. наук. – Алма-Ата, 1969. – С. 9.

мөлшерде болса да 6 таңбалы сөздер кездеседі. Айтарлықтай жиі қолданылатыны мына түрлері: *bildircin* `бөдене`, *sagiltılaq* `сәуле, жарықтың көзді қарықтыруы`¹.

Абу Хайан ескі қыпшақ тіліндегі кірме сөздердің табиғатына, олардың дыбыстық ерекшеліктеріне сипаттама беріп, жалпы есімдердің мағыналық-тақырыптық топтарын ажыратады, түбірлер мен туынды сөздердің жігін ажыратып, сөз тудырушы қосымшаларды фонетикалық варианттарымен бірге беріп отырады. Зерттеушілер шығарма тіліндегі зат есімдердің септелуі, тәуелденуі қазақ тіліне өте жақын екенін көрсетеді. Африкалық бербер жұртынан шыққан ғұлама Андалусийдің (1256-1344) аталған грамматикасынан басқа да бізге жетпеген «Түркі тілі грамматикасының гүлін жинаған кітап», «Түркі тілі грамматикасының жарқын інжу маржаны», «Түркі тіліндегі етістіктер» атты еңбектері болғаны жайлы деректердің бары белгілі.

Жазылған жылы мен авторы белгісіз «Китаб ат-тухфа аз закийя фил-лұғат ат-түркия» («Түрік тілі туралы жазылған ерекше сыйлық») еңбегінде (көлемі 182 бет) 3000 сөз беріліп, кей сөздердің тұсына түрікмен, татар тілдерінен мысалдар келтірілген. Еңбек сөздіктен және грамматика бөлімдерінен тұрады. «Китаб ат-тухфа аз закийя фил-лұғат ат-түркия» лексикасының жалпы қыпшақтық бөлігінің 75-80 пайызы қазақ тілімен сәйкес келеді². Зерттеушілердің пікірінше мәмлүк қыпшақтарының тілі жөніндегі грамматикалық еңбек «Китаб ат-тухфа аз-закийя филлуғат ат-түркийя» XIV ғасырда Мысырда жазылған болу керек. Шығарманың түпнұсқасы Стамбул қаласындағы Баязит мешітінің Валиддин Ефенді кітапханасында сақтаулы. Ә.Құрышжанов автордың қолжазбасынан «...мен еңбекті қыпшақ тілі бойынша жаздым, өйткені ең көп қолданылатын тіл – қыпшақ тілі. Түрікмен тілін бұл жұмыста әңгіме етпедім, бірақ бір өте қажетті

¹ Есбосынов Е. Ескі қыпшақ тілінің лексика-грамматикалық ерекшеліктері. – Астана: Ер-Дәулет, 2006. – Б.12.

² Арынов Т. Лексико-семантические и стилистические особенности языка старокыпчакского памятника «Китаб аттухфа аз-закиа фи луғат-ат туркия». АҚД.фиол. наук –Алма-Ата, 1981. – С. 8.

жерлерінде одан кейбір мысалдар келтіріп отырдым, ондай жерде «кешіріңіз» деумен ғана шектелдім. Сенім мен үміт – Тәңіріде» (қолжазба, 1-б.) деген үзінді келтіреді¹. Бұл еңбектің қазіргі қыпшақ тілдерінің тарихи даму жолын анықтаудағы маңызын айқындай түседі.

Араб тілі грамматикасы үлгісімен жазылған мәмлүк қыпшақтарының тілі жөнінде басқа да еңбектер сақталған. Солардың бірі – «Китаб-бұлғат әл-муштақ фи-лұғат ат-түрік уал-қыпшақ» («Түрік пен қыпшақ тілдерін жақсы оқып үйренушілер үшін жазылған кітап»). Авторы араб ғалымы – Жамал ад-дин Мұхаммед Абдуллах ат-Түрки, XIV ғасырда Сирияда арабша-қыпшақша сөздік түрінде жазылған еңбектің қолжазбасы Париждегі ұлттық кітапханада сақтаулы. Қолжазба есім сөздер мен етістіктерге арналған екі бөлімнен тұрады.

XIV ғасырдың аяғы мен XV ғасырдың басында Мысырда түркі тілдері туралы жазылған келесі еңбек – «Әл-каванин әл-күллия ли-дабт әл-лұғат ат-түркия» («Түркі тілдерін үйрену үшін жазылған толық құрал»). Мәмлүк қыпшақтарының ескерткіші болып танылатын, авторы белгісіз бұл мұрағат грамматика мен сөздіктен тұрады. 1928 жылы түрік тіліне аударылды. «Әл-каванин әл-күллия ли-дабт әл-лұғат ат-түркия» шығармасы әлі толық зерттелген жоқ.

«Китаб ад-дурра ал-мудия фил-лұғат ат-түркия алат-тамам уал-камал» (Түркі тілі туралы жан-жақты және толық аяқталған інжу-маржан кітабы) еңбектің авторы белгісіз. 48 беттен тұратын арабша-қыпшақша сөздік XIV ғасырда Мәмлүк қыпшақтары билік еткен Египет пен Сирия елдерінде сол кездегі қыпшақ тілін үйрену үшін классикалық араб тілінде жазылған. XIV ғасырда «тек араб елдерінде ғана емес, жалпы шығыс елдерінің ішінде түркі тілдерінде сөйлейтін халықтарды, әсіресе қалың жұртшылыққа барынша кең танымал болған қыпшақ тайпаларын «түріктер» деп атаған да, олардың тілін «түрік тілі» деп жалпы атаумен

¹ Құрышжанов Ә. «Китаб ат-тухфа аз закийа фил-лұғат ат-түркия»// Қазақ тілі. Энциклопедия. – Алматы, 1998. – Б.172-б.

атаған»¹, бұл VIII ғасырдың орта тұсында Білгеқағанға арналып орнатылған (744 ж.) Мойун Чур ескерткіші мәтініндегі «түрк-қыпшақтар тоғыз оғыздарды елу жыл басқарды» деген сөйлем құрамындағы *түрк-қыпшақ* сөзіне байланысты қалыптасқан, кезінде қыпшақ және түрік(түркі) этнонимдері синонимдік мәнде қолданғаны жайлы көзқарастардың негізділігін көрсетеді. Ескерткіш тілінен қазақ тілімен тұлғалық жағынан да, мағыналық жағынан да сәйкес келетін көптеген сөздер тіркелген, мысалы: *aj* `ай`, *ajaq* `аяқ`, *ajuw* `аю`, *barmaq* `бармақ`, *bars* `барыс`, *köz* `көз`, *qozu* `қозы`, *qajmaq* `қаймақ`, *talaq* `талақ`, *täñri* `тәңірі` т.б.

Араб тіл білімі үлгісінде жазылғанмен түркі тілдері жайлы сөздіктің элементтері сақталған мұралардың бірі – Джамал ад-дин ибн Муханнаның «Хилат ул инсон уа халибат ул-лисан» еңбегі. Еңбектің бірнеше нұсқасы сақталған, нақты жазылған жылы белгісіз, шамамен XIII ғасырдың соңы мен XIV ғасырдың соңында дүниеге келген мұралар қатарында көрсетіледі. Шығарманың бірінші бөлімінде есім сөздер, үстеулер мен көмекші сөздер, етістік формалары талданады, екінші бөлімі дара сын есімдерге, салмақ өлшемдері мен сандық мағынаны білдіретін сөздерге, жыл санауға қатысты лексемаларға арналған. Мұраны алғаш рет жан-жақты зерттеген П.М. Мелиоранский «Араб-филолог о турецком языке» (Санкт-Петербург, 1900) атты еңбегін жариялап, 1901 жылы осы тақырыпта докторлық диссертация қорғайды. «Хилат ул инсон уа халибат ул-лисан» мұрасы тілінің ескі ұйғыр тіліне және ескі әзірбайжан тіліне жақындығын көрсететін пікірлер бар.

Мәмлүк қыпшақтарының тілі туралы Египетте жазылған ең соңғы шығарма ретінде танылатын Молла ибн Мухаммед Салихтың «Аш-Шудур ад-даһабия уал-қита ал-ахмадия фил-луғат ат-түркия» («Түркі тілдері туралы жазылған алтын тізбе») атты шығармасы XVII ғасырдың басында жазылған. Мысырдағы қыпшақ тілінің әлеуеті әлсіреп, мәмлүктердің биліктен қол

¹ Құрышжанов Ә. «Китаб ад-дурра ал-мудийа фил-луғат ат-туркийа уал-камал» // Қазақ тілі. Энциклопедия. – Алматы, 1998. – Б.170-171.

үзе бастаған тұсында жазылған ескерткіштің түпнұсқасы Стамбулда сақтаулы. Еңбекте қыпшақ және араб тіліндегі сөздер грамматикалық тұлғаларына қарай жіктеліп беріледі¹.

XII-XIV ғасырлардағы түркі мұраларының біразы Дешті Қыпшақ мемлекетінің күш-қуаты дәуірлеп тұрған кезде жазылған. Қыпшақ бірлестігінің ықпалдылығы осы дәуірде жазылған түркі мұраларының тілінен де көрініс тапты, ескерткіштер тілінде қыпшақтардың ауызекі сөйлеу тілінің элементтері молынан сақталған. Қыпшақ тілінің ерекшеліктерін танытатын еңбектердің бірі – «Кодекс Куманикус» («Кумандардың кітабы») 1294 жылы қыпшақ (куман) тілінде жазылған. Шығарманың бірінші көшірмесін жасау 1303 жылы басталып, 1330 жылы Алтын Орданың астанасы Сарай қаласының маңындағы Жан Әулие ғибадатханасында аяқталған. Латын әліпбиімен қыпшақтар (куман) тілінде жазылған діни мәтіндер мен сөздіктер жинағының бір қолжазбасы Венециядағыдағы Марк Евангелист шіркеуінің кітапханасында сақтаулы. 164 беттен, екі бөлімнен тұратын ескерткіштің бірінші бөлімі практикалық мақсатта тіл үйрету құралы ретінде латынша-парсыша және куманша сөздік, куман тілінің қысқаша грамматикасы, қыпшақ сөздерінің жіктелу кестесі, септелу үлгісі басқа да куман тілінің деректері берілген. Екінші бөлім кумандар арасында христиан дінін уағыздау мақсатында дайындалып, діни кітаптардан үзінділердің куман тіліндегі аудармалары топтастырылған. Ескерткіште ескі қыпшақ тіліндегі жұмбақ үлгілері де қамтылған. «Кодекс Куманикус» ескерткішінің тілі қазіргі қыпшақ тобындағы түркі тілдерінің дамуын, олардың фонетика-фонологиялық жүйесіндегі, морфологиялық құрылымы мен синтаксистік құрылысындағы, лексикалық жүйесіндегі ерекшеліктерін саралауда аса маңызды лингвистикалық дереккөз болып табылады.

«Кодекс Куманикус» ескерткіші тілінде қазақ тілінің ерекшеліктерін көрсететін кейбір фонетикалық, грамматикалық құбылыстар мен заңдылықтар айқын байқалады. Мысалы: *с* дыбысы-

¹ Сабыр М.Б. Көне қыпшақ жазба ескерткіштерінің тілі. – Орал, 2008. – Б. 8.

ның орнына *š* дыбысын айту; *š* дыбысының орнына *s* дыбысын қолдану; *j* дыбысының орнына *ž* дыбысын қолдану; *d* дыбысының орнына *t* дыбысын айту; *γ*, *g* дыбыстарының орнына *q*, *k* дыбыстарын пайдалану т.б.

Түркі тілдері жайлы XV-XVI ғасырларда армян қыпшақтары тілінде жазылған мұралар түркітану тарихындағы құнды еңбектер қатарынан орын алады. Ғылымға «армян қыпшақтары» деген атпен енген қыпшақ тайпалары Джестр өзенінің сол жағалауындағы Подолье аймағында құрылған Армяндардың дербес құқығы бар колониясының құрамындағы ықпалды да беделді топтар қатарынан орын алады. Түркі тайпалары мен армян халықтары арасындағы қарым-қатынас XI ғасырдан басталады, 886-1045 жылдары билік құрған армяндардың патшалық династиясы Багратид мемлекетінің көршілес сельжуктер тарапынан шабуылдарға ұшырап, құлауына байланысты армяндардың біразы Қырымға қоныс аударады. Сол өңірлердегі жергілікті түркі тайпаларымен етене араласқан армяндар өз ана тілдерімен қатар қыпшақ (түркі) тілін де кеңінен қолданады. Монғол шапқыншылығынан кейін қыпшақтар мен армяндардың біраз бөлігі Батыс Украинаға қоныс аударады, Армян колониясының құрылуы да осы кезеңдерге сәйкес келеді. Автономиялық деңгейдегі Армян колониясының ресми іс-қағаздарының үш тілде – армян, қыпшақ және поляк тілдерінде жүргізілуінің өзі қыпшақ тайпаларының саяси-әлеуметтік орнын көрсетсе керек. Армян-қыпшақтары өз тілдерін *хыпчах тили* 'қыпшақ тілі', *бизим тил* 'біздің тіл' және ара-тұра *татарча тил* 'татарша тіл' деп атаған¹.

Ескі қыпшақ тілінің оңтүстік-батыс бұтағына жататын армян-қыпшақтарының тілінде, армян жазуымен хатқа түскен мұралардың ішінде сөздіктер мен грамматикалық трактаттар да бар. Ереван қаласындағы Матенадран кітапханасында «Армян-қыпшақ грамматикасы» мен «Армян-қыпшақ тілдерінің тарихы» атты еңбектердің қолжазалары сақталған. 1581 жылы жазылған

¹ Гаркавец А.Н. Кыпчакское письменное наследие. Том I. Каталог и тексты памятников армянским письмом. – Алматы: Дешт-и-Кыпчак, 2002. – С. 10.

«Армян-қыпшақ грамматикасында» жеті септік түрі көрсетіліп, оларға 184 мысал келтірілген, сондай-ақ 500-дей зат есімдер мен сын есімдер берілген. Тарихи құжаттар мен дұғалар жинағының, «Дана Хикар сөзі» еңбегінің тілі «Кодекс Куманикус» тіліне өте жақын екені, сөздіктер мен грамматикалар қыпшақ тілінің материалдарына негізделгені жан-жақты дәйектелуде.

XIV ғасырдың соңғы жылдарынан бастап дами бастаған жалпытүркілік жазба тіл – шағатай тілінің XV-XVI ғасырларға сәйкес келетін классикалық кезеңінде жазылған түркі тілдері туралы еңбектердің әдеби-көркемдік деңгейі жоғары болды, көркем әдебиет үлгісіне сәйкес инверсия, парцелляция құбылыстары да орын алды. Шағатай тілінің классикалық үлгісінде жазылған Әлішер Науаидың «Мухокамат ул-луғатайн» атты түркі тілдеріне арналған еңбегі туралы деректер бар.

XV-XVI ғасырлардағы түркі тілдерінің дифференциациялану үдерісі басталғаннан кейінгі кезеңдердегі тілдік ерекшеліктерді көрсететін жазба мұралар бұрынғы жалпытүркілік тілдік жүйеден ажырай бастады. Соған сәйкес әрбір түркі халықтарына тән жазба тілдің сілемдері салына бастағаны белгілі. Сондықтан осы кезеңдерде жазылған тілдік ерекшеліктерді көрсететін әдеби мұралар, хан жарлықтары мен шежірелер де лингвистикалық түркітанудың қалыптасу тарихындағы маңызды дереккөздер болып табылады. Ал грамматикалық және лексикографиялық сипаттағы еңбектер М.Қашқари шығармасынан бастау алатын XI-XV ғасырлардағы лингвистикалық түркітанудың теориялық-метологиялық көздерін әрі қарай дамытты. Қазіргі түркі тілдерінің тарихи даму жолын анықтауда ерекше маңызға ие, XI-XVI ғасырларда Орта Азияда, Египетте, Қыпшақ даласында жазылған, алғашқы түркологиялық еңбектер (түркі тілдері жайлы) лингвистикалық түркітанудың тарихи бастау-көзі болып табылады.

XVII ғасырдың соңғы жылдарынан бастап Ресей патшалығының түркі елдеріне жүргізе бастаған ықпалына байланысты түркітану Ресей ғылымымен тығыз сабақтастықта дамыды.

§6. Түркітанудың Ресейде қалыптасуының тарихи алғы шарттары мен факторлары

Түркітану ғылымының қалыптасып, дамуына өз кезеңіндегі түркі, славян халықтарының саяси-әлеуметтік қарым-қатынастары негіз болғаны белгілі. Бұл қарым-қатынастар алғашқы кезде тең дәрежелік деңгейде (кейде түркілер, кейде славяндар басымдық алып отырады) жүзеге асса, XVIII ғасырдан бастап түрлі ішкі-сыртқы саяси ахуалдарға байланысты қуаты төмендеп, әлсіреген түркі елдеріне деген Ресей патшалығының тарапынан жүргізілген саяси-экономикалық мүдде басымдыққа ие болып, отаршылдық сипат алды. Осы саясаттың өзі түркітану ғылымының Ресейде қалыптасып, әрі қарай дамуына алып келді. Ресей империясының алыс-жақын аймақтарын мекендейтін түркі халықтарының тарихы, тұрмыс-тіршілігі жайында, олардың тілі мен әдебиеті туралы мәлімет біртіндеп жинақтала берді.

Көршілес аймақты мекендеген этностық топтар арасындағы байланыстардың тарихы тым тереңнен басталатыны белгілі. Ежелгі дәуірлерге қатысты жазба деректердің сақталмауына байланысты, славян және түркі халықтарының ең алғашқы қарым-қатынасы ғұндардың шығыс славян елдерін басып алуы (IV-V ғғ.), олардың Киев мемлекетімен тығыз байланысы негізінде сипатталады. Түркі-славян халықтарының VIII-IX ғасырдағы тарихи-әлеуметтік қарым-қатынасын көрсететін тілдік деректер славяндардың «Повести временных лет» (IX ғ), «Слово о полку Игореве» жылнамаларында сақталған ¹.

Б.з.V-VII ғасырларында Азов теңізі маңын мекендеген түркілердің тайпалық одағы – Ұлы Бұлғария мемлекеті славян князьдықтарымен тығыз қарым-қатынас орнатты. VII ғасырдың орта тұсына қарай Ұлы Бұлғария ыдырап, тарих сахнасынан кеткеннен кейін де олардың мұрагерлері мен славяндар арасындағы тығыз байланыс үздіксіз жалғастықта болды. Бұлғария құрамын-

¹ Львов А. С. Лексика «Повести временных лет». – Москва, 1975. – С. 20-24.


дағы түркі халықтарының бір бөлігі – дунай, кубань бұлғарлары IX ғасырда толық славянданып кетсе, келесі бөлігі – Еділ-Кама бойындағы бұлғарлар түркілік табиғатын сақтап қалды. Көне бұлғарлар мен славян халықтарының тарихи байланысының тілдегі көрінісі «Бұлғар князьдарының тартысы (егесі)», Эль-брусс маңынан табылған солтүстік кавказ руна ескерткіштерінде, XIII-XIV ғасырларға тән эпитафиялық жазбаларда сақталған. Таза түркілік бағытта дамыған Еділ бұлғарларының феодалдық мемлекеті өзіндік тілдік ерекшеліктері бар бірнеше тайпадан құралды. «Мемлекеттің алғаш құрылған кезеңінде бұлғар тілі тайпалық тіл деңгейінде болуы мүмкін. Жалпы бұлғарлық халық пайда болғаннан кейін (XI-XII ғғ.) бірнеше лингвистикалық, экстралингвистикалық факторлардың әсерінен жалпытүркілік типтегі койне пайда болды. Еділ-бұлғар тілі көктастардағы мәтіндерді безендіруге қызмет етті»¹.

VII-IX ғасырлар аралығында славян князьдықтары мен феодалдық құрылым – Хазар қағанаты арасында әртарапты қарым-қатынас орнықты. Еділ өзенінің орта тұсынан Азов теңізі мен Кавказ тауларына дейінгі аумақты алып жатқан, көршілес Дон бойындағы, Қаратеңіз жағалауының далалы аймақтарындағы, Қырымдағы, Закавказьедегі елдер мен Иранға ықпалын жүргізген, өз дәуіріндегі қуатты мемлекеттер қатарындағы Хазария мен славяндар арасындағы алғашқы қақтығыс VII ғасырдың екінші жартысындағы хазарлардың шегарасын батысқа қарай кеңейту жолындағы жорықтарымен байланысты сипатталады. Хазарлар мен славяндардың әр тарапты қарым-қатынасы X ғасырдың соңғы жылдарына дейін жалғасты. Дон өзені жағалауы мен Кавказ тауларының етегін, Қара теңіз жағалауы мен Қырымды қамтитын ұлан-ғайыр аумақты мекендеген Хазар хандығының құрамында түркі тайпаларымен қатар сарматтар мен славяндардың да болғаны тарихи әдебиеттерден белгілі. Хазар хандығы мен Киев князьдығының көршілестігі олардың арасындағы байланыстың

¹ Хакимзянов Ф.С. Язык эпитафий волжских булгар. – Москва: Наука, 1978. – С.69.

әртарапты дамуына ықпал етті, қарапайым халық арасында лингвоконтактологиялық үдерістер жүріп жатты.

X ғасырда Киевтегі иудей қауымдастығының басқа қаладағы еврейлерге арналып жазылған үндеу-хаттың соңына 11 адамның қолы қойылып, түркі руникасымен жазылған сөзбен куәландырылған (2-сурет) хатты Каирдағы (Каир генизасы) көне еврейлердің қолжазбалар қорынан 1962 жылы Чикаго университетінің профессоры Норман Голб тауып, тіркейді. Гарвард



2-сурет. Хат соңындағы түркі сөзі

университетінің профессоры Омеляно Прицакпен бірге 1982 жылы ескерткіштің интерпретациясын жасап, аудармасын жариялайды. Зерттеушілер бұл сөзді хазар тіліндегі антропоним (ресми өкілеттілігі бар билеушінің аты) деген болжам жасайды¹. Бұл дерек Хазар қағанаты мен Киев княздығы арасындағы тығыз қарым-қатынастың айқын дәлелі.

Түркі-славяндар қарым-қатынасы тек жаугершілік сипатта ғана емес, экономикалық (сауда-саттық), әлеуметтік (құдандалық) деңгейде де жүріп отырғаны жайлы деректер белгілі. Славян халықтарында сақталған түркілік антропонимдер, жекелеген князьдардың ата-бабалары мен аналарының шыққан тегі жай-

¹ Golb Norman and Omeljan Pritsak. Khazarian Hebrew Documents of the Tenth Century. – Ithaca: Cornell Univ. Press, 1982; Голб Н., Прицак О. Хазарско-еврейские документы X века. – Москва – Иерусалим, 1-е изд. 1997; 2-е изд. 2003.

лы шежірелік жазбалары түркі, славян халықтары арасындағы құдандалық үрдіс ерте кезден басталғанын айғақтайды. В.В.Бартольд славян билеушілері өздерінің «князь» титулдарымен қатар хазар хандарының «қаған» титулын да қолданғаны жайлы дерек 839 жылы тіркелгенін көрсетеді¹.

IX-X ғасырлардағы түркі-славян байланысы печенек, қаңлы (кангар), бұлғар, половец тайпаларының славяндармен қарым-қатынасы негізінде сипатталады. Сол кезеңдегі түркі тайпаларының славян далаларына қоныстана бастауына байланысты қалыптасқан топонимдер де екі жақты байланыстың нәтижесі. Соңғы жылдары белең алған неотүркологиялық бағыттағы зерттеулерде славяндар ғана емес барлық еуропа халықтарының этногенездік құрамы мен тілін түркі халықтарымен, олардың тілімен байланыстырушы пікірлер айтылуда. Ежелгі және ерте орта ғасырлардағы араб, латын, грек тілдерінде жазылған жазба ескерткіштерде кездесетін еуропалық көне тайпалар мен халық атауларына этимологиялық талдау жасаған зерттеушілер көнееуропалық этнонимдердің семантикасын грек тілімен де, латын тілімен де, қазіргі еуропа тілдері деректерімен де түсіндіруге келмейтінін, олардың тұлғасында да мағынасында да сәйкестіктердің болуына байланысты түркі тілдерінің деректері негізінде ғана айқындауға болатынын көрсетеді: «Лингвистический анализ древнеевропейских этнонимов показывает, что все они являются искаженными тюркоязычными словами»². Топонимдердің қалыптасуы мен этнонимдердің қалыптасуы өзара тығыз сабақтастыққа негізделетінін ескерсек, славян халықтары мекен ететін аумақтағы басқа топонимдер де түркі және славян халықтарының тарихи қарым-қатынасын сипаттайтын тілдік деректердің саны арта түсуі мүмкін.

Зерттеушілер Балтық теңізіне дейінгі аумақты қамтитын Ресей территориясынан VIII-XI ғасырларда жасалған шығыс мо-

¹ Бартольд В.В. История изучения Востока в Европе и России. – Ленинград, 1925. – С.165.

² Дроздов Ю.Н. Тюркская этнонимия древнеевропейских народов. – Москва: Опора, 2008. – С. 5.

неталарының көптеп табылуын да осы кезеңдегі шығыс және славян халықтарының арасындағы тығыз экономикалық байланысты сипаттайтын сауда-саттықтың кең қанат жайғанын көрсететін заттық дерек ретінде қабылдайды¹ Бұл үрдістен түркі халықтары да тыс қалмағаны белгілі.

X-XII ғасырларда славяндардың түркі халықтарымен байланысы негізінен қыпшақ (куман, половец) тайпаларына қатысты болды. Қуатты мемлекеттік деңгейдегі «Дешті Қыпшақ» бірлестігінің славян мемлекеттеріне ықпалы да аз болмады. Қыпшақтар мемлекетінің бір бөлігі славян тектес орыс, украин халықтары мекендейтін далалық аймақтарды қамтығандықтан этностық топтар арасындағы қарым-қатынас күшейе түсті, тіл-маштар қажеттілігі туындай бастады.

XIII-XIV ғасырда түркі халықтары үшін үлкен қайғы-қасірет әкеліп, әскери-саяси және моральдық-рухани соққы болған монғол шапқыншылығы Еуразияның орталық аймағының саяси картасын толығымен өзгертіп, халықтың этникалық құрамына да елеулі өзгерістер енгізді, Дешті Қыпшақ бірлестігіндегі түркі хандықтары монғолдардың қол астына өтті. Бұл өзгерістер де түркі, славян халықтарының байланысын тереңдетті. Себебі славян княздықтарының да біразы Алтын Орданың ықпалында болды. Осы кезеңде IX-XI ғасырлардан бері етене араласып Қырым, Кавказ өңірін мекен еткен армяндар мен қыпшақтардың Батыс Украинаға қоныс аударып, Армян колониясын құруы да түркі және славян халықтарының қарым-қатынасын кеңейте түсті.

Жалпы Ресей, Еуропа елдерінің түркі халықтары тарихын, тілін, әдет-ғұрпын білуге деген қызығушылығын Сыр бойынан қоныс аударған оғыздар мен сельжуктер ұрпақтарының мемлекеті – Осман империясының ұлы Византия (Шығыс Рим империясы) мемлекетін құлатып, Константинопольды басып алуы (XV ғ) арттыра түсті. Еуропадағы ірі мәдениет ошағы болған қуатты мемлекет – Византияның Орталық Азиядан қоныс ауда-

¹ Кононов А.Н. История изучения тюркских языков в России. Дооктябрьский период. – Ленинград: Наука, 1972. – С. 10.

рып келген көшпелі халық өкілдерінің атты әскеріне тойтарыс бере алмай мемлекеттігінен ажырауы Батыс тарихындағы үлкен оқиға болды. Еуропалықтарға беймәлім жауынгер халықтың тарихы мен мәдениеті жайлы ақпарат алу мақсатында түрік тілін білетін мамандар дайындау ісі қолға алына бастады.


XV-XVI ғасырларда Қазан, Қырым хандықтары мен Москва мемлекетінің тығыз қарым-қатынаста болуы татарлардың, қырым түркілерінің тілін білетін тілмаштар дайындау қажеттілігін туындатты. Қырым хандығы мен Мәскеу княздығының арасында түркі тіліндегі құжат айналымы болғаны жайлы деректер де сақталған. Бұл байланыс тек ресми өкілдер мен билеуші топ арасында ғана емес, сауда-саттық пен шаруашылыққа байланысты қарапайым халық арасында да тереңдеді. Екі халықтың да лексикалық қорында кірме элементтер (славян тілдерінде түркізмдер, түркі тілдерінде славянизмдер) көбейіп, славян халықтары тарапынан түркізмдердің түсіндірме сөздіктерін жасау қолға алына бастады. Осындай алғашқы сөздіктер қатарында XV-XVI ғасырларда жазылған «Се татарский язык», «Толкование (или толк) языка половецкого» сөздіктері жатады.

XVI ғасырда орыстардың Сібір хандықтарымен байланысы күшейіп, ықпалын жүргізе бастауына байланысты Сібір түркілерінің тілін үйрену ісіне мән берілді. Ресей патшалығы түркілер туралы деректер жинауды жалғастыра берді. Түркілер жайлы мәліметтер Нестер-Искандердің «Царьгород туралы повесі», Иван Пересветовтың түріктер жайындағы Иван Грозныйға тапсырған трактаты, Андрей Лызловтың «Скиф тарихы», молдаван ғалымы Дмитрий Кантемирдің екі томдық «Түркия тарихы» атты еңбектерінде де беріледі.

XVII-XVIII ғасырлардағы Орта Азия және қазіргі Қазақстан аумағындағы хандықтардың ішкі-сыртқы саяси қайшылықтар әсерінен әлсіреуі Ресей патшалығына жаңа мүмкіндіктер туғызып, отарлау саясатын жүргізуге ашық бет бұрды. Бірінші кезекте түркі халықтарының материалдық құндылықтары (қазба байлықтары, мал саны т.б.) географиялық жағдайы (жер

аумағы, климаты, жердің құнарлылығы, фаунасы мен флорасы т.б.) жайлы мәліметтер алу бағытындағы жұмыстар қолға алынды. Қажетті деректерді жинау үшін жергілікті халықтың тілі мен дәстүрін де зерттеу қажет болды. Түркітанудың дамуына серпін берген Сібір мен Орталық Азиядағы белгісіз жазулар туралы мәліметтер де XVII ғасырдың соңында белгілі бола бастады.

XVII ғасырдың екінші жартысында (1664-1665 жж.) Амстердам бургомистрі Николас Корнелиссон Витсен (1641-1717) дипломатиялық жұмыстармен бір жылдай Мәскеуде тұрады. І Петр патшамен достық қарым-қатынаста болған Н.К. Витсен Ресей мен Голландияның ортақ мүддесіне сай Сібір тарихына қатысты материалдар жинаумен айналысады. Сібірдегі өзен бойындағы жартастан белгісіз жазуларды көргені жайлы хабарламасы тек орыс зерттеушілерінің ғана емес батыс ғалымдарының да қызығушылығын тудырып, жергілікті түркілер мәдениетін зерттеуге деген талапты біршама арттыра түсті. Н.К. Витсеннің Сібір өңірі бойынша жинаған деректері 1692 жылы жарияланған «Солтүстік және Шығыс Тартария» деген еңбегіне негіз болады, кітаптың екінші, үшінші басылымдары 1705, 1785 жылдары жарыққа шығады (3-сурет).



3-сурет. Н.К. Витсеннің еңбегінде берілген карта


Тартария этнотопонимі мен *тартар* этнонимі *татар* этнонимі негізінде, түркі-монғол халықтарының жалпы атауы ретінде қалыптасқан. (лат. *tartaria*, франц. *tartarie*, ағылш. *tartary*, нем. *tatarei*). Батыс Еуропа тарихшылары XIII ғасырдағы Шыңғыс хан мен оның ұрпақтарының жорықтары басталған кезден бастап, XIX ғасырға дейін қолданған *Тартария* сөзі Каспийден Тынық мұхитына дейін, Қытайдан Үндістанға дейін созылатын алып территорияның қамтитын аймақтың атауын білдіретін картографиялық термин ретінде орнықты¹. Еуропалық тарихшылардың *татар* этнонимін *тартар* деп бұрмалауы ағылшын католигі Матфей Парижскийдің XIII ғасырда (1240 жылдары) Орда әскерінің Еуропаға жорыққа шығу қаупіне байланысты жазбасынан басталады.

Енисей шатқалындағы белгісіз жазулар жайлы келесі ақпаратты Н.Г. Милеску хабарлайды. Молдаван ұлтының өкілі, Константинопольде, Падуеде білім алған Николай Гаврилович Спафарий (Милеску) біраз уақыт Германияда, Швецияда өмір сүріп, 1671 жылы Ресейге қайтып оралады. 1675 жылы Патша жарлығымен Қытайдағы орыс елшілігінің басшысы қызметіне тағайындалған Н.Г. Милеску 1678 жылы Мәскеуге қайтып келген соң «Сібір хандығының Тобыл қаласынан Қытай шекарасына дейін жасаған саяхат туралы кітап» деген еңбегін жазады. Ол өз еңбегінде Енисей өзені бойындағы жартасты шатқалдардан белгісіз жазу үлгілерін көргенін баяндайды: «...шатқалдағы жартас беттерінде қашалып жазылған белгісіз көне жазулар бар. Жазулардың ортасында крест тәрізді таңба қашалған. Тегіс жартас беттерінде қолдарына найза сияқты құрал ұстаған адамдардың бейнесі қашалған. Бұл жазуларды қай заманда, кім жазғанын ешкім білмейді»².

¹ Закиев М. З. Происхождение татар // Происхождение тюрков и татар. – Москва: Инсан, 2002. – С. 192-198; Е.А.Федорова, В.П.Сливинский. Сибирь в лингвомифологическом континууме России: постановка проблемы осмысления в русском языковом сознании // Вестник КемГУКИ. –2013. – № 22.

² Кононов А.Н. История изучения тюркских языков в России. Дооктябрьский период. – Ленинград: Наука, 1972. – С. 38.

1696 жылы тобылдық архитектор, картограф Семен Ремезевке Сібірдің картасын жасау тапсырылып, екі жылға жуық Сібірді, Орта Азия мен қазіргі Қазақстан аумағын аралап шыққан зерттеуші өз жұмысының нәтижесін «Чертеж всех сибирский градов и земель и чертеж земли всей безводной и малопроездной каменной степи» атты атласымен қорытындылайды. Картографиялық еңбек 1698 жылы аяқталып, Петербургтегі әкімшілік және ғылыми ортаға ұсынылады (4-сурет). Атлас құрамындағы Орта Азия картасында тұңғыш рет Каспий мен Арал жеке көрсетіледі



4-сурет. С. Ремезевтің атласынан фрагмент

және Талас өзенінің жоғарғы ағысына (Қазіргі Қырғызстан аумағы Дмитриевка селосының маңы. Талас көне түркі жазбалары табылған өңір) «Орхон тасы» деп топографиялық белгі қойылған. Түркі халықтары мекендеген аумақтардан кездейсоқ табылған белгісіз жазулар жайлы мұндай ақпараттар Ресейдің де Батыстың да қызығушылығын тудырып, арнайы экспедициялар ұйымдастыруға себепші болып түркітанудың ілгерілеуіне жағдай жасады.

«Түркітанудың Ресейде өркендеуіне екі түрлі жағдай себеп болды: біріншіден, түркі халықтарының басым бөлігі негізінен Ресейдің ықпалында болды және оның шет аймағын мекендеді; екіншіден патшалық Ресей өзінің шығысындағы жаңа жерді игеруге ынталы еді»¹. Орта Азия мен қазіргі Қазақстан аумағында, Закавказьеде, Қытай мен Үндістанда, Кіші Азияда экономикалық, мәдени және саяси ықпалын кеңейту мақсатымен ғылыми-барлау экспедициялары ұйымдастырылды және әртүрлі дипломатиялық, діни т.б миссиялар арнайы мақсаттарымен қатар сол өлкедегі жергілікті шығыс халықтары, оның ішінде түркі халықтары туралы да тарихи, географиялық, лингвистикалық т.б. деректер жинау ісін жалғастыра берді. Кейбір экспедициялар арнайы отарлау мақсатын көздеген бірнеше мың қарулы жауынгерлерден құралған әскери жорықтар құрамына енгізіледі.

Ресей патшалығы тарапынан жүргізілген іс-шаралар, отарлау саясатының талаптары түркітану ғылымының қалыптасуына жағдай жасады әрі дамуына тікелей ықпал етті. І Петр патшаның таққа келуіне байланысты Ресей саясаты Кавказ бен Қырым, Қаратеңіз жағалауы, Орта Азия мен Орталық Азия, Сібір өңірін мекендеуші түркі, басқа да шығыс халықтарына қатысты жаңа мақсаттар көздеді.

Сенаттың Указы бойынша Түркияны зерттеу үшін түрік, араб, парсы тілі бойынша мамандар даярлау қолға алынады. 1700 жылы 18 маусымда (А.Н. Кононов отандық шығыстану пәнінің дүниеге келген күні деп атайды»².) шығыс тілдерін үйрену үшін Тобылға үш адам жіберу туралы патшаның жарлығы шығады. Түркия және басқа шығыс мемлекеттерінің мәселесі бойынша Петр І-нің кеңесшісі шығыстанушы ғалым Дмитрий Кантемир болды. Осы кезден бастап түркі халықтарының, жалпы шығыс халықтарының тарихын, рухани-мәдени, материалдық құндылықтарын зерттеу ісі нақтылы шаралар негізінде жүргізіле

¹ Қайдаров Ә. Түркология // Қазақ ССР. Қысқаша энциклопедия. 3-том. – Алматы, 1988. – Б. 524-525.

² Кононов А.Н. История изучения тюркских языков в России. Дооктябрьский период. – Ленинград: Наука, 1972. – С. 30-37.

бастады. 1707 жылы Илларион Лежайский басқарған діни миссия Монғолияға, 1714 жылы Қытайға экспедицияға шығып, христиан дінін насихаттаумен қатар жергілікті халықтардың діні, тілі, әдебиеті, тарихы, әдет-ғұрпы жайлы деректер жинап қайтады. Экспедиция материалдарының бір бөлігі түркі халықтарына қатысты деректерден тұрды.

XVIII ғасырдың басында Хиуа хандығы мен Бұхара хандығының Ресей бодандығына өтуі І Петр патшаның Орта Азия елдеріне деген отарлау саясатының мүмкіндігін кеңейте түсті. Петр І патша 1714 жылы Үндістанмен сауда қатынастарын орнату мақсатында әрі экономикалық мүддеге орай Әмудария өзінінің ескі арнасын зерттеу үшін Ресей мен Үндістан шекараларының аралығындағы парсы, түркі халықтары мекен ететін Каспий мен Әмудария ойпатына экспедиция жөнелтуді ұйғарады. Экспедиция басшылығына полк капитаны князь Александр Бекович-Черкесский тағайындалады. Экспедицияға басшылық еткен Александр Бекович Черкесский (ұлты – кабардин, түркіше аты – Дәулет-Керей Мирза) жергілікті халықтың саяси мүддесі, әскери және материалдық әлеуеті жайлы мәліметтер жинауға тапсырма алады. 1714 жылы сапарға шыққан экспедиция Каспий өңірін аралап, 1715 жылы Астраханға қайтып келеді де, патшаның арнайы тапсырмасымен Хиуа сапарына дайындалады. Теңіз жағалауын жан-жақты зерттеген А.Бекович осы жылы (1715) Каспий теңізінің картасын сызады (5-сурет). Картада біраз түркі топонимдері мен гидронимдері берілген.

Дайындық бір жылға дейін созылады, себебі ішкі сырын, саяси ұстанымдарын өте құпия ұстайтын Хиуа хандығы Ресей патшалығын әлі толық мойындай қойған жоқ еді. XVI ғасыр мен XX ғасырдың алғашқы жылдарына дейін өмір сүрген феодалдық мемлекет – Хиуа хандығы ежелгі Хорезм, қазіргі Түркмения территориясында орналасқан шығыстық үлгідегі жоғары мәдениеті қалыптасқан ел болды. Орта Азиядағы мәдениеті жоғары, ирригациялық егіншілік, қолөнер мен сауда-саттық ісі жақсы дамыған ежелгі Хорезм мемлекеті IV-VI ғасырларда-ақ феодалдық қа-

тынастар жүйесі орныққан, экономикалық әлеуеті жоғары іргелі ел ретінде танылды. 712 жылдан Араб Халифатының билігінде, 1220 жылдардан бастап монғол империясының құрамында, кейін Жошы ұлысының құрамында болған Хорезм мемлекетінің басым бөлігі XVI ғасырда Хиуа хандығына қосылады. Ежелгі Хорезм мемлекетінің дәстүрін сақтап қалған Хиуа хандығына Ресейдің үстемдік көрсетуі хандықтың ішкі наразылығын тудырды. 1700 жылы Хиуа ханы Шах Ниязға, 1703 жылы Бұхар ханы Араб Мұхамедке Ресейдің ықпалына өткені жайлы ресми құжат тапсырылғанымен Хиуа хандығы XIX ғасырдың соңғы жылдарына дейін бодандыққа мойынсұнбады (тек 1873 жылы ғана Ішкі автономияны сақтай отырып, Ресей Империясының қол асты-

на кірді. 1920 жылы ханды тақтан түсіріп, Хорезм Халықтық Кеңес республикасы құрылады).

Түркология тарихында ерекше орны бар Хиуа экспедицияның ұйымдастырылуына түркімен ұлтының өкілі Қожа-Нефестің ақпараты бастама болады. Ол 1713 жылы Астрахандағы Ресей патшалығының қызметкеріне құпия түрде «Амудария өзенінде алтын құм бар; Хиуалықтар оны Ресейден жасыру үшін өзенді Арал теңізіне бұрып жіберген; Өзеннің ескі арнасын қал-



5-сурет. А.Бекович-Черкасский сызған
Каспий теңізінің картасы

пына келтіріп, нәтижесінде алтынды молынан өндіруге болады» деген ақпарат береді. Қалмақтардың Эркет қаласының маңындағы Дария өзенінде де алтын құм өндіретінінен хабардар І Петр


патша Бұхара мен Хиуаға экспедициямен бірге әскери жасақ жіберуге шешім қабылдайды. 1716 жылы 14 ақпанда Хиуа сапары жайлы нұсқаулық Бековичке тапсырылады: Амудария өзенінің ескі арнасын зерттеп, мүмкін болса өзенді ескі арнасына бұру; Хиуаны Ресейдің қол астына өткізу; Хиуаға қарай жолда, Амудария өзенінің жағалауында бекініс тұрғызу; Бұхар хандығын Ресейдің қол астына өткізу т.б.¹. Александр Бековичке 4000 тұрақты әскер, 2000 казак жасағы және арнайы дайындалған 100 жауынгер (драгун) қосымша беріледі, сонымен бірге экспедиция құрамына бірнеше теңіз офицерлері, 2 инженер және 2 көпес кіреді². 1716 жылы қыркүйекте А.Бекович Астраханнан Каспий теңізіне аттанып, Түк-Қараған мүйісінде, Александровск шығанағында, Қызылсу шатқалында зерттеу жүргізеді және бекініс тұрғызу жұмыстарын ұйымдастырады. Хиуаға екі елші жіберіп (олар қайтып оралмайды), өзі Астраханға қайтады. Жаңадан әскер алып, 1717 жылдың көктемінде Хиуаға құрлықпен бағыт алады, көп ұзамай бүкіл әскерімен қаза болды деген мәлімет тарайды. Бірнеше мың әскерден тұратын қалың қолдың елшілік миссиямен келе жатқанына күмәнданған Хиуа ханы экспедицияны айламен шығынға ұшыратады, бірен-сарандары қашып құтылады. Келесі бір деректер бойынша Хиуа ханы экспедиция мүшелерінің ішіндегі Ресей азаматтарын жойып, шетелдік офицерлерді арнайы босатып жібереді.

Александр Бекович Черкесский басшылық еткен Каспий және Хиуа сапарының арнайы мақсаты сәтсіз болса да, ғылыми нәтижесі үлкен болды. Экспедицияның түпкі мақсаты экономикалық мүддені, яғни Бұхар және Хиуа хандықтары Ресейге толық бағындырып, сол аймақтағы алтын кендерін игеруді көздегенмен, экспедиция құрамындағы зерттеушілер жинақ-

¹ Николаев К.К. Хи́ва. – Ашхабад, 2008. С.61-77; Федчина В. Н. Как создавалась карта Средней Азии. – Москва: Наука, 1967. – С. 48-52.

² Андреев А.А. К вопросу о раннем периоде биографии Александра Бековича Черкасского // Археология и этнология Северного Кавказа. – Нальчик: Издательский отдел КБИГИ, 2013. – Вып. 2. – С. 133; <https://ru.wikipedia.org/wiki>

таған тілдік деректер лингвистикалық түркітану тарихынан өз орнын алды. Осы сапарда болған швед офицері Филип Иоган Страленберг Еуразия құрлығының атласын, Каспий мен Арал өңірінің картасын (6, 7-сурет) неміс тілінде жазылған «Европа




6-сурет. Филип Иоган Страленберг еңбегінде берілген атлас

мен Азияның солтүстік және шығыс бөлігі» («Северная и восточная часть Европы») деген кітабында жариялайды¹. Зерттеушінің бұл еңбегінің лингвистикалық құндылығы 32 фин-угор және түркі тілдерінің дерегін салыстыра отырып кестеге түсіруімен сипатталады.

XVIII ғасырда үлкен ғылыми жаңалықпен оралған экспедициялардың бірі – Д.Г.Мессершмидт бастаған Батыс Сібір мен Маньчжурияға, Монғолияға жасалған сапар (1719-1722 жж.). Экспедиция мүшелері құпия таңбалы жазба ескерткіштер тапқанын жариялайды. Д.Г. Мессершмидт өз күнделігіне құпия таңбалар жайлы «...изображены резные правильные четырех-

¹ Кононов А.Н. История изучения тюркских языков в России. – Ленинград: Наука, 1972. – С. 21

угольники в виде ромбов и ромбоидов» деп жазады. Бұл сапардың табыспен оралуына экспедиция құрамында болған Ф.И.Страленбергтің де еңбегі зор болды. Ол өзінің 1730 жылы шыққан «Еуропаның солтүстік және шығыс бөлігі» (кітап



7-сурет. Каспий және Арал теңіздері маңының картасы

1738 ж. ағылшын тілінде, 1757 жылы француз тілінде, 1780 жылы испан тілінде басылады) деген еңбегінде құпия жазудың кейбір таңбаларының қолдан жазылған көшірме нұсқаларын береді. Д.Г. Мессершмидт пен Ф.И. Табберт Страленберг Енисей өзенінің аңғарынан табылған тастағы құпия жазулардың Скандинавия түбегіненен табылған руникалық жазулармен кейбір тұлғалық ұқсастықтарына қарай *руникалық жазу* (*runo* – гот тілінде 'құпия' деген мағына береді) деп атайды, термин ескерткіштердің түркі мұралары екені анықталғаннан кейін де сақта-

лып, көне түркі руникалық жазбалары деген термин ғылымда орнығып қалды. Ф.И. Страленберг өзі қатысқан экспедициялар барысында жинақталған тілдік материалдың нәтижесінде «түркі және фин-угор тілдерінің генеалогиялық жақындығы» жайлы болжамын ұсынады. Зерттеушінің пайымдаулары Еуропа, Ресей лингвистерінің назарын аударып, әртүрлі пікірлер айтылды. Лингвистикалық түркітану тарихындағы «Орал-Алтай» тіл бірлестігі жайлы теорияның қалыптасуы Ф.И. Страленберг болжамымен тікелей байланысты. Түркілер тарихы мен тіліне деген қызығушылықтан туындаған зерттеушінің көзқарастары мен пайымдаулары түркітану ғылымының өркендеуіне ықпал ететін іргелі теорияларға ұласты. Осы кезеңде Кавказ бен Волга бойына ұйымдастырылған дәрігер Готлиб Шовер бастаған экспедиция (1717-1720 жж.) жұқпалы індеттерге байланысты медициналық зерттеулер жүргізумен қатар жергілікті татар, башқұрт халықтарының тілі, ауыз әдебиеті үлгілері бойынша мол деректер жинап қайтады.

Түркі елдерін зерттеу мәселесін Ресей патшасы үнемі назарында ұстап отырғанын 1722 жылы Петр I Иранға жасаған жорығы кезінде жол-жөнекей көне Бұлғар қаласының орнынан татар, армян тілінде жазылған жазба ескерткіш тауып, мұны орыс тіліне аударуға тікелей бұйрық бергенінен де көруге болады. Сондай-ақ Ресей патшалығының Осман империясының тарихы, ішкі-сыртқы саясаты, экономикасы жайлы мәліметтермен қамтамасыздандырылуы да Ресейдің сыртқы саясатындағы өзекті мәселелер қатарынан орын алғанын осы бағытта жүргізілген іс-шаралар мен зерттеулер айғақтайды. Патша жарлығымен 1716 жылы 18 қаңтарда түрік тілін үйрену үшін Стамбулға төрт адам жіберіледі¹. Дмитрий Кантемирдің «Возвышение и падение дома Османов» (1716 ж.), «Система религии и состояние турецкой империй» (1720 ж.) атты Осман түріктері жайлы жазылған еңбектері түркітану тарихындағы құнды еңбектер қатарынан орын

¹ Кононов А.Н. История изучения тюркских языков в России. Дооктябрьский период. – Ленинград: Наука, 1972. – С. 38.

алады. Ұлты молдован Дмитрий Кантемир бала кезінен бастап жиырма екі жыл Константинополь қаласындағы түрік сұлтанының қолында тұруына байланысты түрік тілін, түрік мәдениетін, тарихын жетік меңгергендіктен І Петр патшаның түркі елдері бойынша кеңесшісі қызметін атқарады. Ресей түркологиясының ғылым саласы ретінде қалыптасуына айтарлықтай ықпал еткен іс-шаралардың бірі – араб шрифтімен басылымдар жариялайтын баспахананың ұйымдастырылуы да (1722 ж.) Д.Кантемирдің бастамасымен жүзеге асады.

Көршілес аумақты мекендеп, ұзақ жылдар тығыз-қарым қатынаста болған халықтар арасында тіларалық байланыстардың болуы, соның нәтижесінде екі жақты тіларалық кірмелілік үдерісінің жүретіні де белгілі. Екі жақты тіларалық байланыс түркі және славян тілдеріне де тән. Кірме элементтердің қалыптасуы да бірнеше тарихи кезеңдерді қамтиды. Жалпы түркі және славян халықтары арасындағы қарым-қатынасты, тілдік байланысты зерттеушілер бес кезеңге бөліп қарайды: I-VIII ғасырлар аралығындағы славяндар тілі мен бұлғар-хазарлар тілдері; IX-XII ғасырлардағы орыс тілі мен печенек, половецтер тілдері; XIII-XV ғасырлардағы Алтын Орданың ресми тілі қыпшақ тілі мен орыс тілі; XVI-XIX ғасырлардағы патшалық Россияның Қазан, Астрахан, Сібір, Қырым, Орта Азия мен Қазақстан, Кавказ халықтарын басып алуына байланысты болған қатынастар; Қазан төңкерісінен кейінгі дәуір¹. «Орыс тілінің сөздік қорына еніп, қалыптасқан 10 мыңнан аса түркізмдердің»² белгілі бір бөлігі түркі және славян халықтары арасындағы ерте кездердегі қарым-қатынастың нәтижесі екені анық. XVII ғасырдың соңы мен XVIII ғасырдың алғашқы жылдарында-ақ славян тілдерінде кездесетін көпшілікке түсініксіз түркізмдерге сипаттама беру мәселесі де ара-тұра сөз бола бастады. Түркі, славян халықтары арасындағы ұзақ мерзімге созылған осындай тарихи-әлеуметтік, саяси-эко-

¹ Баскаков Н. А., Абаев В. И. и др. Развитие и обогащение русского языка за счет заимствований из языков народов СССР // Взаимодействие и взаимообогащение языков народов СССР. – Москва, 1969. – С. 52-53.

² Қайдар Ә. Қазақ тілінің өзекті мәселелері. – Алматы: Ана тілі, 1998. – Б. 59.

номикалық қарым-қатынас нәтижелерінде қалыптасқан лингво-контактологиялық жағдаят түркітанудың лингвистикалық саласының қалыптасуына белгілі дәрежеде әсер етті.

§7. Лингвистикалық түркітанудың дамуы және түркі тілдерінің зерттелуі

XVII ғасырда негізі қалана бастаған түркітанудың лингвистикалық ғылым саласы ретінде шығыстанудан іргесін ажырата бастауы, әрі қарай дамуы біріншіден, XVIII ғасырдың алғашқы жылдарындағы Ресей патшалығының саясатына байланысты болса, екіншіден, Ресей Ғылым Академиясының ашылуына, түркі халықтары жайлы мол деректің жинақталуына, Ресей ғылымын дамыту бағытындағы іс-шараларға сәйкес жинақталған деректерді тіркеу, жүйелеу мәселесіне академиялық сипат беріле бастауына, түркі тілдері бойынша лексикографиялық жұмыстардың жасалуына, Сібір даласынан табылған белгісіз жазулардың құпиясын ашуға деген талпыныстарға қатысты болды. Сондай-ақ діни-миссионерлік қоғам мүшелерінің жоспарлы да сауатты жүргізген іс-шаралары да лингвистикалық түркітанудың дамуына ықпал етті.

1724 жылы 28 қаңтарда патша жарлығымен Санкт-Петербург қаласында Ресей Ғылым академиясының ашылуына байланысты түркі тілдерінің зерттелуі біршама жүйеге түсіп, сөздіктер түзу, карталар жасау, мектептер ашу, тіл білетін мамандар даярлау тәрізді қолданбалы мақсаттағы еңбектер мен іс-шараларға ерекше мән беріледі. Батыс Еуропа үлгісінде құрылған Академия жұмысын жандандыру мақсатында белгілі шығыстанушы мамандардың қызметке тартылуы да түркітану ғылымының дамуына ықпал етті.

1725 жылы Ресей Ғылым Академиясын дамыту үшін Кёнигсберг университетінің профессоры, академик Готлиб Зигфрид Байер (1694-1738 жж.) (неміс әдебиетінде – Теофиль Зигфрид) Петер-

бург университетіне қызметке шақырылады. 1732 жылы Ресей Академиясының жарғысын (уставын) дайындаған ғалым түркітану ғылымының дамуына, түркітанушы мамандар дайындауға елеулі үлес қосты. Көне шығыс нумизматикасындағы жазулар мен таңбаларды зерттеу мәселесіне айрықша мән беретін Г.З. Байер Ресейде жинақталған шығыс нумизматикасының қорын зерттеуге мүмкіндік ала алмайды, академияның ереже-тәртібіне көңілі толмаған ғалым¹ 1737 жылы өз өтінішімен жұмыстан босайды. Көп ұзамай өмірден өткен ғалымның (10.02.1738 ж.) түркітану бойынша бастаған істерінің біразы аяқсыз қалады. А.Н. Кононов «Ресейдің бірінші түркологы» деп атаған² Г.З. Байер шығыс халықтарының тарихы мен мәдениетін, тілін жүйелі түрде зерттеудің қажеттілігін негіздеп, Ресей Академиясын Шығыстану академиясына айналдыру Жобасын әзірлейді. Г.З.Байердің Жобасын М.В.Ломоносов қолдайды. Ғалымның түркологиялық еңбектері негізінен латын, неміс тілдерінде жазылған, орыс тіліне аударылған «О начатке и древних пребывалищах скифов», (1728 ж.), «О местоположении Скифии» (1728), «О стене кавказской» (1728 ж.), «Краткое описание всех случаев, касающихся до Азова от создания сего города до возвращения оно́го под российскую державу» (1738 ж.) атты түркілердің тарихи географиясы жайлы еңбектерінде де топонимдер мен этнонимдерге, антропонимдерге, салт-дәстүрге қатысты тілдік деректер қамтылған.

Шығыстануды дамыту үшін арнайы шақырылған мамандардың бірі – шығыстанушы, түркітанушы Георг Яков Керр (1692-1740 жж.) Сыртқы Істер коллегиясының өкілі қызметін атқарады және Сыртқы Істер коллегиясы жанындағы мектепте араб, парсы, түрік

¹ Очерки истории исторической науки в СССР. Т. 1. – Москва, 1955. – С.76; Фролов Э.Д. Русская наука об античности. Историографические очерки. Изд. 2-е. – Санкт-Петербург, 2006. – С.64 – 78; Babinger F. Gottlieb Siegfried Bayer (1694-1738). – Munchen, 1915. – S.52-61.

² Кононов А.Н. История изучения тюркских языков в России. Дооктябрьский период. – Ленинград: Наука, 1972. – С.43; Готлиб Зигфрид Байер – академик Петербургской Академии наук. Сб. статей. – Санкт-Петербург, 1996. – С.31-48.

тілдерінен сабақ береді. 1733 жылы Г.Я. Керр өзінің «Ресей империясы Шығыс тілдері Академиясы немесе ғылым қоғамы» (Академия или общества наук и восточных языков Российской Империи) атты іргелі Жобасын ұсынады. Жоба бес бөлімнен тұрады: 1. Ресей үшін шығыс тілдерін зерттеу және үйрену қажеттілігінің себептері; 2. Аудармашылардың квалификациялық деңгейі; 3. Оқу құралдары: а) бар оқу құралдарының сапасы қанағаттанарлықсыз; б) қажетті оқу құралдары; в) басқа елдерден күтілетін оқулықтар; 4. Академияның пайдасы; 5. Мекемені құрудың мүмкіндігі және қаржы мәселесі¹. Ресейдің Түркиямен, Қырыммен басқа да шығыс елдерімен тұрақты қарым-қатынасты қамтамасыз ету үшін шығыс тілдері бойынша жетік білімнің қажеттілігі дәйектеліп, Жоба бекітілгенімен жүзеге асырылмады. Араға жетпіс жылдай уақыт салып ұсынылған С.С.Уваровтың Ресейде Азия Академиясын құру жайлы Жобасы да іске аспады (1810 ж.).

1725 жылы Петр I патша өмірден өтіп, оның әйелі Екатерина I (1725 ж.), ұлы Петр II (1727 ж.), немересі Петр III (1761 ж.) таққа отырған кезеңдер де Ресейдегі түркі тілдерінің зерттелуі қалыпты арнамен жүргізіле берді. 1762 жылы Екатерина II-нің (неміс ханшайымы Софья Фредерика Августа Анхальт-Цербстская) таққа келуі Ресей тарихына біраз өзгерістер әкелгені белгілі. Шаруалар мен қарапайым халықтың мүддесін ескермей дворяндардың сословиелік артықшылық құқықтары жайлы ережені бекітумен танылған императрицаның Ресейдің мемлекеттігін нығайтып, шекарасын кеңейту мақсатында жаңа жорықтар ұйымдастыруымен, басқа да мемлекеттік-саяси істермен шұғылдануымен қатар лингвистика ғылымына деген ерекше қызығушылығы болғаны жайлы деректер бар. II Екатерина патшайым «Барлық тілдер мен наречиелердің салыстырмалы сөздігін» (Сравнительный словарь всех языков и наречий) түзу

¹ Иванов И.В. Синология в России// Актуальные проблемы востоковедения. – Ашхабад, 2004. – С.58-66; Очерки истории исторической науки в СССР.Т. 1, – Москва, 1955. – С. 191.

идеясын жүзеге асыру үшін неміс жаратылыстанушысы, академик Петр Симон Палласты (1741-1811 жж.) шақыртады. П.С. Паллас сөздік жұмысымен үш жылдай айналысып, материал жинау үшін Сібір өңіріне экспедицияға шығады. Сондай-ақ өзінің әріптесі, жаратылыстанушы ғалым, медицина ғылымдарының докторы, академик Иоанн-Антон Гюльденштедтің (1745-1781 жж.) Оңтүстік Ресей және Кавказ өңірінен жинаған тілдік деректері және сол кезге дейінгі жинақталған басқа материалдар да қолданылады. Сөздік екі бөлімнен тұрады, бірінші бөлімге Екатерина II патшайымның өзі жинаған тілдік деректер де енгізіледі: «Предполагалось выпустить два «отделения». В первом «отделении» словаря собраны «Европейские» и «Азиатские» языки, а также языки островов Тихого Океана, из коих почти половина собрана Ея Императорское Величество» (Паллас 1787: предисловие)¹. Бірінші сөздік 1787 жылы Шнор баспаханасында басылады. Сөздіктің екінші бөлімі Африка және Америка тілдеріне арналады, 1790-1791 жылдары бірінші бөлімнің екінші басылымымен бірге жарияланады.

П.С. Палластың редакторлығымен жарияланған «Барлық тілдер мен наречиелердің салыстырмалы сөздігінде» 51 еуропалық, 149 азиялық тілдердің материалдары қамтылады. Сөздік салғастырмалы-типологиялық зерттеулердің бастамалары қатарында болды, еңбекте орыс тілінен алынған 285 сөз екі жүз тілге аударылып беріледі, ішінде түркі тілдеріндегі баламалары да бар. Сөздікке түрік, Қазан татарлары, азербайжан, башқұрт, ноғай, Тобыл татарлары, Шұлым татарлары, телеут, Енисей түркілері, Бұхар, Хиуа, қырғыз, қазақ, түрікмен, якут, чуваш халықтары тілдерінен материалдар енгізілген. II Екатерина патшайымның ұсынысымен дайындалған келесі бір еңбек – Нижегород губерниясында тұратын жергілікті орыс, татар, чуваш, мордва, удмурт, мари халықтары тілдерінің сөздігі, құрастырған Дамаскин

¹ Рутенко Ю. С. Тагальский язык в «Сравнительном словаре всех языков и наречий» П.С.Палласа//Электронная библиотечка Музея антропологии и этнографии им. Петра Великого (Кунсткамера) РАН. http://www.kunstkamera.ru/lib/rubrikator/08/08_02/978-5-88431-211-1/ © МАЭ РАН

«Епископ Дамаскиннің сөздігі» (Санкт-Петербург университеті қолжазбалар қорында тіркелген).

Жалпы алғанда, XVIII ғасыр түркологиясында лексикографиялық бағыт басымдық алғанын байқауға болады. XVIII ғасырдың екінші жартысындағы Ресей мен түркі халықтары арасындағы тарихи-саяси жағдаятқа байланысты түркіше-орысша, орысша-түркіше (қазақ, түрік, татар, өзбек, әзірбайжан, хакас, якут т.б тілдері бойынша) сөздіктердің дайындалуы жиілей түсті. Мәселен, 1773-1776 жылдары дайындалған Антон Данилович Скалон (1720-1777 жж.) мен И.Г. Андреевтің «Орысша-қазақша сөздігін» атауға болады. 1765-1777 жылдары Батыс Сібірде әскери қызмет атқарып, 1773-1776 жылдар аралығында Сібір әскерінің командирі болған А.Д. Скалон Өскемен бекінісінде қайтыс болады. XVIII ғасырдың екінші жартысында дайындалған алғашқы түркі сөздіктері қатарында 1770-1774 жылдары дәрігер, жаратылыстанушы-ботаник Иоган Петер Фальк құрастырған (1727-31.04.1774 жж.) «Немісше-татарша-қазақша-бұқарша-қалмақша глоссарий» де бар. Санкт-Петербург ғылым академиясы жанындағы ботаникалық баудың директоры қызметіне Швециядан арнайы шақыртылған И.П. Фальк Еділ бойы мен Сібірге, Орта Азияға медициналық және ботаникалық бағыттағы экспедицияларға қатысып, жергілікті халықтардың тілі бойынша да деректер жинайды. Сөздік сол деректердің негізінде жасалған.

Түркі тілдері бойынша көптеген мәліметтер жинап, зерттеу жүргізген орыс ғалымы В.Н. Татищев (1686-1750 жж.) татар тілін жетік білетіндіктен татар тілінен мол деректер жинайды, Самарада татарша-қалмақша-орысша мектеп ашылуына ұйтқы болады. Осы мектепте жұмыс істейтін П.И.Рычков, М.Абдурахманов сынды т.б. оқытушылардың қатысуымен «Орысша-татарша-қалмақша сөздік» (Российско-татарско-калмыцкий словарь) деп аталатын сөздіктің қолжазбасы дайындалады. В.Н.Татищевтің Сібір жерін аралау барысында Орынборда да болып, материал жинағаны жайлы деректер бар. Ғалымның түркі тілдері бойынша жазылған құнды еңбегі – «Ресейдің тарихи, географиялық, са-

яси және азаматтық лексиконы» (Лексикон Российский, исторический, географический, политический и гражданский) деп аталады. Осы кезеңде жазылған түркітаным тарихындағы құнды еңбектер қатарына П.И. Рычковтың «Орынбор жерінің тарихы», «Орынбор топографиясы», «Қазан тарихының нәтижесі» атты еңбектері жатады.

Түркітану тарихында аты қалған ғалымдардың бірі – Г.Ф.Миллер (1705-1783 жж.) өзінің «Сібір хандықтары мен олар басынан өткізген барлық оқиғалардың сипаттамасы» (Описание Сибирского царства и всех происшедших в нем дел) деген көлемді еңбегімен белгілі (1750 ж.) Еңбектің қысқаша нұсқасы «Сібір тарихы» деген атпен 1774 жылы жарияланады. Бұл еңбек ғалымның 1733-1743 жылдар аралығында Сібір, Камчатка өңірлеріне жүргізген экспедициялары кезінде жинақталған материалдардың негізінде жазылған. Еңбекте татар, чуваш тілдеріндегі жер-су атаулары, адам есімдері тәрізді ономастикалық атаулар мол қамтылған. Г.Ф. Миллердің түркі тілдері деректері енгізілген салыстырмалы сөздігінің қолжазбасы сақталған¹.

XVIII ғасырдағы түркологиялық зерттеулер қатарынан биология профессоры, медицина докторы, академик Самуил Готлиб Георг Гмелиннің (23.06.1744 – 27.07.1774 жж.) Волга татарлары тіліндегі фитонимдер мен зоонимдер пайдаланылған «Путешествие по России для исследования трех царств естества» атты еңбегі, «Орыс-түрік-парсы-гилян сөздігі» (Русско-турецко-персидско-гилянский глоссарий) деген сөздігі үлкен орын алады. Сөздікте негізінен азербайжан тілінің деректері берілген.

XVIII ғасырда К.А.Кондратович, Ф.Холодищев, М.Котельников, Г.-Л.-Хр.Бакмейстер т.б. зерттеушілердің құрастыруымен көптеген түркі тілдерінің екі тілді, көп тілді сөздіктері мен тілашарлары дайындалады. Бұл сөздіктердің біразының қолжазба-

¹ Кононов А. Н. История изучения тюркских языков в России. Дооктябрьский период. – Ленинград: Наука, 1972; Лунин Б.В.Средняя Азия в дореволюционном и советском востоковедении. – Ташкент, 1965.

лары Ресей Ғылыми Академиясының, Санкт-Петербургтегі Шығыстану институтының қолжазбалар қорында, Тарту университетінің кітапханасында, Қазан университетінің ғылыми кітапханасында, қолжазбалар қорында сақталған¹.

XVIII ғасырдағы түркітанудың жетістігі ретінде түркітану орталықтарының қалыптаса бастауын, мектептер мен гимназияларда түркі тілдерінің оқытылуын айтуға болады. 1755 жылы Москва университеті ашылғанда, оның жанынан дворяндардың балаларына арналған және жалпы халықтың балалары оқитын екі гимназия қатар ашылып, гимназияларда татар тілі арнайы пән ретінде жүргізіледі. Түркі халықтары шоғырланған Ресей губернияларында да түркі тілдері оқытыла бастайды. Соның бірі – 1764 жылы Астраханда ашылған қатардағы әскерилердің балаларына арналған мектеп. Бұл мектепте шығыс тілдерінен араб, армян, қалмақ тілдерімен қатар татар тілі де оқытылады. Татар тілі оқытылған оқу орындарының қатарына Тобыл діни семинариясы да жатады. 1789 жылы Омбы мектебі мен Тобыл халық училищесінің оқу бағдарламасына татар тілі енгізіледі. Татар тілі 1758 жылы ашылған I-Қазан гимназиясында да оқытылады. Ресей патшасының жарлығымен бекітілген «Шығыс тілдерін I-Қазан гимназиясында оқыту туралы» бұйрықтың жобасы М.А.Казембектің ұсынысы бойынша даярланады². Гимназияда татар тілін оқытудың бағдарламасын да М.А.Казембек дайындайды, практикалық және грамматикалық бөлімнен тұратын оқу пәні 4-сыныптан бастап жүргізіледі. Осы гимназияның оқытушысы Сагит Хасанұлы Хальфиннің қатысуымен 1785 жылы екі томнан тұратын «Қазан гимназиясында оқушыларға арналған татар сөздігі» деген көлемді еңбек дайындалады³.

¹ Лунин Б. В. Средняя Азия в дореволюционном и советском востоковедении. – Ташкент, 1965. – С. 73.

² Казанская лингвистическая школа. Книга первая. – Казань: Татарское книжное издательство, 2008. – С. 14.

³ Казанская лингвистическая школа. Книга первая. – Казань: Татарское книжное издательство, 2008. – С. 15.

XVIII ғасырдағы түркітанудың өзекті мәселелерінің бірі әлі оқылмаған Талас, Енисей бойындағы құпия жазулардың сырын ашу, жазу таңбаларының шығу тегі жайлы зерттеулер жүргізу болды. Құпия жазулы руникалық ескерткіштер табылған аймаққа экспедициялар жасалып, зерттеулер жүргізеді, ескерткіштерде қолданылған жазу таңбаларын кельт жазуымен байланыстыратын гипотезалық пікірлер ұсынылады.

XVIII ғасыр түркологиясы руникалық көне түркі жазба ескерткіштері жайлы мәліметтердің көбейе түсуімен, қолданбалы мақсаттағы лексикографиялық еңбектердің көптеп дайындалуымен, түркілердің сол кездегі сөйлеу тілінің ерекшеліктерін көрсететін мол анкеталық қордың жинақталуымен, түркілер қолданатын араб шрифтімен алғашқы баспахананың ашылуымен, метептер мен гимназияларда түркі тілдерінің оқытыла бастауымен сипатталады.

XIX ғасырдағы түркологиялық зерттеулер негізінен Ресей Ғылым Академиясы тарапынан жүргізілді. XIX ғасыр түркі тіл білімі тарихындағы маңызды жобалардың бірі – 1810 жылы шығыстанушы-дипломат, Халық ағарту министрі (1833 ж.). Сергей Семенович Уваров (25.08.1786 – 4.09.1855 жж.) ұсынған, шығыс өркениеті мен мәдениеті және шығыс тілдеріне арналған екі бөлімнен тұратын «Азия Академиясының Жобасы»¹ болды. Сол кезеңде бұл жобаны іске асыру мүмкін болмағанмен жоба идеялары түркологиялық зерттеулердің әрі қарай дамуының бағыт-бағдарын нақтылап берді. С.С.Уваров академияның президенті қызметін атқарып жүрген кезінде академия кунсткамерасы (сирек кездесетін заттар мен қолжазбалар сақталатын мұражай) жанынан Азия мұражайын (1818 жылы 11 қараша) ашады. Түркі (жалпы шығыс) мәдениеті мен тілін зерттейтін тұңғыш ресми

¹ Акулышин П. В. Проект создания Азиатской Академии С. С. Уварова и его место в обществ. движении России в 1810-1869 гг. // Проблемы новой и новейшей истории Востока. – Москва: Рязань, 1993; Акулышин П. В., Гражданский С. С. Уваров и его роль в жизни рос. общества // Педагогика. – 1993. – № 4; Хартанович М. Ф. Николай I и гр. С. С. Уваров – реформаторы. Вестник РАН. Т. 65. – 1995. – № 12.

мекеме¹ – Азия мұражайының ашылуы түркітану ғылымының академиялық сипат алуына, зерттеу материалдарының жүйеленуіне септігін тигізді. Түркілер тарихы мен мәдениетіне, тілі мен әдебиетіне қатысты көптеген құнды жәдігерлердің сақталуының өзі түркітану тарихы үшін аса маңызды.

Осы кезеңдегі түркітану ғылымының қол жеткізген нәтижесі ретінде Азия, Сібір халықтары туралы зерттеу мақалаларды, хабарламаларды, жазба ескерткіштерге берілген сипаттамалар мен түсініктемелерді жариялайтын тұңғыш журналдардың шығарылуын айтуға болады. Империялық Ресей Географиялық Қоғамының толық мүшесі, академик Г.И.Спасскийдің (1783-1864 жж.) ұйымдастыруымен 1818-1824 жылдары «Сибирский вестник», 1825-1827 жылдары «Азиатский вестник» журналдары жарыққа шығып тұрды. «Сибирский вестник» журналында Г.И.Спасскийдің өзінің «Тигриц бектеріне саяхат» I бөлім (Путешествие и Тигрицкие беки), «1809 жылғы Оңтүстік Алтай тауларына саяхат» III-IV, VIII бөлімдері (Путешествие по южным Алтайским горам в 1809 г. и «Примечания» к этим путешествиям) еңбектерін; Строгановская мен Савва Есиповтың жылнамасы, Черепанов жылнамасынан үзінділер; казак Петлиннің 1620 жылы, бояр Байковтың 1665-1668 жылдары Қытайға жасалған саяхаты жазбаларынан үзінділер; «1808-1809 жж. Генденштром саяхаты» XVI-XIX бөлімдері (Путешествия Геденштрома в 1808-1809 гг.), «Пшеницин мен Санниковтың Мұзды мұхиты аралдарына саяхаты жазбаларын» XX бөлім (Путешествие геодезиста Пшеницина и промышленника Санникова по островам Ледовитого моря); «Байкал жазбаларын» XIII

¹Хотенков В., Чернета В. Граф С. С. Уваров — министр-просветитель // Высшее образование в России. – 1996. – № 1, 2; Драгомир В. В. К вопросу о полемике по проблеме роли С. С. Уварова в истории России: системный компаративный анализ. – Москва, 1998; Петров Ф. А. Исторические взгляды С. С. Уварова // Ист. музей – энцикл. отеч. истории и культуры. Труды Гос. Истор. музея. Вып. 106. – Москва, 1998; Петров Ф. А. Российские университеты в 1-й пол. XIX в. Формирование системы университетского образования. Кн. 2. Ч. 3. – Москва, 1999; Кн. 3. – Москва, 2000; Виттекер Ц.Х., Гражданин С. С. Уваров и его время. – Санкт-Петербург, 1999.

бөлім (Описание Байкала) жариялайды. Журналда түркілер тарихы мен тілі үшін аса маңызды «Енисей өзенінің жоғары ағысындағы көшпелі халықтар» (Народы, кочующие в верху реки Енисея. ч. I, II и III); Капитан Андреевтің «Үлкен, орта және кіші орданың қазақтары» IX-X бөлім (Киргиз-кайсаки большой, средней и малой орды) П.К.Фролов пен Г.И. Спасскийдің толықтыруымен; «Забайкалье тұнғұстары» XVIII-XX бөлім (Забайкальские тунгузы); «Кейбір Сібір халықтары тарихынан очерктер» (Очерки из истории некоторых сибирских инородцев); А.В.Игуменовтың «Монғол жазбалары» V-VI бөлімдері (Описание Монголии); «Сібірден Бұхара қаласына дейінгі 1794 жылғы саяхат» (Путешествие от Сибирской линии до города Бухары в 1794 г.); Бурнашевтің жазбаларының II-III бөлімдері, «1800 жылғы Сібірден Ташкентке дейінгі және Ташкенттен Сібірге дейінгі саяхат» VI бөлімі (Путешествие от Сибирской линии до Ташкента и обратно в 1800 г.); «1816 жылғы бұрынғы Қырғыз даласы экспедициясы жазбаларынан» IX-XI бөлімдері (Извлечения из описания экспедиции, бывшей в Киргизскую степь в 1816 г.); «Көне Сібір жазбалары мен сызбалары» I бөлім (О древних сибирских начертаниях и надписях); «Сібірдің көне қорғандары» II бөлімі (О сибирских древних курганах); «Солтүстік және шығыс Сібірдегі көне ескерткіштер» IV бөлім (Памятники древности в Сибири, Северной и Восточной) т.б. еңбектердің жариялануы журналдың түркітану ғылымын дамытудағы үлесін айқын сипаттайды.

«Азиатский Вестник» журналы ежелгі шығыс мәдениеті мен тілі, тарихы жайлы таңдамалы ғылыми еңбектер мен аудармалар жариялау бағытынды ашылды. Г.И.Спасскийдің ғылыми және қоғамдық-әкімшілік жүктемесінің тығыздығына байланысты журналдың алты бөлімі (нөмірі) шыққаннан кейін 1827 жылы жұмысын тоқтатады¹. Г.И.Спасскийдің түркітануды дамытудағы құнды еңбектері: «Үлкен Сызба кітабы», 1846 ж. (Кни-

¹ Лунин Б. В. Средняя Азия в дореволюционном и советском востоковедении. –Ташкент, 1965; Рубинштейн Н. А. Русская историография. – Москва, 1941. – С. 91; Тихомиров М. Н. Русская историография XVIII в. // Вопросы истории. 1948. – № 2; Яцунский В. К. Историческая география. – Москва, 1955.

га Большому Чертежу); «Археологиялық-нумизматикалық жинақ», 1850 ж. (Археологическо-Нумизматический Сборник); «Төлеуіттер мен ақ қалмақтар» (Телеуты и белые калмыки); «Алтай қалмақтарына 1806 жылғы саяғат» (Путешествие к алтайским калмыкам в 1806 г.) «Ежелгі Сібір» (Древности Сибири); «Тау сөздігі» 1841-1843 жж. (Горный словарь) т.б.

Бұл кезеңде түркі халықтарының көне дәуірлердегі, орта ғасырдағы жазба мұраларын зерттеуге ерекше ден қойылды. Мәселен, Г.Ю.Клапрот (1801-1809 жж.) «Бабыр-наме», «Кодекс Куманикус» жайында зерттеулер жүргізсе, Х.Д.Френ Әбілғазының шығармаларын алғаш жариялайды. В.В.Радлов Орхон-Енисей ескерткіштерінің, ұйғыр, манихей, араб жазулы түркі мұраларын оқу, аудару, тілін зерттеу мәселелерімен айналысып, Л.Э.Лазарев Махмуд Физулидің «Ләйлі-Мәжнүн» поэмасының тілін зерттейді. Г.С.Саблуков Әбілғазының «Шаджра-и-түрк» еңбегін және «Құранды» орыс тіліне аударумен шұғылданады.

Түркі тілдерінің сол кездегі тілдік деректері негізінде де көптеген еңбектер жазылып, зерттеулер жүргізілді, алғашқы грамматикалар, жүйелі-ғылыми сөздіктер жариялана бастады: В.В.Вельяминов-Зерновтың (1830-1904 жж.) «Қасым хан мен ханзадалар туралы зерттеу» (Исследование о Касимовских царях и царевичах. 1863-1887жж.); «Шағатайша-түрікше сөздік» (Словарь джагатайско-турецкий. 1868-1869 жж.); И.Хальфиннің «Татар тілінен конспекті», (Конспект татарского языка. 1826 ж.), «Татар тілінің әліппесі мен грамматикасы арабша оқу ережесімен» (Азбука и грамматика татарского языка с правилами арабского чтения. 1809 ж.); М.А.Казем-Бектің «Түрік-татар тілдерінің грамматикасы» (Грамматика турецко-татарского языка. 1839 ж.), «Түрік-татар тілдерінің ортақ грамматикасы» (Общая грамматика турецко-татарского языка. 1846 ж.); И.Н.Березиннің «Шығысқа саяхат» (Путешествие по востоку. 1849-1852 жж., II том), «Түрік хрестоматиясы» (Турецкая хрестоматия. 1807, 1861, 1879, III том), «Жылнамалар жинағы» (Сборник летописей. 1858 ж.), Н.Бичуринмен бірге жазған «Татар грамматикасы» (Татарская грамма-

тика. 1857 ж.); Ф.И.Эрдманның «Орыс тіліне шығыс тілдерінен енген кейбір сөздердің түсініктемесі», (Изъяснение некоторых слов, пришедших из восточных языков в Российской. 1828 ж.), «Ежелгі орыс қоғамы тарихы туралы жылнамалар мен еңбектер» (Труды и летописи общества истории и древностей российских. 1870); А.О. Мухлинскийдің «Бастапқы аудармаға арналған түрік мақалалары, грамматикалық талдауымен» (Выбор турецких статей для начального перевода с грамматическим разбором. 1858); Л.З.Будаговтың (1812-1878 жж.) «Түрікше-татарша әліппе» (Турецко-татарский букварь. 1844 ж.), «Түрік-татар, әзірбайжан тілдерінің практикалық құралы» (Практическое русководство турецко-татарского, азербайджанского наречия. 1857), «Түрік-татар тілдерінің салыстырмалы сөздігі» (Сравнительный словарь турецко-татарских наречий. 1869, 1871, II том); Х.Фаизхановтың «Татар тілінің оқу грамматикасы» (Краткая учебная грамматика татарского языка) т.б.

XIX ғасырда өнімді еңбек еткен, түркітану тарихында ерекше орын алатын ғалымдардың бірі – В.В.Радлов (1837-1918 жж.). Түркітану ғылымын «жаңа сатыға көтерген»¹ В.В.Радловтың «Түркі тілдері сөздігінің тәжірибесі» (Опыт словаря тюркских наречий. 1893-1911 жж.) атты салыстырмалы-тарихи негізде жазылған сөздігі алтай, қазақ, қырғыз, хакас, ұйғыр тілдерінің материалдарын қамтиды. Ғалымның «Түркі тайпалары халық әдебиеті үлгілері» (Образцы народной литературы тюркских племен. 7 том) деген көлемді еңбегінің 3-томында қазақ халқының ауыз әдебиеті үлгілері (мақал-мәтелдер, дастандар, аңыз, ертегілер т.б.) берілген. В.В.Радловтың VI-IX ғасыр түркі жазбаларын оқу, аудару, тілін зерттеу мәселелері бойынша, «Қудатғу білік», «Алтын яруқ» т.б. орта ғасыр ескерткіштерінің тілі жөнінде айтқан пікірлері, басқа да зерттеу нәтижелері түркітанудың даму тарихында айрықша маңызды.

¹ Кононов А. Н. В.В.Радлов и отечественная тюркология // Тюркологический сборник. – Москва, 1972. – С. 13; Хусаинов К. Ш. В.В.Радлов и казахский язык. – Алма-Ата: Наука, 1981; История отечественного востоковедения с середины XIX века до 1917 года. – Москва, 1997. – С. 74.

XIX ғасырдағы түркітану ғылымының үлкен жетістігі түркі тілдерінің мектептер мен гимназияларда ғана емес жоғары оқу орындарында да оқытыла бастауымен байланысты болды. Москва, Қазан, Харьков, Санкт-Петербург, Дерельтский-Юриевский (Тарту), Виленский (Вильнюс) университеттерінде, Лазерев шығыс тілдері институтында шығыс тілдері оқытыла бастайды. Университеттер мен институттарда түркі тілдерін оқыту оқытылатын пәндер бойынша оқу құралдарын дайындауды қажет етті, бұл түркі тілдерін зерттеудің жүйеленуіне, академиялық сипат алуына жол ашты. Сондай-ақ жоғары оқу орынында түркі тілдерінің оқытылуы арнайы дайындалған кәсіби мамандарды қалыптастырды. Бұл түркі тілдерін ғылыми тұрғыдан зерттеудің мүмкіндігін кеңейте түсті.

Басқа шығыс тілдерімен қатар түркі тілдерін жүйелі түрде оқыта бастаған жоғары оқу орындарының бірі – *Қазан университеті* (1804 жылы ашылған). Қазан университетінде шығыс тілдерін оқыту үшін Христиан Мартин Френ 1807 жылы Германиядан арнайы шақырылып, 1817 жылға дейін араб, парсы, түркі тілдерінен дәріс оқиды, сонымен қатар 1815 жылы университеттің тарих-филология факультетінің деканы қызметіне тағайындалады¹. Х.М. Френ араб тілінің маманы болса да, жергілікті түркі халықтарының, әсіресе Еділ бойы татарларының тарихы мен тұрмысын, тілін зерттеуге үлкен үлес қосты. Өлкенің көне тарихи мұраларына, нумизматикалық материалдарға айрықша мән берген ғалым Алтын Орданың, Көне Бұлғар хандығының тарихын жазып, көптеген қыпшақ хандары жайлы мәліметтер жинады². Х.М.Френнің Қазан оқу округының попечителі С.Я. Румовский 1806 жылы ұсынған «шығыс тілдерінің училищесін ұйымдастыру» идеясын жалғастырып, Қазан қаласында шығыс тілдерін оқытатын орталық училище ашудың жобасын жасауынан да оны түркі халықтарының, жалпы шығыстың

¹ История отечественного востоковедения с середины XIX века до 1917 года. – Москва, 1997. – С. 62.

² Казанская лингвистическая школа. Книга первая. – Казань: Татарское книжное издательство, 2008. – С. 34.

бай тарихы ерекше қызықтырғаны аңғарылады. Ресей патшалығының саяси мүддесіне сай келмегендіктен, өкінішке орай, зерттеушінің ойы жүзеге асырылмады. Түркология тарихына қатысты әдебиеттерде Х.М.Френнің нәтижелі еңбек етуіне, татар тілін меңгеруіне, татарлардың ежелгі тарихы мен тұрмыс-салтына байланысты мол дерек жинақтауына оның Бірінші Қазан гимназиясының мұғалімі Ибрагим Хальфинмен тығыз шығармашылық байланыста болуының үлкен көмегі тигені көрсетіледі. Сагит Хальфиннің ұлы Ибрагим Хальфин де осы университетте де татар тілінен сабақ береді. Х.М.Френ мен И.Хальфиннің шығармашылық бірлестігі нәтижесінде Хиуа ханы Әбілғазы Бахадүр ханның (1605-1663 жж.) «Түркі шежіресінің» қолжазба нұсқасы дайындалып, бұл еңбек 1825 жылы университет баспаханасынан шағатай тілінде басылып шығады. Сондай-ақ 1810 жылы авторлық бірлестікте татар сыныптарына арналған оқу құралы құрастырылады, бұл еңбек қаржы мәселесіне байланысты қолжазба күйінде қалады¹. Х.М.Френ арнайы шақыртумен 1917 жылы Ресей Ғылым Академиясына қызметке ауысып, шығармашылығын Санкт-Петербургте жалғастырады.

Қазан түркологиялық мектебінің қалыптасуындағы И.Хальфин мен Х.М.Френнің еңбегі жайлы Г.Ф.Шамов: «Хальфин тұңғыш татар ағартушысы болды. Френ мен Хальфин Қазан университетінде шығыстануды дамытудың негізін салды»² деп жазады. И.Хальфиннің татар тіліне байланысты «Қазан гимназиясында оқытылатын татар тілінің әліпбиі мен грамматикасы арабша оқу ережесімен» (Азбука и грамматика татарского языка с правилами арабского чтения, преподаваемая в Казанской гимназии) атты еңбегі 1809 жылы жарияланады. Бұл еңбек татар тілінің дыбыстық жүйесіндегі, морфологиялық құрылымындағы ерекшеліктер біршама айқын көрсетілген алғашқы грамматикалар қатарына жатады. Еңбекте татар тілінің әрбір дыбысы

¹ История отечественного востоковедения с середины XIX века до 1917 года. – Москва, 1997. – С. 61.

² Шамов Г.В. Роль востоковедов Казанского университета в изучении Монголии и Китая (первая половина XIX в.). – Казань, КГУ, 1956. – С. 6.

орыс тіліндегі сәйкес дыбыстармен салғастырылып беріледі және орыс тілінде жоқ, татар тілінің дыбыстық жүйесіне тән ерекшеліктерді дәл көрсетеді. Мәселен, *ž* дыбысының артикуляциясын *d*, *ž* дыбыстарының жартылай айтылуымен түсіндірсе, орыс тіліндегі бірде-бір дыбыс татар тіліндегі жартылай дауысты *w* дыбысының айтылуына ұқсамайтынын айтады. Грамматикада басқа дыбыстардың да артикуляциялық ерекшеліктері сипатталады: «Иногда И.Хальфин очень тонко описывает артикуляцию некоторых звуков; на странице 22 мы читаем о носовом звуке *ŋ*: «Когда написать букву *n* и *k* вместе одним почерком, тогда они должны быть выговорены в нос, прикладывая середину языка к верхней части гортани и произнося их сквозь носовые скважины»¹. Оқу құралында сөз таптары сараланып, септік, көптік, жіктік жалғаулары, етістіктің түрлері мен категориялары жан-жақты талданады. 1822 жылы университет типографиясынан И.Хальфиннің «Жизнь Джингиз хана и Аксак Тимура с присовокуплением разных отрывков, до истории касающихся, в коих все слова для обучающихся расположены по алфавиту» атты хрестоматиясы жарияланады. Қазан университетінің тәрбиеленушілеріне арналған бұл еңбектің қолжазбасы 1819 жылы дайындалып бітеді. Түркітану тарихындағы құнды еңбектердің бірі – И.Хальфин құрастырған 1600 сөзден тұратын татарша-орысша сөздік. Татар халқы өкілдері ішінен тұңғыш ғылыми атаққа ие болған И.Хальфиннің (1823 жылы 17 қыркүйекте адъюнкт атағын алады) аудармалары да (орыс тілінен татар тіліне) XIX ғасырдағы түркітанудың дамуына үлес қосқан маңызды еңбектер қатарына жатады.

Қазан университетінде 1818-1845 жылдар аралығында профессор Франц Иванович Эрдман (1793-1863 жж.) араб және парсы тілдерінен дәріс оқиды. Осы кезеңде түркі және басқа да шығыс халықтарының тарихы мен тілі жайында зерттеушінің отыздан аса ғылыми еңбегі жарияланады. Ф.И.Эрдманның 1830

¹ Казанская лингвистическая школа. Книга первая. – Казань: Татарское книжное издательство, 2008. – С. 15.

жылдары дайындаған татар тілінің толық сөздігін құрастыру бағдарламасы түркологиялық лингвистиканың дамуына елеулі үлес қосты. 1829 жылы 20 қыркүйекте университеттің ғылыми мәжілісінде Ф.И. Эрдман татар тілінің толық грамматикасы мен толық сөздігін дайындаудың өзектілігі мен маңызын көрсетіп, жазбаша ұсыныс жасайды: «Біз татарлардың арасында жүрсек те татар тілі жайлы толық түсінігіміз жоқ, біз татар тілінің жүйелі құрылған грамматикасын да, сөздігін де көрсете алмаймыз. Сондықтан тілдік материалды бар мүмкіндігінше жинап, татар тілінің барлық диалектілерін, барлық салаларын толық қамтитын толыққанды грамматика мен сөздік түзу қажет»¹ деп жазылған ұсыныс басшылық тарапынан қолдау тауып, ғалым татар тілінің толық сөздігін құрастырудың бағдарламасын дайындап шығады. Бағдарлама түркі лексикографиясының теориялық-методологиялық ұстанымдарын ғылыми тұрғыдан негіздеген алғашқы еңбектер қатарына жатады. Мәселен, бағдарламада сөздік түзудің мынадай нақтылы принциптері көрсетіледі: «1. Жинақталған сөздерді орналастыруда әліпбилік рет сақталуы керек және сөздікті қолдану шетелдіктерге де қолжетімді болу үшін әр сөздің мағынасы орыс, латын тілдерінде берілуі қажет; 2. Әр сөздің жанына татардың төл сөзі, араб немесе орыс сөзі, әлде басқа бір тілден енген сөз екенін көрсететін, мүмкіндігінше қысқартылған шартты белгі жақшаның ішінде берілуі қажет; 3. Әрбір сөздің түрлі мағыналары негізгі мағынадан логикалық тұрғыдан дамитыны көрсетіліп, мүмкіндігіне қарай мысалдармен дәйектелуі қажет...»². Өкінішке орай, бұл бағдарламаны дер кезінде жүзеге асырудың мүмкіндігі болмады.

1828 жылы Қазан университетінде түрік-татар кафедрасының ашылуына ұйтқы болған Мырза Мухамед Али Қасым оғлы Казем-Бек (Александр Касимович) осы кафедраны 1846 жылға дейін басқарады. Бұл кафедра түркі тілдері бойынша акаде-

¹ Казанская лингвистическая школа. Книга первая. – Казань: Татарское книжное издательство, 2008. – С. 18.

² Казанская лингвистическая школа. Книга первая. – Казань: Татарское книжное издательство, 2008. – С. 18.

миялық білім беретін тұңғыш білім орталығы қызметін атқарды. Кафедра меңгерушісі А.Казембектің бірнеше түркі тілдері деректері бойынша дайындаған «Түрік-татар тілдерінің грамматикасы» (Грамматика турецко-татарского языка) атты түркі тілдерінің салыстырмалы грамматикасы ғылыми ортада жоғары бағаланады. 1839 жылы Қазан университетінің типографиясында жарияланған еңбектің екінші басылымы «Түрік-татар тілдерінің ортақ грамматикасы» деген атпен 1846 жылы жарыққа шығады. Бұл еңбектің неміс тіліне аударылып шығуы А.Казембектің ХІХ ғасыр лингвистикасындағы танымал тұлғалар қатарына шығуына ықпал етіп, Лондондағы Британ және Ирландия корольдігі қоғамының, Копенгагендегі Солтүстік Антикварий корольдігі қоғамының мүшелігіне сайланады. Лингвистикалық түркітану тарихындағы маңызды еңбек болып табылатын түркі тілдерінің салыстырмалы грамматикасын дайындау барысында А.Казембек түркі тілдерін салыстырмалы тұрғыдан қарастырған басқа да түркітанушылардың (Г.Жобер, И.Хальфин, А.Троянский т.б.) тәжірибесіне сүйенеді. Үш бөлімнен тұратын грамматиканың бірінші бөлімі әліпби жүйесіне, зат есім, сын есім, сан есім, есімдік категорияларына арналса, екінші бөлімде негізінен етістіктер қамтылады және шылаулар мен көмекші сөздер, үстеулер мен одағайлар сараланады, ал үшінші бөлім сөз тіркестері мен сөйлем құрылымына арналған. Сондай-ақ А.Казембектің түркі тілдерін оқыту әдістемесіне қатысты еңбектері де аса маңызды. Ғалымның 1836 жылы жарияланған «Распределение преподавания арабского, персидского и турецко-татарского языков в первой Казанской гимназии» атты әдістемелік еңбегі түркі тілдерін оқытудың методологиялық негіздемесін жасаудың алғашқы тәжірибесі болып табылады. Азербайжан ұлтынан шыққан кең профильді шығыстанушы М.А.Казембек 1849 жылы Санкт-Петербург университетіне парсы тілі кафедрасының меңгерушілігіне шақырылып, кейіннен осы кафедраның негізінде ашылған Шығыстану факультетінің деканы қызметін атқарады.

Қазан университетінде орыс тіліне шығыс тілдерінен (түркі тілдері деректері де бар) енген кірме сөздердің бастапқы тұлғасы мен мағынасын анықтауға, оларға түсініктеме беруге арналған «Орыс тіліне шығыс тілдеріне енген кейбір сөздердің түсініктемесі» (Изъяснение некоторых слов, пришедших из восточных языков в Российской. 1828 ж.) деп аталатын еңбектің авторы, шығыстанушы-арабист Ф.И. Эрдман (1793-1863 жж.); алғашқы татар тілі оқулықтарының бірі – «Татар тілін оқытуға практикалық басшылық» (Практическое руководство к изучению татарского языка» деген оқу құралының авторы Мухамед-Гали Махмудов (1824-1891 жж.); Әбілғазының «Шаджра-и түрк» еңбегінен, Құраннан орыс тіліне үзінділер аударған, араб, татар тілдерін жетік меңгерген Г.С.Саблуков (1804-1890 жж.) сынды ғалымдар да қызмет етеді.

Қазан түркологиялық мектебінің негізін қалаушылар қатарындағы белгілі түркітанушы Илья Николаевич Березин (1818-1896 жж.) Қазан университетінің түлегі, профессор М.А.Казембектің шәкірті. Ұстазының ықпалымен зерттеу жұмыстарына ерте араласқан И.Н. Березиннің алғашқы түркологиялық еңбектерінің бірі француз лингвисті Г.Жобердің түрік грамматикасының (*Elements de la Grammaire turque*) орыс тіліндегі аудармасы. Бұл аударма жөнінде профессор М.А.Казембек: «Илья Николаевич Березин представил мне сделанный им в часы досуга русский перевод турецкой грамматики Г.Жобера... Не говоря уже о достоинстве грамматики Г.Жобера, одна похвальное предприятие молодого человека обратило все мое внимание на труд его, выполненный с усердием и тщательностью. Желая поощрить занятия молодого ориенталиста, я решился соединить его труд с моим и тем составить грамматику турецко-татарского языка»¹, – деп жазады. Зерттеушінің келесі бір еңбегі 1846 жылы

¹ Мазитова Н.А. Изучение Ближнего и Среднего Востока в Казанском университете (первая половина XIX в.). – Казань, 1972. – С.91; Казанская лингвистическая школа. Книга первая. – Казань: Татарское книжное издательство, 2008. – С. 21.

Санкт-Петербургте жарияланған «Түркі грамматикасына толықтыру» (Дополнение к тюркской грамматике).

Ғалым 1842-1845 жылдар аралығында Мысыр, Иран елдерін, Месопатамия мен Константинополь өлкесін, Қырым өңірін аралап шығыс халықтары жайлы мол ақпарат, тілдік деректер жинап қайтады. Жинақталған материал оның «Шығысқа саяхат» (Путешествие по Востоку. – Казань, 1849-1852), «Хан жарлықтары» (Ханские ярлыки. – Казань, 1950-1952) атты түркітану ғылымындағы тарихшылар үшін де, лингвистер үшін де маңызды еңбектеріне негіз болады. Сондай-ақ, зерттеушінің «Шығыс тарихшыларының кітапханасы» (Библиотека восточных историков) атты үш томдық еңбегі де түркітанудың дамуына үлес қосқан ізденістер қатарынан орын алады. Лингвистикалық түркітану тарихындағы құнды еңбектердің бірі «Түрік тайпаларының халықтық мақалдары» (Народные пословицы турецкого племени) деген 1000 түркі мақалдарынан тұратын хрестоматиялық жинағы. Бұл еңбек «Оқу кітапханасы» (Библиотеки для чтения) сериясымен шығатын көптомдықтың 136, 137 томдарына енгізіліп жарияланады. И.Н.Березин 1846 жылы ұстазы М.А.Казем-Бектің орнына Қазан университетінің түрік(түркі)-татар кафедрасының меңгерушісі қызметіне шақырылады. Ғалымның Н.Бичуринмен бірге жазған «Татарская грамматика» (1857 ж.) еңбегі де лингвистикалық түркітану үшін құнды еңбектер қатарына жатады.

Қазан мектебінің ірі өкілдерінің бірі – Н.И.Ильминский қазақ тілі, алтай тілі, түрік тілі, шағатай тілі деректері бойынша зерттеулер жүргізіп, грамматикалық оқу құралдарын дайындауға, орта ғасыр түркі жазба мұралары – «Бабур-наме», Рабғузидің «Қисса сул-Анбия» шығармаларына түсініктеме жазып жариялауға ат салысады. Орынборда аудармашылық қызметте жүрген Н.И.Ильминский 1861 жылы Қазан университеті түрік-татар кафедрасына қызметке шақырылып, 1872 жылға дейін профессор болып жұмыс істейді. Н.И.Ильминскийдің 1861 жылы жазған

«Қырғыз (қазақ) тілін оқытуға материалдар» (Материалы к изучению киргизского наречия) еңбегі қазақ тілінің тұңғыш грамматикасы болып табылады.

Қазан түркологиялық мектебінің қалыптасуына үлес қосқан зерттеушілердің бірі – татар тілінің мұғалімі, Қазан губерниясы, Мендель болысы, Селенгур ауылында 1824 жылы дүниеге келген Мухамедгалеи Махмудов. М.Махмудов орыс тіліндегі «О предохранения обмерших от погребания» (1851 ж.), «Практическое руководство к изучению татарского языка» (1857 ж.) деген еңбектерді, крестьяндарды азат ету жайлы манифесті (1861 ж.), безгек/холера ауруынан сақтану, емделу шараларына байланысты нұсқаулықты (1866 ж.) татар тіліне; түрік тіліндегі «Мир-Зубан Намэ» (1854 ж.) кітабын татар тіліне аударды. Түркітанушының татар тіл білімінің қалыптасуына, Қазан түркологиялық мектебінің нығаюына қосқан үлесін көрсеткен профессор М.Закиев: «М.Махмудов, вопреки распространенному тогда мнению, доказал пригодность простого разговорного языка народа для написания научных или иных трудов. В этих целях в 1851 г. он перевел объемистую медицинскую книгу с русского на татарский», – дей отырып, зерттеушінің өз сөзін мысалға келтіреді: «Прошу уважаемых читателей, пусть не ругают меня, бедного, за то что я сделал перевод на языке «черни», ибо перевод сделан для того, чтобы поняли все» (Мәхмұдов М.Г., 1851)¹. М.Махмудовтың лингвистикалық түркітану тарихындағы құнды еңбегі – «Практическое руководство к изучению татарского языка» (1857 ж.) атты кітабы. Еңбек араб жазуына негізделген татар әліпбиіне, фонетикалық жүйеге сипаттама беруден басталып, татар тілінің морфологиялық құрылымы мен синтаксистік конструкциясы түсіндіріліп, 3000 сөзді қамтитын сөздікпен аяқталады. Араб әліпбиімен жазылған тілдік деректердің орыс әрпімен транслитерацияланған нұсқалары қатар беріледі.

¹ Закиев М.З. Возникновение Казанской тюркской лингвистической школы с центром в университете //Казанская лингвистическая школа. Книга первая. – Казань: Татарское книжное издательство, 2008. – С. 23.

XIX ғасырдағы Қазан түркологиялық мектебінің өкілдері қатарында А.Вагабов, М.Иванов, С.Кукляшев т.б түркітанушылар да бар. Бірінші Қазан гимназиясын 1835 жылы әскери мамандық бойынша аяқтаған Абдюш Вагабовтың «Орыстар үшін татарша, татарлар үшін орысша үйрену құралы» (Самоучитель для русских по-татарски, для татар по-русски) деген оқу құралы 1850-1911 жылдар аралығында 18 рет басылып шығады. Бұл еңбектің үлкен сұранысқа ие болуымен қатар әдістемелік жағынан да қолайлы болғанын көрсетеді. Орынбордағы Неплюев кадет корпусының татар тілі мұғалімі Мартиньян Иванов дәріс материалдары негізінде татар тілінің грамматикасын дайындап, татар тілінің хрестоматиясы мен сөздігін құрастырады. 1939 жылы дайын болған бұл үштомдық еңбек Қазан университетінің баспаханасынан жарық көреді. Орынбордағы Неплюев кадет корпусының тағы бір түлегі Салих-Джан Кукляшев Қазан университетінің медицина факультетінен өз еркімен филология факультетіне ауысып, 1835-1836 жылдары шығыс тілдері разряды бойынша кандидат атағын алады. С.Кукляшев түркітану тарихындағы үлесі 1859 жылы Қазан университетінің типографиясынан жарық көрген «Татар хрестоматиясы» (Татарская хрестоматия) және «Татар хрестоматиясына сөздік» (Словарь к татарской хрестоматии) деген еңбектерінен көрінеді.

Түркология тарихында өзіндік орны бар тұлғалардың бірі – татар халқының ұлы ағартушысы Каюм Насыри. 1825 жылы Қазан губерниясы, Свияж уезінде дүниеге келген Каюм Насыри Мухамедия медресесін бітіргеннен кейін Қазан діни училищесі мен семинариясында (1855-1871 жж.) татар тілінен сабақ береді. Орыс-татар бастауыш мектебінің ашылуы да К.Насыридің есімімен байланысты. Тарих, этнография, филология және басқа ғылым салалары бойынша бірнеше ғылыми еңбектер жариялаған К.Насыри 1885 жылы Қазан университеті Археология, тарих және этнография Қоғамының толық мүшесі болып сайланады.

XIX ғасырдың екінші жартысында И.А.Бодуэн де Куртенэнің және оның Н.И.Крушевский, В.А.Богородицкий, А.И.Анастасиев

т.б. сынды шәкірттерінің еңбектерімен белгілі, лингвистика тарихында ерекше орын алатын Қазан лингвистикалық мектебі өз бастауын ХІХ ғасырдың 10-20 жылдарында қалыптасқан Қазан түркологиялық мектебінен алады: «Қазан лингвистикалық мектебінен 30-40 жыл бұрын Қазан университетінде Қазан лингвистикалық түркітану мектебі қалыптасқаны лингвистика ғылымының тарихында ескерілмей келеді. Оның кейбір идеяларын, мәселен, барлық зерттелуші тілдерге бірдей көзқарас, тілді синхрондық және диахрондық тұрғыдан зерттеудің шегін сақтау, лингвистиканың басқа гуманитарлық бағыттағы ғылым салаларымен тығыз сабақтастықта қарастыру ұстанымдарын И.А.Бодуэн де Куртенэ басқарған Қазан лингвистикалық мектебі де басшылыққа алады»¹. ХІХ ғасырда Қазан университеті Қазан түркологиялық мектебінің ғана емес жалпыресейлік түркітану ғылымының орталықтарының бірі қызметін атқарды. Қазан түркологиялық мектебінің өкілдері Ресей патшалығына қарасты өңірлердегі – Кавказда, Еділ бойында, Сібір мен Орта Азияда түркі тілдерінің зерттелуіне, түркітанушы мамандардың дайындалуына ықпал етті.

ХІХ ғасырдағы түркологиялық орталықтардың бірі – 1819 жылы ашылған Санкт-Петербург университеті болды. Университетте шығыс тілдерін оқытуға ұйтқы болған ғалымдар – Азия музейінің тұңғыш директоры қызметін атқарған Х.Д.Френ және О.И.Сенковский. Санкт-Петербург университетінде 1822 жылдан араб және түрік тілі оқытыла бастайды. Осы кезден бастап араб және түрік тілдерінен Осип Иванович Сенковский (1800-1855 жж.) сабақ береді. Ғалым-педагогтың «Орыс әскерлерінің түрік жорығындағы қалта кітабы» (Карманная книга для русских воинов в турецких походах) деген түрік тіліне арналған тілашары, 1824 жылы жарыққа шыққан түркі халықтарының тарихы жайлы «Ғұндардың, түркілер мен монғолдардың жалпы тарихына толықтырулар» (Дополнения к всеобщей истории гуннов, тюрков и монголов) атты шығармасы белгілі.

¹ Казанская лингвистическая школа. Книга первая. – Казань: Татарское книжное издательство, 2008. – С. 5.

Санкт-Петербург университетінде түрік тілі кафедрасы 1835 жылы университеттің жаңа уставы бекігеннен кейін ашылады. Кафедраны 1835 жылдан бастап Осип Иванович Сенковский (1800-1858 жж.), 1946 жылдан М.А.Казем-Бектің шәкірті, түрік тілінен сабақ берген В.Ф.Диттель (1816-1848 жж.), 1849 жылдан А.О. Мухлинский (1808-1877 жж.), басқарады. 1839 жылдан бастап түрік тілі мен әдебиеті профессоры қызметін атқарған Антон Осипович Мухлинскийдің 1858 жылы шыққан «Бастапқы аудармаға арналған түрік мақалалары, грамматикалық талдауымен» (Выбор турецких статей для начального перевода с грамматическим разбором), 1858-1859 жылдары жарияланған екі томдық «Университетте оқытуға арналған Осман хрестоматиясы» (Османская хрестоматия для университетского преподавания), 1857 жылы жазылған «Литва татарларының шығу тегі және құрамы туралы» (Исследования о происхождении и составе литовских татаров) деген еңбектері түркітану тарихында маңызды орын алады. 1845 жылы университетте түрік тілінен Мирза Джафар Топчибашев (1790-1869 жж.) сабақ береді¹.

XIX ғасырдың алғашы жартысында лингвистикалық түркітанудың дамуына ықпал еткен мекемелер қатарындағы Ресейдің Сыртқы (шетел) істер министрлігі Азия департаменті жанындағы шығыс тілдері оқу бөлімінде (1823-1918 жж.), Одессадағы Ришельев лицейі жанындағы шығыс институтында (1828-1856 жж.), Шығыс тілдері курсына (1901-1906 жж.), Шығыстану курсына (1906-1909 жж.), Практикалық шығыстану академиясында (1910-1919 жж.), бірнеше әскери және діни гимназияларда² түрік тілдері оқытылды. Бұл мекемелердің біразының жұмысы XX ғасырдың алғашқы жылдарына дейін жалғасты.

¹ Зејналов Ф. Р. Түрк дилләринин муга сәли грамматикасы. – Бақы, 1959; Кононов А.Н. История изучения тюркских языков в России. Дооктябрьский период. – Ленинград, 1972. – С. 255; Миллибанд С. Д. Библиографический словарь советских востоковедов. – Москва, 1977.

² Кононов А. Н. История изучения тюркских языков в России. Дооктябрьский период. – Ленинград, 1972. – С.171-173.

XIX ғасырдың ортасында Ресей Оқу министрлігі жоғары оқу орындарындағы шығыс тілдерін оқыту мәселесін қарап өзгерістер енгізу жөнінде ұсыныс жасайды. 1851 жылы Қазан, Санкт-Петербург университеттерінің шығыс тілдері кафедраларын және Сыртқы істер министрлігі жанындағы шығыс тілі орталығын қосып, Азия институтын ашу жоспарланып, жобасы дайындалады. Дипломатиялық қызметкерлер мен мемлекет қауіпсіздігіне қатысты арнайы мамандар дайындайтын Шығыс тілі орталығын университет кафедраларына қосуға Сыртқы істер министрлігінің қарсы болуына байланысты бұл жоба жүзеге аспай қалады.

1854 жылы қазан айында Николай I патшаның жарлығымен Санкт-Петербург университетінен Шығыс тілдері факультетін ашу туралы қаулы қабылданады. Қаулы бойынша, факультет бес түрлі (араб-парсы-түрік-татар тілдері; монғол-қалмақ-татар тілдері; қытай-маньчжур тілдері; еврей-араб тілдері; армян-татар тілдері) мамандық аясында он шығыс тілін (түрік, татар, араб, парсы, монғол, қалмақ, маньчжур, қытай, еврей, армян) оқыту көзделеді. Аталған бес бөлімнің үш бөлімінде түркі тілдерінің енгізілуі Ресей патшалығы үшін түркі тілдерін үйретудің өзекті мәселе болғанын көрсетеді. Сол кездегі ғылыми дәстүр бойынша *түркі* деген жалпы ұғымды беру үшін *түрік-татар* термині қолданылғаны белгілі.

Санкт-Петербург университетінде шығыс тілдері факультеті ашылғаннан кейін бұрыннан оқытылып келе жатқан түрік тілімен қатар азербайжан, татар тілдері жүргізіле бастайды. Шығыс тілдері факультетінің жұмысын жандандыру мақсатында азербайжан тілін оқыту үшін Л.З.Будагов, Қазаннан М.А.Казем-Бек пен И.П.Березин шақырылады. 1866 жылы кафедра меңгерушілігіне түркі тілдеріндегі диалектілік ерекшеліктерін зерттеген Виктор Александрович Максимов (1836-1900 жж.) тағайындалады. Факультетте әр жылдары Х.Д.Френ, И.Н.Березин, М.А.Казем-Бек, О.И.Сенковский, В.В. Радлов, П.А.Турминский, В.В.Григорьев, Х.Физханов, М.А.Абдуллақов, М.Османов, Л.З.Будагов,

В.Д.Смирнов сынды түркітанушылар сабақ берді¹. XIX ғасырдың соңында Санкт-Петербург түркологиялық мектебі толық қалыптасып, жетекші орынға шықты.

XIX ғасырдың алғашқы жылдарынан бастап араб, парсы, санскрит, көне еврей тілдерімен қатар түркі тілдері Харьков университетінде де оқытылады. Бұл университетте шығыс тілдері бойынша алғашқы жылдары И.Б. Барендт жұмыс істесе, 1830 жылдан 1835 жылы шығыс тілдерін оқыту тоқтатылғанға дейін Б.А.Дорн сабақ береді.

XIX ғасырда жемісті еңбек еткен түркітанушылардың бірі – Лазарь Эммануилович Лазарев (1812-1884 жж.) «Турецко-татарско-русский словарь наречий османского, крымского, кавказского с приложением краткой грамматики» (1864), «Сравнительная хрестоматия турецкого языка, наречий османлы и азербайджана» (1866) деген шығармаларымен белгілі. Махмуд Физулидің «Ләйлә-Мәжнүн» поэмасы бойынша магистрлік диссертация қорғаған Л.Э.Лазарев Лазарев институтында түрік-татар және парсы тілінен сабақ береді және түрік-татар тілдері кафедрасын басқарады. 1884 жылдан бастап кафедраға Ставр Елевтериевич Саков (1846-1921 жж.) басшылық етеді. С.Е.Саковтың негізгі еңбектері түрік тілін зерттеуге, түрік тілін оқыту әдістемесіне бағытталған: «Түрік тілін үйрену құралы» (Руководство для изучения турецкого языка. 1901 ж.), «Түрік тілі грамматикасы курсы» (Курс турецкой грамматики. 1902 г.), «Түрік грамматикасының элементтері» (Элементы турецкой грамматики. 1906 ж.). Лазарев институтында 1885 жылдан бастап армян, түрік, итальян, неміс тілдерін жетік білетін армян ұлтының өкілі Семен Григорьевич Церуниан (1860-1931 жж.) түрік тілінен сабақ береді. Оның 1909 жылы жарияланған «Түрікше-орысша тілашар» (Турецко-русские разговоры), 1924 жылы дайындалған «Осман тілінің курсы» (Курс османских разговоров) деген түрік тілінің практикалық курсына арналған еңбектері бар.

¹ Миллибанд С. Д. Библиографический словарь советских востоковедов. – Москва, 1977. – С. 30-50.

Лингвистикалық түркология тарихында өзіндік із қалдырған ғалымдардың бірі – протоирей В.И. Вербицкий. Алтай миссионерлік қоғамының мүшесі Василий Иванович Вербицкий (1827-1891 жж.) 1853 жылдан бастап отыз жеті жыл бойы түркі халықтарына христиан дінін насихаттауға қызмет етеді¹ Алтай түркілерінің арасында ұзақ жылдар тұрған ғалым діни қызметімен қатар ғылыми-зерттеу жұмыстарымен, алтай түркілері тілінің грамматикасын, сөздігін дайындаумен де айналысады. Жергілікті халық тілі бойынша материал жинау, сөздіктер мен грамматикалар түзу миссионерлік қоғам мүшелеріне қойылатын басты талаптардың құрамдас бөлігі болып табылады. 1869 жылы В.И.Вербицкий, С.В.Ландышев т.б. Алтай діни-миссионерлік қоғам мүшелері «Алтай тілінің грамматикасы» (Грамматика алтайского языка» атты еңбектерін профессор Н.И.Ильминскийдің редакциясымен Қазан қаласында басып шығарады. В.И.Вербицкийдің жеке құрастыруымен дайындалған келесі еңбек – «Түркі тілдерінің атай және аладаг наречиелерінің сөздігі» (Словарь алтайского и аладагского наречий тюркского языка) Қазан қаласындағы П.М.Ключниковтың типографиясында 1884 жылы басылып шығады.

Нижегород діни семинариясынан терең лингвистикалық білім алған В.И. Вербицкий сөздігінің алғысөзінде алтай түркілерінің тілін екі топқа бөліп қарастырады: «Алтайское (телеутское, теленгутское, теленгетское) и Аладагское (черневых татар). Алтайским наречием преимущественно говорят инородцы в Бийском округе, а Аладагским (ала даг пестрые, пегие горы) – в Кузнецком и Минусинском. Алтайцы и Теленгуты где бы ни жили, крепко держатся одного наречия; напротив Аладагцы или Черневые татары разветвляются по следующим поднаречиям: 1) Кондомское (шорское) с подразделением: а) на верхнекондомское, занимающее пространство от вершины р. Кондомы до устья р. Тельбеса и захватывающее р. Мрассу и б) нижнекондомское,

¹ Предисловие от издательства// Словарь алтайского и аладагского наречий тюркского языка. Изд.2. – Горно-Алтайск: Ак чечек, 2005. – С. 3-4.

от устья р. Тельбеса до впадения Кондомы в Томь; 2) Матырское, принадлежащее к верхнекондомскому же, но заимствовавшее несколько слов абаканских; 3) Абаканское, с подразделением на: а) верхнеабаканское и б) нижнеабаканское, или качинское; 4) Верхнебийское и нижнебийское, или кумандинское»¹.

XIX ғасырда да түркі халықтары мекендейтін өңірлерге, түркі жазба мұралары табылған аймақтарға экспедициялар ұйымдастыру жалғаса берді. Киев университетінің профессоры, М.Кастрен Сібір өңіріндегі фин-угор тілінде сөйлейтін халықтар мен қарағас, хакас халықтары мекен ететін аймақты аралап, қарағас тілі мен хакас тілінің диалектілерінен, фин-угор тілдерінен деректер жинап, нәтижесінде «Койбал және қарағас тілдерін зерттеу тәжірибесі» (Опыт изучения койбальского и карагасского языков) атты еңбегін жариялайды.

1889 жылы Батыс Сібір және Шығыс Сібір Географиялық қоғамның мүшесі Н.Я. Ядринцев (1842-1894 жж.) тарихи-археологиялық мұраларды зерттеуге Монғолияға экспедицияға шығады. Экспедицияның басты мақсаты Шыңғыс хан дәуіріндегі Монғолияның астанасы Қарақорымның орнын анықтау болды. Сапар барысында Н.Я. Ядринцев Орхон өзенінің оң жағалауындағы көне қала Қараболғасунның орнына жолығады. Н.Я. Ядринцев өз жазбаларында «Қала қабырғасының оңтүстік жағында 600 аттам жерде кісі қолымен қазылған ордың жанында дөңес үстінде алып гранит сынықтары біздің назарымызды тартты. Бұл гранит тастарды барлай қарағанда оның бетінде ұлудың (айдаһар) ойып түсірген пішін суреті болды. Оның қасынан ұлудың бас бейнесін қашаған гранитті таптық. Бұл гранит сынықтары өзара қиюластырғанда әйкіл монументтің ұшар басына орналастырған айдаһар пішіні екені анықталды. Ол тастардан Енисей қорғандарынан бізге белгілі руникалық белгілерді көрдік. Граниттің басқа сынықтарынан қытай иероглифін және

¹ Предисловие от составителя В.И Вербицкого// Словарь алтайского и ала-дагского наречий тюркского языка. Изд.2. – Горно-Алтайск: Ак чечек, 2005. – С. 7.

монғол жазуына ұқсас жазуларды кездестірдік»¹ деп жазады. Н.Я. Ядринцев Орхон өзенінің бойынан кездестірген белгісіз жазу мен қытай иероглифтерінің бірнеше жол көшірмелерін түсіріп алып қайтады. Үлкен жаңалық ғылыми ортаға жарияланған соң, жазу табылған өңірге арнайы экспедициялар ұйымдастыру жиілейді. 1890 жылы мамыр айында Аксель Олай Гейкель (1851-1924 жж.) Орхон бойына сапарға шығып, Қараболғасундағы, Коше-Цайдамдағы ірі ескерткіштердің эстампажын алып, фотосуреттер түсіріп, 1892 жылы алғашқы Орхон текстерінің атласын жариялайды. Сол кезеңнен бастап Орхон, Енисей, Талас өңірінен табылған жаңа ескерткіштердің саны арта бастады. Ескерткіштерді табылған аймақтағы гидронимдерге байланысты түркі рунологиясының негізгі ұғымдарының бірі – *Орхон-Енисей, Талас руникалық ескерткіштері* термині қалыптасты. XIX ғасырдың соңында белгісіз жазуларды оқып, мұрагерлерін анықтау әлемдік ғылымдағы ең өзекті мәселеге айналды.

XIX ғасырда түркітану ғылымының жаңа сатыға көтерілуі Орхон-Енисей жазба ескерткіштерінің сыры ашылуымен, түркі халықтарының мұрасы екенінің анықталуымен байланысты болды. Орхон-Енисей руникалық жазу үлгілерін оқуға деген орыс ғалымдарының да, шетелдік ғалымдардың да тарапынан болған талпыныстардың бәрі сәтсіз аяқталды. 1893 жылы 25 қарашада Дания ғалымы, Копенгаген университетінің профессоры Вильгелм Томсен (1842-1927 жж.) құпия жазу таңбаларының дыбыстық мәнін дұрыс ажыратып, ескерткіштердің түркі халықтарының мұрасы екенін анықтап шықты. Ғалым өз еңбегінің нәтижесін 1893 жылы 15 желтоқсанда Дания Корольдігінің Ғылым Академиясының Президиумында жариялайды. Зерттеуші көне мұраларды оқу барысында дауыстылардың жуан, жіңішке варианттармен қолданылатындығын байқайды, бұл құбылыс түркі тілдерінің басты заңдылығы сингармонизмге сәй-

¹ Сартқожаұлы Қ. Орхон мұралары. – Астана: Күлтегін, 2003. – Б.12; Кононов А. Н. История изучения тюркских языков в России. Дооктябрьский период. – Ленинград, 1972. – С. 255.

кес келеді. 1894 жылы 19 қаңтар күні В.В.Радлов В.Томсеннің оқу тәсілін негізге ала отырып, «Күлтегін» кейін «Білгеқаған» ескерткіштері мәтінін оқып, аударып шығады. В.В.Радлов 1895 жылы ескерткіштердің транскрипциясы мен аудармасын баспасөзде жариялайды, 1897 жылы кейбір кемшіліктерін түзетіп, шәкірті П.М.Мелиоранскиймен авторлық бірлестікте қайта жарыққа шығарады. Орхон ескерткіштері оқылғаннан кейін, Енисей ескерткіштерін оқуға да мүмкіндік туады.

Орхон, Енисей ескерткіштерінің түркі халықтарының мұрасы екені даусыз дәлелденгеннен кейін Ресейдегі де, басқа шетелдердегі де шығыстанушы ғалымдардың түркі халықтарына деген көзқарастары өзгеріп, түркі тілдерін зерттеу ісі қарқынды түрде дами түсті. Әлемдік ғылымға *көне түркі руникалық жазба ескерткіштері* деген термин енді.

Белгілі тарихшы-этнограф Аристов Николай Александровичтің (1847-1910 жж.) еңбектері түркі тілдерінің тарихын зерттеуде, этногенез бен глоттогенез сабақтастығын, түркі руникасы мен ен-таңбалар жүйесінің байланысын айқындауда маңызды: «Опыт выяснения этнического состава киргиз-казаков Большой орды и каракиргизов, на основании родословных сказаний и сведений о существующих родовых делениях и о родовых тамгах, а также исторических данных и начинающихся антропологических исследований» (СПб., 1895), «Заметки об этническом составе тюркских племен и народностей и сведения об их численности» (СПб., 1897) т.б.

Түркітану ғылымының дамуына үлес қосқан түркі халықтарынан шыққан белгілі ғалым, қазақ ұлтының өкілі – Шоқан (Мұхаммед Қанафия) Шыңғысұлы Уәлиханов (11.1835 – 10.04.1865 жж.). Омбы кадет корпусын бітірген (1847-1853 жж.), Орыс географиялық қоғамының толық мүшесі (27.02.1857 ж.). Ғылымға ерте араласқан Ш.Ш.Уәлиханов XVIII ғасыр түркологиясының белді өкілдері – Мирза Мухаммед Али (Александр) Казембек, И.Н.Березин, В.П.Васильев, В.В.Григорьев, В.В.Вельяминов-Зернов, Н.М.Ядринцев т.б. түркітанушы ғалымдармен қарым-қа-

тынаста болады. Ш.Уәлиханов 1852 жылы он алты жасында И.Н.Березиннің ұсынысымен «Тоқтамыстың Хан жарлықтары» («Ханские ярлыки Тохтамыша») атты ең бірінші мақаласын жазады. Ресей армиясы Бас штабының офицері Ш.Уәлиханов бірнеше экспедицияларға қатысады: Орталық Қазақстан, Жетісу, Тарбағатай өңіріне жасалған генерал Гасфорттың сапары (1855 ж.); Іле Алатауы, Ыстықкөл бағытындағы М.М. Хоментовскийдің саяхаты (1856 ж.); Жоңғарияға (1856 ж.) Қашғарға (1858-1859 жж.) ұйымдастырылған экспедициялар т.б. Ш.Уәлиханов әрбір сапарында түркі халықтарының тілі, әдебиеті, тарихы мен дәстүрі туралы мол мәліметтер жинап, зерттеулер жүргізді, нәтижелері Петербургте жарияланып тұрды, бір еңбегі Лондоннан (*Chinese Turkestan and Dzungaria* by Capt. Valikhanov and other russian travellers, «The Russians in Central Asia», London, Edward Stanford, 1865) жарық көреді. Қырғыз халқының эпикалық жыры «Манасты» тұңғыш рет қағаз бетіне түсіріп, ғылыми талдауын, орыс тіліндегі аудармасын дайындаған Ш.Уәлиханов қашғар жазбасы «Тазкира-йи Боғра хан», «Тазкира-йи Ходжахан» шығармаларын да алғаш ғылыми айналымға енгізеді. Ғалымның филологиялық түркітануға қатысты, тіл деректері қамтылған еңбектері: «Очерки Джунгарии», «Записки о киргизах», «О жанрах казахской народной поэзии», «Дневник поездки на Иссык-Куль», «Предания и легенды большой киргиз-кайсацкой орды»¹ т.б.

XIX ғасырдың екінші жартысында түркі тілдері тек түркологиялық мектептер орналасқан ірі қалаларда ғана емес, түркі халықтарының атамекендерінде де зерттеле бастады. XIX ғасырда қазақ тілі жайлы алғашқы еңбектер: грамматикалар мен сөздіктер, тілашарлар жарыққа шығып, түркі тіл білімі аясындағы қазақ тіл білімінің іргетасы қалана бастады. Қазақ тіліне қатысты еңбектер жазуға қазақ ұлтының өкілдері де үлес қосты.

¹ Марғұлан А. Основные этапы жизни и деятельности Ч.Ч. Валиханова. // Валиханов Ч. Избранные произведения. – Москва: Наука, 1986. – С.5-10; Очерк жизни и деятельности Ч.Ч. Валиханова // Валиханов Ч. Ч. Собрание сочинений в пяти томах. Т.1. – Алма-Ата, 1984. – С. 9-797.

Қазақ халқының көрнекті ағартушы-педагогы Ыбырай (Ибраһим) Алтынсариннің (02.11.1841-30.07.1889 жж.) «Начальное руководство к обучению киргизов русскому языку» (1879 ж.), «Киргизская хрестоматия» (1879 ж.), «Мактубат» (1898 ж.) атты еңбектерінің қазақ тіл білімі тарихындағы орны ерекше. Орыс әліпбиін қазақ тілінің дыбыстық ерекшеліктеріне бейімдеп, алғаш жүйелеген де Ы.Алтынсарин. Өзінің көрсетуі бойынша, 1876 жылы Халық ағарту министрі граф Толстой Орынбор округының оқу орындарын тексеру үшін Орынбор қаласына келгенде сол өлкенің қазақтарын оқыту мәселесі де талқыға түседі. Негізгі мәселенің бірі ретінде қазақтарға орысша хат таныту жолдары және қазақ тіліне орыс алфавитін қолдануға болатын-болмайтыны жөнінде арнайы сөз қозғалады. Мәслихатқа Орынбор өлкесінің генерал-губернаторы, генерал-адъютант Крыжановский, Орынбор оқу округінің попечителі Лавровский, Қазандағы оқытушылар семинариясының директоры Н.И.Ильминский және Торғай, Орал облыстарының генерал-губернаторлары қатысып, бірауыздан орыс алфавитін қазақ тіліне қолдануға болады деген қорытындыға келеді. Орыс-қазақ тілін қатар меңгерген мұғалім кадрлардың тапшылығы бұл мәселенің бірден шешімін табуға мүмкіндік бермеді, алдымен Торғай, Орал қалаларының бірінен қазақтар үшін оқытушылар мектебін ашу қажеттілігі туындады¹. Осындай іс-шараларды ұйымдастыру үшін 1879 жылы Торғай облысы мектептерінің ерекше инспекторы деген жаңа штат ашылып, бұл қызметке Ы.Алтынсарин шақырылады. Осы жылы оның екі оқулығы басылып шығады.

XIX ғасырда қазақ тілі бойынша жазылған – Н.И.Ильминскийдің (1822-1891 жж.) «Қырғыз тілін оқыту материалдары» (Материалы к изучению киргизского наречия. 1861 ж.), М.А.Терентьевтің (1857-1909 жж.) «Түрік, парсы, қырғыз және өзбек тілдерінің грамматикасы» (Грамматика турецкая, персидская, киргизская и узбекская. 1875 ж.); К.Г.Бессоновтың (1848-1917 жж.) «Қырғыз

¹ Алтынсарин Ы. Қазақтың болыстық мектептері туралы записка//Таза бұлақ. – Алматы, 1988. – Б. 133.

мектептеріне арналған хрестоматия» (Хрестоматия для киргизских школ. 1880 ж.); П.М.Мелиоранскийдің «Қазақ-қырғыз тілінің қысқаша грамматикасы» (Краткая грамматика казак-киргизского языка. ч.I, 1894 ж.); В.В.Катаринскийдің (1846-1902 жж.) «Қырғыздарға арналған әліппе» (Букварь для киргиз), «Қырғыздарға арналған орыс тілі оқулығының бастауыш курсы» (Первоначальный учебник русского языка для киргиз. 1894 ж.), «Қысқаша қырғызша-орысша сөздік» (Краткий киргизско-русский словарь. 1893), «Қырғызша-орысша сөздік» (Киргизско-русский словарь. 1897 ж.), «Қырғыз тілінің грамматикасы» (Грамматика киргизского языка. 1897 ж.); И.Букиннің «Орысша-қырғызша және қырғызша-орысша сөздік» (Русско-киргизский и киргизско-русский словарь), «Орысша-қырғызша тілашар» (Русско-киргизские разговоры); И.Г.Лаптевтің «Қазақ-қырғыз тілдерінің материалдары» (Материалы по казак-киргизскому языку. Очерк); «Қырғыз-қайсақ тілінің грамматикасы» (Грамматика киргиз-кайсацкого языка». 1898 ж.); Н.С.Жетпісбаевтың «Араб, парсы, қырғыз тілдерін оқытудың бастауыш курсы» (Начальное руководство арабского, персидского и киргизского языков с арабо-персидско-киргизскими словами в конце. 1890 ж.); А.Е.Алекторовтың (1861-1919 жж.) «Қырғыз грамматикасы» (Киргизская хрестоматия. Ч.I, 1898 ж.), «Орысша-қырғызша әдіппе» (Русско-киргизская азбука. 1901 ж.); Орынбор миссионерлік қоғамы мүшелерінің «Қырғыз тілінің грамматикасы. Фонетика, этимология және синтаксис» (Грамматика киргизского языка. Фонетика, этимология и синтаксис. 1898 ж.) т.б. құнды еңбектерді атауға болады.

XIX ғасырдағы түркітану ғылымы түркі тілдерінің біршама жүйелі түрде зерттеле бастауымен; түркі тілдері бойынша алғашқы грамматикалардың жазылуымен; лексикографиялық ізденістердің қолға алынуымен, жоғары оқу орындарында шығыс тілдері, түркі тілдері кафедралары ашылып, оқу бағдарламасына түркі тілдері бойынша дәрістер енгізілуімен; түркі тілдерін оқытатын, зерттейтін арнайы мамандардың қалыптасуымен;

Орхон-Енисей, Талас жазба ескерткіштерінің түркілер мұрасы екенінің анықталуымен сипатталады.

XX ғасырдағы түркі тілдерінің зерттелуін шартты түрде үш кезеңге бөліп қарастыруға болады: 1. Қазан төңкерісіне дейінгі кезең (1900-1917 жылдар аралығы); 2. Кеңес Одағы кезіндегі түркі тілдерінің зерттелуі (1917-1991 жылдар аралығы); 3. Кеңес Одағы ыдырағаннан кейінгі кезең (1991 жылдан бері). Соңғы кезең түркі халықтары өміріндегі аса маңызды тарихи оқиғаға сәйкес келеді, осы кезеңде Кеңес Одағы құрамындағы түркі халықтары тәуелсіздік алып, әлем картасында жаңа, тәуелсіз түркі мемлекеттері пайда болды.

1917 жылға дейінгі түркі тілдерінің зерттелуі, бағыт-бағдары XIX ғасырдағы түркологиялық зерттеулерден ерекше ажыратылмайды. XX ғасырдың басында негізгі түркологиялық зерттеулер Москва Петербург тәрізді ірі қалаларда жүргізілді. Сол кезеңдегі Ресейдің ішкі саяси-экономикалық жағдайының шиеленісіп, коммунизм идеяларын қолдайтын топтардың көбеюі, тап күресінің айқын белең алып, жұмысшылар мен крестьяндар өз талаптарымен демонстрацияға шығуының жиілеуі Ресейдің ғылыми әлеуетінің дамуына айтарлықтай кері әсер етті. Бұл жағдай сол кездегі Ресей ғылымының басты бір саласы түркітану ғылымындағы түркі тілдерінің зерттелу мәселесінің де біршама бәсеңдеуінен байқалады.

XX ғасырдың басында түркі тілдерін зерттеумен айналысшы ғалымдардың біразы өздерінің ғылыми ізденістерін XIX ғасырдың соңында бастаған ғалымдар. XIX ғасырдың соңы мен XX ғасырдың басында түркі тілдері саласында жемісті еңбек еткен ғалымдардың ғылыми бағыт-бағдарын анықтап тәрбиелеуде В.В.Радлов еңбегі ерекше болды. В.В.Радловтың шәкірттерінің бірі – хакас ұлтының өкілі И.Ф.Катанов 1862-1922 жж.). Петербург университетінде магистрлік дәрежеге іздену барысында тува, тофалар, хакас, қазақ тілдері бойынша мол тілдік дерек жинап, құнды тұжырымдар мен пайымдар жасаған ғалым ғылыми дәрежені алған соң, Қазан университетінің түрік-татар

тілі кафедрасында эксординаторлы профессор болып қызмет етеді. Кейіннен урянхай тілі бойынша докторлық диссертация қорғайды¹. Ғалымның түркология тарихындағы құнды еңбектері – «Урянхай тілін зерттеу тәжірибесі, оның басқа түркі тілдерімен негізгі туыстық байланысын білдіретін көрсеткішімен» (Опыт исследования урянхайского языка с указателем главнейших родственных отношений его к другим языкам тюркского корня. 1903 ж.), «Минусин татарларының батырлар жыры туралы ескертпе» (Замечания о богатырских поэмах минусинских тюрков. 1885 ж.), «Түркі тайпаларының ежелгі заманнан бүгінге дейінгі жерлеу дәстүрлері» (О погребальных обрядах у тюркских племен с древнейших времен до наших дней. 1894 ж.) «Шығыс жазбалары» (Восточные заметки. 1896 ж.)².

В.В.Радловтың шәкірті – П.М.Мелиоранский (1868-1906 жж.) қазақ тілінің алғашқы грамматикасын жазушылардың бірі (Қазақ-қырғыз тілінің қысқаша грамматикасы/Краткая грамматика казах-киргизского языка. 1894 ж.). Ғалымның негізгі ғылыми бағытының бір қыры түркілердің көне мұраларын зерттеу болды. Ол 1889 жылы «Күлтегін» ескерткіші тақырыбында магистрлік, 1901 жылы «Араб филолог о турецком языке» деген тақырыпта докторлық диссертация қорғаған. Диссертация мазмұндары жеке-жеке кітап болып жарық көрді (Араб филолог о турецком языке. СПб., 1900; Памятник в честь Кюль-Тегина. СПб., 1900). Сондай-ақ П.М.Мелиоранский орыс тіліндегі түркизмдерді жүйелі түрде ең алғаш зерттеген ғалым. Ғалымның осы тақырыпқа арналған «Турецкие элементы в языке «Слова о полку Игореве», «Заимствованные восточные слова в памятниках в русской письменности домонгольского времени» деген еңбектері бар.

¹ Баскаков Н. А. Введение в изучение тюркских языков. – Москва: Высшая школа, 1969; Кононов А. Н. История изучения тюркских языков в России. До-октябрьский период. – Ленинград, 1972; Қайдаров Ә., Оразов М. Түркологияға кіріспе. – Алматы, 1985.

² Иванов С. Н. Николай Федорович Катанов. – Москва, 1973; Миллибан С.Д. Библиографический словарь советских востоковедов. – Москва, 1977. – С. 50.

Богородицкий Василий Алексеевич (7.04.1857-23.12.1941 жж.) Петербург ғылым академиясының корреспондент-мүшесі (1915 ж.). Негізгі еңбектері: «О крымско-татарском наречии» (Казань, 1903), «Этюды по татарскому языкознанию» (Казань, 1933), «Введение в татарское языкознание в связи с другими тюркскими языками» (Казань, 1934), «Лекции по общему языковедению» (Казань, 1911), «Введение в тюрко-татарское языкознание» (Казань, 1922), «Законы сингармонизма в тюркских языках» (Казань, 1927), «Введение в татарское языкознание» (Казань, 1934) т.б.

Ғылыми ізденістерін 1902 жылдан бастаған А.Н.Самойлович те (1880-1938) соңынан мол мұра қалдырған әрі болашақ түркітанушы мамандар даярлауға зор үлес қосқан ғалым. XX ғасырдың басында маңызды түркологиялық еңбектер қалдырған ғалымдар қатарында Ф.Е.Корш (1843-1915 жж.), А.Е.Крымский (1871-1942 жж.), В.Д.Миллер (1848-1913 жж.), В.Ф.Пекарский (1853-1934 жж.), В.В.Бартольд (1869-1930), Н.И.Ашмарин (1870-1933 жж.) т.б. зерттеушілер бар.

XIX ғасырдың соңы мен XX ғасырдың бірінші ширегіндегі түркітану ғылымының дамуына елеулі үлес қосқан ғалым – Василий Владимирович Бартольд (1869–19.08.1930 жж.). Санкт-Петербург Ғылым академиясының академигі (1913 ж.) В.В.Бартольд Орталық және Орта Азия халықтарының тарихы; шығыс және батыс мәдениетінің өзара байланысы; ислам тарихы; түркі, соғды, тохар, эфталитет тілдері және жазу жүйесі; қырғыз, түрікмен, өзбек, ұйғыр, тәжік халықтарының этногенезі; түркі руникалық ескерткіштері, орта ғасыр түркі ескерткіштері мәселелерімен айналысты. Ғалымның XIX ғасырдың соңы мен XX ғасырдың алғашқы жылдары жазған негізгі еңбектері: «Новые исследования об орхонских надписях» (1899 ж.), «Образование империи Чингиз-хана» (1896 ж.). «Отчет о поездке в Среднюю Азию в 1893-1894 гг.», «Очерк истории Семиречья» («Памятная книжка Семиреченской области», т. II, Верный, 1898), «Отчет о командировке в Туркестан» (1902-1903 жж.). В.В.Бартольдтың түркітануға қатысты ғылыми ізденістерінің негізгі нәтижелері Кеңестер Одағы кезінде жарияланды.

Лингвистикалық түркітанудың даму тарихында өзіндік орны бар ғалымдардың бірі – КСРО ғылым академиясының корреспондент-мүшесі (1929 ж.) Николай Иванович Ашмарин (22.09.1870–26.08.1933 жж.). Ғылыми бағыты: түркі тілдерінің салыстырмалы грамматикасы, чуваш тілінің грамматикасы, фразеологиясы, лексикографиясы, мимологиясы, чуваш халқының тарихы, чуваш халқының ауыз әдебиеті, этнографиясы, түркі халықтарының говорлары. Негізгі еңбектері: «Чуваш тілінің сөздігі» (Словарь чувашского языка. Казань, 1910); «Чуваш тілінің сөздігі» (Словарь чувашского языка. 17 т. Казань, 1928-1929, Чебоксары, 1929); «Общий обзор народных тюркских говоров гор. Нухи» (Баку, 1926); «Чуваш синтаксисін зерттеу тәжірибесі» (Опыт исследования чувашского синтаксиса. Казань, 1903. ч. 1.); «Чуваш мимологиясының негіздері» (Основы чувашской мимологии (О подражательных словах в чувашском языке). Казань, 1918); «Чуваш тіліндегі еліктеуіштердің морфологиялық категориялары туралы» (О морфологических категориях подражаний в чувашском языке. Казань, 1928) т.б.

Түркологиялық бағытта зерттеулер жүргізген Ахмаров (Ахмеров) Гайнулдин (Гайниддин) Назмутдинович татар тілінің диалектілері, мишар тілі, түркі әліпбиі, татар халқының тарихы мен этнографиясы мәселелерімен айналысты: «О языке и народности мишарей» (1903 ж.), «Тептяри и их происхождение» (1908 ж.), «Булгар тарихи» (Казань, 1909), «Казан тарихи» (Казань, 1910), Отчет о поездке с археологическою целью летом 1909 года в Свияжский и Тетюшский уезды Казанской губернии (1910 ж.), «Тюрки алифба» (Казань, 1911) т.б. XX ғасырдың басында татар тілі жайлы еңбек жазған зерттеушілердің бірі – Валидов (Валиди) Джамал (Джамалетдин) Джалялович (1887–30.11.1932 жж.), еңбектері: «Татар тілінің ғылыми грамматикасы» (Научная грамматика татарского языка. Казань, 1919), «Казан татарларының диалектісі туралы» (О диалектах казанского татарского языка. 1927 ж.).

XX ғасырдың басындағы өзбек тілі грамматикасының авторы Н.С.Будзинский Ташкент шығыс тілдер офицерлік мектебінде

оқыған (1907-1909 жж.), штабс-капитан. Еңбектері: «Краткая грамматика сартовского языка и русско-сартовский собеседник» (Ташкент, 1910), «Учебник сартовского языка» (Ташкент, 1910), «Народная поэзия ташкентских сартов» (1910 ж.).

Васильев Александр Васильевич (23.02.1861–23.10.1943 жж.) XIX ғасырдың соңы мен XX ғасырдың басында қазақ тілі, қазақ ауыз әдебиеті үлгілері бойынша зерттеулер жүргізеді: «Пословицы, записанные со слов казаха Тургайской области» (1892 ж.), «О киргизском языке и его транскрипции (По поводу издания «Киргизской степной газеты»)» (Оренбург, 1896), «Образцы народной словесности. Киргизская песня о трех молодцах», «Киргизские сказки». (Оренбург, 1898), «Киргизские загадки в виде состязания джигита с девушкой» (1900 ж.), «Козы-Корпеш» (1900 ж.), «Бозжигит. Киргизская повесть» (1900, 1901 жж.), «Киргизские молитвенные благожелания: Батасёз» (1904 ж.), «Базай Батыр и сын его Коруглы», «Из киргизских преданий» (Оренбург, 1905), «Киргизская хрестоматия Алтынсарина И. Предисловие А.В. Васильева» (Казань, 1913). Қазақ, татар тілінің деректері А.А.Воскресенскийдің де еңбектерінен көрініс тапты. Воскресенский Алексей Андреевич (1856–23.11.1921 жж.). Еңбектері: «Русско-татарский словарь с предисловием о произношении и этимологических изменениях татарских слов А. Воскресенского» (Казань, 1894), «Заметка о букеевских школах» (Казань, 1906).

Қазанда, Түркістанда, Ташкентте ұзақ жылдар қызмет істеген Остроумов Николай Петрович (15.11.1846-17.11.1930 жж.) татар тілі, өзбек, қазақ тілдерінің материалдары бойынша зерттеулер жүргізеді: «Первый опыт словаря народно-татарского языка по выговору крещеных татар Казанской губернии» (Казань, 1876), «Сказание о Сайраме Чимкентского уезда» (Ташкент, 1884), «Сказание о городе Ош» (Ташкент, 1885), «Татарско-русский словарь» (Казань, 1876), «Этимология сартовского языка» (Ташкент, 1910).

Жетісу облысы, Құлжа ауданында, Түркістанда қызметте болған (1872-1908 жж.) Пантусов Николай Николаевич (11.05.1849 – 07.06.1909 жж.) өзбек (сарт), ұйғыр (тараншы), қазақ тілін-

дегі ауыз әдебиеті үлгілерін транскрипциялаумен, аударумен, шығыс қолжазбаларын зерттеумен айналысады: Фергана по «Запискам» султана Бабура (1880 ж.), «Народные приметы таранчей (таранчинский текст и русский перевод)» (Казань, 1901), Молитвы и заговоры таранчинских бакшей (таранчинский текст, напев бакшей, академическая транскрипция и русский перевод) (Казань, 1900), Стихотворения о Якуб-беке, государе Кашгарии, и о событиях его времени (таранчинский текст, русская транскрипция, ноты и перевод)» (Казань, 1901), «Таранчинский сино-толкователь (текст и перевод)» (Казань, 1901), «Киргизские [казах.] пословицы, записанные в Копальском уезде Семиреченской области (текст, транскрипция и перевод)» (Казань, 1899), «Былина о богатыре Наурузбае, внуке султана Аблайхана (киргизский [казах.] текст, русская транскрипция и русский перевод, с родословием султана Аблайхана)» (Казань, 1901), «Киргизская сказка о Кара-Мергене (текст, транскрипция и перевод)» (Казань, 1901).

Лингвистикалық түркітанудың дамуына үлес қосқан ғалымдардың бірі – академик Пекарский Эдуард Карлович (13.10.1858 – 29.06.1934 жж.). Э.К.Пекарскийдің халықтық қозғалысқа қатысқаны үшін Саха еліне жер аударылуы (1881 ж.) якут тілін меңгеруіне мүмкіндік беріп, ғылыми ізденістерінің де бағыт-бағдарын айқындауға ықпал етеді, негізгі еңбектері: «Қысқаша орысша-якутша сөздік» (Краткий русско-якутский словарь. Якутск, 1905), «Туңғыс сөзінің шығу тегі туралы мәселе» (К вопросу о происхождении слова «тунгус. 1906 ж.), «Миддендорф және оның якутша мәтіні» (Миддендорф и его якутские тексты. 1908 ж.), «Якут тілінің сөздігі» (Словарь якутского языка. 1907-1930 жж.) т.б.

XX ғасырдың басында Қазан түркологиялық мектебінің өкілдері де дәстүрді жалғастырып, татар тілі бойынша бірнеше оқу құралдары мен хрестоматиялар, грамматикалар мен сөздіктер жариялады. Мысалы: Ш.Иманаевтың «Татар теленең нәхүе вә сарыфы» (Синтаксис и грамматика татарского языка. Казань, 1910); А.Масудовтың «Төрки сарыфы» (Тюркская морфология.

1910), «Төрки нәхүе» (Тюркский синтаксис. 1910); Г.Нугайбектің «Төрлек» (Грамматика. Казань, 1916); Г.Ибрагимовтың «Татар сарыфы» (Татарская морфология. 1911), «Татар нәхүе» (Татарский синтаксис. 1911); Х.Кабутаридың «Кыскача татарча сарыф» (Краткая татарская морфология. Казань, 1913); Г.Сагдидің «Үз телемезге мөкәммәл сарыф, нәхү» (Дополненные морфология и синтаксис нашего языка. Казань, 1915); Дж. Валидидің «Татар теле имла һәм сарыф вә нәхү кагыйдәләре» (Правила орфографии, морфологии и синтаксиса татарского языка. Казань, 1915).

Осы кезеңде қазақ тілі жөнінде М.Бекимовтың «Руководство к изучению киргизского языка» (Ташкент, 1909); А.Байтұрсынұлының «Оқу құралы» (1912-25 жылдар аралығында бірнеше рет басылған), 3 бөлімнен тұратын «Тіл құрал» (Фонетика, 1915, Морфология, 1914, Синтаксис, 1916) атты еңбектері жарыққа шығып, «Айқап» журналы мен «Дала уалаяты» газетінде А.Құрманбаев, М.Малдыбаев, Сұлтанғазиндердің мақалалары жарияланды, бірнеше шағын орысша-қазақша, қазақша-орысша сөздіктер (И.Букин, Н.А.Воскресенский, А.В.Старчевский, Т.Бокин т.б.) құрастырылды.

XX ғасырдың бірінші ширегінде жазылған қазақ грамматикаларының бірі – Қошке Кемеңгеровтың редакциясымен, Г.В.Архангельскийдің құрастыруымен жарыққа шыққан «Қазақ тілінің грамматикасы» атты еңбек. 1925 жылы Мәскеуден шыққан «Қазақша-орысша сөздік» Қ.Кемеңгеровтың қазақ лексикографиясының дамуына да үлес қосқанын көрсетеді. Түркі дүниесінің бірлігіне қызмет еткен алаш ардагерлерінің қай-қайсысы болмасын қазақ тілінің функционалдық ауқымын кеңейтуге, салалық терминологияны дамытуға, түркі тілдері әліпби жүйесі мен орфографиялық нормаларын біріздендіру мәселелеріне аса жауапкершілікпен «халық тағдыры», «Ел тағдыры» аспектісінде қарағаны, осы бағытта еңбектер жазғаны белгілі. Сондықтан барлық Алаш қайраткерлерінің лингвистикалық түркітану ғылымының дамуына үлес қосқанын бүгінгі ұрпақ білуі қажет.

Лингвистикалық түркітанудың дамуына айрықша үлес қосқан ғалым – А.Байтұрсынұлы болды. Қазақ тіл білімінің атасы А.Байтұрсынұлының қазақ тілінің дыбыс жүйесіне сәйкес сингармониялық әліпби мен орфографияны түзуде ұстанған лингвотеориялық ой-пікірлерінің негізінде ұлттық тілдің табиғатын айқындайтын дыбыс заңдылықтары жатқаны белгілі. Ұлы ғалымның қазақ тіліндегі *у* дыбысы қолданысының үш түрлі табиғатын – дауысты, дауыссыз, жартылай дауысты – көрсетуі, *й* дыбысын да жартылай дауыстылар қатарында қарастыруы¹, тектес дыбыстарды, яғни бір фонеманың аллофондарын дәл ажырата білуі оның терең білім иесі екенін, фонологиялық жүйенің заңдылықтарын жете меңгергенін аңғартады. А.Байтұрсынұлының фонологиялық ой-пікірлері кейін әлем тіл білімінде танымал болған фонологиялық теориялардың, тілдің дыбыс жүйесін зерттейтін әдістердің, алфавит және орфография жасау принциптерінің негізін қалауға медеу болды². А.Байтұрсынұлының лингвистикалық шығармашылығын терең зерттеп, ұлы ғалымның фонологиялық тұжырымдарын Москва фонология мектебі теориясы сарынында жазылған еңбектермен салыстыра қараған М.Жүсіпұлы «... Тілдің дыбыс жүйесін ғылыми сарында зерттеуде, сингармоалфавит пен сингармоорфографияны жасауда, сингармофонема ұғымын дүниеге келтіруде А.Байтұрсынов тұңғыш (пионер) зерттеуші» деген тұжырымға келеді³. Ғалымның қазақ тілінің морфологиялық құрылымы мен синтаксистік конструкциясы, лексикалық жүйесі, семантикалық даму ерекшеліктері жайлы пікірлері де жалпы түркі тілдеріне тән терең теориялық пайымдауларға құрылады. Қазақ тіл білімінің метатілін қалыптастыруда да А.Байтұрсынұлының еңбегі айрықша.

¹ Байтұрсынов А. Тіл тағылымы (қазақ тілі мен оқу ағартуға қатысты еңбектер). – Алматы: Ғылым, 1992. – Б. 179, 182, 381.

² Жүсіпұлы М. Ахмет Байтұрсынов және қазіргі қазақ тілі фонологиясы. – Алматы: Ғылым, 1998. – Б. 5.

³ Жүсіпұлы М. Ахмет Байтұрсынов және қазіргі қазақ тілі фонологиясы. – Алматы: Ғылым, 1998. – Б. 6.

Түркі тілдерінің кешенді де жан-жақты, жүйелі түрде зерттелуі екінші кезеңге сәйкес келеді. Кеңестер одағы кезіндегі түркітану ғылымы «Советтік түркология» немесе «Отандық түркология»¹ деп аталды. Сол кездегі Отандық түркологияның басты ерекшелігі – ірілі-ұсақты барлық түркі халықтарының тілдері түгелдей зерттеу нысанына айналып, мемлекеттік тұрғыдан жоспарлы түрде ғылыми-зерттеу жұмыстары жүргізіліп отырды. Қазақстан, Қырғызстан, Өзбекстан, Түркіменстан, Әзірбайжан республикаларында басқа да түркі халықтары шоғырланған ірі қалаларда жоғары, орта оқу орындары ашылып, тіл – әдебиет мамандықтары бойынша ұлттық кадрлар дайындалды. Түркі халықтары тұратын басқа да аймақтарды, облыстарда ұлт тілдерін зерттеуге арналған ресми мекемелер (ғылыми-зерттеу институттары, кафедралар, секторлар) ұйымдастырылды. Әрбір тіл бойынша грамматикалар, оқу құралдары, монографиялар көптен шығарыла бастады. Лингвистикалық түркітану ғылымының өркендеген тұсы да осы кезең болды. Осындай нақты іс-әрекеттер нәтижесінде қазақ тіл білімі, өзбек тіл білімі, қырғыз тіл білімі, татар тіл білімі, башқұрт тіл білімі, әзірбайжан тіл білімі, түрікмен тіл білімі, якут тіл білімі т.б. тәрізді дербес ғылым салалары қалыптасып, жалпы түркі тіл білімінің жандануына ықпал етті.

Кеңес Одағы кезіндегі түркітанудың лингвистикалық саласы бірнеше бағытта жүргізілді: әрбір тілдің ерекшеліктерін толық қамтитын академиялық грамматикалар дайындау; сапалы оқу құралдарын дайындау; әрбір тілдің тарихи даму жолын және жалпы түркі тілдерінің даму жолын анықтау; түркі тілдерінің қалыптасу кезеңдерін анықтау; салыстырмалы-тарихи әдіс негізінде түркі тілдерінің туыстық деңгейін анықтау; лексикографиялық (түсіндірме, салыстырмалы, этимологиялық, екі тілді т.б.) мақсатта жұмыстар жүргізу; VI-VII ғасыр ескерткіштерінің тілін зерттеу; орта түркі ескерткіштерінің тілін зерттеу, т.б.

¹ Қазіргі таңда «Отандық түркітану» ұғымы әрбір түркі мемлекеттеріндегі түркітану ғылымына қатысты қолданылады.

Кеңес дәуірінде түркітану ғылымының дамуына үлес қосып, түркі тілдерін зерттеуде жемісті еңбек еткен ғалымдар¹: С.Е.Малов, В.А.Богородицкий, Е.Д.Поливанов, Н.К.Дмитриев, Э.Н.Наджип, М.Насилов, Э.В.Севортян, К.К.Юдахин, Н.А.Баскаков, А.Н.Кононов, Е.И.Убрятова, И.А.Батманов, В.В.Решетов, А.М.Щербак, Э.Р.Тенишев, Н.З.Гаджиева, Б.А.Серебрянников, К.М.Мусаев, т.б.

Ресейде дамыған лингвистикалық түркология қазіргі таңда дәстүр сабақтастығын жалғастыруда. Н.И.Егоров, Д.Д.Васильев, И.В.Кормушин, Г.Г.Левин, С.А.Старостин, А.В.Дыбо, А.О.Мудрак, К.А.Бичелдей т.б. зерттеушілер түркі жазба ескерткіштерінің тілі, түркі тілдерінің тарихы, түркі тілдерінің этимологиялық негіздері, компаративистикалық түркі тіл білімі, лингвоконтактология т.б. мәселелерімен айналысуда.

Өзбек тіл білімін дамытуға Ф.Абдуллаев, А.Гулямов, С.Ибрагимов, Ғ.Абдурахманов, А.Шерматов, И.Кучкартаев, Э.Фазылов, А.Рустамов, М.Асқарова, М.Мирзаев, С.Муталлибов, А.Ходжиева, О.Азизов т.б. ғалымдар; ұйғыр тіл білімін дамытуға Ә.Қайдар, Ғ.Садвакасов, И.Исраилов, Ш.Баратов, Т.Талиповтар т.б. ғалымдар үлес қосса; әзірбайжан тіл білімінде М.Ш.Ширалиев, Р.Рустамов, А.А.Ахундов, Ф.Р.Зейналов, А.Г.Оруджев, М.Ш.Рагимов т.б. сынды ғалымдар; түрікмен тіл білімінде М.Хыдыров, Б.Чарыяров, П.Әзімов, А.Аннануров, З.Мухамедова, Ж.Амансарыев, Т.Тажмуратов т.б. зерттеушілер; түрік тілі бойынша А.Н.Баскаков, А.Н.Кононов, Д.А.Магазаник, С.С.Майзель, А.П.Векилов, Ш.С.Айляров, Р.А.Аганин, С.Н.Иванов, М.С.Михайлов, Э.А.Грунина т.б. ғалымдар; гагауыз тілі бойынша Б.Г.Гафаров, Р.Бигаев, Л.А.Покровская т.б.; хакас тілі бойынша Д.Патачакова, Ф.Г.Боргояков, Ф.Г.Исхаков, Н.Г.Доможаков, О.Субракова, Н.П.Дыренкова, В.Г.Карпов, Т.Боргоякова т.б. ғалымдар еңбек сіңірді. Якут тілі бойынша Е.И.Убрятова, Л.Н.Харитонов, Н.К.Антонов, Н.Д.Дьячковский т.б.; тува тілі бойынша

¹ Қараңыз: Кононов А.Н. Тюркская филология в СССР. 1917-1967. – Москва: Наука, 1968; Библиграфический словарь Тюркологов Евразии. Российские тюркологи (XX век) Т.1. Книга 1. – Анкара, 2011.

З.Б.Арагачи, Д.А.Монгуш, А.А.Пальмбах т.б.; алтай тілі бойынша Н.А.Баскаков, О.Т.Молчанова, Т.М.Тощакова, Л.П.Потапов, А.Т.Тыбыкова, М.Ч.Чумакаева, Н.А.Кудачина т.б.; қарағас тілі бойынша Н.П.Дыренкова, В.И.Рассадин, Л.Г.Шагдаров; ойрат (ойрот) тілі бойынша Г.Ф.Бабушкин, Ш.С.Сат, М.Д.Биче-оол, Н.П.Дыренкова; чуваш тілі бойынша И.П.Павлов, В.Г.Егоров, И.А.Андреев, Г.Е.Корнилов, М.П.Федотов, Н.П.Петров, Л.П.Сергеев, Н.И.Егоров т.б.; татар тіл білімінде М.Закиев, Л.Залая, Д.Тумашева, Г.Ахатов, Ф.Ғаниев, Г.Саттаров, Ә.Ахунзянов т.б.; башқұрт тілі бойынша А.Юлдашев, Н.Ишбулатов, Ж.Киікбаев, Н.Максютова, З.Ураксин, С.Миржанова, А.Харисов, А.Шайхулов т.б.; қарақалпақ тілі бойынша Н.А.Баскаков, Д.Насыров, О.Доспанов т.б.; қарайым тілі бойынша Н.А.Баскаков, С.М.Шапшал, К.М.Мусаев т.б.; қарашай-балқар тілі бойынша А.М.Аппаев, У.Б.Алиев, И.М.Отаров, М.А.Хабичев, Н.Х.Урусбаев т.б.; құмық тілі бойынша А.Т.Базиев, Ю.Д.Джанбавов, М.К.Гафуров, И.А.Керимов, А.Н.Батырмурзаев т.б.; қырғыз тіл білімінде Б.Юнусалиев, Б.Орузбаева, С.Құдайбергенов, Ә.Жапаров, Қ.Сартбаев, Ч.Жумагулов, К.Конкобаев, Т.Садыков т.б. ғалымдар еңбек сіңірді.

Қазақ тіл білімі саласының қалыптасуына ерекше еңбек сіңірген ғалымдар: А.Байтұрсынұлы (1873-1938), Қ.А.Жұбанов (1899-1938), С.Аманжолов (1903-1958), Н.Сауранбаев (1910-1958), Ш.Х.Сарыбаев (1893-1958), М.Балақаев (1907-1996), І.Кеңесбаев (1907-1995), А.Ысқақов (1910-1996), Ғ.Мұсабаев (1907-1981), Ы.Маманов (1907-1985), Х.Махмудов (1909-1983), О.Төлегенов (1916-1984) т.б. Аталған зерттеушілер А.Байтұрсынов негізін салған қазақ тілі грамматикасын жан-жақты дамытып, қазақ тілін әр деңгейде (тіл тарихы, фонетикалық жүйесі, морфологиялық құрылымы, лексикасы, синтаксистік құрылымы, стилистикасы, оқыту әдістемесі) зерттеудің жүйесін қалыптастырды. Өткен ғасырдың 50-60-шы жылдарынан бастап қазақ тіл білімінде ұлттық кадрдың үлкен шоғыры қалыптасып қазақ тіл білімін жаңа деңгейге көтерді: К.Аханов, Ә.Құрышжанов, М.Томанов, М.Ибатов, Т.Қордабаев, Ғ.Айдаров, Ә.Қайдар, Ш.Сарыбаев, Р.Сыздық,

А.Махмутов, Ф.Мұсабекова, Ә.Болғанбаев, Ә.Нұрмағамбетов, Қ.Өмірәлиев, С.Исаев, Ж.Аралбаев, Т.Қоңыров, Х.Кәрімов, Т.Сайранбаев, А.Айғабылов, С.Омарбеков, С.Мырзабеков, А.Қошқаров, Н.Оралбаева, А.Қалыбаева, Ә.Айтбаев, М.Серғалиев, О.Нақысбеков, Б.Әбілқасымұлы, Т.Жанұзақов, А.Аманжолов, Р.Әміров, Е.Жанпейісов, Ә.Жүнісбеков, Б.Сағындық, Ә. Ахметов, М.Оразов, Е.Жұбанов, Ғ.Қалиев, А.Тасымов, Н.Уәли, Б.Қалиев, О.Бүркіт, Т.Әбдіғалиева, Ж.Жақыпов т.б.

Түркітану (тіл білімі) ғылымы кең мағынасында бүкіл түркі тілдері туралы ғылым саласы (диахронды, синхронды) болғанымен қазіргі таңда түркітану ғылымының зерттеу нысаны ретінде негізінен түркі тілдерінің тарихи даму жолы, түркі тілдерінің арғы тарихы, түркі жазба ескерткіштерінің тілі алынауда. Қазақстандағы түркологиялық мектепті қалыптастыруда Ә.Қайдар, М.Томанов, Ғ.Айдаров, Ә.Құрышжанов, Т.Қордабаев, Ә.Ибатов, А.Аманжолов, А.Есенқұлов, Р.Сыздық, Б.Әбілқасымұлы, Т.Жанұзақов, Е.Ағыманов т.б. ғалымдардың еңбектері ерекше. Қазақ тіл білімінде Ә.Ахметов, Б.Сағындық, К.Хұсайын, Ә.Керімов, С.Бизақов, Ж.Манкеева, Е.Қажыбеков, Ж.Түймебаев, Қ.Сартқожаұлы, В.Махпиров, Р.Шойбеков, Ғ.Әнес, Г.Смағұлова, С.Сәтенова, М.Ескеева, Г.Сағидолда, А.Салқынбай, Ж.Тектіғұл, Ш.Жалмаханов, М.Сабыр, А.Жартыбаев, Р.Авакова, С.Боранбаев, Р.Досжанова, С.Құдасов, С.Дүйсен, Б.Тілеубердин, Е.Саурықов, О.Бегжан, Б.Әбдуәли, Е.Есбосынов, Қ.Молғаждаров, Б.Сүйеркұл т.б. зерттеушілер **түркі тілдерінің тарихы бойынша** – прототүркі, пратүркі тілдерін реконструкциялау мәселелері; түркі тілдерінің Америка үндістері тілімен байланысы; түркі тілдеріндегі имитативтердің даму ерекшеліктері; түбір сөз табиғаты және фономорфосемантикалық құбылыстар; түркі лексикасының этимологиялық негіздері мен семантикалық деривация мәселелері; лингвоконтоктологиялық үдерістер және Тұран тілдік одағы идеясы; Алтай теориясы және түркі-монғол тілдерінің байланысы; түркі ономастикасы; түркі жазба ескерткіштері тілінің фонетика-фонологиялық, лексика-грам-

матикалық құрылымы және лингвофилософиялық, этнолингвомәдениетанымдық қырлары; рунологиялық ізденістер және жалпы түркі грамматологиясы; компаративистикалық зерттеулер; түркі фразеологиясы мен паремиологиясы; шағын санды түркі тілдерінің лингвоэкологиялық жағдаяты; түркі лексикографиясы; **қазақ тілінің тарихы бойынша** – түркі тілдері жүйесіндегі қазақ тілінің тарихи орны; ескі қазақ тілі; қазақ-монғол тілдерінің байланысы, қазақ тілінің тарихи грамматикасы; қазақ тілін антропоэзектік зерттеу парадигмасында талдау; түркі жазба ескерткіштері мен қазақ тілінің сабақтастығы; қазақ тіліндегі ономастикалық атаулар; қазақ тіліндегі паремиологиялық және фразеологиялық жүйе; салғастырмалы-типологиялық зерттеулер т.б. мәселелермен айналысуда.

XX ғасырдағы түркология ғылымының үшінші кезеңінің басты ерекшелігі – әрбір түркі республикасы өз тілдерін, оның тарихи даму жолын зерттеудің бағыт-бағдарын өздері айқындауға, түркі халықтарының тарихын, мәдени мұраларын зерттеуде кеткен олқылықтардың (саяси идеологияға қатысты) орнын толтыруға мүмкіндік алды. XX ғасырдың тоқсаныншы жылдарынан басталған түркітану ғылымындағы бұл үрдіс XXI ғасырда жандана түсті. XXI ғасырдағы лингвистикалық түркітанудың ерекше қырларының бірі – әлемдік тіл біліміндегі жаңа зерттеу парадигмаларының қарқын алуына орай белең алған антропоэзектік бағыттағы зерттеулерге ерекше ден қойылуы. Көне түркі, орта түркі жазба ескерткіштерінің тілін, қазіргі түркі халықтарының фольклоры мен көркем-әдеби жазба тілін, ауызекі сөйлеу тілін тіл иелерінің ой-санасы мен дүниетанымымен, мәдениетімен, жалпы болмысымен тығыз сабақтастықта қарастыруға бағытталған зерттеулер жүргізілуде. Ескерткіштер тілі өзекті ретінде алынып, қазіргі түркілер дүниетанымының тілдік бейнесіндегі ортақтықтар мен ерекшеліктер салыстырмалы негізде саралануда.

Қазақ тіл білімінде тек қазақ тілінің даму жолына қатысты мәселелер ғана емес жалпы түркологияның өзекті мәселелері – түркі тілдері зерттеу (әр деңгейде), олардың туыстық ортақтықтары

мен айырмашылықтарын саралау, Орхон, Енисей, Талас жазба ескерткіштері мәтінін түпнұсқадан қайта оқу, олардың тілі мен қазақ тілінің сабақтастығын көрсету, орта түркі ескерткіштерінің мәтіндерімен жұмыс жүргізіп, тілін зерттеу, қазақ тілімен салыстыра қарастыру, т.б. мәселелер зерттеу нысаны болуда.

Қазіргі таңда түркі жазба ескерткіштерінің тілі, қолданыстағы түркі тілдері тек түркі елдерінде немесе түркі халықтары шоғырланған мемлекеттерде ғана емес шетелдерде де дамуда. Шетелдердегі түркологиялық мектептердің де өзіндік қалыптасу тарихы, даму жолы, ұстанған бағыт-бағдары бар.

§8. Шетелдердегі түркітану ғылымының дамуы және түркі тілдерінің зерттелуі

Қытай түркологиясы. Ұзақ жылдар бойы іргелес географиялық аймақты мекен еткен түркі және қытай халықтарының қарым-қатынасы тарих қойнауының ежелгі қабаттарынан бастау алатыны қытай жылнамаларынан, көне түркі руникалық Орхон, Енисей жазбаларынан белгілі. Қытай жылнамалар жинағы «Ханнамада», қытай елшіс Жаң Шиянның (Чжан-Цзянь) батыс елдерін аралау барысында жазған «Тарихи естелігінде» т.б. қытай жазбаларында берілген мәліметтер хун/ғұн, усын/үйсін, кангюй/қаңлы тайпаларының Қытаймен терезесі тең мемлекеттік құрылымы болғанын, олардың Қытай мемлекетімен тығыз қарым-қатынас орнатқанын айғақтайды. Мысал ретінде қытай деректерінен мынадай үзінділерді келтіруге болады: «Б.з.б. 166 жыл. Қыста Ғундардың тәңірқұты 140 мың атты әскерімен Чауна (қазіргі Гансу өлкесі Пинлияң ауданының батыс солтүстігінде), Шиангуандарға (көне қалашығы қазіргі Нинший облысының Гу-юан ауданының шығыс оңтүстігінде) басып кіріп, Бейдидағы бас жасауыл Сунаңды өлтіреді. Көп адамдарын тұтқындап, қыруар мал-мүліктерін барымталап әкетеді. Осымен тынбай Пыяң (қазіргі Гансу өлкесі Жыниуан ауданының шығыс оңтүстігі) қаласын

да басып алып, атты шабармандарын жіберіп Хұйжұнгоң (бұрынғы орны қазіргі Шанши өлкесінің Лұңшан ауданының батыс солтүстігінде) сарайын өртеп жіберді. ... Вынди патша көп әскер жіберіп *Ғұндарға* қарсы шығады. Тәңірқұт ұлы қорған ішінде бір айдай уақыт кезіп жүріп, кейін кері қайтады. Хань әскерлері шекараға дейін қуып барып, ештеңе тындыра алмай құр қайтады. *Ғұндардан* еш шығын шықпайды»¹; «Шуанди патша дәуірінде *Һундардың* ішкі бөлігінде алауыздық туып, бес тәңірқұт өзара соғысты. Хань хандығы Қуғышар тәңірқұтты қолдап, оны хандық орынға отырғызды. Бұл іске Құтюш тәңірқұт ызаланып, Хань хандығының әскерлерін қырып тастады да, Батыс жағындағы *Қаңлы еліне* барып тасалады. Бұдан соң Тұтықбек Кан-Яншумен орынбасар жасақтар бегі Чин Таңдар Батыс өңірдегі ортаншы жасақтар бегіне қарасты мемлекеттердің жасауылдарын жиып, *Қаңлы еліне* аттандырды да Құтюш тәңірқұтты жойды... Бұл іс Юанди патшаның жанжау 3-жылында (жаңа эрадан бұрынғы 36-жылы) болған еді. Чиңди патша дәуіріне келгенде, *Қаңлы елі* бір ханзадасын Хань хандығына кепілдікке жібереді және Хань хандығына тарту ұсынды. Олар аралық қашық деп қарап, мейлінше әспетсіп, басқа елдермен қарым-қатынас жасамай келген болатын. Тұтық бек Гушун патшаға жолдаған бірнеше реткі хатында былай деді: “*Һундар* бұрынғы құдіретті болған күнінде де *Үйсін*, *Қаңлы* елдерінің байырғы мекендерін иелеп ала алмаған еді, ал ол бізге бағынышты болған кезде де осы екі мемлекеттен айрылып қалған жоқ. Хань хандығы олардың кепілдікке жіберген ханзадасын қабылдап отыр. Бірақ бұл үш мемлекеттің арасында өзара тарту ұсыну, барыс-келіс жасау өткендегідей болып келеді. Сонымен бірге олар жағдайды бақылап, өздеріне тиімді орай туыла қалса болғаны, дереу әскер шығарады; әрине, олар біріге қалғанда өзара жақындасып, бір-біріне сенеді деуге, аралары бөліне қалған кезде, қайсысының бағындырушы, қайсысының бағынышты екеніне көз жеткізуге болмайды. Қазіргі жағдайға негіздегенде, *Үйсінмен* құдаласу ешқандай жақсылық әкелген

¹ Ғұн тарихының жылнамасы. – Түркістан: Тұран, 2004. – Б. 33.

жоқ; қайта Жұңго үшін әурешілік әкелді. Біздің Үйсінмен болған құдалығымыз ертедегі іс еді, ол қазір *хундар* тәрізді бағынышты болып отыр; әділет тұрғысынан қарағанда олармен байланысты үзуге болмайды. Бірақ, Қаңлы елі такаппар әрі айлакер, тіпті елшілерімізді де қабылдамай қойды, Тұтық бек жіберген лауазым иелері олардың еліне барғанда оларды Үйсін қатарлы бірсыпыра елдердің елшілерінен төмен отырғызған, өз ханы мен игі-жақсылары тамақтанып болған соң Тұтық бек жіберген елшілерімізді тамаққа шақырған. Бұдан олардың Хань хандығын сыйламайтындығын, өзіне көрші елдерді жоғары бағалайтынын көруге болады. ...Олар саудаласуға әуес, сөздері астарлы. *хун* жат жұрттардың ішіндегі еі ірі мемлекет, қазір әрбір істе Хань хандығына құрмет етеді. Ал Қаңлы елінің Хань хандығын сыйламайтындығын байқаған соң Тәңірқұт өздерін қор санады. Сондықтан біз олардың кепілдікке қойған ханзадасын қайтарып жіберіп, олармен қатынасты үзіп, ендігәрі елші жібермеуіміз, осы арқылы Хань хандығының мұндай әдепсіз мемлекеттермен қарым-қатынас жасамайтындығын білдіруіміз керек... Хань хандығы Қаңлы елімен болған қарым-қатынастың жаңа ғана басталып отырғанын ескеріп және осы атаққа құрмет етіп, олармен болған қатынасты бастан-аяқ сақтады және үзбеді»¹.

Түркілердің жазба мұралары Орхон, Енисей ескерткіштері мәтіндерінде де түркі және қытай халықтарының қарым-қатынасынан хабардар ететін деректер жеткілікті, мысалы: *Türges qaγanï tasïqmïs tedi. On oq bodunï qalisïz tasïqmïs ter. Tabγač süsi bar ermis. Ol sabïγ esidip qaγanïm ben ebgerü tüsejiin tedi.* «Түргеш қағаны жиналды. Он оқ халқы қалмай жиналды, – деді. Табғаш әскері де бар, – деді. Сол сөзді есітіп қағаным: «Мен үйге қайтайын», – деді»; *Quutaj bunšïz anča birür tabγač bodun saby süčig aγïsi jïmšaq ermis. Süčig sabïn jïmšaq aγïn arïp ïraq bodunïγ anča jaγutïr. Jaγru qontuqda kisre jaγ biligin anda üjür ermiš. Edgü bilige kisig, edgü alp kisig jorïtmaz ermiš. Bir kisi jañïlsar*

¹ Бан Гу. Батыс өңірі және үйсін мемлекеті. – Үрімжі: Шынжаң халық баспасы, 1987. – Б. 114.

oγuſi bodunı besükiŋe tegi qıtmaз ermiſ «жібекті есепсіз берер табғач халқының сөзі тәтті, ақығы асыл еді. [Олар] тәтті сөзі, асыл /қазынасымен/ арбап, жырақтағы халықты өзіне соншама жақындатар еді. Жақын қонған кісіні жаман қылығына үйір қылушы еді. Жақсы, білікті кісі, мықты, алып кісі оған көнбес еді. Бір кісі жаңылса, иелігіндегі халқы бесігіне дейін /бесіктегі ұрпақтарына дейін/ құтылмас еді»; Kōrüg sabi anday: Toquз oγuz bodun üze qaγan olurty ter. Tabγaſγaru Quny seŋünig idmiſ, qıtaγaru Toŋra semig idmiſ sab anča idmiſ Az-qıja türük bodun «Тыңшы сөзі мынадай: – Тоғыз-оғыз халқының үстіне қаған отырды – деді. Табғачтарға Қуну-сеңүнді жіберді. Қытайларға Тоңра-семді жіберді. Сөзді былай жіберді: Азғана түрік халқы» joriγur ermiſ, qaγanı alp ermiſ, aγuſisi bilige ermiſ. Ol eki kisi bar erser, sini tabγaſiγ ölürteci termin. Öŋre Qıtaγiγ ölürteci termin. Bini oγuzuγ «шабуы мүмкін. Қағаны алып еді, ақылгөйі білге еді. Ол екі кісі бар болса, Табғач сені де жояды, шығыста қытайды да жояды, оғыз – мені де қырады – дейді» ölürteci ök termin. Tabγaſ beridenjen teg! Qıtaγ öndenjen teg! Ben jirdandajan tegejin! Türük esir bodun jerinte idi joriγmazun! Usur idi joq qısalim [Сондықтан] Табғачтар беріден (алдынан) шап, қытайлар шығыстан шап, мен сыртынан шабайын. Түрік-есір халқының жерінде [өз] иесі билік жүргізбесін. Осылай иесін жоқ қылайық» termin. Ol sabiγ esidip tün udiſqim kelmedi. Küntüz oluriſqim kelmedi. Anda ötrü qaγanıma ötüntim, anča ötüntim. Tabγaſ, oγuz, qıtan bu üceγü qabiſar депті. Ол сөзді естіп түнде ұйқым келмеді. Күндіз отырғым келмеді. Содан соң қағаным өтіндім. Былай өтіндім: «Табғач, оғыз, қытай бұл үшеуі біріге»¹. Түркі ескерткіштері бойынша зерттеу жүргізген ғалымдардың Білге қаған мен Күлтегіннің әкесі Қапаған қағанның өз атын қытайша Мочжо деп атағаны, Тоникуктың Қытай империясында тәрбиеленіп, әскери білім алғаны жайлы деректерді беруі² де түркі және қытай

¹ Сартқожаұлы Қ. Орхон мұралары. – Астана: Күлтегін, 2003. – Б. 126-236.

² Айдаров Ғ. Тоникук ескерткішінің тілі (VIII ғасыр). – Алматы: Қазақстан, 2000. – Б. 47-48.

халықтары байланысының тереңдігін сипаттайды. Қытай және түркі халықтарының арасында дипломатиялық қарым-қатынас орнағаны Күлтегін ескерткішінің мәтінінен айқын аңғарылады. 731 жылы желтоқсан айында Білгеқаған Күлтегіннің қайтыс болғанын хабарлап, оған арнап ескерткіш орнату үшін Қытай императорынан шеберлер жіберуін өтінеді. Ол туралы ескерткіш мәтінінде: *Meniñ sabim'in simadi tabıač qaıanı ičreki bedizčig iiti* «Менің сөзімді сындырмады (қайтармады). Табғач қаған бедізші жіберді» КТк, 11, 12 деген сөйлемде айтылады.

Күлтегіннің жерлеу рәсіміне қатысқан қытай делегациясы жайлы Қ.Сартқожаұлы төмендегідей дерек береді: «Тан империясының императоры Сюань Цзун Күлтегіннің түркі қағанатындағы лауазым орнына сай Тан империясының армия қолбасшысының бірі Люсяньды қосшы етіп және Орда шеберлерінен алты адамды қосып, императордың атынан Білгеқағанға көңіл айтқан хатын жібереді. Император Сюань-Цзунның соншама жылдам қимылдағанына таң қаласыз. Қазіргі қолданылып жүрген күнтізбе бойынша 731 жылдың 9 желтоқсан күні Күлтегін қайтыс болып, 19 желтоқсан күні мүрдесін жөнелткеннен кейін 10 күннің ішінде Күлтегіннің хабары Тан императорына жетіп, содан бұрын императорлық таққа отырған Сюань-Цзун көңіл айту хатын жазып, империя атынан делегациясын аттандырып үлгерген. Дәлірек айтсақ, Кай-юань күнтізбесі бойынша 20 жылы 10 айдың 07 күні, біздің бүгінгі қолданып отырған күнтізбеміз бойынша 731 жылдың 29 желтоқсаны күні өкілін аттандырған. Императордың жіберіп отырғанны жоғарыдағы алты ғана адам емес. Олардың нөкерлері, қорғаушы сарбаздары, атшы-құсшы, аспазшы деген сияқты бір топ. Алты шебер Күлтегінге арнап орнататын киелі кешеннің құрылысын жүргізу, барық (храм) қабырғасына Күлтегін жорықтарының суретін салу, ұстынға император өз қолымен жазылған мәтіннің графикалық ерекшелігін сол қалпымен өзгертпей түсіру, мүсінтастарды жасап орнату сияқты жұмыстарды атқарады. Бұл делегация құрамын бастап келген Чжан-Цюй көп кешікпей қайтып кеткен сияқты.

Өйткені, түркі мәтінінде оның аты жазылмаған. Министр Лю Сянь (мәтінде Ісйі Лекең) мен шебер Чжан-Сюнзюнь (мәтінде Чаң-Сеңүн) екеуінің аты ғана Күлтегін мәтінінде таңбаланған... Кешеннің салтанатты ашылуына Табғачтан Ісйі Лекең жібек-торғын (он мың бума), мол алтын, күміс әкеледі»¹.

Тарихи деректерде көрсетілгендей дәуірлер бойы жалғасып келе жатқан түркі және қытай халықтарының қарым-қатынасы, олардың қытай жылнамаларынан көрініс беруі Қытайдағы түркі халықтары туралы алғашқы ақпараттарды қалыптастырса, қытай зерттеушілері тарапынан жүргізілген өз елдерінің тарихына қатысты жазба деректерді саралау, жылнамалар мәтінінде сақталған көне тайпаларды анықтау мәселелері аймақтық түркітанудың іргетасын қалады. Кейінгі жылдардағы Қытай және патшалық Ресейдің жер бөлінісі кезінде түркі халықтарының ата-мекені болып табылатын біраз жер бөлігінің Қытай аумағына өтуіне, сондай-ақ XX ғасырдың алғашқы жылдарындағы Кеңес үкіметінің саясатына орай қуғын-сүргінге ұшыраған түркілердің бір бөлігінің көршілес Қытай территориясына қоныс аударуына байланысты Қытай мемлекетінің құрамында 13 миллионға жуық ұйғыр, қазақ, өзбек, татар, қырғыз сары ұйғыр, тува т.б. түркі халықтарының мекен етуі де Қытайдағы түркітану ғылымының қалыптасып, дамуына ықпал етті. Жергілікті түркі халықтарының ана тілінде білім алуына, өз мәдениетін дамытуға жағдай жасап отырған Қытай мемлекетінің саяси ұстанымы да аймақтық түркітанудың ілгерілеуіне оң әсерін тигізіп келеді.

Қытайдағы түркітану ең алдымен түркі тектес ру-тайпалардың тарихын анықтау, түркі жазба ескерткіштерін зерттеу мәселесінен басталғанымен, XX ғасырдың соңғы жылдарынан бері ауқымы кеңіп, тек түркі жазба ескерткіштері ғана емес жергілікті түркі халықтарының тарихына, мәдениетіне, әдебиетіне, тіліне қатысты мәселелер жан-жақты зерттелуде. Бұл Қытайда өзіндік бағыт-бағдарымен ерекшеленетін түркітану мектебі қалыптасқанын айғақтайды.

¹ Сартқожаұлы Қ. Орхон мұралары. – Астана: Күлтегін, 2003. – Б.149-150.

Қазір Қытай мемлекеті аумағына кіретін Ұлы Жібек жолы бойында орналасқан Шығыс Түркістан (қазіргі Шыңжаң өлкесі) ірі мәдени және сауда-саттық ошағы болған түркілердің ежелгі атамекені. Шығыс Түркістан, Тұрфан ойпаты аумағын мекендеген түркі тайпаларының көшпелі өмір салтымен бірге отырықшылық, сауда-саттық, қолөнер, бау-бақша өсіру, егін салу, жер суарландыру мәдениетін де жетік меңгергенін айғақтайтын тарихи-археологиялық деректер жеткілікті. Шығыс түркістандық түркілер мәдениетінің жоғары көрсеткіштерінің бірі – сол өңірден табылған әртүрлі әліпби жүйелерімен хатқа түскен түркі жазба ескерткіштері. Шығыс Түркістаннан табылған жазба ескерткіштердің саны – 50 шақты¹, ал қолданылған жазу үлгілері – 26, олар: арамей жазу жүйесіндегі – кхарошти жазуы, араб жазуы, парсы жазуы, қараханидтер жазуы, шағатай жазуы, сирия жазуы, манихей жазуы, соғды жазуы, орхон жазуы, қидан кіші жазуы, көне ұйғыр жазуы, монғол жазуы, тотын монғол жазуы, сібе жазуы; хуа шия жүйесіндегі – қытай жазуы, батыс шия жазуы, қидан үлкен жазуы; брахма жүйесіндегі – брахма жазуы, санскрит жазуы, тохар жазуы, басма жазуы². Мұндағы қараханидтер жазуы мен шағатай жазуы араб әліпбиінің аздаған өзгерістері бар нұсқалары. Шығыс Түркістандағы түркі тайпаларының түркілер кеңінен қолданған көне түркі, көне ұйғыр, араб жазуларынан басқа да түрлі жазу жүйелерін пайдалануының басты себебі – Жібек жолымен сауда-саттық жасауға келген түрлі халықтармен тығыз қарым-қатынас орнатуларына және ислам дініне дейін ұстанған діни наным-сенімдеріне байланысты болды.

Түркілер қолданған жазу жүйелері туралы алғашқы деректер VI ғасырдың орта шенінде жазылған «Жоу патшалығы тарихы. Түркілер шежіресі», «Солтүстік Чи патшалығы тарихы», «Ие Луй Чияңның өмірбаяны» жылнамаларында кездесетінін көрсеткен

¹ Базылхан Н. Түрік бітіктану саласының теориялық мәселелері: тарихи-мәдени аспектілері//Көне түркі жазуларының зерттелуі: бүгінгі мен болашағы. – Астана: Атамұра, 2004. – Б. 104.

² Құрбан Уәли. Біздің тарихи жазуларымыз. – Үрімші, 1986. – Б. 105-110.

Қ.Ғабитханұлы тарихи деректер жайлы өз көзқарасын білдіреді: «Алдыңғысында олардың (түркілердің) жазуы Хулардың жазуына ұқсайтын еді десе, соңғысында «Дай елінде туған Ли Шычын төрт тіл білетін танымал адам болған... Хужу ханы оған будда номдарын түркі тіліне аударуға бұйырды. Және орда хатшысы Ли Дылиңға алғы сөз жаздырып, Түркі қағанына жібергізді» делінген. Бұл оқиға түркілердің Таспар қағаны тұсында (574-576 жылдары) болған. Десе де, бұл дерек бойынша түркілердің VI ғасырда жазу қолданғаны белгілі болғанымен ол жазу түркі руника жазуы ма, әлде соғды жазуы ма ғылымда әлі ортақ пікір жоқ. Кей ғалымдар Монғолиядағы Бұғытыдан табылған соғды жазулы ескерткіштерге қарап, түркілер VI ғасырдың соңында соғды жазуын қолданған, көне түркі руника жазуы одан кейін пайда болды деген пікірлерді ұсынады (Гың Шымин. Көне жазба ескерткіштері туралы// Түркілер мен ұйғырлардың тарихына байланысты ғылыми мақалалар жинағы. 1 том. Жуңхуа баспасы, 1987, 572 б. қытай тілінде). Бұның әрине, ғылыми дәлелі әлі жеткіліксіз. Көне түркі жазба ескерткіштерін ғылыми тұрғыдан тану және зерттеу жұмысы Қытайда XX ғасырдың 30-40 жылдарынан басталғанымен Қытай деректерінде ескерткіш туралы мәліметтер осыдан он ғасыр бұрын хатқа түскен. Мәселен, «Көне Таңнама» мен «Жаңа Таңнамада» Күлтегін мен Білгеқаған ескерткіштерінің орнатылғаны, оған Таң патшалығынан арнайы адам барып қатысқаны жазылса, осыдан 700 жылдай бұрын XIII ғасырда өмір сүрген ақын Ие Лүйтаудың сол кезде жазған «Құрымды алу атты өлеңінің түсіндірмесінде Күлтегін ескерткіші туралы айтылады. Сондай-ақ, Юан дәуірінде жазылған (1206-1279 жж.) ақын Чын Ипудың «Қарақұрым қаласындағы солтүстік Таң Күлтегін тас ескерткіші» атты өлең жазғаны жайлы деректер сақталған»¹.

Күлтегін ескерткіші екінші бетіндегі қытай мәтініне зерттеушілердің алғаш назар аударуы XX ғасырдың алғашқы жылда-

¹ Ғабитханұлы Қ. Көне түркі жазба ескерткіштерінің Қытайда зерттелуі// Тіл және қоғам. – Астана. – 2006. – № 2(7). – Б. 99-100.

рына сәйкес келеді. 1911 жылы Монғолия жеріне келген Чин патшасының өкілі ескерткіштегі жазулардың көшірмесін қағазға түсіріп, баспасөзде жариялайды. Қытай мәтіні алғаш рет 1929 жылы Хуан Жоңғының «Күлтегін ескерткіші» деген мақаласында Жуңшан университеті тіл-тарих институтының апталық журналында» басылады. Осы кезден бастап қытай зерттеушілерінің түркі жазба ескерткіштерінің зерттеуге деген ынтасы артып, қытай мәтініне, түркі мәтініне байланысты бірнеше еңбектер жарияланады. Олардың қатарында Хуан Жоңғының «Тағы да Күлтегін ескерткіші» (1930 ж.), «Таң дәуіріндегі Білгеқаған ескерткіші» (1933 ж.), «Таң дәуіріндегі Күлтегін ескерткіші» (1933 ж.); Юэ Жияшиаудың «Қарақұрымдағы Таң дәуірінің үш ескерткіші» (1934 ж.); Хан Рулиннің «Түрікше Күлтегін ескерткішінің аудармасы мен оған түсіндірме» (1935 ж.), «Түрікше Тоникук ескерткішінің аудармасы» (1936 ж.); Уаң Жиңридің «Түрікше ұйғырдың батыр Білгеқағаны ескерткішінің аудармасы және ол туралы түсіндірме»; Чын Жуңмияның «Түрікше Білгеқаған ескерткіші», «Турпан ағаш ойма жазулары туралы түсіндірме», «Түркі тарихы» атты еңбектер бар¹.

Қытай мемлекетінің аумағында және шекаралас аймақтарда түркі халықтарымен қатар монғол, тұңғыс, маньчжур халықтарының араласа мекен етуіне байланысты көп тілді салғастырмалы-салыстырмалы сөздіктер дайындау дәстүрінің ерте замандардан бастап орнығуы да түркітанудың қалыптасуына белгілі бір дәрежеде ықпал етті. Түркі тілдеріне қатысты Қытайда дайындалған көне сөздіктер – 1403-1424 жылдары алғашқы нұсқасы, 1465-1566 жылдары толық нұсқасы жарияланған «Ыдықұт сөздігінде» қытай және ұйғыр тілдері деректері қамтылса; 1763 жылы дайындалған «Батыс өңіріндегі ұқсас тілді халықтар баяны» сөздігінде қытай, ұйғыр, монғол, маньчжур, тибет, тотын-монғол тілдері салыстырылып берілген; ал 1795 жылы жазылған «Бес тілді маньчжурша сөздікте» маньчжур, тибет, монғол, ұйғыр, қытай тілдерінің деректері беріледі.

¹ Ғабитханұлы Қ. Көне түркі жазба ескерткіштерінің Қытайда зерттелуі// Тіл және қоғам. – Астана. – 2006. – № 2(7). – Б. 99-100.

XX ғасырдың соңғы жылдарынан бастап Қытайда түркологиялық зерттеулер кең ауқымда жүргізіле бастады. Алғашқы түркологиялық зерттеулер негізінен мақала, баяндама, хабарлама түрінде жарияланған болса, ендігі кезекте көлемді монографиялық еңбектер мен оқу құралдары, сөздіктер де жариялана бастады. Қытай түркологиялық мектебінің орнығуына үлкен еңбек сіңірген ғалымдардың бірі – Гың Шымин. Зерттеушінің түркітануға қатысты маңызды еңбектері: «Ұйғырдың тарихи жыры Оғыз қаған туралы» (1979), «Көне түркі ескерткіштерінің мәтіні», «Ежелгі тілдік мұралардың Шыңжаннан табылуы және зерттелуі жайы» (1979 ж.). Сондай-ақ түркологиялық зерттеулермен айналысып, түркі мұраларын қытай тіліне аударып түсініктеме жасаған, оқу құралдарын дайындаған, сөздіктер түзуге қатысқан Ху Жынхуа, Ли Жиңви, Чың Зоңжың, Вый Сүйи, Ян Фусюе, Ли Зыңшаң, Жаң Дингиң, Жаң Тешан т.б. зерттеушілерді атауға болады.

Орта ғасыр түркі мұралары Жүсіп Баласағұнның «Құдатғу білігінің», Ахмет Югнекидің «Хибат-ул хақаиқ» шығармасының қытай, ұйғыр тілдеріне, «Оғыз қағанның» қытай, ұйғыр, қазақ тілдеріне аударылуы, Махмут Қашқаридың «Диуани лұғат-ит түрк» сөздігінің (3 том) ұйғыр тіліне аударылуы, «Көне түркі тілі ескерткіштерінің грамматикасы», «Көне түркі тілі ескерткіштерінің лексикасы», «Көне ұйғыр жазба ескерткіштері» атты оқу құралдарының дайындалуы Қытай түркологтарының лингвистикалық түркітанудың дамуына қосқан елеулі үлесі болып табылады.

XX ғасырдың 70 жылдарынан бастап түркологиялық зерттеулер жүргізуге, түркі мұраларын аударуға жергілікті қазақ, ұйғыр халықтары өкілдері араласа бастады. Олардың қатарында – Еркін Ауғали, Тұрсын Аюп, Абдукәрім Қожа, Құрбан Уәли, Қаһар Барат, Айдар Мырқамал, Абдурешит Якуп, Хамит Темір, Мәкен Ілекенұлы т.б. түркітанушы мамандар бар. Еркін Ауғали жалпы алтаистика мәселелері және көне түркі жазба ескерткіштері тілі бойынша, Айдар Мырқамал көне ұйғыр жазба ескерткіштерін

оқу, аудару, тілін зерттеу мәселелері бойынша нәтижелі еңбек етіп келеді. Жергілікті түркі халықтары өкілдерінен шыққан зерттеуші-филологтар легінің қалыптасуы, олардың ғылымға келуі Қытайдағы түркологиялық мектептің нығаюына ықпал етіп, лингвистикалық түркітанудың дамуына жаңа серпін берді.

Монғолия түркологиясы. Түркітанудың Монғолияда қалыптасып, дамуының бірнеше факторлары бар: көшпелі мәдениет иелеріне тән тарихи тағдырдың сабақтастығы; түркі және монғол халықтарының көршілес аймақты мекендеп, тығыз қарым-қатынаста болуы; түркі, монғол халықтарының көшпелі өмір салтына негізделген тұрмыс-тіршілігі мен салт-дәстүріндегі ұқсастықтардың болуы; құрамында бірнеше түркі елдерін қамтыған Кеңес Одағының Монғолияға ықпалы (ортақ социалистік жүйе); VII-IX ғасыр руникалық түркі жазба мұраларының негізгі бөлігінің Монғолия аумағынан табылуы; түркі-монғол тілдерінің алтай тілдік семьясына топтастырылуы; Монғолияны түркітөктес халықтар диаспораларының мекен етуі.

Монғолия халқының түркі халықтары жайлы жақсы мағлұматы болғанымен, академиялық түркологияның қалыптасуы XX ғасырдың орта шенінен басталады. Осы кезеңдерден бастап монғол зерттеушілері өздерімен тығыз қарым-қатынаста болған түркі халықтарының тарихы, этнографиясы, тілі мен әдебиеті мәселелері бойынша зерттеулер жүргізді. Орхон, Енисей, Талас бойынан табылған құпия жазулардың түркілер мұрасы екені анықталып, табылған ескерткіштер тілдік тұрғыдан біршама зерттелгеннен кейін әлемдік түркітану жаңа ескерткіштерді іздеп табу, оқу, аудару мәселелерін өзектеп отырған тұста монғол ғалымдары де өз аумақтарындағы ескерткіштер табылған өңірлерді зерттеу ісін қолға алды. Монғолиядағы түркітану ғылымы түркі жазбалары табылған өңірлерге археологиялық зерттеулер жүргізумен тікелей байланысты дамыды. Түркі жазба ескерткіштерін табылған өңірлерді тереңірек зерттеу, жаңа ескерткіштерді іздестіру мақсатында 1950-1960 жылдары аралығында бірнеше тарихи-археологиялық, лингвистикалық экс-

педиялар ұйымдастырылды, кейбір экспедицияларға Кеңес Одағы ғалымдары да қатысты. Экспедициялар барысында түркітану ғылымы үшін аса маңызды, көне түркі, ұйғыр, қырғыз қағандықтары жайлы мәлімет беретін көлемді мәтіндерден тұратын «Бұғыт», «Тариат» ескерткіштері табылды. Экспедиция материалдары бойынша Н.Сэр-Оджав, Х.Перлээ, Д.Наваан, Ц.Доржсүрэн, Д.Цевендорж тәрізді монғол археологтарының тарапынан түркітануға байланысты көптеген еңбектер жарияланды. Б.Рипчэн «Монғол путағ ханды бичээс гэрэлт хошооний эүйл» («Монғолиядағы жартас жазуы мен ескерткіш кешендері») деген атласты 1968 жылы жариялады. Археологиялық зерттеулер ішінде монғол ғалымы Н.Сэр-Оджавтың еңбегін ерекше атап өту абзал. Оның «Жаңадан табылған түркі жазулары» (1960 ж.), «Их Асхет немесе Алтан тамған Тархан ескерткіші» (1963 ж.), «Эртний түрэгүдд» (Көне түріктер) (1970 ж.), «Монголын эртний түүх» (Монғолияның көне тарихы) (1977 ж.) атты монографиялық еңбектері көп жылғы қазба жұмыстары мен далалық экспедициялар зерттеуінің бірегей құнды нәтижесі. Көне түркі жазуларын зерттеу ісін кешенді түрде Монғол тарих-мәдениет зерттеу экспедициясы 1969-1975 жылдары жалғастырды. Ол экспедиция Тариат, Тэс, Қарабалғасун, Бигер, Дарви, Хутаг уул, Цэнхэрмандал, Хангидай хад жазуларын зерттеді.

М.Шинэхүү («Тариаттағы орхон түрік жаңа бітік жазуы». 1975 ж.), Л.Болд («Монғолиядағы жартас жазулары». 1990 ж.), Д.Баяр («Монғолияның орталық орталық жерлеріндегі түрік тас мүсіндері». 1997 ж.), Г.Санжмятов («Монголын хадны зурап». 1990 ж.), Ц.Баттулга («Монғолиядағы көне түрік кіші жазулар». 1999 ж.) т.б. еңбектер жарияланды.

Монғолия түркологиясының лингвистикалық саласының дамуына сол жерді мекен ететін түркітекес қазақ диаспорасының өкілдері үлкен еңбек сіңірді. Монғолиядағы түркітану, қазақтану саласының дамуына профессор Б.Базылханның қосқан үлесі зор. Ғалым Күлтегін, Білгеқаған, Тоникуқ, Тариат, Гурвалжин уул, Хангидай, Өвөр дөрвөлж т.б. түркі бітік жазу-

лы ескерткіш кешендерді зерттеп, жаңаша оқып, ғылыми аудармаларын жасады. Ескерткіштер тілін зерттеудің нәтижесі көне түркі тілінің табиғи болмысын, сөз бен морфема, қосымша морфемалар тізбегі мәселелерін жаңа ғылыми тұжырым бойынша саралауға бағытталған «Көне түрік бітік жазулары тілінің сөз құрылысы» (1979 ж.) атты монографияда баяндалады. Зерттеуші құрастырған «Қазақша-моңғолша сөздік» (1977 ж.), «Моңғолша-қазақша сөздік» (1987 ж.) жалпы алтайтанудағы іргелі еңбектер қатарында. Түркі тілдері дамуының алтайлық кезеңі жайлы қалыптасқан генеалогиялық бағытты қолдайтын ғалымның қазақ және моңғол тілінің фонетикалық жүйесі мен грамматикалық құрылымын, лексикасын салыстыра зерттеуге арналған «Қазақ және моңғол тілдерінің салыстырмалы-грамматикасы» (2000) осы бағыттағы алғашқы кешенді еңбек болып табылады.

Монғолия түркологиясының дамуына үлес қосқан зерттеушілердің бірі – Қ.Сартқожаұлының көне түрік руникалық жазулары мен VI-IX ғасырлардағы түрік-ұйғыр этномәдени сабақтастығы, Орхон мұраларын оқу, аудару мәселелеріне қатысты еңбектері бар. Моңғолия түркологиясына үлкен еңбек сіңірген қазақ диаспорасының өкілі, рунолог Қ.Сартқожаұлы ғылыми шығармашылығын тарихи атамекенінде жалғастыруда. Қазіргі таңдағы Монғолия түркологиясы да өзіндік бағыт-бағдарымен дамуда.

Жапония түркологиясы. Ғылыми әдебиеттерде Жапониядағы түркі халықтарының тарихы мен мәдениетіне қатысты жалпылама деректер XIX ғасырдың басында айтыла бастағаны, жекелеген салалары бойынша зерттеулер XIX ғасырдың соңы мен XX ғасырдың алғашқы жылдарынан бастап жүргізіле бастағаны айтылады. Шығыс мәдениетінде өзіндік орны бар, VIII-X ғасырларда «Кодзикки», «Нихон секи», «Фукоди», «Син сэндзике», «Манъесю», «Кокин-сю» т.б. тәрізді қытай иероглифтерімен, жапонның силлабикалық әліпбиімен жазылған мол жазба мұра қалдырған жапондардың көне тарихы мен мәдениетіне

қатысты жазба деректер түркітанушылар тарапынан әлі арнайы қарастырыла қойған жоқ. Сондықтан жапон жазбаларындағы түркілер жайлы деректердің сақталуы қай кезден басталатынына нақты сипаттама беру шешімі табылмаған мәселе.

Түркітекес халықтардың тілі мен тарихын, жалпы мәдениетін зерттеу мәселесі ең алғаш Токио университетінде қолға алынып, Куракичи Сиротори, Кадзуо Эноки, Масао Мори, Нобуа Ямада сынды Жапония түркологиясының өкілдері осы университеттің қабырғасында қызмет етті. Қазіргі таңда Токио университетінде түркілердің жаңа тарихы бойынша зерттеу ісімен түркітанушы Хисао Комацу айналысуда. Киота және Коккайдо университеттерінде де түркологиялық бағыттағы ізденістер жалпы шығыстанудың аясында жүргізілуде. Жапон ғалымдары Мориасу Такаоның жетекшілігімен түркі жазба ескерткіштері орналасқан Монғолия аумағына экспедиция ұйымдастырып, көне түркі мұраларының оқылымдары туралы, басқа да тарихи-лингвистикалық проблемалары бойынша ойларын ортаға салуда. Жапон түркологы Масахиро Шогайто Лондон және Петербург қалаларындағы қолжазбалар қорындағы көне ұйғыр мәтіндерін зерттеп келеді. Сондай-ақ Ода Жутен, Дай Матсуй, Уме-мура, Сугахара Митсуми қатарлы ғалымдар түркітану саласы бойынша зерттеулер жүргізуде. Шағатай жазбаларын зерттеп жүрген Сугауара Жун, Сугахара Митсуми, Шинмен Канг бар. Қазіргі түркі тілдері бойынша – якут, долган тілдерін зерттеумен Фужисхиро Сетсу, Ебата; ұйғыр тілін зерттеумен Хайаши Тоуру, Курибайаши, Сугауара Жун сынды ғалымдар айналысуда.

Кеңес Одағы мен Жапонияның саяси-экономикалық және мәдени-ғылыми байланысының нәтижесінде 1955 жылы Коккайдо университеті жанынан КСРО тарихын зерттейтін арнайы ғылыми орталық құрылып, ұзақ жылдар бойы коммунистік партияның саяси-идеологиялық ұстанымдары мен социалистік жүйенің даму тарихын, Кеңес Одағының тарихын зерттеумен айналысса, 1990 жылдан бастап Орта Азияның жалпы мәселелерімен, оның ішінде түркологиялық бағыттағы зерттеулермен де айна-

лысуда. Киота университетінде жұмыс істейтін шығыстану кафедрасы Орта Азия тарихын зерттейтін ірі орталық болып табылады. Жапония түркологиялық мектебінің ірі өкілдерінің бірі – Тору Ханэда осы кафедрада еңбек еткен. Жапонияда 1917 жылдан бері шығыс мәдениеті мен тарихына, тілі мен әдебиетіне қатысты ғылыми әдебиеттер қоры жинақталған Шығыстану кітапханасы (Тойо Бунко) жұмыс істейді.

Жалғамалы тілдер қатарындағы түркі және жапон тілдерінің алтай тілдік семьясына топтастырылуына негізделген жапондықтардың этногенездік құрамы жайлы кейбір мәліметтер түркі-жапон халықтарының тарихи байланысын жан-жақты зерттеуді қажет етуде. Түркі-жапон байланысын тарихи-лингвистикалық тұрғыдан терең зерттеу заманауи түркітанудың өзекті мәселері қатарынан орын алады.

Түркия түркологиясы. Еуропада түркітану ғылымының қалыптасу себебінің негізгі факторларының бірі болған Осман империясының мұрагері – Түркия мемлекетінде де түріктердің жалпы түркі халықтарының тілі, тарихы мен әдет-ғұрпы, әдебиеті мен мәдениеті жайлы еңбектер түріктердің Еуропаға қоныс аударуының алғашқы кезеңдерінде-ақ жазыла бастады. Түрік тілінің тарихи дамуын көрсететін негізгі жазба ескерткіштердің бірі – Фахреддин Эфендидің «Касидету фи-кавалд-и Лисани түрк» (XIII-XIV ғғ.) түрік тілінің алғашқы грамматикасы саналады. XVI ғасырда жазылған Бергамалы Кадридың «Мүсиретүл-улум» еңбегі османлы түріктері тілінің грамматикалық құрылымы сипатталған алғашқы еңбектер қатарында. XIX ғасырда Түркия ғалымдары негізінен орта ғасыр жазба ескерткіштер мен жылнамаларды оқып, жариялаумен, зерттеп, оқып, жариялаумен айналысты.

XIX ғасырда түркітанудың дамуына үлес қосқан түркітанушылар мен қоғам қайраткерлері – Ахмет Жевдет Паша (26/27.03.1823-26.05.1895 жж.), еңбектері: «Dîvançe, Mi'yâr-ı Sedâd Âdâb-ı Sedâd Mecmûa-i Âliyye Ma'lûmât-ı Nâfi'a Eser-i Ahd-i Hamidî» «Mukaddime-i İbn Haldun», «Sosyalistlere Dâ'ir bir Makale»,

«Mecelle-i Ahkâm-ı Adliye Düstur»; Ахмет Вефик Паша (03.06.1823-02.04.1891 жж.), еңбектері: «Salname, Hikmet-i Târih», «Ebûlgâzi Bahadır Han, Şecere-i Türkî», «Fezleke-i Târîh-i Osmânî», «Atalar Sözü - Türkî Dûrûb-i Emsal», «Ali Şir Nevâî: Mahbûbü'l-kulûb», «Kâtib Çelebi: Düstûrû'amel İi-islâhi'I-halel»; Шамсуддин Сами (01.06.1850 – 01.07.1904 жж.), еңбектері: «Тааşşuk-ı Tal'at ve Fitnat» (1872-1873 жж.); «Şeydi Yahya» (1875 ж.) т.б.

XIX ғасырдың екінші жартысында араб әліпбиімен, араб лингвистикасы дәстүрімен түрік тілінің бірнеше грамматикалары жазылды: Ахмет Жевдет паша мен Физат паша жазған «Калванд-и Османие» атты грамматика (1851 ж.); Абдуллах Рамиз пашаның 1866 жылы жарияланған «Емсиле-и Түркие» грамматикасы; Монастырлы Мехмет Рифат жазған «Хадж-и Лисан-и Османи» (1885 ж.) еңбегі; Шемседдин Сами жазған «Нев Усул Сарф-и түрки» грамматикасы (1892 ж.); Неджжип Асымның «Османлы сарфы» грамматикасы (1894 ж.); Шемседдин Самидің «Камус-и түрки» грамматикасы. Шемседдин Самидің соңғы грамматикасында түрік тілінің өзіндік ерекшеліктері, араб тілінің грамматикасынан айырмашылығы ескерілген.

1910 жылы Осман тарихы қоғамының құрылуы Түркия түркологиясының біршама жүйелі бағыт алуына ықпал етті. Осы кезеңдегі түрік тілінің зерттелуіне Стамбул университеті ғалымдары тарапынан үлкен мән берілді.

XX ғасырдың алғашқы жылдарында (1908-1928 жж.) жазылған түрік тілінің грамматикалары батыс лингвистикасының методологиясына негізделді, олардың қатарында 1908 жылы жазылған Хусейн Жахиттің «Түркче сарф ве нахиб», 1912 жылы жазылған Ахмет Жеват Эмренің «Лисан-и Османи: Сарф ве нахив» деген грамматикаларын атауға болады. Ахмет Жеват Эмренің (1878-10.12.1961 жж.) басқа еңбектері де түркологиялық бағытта жазылды: «Türk Lehçelerini Mukayeseli Grameri (ilk deneme) Birinci Kitap Fonetik» (1949 ж.), «Türkçede Kelime Teşkili Hakkında Bir Anket» Birinci Kitap (1933 ж.), «Eski Türk Yazısının Menşei» (1938 ж.), «Türkçenin Yapılışı-Mukayeseli Türk Gramerine Hazırlık İrdemleri»

(1942 ж.), «Türkçede İsim Temelleri Mukayeseli 'Türk Gramerine Hazırlık İrdemleri» (1943 ж.), «Türk Dilbilgisi-Türkçenin Bugünkü ve Geçmişteki Gelişimleri Üzerine Gramer Denemesi» (1945 ж.).

Сондай-ақ Түркиядағы түркітанудың дамуына – Ибрахим Нәжми Ділмен (1889–1945 жж.) еңбектері: «Yeni Türkçe Dersleri» (Стамбул, 1928), «Türkçe Gramer» 1-4 (Стамбул, 1930), «Türkçe Gramer: Lise ve Orta Mekteplerle Muallim ve Hayat Mekteplerine Mahsustur» (Стамбул, 1933), «Holivut Matbaası. Güneş Dil Teorisinin Ana Hatları» (Анкара, 1935), «Türk Dilbilgisi Dersleri» (Стамбул, 1936), «Türk Tarih Tezinde Güneş-Dil Teorisinin Yeri ve Değeri» II. Türk tarih Kongresi: Kongrenin Çalışmaları, Kongreye Sunulan Bildiriler (Стамбул 1937); Мехмет Әли Ағақай (1893 – 21.11.1965 жж.), еңбектері: «Türkçe Sözlük» (Стамбул, 1945, Анкара, 1955, 1959), «Felsefe Terimlerinin Dil Bakımından Açıklanması Dolayısıyla Bazı Kelime Yarı Yolları» (Стамбул, 1943), «Türkçede Mecazlar Sözlüğü» (Анкара 1949), «Türkçede Yakın Anlamli Kelimeler Sözlüğü» (Анкара 1956), «Fransızca-Türkçe Sözlük» (Анкара 1962, Анкара 1971); Агоп Дилачар Мартайан (22.05.1895-12.09.1979 жж.) Түрік Тілі Құрымының алғашқы бас хатшысы, еңбектері: «Türk Diline Genel Bir Bakış» (Анкара, 1964), «Dil, Diller ve Dilcilik» (Анкара 1968), «Kutadgu Bilig İncelemesi» (Анкара, 1972), «Türkiye’de Dil Özleşmesi» (Анкара, 1965), «Thomsen» (Анкара, 1963), «Devlet Dili Olarak Türkçe» (Анкара, 1962), «Les Bases Bio-Psychologiques de la Güneş-Dil» (Стамбул, 1936), «Anadili İlkeleri ve Türkiye Dışındaki Başlıca Uygulamalar» (Анкара, 1978); Өмер Асым Ақсой (05.04.1898 – 30.10.1993. 30.10 жж.), еңбектері: «Usul-i Tahrir ve Edebiyat Dersleri» (Gaziantep, 1925), «İmlâmıza Sarf ve Nahvimize Dair» (Gaziantep, 1925); «Gaziantep Dilinin Tetkiki» (Gaziantep, 1933); «Gaziantep Ağzında Sentaks Araştırmaları» (Gaziantep, 1936); «Bir Dili Öğrenmek İçin En Lüzumlu Kelimeler» (Gaziantep, Halkevi, 1936); «Güneş Dil Teorisi ve: Türk Dil Kurultayı» (Gaziantep, Halkevi, 1937); «Deyim, Takım Söz, Meşhur Söz, Atalarsözü» (Анкара, 1940); «Örneklerle Tarama Sözlüğü» (Анкара, 1942) т.б. ғалымдар үлес қосты.

Түрік тілінің зерттелуі 1923 жылы жаңа Түрік мемлекеті (1924 жылдан Түркия Жұмхурияты) құрылғаннан кейін жаңа қарқынмен дамыды. 1928 жылдан бастап Ататүрк басшылығымен жүргізілген «тіл төңкерісі» түрік тілін шет тілдер қысымынан құтқару; лексикалық қорға, терминологиялық жүйеге енген араб, парсы, батыс тілдері элементтерін мүмкіндігінше түріктік баламаларымен алмастыру; грамматика саласындағы арабтық, парсылық, француздық қалыптарды қайталаудан бас тарту; түрік тілінің фонетикалық ерекшеліктеріне негізделген жаңа әліпбиге көшу мәселелерін көтеріп, жаңа сипаттағы түрік тіл білімінің қалыптасуына ықпал етті. Жаңа сипатта жазылған алғашқы еңбектер қатарында – Тахсин Бангуаоглудың «Анахатлары иле түрк грамери» (1940 ж.) атты грамматикасын атауға болады.

XX ғасырдағы Түркия түркологиясын дамытуға қызмет еткен түрік тілінің белгілі маманы, қоғам қайраткері – Аталай Бесим (1882-1965 жж.) «Түрік тілі қоғамы» басқармасында жауапты қызметтерге араласады (1932-1951 жж.). 1937-1942 жылдары Анкара университетінде профессор қызметін атқарған Бесим Аталай Махмуд Қашқаридің «Диуани луғат ит-түрк» сөздігінің түрікше аудармасын (1939-1943 жж.) дайындайды, 1530 жылы Бергамалы Кадри жазған түрік тілінің ең көне грамматикасын (1946 ж.), қыпшақ, шағатай тілдеріндегі бірнеше ескерткіштерді түсініктемелерімен жариялайды. Араб-парсы тілдерін жетік меңгерген ғалым аударған Құранның түрікше нұсқасы 2 рет басылып шығады. Негізгі еңбектері: «Bektaşilik ve Edebiyatı» (Анкара, 1924); «Türk Büyükleri ve Türk Adlan» (Стамбұл, 1923, 1935); «Türk Dili Kuralları» (Анкара, 1931); «Dîvânu Lugâtî't-Türk Çevirisi» (Анкара, 1939-1941); «Dîvânu Lugâtî't-Türk Dizini» “Endeks” (Анкара, 1943); «Türkçede Kelime Yapma Yolları» (Стамбул, 1946); «Eş-Şüzûr-üz-Zehebiyye vel-Kitaül-Ahmediyye fil-Lûgât-it-Türkiyye» (Стамбул 1949); «Seng-Lâh. Lugât-i Nevâî (Mebani-ül Lûga)» (Стамбул 1950); «Türk Dili İle İbadet» (Стамбул 1961); «Hayvan Hikâyeleri ve Hayvanlardan Öğütler» (Стамбул,

1962); «Türk Dilinde Ana Kelimeler veya Türkçe Türetme Sözlüğü» (Анкара, 1967); «Abuşka Lügati veya Çağatay Sözlüğü» (Анкара, 1970) т.б.

Түркі халықтары ішіндегі дербес мемлекеттігі бар (1991 жылға дейін) жалғыз Ел Түркияда жалпытүркілік мүддеге негізделген түркі дүниесінің бірлігі, басқа түркі халықтарының тағдыры, түркі тілдері, ортақ түркі әліпбиі т.б. мәселелері жайлы қоғамдық ой-пікірлер ашық айтылып, еңбектер үнемі жарияланып жатты. Исмайл Гаспринский (08.03.1851 – 11.09.1914 жж.), Ибрахим Синаси (05.08. 1826 – 13.09.1871 жж.); Муаллим Нәжи (1850 – 1893 жж.); Нәжіп Асым Язықсыз (29.12.1861 – 12.12.1935 жж.); Велед Шелеби Избұдақ (16.07. 1869 – 04.05.1950 жж.); Мехмет Зия Гөкалып (23.03.1876 – 25.10.1924 жж.); Шаим Али Дилемре (1880 – 1954 жж.); Жалал Сақыр Ерозан (29.09. 1883 – 16.11.1935 жж.); Али Жанип Йонтем (1887 – 1967 жж.); Абдүлқадір Инан (29.11.1889 – 1976 жж.); Исмайыл Хами Данышменд (1899 – 1967.04.12 жж.); Ысмайыл Хикмет Ертайлан (1889 – 1967 жж.); Зәки Уәлиди Тоған (10.12.1890 – 26.07.1970 жж.); Мехмет Фуат Көпрүлү (04.12.1890 – 28.06.1966 жж.); Хасан Рашид Танкут (1891 – 1980 жж.); Тахир Нежат Генжан (1892 – 02.07.1980 жж.), Мұстафа Нихат Өзөн (1896 – 1980 жж.); Хамит (Абдулхамит) Зүбейір Қушай (1897 – 1984 жж.); Әли Нихат Тарлан (1898 – 30.09.1978 жж.) т.б. филолог, тарихшы ғалымдардың, қоғам қайраткерлері мен ақын-жазушылардың түркі дүниесіне қатысты еңбектерінің де лингвистикалық түркітанудың дамуына оң әсері болды.

XX ғасырдың отызыншы жылдарынан басталған академиялық түрік тіл білімі диахрониялық әрі синхрониялық тұрғыдан бірнеше бағытта, жан-жақты дамуда. Түркиядағы танымал түркітанушы ғалымдар қатарында анатолы диалектілерін, лингвистикалық терминдерді, түрік тілінің грамматикасын зерттеген Талал Текин, Зейнеп Коркмаз, Ахмет Джафароғлу; Караханидтер дәуірі түрік тілі, көне түрік тілі, қазіргі түркі тілдері бойынша – Ахмет Бижан Эржиласун; көне түрік тілі, ұйғыр, шағатай жазба ескерткіштері бойынша – Осман Фикри Серткая; лексико-

логия, терминология саласында Хасан Эрен; көне анатолы түрік тілі бойынша – Хасибе Мазыоглу; диалектологиялық зерттеулермен айналысқан Эфрасиап Гемалмаз; османлы түрік тілі, моңғол тілі мәселелері бойынша – Тунжер Гүленсой; диалектология, көне анатолы, түрік тілі мәселелерімен айналысқан Ахмет Буран; шағатай тілін зерттеген Хамза Зүлфукар; фонетика, синтаксис салалары бойынша – Гүнай Караагач; көне анатолы түрік тілін зерттеген Шүкру Халук Акалын; халық әдебиеті, фольклор тілі – Нежие Йылдыз; Көне қыпшақ тілі, армян қыпшақ тілі, қазіргі түркі тілдері бойынша – Хулия Касапоглу Ченгел; түркі тілдерінің тарихы және қазіргі түркі тілдері бойынша – Мехмет Фатих Киришчиоглу; түркі тілдерінің салыстырмалы-тарихи грамматикасы, қазіргі түркі тілдері мәселелерімен айналысатын Суер Екер, Мустафа Өнер; көне ұйғыр тілі, қазіргі түркі тілдерін зерттеген Фатма Сема, Барутчу Өзондер; көне ұйғыр және Алтын орда тілі бойынша – Мелек Озйетгин; көне түрік тілін зерттеген Хатиже Ширин Усер т.б. зерттеушілерді атауға болады. Түркия түкітануы әлемдік түркологияның ірі ошақтарының бірі болып табылады.

Еуропа және Америка түркологиясы. Қоныстанған аймақтарының алшақтығына, араларында жиі қарым-қатынастың орнықтауына байланысты еуропалықтардың түркілер туралы (осман түріктерінің қоныс аударуына дейін) толыққанды мәлімет алу мүмкіндігі аз болды. Дегенмен, тарихи деректер Еуропада түркі тайпалары туралы қысқаша мәліметтер түркітану ғылыми тұрғыдан қалыптасқанға дейін-ақ белгілі болғанын айғақтайды. Шығыс елдеріне әр кезеңдерде сапар шеккен, жер аударылған еуропалықтардың естеліктері мен күнделіктерінде көшпелі түркі тайпалары туралы, олардың тұрмыс-тіршілігі жайлы үзік-үзік мәліметтер сақталған. Еуропалықтардың түркілер туралы алғашқы ақпаратты IV ғасырдың соңы мен V ғасырдың алғашқы жылдарындағы хун тайпаларының Еуропаға жорығы кезінде алғаны тарихи әдебиеттерден белгілі. Түркілер мен еуропалықтар арасындағы келесі тарихи қарым-қатынас

бес-алты ғасыр араға салып барып, Рим империясының сол-түстігіне көшпелі түркі тайпаларының қоныстануына, XI-XIII ғасырлардағы Византия мен кресшілердің сельжуктерге қарсы күресі негізінде сипатталады. Византия елшілері мен тарихшыларының орта ғасырларда жазылған еңбектерінде түркілер туралы мол деректердің сақталғаны жайлы мәліметтер бар. Бірақ ол жазбалар түркітанушылар тарапынан әлі толық зерттеліп, ғылыми айналымға енген жоқ. Лингвистикалық әдебиеттерде X-XII ғасырларға дейін еуропалықтар грек, латын, ғун және гот тілдерінде сөйлегенін жазба ескерткіштері деректері негізінде анықтауға болатыны көрсетіледі: «Судя по данным греческих и латинских источников, на европейской территории с древнейших времен существовало четыре основных языка: греческий, латинский, гунский и готский. Два последних еще называли скифским. На греческом языке в Европе разговаривало население континентальной Греции и некоторых анклавных территорий (колоний) по побережьям Средиземного и Черного морей. На латинском языке разговаривала часть населения Апеннин. Соответственно, население остальной части Европы разговаривало на гуннском и готском языках. Примерно до X-XII веков никаких иных языков на указанной территории письменными источниками не фиксируется. ...что гуннский и готский были тюркскими языками»¹. Неотүркологиялық бағыттағы мұндай пікірлерді ғылыми ақиқат ретінде қабылдауға толық негіз жоқ екені белгілі, дегенмен еуропалықтар мен түркілердің тарихи қарым-қатынасы ежелгі дәуірлерден бастау алатынын айғақтайды. Түркі халықтары мен басқа жүйедегі үнді-еуропа, угро-фин т.б тілдерде сөйлейтін халықтардың этногенездік құрамына байланысты қалыптасқан жаңа түркологиялық бағыт аясындағы көзқарастар әлі де жан-жақты зерттеуді қажет етеді.

XIV ғасырлардан бастап жазылған біраз мәліметтер түркітану ғылымына белгілі. Олардың қатарында «XIV-XVI ғасырда

¹ Дроздов Ю. Н. Тюркская этнонимия древнеевропейских народов. – Москва: Опора, 2008. – С. 5.

түрік тұтқынынан босап қайтқан еуропалықтардың: баварлық Ханс Шильтбергер, француз Бусико, славяндық В.Георгиевич, сондай-ақ көптеген елшілер мен саяхатшылардың: саксондық Адам Олеаридің, фламандық В.Рубруктың, венециялық Марко Полоның, австриялық О.Бусбектің, С.Герлахтың, чех Вратиславтың, ирландық Пьетро делл Валленің, поляк Старовольскийдің т.б. естеліктері жарық көрді. Шығыс елдерге саяхат жасаған Марко Поло, В.Рубрук т.б. этнографиялық, географиялық, лингвистикалық құнды деректері бар еңбектері еуропалықтардың түркі халқы, жұрты жайындағы ұғымын кеңейтіп, олардың материалдық және рухани мәдениетін одан әрі тереңірек зерттеуге жағдай туғызды»¹.

Еуропа ғылымының түркі халықтарына ерекше мән беруі осман түріктерінің Константинопольды (1553 ж.) жаулап алуынан басталады. Орта Азиядан қоныс аударып келген, Ұлы Византия мемлекетін құлатып, өз билігін орнатқан, көшпелі тайпалардың жауынгерлік қабілеті Еуропаға қауіп тудыра бастады. Сол себепті де сельжуктер мен осман түріктерінің тарихы мен тілі, тұрмыс-тіршілігі жайлы мәліметтер жиналып, зерттеулер жүргізілді. Тіл үйрететін құралдар дайындау қолға алынды. Сельжуктер мен оғыздардың тарихы туралы армян тарихшы Г.Даранагец «Жылнама» атты топтама жинағын, Константинопольдегі флорентилік елшіліктің хатшысы Филипп Арженти түрік тілін үйренушілерге арналған оқулығын (1533 ж.) шығарды. XVI ғасырда басталған Осман түріктерінің тарихы мен этнографиясына, тілі мен әдебиетіне деген Еуропа ғалымдарының қызығушылығы XVII ғасырда жаңдана түсті. Түрік тілінің алғашқы ғылыми грамматикасы жарыққа шықты. Грамматиканың қолжазбасын 1611 жылы италияндық Пьетро Феррагути жазып, 1612 жылы Иеранимус Мегизер Лейпциг қаласында басып шығарады.

Осман империясымен үйлесімді қарым-қатынас орнықтыру Еуропа мемлекеттері сыртқы саясатының маңызды бағыттары-

¹ Қайдаров Ә. Түркология // Қазақ ССР. Қысқаша энциклопедия. 3-том. – Алматы, 1988. – Б. 524-525.

ның бірі болды. Ұзақ жылдар бойы Еуропа үшін Таяу Шығыспен Орталық Шығысты қамтитын түркі-мұсылман әлеміне шығатын «алтын қақпа» қызметін атқарған Түркия түріктерінің тілі мен тарихын, мәдениетін зерттеу XVIII ғасырда батыс шығыстанушыларының негізгі зерттеу нысанасы болуына орай Еуропада XX ғасырдың алғашқы жылдарына дейін жалпы түркі халықтарына қатысты «түркітану (тюркология)» ғылымын көп жағдайда жеке түрік халқына қатысты «түріктану (туркология)» ғылымы алмастырып келді. Түркияны зерттеуді ерте қолға алған австриялықтар болды. Мұның тарихи алғы шарттарын зерттеушілер «Исторически это обусловлено тем, что Османская Турция была одним из активных субъектов международных отношений и вплоть до конца XVII века представляла реальную угрозу для ряда европейских государств, особенно для России и Австрии. На протяжении трех столетий Габсбургская монархия и «Блистательная порта» оказались на переднем крае взаимодействия мусульманского и христианского миров. Военные, торговые и культурные контакты обеих держав отразились на ходе истории и развития Центральной, Южной и Юго-восточной Европы»¹ деп көрсетеді. XVII ғасырдың соңына қарай ішкі-сырқы қайшылықтарға байланысты әскери, саяси және экономикалық қуаты төмендеген Осман империясының ұзаққа созылған дағдарыс кезеңі басталады. Бұл Еуропа мемлекеттері үшін жаңа мүмкіндіктерге жол ашып, түріктерге ықпалын жүргізе бастайды. 1683 жылғы түріктердің Вена маңындағы жеңілісінен кейін, Австриялықтардың Осман империясына сапары жиілей түсті. Соның нәтижесінде Вена сарайындағы император мұрағаты осман түркілері туралы дипломатиялық және тарихи құжаттармен, естеліктер мен күнделіктер қолжазбаларымен, тілі, әдебиеті, мәдениеті жайлы деректермен, зергерлік және қолөнер туындыларымен, қару-жарақпен, басқа да материалдық құндылықтармен толыға берді. XVII ғасырдың соңы

¹ Карсаков И. Тюркология в германоязычных странах (Германия, Австрия, Швейцария). – Москва, 2008. – С.3.

мен XVIII ғасырдың алғашқы жылдарында Түркияны терең зерттеп, өз игілігіне пайдалану мүддесін тек Австрия ғана емес, Орталық және Шығыс Еуропа елдері де көздеді. Осман империясының құлауы Еуропадағы шығыс елдеріне қатысты күрделі халықаралық мәселелермен ұштасып жатуына орай осы кезеңде еуропалық зерттеушілер мен жазушылардың, әскерилер мен дипломаттардың, саяхатшылар мен журналистердің Осман мемлекеті жайлы көптеген еңбектері жарияланып, батыстағы түріктанудың ілгерілеуіне ықпал етті. Еуропадағы түріктану сол кезеңдегі батыстық түркітанудың бағытын айқындады. Бұл бағыт XVIII ғасырдың екінші жартысындағы әлемдік түркітанудың қалыптасу кезеңінде жұртшылыққа кеңінен танылып, Еуропадағы түркологиялық зерттеулердің теориялық-методологиялық негізіне айналды.

XVIII ғасырдың 20-шы жылдарынан бастап Батыс зерттеушілері осман түріктері жайлы зерттеулер жүргізуімен қатар Орта Азиядағы, Сібірдегі түркі халықтары жайлы да деректер жинастыра бастады. Сол кезеңде Қазақ даласына да орыс зерттеушілерімен бірге Батыс саяхатшылары, дипломаттары келе бастағаны белгілі.

1732-1735 жылдары Ресей патшалығы тарапынан ұйымдастырылған Орынбор экспедициясының құрамында болған ағылшын суретшісі Джон Кэстль кіші жүз қазақтарының саяси ахуалы, тұрмыс-тіршілігі, қол өнері, киім-кешегі жайлы мол дерек жинақтап, оларды суреттермен өрнектеген. Суретші Әбілқайыр ханмен, оның ұлы Ералы сұлтанмен сұхбаттасқанын жазады. Бұл күнделік неміс тілінде «Орыс тарихының материалдары» атты жинаққа қосымша ретінде еніп, 1784 жылы Ригада жарық көрген¹.

Қазақтардың және Орта Азиядағы басқа да көшпелі халықтардың өмірі, тарихы, тілі жайлы деректер француз ғалымдары Жозеф де Гиннің (1721-1800 жж.) «Ғұндардың, түріктерді, монғолдардың және өзге батыс татарларының ерте кездегі жалпы тарихы» атты еңбегінде, А.Жарри да Монсидің шығармаларында

¹ Әбдәкімов Ә. Қазақтар туралы шетелде шыққан кітаптар // Егемен Қазақстан. – 2004, 28 сәуір.

жазылған. А.Жарри да де Монси қазақтар туралы «Бағзы заманнан бұл халық білімді болған... Ислам дінін қабылдағаннан кейін жоғалтып алған, өзге белгілермен (таңбалармен) берілетін (Оңтүстік Сібір, Обь өзені мен Енисей аралығында табылған) таңбаларға өте ұқсас өз әліпбилері болыпты. Қырғыз (қазақ) тілі – түркі тілдерінің ішіндегі ең тазасы» деп жазады¹.

Орта Азия мен Сібірден, Монғолия өңірінен кімнің мұрасы екені белгісіз құпия жазбалардың табылуы батыс ғалымдарының қызығушылығын тудырып, олардың көне мұралар табылған аймаққа экспедицияға шығулары жиіледі. Соған орай Орхон, Енисей, Талас көне түркі жазба ескерткіштерін оқу, аудару ісінде, жазу таңбаларының генезисін зерттеуде, тілдік ерекшеліктерін саралауда Еуропа ғалымдарының үлесі мол болды. Олардың қатарында Филипп-Иоган Табберт Страленберг, Г.Д.Мессершмидт, Т.Байер, Тихзен, А.Ремюза, Г.Я.Кер, Г.Ф.Миллер, Вильгельм Томсен, Генрих Юлиус Клапрот, А.Вамбери, О.Доннер, О.Стейн, Г.Винклер сынды зерттеушілер бар. Батыс ғалымдары орта ғасыр түркі мұраларын зерттеу, оқу, аудару, жариялау ісіне де ат салысты. Түркітану ғылымының дамуына үлес қосқан Еуропалық ғалымдардың бір тобы Ресей Ғылым Академиясының университеттердің арнайы шақыртуымен Ресейде қызмет етсе, екінші тобы түркологиялық зерттеулермен өз елдерінде жүріп айналысты.

Еуропа ғалымдарының түркітану ғылымының дамуына қосқан үлкен үлесі ретінде түркі тілдерінің этимологиялық сөздіктерінің құрастырылуын атауға болады. XIX ғасырда жарияланған венгр ғалымы А.Вамберидің «Түркі тілдерінің этимологиялық сөздігі» (1861 ж.) атты еңбегі түркі тіл біліміндегі этимологиялық лексикографияның теориялық-методологиялық ұстанымдарының қалыптасуына ықпал еткен құнды еңбек болды. XX ғасырдың екінші жартысында жарияланған ағылшын ғалымы Г.Клоусеннің «XIII ғасырға дейінгі түркі ескерткіштері тілінің

¹ Обдәкімов Ә. Қазақтар туралы шетелде шыққан кітаптар // Егемен Қазақстан. – 2004, 28 сәуір.

этимологиялық сөздігі» (1972 ж.) түркі тілдерінің тарихи лексикологиясына қосылған сүбелі үлес болып табылады. Құнды зерттеулер қатарына фин ғалымы Г.Рамстедттің «Алтай тіл біліміне кіріспе» неміс ғалымы А.фон Габеннің «Көне түркі тілінің грамматикасы» (Alt-turkische Grammatic. 1950, 1974 жж.) т.б. еңбектері жатады. Бастапқы кезде ориенталистік бағытта, түркі халықтары жайлы жалпылама мәліметтер жинаудан басталған Еуропадағы, басқа да алыс шетелдердегі түркітану ғылымы түркі тілдерінің тарихына қатысты күрделі мәселелердің зерттелуіне үлес қосып, әлемдік түркітанудың дамуына ықпал етті. Мәселен, Венгрияда – Д.Немет, Г.Хазай, Ж.Какук, Л.Лигети, А.Рона-Таш, И.Қ.Мандоки т.б.; Болгарияда – Г.Глыбов, Б.Недков, Н.Тодоров, Б.Цветкова т.б.; Польшада – А.Зайончковский, Э.Трыярский, А.Дубинский т.б.; Румынияда – М.Губоглу, В.Дримба; Югославияда – Г.Елехович, Х.Заджибегич, Б.Джурдже т.б.; Америка Құрама Штаттарында – К.Г.Менгес, А.Тице, Д.Синор, И.Циртаутас; Германияда – А.фон Габен, Б.Шпулер, Г.Дерфер, И.Бенцинг т.б.; Англияда – Д.Клосон, Э.Дж.Пуллибленк; Финляндияда – М.Рясянен т.б. ғалымдар құнды түркологиялық еңбектерімен белгілі болса, қазіргі таңда да ғылыми дәстүр сабақтастығы үзбей жалғасуда. Еуропа елдеріндегі бірнеше ірі жоғары оқу орындарында дербес түркологиялық орталықтар және шығыстану, алтайтану, этнология зерттеу институттарының аясындағы түркологиялық бөлімдер түркі тілдері, алтай тілдері проблемаларын зерттеумен айналысады.

Батыс елдерінің ішінде түркологиялық, алтаистикалық зерттеулер Германияда кең ауқымда жүргілуде: Бонн университеті Орта Азия тарихы және мәдениет бөлімінде профессор Михаэл Вайерес алтай тілдер семьясы, шағатай, куман және жаңа ұйғыр тілдері мәселелерімен; профессор Ганс-Райнер Кемпе түркі-монғол лингвоконтактологиясымен; Бонн университеті дінтану бөлімінде доктор Захро Закирова өзбек тілі, қырғыз тілі мәселелерімен; Бонн университеті жанындағы Түркология ғылыми орталығында профессор Ганс-Иоахим Климкайт көнетүркі буд-

да мәтіндерін зерттеумен шұғылданады. Бремен университеті Тіл білімі және әдебиеттану институтында профессор Клаус Либ-Харкорт түрік тілі дидактикасы; Эссен қаласындағы Жоғары мектеп, әдебиеттану және тіл білімі бөлімінде профессор Рупрехт Баур түрік тілі; доктор Иоханнес Мейер-Ингверзен түрік тілі дидактикасы; Франкфурт қаласындағы И.В.Гете атындағы университеті жанындағы шығыс философиясы институтында профессор Марсель Эрдал түрік тіл білімі, көне түркі тілі; Ингеборг Хауенильд түрік тілінің лексикологиясы; Вольфрам Хеше Иран мен Ауғанстандағы түрік тілдері, тұңғыс халқының тілі және мәдениеті, тұңғыстану (тунгусология); доктор Марк Кирхнер түркі тілдерінің фонетикасы, қазақ тілі фонетикасы; доцент Клаус Шёниг жалпы түркология, Сібір түркілерінің тілі, түркі ескерткіші Бабурнаменің құрылымы және оны осман түркілері мәтіндерімен салыстыра зерттеу; профессор Хорст Вилфред Бранде: әзірбайжан тілі лексикологиясы мәселелерімен айналысады. Фрайбург қаласындағы Альберт Людвиг атындағы университетінде Беррин Келеш түрік тілі; профессор Йене Петер Лаут көне түркі тілдері, көнетүркі текстерін жүйелеу (катологизация); Гиссен шығыстану институтында доктор Дитер Мауе брахми әліпбиімен жазылған көне түркі мәтіндері, осман тілі, түрік тілі; Гёттинген қаласындағы Георг Август атындағы университеті жанындағы Түркология және Орталық Азия бөлімінде профессор Милан Адамович жалпы түркология мәселелерімен; профессор Клаус Рёрборн көне түркі тілі, түрік тілінің сөзжасамы; профессор Герхард Дерфер жалпы түркі лингвистикасы; Гамбург университеті шығыстану факультеті түркология бөлімінде профессор Петра Капперт, Коркут Бұдай Осман түріктерінің тарихы мен мәдениеті; Детлев Финке, Марен Фитчен, Эсин Илери-лер қазіргі түрік тілі проблемаларымен; Иена Фридрих Шиллер атындағы Таяу шығыс мәдениеті мен тілі институтында доктор Готтфрид Хаген Осман географиялық әдебиеттері (XVI-XVII ғғ.), Осман тарихи жазбалары, орта ғасыр түркі мұралары мәселесімен; Кобленц қаласы Кобленц-Ланд ау Халықаралық

білім институтында доктор Хартвиг Шейнхард түркі тілдерінің дидактикасы; Кельн тілбілімі институты Ева Агнесс Кеато жалпы түркі лингвистикасы, қарайым тілі; Кельн университеті шығыстану бөлімінде профессор Манфред Гётц осман жазбаларының каталогтарын жасау, түрік тілінің грамматикасы; Лейпциг қ. Лейпциг университеті Индология және Орталық Азия институтында доктор Эрика Таубе тува тілі, алтаистика; Лейпциг университеті шығыстану институтында доктор Нуреттин Демир түрік тілі дидактикасы, түрік тілінің анатолы диалектісі проблемаларымен айналысуда. Сондай-ақ, Германиядағы Майнц Иоганес Гуттенберг атындағы университеттің шығыстану және түркология орталығында профессор Ларе Йохансон жалпы және салыстырмалы түркология; докт. Кристиана Будут Осман империясындағы тілдік байланыстар, османлы тілі; доктор Ариенна Дуайер салар тілі, түркі-қытай тілдік байланыстары; Астрид Менц гагауыз тілі, түрік-гагауыз тілдік қатынасы; доктор Хайди Штайн осман түрік тілі, өзбек тілі; профессор Иоганнес Бенцинг жалпы түркология, сібірдегі түркі тілдері, тунгусология, алтаистика; Филипп атындағы Марбург университеті Еуропалық емес тілдер мен мәдениеттер институты, семитология бөлімінде профессор Урсула Шпулер-Штегеманн түрік тілі дидактикасы; Германиядағы шығыс қолжазбалар қорының мұрағаты, Филипп атындағы Марбург университеті жанындағы діни мәтіндер қорында доктор Йене Вилкенс Шығыс Түркістан халықтарының діни мәтіндері; Мюнхен қаласындағы Людвиг Максимилиан атындағы Мюнхен университеті Таяу Шығыс мәдениеті мен тарихы институты түркология бөлімінде профессор Ганс Георг Майер осман империясының іс жүргізу және құжаттану; доцент А.Вефа Аксеки түрік тілі; доктор Озгюр Савашчи түрік тілі, аударма теориясы (түрік тілінен неміс тіліне); Тюбинген университеті ориенталистика бөлімінде проф. Хайнц Халм¹ қазіргі түрік тілі мәселелері бойынша зерттеу жүргізеді.

¹ Карсаков И. Тюркология в германоязычных странах (Германия, Австрия, Швейцария. – Москва, 2008.

Австриядағы Вена университетінің құрамында түркітану орталығы жұмыс істейді. Венадағы Шығыстану институты құрамында Эдит Гюльчин Амброс түрік тілі мен фольклоры; доктор Гизела Прохазка-Эйзл түрік тілі; доцент Клаудия Рёмер осман түрік тілінің тарихи грамматикасы; профессор Карл Генрих Менгес Алтай халықтарының тіл білімі, жалпы алтаистика; профессор Андреас Титце осман түрік тілі мәселелерімен айналысады. Франциядағы Париж университетінде түркі тілдерін зерттеу институты, Стилабург университетінде түркология институты жұмыс істейді. Польшадағы Познань университетінде де түркологиялық зерттеулер жүргізіліп, бірнеше түркі тілдерімен қатар қазақ тілі де оқытылады.

Түркі халықтарымен тікелей тарихи сабақтастығы бар мажарлардың Отаны – Венгрияда да түркологиялық зерттеулер жүргізіліп, ғұндардың батысқа миграциясы, мажарлар тарихы, венгрлердің этногенезі, қыпшақтардың ассимиляциясы, венгер тіліндегі түркизмдер мәселелері жан-жақты қарастырылуда. Сондай-ақ, қазіргі түркі тілдерін зерттеу, оқыту ісі де жолға қойылған, мысалы, Сегед университетінде қазақ тілі оқытылып, қазақ және венгер тілдері салғастырмалы-типологиялық негізде зерттелуде. Венгрия қыпшақтары тілінің ассимиляциялану үдерісіндегі тарихи-хронологиялық кезеңдердің лингвистикалық ерекшеліктерін анықтап, венгр тілі мен түркі тілдерін салғастырмалы-диахрониялық тұрғыдан жан-жақты зерттеу заманауи түркітанудың өзекті проблематикасына жатады.

Америкада түркітану ғылымы Еуропаға қарағанда біршама кеш қалыптасқанымен, XX ғасырдың екінші жартысынан бастап Орта Азия халықтарының тарихы мен мәдениетін зерттеу ісіне мән беріле бастады. Америка Құрама Штаттарындағы Вашингтон университетінде алтайтану, түркітану мәселелерімен шұғылданатын Азия тілдері мен әдебиеті факультеті, Индиана университетінде Орал-Алтайтану факультеті мен Орта Азия ғылыми-зерттеу институты жұмыс істейді. Сондай-ақ Гарвард, Колумбия, Индиана университеттерінде түркологиялық зерттеулер жүргізіледі.

Америка құрлығын мекендеуші автохтонды үндіс тайпаларының тарихына, тілі мен әдет-ғұрпына қатысты зерттеулер жүргізіп түркілер мен үндістердің генеалогиялық тегі жайлы гипотезалық көзқарастарын білдірген американдық, еуропалық ғалымдардың пікірлері де түркітанудың көкжиегін кеңейте түсті. Американың байырғы халқы Азиядан қоныс аударып келген, яғни үндістер мен түркілердің «шығу тегі бір» деген гипотеза төңірегінде сөз қозғаған Ли Эльдрижд Хадлстонның (Huddleston L.E. *Origins of the American Indians. European Concepts. 1492-1729/«Америкалық үндістердің шығу тегі. Еуропалық көзқарас, 1492-1729»*), У.Б.Лауглайн мен А.Б.Харпердің (Laughlin W.B. and Harper A.B. *The First Americans: Origins, Affinities, and Adaptations. Gustav Fisher. New York, Stuttgart, 1977/ «Алғашқы американдықтар: шығу тегі, туыстығы және бейімделуі. Густав Фишер*), С.Л.Фидельдің (Fidel S.L. *Prehistory of the Americas. Cambridge University Press. London, New York, New Rochelle, Melbourne, Sidney, 1987/ «Американдықтардың ежелгі тарихы»*), К.Г.Турнер, Б.Л.Фонтана, С.А.Фриид, У.Джохельсон, Д.Х.Уебстер т.б. зерттеушілердің еңбектерін жан-жақты талдап, саралау, түркі және үндіс халықтарының антропологистикалық байланысын арнайы зерттеу де түркітанудың еншісінде.

ТҮРКІ ТІЛДЕРІ ЖӘНЕ ТҮРКІ ТІЛДЕРІНІҢ ТАРИХИ ДАМУ КЕЗЕҢДЕРІ

§ 1. Түркі тілдері

Түркі тілдері – алтай тілдер тобына жататын, аглютинативтік құрылымға негізделген, мың төрт жүз жылдық тарихы бар жазба мұралары сақталған, Еуразия құрлығының Қиыр шығысынан Жер Орта теңізі, Үнді мұхитына дейінгі ұланғайыр аумағын мекеңдейтін, жалпы саны жүз елу миллион шамасындағы адамды қамтитын қырыққа жуық туыс халықтар мен этностық топтардың тілі.

Түркі тіл білімінде түркі тілдерін дәстүрлі тарихи-хронологиялық және тарихи-генеалогиялық жіктелістерден басқа, жазба мұралардың жазылу кезеңдеріне және қазіргі тілдерге байланысты үш түрлі хронологиялық деңгейде қарастыру қалыптасқан: көнетүркілік (V-X ғасырларды қамтитын көне түркі дәуірі); ортатүркілік (X-XV ғасырларды қамтитын орта түркі дәуірі); жаңатүркілік (XVI-XXI ғасырларды қамтитын жаңа түркі дәуірі). Осы жіктеуге сәйкес «көне түркі тілі», «орта ғасыр түркі тілдері», «қазіргі түркі тілдері» деген терминдер қолданысқа енді. Көне түркі тілі – көне түркі жазба ескерткіштері тіліне; орта ғасыр түркілерінің тілі – орта ғасыр түркі ескерткіштерінің тіліне; қазіргі түркі тілдері – қазіргі түркі халықтарының тілдеріне (қазақ

тілі, қарақалпақ тілі, татар тілі, башқұрт тілі, қырғыз тілі, өзбек тілі, ұйғыр тілі, түрік тілі, түрікмен тілі, әзірбайжан тілі, тува тілі, хакас тілі, якут тілі, чуваш тілі т.б.) балама ретінде қолданылады. Сондай-ақ қазіргі түркі тілдері қалыптасып болғаннан кейінгі XVI-XVIII ғасырлардағы жай-күйін көрсететін жазба деректерді (құжаттар мен хаттар, шежірелер т.б. негізге алатын «ескі қазақ тілі», «ескі татар тілі», «ескі өзбек тілі», «ескі қырғыз тілі» т.б. терминдер де қолданылуда. Шын мәнінде көне түркі дәуірі түркі тілдері дамуының ерте орта ғасыр кезеңіне сәйкес келеді, бізге жеткен көлемді ескерткіштерден тұратын жазба тілдің ең ескісі ретінде қазіргі түркі тілдерінің негізін құрағанымен, тектіл (пра-язык) мәртебесіне теңестірілмейді.

Түркі тілдерінің шын мәніндегі көне дәуірі біздің эрамызға дейінгі тарихи қабаттардан бастау алады. Түркі тілдерінің тарихи бастауы туралы академик М.Закиевтің көзқарасы: «Наука располагает убедительными фактами, доказывающими наличие тюркоязычных племен в Евразии еще в глубокой древности. Так, евразийские предки американских индейцев, язык которых изобилует тюркскими заимствованиями, переселились на Американский континент 20-30 тыс. лет назад. Кстати, шумерский язык, сохранившийся в клинописях, написанных 6-7 тыс. лет тому назад, содержит очень много тюркских слов. Следовательно, или они сами были тюрками, или рядом с ними жили тюрки»¹. Түркі тілдерінің қалыптасуы жалпыадамзат тілінің пайда болуымен ұласып жатқан лингвоэволюциялық үдерістер аясында қарастырылуы қажет. Түркі тілдерінің миллиондаған жылдарды қамтитын ежелгі тарихының шынайылығын сипаттайтын тілдік деректер мен ғылыми пайымдаулар профессор Ә.Ахметовтың², А.Каримуллиннің³ зерттеулерінде берілген. Тарихи және тілдік

¹ Закиев М.З. Древнетюркская ономастика и ее морфонология. – Астана: Prosper Print, 2013. – С. 20

² Ахметов Ә. Байырғы америкалықтардың алтайлық тегі. – Астана: Педагогика Пресс, 2011.

³ Каримуллин А. Прототюрки и индейцы Америки. По следам одной гипотезы. – Москва: Инсан, 1995.

фактілерді жоққа шығарып, түркі тілдерінің тарихи тамырын шектеу – ақиқатты бұрмалау, керісінше айғақтарды ғылыми-теориялық тұрғыдан негіздеу ХХІ ғасыр түркологиясының басты міндеті. Сондықтан *көне түркі* терминінің шарттылық сипатын есте ұстау қажет.

Түркі тілдерінің тарихында түркітілдес халықтардың этникалық негізін қалаған көне тайпалар құрған мемлекеттік деңгейдегі бірлестіктердің тіліне қатысты «сақ тілі» (скиф тілі), «қаңлы тілі», «үйсін тілі», «ғұн тілі» т.б. сияқты көне тілдерді сипаттайтын терминдер де қолданылады. Біздің заманымызға дейін өмір сүрген тайпа атауларын білдіретін этнонимдер негізінде қалыптасқан терминдердің шарттылық-гипотезалық сипатын естен шығармау керек. Бұл тілдерді қазіргі түркі тілдерімен тікелей байланыстыруға лингвистикалық деректер жеткіліксіз болғанымен, түркі тілдерінің көне түркі тіліне дейінгі алғашқы кезеңдерін сипаттайтын тілдер ретінде қарастыруға тарихи деректер толық мүмкіндік береді.

Белгілі бір тілдік қолданыстың хронологиялық шегіне, яғни қазіргі таңда қолданыста болу, болмауына сәйкес тіл білімінде «тірі тілдер» және «өлі тілдер» ұғымдары қалыптасқан. Түркі тілдері жүйесіндегі өлі тілдерді көне түркі, орта түркі жазба ескерткіштерінің тілі мен басқа да қолданыстан қалған тілдер құрайды, тірі тілдер қазіргі түркі тілдерін қамтиды.

Оңтүстікте семит, иран тілдерінің, солтүстікте орал тілдерінің, шығыста тұңғыс-маньчжур, монғол, қытай-тибет тілдерінің, батыста славян және басқа да үнді-еуропа тілдерінің таралу аймақтарымен шектесетін түркі тілдерінің таралу аумағы Сібірдің оңтүстік-батысынан Жерорта теңізінің шығысына дейінгі сан түрлі ландшафттық құрылымнан тұратын географиялық аумақты қамтиды. Еуразия құрлығының автохтонды тұрғындарының қатарынан орын алатын түркілер тілінің таралу аймағы бірнеше географиялық ареалға бөлініп қарастырылады: бірінші ареал – Орта Азия мен Қазақстандағы қазақ, қырғыз, түрікмен, өзбек, ұйғыр, қарақалпақ тілдері; екінші ареал – Еділ

бойы мен Оралдағы татар, башқұрт, чуваш тілдері; үшінші ареал – Сібірдегі якут, долған, хакас, шор, тува, тофа, шұлым, алтай тілдері; төртінші ареал – Кавказдағы әзірбайжан, қарашай-балқар, құмық, ноғай, трухмен тілдері; бесінші ареал – Украина, Белоруссия, Молдавия аумағындағы қарайым, қырым татарлары, қырымшақ, гагауыз, ұрым тілдері; алтыншы ареал – Жерорта, Мәрмәр теңізі маңындағы, Кипр аралындағы түрік тілі мен Еуропадағы түркі тілдері (түрік, татар, қарайым т.б.); жетінші ареал – Қытайдағы ұйғыр, сары ұйғыр, салар, тува, қырғыз, фуюй (фуй) қырғыздары, қазақ т.б. тілдер; Монғолиядағы қазақ т.б. түркі тілдері; сегізінші ареал – Ирак, Иран, Ауғанстан және Сауд Арабиясындағы түркі тілдері (әзірбайжан, түрікмен, қашқай, афшар т.б.).

Түркі тілдерінің даму ерекшеліктерін көрсететін көне түркі, орта түркі жазба ескерткіштерінің негізгі бөлігінің тілі барлық түркі тайпаларына ортақ, аздаған фонетикалық ерекшеліктері бар әдеби жазба тіл деңгейінде қарастырылады, біразы диалектілік немесе жартылай диалектілік ерекшеліктерімен сипатталады. Кез келген халықтың тарихы жазба тілмен тікелей байланысты қалыптасып, барлық рухани және материалдық құндылықтар деңгейі жазба мәдениетінен көрінетіндіктен жазу тарихы жалпы адамзат тарихының құрамдас бөлігі болып табылады. Соған сәйкес көне және орта ғасыр түркілерінің жазба әдеби тілдерінің қалыптасуы мен таралуы да түркітілдес тайпалар мен халықтардың шығыстан батысқа қарай бағытталған тарихи-географиялық миграциясының жалпы бағдарына сәйкес қарастырылады.

Адам санасының жетілуі мен қоғамның мәдени өркендеуімен қатар жүретін жазба дәстүрдің дамуы сол жазуды қалыптастырып, дамытушы этностың рухани-мәдени және қоғамдық-әлеуметтік қажеттілігінен туындайды. Ауызша тілдің адамдар арасындағы қоғамдық-әлеуметтік қарым-қатынасты толық қанағаттандыра алмауы, оның белгілі бір уақыт пен кеңістікке тәуелді болып келуі, қолданылу шеңберінің шектеулілігі жазбаша тілдің

пайда болуына алып келді. Жазба тілдің қолданыс аясы кең, жазу таңбалары арқылы ойды, ақпаратты ұзақ мерзімге әрі кез-келген аумаққа жеткізуге болады. Сондықтан да жазба тілдің коммуникативтік қызметі шексіз және кеңістік пен уақытқа тәуелсіз. Түркі халықтарының өзіндік жазба дәстүрін қалыптастыруы VI-XVI ғасырлар аралығын қамтитын көне түркі, орта түркі тілдерінің үлгілерін, XVII-XVIII ғасырлардағы қазіргі тілдердің ескі нұсқаларын сақтап қалуға мүмкіндік берді.

Жазба мұраларлар тілдері. Көне түркі және орта ғасыр түркілерінің негізгі әдеби тілінің бірнеше нұсқалары бар: көне түркі руникалық жазба ескерткіштерінің тілі; көне ұйғыр әдеби тілі; қараханид түркілерінің әдеби тілі; алтын орда әдеби тілі немесе хорезм-түркі әдеби тілі; шағатай әдеби тілі; түркілердің әдеби тілі; сельжүк (ескі анатолы-түрік тілі немесе ескі осман тілі) жазба-әдеби тілі; мәмлүк қыпшақтарының әдеби тілі; бұлғар әдеби тілі.

VI-IX ғасырлардағы түркі руникалық жазба ескерткіштерінің тілі – түркілер әдеби тілінің алғашқы жазба нұсқасы. Руникалық жазба ескерткіштерінің тілі ерте орта ғасырдағы қыпшақ-оғыз-ұйғыр, оғыз-қыпшақ-ұйғыр, ұйғыр-қыпшақ-оғыз тілдері негізінде қалыптасты. Орхон, Енисей, Талас ескерткіштері тіліндегі дауыстылар жүйесі орта ғасыр және қазіргі түркі тілдері дауыстылар жүйесінің құрамынан ерекше ажыратылмайды. Басты ерекшелік – орта ғасыр және қазіргі тілдерде *ä* дыбысының дербес фонема ретінде қолданылуында ғана. *ä* дауыстысының Орхон-Енисей ескерткіштері тілінде де қолданыста болғанын, көне түркі әліпбиі дауыстылар жүйесі 9 фонемадан тұратынын көрсететін еңбектер бар¹. Қазақ ғалымы Ғ.Айдаров өз еңбектерінде тек *e* дауыстысын ғана қолданса², белгілі түркітанушы Л.С.Левитская *ä, e* дыбыстары бір фонеманың варианттары ретінде қатар қол-

¹ Языки мира. Тюркские языки. – Бишкек: Кыргызстан, 1997. – С. 91, 93; Кононов А. Н. Грамматика языка тюркских рунических письменностей VII-IX вв. – Ленинград: Наука, 1980. – С. 60.

² Айдаров Ғ. Күлтегін ескерткіші. – Алматы: Ана тілі, 1995 ; Айдаров Ғ. Тониқук ескерткішінің (VIII ғасыр) тілі. – Алматы: Қазақстан, 2000.

даныста болған деген пікірде¹, осы бағытты қазіргі зерттеушілерден И.Л.Кызласов қолдайды². Жазба дәстүрде негізгі фонема айқын таңбаланғанмен оның инварианттық сыңарлары белгіленбейді. Ескерткіштер тілінде де *ä* дыбысы *a* фонемасының және *e* фонемасының аллофондары ретінде қатар қолданылуы мүмкін.

Орхон-Енисей-Талас ескерткіштері тіліндегі 16 консонанттың 11-нің жуан-жіңішке айтылуына байланысты екі варианты таңбалануы «жұп» дауыссыздар ұғымын қалыптастырды. Көне түркі жазбаларында жұп дауыссыздардың ажыратылып көрсетілуі аллофондардың фонемалану процесі ерте кездерден-ақ басталып, ұзақ даму жолынан өткенін білдіреді. Орхон, Енисей, Талас ескерткіштері тіліндегі жұп дауыссыздардың графикалық таңбаларының өзгешелігіне шарттылық сипат ретінде қарайтын көзқарастарға қарсы А.С.Аманжолов «... противопоставление ... парных согласных букв развивалось под влиянием сингармонизма слога и слова и что тюркский рунический алфавит, неоднородный в своих локальных разновидностях, прошел долгий самостоятельный путь развития»³ деген пікір білдіреді және дауыссыздардың жуан, жіңішке варианттарының түрліше таңбалануына шарттылық ретінде қарайтын пікірлер Талас ескерткіштері деректерін ескермей айтылғанын көрсетеді. Көне түркі әліпбиіндегі дауыссыздардың жуан-жіңішке айтылуына байланысты графикалық таңбаларының түрліше қолданылуы әрбір дыбысты жеке фонема ретінде қарастыруға мүмкіндік береді және көне түркі тілін қазіргі түркі тілдерімен салыстыра қарастыруда, олардың фонетикалық жүйесіндегі, лексикалық құрамы мен морфологиялық құрылымындағы айырмашылықтарды анықтауда біршама нақтылыққа қол жеткізеді. Түркі руникалық

¹ Левитская Л. С. Историческая фонетика чувашского языка. – Москва, 1966. – С. 9.

² Кызласов И. Л. Рунические письменности Евразийских степей. – Москва, 1994. – С. 137.

³ Аманжолов А. С. История и теория древнетюркского письма. – Алматы: Мектеп, 2003. – С. 52.

жазба ескерткіштерінің тілінің морфологиялық құрылымының ерекшеліктері қазіргі түркі тілдеріне шашырай таралуы ерте орта ғасыр түркілерінің ортақ жазба дәстүрді сақтағанын сипаттайды. VI-IX ғасыр ескерткіштері тілінің лексикалық құрамы кірме сөздер үлесінің аздығымен, қазірге тілдермен салыстырғанда жалпытүркілік табиғатының тазалығымен сипатталады.

Ескерткіштер тілі мен түркі халықтары фольклоры тілінің тығыз сабақтастығы айқын аңғарылады. VIII ғасыр түркі мұралары тілі мен ауызекі сөйлеу тілінің белгілері сақталып, жаңа жанрлық сипат алғаны жайлы пайымдаулар бар: «Түркі халқында сыналы жазумен бірге туған хат, жарлық сөз жанры VIII ғасырға дейін де болды. Ал Тоңуқұқ, Күлтегін осы жарлық жанрының VIII ғасырдың басында шежіре әңгімеге келіп ұласқан әрі жарлық сөз стилін сақтаған жаңа бір жанрлық үлгісі. Бұлар ауызекі әңгіме тіліне өте жақын монолог түріндегі әңгімеден автор диалог сөзді беруге оңай көшіп отырады; сөйлемдер қысқа [түрк будун өлті, алқынты, жоқ болды; Барс бек ерті; қаған ат бунта біз берді(к); сіңлім кунчуй(ді) берті(к), өзі жаңылды, қағаны өлді, будуны күң, құл болты], кейде мақалдап, фразеологиялық тіркестерді тізіп, шешендік сөздерді қолданып сөйлейді. Сол сияқты тарихи деректерді, оқиғаларды соншалық дәлме-дәл, кішігірім детальдарына шейін тізіп баяндайды. Ал ұқсас оқиғаларды суреттей әңгімелегенде белгілі топтағы сөздерді қайталап қолданып отырады. Мұның өзі шежіренің негізгі бір стильдік тәсілі»¹. Көне түркі мұраларының ішіндегі көлемді мәтіндерден тұратын Орхон ескерткіштері тілінің тарихи-биографиялық жанры, көркем бейнелілігі, тазалығы, диалектілік варианттылықтың әлсіздігі, жалпы стилі жазба әдеби тілдің талаптарына толық сай келеді.

Көне түркі (руникалық койне) әдеби тілінің таралу аймағы Монғолия, Байкал, Оңтүстік Сібір, Шығыс Түркістан, Орталық Азия, Қазақстан, Еділ бойы, Солтүстік Кавказ, Шығыс Еуропа аумағын қамтиды. Көне түркі жазба ескерткіштері тілінде де,

¹ Өмірәлиев Қ. Көне түркі әдеби ескерткіштері туралы зерттеулер. – Алматы: Арыс, 2010. – Б. 39.

әліпби жүйесінде де аздаған ерекшеліктер бар екені белгілі. Кең байтақ аймақты мекендеген түркі халықтары құрамындағы ру-тайпалар тілдерінің өзіндік ерекшеліктеріне, мемлекеттік құрылымдарына, хронологиялық кезеңдеріне байланысты жазу жүйелерінде ерекшеліктердің болуы заңдылық. Таңбалар жүйесіндегі ерекшеліктерге байланысты И.Л.Кызласов көне түркі ескерткіштерін былайша жіктеуді ұсынады: 1. Азиялық: Енисей, Орхон, Талас алфавиттері; 2. Еуразиялық: Дон, Кубань, Ашықтас, Исфарин, Оңтүстік Енисей алфавиттері¹. Көне түркі әліпбиінің азиялық тобы үлгісімен жазылған көне түркі мұралары Лена өзенінен бастап Орхон, Енисей өзендеріне, Жетісуға дейін таралған. Көне түркі жазба ескерткіштері ішіндегі оқылып, аударылғаны, көне түркілердің мұрасы екені даусыз дәлелденгендері де азиялық үлгідегі ескерткіштер.

Көне ұйғыр әдеби тілі – Шығыс Түркістан аймағындағы Турфан ойпаты мен Ганьжоу аумағында ұйғыр-оғыз тілдері негізінде қалыптасып, дамыған түркі әдеби тілдерінің бірі. *Көне ұйғыр тілі* термині ХІХ ғасырдың соңы мен ХХ ғасырдың алғашқы жылдарында Шығыс Түркістаннан табылған түркі жазба ескерткіштерінің оқылуына байланысты қалыптасты (шығыс түркістан тілі, ертедегі ортағасыр ұйғыр мәтіндерінің тілі деп те аталады). Бастапқы кезде түркі руникасымен хатқа түскен көне ұйғыр әдеби тілінің үлгілері кейіннен соғды жазуымен, соғды жазуынан тараған манихей, экстрангело, көне ұйғыр, брахми (орта азиялық тип), тибет әліпбилерімен VIII-XVII ғасырларда жазылған. Шығыс көне ұйғыр әдеби тілінде жазылған мұралар діни-философиялық, дидактикалық, көркем прозалық, көркем поэзиялық, медициналық, астрономиялық (ғылыми), іс-қағаз құжаттары мәтіндерінен тұрады. Қытай, тибет, санскрит тілдеріндегі мәтіндердің де көне ұйғырша аудармалары сақталған. Көне ұйғыр тілі әдеби тіл ретінде қазіргі Қытай Халық Республикасы Шыңжан Ұйғыр автономиялық ауданы аймағында ІХ

¹ Кызласов И.Л. Рунические письменности евразийских степей. – Москва: Восточная литература РАН, 1994. – С. 236.

ғасырдың ортасынан XIII ғасырдың орта тұсына дейін мемлекет ретінде өмір сүрген Гаочан (Кочо) княздығында қалыптасып, мемлекет ыдырағаннан кейін де XVIII ғасырға дейін ішінара культтік деңгейде қолданылған. Зерттеушілердің пікірлері бойынша көне ұйғыр әдеби тілі VI ғасырдағы Орхон өзені бойындағы көне түркі мемлекеті пайда болғанға дейін-ақ жасала бастауы мүмкін. Көне Ұйғыр қағанатынын (VIII ғасырдың орта тұсы) құрылуы көне ұйғыр әдеби тілінің екінші кезеңінің басталуына сәйкес келеді. VIII-IX ғасыр мұралары Шине Усу, Суджа жазбалары көне ұйғыр әдеби тілінде жазылған мұраларға жатады.

Түркі тілдерінің генеалогиялық классификациясы бойынша (Н.А.Баскаков) шығыс хун тілдерінің ұйғыр-оғыз тобына жататын көне ұйғыр тілі екі диалектіге ажыратылады: *n* диалектісі және *j* диалектісі. Қарлұқ тілдерінің ықпалы *j* диалектісінен айқын аңғарылады. Ескерткіштер тілі өлі тілдер қатарына жататындықтан олардың фонетикалық сипаттамасын дәл беру мүмкін емес, сондықтан көне ұйғыр тілінің дыбыстық жүйесінің артикуляциялық-акустикалық ерекшеліктері туыс тірі тілдердің фонетика-фонологиялық жүйесімен салыстыру негізінде шамалап сипатталады. Жазу жүйелерінің косонантты сипатына байланысты сөз шеніндегі дауысты дыбыстар көбінесе үндестік заңының ыңғайымен айқындалады. Анлаут позицияда *d*, *γ* ұяң дауыссыздары сирек кездеседі, бұл позицияда негізінен олардың қатаң варианттары *t* және *q* дыбыстары қолданылады. *l*, *r*, *v*, *z* дыбыстары көбінесе кірме сөздерде кездеседі. Инлаут позицияда дауыссыз дыбыстардың барлығы да қолданылады, дауыссыздардың тіркесі сөз ортасында немесе түбір морфема мен қосымша морфема жігінде кездеседі. Ескерткіштер тілінде фонологиялық мән жүктемей алмасатын бірнеше дыбыс сәйкестіктері кездеседі. Мұндай фонетикалық ерекшеліктер көне ұйғыр тілі ішіндегі диалектілік жіктелістердің көрсеткіші болып табылады. Жиі ұшырасатын дыбыс сәйкестіктері: *d ≈ z ≈ j*: *adaq ≈ azaq ≈ ajaq* 'аяқ'; *n ≈ j*: *anïy ≈ ajïy* 'жамандық'; *η ≈ g*: *äñin ≈ ägin* 'йық, йін'; *i ≈ i*: *til ≈ til* 'тіл'; *ï ≈ a*: *tivar ≈ tavar*; *u ≈ i*: *qamuš ≈ qamiš*; *ü ≈ i*: *sünük ≈ sinük* 'сүйек'.

Көне ұйғыр әдеби тілінде инлаут позицияда тіл ортасы сплант *j*-дің орнына тіл алды шұғыл *d* дыбысы қолданылады; келер шақ көсемшенің *-dači/-däči* формасы; осы шақ есімшенің *-γtal/gmä*- тұлғасы; локатив пен аблативті білдіретін *-da/-dä* аффикстері; *-sïq/-sik* функционалды атрибутивті формалары қолданылады¹.

Қараханид түркілерінің әдеби тілі Қараханидтер әулетінің мемлекетінде Самарқанд пен Бұқарадан Қашқарға дейінгі аймақта қыпшақ-оғыз-ұйғыр аралас тілі негізінде араб жазуымен қалыптасты, XI-XIII ғасырлар аралығындағы жазба ескерткіштер тілін қамтиды. Кейбір ескерткіштердің көне ұйғыр әліпбиімен жазылған нұсқалары да сақталған. Жүсіп Баласағұнның «Қудатғу білік», Ахмет Йүгнекидің «Хибат-ул хакайиқ», Махмуд Қашқаридың «Диуани луғат-ит түрк», Абул-Қасым Махмуд Ибн Омар аз-Замахшаридың «Мухаддиматул аль-адаб» шығармалары, бірнеше Құран тафсирлері Қараханид түркілері әдеби тілінің мұрасы саналады. Қараханид түркілерінің тіліндегі мұралардың араб және көне ұйғыр жазуымен хатқа түсуі олардың дыбыстық жүйесінің толық сипаттамасын жасауға мүмкіндік бермейді. Басты ерекшеліктері тіл алды, жуысыңқы *ž* дыбысы (*ayuž* 'уыз', *aržu* 'қорқау', *täžik* 'тәжік'); тісаралық, тіл алды, ұяң *d* дыбысы (*kädim* 'киім', *idu* 'ұйқы'); қос ерін, жуысыңқы, ұяң *w* дыбысы (*aw* 'аң (аулау)', *ew* 'үй' МҚ I, 103) инлаут, ауслаут жағдайларда ғана қолданылады. Дауыстылар үндестігінің ерін үндестігі (*qorqur* 'қорқы', *özüm* 'өзім' ҚБ,135; *kütiš* 'күміс'), жіңішке көмей үндестігі (*ädgü* 'ізгі, жақсы', *ačiγ* 'ащы') негізінен сақталғанмен, ішінара ерін үндестігінің бұзылуы кездеседі: *sözi* 'сөзі', *köñil* 'жүрек, көңіл-күй'. Қараханид түркілері тіліндегі ерін үндестігінің әлсіздігі, бірінші буында ерін дауыстылары, екінші буында езулік дауыстылардың қолданылуы батыс түркі тобындағы тілдерге тән. Көптік формалары негізінен *-lar/-ler* тұлғасында, ішінара *-n/-an/-en*, *-t* формаларымен беріледі: *bilgälär*

¹ Насилов В. М. Древнеуйгурский язык. – Ленинград, 1969; Насилов В.М. Язык тюркских памятников уйгурского письма XI-XV вв. – Москва, 1974.

«даналар, білгірлер», *qariyular* `есіктер`, *oylan* `ұлдар`, *erän* `ерлер`, *tägit* `ханзадалар`¹.

Алтын Орда әдеби тілі (Хорезм-түркі әдеби тілі) – Алтын Орда мен Хорезмде қолданылып, Сырдың төменгі ағысына дейінгі аумаққа толық таралған, араб әліпбиімен қыпшақ-оғыз, оғыз-қыпшақ аралас тілі негізінде қалыптасқан жазба тіл. Көне ұйғыр жазуымен жазылған нұсқалары да бар. Алтын Орда әдеби тілінде Шариф-Қожаның «Муин аль-мурид», Рабғузидың «Қисса-с-уль әнбия», Құтбаның «Хұсрау Шырын» (1340 ж.), Хорезмидің «Мұхаббат наме» (1353 ж.), Махмуд Әлидің «Нахдж аль-фарадис» (1358 ж.), С.Сараидың «Гүлстан би-т-түрки» (1391 ж.) т.б. көптеген шығармалар жазылған. Проза жанрын да, поэзия жанрын да қамтитын Алтын Орда әдеби тілінің үлгілері діни, философиялық, дидактикалық және лирикалық мәтіндерден тұрады. Хорезм түркі әдеби дәстүрі тәжік-парсы әдебиетімен сабақтастықта дамығандықтан арабизмдермен қатар парсы тілінің элементтері де мөлінен кездеседі².

Шағатай әдеби тілі орта ғасыр түркілерінің әдеби жазба тілдерінің соңғы кезеңін сипаттайтын, бірнеше әдеби-жазба дәстүрлердің сабақтастығында, оғыз-қыпшақ-қарлұқ аралас тілдің қарлұқ-ұйғыр диалектісі негізінде қалыптасқан тіл. Шағатай тілі XV-XVI ғасырларда Ақсақ Темір әулетінің мемлекетінде қолданылып, Орта Азиядағы Мәуреннахр аймағына, Иранның солтүстік-шығысына, Ауғанстанның солтүстік-батыс аумағындағы Хорасанға, Шығыс Түркістан мен Пакистанға, Солтүстік Үндістанға дейін таралған. Шағатай тілі екі тарихи кезеңге бөлініп қарастырылады: бастапқы кезең – Сакка-

¹ Абдурахманов. Г.А. Қараханид-ұйғыр тілі // Түркі тілдері. Энциклопедиялық басылым. – Астана: Фолиант, 2002. – Б.80-93; Тенишев Э.Р. Грамматический очерк древнеуйгурского языка по сочинению «Золотой блеск». – Ленинград, 1953; Щербак А. М. Грамматический очерк языка тюркских текстов X-XIII вв. Из восточного Туркестана. – Москва-Ленинград, 1961.

² Наджип Э. Н. Хорезми. Мухаббат-наме. – Москва, 1961; Фазылов Э.И. Староузбекский язык. Хорезмийские памятники XIV века. – Ташкент, 1966. Т.І, 1971. Т.ІІ; Языки мира. Тюркские языки. – Бишкек, 1997

ки, Лютфи, Атаи, Ходжанди, Ахмет Саид, Қайдар Хорезми, Амири, Ахмеди, Гадаи шығармашылығымен байланысты, XIV ғасырдың соңы мен XV ғасырдың 60 жылдарына дейінгі мерзімді қамтиды; классикалық кезең – Әлішер Науаи, Хусайын Байғара, Бабыр, Хамиди, Шайбани, Убайди, Мухаммед Салық, Мәжіліси т.б. шығармашылығымен байланысты, XV ғасырдың 60 жылдары мен XVI ғасыр аралығын қамтиды. Шағатай тілінің классикалық кезеңі бастапқы кезеңге қарағанда арабизмдердің ауқымдылығымен ерекшеленеді. Шағатай тілі түркі тілдерінің *j* тобына жатады (*ajaq* `аяқ`), анлаут позицияда қатаң *t* (*tört* `төрт`, *toqiz* `тоғыз`), *k* (*kel* `кел`, *ket* «кет») дыбыстары, ұяң *b* (*bar* `бар`, *ber* `бер`) дыбысы сақталады¹.

Мәмлүк қыпшақтарының әдеби тілі қыпшақ диалектілері негізінде Шығыс Еуропа мен Солтүстік Африка аумағындағы Египет, Сирия елдерінде қалыптасқан тіл. Мәмлүк қыпшақтарының әдеби тілі үлгілері классикалық араб тіл білімі дәстүрімен жазылған қыпшақ тілі грамматикалары мен араб-қыпшақ глоссариясында, басқа да діни, дидактикалық бағыттағы мәтіндерде сақталған: «Китаб ал-идрак ли-лисан ал-атрак» («Түркі тілі туралы жазылған түсіндірме кітап»). Авторы – Абу Хайан. Кітап фонетика, морфология және сөздік болып үш бөлімнен тұрады. Еңбекте 3500-ге тарта қыпшақ сөздері араб тіліне аударылған, олар түрікмен, татар, ұйғыр, булғар, Түркістан түріктері, тоқсаба тілдерімен салыстырылып отырылады; «Китаб ат-тухфат аз-закія фи луғат ат-түркия» («Түркі тілі туралы жазылған ерекше сыйлық»). Абу Хайанның еңбегінен кейінгі маңызды мұрағат XIV ғасырда Мысырда жазылған. Көлемі 180 бет. 3 мыңдай сөзді қамтыған еңбек сөздіктен және грамматика бөлімдерінен тұрады; «Китаб-бұлғат әл-муштақ фи-лұғат ат-түріквал-қыпшақ» («Түрік

¹ Благова Г.Ф. «Бабур-наме»: Язык, прагматика текста, стиль. К истории чагатайского литературного языка. – Москва, 1994; Благова Г.Ф. Шағатай әдеби тілі//Түркі тілдері. Энциклопедиялық басылым. – Астана: Фолиант, 2002. – С. 191-205; Кононов А.Н. Родословная туркмен. Сочинение Абу-л-Гази-хана Хивинского. – Москва – Ленинград, 1958; Щербак А. М. Грамматика староузбекского языка. – Москва – Ленинград, 1962.

пен қыпшақ тілдерін жақсы оқып үйренушілер үшін жазылған кітап»). XIV ғасырда Сирияда жазылған бұл еңбектің авторы араб ғалымы – Жамал ад-дин Мұхаммед Абдуллах ат-Түркі; «Әл-каванин әл-күллия ли-дабт әл-лұғат ат-түркия» («Түркі тілдерін үйрену үшін жазылған толық құрал») XIV ғасырдың аяғы мен XV ғасырдың басында Мысырда жазылған, авторы белгісіз; «Китаб ад-дурра ал-мудия фил-лұғат ат-түркия алат-тамам вал-камал» (Түркі тілі туралы жан-жақты және толық аяқталған інжу-маржан кітабы) 48 беттен тұратын арабша-қыпшақша сөздік; «Аш –Шудур ад-даһабия вал-қита ал-ахмадия фил-луғат ат-түркия» («Түркі тілдері туралы жазылған алтын тізбе») еңбегі XVII ғасырдың басында Мысыр елінде жазылған қыпшақ тіліндегі ескерткіштердің ең соңғысы болды. Авторы – Молла ибн Мухаммед Салих.

Мәмлүк қыпшақтары тілінде анлаут позициядағы шұғыл және тіл арты дауыссыздары, тіл алды қатаң *t* дыбысы (*toqiz* «тоғыз»), тіл ортасы қатаң *k* дыбысы (*kel* `кел`), ұяң *b* дыбысы (*bar* `бар`) сақталады, ауслаут жағдайда қысаң дауыстылар соңындағы увуляр *γ/g* дыбыстары элизияға ұшырайды (*qutlu* `құтты`, *qatu* `бәрі, барлығы`, көне түркі ескерткіштері тілінде: *qutluγ* `құтты`, *qatuγ* `бәрі, барлығы`). Инлаут жағдайда шұғыл *j* дыбысының негізінен сақталуына (*ajaq* `аяқ`) байланысты мәмлүк қыпшақтарының тілі түркі тілдерінің *j* тобына жатқызылады.

Армян қыпшақтарының тілі. Түркі тайпалары мен армян халықтарының байланысы XI ғасырдан басталады. 886-1045 жылдары билік құрған армяндардың патшалық династиясы Багратид мемлекетінің көршілес сельжуктер тарапынан шабуылға ұшырап құлауына байланысты армяндардың біразы Қырымға, Кавказға қоныс аударады. Осы өлкені мекендеуші қыпшақ тайпаларымен етене араласқан армяндар өз ана тілімен бірге қыпшақ тілін де кеңінен қолданған. Армяндармен жақсы қарым-қатынаста болған қыпшақтардың ішінде аққойлай, қарақойлы деген рулардың да болғаны тарихтан белгілі. Бұл этнонимдер қазіргі қазақ, қарақалпақ, ноғай халықтарының құрамындағы ру

атаулары. Армения, Грузия, Әзірбайжан республикалары шекараларының ұштасар тұсында орналасқан ауданның «Қазақ» аталуы да сол дәуірлердің белгісі. Монғол шапқыншылығынан кейін олар (армяндар мен қыпшақтар) Батыс Украинаға қоныс аударады (XIII ғ.) Армян колониясының құрылуы да осы кезеңге сәйкес келеді. Қазіргі қазақ тілінің тарихи даму жолын анықтауда аса маңызды армян жазулы қыпшақ ескерткіштері, өкінішке орай тым аз зерттелген. Тіпті Ереван қаласындағы Матенадаран кітапханасында сақталған сегіз қолжазбаның 70%-на әлі түсініктеме де жазылмаған екен¹. Бұл қолжазбалардың ішінде аса құнды «Армян-қыпшақ грамматикасы» және «Армян-қыпшақ тілдерінің тарихы» атты еңбектер де бар. Белгілі армян зерттеушісі О.С. Еганянның айтуы бойынша, «Армян-қыпшақ грамматикасында» жеті септік түрі көрсетіліп, оларға 184 мысал келтірілген, сондай-ақ 500-дей зат есімдер мен сын есімдер берілген². «Дана Хикар сөзінің» тілін зерттеуші С.Құдасов ескерткіштің фонетикалық жүйесіне, морфологиялық құрылымы мен лексикалық құрамына толық сипаттама бере отырып, аталмыш мұраның тілінен ескі қыпшақ тілінің үлгісі және қазақ тілімен сабақтастығы анық байқалатындығын көрсетеді³. Зерттеушінің тұжырымдары мен ескерткіш мәтінінің транскрипциясы бойынша сөз қолданысына, сөйлем құрылысы мен фонетикалық, морфологиялық ерекшеліктеріне көңіл аударсақ, «Дана Хикар сөзін» ескі қазақ тілінің негізгі ерекшеліктерін көрсететін төл туынды деп қарауға толық негіз бар. Армян-қыпшақ ескерткіштерінің бәрі жеткілікті дәрежеде зерттелмеуіне байланысты аталмыш тілдің диалектілерге бөліну, бөлінбеуі жайлы мәселе де әлі шешімін таппай келеді.

¹ Ысмағұлов М. 1581 жылғы қыпшақ / қазақ грамматикасы туралы // Қазақ тарихынан. – Алматы, 1997. – Б. 241.

² Ысмағұлов М. 1581 жылғы қыпшақ / қазақ грамматикасы туралы // Қазақ тарихынан. – Алматы, 1997. – Б. 241.

³ Құдасов С. Армян жазулы қыпшақ ескерткіші «Дана Хикар сөзінің» тілі. – Алматы, 1990.

Армян-қыпшақ ескерткіштерінің тілін зерттеуші М.Левицкий мен Р.Конова «Свода законов польских армян» (1957 ж.) атты еңбектерінде армян қыпшақтарының тілінде диалектілік ерекшеліктер кездесетіндігі жайлы жорамалдарын білдірді және аталмыш тіл екі диалектіден тұратындығын, оның бірі осман тілінің ықпалына ұшырағандығын көрсетті. Венгер ғалымы Э.Трыярский бұл пікір жайлы «Авторлар өз болжамдарына нақты дәлелдер ұсына алмады. М.Левицкийдің өмірден өтуіне байланысты ғалым бастаған зерттеу жұмыстар үзіліп, ол ұсынған гипотеза қабылданбады, сондай-ақ теріске де шығарылмады» деп жазады¹. «Каменск-Подольск» сот құжаттары тілінің, басқа да іс-қағаздар жүйесі тілінің аудармасын, транскрипциясын жасап, грамматикалық тұрғыдан түсініктеме берген ғалым Т.И.Грунин бұл ескерткіштердің тілі қарайым тілін жақын деп таныса², кейінгі зерттеушілер ішінен А.Н.Гаркавец қарайым тілінің тракай диалектісімен байланыстырады³. Қыпшақ диалектілері негізінде ...Қыпшақ тілінің төл ескерткіштерінің бірі «Армян колониясының жазба ескерткіштерінің» тілі ескі қыпшақ тілінің оңтүстік-батыс бұтағына жатады.

Бұлғар әдеби тілі біздің заманымыздың V ғасырында Азов теңізі аумағын мекендеген көне бұлғар (оногур-булғар) тайпалық одағы – Бұлғар мемлекетінің тілінің құрамындағы диалектілерден бастау алады. Көне Бұлғар мемлекеті ыдырағаннан кейін де көне бұлғар тілі Еділ бойы мен Қазан маңында кеңінен қолданылып, әдеби жазба тіл деңгейіне жетті. Бұлғар әдеби тілінің үлгілері XI-XIV ғасырларда осы өңірде араб әліпбиімен жазылған ескерткіштердің тілінен көрініс береді.

Бұлғар мемлекеті тарих сахнасынан кеткеннен кейін (VII ғасырдың ортасы) оның мұрагерлері дунай бұлғарларына, кубань бұлғарларына және еділ бұлғарларына бөлініп өз мем-

¹ Трыярский Э. О диалектной дифференциации армяно-кыпчакского языка // Советская тюркология. – Баку, 1987, – № 4. – С. 23

² Документы на половецком языке XVI в. – Москва, 1967. – С.13.

³ Гаркавец А. Н. Кыпчакские языки: куманский и армяно-кыпчакский. – Алма-Ата, 1987. – С. 114.

лекеттерін құрды. Дунай бұлғарлары VII-IX ғасырларда Болгария аумағын, кубань бұлғарлары V-X ғасырларда Азов маңын, еділ бұлғарлары VII-XII ғасырларда Орталық Еділ бойы мен төменгі Кама аймағын мекендеген. Еділ бұлғарларының тілінің жазба нұсқасы XIV ғасырдың аяғына дейін эпитафийдің функционалды тілі түрінде қолданыста болған. Көршілес славяндардың ықпалымен ассимиляциялану үдерісіне ұшыраған дунай бұлғарлары IX ғасырда славянданып кетсе, кубань бұлғарлары түркілік негізін жартылай сақтап қалады (VII-X ғғ.). Ал, Орталық Еділ бойы мен төменгі Кама маңын мекендеген еділ бұлғарлары (VII-XV ғғ.) түркілік сипатын толық сақтап, қазір осы өңірлерді мекендейтін түркі халықтарының тілінің қалыптасуына негіз болады. Еділ бұлғарларының ежелгі феодалдық мемлекеті бірнеше тілдік тайпалардан құралуына байланысты бұлғар тілі алғашқы кезеңде тайпалық тіл деңгейінде болуы да мүмкін, жалпыбұлғарлық халық пайда болғаннан кейін (XI-XII ғғ.) бірнеше лингвистикалық, экстралингвистикалық факторлардың әсерінен жалпытүркілік типтегі тілдік койне қалыптасқан. Бұлғар тілінің бірнеше аймақтық варианттары белгілі: дунай-бұлғар говоры («Бұлғар княздарының егесі» ескерткішінің тілінде сақталған); кубань-бұлғар говоры (венгер тіліндегі түркі кірме сөздері жиі кездесетін Эльбрусс маңынан табылған кавказ руна ескерткіштері тілінде сақталған); еділ-бұлғар говоры (XIII-XIV ғғ. эпитафиялық жазбалар мен кірме сөздерде сақталған). Түркі тіл білімінде бұлғар тілінің дунай-бұлғар және кубань-бұлғар варианттарының деректерін сақтаған ескерткіштер атабұлғар (прабулгарский) тілі ретінде қарастырылса, еділ-бұлғар тілінің ерекшеліктерін сақтаған жазба мұралар көнебұлғар, ортабұлғар, ғұн-бұлғар, еділ бұлғарлары эпитафиясының тілі, II стиль ескерткіштерінің тілі деген бірнеше терминдермен аталады. Анлаут позициядағы *j* субституциясы бойынша бұлғар тілінің варианттары диалектілерге жіктеледі: дунай-бұлғар және кубань-бұлғар (ата-

бұлғар тілі) тілдері – *d* және *ž* диалектісі; еділ-бұлғар тілі – *t* және *ž/č* диалектісі¹.

Сельжүк (ескі анатолы-түрік тілі немесе ескі осман тілі) жазба-әдеби тілі. Сельжүктер басқарған түркі тайпаларының (оғыздардың) тілі, таралу аймағының орталығы – Кіші Азия түбегі мен Анадолы аумағы, хронологиялық шегі XIII-XIV ғасырларды қамтиды. Сельжук жазба әдеби тілі Кавказ алқабынан Кіші Азияға дейін таралған. Ескі осман тілінің кеңінен қанат жаюы Кіші Азиядағы сельжүктер мемлекеті құлап (1077-1307 жж.), Осман империясының тарихи аренаға шығу кезеңіне сәйкес келеді (1299 ж.). Ескі анатолы-түрік тілі мұраларына араб әліпбиімен жазылған авторы белгісіз «Қорқыт ата кітабы», Ахмад Факыхтың «Чарх наме» поэмасы және Жалаледдин Руми, Сұлтан Уалед, Бурханеддин Сиуасс, Шайяда Хамза сынды т.б. шайырлардың өлеңдері жатады. Ескерткіштер тілі екі диалектілік аймаққа бөлініп қарастырылады: батыс диалектілік аймақ – Конья, Кыршехир, Сиврихисар, Болу, Кютахья, Айдын қалалары; шығыс диалектілік аймақ – Эрзурум, Кайсери, Эрзинжан, Сивас қалалары. XIV-XV ғасырлардағы Кіші Азияда полилингвистикалық (араб-парсы-түрік) жағдаяттың қалыптасуына байланысты ескі осман тілі арабизмдер мен иранизмдерді молынан сіңірді².

Түркілердің әдеби тілі (қазіргі түркілердің әдеби тілінің алғашқы сатысы) қазіргі түркітілдес халықтардың дербес халық болып толық қалыптасуына орай жалпытүркілік жазба әдеби тіл ретінде қолданыста болған шағатай әдеби тілінің әрбір түркі халықтарының тілінің ыңғайына қарай іштей ыдырап, жергілікті говорларды бойына сіңіріп жалпытүркілік тілден ерекшелен бастаған кезеңнің, яғни қазіргі түркілердің ұлттық әдеби тілдерінің алғашқы сатысын сипаттайды. Қазіргі түркілердің әдеби тілінің алғашқы сатысы бірнеше ареалдық нұсқада қалыптасты: ортаазиялық (өзбек, ұйғыр); еділ бойылық (татар, башқұрт),

¹ Закиев М. З. Татар халқы теленең барлыкка килуе. – Казан, 1977; Хакимзянов Ф. С. Бұлғар тілі // Түркі тілдері. Энциклопедиялық басылым. – Астана: Фолиант, 2002. – Б. 58-65.

² Гүзев В. Г. Староосманский язык. – Москва, 1979. – С. 11-13.

арал-каспийлік (қазақ, қарақалпақ, қырғыз); солтүстік кавказдық (қарашай-балқар, ноғай, құмық); кішіазиялық (түрік); қара теңіздік (түрікмен, әзірбайжан). Қазіргі түркілер әдеби тілінің алғашқы кезеңіндегі ареалдық нұсқалар түрлі диалектілік ерекшеліктерге негізделіп дамыды.

Қазіргі түркі тілдері. Қазіргі таңда Азия ме Еуропаның әр аумағында – Орта Азия мен Қазақстанда, Орал мен Еділде, Кавказ бен Қырымда, Сібір мен Қиыр Шығыста, Иран мен Ауғанстанда, Қытай мен Монғолияда, Араб елдерінде, Түркия мен басқа да Балқан елдерінде, Солтүстік Еуропада, Оңтүстік Еуропада, сондай-ақ Солтүстік Америкада, Латын Америкасында, Австралияда, Африкада мекендейтін 150 миллионға жуық түркі халықтары түркі тілдерінде сөйлейді.

Алтай тілі. Ресей құрамындағы Алтай Республикасының жергілікті халқының тілі. Негізгі шоғырланған аумағы Таулы Алтайдың Катун, Сема, Чарыш, Урсул, Майма, Чуй, Чулышман, Башкауыз, Уймен, Прыжа, Кокшы, Лебедь өзендерінің бойындағы елді мекендер. Алтайлықтардың жалпы саны жетпіс бір мыңнан асады. Таулы Алтай автономиялы республикасы құрылған 1947 жылға дейін алтайлықтар өздерін *ойраттар*мыз деп атап, алтай тілі *ойрат тілі* деп аталып келді. Таулы Алтайдағы түркітілдес халықтың *ойрат* этнонимімен аталуы, сол өңірлерде монғол тектес ойрат тайпаларының үстемдік құруымен байланысты қалыптасқан. Ойраттармен бірге Жоңғар хандығының құрамында болған алтай түркілері өздерін *ойрат* атап кеткенімен халық арасында *алтай кіші* (алтай кісі) этнонимі де сақталған. Халықтың ресми атауы – алтайлықтар.

Этногенездік құрамының күрделілігіне байланысты алтай тілі бірнеше диалектілер жиынтығынан тұрады. Шығыс түркі тілдерінің қырғыз-қыпшақ тілдер тобына жататын алтай тілі оңтүстік және солтүстік диалектілік топтарынан құралады. Оңтүстік топ алтай, телеуіт теленгит диалектілерінен тұрады. Теленгит диалектісі іштей теленгіт-телес, чуй говорларына бөлінеді. Солтүстік топ тува, құманды, чалқан диалектілерінен

тұрады. Алтай тілдерінің солтүстік тобы татар тіліне жақын, соған орай оларды *лебедь татарлары, чулым татарлары* деп те атайды. Алтай түркілерінің әдеби тілі оңтүстік диалектісінің телеуіт говорына негізделген¹. 1928-1938 жылдары аралығында латын графикасын пайдаланса, 1938 жылдан бері орыс графикасына негізделген жазу жүйесін қолданады. Қазіргі алтай түркілері тілінің функционалдық әлеуеті тым шағын, этнос өкілдерінің басым бөлігі қос тілді, енді бір бөлігі ана тілінен қол үзген, орыс тілді.

Түркі тілдері жүйесіндегі алтай түркілері тілінің тарихи даму жолы, фонетика-фонологиялық, лексика-семантикалық жүйесі, морфологиялық құрылымы мен синтаксистік құрылысы, лингвоэкологиялық жағдаяты кеңінен зерттеуді талап етеді.

Әзірбайжан тілі. Әзірбайжан Республикасының мемлекеттік тілі, осы елдің негізгі халқы әзірбайжан ұлтының ана тілі. Әзірбайжан Республикасынан тыс Грузия, Армения, Дағыстан, Иран, Түркия, Ирак, Ауғанстан елдеріне таралған әзірбайжандардың жалпы саны – жиырма миллион шамасында. Әзірбайжан тілінде төрт түрлі диалектілік топ бар: солтүстік, оңтүстік, шығыс және батыс диалектілік топтары. Оңтүстік топқа – нахишеван, ордубад, тавриз диалектілері мен ереван говоры; солтүстік топқа – шекин, закатло-ках говорлары; шығыс топқа – кубандық, бакулік, шехмандық диалектілер, муған, ленкоран говорлары; батыс топқа – қазақ, қарабах, гянджан диалектілері және айрум говоры кіреді.

Әзірбайжан халқының қазіргі қолданыстағы әдеби тілі шығыс тобындағы Баку немесе Шемаха диалектілерінің негізінде XX ғасырдың алғашқы жылдарында қалыптасқан. Иранда, ішінара Азиядағы басқа да елдерде мекендейтін түркітөктес – қашқай, қызылбас, афшар, шахсеван, қыпырлық, қарапапах, хаджар, қарадағ, баят, айрум, падар этнонимдерімен аталатын ұлыстардың тілдері де әзірбайжан тілінің диалектілеріне

¹ Н.А. Баскаков. Алтай тілі// Түркі тілдері. – Алматы: Фолиант, 2002. – Б. 232-240.

өте жақын¹. Негізінен Иранда тұратын бұл этникалық топтардың әдеби тілі, дербес жазу жүйесі қалыптаспаған. Батыс түркі тілдерінің оғыз тобына жататын әзірбайжан тілі орта ғасырлардағы оғыз және қыпшақ тайпалық тілдерінің негізінде қалыптасып, XV-XVI ғасырларда оғыздық сипаты басымдыққа ие болған. 1927 жылға дейін араб графикасын қолданған әзірбайжандар 1927-1940 жылдары латын графикасына негізделген әліпби жүйесін, 1940 жылдан 1999 жылға дейін кириллицаны пайдаланып, 1999 жылы латын графикасына негізделген жаңа әліпбиді қабылдады.

Алабұғат татарларының тілі (ноғайлар). Ресейдегі Қалмақ Автономиясы Каспий ауданы Улан-Холл бекеті маңындағы Северный ауылын мекендейтін шағын этникалық топ – алабұғат татарларының саны бес жүздей ғана². Алабұғат татарлары Каспий теңізі жағалауын мекендеген түркі халықтары (ноғай, өзбек, түрікмен, қазақ, қазан татарлары) мен қалмақтардың, монғол тектес басқа да этникалық топтар арасындағы тығыз ассимиляциялық үдерістердің нәтижесінде қалыптасқан түркі тілдес этникалық топ. Алабұғат татарларының этникалық құрамындағы ноғай компонентінің басымдылығына сәйкес өздерін ноғайлар қатарына жатқызғанымен тілдік ерекшеліктері жағынан тек ноғай тіліне ғана емес қазақ, қарақалпақ тілдеріне де тым жақын.

Астрахан ноғай-қарағаштарының тілі. Өздерін *ноғай-қарағаштары* деп атайтын шағын этникалық топ түркі тілдерінің қыпшақ-ноғай тобына жатады. Қарағаштар Ресейдің Астрахань облысы Краснярск және Харабалинск аудандарын мекендейді, жалпы саны – шамамен бес жүз мың адам. Қарағаштар Кіші Ноғай Ордасының бөлініп шығуына байланысты өздерімен аралас-құралас жатқан Солтүстік Кавказдағы, Дағыстандағы

¹ Ширалиев М.Ш. Әзірбайжан тілі// Түркі тілдері. – Алматы: Фолиант, 2002. – Б. 207-221; Дәмирчизаде Ә.М. Азәрбајчан әдеби дилинин тарихы. – Бакы, 1979.

² Арсланов Л. Ш. Язык алабугатских татар Каспийского района Калмыцкой АССР. – Казань, 1988. – С.7.

ноғайлардан алшақтап қалады¹. Қарағаштар тілі ноғай тілінің негізгі белгілерін сақтап қалғандықтан өз тілдерін ноғай тілі деп атайды. Жазба тілі қалыптаспаған. Кезінде Кіші Ноғай Орда-сының құрамында болған қарағаштардың батыс қазақтарымен тығыз лингвомәдени қарым-қатынаста болуы олардың тіліндегі қазақ тіліне тән белгілердің орнығуына ықпал етті.

Балқан түріктерінің тілі. Ғылыми әдебиеттерде балқан түріктері аталатын аз санды топ түрік, гагауыз, қырым татарлары тілдерінің диалектілерінде сөйлейді, этникалық тегі жағынан да түрік, гагауыз және татар халықтарының өкілдері саналады. Сондай-ақ өздерін *йүріктер* деп атайтын шағын этникалық топ та балқан түріктерінің құрамына енеді. Балқан түріктері тілінде сөйлейтін гагауыздар солтүстік шығыс Болгарияда; түріктер Румыния, Болгария және бұрынғы Югославияда; қырым татарлары солтүстік-шығыс Болгарияда, шығыс Румынияда тұрады. Балқан түріктерінің тілі бірнеше говорларды қамтитын екі ареалдан тұрады. Шығыс ареалын Болгарияда тұратын түркі халықтарының Делиорман, Варна, Казанлық, Разград, Тырчовичтен, Крепч, Кирджали, Милина говорлары құраса; батыс ареалын Болгариядағы Видина, Кюстендия, Михайловград говорлары, Македониядағы Охрида, Скопле, Динлер, Куманов, Гостивар говорлары құрайды².

Балқан түріктері тілінде сөйлейтін қырым татарлары Болгария мен Румыния аумағына ХІХ ғасырдың ортасына қарай Қырымнан көшіп келген татарлардың ұрпақтары саналады. Ал гагауыздар ХІХ ғасырдағы Дунайдан Бессарабияға бағытталған гагауыздар көшінен қалып кеткен топ ретінде қарастырылады. Аз санды гагауыздар көрші түріктермен тығыз лингво-контактологиялық жағдайда өмір сүргендіктен тілдері түрік диалектілерінің ықпалына ұшыраған.

¹ Арсланов Л. Ш. Астрахан ноғай-қарағаштарының тілі // Түркі тілдері. – Алматы: Фолиант, 2002. – Б. 242.

² Покровская Л. А. Балқан түріктерінің тілі// Түркі тілдері. – Алматы: Фолиант, 2002. – Б.251.

Барабы татарларының тілі. Ресейдің Новосибирь облысын мекендейтін барабы түркілерінің жалпы саны – сегіз мыңдай. Көптеген әдебиеттерде татар тілінің барабин диалектісі аталып жүрген барабы тарларының тілінде қазақ тілінің белгілері де мол. Батыс түркі тілдерінің қыпшақ тобына жататын барабы татарларының тіліндегі қыпшақтық негіз үш тілдік қабат аясында қарастырылады: байырғы қыпшақтық қабат – Тобыл, Ертіс бойындағы татарлар тілімен ықпалдастықта; қазақтық қабат – XVII ғасырдан Омбы қазақтары тілімен ықпалдастықта; XVII-XX ғасырларда – Қазан, Самара, Саратов аумағынан көшіп келген Еділ бойы татарлары тілімен ықпалдастықта дамыған.

Башқұрт тілі. Ресей құрамындағы Башқұртстанды мекендейтін жергілікті халықтың тілі. Башқұрттардың жалпы саны – бір миллион төрт жүз елу мың адам шамасында. Орыс графикасына негізделген әліпби жүйесін қолданады. Түркі этнонимдер жүйесіндегі көне атаулар қатарынан орын алатын *башқұрт* атауының X-XI ғасырлардағы тарихи жазбаларда *башкард*, *башкард*, *башкерт*, *башгирд*, *баскарт*, *баджгард*, *башджард*, *башджер*, *басжерт*, *басджер* нұсқалары белгілі. Сондай-ақ *бозғұрт*, *бозқұрт* атаулары да башқұрт этнонимінің этимологиясына қатысты қарастырылады. Қыпшақ тобындағы тілде сөйлейтін башқұрттардың дербес халық ретінде қалыптасуы да күрделі лингвоэтникалық үдерістерді қамтиды.

Башқұрт тілінің тарихи даму жолы бес кезеңге бөлінеді: 1. XIII ғасырға дейінгі кезең – көне башқұрт тілі бурзян, байлар, бишул, жағалбай, кудей, сураш, тангаур, тамйән, ун, усерген тайпаларының тілі негізінде дамыған; 2. XIII-XIV ғасырлар аралығы – бұл кезең қарқынды лингвоэтникалық үдерістермен ерекшеленеді. XIII-XIV ғасырларда башқұрттар құрамына өзіндік тілдік ерекшеліктері бар түркі тайпалары – қыпшақ тайпалары тобы, XIII ғасырдың орта шенінен бастап қатай тайпаларының тобы, XIV ғасырда табын, мин тайпаларының тобы келіп қосылады; 3. XV-XVI ғасырлар аралығы. Бұл кезеңде башқұрттар құрамындағы тайпалардың тілі біршама жүйеленіп,

башқұрт халқының ауызекі сөйлеу тілінің қалыптасқан кезеңі; 4. XVII-XX ғасырлар аралығындағы башқұрт тілінің одан әрі даму кезеңі. Бұл кезеңде башқұрттардың сөйленіс ерекшеліктері тұтастанып, халықтың өмір салтындағы өзгерістерге, отырықшылық дәстүрге байланысты қазіргі диалектілері қалыптасады; 5. Қазан төңкерісінен кейінгі кезең (XX ғасырдың екінші онжылдығы). Бұл кезең башқұрт тілінің нормаланған әдеби тілінің, жазба әдеби тілінің қалыптасуымен ерекшеленеді. Башқұрт тілі оңтүстік немесе *юрматы* және *қувакан* немесе шығыс диалектілерінен тұрады, әдеби тілінде екі диалектінің де белгілері сақталған. Оңтүстік диалектісі ик-сакмар, орта және дем говорларынан, шығыс диалектісі ай, аргаяш, сальют, миасс, қызыл говорларынан тұрады¹.

Боджнурд түріктерінің тілі. Иранның Хорасан аймағын мекендейтін шағын санды түркілердің тілі диахрониялық тұрғыдан да, синхрониялық тұрғыдан да зерттелмеген тілдер қатарына жатады. Парсы тілінің күшті ықпалына ұшырауына байланысты сингармониялық заңдылықтарды реликтік деңгейде ғана сақтаған боджнурди тілі XX ғасырдың жетпісінші жылдарынан кейін ғана түркітанушылардың назарына іліне бастады. Өздерін *түрк боджнурди* (боджнурд түріктері) деп атайтын топтың атауы Боджнурд қаласын білдіретін топонимге негізделген, соған сәйкес тілдері де ғылыми әдебиеттерде *боджнурди тілі* болып тіркелген.

Гагауыз тілі. Молдавияның оңтүстігіндегі Комрат, Чадыр-Лунгск, Вулканешт, Каугуль аудандарын, Украинаның Одесса облысын және Болгарияны, Түркияны мекендейтін түркітөктес этностың ана тілі. Жалпы саны шамамен екі жүз жиырма үш мыңдай адамнан тұрады. 1957 жылдан кириллицаға негізделген әліпби жүйесін пайдаланады. Батыс түркі тілдерінің оғыз тобына жататын гагауыз тілі екі диалектіден, бірнеше ареалдық говорлардан тұрады. Гагауыздардың негізгі бөлігі Украина мен

¹ Грамматика современного башкирского литературного языка. – Москва, 1981. – С. 11, 17.

Молдавияда тұратындықтан диалектілері де осы өңірдегі тілдік ерекшеліктерге негізделеді: чадыр-комрад немесе жетекші-орталық диалекті және вулканешт немесе оңтүстік диалектісі. Вулканешт диалектісіне қарағанда чадыр-комрад диалектісінде славян тілдерінің ықпалы басым.

Гагауыз тілінің тарихи даму жолы хронологиялық тұрғыдан екі кезеңге бөлініп қарастырылады: бірінші – XVII-XVIII ғасырлар аралығын қамтитын Балқан кезеңінде гагауыздар тілі Балқан түбегін мекендейтін әртүрлі жүйедегі түрік, болгар, грек, албан тілдерімен т.б. жергілікті говорлармен тығыз қарым-қатынаста дамиды; екінші – XIX ғасырдан қазіргі уақытқа дейінгі аралықты қамтитын Буджак кезеңінде гагауыз тілінің басқа тілдермен лингво-контактологиялық байланыстары одан әрі тереңдейді. Этно-мәдени және лингво-контактологиялық үдерістердің сипаты мен хронологиясына байланысты Буджак кезеңі төрт этапқа бөлінеді: 1) XIX ғасыр мен XX ғасырдың алғашқы жылдарындағы гагауыз тілінің молдован, украин және орыс тілдерімен тығыз байланысын көрсететін бессарабия кезеңі; 2) XX ғасырдың алғашқы жартысындағы (1920-1940 жылдары) гагауыз тілінің румын тілінің ықпалына ұшыраған уақыты; 3) XX ғасырдың орта шенінен соңғы жылдарына дейінгі (1945-1991 жылдары) мерзімді қамтитын гагауыз тілінің орыс тілінің ықпалына ұшырағанын сипаттайтын, сондай-ақ жазба гагауыз тілінің қалыптасуымен ерекшеленетін кезең; 4) Гагауыздардың көп бөлігінің тәуелсіздік алған Молдавияның құрамында қалуына байланысты орныққан (1991 жылдан осы уақытқа дейін) молдавия кезеңінде гагауыздар тілі молдова тілінің ықпалында дамуда¹.

Долган тілі. Ресейдегі Краснояр өлкесі Таймыр автономиялық округын және Саха Республикасының (Якутия) Анабар ауданын мекендейтін шағын этникалық топтың тілі, жалпы саны бес мыңдай адамды құрайды. Долган, дулган, донгот, эдян,

¹ Покровская Л. А. Грамматика гагаузского языка. Фонетика и морфология. – Москва, 1964.

тыя киһите тәрізді әртүрлі этнонимдермен аталып келген тундралық түріктер тілі лингвистикалық түркологияда *долган тілі* деген атаумен тіркелген. Долгандар тілі якут тіліне өте жақын болғандықтан саха тілінің диалектісі ретінде де қарастырылады. Долган тілінің лексикалық жүйесінде эвенкі тілінің элементтері де өте көп қолданылады. Үндестік заңы біршама жақсы сақталған долган тілі бес түрлі говорға жіктеледі: авамдық, норильдік, попигайлық, пиясиндік, хатангтық. Әдеби тілі қалыптаспаған.

Долган тілінің тарихи даму жолы зерттелмеген, халықтың этникалық құрамы жайлы деректер (1926 жылғы әкімшілік жүйе бойынша) олардың тілі тоғыз ру-тайпалық тілдерден құралғанын көрсетеді: Долган-Есей басқармасына қарасты аумақта тұратын *дулган* руы; Долган-Тұңғыс басқармасына қарасты өңірлерді мекендейтін *донгот* руы; Жиган-Тұңғыс басқармасы құрамына кіретін жерлерде тұратын *эдян/адян* және *эдиген* рулары; Боганид-Тұңғыс басқармасына қарасты аймақта тұратын эвенкілер құрамындағы *каранто* руы; Төменгі Затундринск якут басқармасына қарасты жерлерді мекендейтін якуттанған эвенкілер құрамындағы *баягир* руы; Төменгі Затундринск басқармасында тұратын *тундраның ар жағындағы (затундринцы)* шаруалар; Таймыр өңіріне қарасты Котуя/Хатанги, Есей көлі мен Оленька өзені маңындағы якуттар құрамындағы *катыгендік, бетундік, бетилдік* долгандар; Илимпейлік басқармасынан қарасты жерлерді мекендейтін эвендіктер құрамындағы *тамбегир, малчагир, иолигир, тыптагир, якчар* рулары; Хантай басқармасына қарасты жерлерді мекендейтін энцилер (самоедтер) құрамындағы *муггади, бай* және ненцилер (юрактер) құрамындағы *ябтонгэ, аседа* рулары¹.

Қазақ тілі. Қазақ халқының ана тілі, Қазақстан Республикасының мемлекеттік тілі. Қазақтардың жалпы саны – он алты миллион шамасында. Қазақстаннан тыс аймақтардағы қазақ-

¹ Андросова С. И. Долган тілі// Түркі тілдері. – Алматы: Фолиант, 2002. – Б. 305-306.

тардың ең көп шоғырланған жері – Қытай мен Монғолия, басқа мемлекеттерде де шағын диаспоралық топтар мен тілдік анклавтар шашырай таралған. Қазақ әдеби тілі XIX ғасырда жалпыхалықтық тіл негізінде қалыптасты. Ұзақ жылдар консонантты араб әліпбиін қолданған қазақ халқы 1912 жылы араб графикасы негізінде қазақ тілінің фонетикалық ерекшеліктерін толық қамтитын қазақ әліпбиін (А.Байтұрсынұлының әліпбиі) қолданысқа енгізеді. 1928 жылы латын графикасына негізделген әліпби жүйесіне көшіп, 1940 жылдан бастап кириллица бойынша жасалған әліпби қолданылады.

Батыс түркі тілдерінің қыпшақ тобындағы қазақ тілі араб-парсы ықпалына аз ұшыраған, түркілік табиғатын терең сақтаған тілдердің бірі, сондай-ақ диалектілік ерекшеліктері бәсең – монолитті тіл. Әдеби нормадан көп ерекшеленбейтін төрт ареалдық топ ажыратылады: батыс, оңтүстік, орталық-солтүтік, шығыс. Фонетика-фонологиялық жүйесі мен лексика-грамматикалық құрылымында көне белгілерді де, жаңа белгілерді де молынан сақтаған қазақ тілі Батыс түрік қағанатын құрған көне түркі тайпаларының тілімен тікелей сабақтастықта дамыған.

Камасин татарларының тілі. Ресей Федерациясы Краснояр өлкесінің Кан және Мана өзендері бойын мекендейтін этникалық топтың тілі. Камасин татарларының саны екі жүздей ғана. Камасин татарларының этникалық тарихы угро-фин тайпаларынан таратылғанымен, олардың этногенездік құрамында түркі тайпаларының да үлесі бар, ұзаққа созылған этникалық үдерістерден кейін тілдері таза түркілік сипат алған. Жазу жүйесі қалыптаспаған.

Қарақалпақ тілі. Өзбекстан Республикасының құрамындағы Қарақалпақ Автономиялы Республикасының жергілікті тұрғындары – қарақалпақ халқының тілі. Қарақалпақтар Өзбекстанның Хорезм, Ферғана облыстарына, Түркменстанның Ташауыз облысына және Ауғанстанның кейбір аймақтарына таралған, тілдік анклавтары Қазақстан мен Ресейде де кездеседі, жалпы саны – төрт жүз елу мыңға жуық. Әдеби тілі XX ғасырдың жиыр-

масыншы жылдары қалыптасқан қарақалпақтар 1940-1998 жылдар аралығында кириллицаны пайдаланса, 1998 жылдан бері латиницаға негізделген жаңа әліпби жүйесін қолданады.

Алтын Орда мен Үлкен Ноғай Ордасының құрамындағы қыпшақ тайпаларынан таралған қарақалпақтардың тілі батыс түркі тілдерінің қыпшақ тобына жатады. Қыпшақтық белгілері мен оғыздық, қарлұқтық белгілеріне байланысты екі диалектілік топтан тұратын қарақалпақ тілінің солтүстік (солтүстік-шығыс) диалектісі қазақ тіліне өте жақын болса, оңтүстік (оңтүстік-батыс) диалектісі өзбек және түрікмен тілдерінің кейбір белгілерін сақтаған. Қарақалпақ әдеби тілі солтүстік-шығыс диалектісінің негізінде орныққан¹. Қарақалпақ тілінің солтүстік диалектісі Тахтакөпір, Қараөзек, Мойнақ аудандарына, оңтүстік диалектісі Шымбай, Кегейлі, Қоңырат, Ходжелі, Қыпшақ, Шаббаз, Төрткөл, Куйбышев аудандарына таралған.

Қарашай-балқар тілі. Ресей Федерациясы құрамындағы Қарашай-Черкес автономиялық облысында тұратын қарашайлар мен Кабардин-балқар автономиялық Республикасын мекендейтін балқарлардың ортақ әдеби тілі. Балқарлардың жалпы санын шамамен тоқсан мың адам құраса, қарашайлардың саны – жүз елу алты мың шамасында. Таулы түрк тілі, таулы балқар тілі, татар-шағатай тілі, таулы татар тілі, қарашай тілі, балқар тілі деп түрліше аталып келген қарашайлар мен балқарлар тілінің тұрақты этнотерминмен аталуы XX ғасырдың алпысыншы жылдарында орнықты. Балқарлар өздерін түркі тілдерінде кең тараған анлаут позициядағы *b~t* дыбыстарының сәйкестігіне орай *малқар* деп те атайды. Қарашай-балқар тілінің анклавтары Орта Азия мен Қазақстанға да таралған. Батыс түркі тілдерінің қыпшақ тобына қарасты қарашай тілі мен балқар тілінің фонетикалық жүйесі, лексика-грамматикалық құрылымы бір-біріне өте жақын болғандықтан ортақ әдеби тілдік жүйеге бірік-

¹ Баскаков Н.А. Каракалпакский язык. Т. I, II. – Москва, 1951-1952; Насыров Д.С. Становление каракалпакского общенародного разговорного языка и его диалектная система. – Нукус – Казань, 1976.

тірілген. Қарашай-балқар тілі қарашай-боқсан-шегем және малқар-холамбызынғы диалектілерінен тұрады¹.

Қарайым тілі. Украина мен Қырымды, Литваны, Польшаны мекендейтін түркі тектес этностың тілі, жалпы саны – алты миллион шамасында. Халықтың тарихи атауы – *қарай* (*қарайлар*). Христиан дінін қабылдау барысында «көне евр. *караим* «оқитындар» этнонимі таңылғаны жайлы пікір қалыптасқан («Библияны оқитындар» мәнінде түсіндіріледі). Батыс түркі тілдерінің қыпшақ тобына жататын қарайымдардың жалпыхалықтық әдеби тілі орнықтаған. Қарайым тілі үш диалектіден тұрады: тракай диалектісі, галиц немесе батыс диалектілері және қырым диалектісі. Батыс диалектісі түркі тілдерінен алшақта, бөгде тілдік ортада дамығандықтан литва, поляк, украин және орыс тілдерінің ықпалына ұшыраған, ал қырым диалектісі қырым татарларының тілімен байланыста дамығандықтан түркілік табиғатын тереңірек сақтаған. Қарайымдардың ежелгі тарихы жайлы мәліметтер тым аз, батысқа қоныс аударуы XIV ғасырлардағы қыпшақтар арасындағы миграциялық үдерістерге сәйкес келеді, қарайым тіліндегі диалектілік жіктелістердің ажырай бастауы да осы кезеңдерден басталады².

Құмық тілі. Ресей Федерациясының құрамындағы Дағыстанды, Шешен Республикасын, Солтүстік Осетияны мекендейтін түркі тектес этникалық топтың тілі. Жалпы саны шамамен үш жүз мыңдай адамды құрайтын құмықтардың тілі батыс түркі тілдерінің қыпшақ тобына жатады. Құмық тілінің қалыптасуы қыпшақ-оғыз және бұлғар-хазар типті түркі диалектілерінің кавказ тілдерімен (авар, даргин, осетин, шешен) ықпалдасу үдерісімен сабақтастықта қарастырылады. Хасавюрт, буйнақ, қайтақ, таулы, тер диалектілерінен тұратын құмық тілінің әдеби тілі XX ғасырдың жиырмасыншы жылдарында бұйнақ-хасавюрт

¹ Грамматика карачаево-балкарского языка. Под ред. Н. А. Баскакова. – Нальчик, 1976; Акбаев Ш. Фонетика диалектов карачаево-балкарского языка. – Черкесск, 1963.

² Мусаев К.М. Краткий грамматический очерк караимского языка. – Москва, 1977.

диалектісінің негізінде қалыптасқан, 1938 жылдан бастап орыс әліпбиін қолданады¹.

Қырғыз тілі. Қырғызстан Республикасының негізгі тұрғындары – қырғыздардың ана тілі. Қырғыздардың біраз бөлігі Қытай Халық Республикасының Синцзян провинциясына қарасты Қызылсу қырғыз автономиялы облысын мекендейді. Кеңестер Одағы мен Қытай Халық Республикасы арасындағы шекараны қайта қарау туралы келіссөздер барысында Қырғызстанның бір бөлігі жергілікті халқымен бірге Қытай мемлекеттінің аумағына өтеді. Жалпы саны үш миллионнан асатын қырғыз халқы Тәжікстанның Гарм облысына, Таулы Бадахшан автономиялы облысына, Өзбекстанның Наманган, Ферғана, Самарқанд, Әндіжан өңірлеріне, Қазақстан мен Ресейдің кейбір аудандарына, Ауғанстанның солтүстік-шығыс аймақтарына, Пәкістанға да таралған. Қырғыз тілі аздаған айырмашылықтары бар үш диалектіге бөлінеді: солтүстік, оңтүстік және оңтүстік-батыс диалектілері. Ерін үндестігінің толық сақталуы мен созылықты дауыстылардың жүйелі қолданылуы қырғыз тілінің басты ерекшелігі болып табылады. Көне түркі жазба ескерткіштерінен белгілі көне халық қырғыздардың тілінің қалыптасу тарихында оңтүстік сібір және орта азия түркі тілдерінің өзара ықпалдасу үдерісі маңызды орын алады. Қырғыз халқы 1928 жылға дейін араб графикасын, 1928-1940 жылдары латын графикасын қолданған, 1940 жылдан бері кириллицаға негізделген әліпби қолданыста².

Қырым татарлары тілі. Түркі халықтарына жататын шағын этникалық топтың тілі. Қырым татарларының атамекені – Қырым өңірі, жалпы санын шамамен жеті жүз тоқсан мың адам құрайды. Өздерін орта ғасырлардағы қыпшақтардың ұрпағы

¹ Гаджиева Н.З. Кумыкский язык//Младописьменные языки народов СССР – Москва-Ленинград, 1959; Дмитриев Н. К. Грамматика кумыкского языка. – Москва-Ленинград, 1940; Левитская Л. С. Құмық тілі//Түркі тілдері. Энциклопедиялық басылым. – Астана: Фолиант, 2002. – Б. 411-421.

² Кыргыз тилинин грамматикасы. Морфология жана фонетика. – Фрунзе, 1980; Орузбаева Б. О. Кыргыз адабий тилинин жалпы элдик негиздери жөнүндө. – Фрунзе, 1968.

санайтын тау бөктеріндегі түркі ұлыстарынан, ноғайлар мен татардан қалыптасқан қырым татарларының этникалық құрамы тым күрделі. Қырым түркілерінің *татар* этнонимімен аталуы Қырым хандығының құрылу кезіне сәйкес келеді. Қырым татарлары Украинада, Өзбекстанда, Тәжікстанда, Әзірбайжанда, Грузияда, Ресейдің Дағыстан, Краснодар, Ставрополь өлкелерінде, Түркияда, Румыния мен Болгарияда тұрады. Екінші дүниежүзілік соғыс кезінде Қазақстан мен Орта Азияға депортацияланған қырым татарларының біразы әлі де осы өңірлерді мекендейді.

Қырым татарланының тілінде үш диалекті бар: солтүстік немесе далалық ноғай диалектісі, орта немесе аралық диалекті және оңтүстік немесе оңтүстік жағалау диалектісі. Солтүстік және орта диалектісі түркі тілдерінің қыпшақ тобына, оңтүстік диалектісі оғыз тобына жатады. Қырым татарларының әдеби тілі қыпшақ-половец топшасына енетін орта диалекті негізінде қалыптасқан. Қыпшақ-ноғай топшасына жататын солтүстік диалектісінде сөйлейтін қырым татарлары ноғайлар немесе маңғыттар деп те аталады. Қырым татарлары 1938 жылдан бері кириллицаға негізделген әліпби жүйесін пайдаланады.

Қырымшақ тілі. Қырым өңірін мекендеген шағын санды түркі ұлыстарының бірі – қырымшақтардың тілі. Қыпшақ тобына жататын тілде сөйлейтін қырымшақтардың негізгі шоғырланған жері – Симферополь өңірі, жалпы саны – екі мың шамасында. Сингармонизм заңын жақсы сақтаған қырымшақ тілінде бұйрық райдың бірінші жағын білдіретін көнетүркілік – *jīm* қосымшасы қолданылады (*alijīm* ‘алайын’), қазақ тілінде бірінші жақтың бұйырық мәнін *-jīn/-jin* қосымшасы береді (*alijīn, brejin*). Қырымшақ тілінің морфологиялық жүйесіндегі басқа қыпшақ тобындағы тілдерге қарағанда өзгешелеу белгісі жіктік жалғауының бірінші жағында *-īn/-in* қосымшасының қолданылуы (*al+īr+īn* ‘ала+м+ын’). XV-XVI ғасырларда Қырым өңірінде жазылған түркі мұрасы «Ритуар Каффы» қырымшақ тілінің ескі нұсқасы ретінде қарастырылады.

Ноғай тілі. Кавказ өңірін мекендейтін түркі ұлыстарының бірі – ноғай этносының тілі, жалпы саны шамамен тоқсан мың шамасында. Ноғайлардың негізгі шоғырланған аумағы – Дағыстанның Ноғай ауданы, Ставрополь өлкесі. Ноғай ордасының негізгі тайпаларының бірі – ноғайлардың ата-бабалары Ертіс және Дунай өзендерінің аралығын мекендеген. Бірнеше ру-тайпалардан тұратын ноғайлардың этникалық құрамын сипаттайтын этнонимдер жүйесінде үйсін, қыпшақ, қаңлы, арғын, қоңырат, шекті т.б. ежелгі тайпа атаулары сақталған. Қазақ, қарақалпақ тілдерінен XV ғасырда іргесін ажырата бастаған ноғай тілі үш диалектіге бөлінеді: ақ ноғай, қара ноғай және ноғай диалектілері¹. Ұзақ жылдар араб әліпбиін қолданған ноғайлар 1928 жылы латын графикасына негізделген әліпби жүйесін қабылдайды, ал 1938 жылдан бері кириллица бойынша түзілген әліпбиді пайдаланады.

Өзбек тілі. Өзбекстан Республикасының мемлекеттік тілі, өзбек халқының ана тілі. Өзбектердің біраз бөлігі Қазақстан, Қырғызстан, Түркменстан, Тәжікстан елдерін, Қытай Халық Республикасының Шыңжан өлкесі мен Ауғанстанды мекендейді. Өзбектердің жалпы саны – жиырма миллионға жуық. Тарихи деректер өзбектердің этникалық құрамында түркі тайпаларымен қатар иран тайпаларының да үлесі барын көрсетеді. Өзбек тілі үш диалектілік топқа бөлінеді: қарлұқ-шығыл-ұйғыр, қыпшақ және оғыз диалектілік топтары. Әрбір диалектілік топтар бірнеше шағын диалектілер мен говорларды қамтиды². Түркілердің ортақ жазба-әдеби тіл – шағатай тілімен үзіліссіз жалғастықта дамыған өзбек әдеби тілі қыпшақ-оғыз элементтерін сіңірген ферғана-ташкент говорларынан тұрады. 1928 жылдарға дейін араб графикасын қолданған өзбек халқы, 1928-1940 жылдар аралығында латиницаны, 1940-1999 жылдары кириллицаны пайдаланып, 1999 жылы латын графикасына негізделген жаңа әліпби жүйесін қолданысқа енгізді.

¹ Грамматика ногайского языка. Под ред. Н. А. Баскакова. – Черкесск, 1973. – С. 6-10.

² Өзбек тили лексикологияси. – Тошкент, 1981. – С. 16-31.

Салар тілі. Қытай Халық Республикасы құрамындағы Сюнхуа-Салар автономиялы ауданында тұратын түркі тектес салар этносының тілі, қытай тілінде *салацзу* аталады. Негізгі шоғырланған аумағы – Цинхай провинциясы, жалпы саны – елу екі мың шамасында. Салар руы түркмендердің арасында да ұшырасады, олар Түркменстанның Серах, Керкін, Ескі Чаржуй аудандарын мекендейді. Өзбекстанның Самарқан облысында тұратын түрікмендер ішінде де салар руының өкілдері бар. Саларлардың ауыз әдебиеті үлгілерінде олардың Самарқан өңірінен шығысқа қоныс аударғандары жайлы аңыз әңгімелер сақталған. Бұл аңыз желісінде тарихи шындық жатқанын аңғартады. Э.Р. Тенишев ерте кезде оғыз тайпалары құрамындағы салар (салғур, салур) тайпалары Сырдария, Самарқан, Түркіменстан бағытына қоныс аударып, одан әрі Кіші Азияға дейін жеткенін, XIV ғасырдың соңғы шенінде шығысқа қарай қайта көшіп қазіргі мекеніне орныққанын көрсетеді¹. Батыс түркі тілдерінің оғыз тобына жататын салар тілінде фонетикалық және лексикалық белгілері бойынша ажыратылатын үш говор бар: батыс, шығыс және ауыспалы. Саларлар арасында батыс говоруы кеңінен тараған. Лингвоконтактологиялық жағдаятқа байланысты салар тілінің лексикалық жүйесінде қытай, тибет, монғол тілдерінің элементтері мол кездеседі².

Сары ұйғыр тілі. Қытай Халық Республикасы Ганьсу провинциясының Сунань уезі аумағындағы Жаң Иэ ауданына қарасты Уйгу (Сары ұйғыр) автономиялы ауданын мекендейтін аз санды түркі этносының тілі. Сары ұйғырлардың жалпы саны – он алты мың шамасында, олардың тоғыз мыңдайы Уйгу автономиялы ауданында, басқалары Ганьсу өлкесінің өзге аймақтарында, негізінен Хуаң Чың (Патша қаласы), Қаңли (Қаңлы), Дахы (Дария), Миң Хуа өңірлерінде тұрады. Сары ұйғырлар өздерін *йогур*, *ойгур* этнонимімен атаса, қытайлар қытай тілінің фонетикалық-

¹ Тенишев Э. Р. Саларский язык //Языки мира. Тюркские языки. – Бишкек, 1997.

² Тенишев Э. Р. Строй саларского языка. – Москва, 1976.

артикуляциялық ерекшеліктеріне сай *уйғу*, *йугу* деп атайды. Ежелгі қытай жылнамаларында қытай тілінің фонетикалық ерекшеліктеріне байланысты *оуиз* этнонимінің *оуи/иуи* түрінде жазылғанына сүйенген зерттеушілер сары ұйғырлар мен көнетүркілік оғыздарды тікелей байланыстырады, бұл бағыт бойынша сары ұйғырлар тоғыз оғыздардың ұрпақтары¹. Түркітануда *оуиз*, *оуиг* этнонимдерін бір тайпаның әртүрлі хронологиялық кезеңдегі атауы екені тарихи және лингвистикалық тұрғыдан дәйектелген, инлаут және ауслаут позициядағы *r* \approx *z* сәйкестігі түркі тілдеріне тән заңдылық. VIII ғасыр түркі жазба ескерткіштерінде оғыздар мен ұйғырлардың қатар аталуы олардың өзара туыс екі түркі тайпасы екенін көрсетеді. Бұл Синьцзян ұйғырлары мен сары ұйғырлардың бір-бірінен алшақтығын білдіретін тарихи дерек болуы да мүмкін.

IX ғасырдың орта тұсында (840-850 жж.) көне йоғурлар өздерінің ата жұрты саналатын қазіргі Монғолия, Тува аумағынан ығысып, Қытай Халық Республикасының Ганьсу провинциясына, Дуньхуан, Турфан аймағына қоныс аударады. Сары ұйғырлар өміріндегі миграциялық үдерістер мен тарихи оқиғалар, ұзақ уақыттар бойы өзге мәдениеттермен болған тығыз әлеуметтік және саяси-экономикалық қарым-қатынастар олардың тілінде де із қалдырды, бір этнос тілдік жіктеліске түсті. Бір өңірді мекендеген халықтар арасындағы лингво-мәдени контактологиялық үдерістердің қарқынды жүруі сары ұйғырлардың бір бөлігінің монғол тілі мен мәдениетінің ықпалына, келесі бөлігінің қытай-тибет тілі мен мәдениетінің ықпалына ұшырауына, тек бір бөлігінің ғана түркі тілін сақтап қалуына алып келсе де сары ұйғырлар өздерін біртұтас этнос ретінде таниды. Йоғурлар өз ішінде түрік тілінде сөйлейтіндерін – қара йоғурлар, монғол тілінде сөйлейтіндерін – шары йоғурлар, қытай-тибет тілінде сөйлейтіндерін – тат деп атайды. Сары ұйғырлар арасында өздерін

¹ Хы Уей Гуанг. Сары ұйғырлардың мәдениет тарихы. – Бейжин: Ұлттар баспасы, 2000. – Б. 4. (Қытай тілінде, сілтемені аударған Ш. Әбсалық).

мекеніне байланысты тағлығ «таулық», ойлығ «ойлық, далалық» деп атау дәстүрі де бар.

Татар тілі. Ресей Федерациясы құрамындағы Татарстанның мемлекеттік тілі, татар халқының ана тілі. Татарстан Республикасынан басқа Башқұртстан, Мордова, Удмурт, Чуваш, Коми Республикаларына, Мәскеу, Санкт-Петербург қалалары мен Астрахань, Волгоград, Иркутск, Кемерово, Красноярь, Қорған, Омбы, Түмен, Саратов, Самара т.б. облыстарына, сондай-ақ Ресей Федерациясының аумағынан тыс Қазақстан, Қырғызстан, Өзбекстан, Әзірбайжан, Түркменстан, Тәжікстан, Украина мемлекеттеріне таралған татарлардың жалпы саны – жеті миллионға таяу. Татарлар өз тарихын Еділ бойындағы көне бұлғар тайпаларынан таратады, кейіннен мишарлармен, Алтын Орда құрамында болған қыпшақ тайпаларымен (астрахандық түркілер) кірігіп қыпшақтық сипат алады. Татар тілінің жалпы тарихи даму жолы үш кезеңге бөлініп қарастырылады: бірінші – көне бұлғар, қыпшақ тілдерінің дамуымен байланысты кезең (XVI ғасырдың орта шеніне дейін); екінші – Қазан хандығының Ресей патшалығының құрамына кірген кезден бастап (XVI ғасырдың екінші жартысы) XX ғасырдың ортасына дейінгі кезең; үшінші – татар тілі орыс тілінің қарқынды ықпалына ұшыраған кезең (XX ғасырдың ортасынан бастап)¹. Татар тілі орталық, батыс және шығыс диалектілеріне бөлінеді, әдеби тілінің лексикасы мен фонетикасы орталық диалектіге, морфологиясы батыс диалектіге негізделген. Барлық түркі халықтары сияқты 1927 жылдарға дейін араб графикасын қолданған татарлар 1927 жылы латын графикасына негізделген әліпби жүйесін қабылдап, 1940 жылдардан бері кириллицаға негізделген әліпбиді пайдаланады. Татар халқының қазіргі қолданыстағы әдеби тілі XX ғасырдың алғашқы жылдарында қалыптасқан.

Түрік тілі. Түркия Республикасының мемлекеттік тілі, түрік халқының ана тілі. Түріктер Кипр аралына, Ирак, Сирия, Ли-

¹ Закиев М. З. Татарский язык//Языки мира. Тюркские языки. – Бишкек, 1997. – С. 461-467; Татарская грамматика. Морфология. Т. II. – Казань, 1993.

ван, Сауд Арабиясы, Болгария, Греция, Румыния, Қазақстан, Қырғызстан, Әзірбайжан, Ресей Федерациясы т.б. мемлекеттерге де таралған. Түрік тілінде елу миллиондай адам сөйлейді. Түрік тілі екі диалектілік топқа бөлінеді: батыс немесе түрік-дунай диалектілік тобы және анкара говоры мен кипр диалектісін қамтитын шығыс анатолія диалектілік тобы. Түрік тілінің қазіргі қолданыстағы әдеби тілінің нормасы өткен ғасырдың 30-50 жылдары орныққан. 1928 жылдарға дейін араб графикасын қолданған түрік халқы 1928 жылы латын графикасына негізделген әліпби жүйесін қолданысқа енгізді. Түрік әдеби тілінің тарихи даму жолы бес кезеңге бөлініп қарастырылады: I. Көнеанатолій-түрік тілі (XIII-XV ғғ.) кезеңі. Сельжүктер мен оғыздардың (қыпшақтар мен қарлұқтар да болды) Анатолияға қоныс аударуына байланысты орныққан ортаазиялық түркі әдеби тілі; II. Ерте түрік тілі немесе ерте осман (XV-XVI ғғ.) кезеңі. Бұл кезең жазба әдеби тіл мен халықтық сөйлеу тілі арасындағы айырмашылықтардың тереңдеуімен, жазба әдеби тілге араб-парсы тілдері ықпалының күшеюімен ерекшеленеді; III. Орта түрік немесе орта осман тілі (XVII-XIX ғғ.) кезеңі. Осман әдебиеті мен мәдениетінің «алтын ғасырына» сәйкес келетін орта түрік кезеңі халықтық сөйлеу тілі мен жазба әдеби тіл арасының барынша алшақтауымен, жазба тіл мен жалпыхалықтық ауызша тілдің дербес өмір сүруімен сипатталады; IV. Жаңа түрік тілі немесе жаңа осман тілі (XIX-XX ғғ.) кезеңінде жазба тіл мен сөйлеу тілінің алшақтығын жоюға, біртұтас ұлттық түрік тілін қалыптастыруға бағытталған іс-шаралардың жүргізілуімен ерекшеленеді; V. Қазіргі түрік тілі (XX ғасырдың отызыншы жылдарынан бастап) кезеңі түрік әдеби тілінің толық қалыптасуымен, тіл тазалығына ерекше мән берілуімен сипатталады.

Түрікмен тілі. Түрікмен Республикасының мемлекеттік тілі, түркімен халқының ана тілі. Түркімендердің жалпы саны – төрт жарым миллионға жуық. Түрікмен тілі бірнеше диалектілер мен говорларға жіктеледі, олардың негізгілері: гөклен,

жаумыт/йомуд, ерсари, емрели, эски, салыр, сарық, сакар, но-хур, алили, арабачи, ата, анау, баят, карадашлы, қырач, мукры, мурче, мехинли, теке, хатап, хасар, човдур, чегес, чандыр. Ставрополь өлкесін мекендейтін түрікмендерге жақын түркі тектес түрхмен диалектісі деп атау дәстүрі қалыптасқан. 1928 жылдарға дейін араб графикасын қолданған түркімен халқы, 1928-1940 жылдар аралығында латиницаны, 1940-1998 жылдары кириллицаны пайдаланып, 1996 жылы латын графикасына негізделген жаңа әліпби жүйесін қолданысқа енгізді. Түрікмен тілінің тарихи даму жолы үш кезеңге бөлініп қарастырылады: көне дәуірлерден XVIII ғасырға дейінгі аралықты қамтитын бірінші кезең түрікмен тілінің ортағасырлардағы ортаазиялық жалпытүркі тілінен дараланып (XIII-XIV ғғ.), жазба тілінің қалыптасуымен ерекшеленеді. Шағатай тілімен сабақтастықта дамыған түрікмен тілінің кейбір ерекшеліктері Әлидің «Қисса-и-Юсуф» (XIII ғ.), Хорезмидің «Мухаббат-наме» (XIV ғ.), Уепаийдің (Вепаий) «Ровнак-ул-ислам» (XV ғ.) шығармалары тілінен аңғарылады; Түрікмен жазба тілі мен сөйлеу тілінің өзара ықпалдасуы нәтижесінде жалпыхалықтық түрікмен тілінің қалыптасуымен сипатталатын екінші кезең XVIII ғасырдан XX ғасырдың жиырма-сыншы жылдары аралығын қамтиды. Түрікмен әдеби тілінің негізінің қалануы Махтумкулидің шығармашылығымен тығыз байланысты, оның тілдік дәстүрін Зелили, Кемине, Молланепес, Сеиди сынды түрікмен ойшылдары жалғастырды; XX ғасырдың жиырма-сыншы жылдарынан бергі уақытты қамтитын үшінші кезең түрікмен жазба әдеби тілінің нормалануымен, әліпби жүйесінің реформалануымен, грамматикалық құрылымының жан-жақты зерттелуімен ерекшеленеді. Бұрынғы кеңестер құрамында болған барлық түркі елдері тәрізді 1991 жылдан бері түрікмен тілінің дамуы жаңаша бағыт алды.

Тофалар тілі. Саян тауының шығыс сілемдерін мекендейтін этникалық топтың ана тілі. Тофалар Ресей Федерациясының Иркутск облысы Нижнеудинск ауданындағы Уды, Бирюса, Нер-

ха, Алыгджер, Гутара ауылдарында тұрады. Жалпы саны сегіз жүздей ғана адамды құрайтын тофалардың басым бөлігі ана тілінен қол үзген, орыс тілді. Тілдік ерекшеліктері жағынан туваларға жақын, шығыс түркі тілдерінің ұйғыр-оғыз тобы ұйғыр-тукую топшасына жатады. Кириллицаға негізделген әліпби жүйесі 1989 жылы енгізілгенмен белсенді қолданыста жоқ. Негізінен ауызекі тілде қолданылатын тофалар тілі кейбір фонетикалық, лексикалық белгілеріне байланысты екі говорға бөлінеді: алыгджерлік және гутарлық. Тофалар тілінің фонетикалық жүйесінде ерекше көмей дауыстылардың болуы самодий және кет тілдерінің, грамматикалық құрылымдағы акционсарттық формалар жүйесінің (құбылыстың, әрекеттің жалқылығын немесе дүркінділігін білдіретін құрылым) қалыптасуы монғол тілінің әсері ретінде қарастырылады¹. Тофа тілі қарағас тілі деп те аталады.

Тува тілі. Ресей Федерациясы құрамындағы Тува Республикасының жергілікті халқының тілі. Тувалардың бір бөлігі Монғолияны мекендейді, жалпы саны – екі жүз елу мыңдай. Қалыптасқан әдеби тілі, орыс әліпбиіне негізделген ұлттық жазу жүйесі бар. Тувалардың ауызекі тілі орталық, батыс, оңтүстік-шығыс, солтүстік-шығыс диалектілеріне бөлінеді. Жалпыхалықтық әдеби тілі Дзун-Хемчик, Овюр, Сут-Холь, Улуг-Хем, Пий-Хем аудандарына таралған орталық диалектіге негізделген. Монғол тілімен тығыз қарым-қатынаста дамыған тува тілі XIX ғасырдың екінші жартысынан бастап орыс тілінің қарқынды ықпалына түсті. Тува тілінің даму жолы жан-жақты зерттелмегендіктен әдеби тілдің тарихы XX ғасырдың жиырмасыншы жылдарынан бастап ғана қарастырылуда. Эпостық жырлар мен ертегі-аңыздарды, тұрмыстық жырлар мен әндерді қамтитын көпжанрлы бай фольклорды өмірге әкелген тувалықтардың әдеби тілінің даму жолын сексен-тоқсан жылмен шектеуге болмайтыны белгілі.

¹ Рассадин В. И. Фонетика и лексика тофаларского языка. – Улан-Уде, 1971. – С.82.

Шор тілі. Ресейдегі Кемерево облысын, Алтай тауының солтүстік баурайын мекендейтін түркі халықтарының бірі – шорлардың ана тілі. Тарихи әдебиетте шорлар қара татарлар, марастар (мрастар), абиндер, абалар, кузнецк татарлары, том-кузнец татарлары, кондом татарлары деген бірнеше атаулармен белгілі. Шорлардың жалпы саны – он жеті мың шамасында, біраз бөлігі ана тілінен қол үзген, ана тілінде сөйлейтіндердің саны – тоғыз жарым мыңдай, әдеби тілі қалыптаспаған. Шорлар Алтайдың солтүстік қыраттарын, Том өзенінің бойын және оның Мрас, Кандом салаларының аңғарларын, Хакасия мен Таулы Алтайдың кейбір өңірлерін мекендейді. Шор тілі 3-мен сөйлеуші кондом және й-мен сөйлеуші мрасс диалектілеріне бөлінеді. Билингвизмнің (шор-орыс) кеңінен таралуына және шор тілінің функционалдық әлеуетінің әлсіздігіне байланысты шор тілінің барлық қабаттарында орыс тілінің ықпалы айқын аңғарылады. 1927-1929 жылдары кириллицаға, 1930-1938 жылдары латын графикасына негізделген әліпби жүйесін қолданып, 1938 жылы қайтадан орыс әліпбиіне көшті.

Шұлым татарларының тілі. Обь өзенінің Шұлым саласы бойын мекендейтін түркі тектес этностың тілі, жалпы саны – бес жүз адам шамасында. Шұлым тілі екпіннің экспираторлық және аудитивті табиғатына байланысты кецик және кюэрик диалектілеріне бөлінеді. Кециктерді Тобыл татарлары деп те атайды, ал кюэриктер телдеуіттерге жақын. Шұлым тіліндегі созылық дыбыстар фонемалық мән жүктеп те, фонемалық мән жүктемей де қолданыла береді, сондықтан созылықтардың табиғатын синхронды түрде түсіндіру көп жағдайда нәтиже бермейді. Шұлым татарлары тіліндегі созылықтар бірінші дәрежелі созылықтар қатарында қарастырылады¹. Шұлым татарларының әдеби тілі, ұлттық әліпбиі қалыптаспаған.

Якут/саха тілі. Ресей құрамындағы Саха Республикасының жергілікті халқының тілі. Жалпы санын шамамен төрт жүз мың

¹ Бирюкович Р.М. Звуковой строй чулымско-тюркского языка. – Москва, 1979. – С. 21-30.

дай құрайтын якуттар Ресей Федерациясының Долган-ненец автономиялы округіне, Магадан, Амур, Хабаровск, Иркутск, Чита өңірлеріне де таралған. Ареалдық сипаттағы фонетикалық, лексикалық ерекшеліктеріне байланысты якут тілі екі говорлық топтан және бір диалектіден тұратын үш топқа бөлінеді: I. Батыс говорлары (о-мен сөйлеушілер) – Лена өзенінің оң жағалауына таралған вилюск және солтүстік-шығыс говорлары; II. Шығыс говорлары (а-мен сөйлеушілер) – орталық және солтүстік-шығыс говорлары; III. Долган диалектісі – эвенкі тілінің ықпалына ұшыраған саха тілі, Якутияның Анабар ауданына таралған. Долган диалектісі нориль, авам, хатанги, попигай говарларынан тұрады¹. Сахалардың жазба әдеби тілі орныққан, 1929-1939 жылдар аралығында латын әліпбиін қолданса, 1939 жылдан бері орыс графикасына негізделген әліпбиді пайдаланады.

Хакас тілі. Ресей Федерациясы құрамындағы Хакас Республикасының жергілікті халқының тілі, хакастардың жалпы саны – сексен бір мың адам шамасында. Хакастар Ресей Федерациясының Краснояр өлкесіне, Тыва Республикасы аумағына да таралған. Хакас тілі сағай, качин, кызыл, шор диалектілеріне бөлінеді, әдеби тілі сағай және качин диалектілеріне негізделген. Хакастар 1926 жылдан бері орыс графикасына негізделген жазу жүйесін пайдаланады. VI ғасырда Қырғыз қағанатының құрамында болған хакастардың тарихи тамыры Енисей қырғыздарымен тікелей сабақтастықта қарастырылады. XVII ғасырдың алғашқы жылдарынан бастап орыс тілінің ықпалында болған хакас тілінің фонетикалық, лексика-грамматикалық жүйелері елеулі өзгерістерге ұшыраған: фонемалар санының көбеюі; тек категориясын білдіретін қосымшалардың қалыптасуы; орыс тілінің кейбір сөзжасам жұрнақтарын қабылдауы; синтаксистік құрылымға өзгерістердің енуі². Хакас жазба тілінің қалыптасу

¹ Грамматика современного якутского литературного языка. Фонетика и морфология. Под ред. Е. И. Коркиной. – Москва, 1982. – С. 13.

² Грамматика хакасск. яз. Под ред. Н.А. Баскакова. – Москва, 1975; Боргояков М. И. Источники и история изуч. хакасск. яз.. – Абакан, 1981; Донидзе Г.И. Хакас тілі// Түркі тілдері. Энциклопедиялық басылым. – Астана: Фолиант, 2002. – 596.

тарихы әліпби жүйесіне байланысты үш кезеңге бөлініп қарастырылады: I. Кириллицаға негізделген әліпбидің жасалуы және қолданысқа енуі (1924-1929 жж.); II. Латиницаға негізделген әліпби жүйесіне көшу (1929-1939 жж.); III. Орыс әліпбиіне негізделген жазу жүйесіне қайта оралу және хакас тілінің дыбыстық ерекшеліктерінің ескерілуі (1939 жылдан бері).

Халадж тілі. Орталық Иранды мекендейтін шағын этностық топтың тілі. Негізгі шоғырланған жері Тегеранның оңтүстік-батыс аймағы. XI ғасыр түркі жазба ескерткіштерінде сақталған *халадж* этнонимін иеленген халықтың тілі солтүстік және оңтүстік говорларына бөлінеді. Иран тілінің ықпалына ұшыраған халадж тілінің фонетикалық жүйесі мен лексика-грамматикалық құрылымы орта түркі тілінің оғыз диалектісіне, түрікмен тілінің диалектілеріне ұқсас¹. Түркі тілдерінің даму тарихында ерекше орын алатын халадж тілін көнетүркілік кезеңдегі жалпы түркі тілінің жеке бұтағына жатқызушы көзқарастар да қалыптасқан. Көне түркі тілдері мен халадж тіліндегі дауыстылар жүйесіне қатысты үш градациялы оппозиция, халадж тіліндегі анлаут *h*-ның ескерткіштер тіліндегі нөлдік формасы ($\emptyset \approx h$) халадж тілінің дербес сапалық табиғатын көрсететін негізгі критерий ретінде қарастырылады². Сондай-ақ пратүркілік **δ* дыбысының екі дауысты арасында немесе ауслаут позицияда *d* түрінде берілуі (*bidik* \approx *bidük* \approx *büdük* 'биік, үлкен', *boda* 'боя', *tod* 'той'), кейбір диалектілерінде жіңішке дауыстылардың еріндік нұсқаларының болмауы да халадж тілінің ерекше белгілеріне жатады.

Ұйғыр тілі. Ұйғыр халқының ана тілі. Ұйғырлардың шоғырлана қоныстанған жерлері – Қытай Халық Республикасындағы Синьзян Ұйғыр автономиялы ауданы, Қазақстан, Өзбекстан, Қырғызстан, Түркіменстан. Ұйғырлар Түркия, Ауғанстан,

¹ Щербак А. М. Халаджский язык//Языки мира. Тюркские языки. – Бишкек, 1997; Зейналов Ф. Р. Об одном «древнем тюркском языке» в Среднем Иране// Советская тюркология. – 1972. – № 6.

² Дерфер Г. О трех количественных градациях гласных в тюркских языках// Советская тюркология. – 1976. – № 47.

Сауд Арабиясы елдеріне де таралған. Жалпы саны – сегіз миллионға жуық. Ұйғыр тілінде үш диалекті бар: оңтүстік немесе орталық хонган диалектісі; солтүстік-батыс немесе орталық диалекті; шығыс немесе лобнор диалектісі. Ұйғырлардың негізгі бөлігі Қытай Халық республикасы мен бұрынғы Кеңестер Одағының құрамындағы елдерді мекендегендіктен әр мемлекеттегі қоғамдық жағдаятқа байланысты ұйғыр тілінің дамуы мен функционалдық әлеуеті де екі бағытта болды. Соған сәйкес қазіргі жазба-әдеби тілінің екі нұсқасы қалыптасты: шыңжан ұйғырларының әдеби тілі және кеңес ұйғырларының әдеби тілі (ұғым атауы терминдік сипатта қолданылады). Шыңжан ұйғырларының тілі бес диалектіден тұрады: 1) солтүстік-шығыс немесе куча-турфан; 2) солтүстік немесе іле; 3) оңтүстік-батыс немесе қашқар-жаркент; 4) оңтүстік-шығыс немесе хотан-керия; 5) шығыс немесе лобнор¹. Шыңжан ұйғырларының әдеби тілі турфан, қашқар және іле диалектілерінің сөйленістеріне негізделген. Қазақстан мен Орта Азиядағы және басқа да ТМД елдеріндегі ұйғырлардың тілі – Жетісу және Ферғана говорларына жіктеледі, әдеби тіл екі говорды да қамтиды. Әдеби тілдің екі нұсқасын ортағасырлық ұйғыр тілінің негізгі белгілерін сақтап қалған жалпы ұйғыр тілінің солтүстік-батыс немесе орталық диалектісінің лексика-грамматикалық базасы біріктіреді. Қытайдағы ұйғырлар араб графикасына негізделген әліпби жүйесін, ТМД аумағындағы ұйғырлар кириллицаға негізделген әліпбиді қолданады.

Түркілер тарихындағы көне халықтың бірі – ұйғырлар өздерін тұратын жерлеріне байланысты қашқарлық (Қашқар ұйғырлары), турпанлық (Турфан ұйғырлары), йәркәнлік (Жаркент ұйғырлары), таранчи (Іле ұйғырлары) деп атаса, қытай тіліндегі әдебиеттерде хуэйминь, хуэйцзу, чантау, вейвур, хойху атаулары қолданылады. Ұйғырлардың этникалық құрамы қарлуқ және оғыз, қыпшақ тайпаларынан тұрады.

¹ Кайдаров А.Т. Развитие современного уйгурского литературного языка. – Алма-Ата, 1969. – С. 336-350.

Чуваш тілі. Ресей Федерациясы құрамындағы Чуваш Республикасының жергілікті халқының тілі, чуваштардың жалпы саны – бір миллион тоғыз жүз мың шамасында. Басқа түркі тілдерінен оқшаулау дамыған чуваш тілі фин-угор, иран, славян тілдерімен тығыз ықпалдастық жағдаятында болды, Қазан хандығы құлағаннан кейін (1552 ж.) орыс тілінің ықпалы күшейе түсті. XVIII ғасырдың екінші жартысынан бері орыс графикасын пайдаланған чуваштардың жазу жүйесіне 1870 жылдары реформа жасалып, чуваш тілінің дыбыстық ерекшеліктерін сипаттайтын жаңа әріптер енгізіледі, ал 1934 жылдан бастап қазіргі чуваш әліпбиі қолданыста. Чуваш тілінің тарихи даму жолы төрт кезеңге бөлініп қарастырылады: протобұлғарлық кезең (б.з.д. I ғасырдан б.з. III ғасыры аралығы); көне бұлғар кезеңі (IV-XI ғасырлар аралығы); орта бұлғар кезеңі (XIII-XVI ғасырлар аралығы); жаңа бұлғар немесе қазіргі чуваш тілі кезеңі. Чуваш тілі о-мен сөйлейтін жоғарғы және у-мен сөйлейтін төменгі диалектілерге жіктеледі. Чуваш тіліндегі екпін сөз құрамындағы дауыстылардың сапасына байланысты соңғы буынға да, алғашқы буынға да түсуі мүмкін, орыс тілінен енген сөздер грамматикалық тұрғыдан түрленген жағдайда чуваш тілінің екпін жүйесіне бағынса, негізгі тұлғада орыс тілінің екпін тәртібін сақтайды¹.

Бір негізден тараған түркі тілдерінің өзіндік даму, қалыптасу жолдары бар. Әрбір тілдің толыққанды, дербес тіл деңгейіне жетуі сол тілде сөйлеуші халықтың жеке этнос ретінде қалыптасу тарихымен тығыз байланысты. Солай бола тұра, тілдің ішкі заңдылықтарының қалыптасуы халық тарихына тәуелсіз түрде жүзеге асады. Экстралингвистикалық факторлар тілдегі ішкі заңдылықтардың қалыптасуына ықпал еткенімен, тікелей әсер ете алмайды.

¹ Левитская Л.С. Историческая морфология чувашского языка. – Москва, 1976; Языки мира: Тюркские языки. – Москва: Институт языкознания РАН, 1996; Қайдаров Ә., Оразов М. Түркологияға кіріспе. – Алматы: Мектеп, 1985; Население мира. Демографический справочник. – Москва: Мысль, 1989.

§2. Түркі тілдері дамуын тарихи-хронологиялық тұрғыдан кезеңдестіру мәселесі және түркі тілдері дамуының ежелгі дәуірі

Тіл тоқтаусыз қозғалыстағы (даму немесе тоқырау үдерісіндегі) құбылыс болғандықтан, түркі тілдері де негіз тілден бастап қазіргі тілдердің қалыптасуына дейін бірнеше даму сатысынан өткені анық. Тілдің дамуы ұзақ хронологиялық мерзімді қамтитын қат-қабат үдерістер аясында жүретіндіктен тіл тарихын, тарихи даму кезеңдерін тап басып анықтау аса күрделі мәселе. Соған орай түркі тілдерінің тарихи даму жолын кезеңдестірудің бастапқы кезеңдері жайлы көзқарастар қайшылығы да туындап жатады. Лингвистикалық түркітануда түркі тілдерінің дамуын алты кезеңге бөліп қарау дәстүрі қалыптасқан: Алтай дәуірі (мерзімі анықталмаған, б.з.д. ежелгі кезең); Хун дәуірі (б.з. V ғасырына дейін); Көне түркі дәуірі (VI-X ғғ.); Орта түркі дәуірі (XI-XV ғғ.); Жаңа түркі дәуірі (XV-XX ғғ.); Ең жаңа дәуір (1917 жылдан кейінгі кезең)¹. Түркі тілдері тарихи дамуын кезеңдестірудің Н.А. Баскаков ұсынған осы нұсқасы дәстүрлі кезеңдестіру ретінде орнығып қалды. Бұл жерде есте ұстайтын мәселе – түркілердің жазба дәстүрі бастау алатын көне түркі дәуірі (VI-X ғғ.) адамзат тарихының әлемдік кезеңдестіруі бойынша ерте орта ғасыр дәуіріне сәйкес келетіндіктен кезең атауына қатысты қайшылық туындайды. Сондықтан «көне түркі» терминінің шарттылық сипатын ескеру керек.

Түркі халықтары тарихындағы сақ(скиф) дәуірінің айрықша маңыздылығын және ежелгі дүние тарихында скиф дәуірі біршама жақсы зерттелгенін негізге алған белгілі түркітанушы М.Закиев түркі тілдерінің тарихи даму жолына қатысты тың хронологиялық кезеңдестіруді ұсынады: 1) Сақтарға (скифтерге) дейінгі кезең. Бұл дәуір америкалық үндістердің Еуразия құрлығынан Америка құрлығына қоныс аудару кезінен, шама-

¹ Баскаков Н. А. Введение в изучение тюркских языков. – Москва: Высшая школа, 1969. – С. 148.

мен 20-30 мың жыл бұрынғы кезден басталып, б.з.д. I мыңжылдықтың алғашқы кезеңін қамтиды. Осы кезеңде түркітекес халықтардың өмір сүргенін дәйектейтін фактілер жеткілікті; 2) Сақ (скиф) дәуірі б.з.д. I мыңжылдықтан басталып б.з. IV-V ғасырларына дейінгі кезең, шамамен 1500 жылды қамтиды; 3) көне түркі немесе сақтардан (скифтерден) кейінгі дәуір, орта ғасырдың алғашқы жылдарынан (б.з.V ғ.) басталып б.з. IX-X ғасырларына дейінгі аралықты қамтиды. Ғалым осы үш кезеңдегі түркі тілдерін «көне түркі тілдері» (древнетюркские языки) деп атайды: «Итак, в развитии древнетюркского языка в течение 20-30 тыс. лет выделяются три основных периоды: а) доскифский период; б) скифский период; в) послескифский период»¹.

М.Закиев түркілердің жазба тілдерінің тарихи даму жолын бес кезеңге бөледі: 1) Көне түркі дәуірі (VI-X ғғ.) немесе ерте орта ғасыр кезеңі; 2) жалпы ескітүркілік немесе түркілік кезең (XI-XIV ғғ.); 3) жекелеген ескітүркілік халықтық әдеби тіл немесе локальды түркілік кезең (XV ғасырдан XIX ғасырдың бірінші жартысы); 4) жаңатүркілік ұлттық тілдер (XIX ғасырдың екінші жартысы – XX ғасырдың бірінші ширегі). Бұл кезең 1917 жылға дейін жазба әдеби тілі қалыптаса бастаған тілдерге қатысты ажыратылады; 5) 1917 жылдан кейінгі түркі тілдері кезеңі². Түркі халықтары өміріндегі 1991 жылдан кейінгі өзгерістерге байланысты соңғы кезеңді іштей екіге бөліп қарастыруға болады. Себебі 1991 жылы дербес мемлекетін құрған түркі елдерінде тіл мәселесіне айрықша маңыз беріліп, «мемлекеттік тіл» мәртебесін иеленген тілдердің функционалдық ауқымын кеңейту бағытындағы нақтылы іс-шаралар жүргізілуде.

Академик М.Закиев кезеңдестіруіндегі түркі тілдері дамуының сақтарға дейінгі кезеңі дәстүрлі дәуірлеудегі алтай дәуірінің жалпы сипатына, сақ дәуірі хун дәуіріне, сақтардан кейінгі кезеңі көне түркі дәуіріне сәйкес келеді.

¹ Закиев М. З. Древнетюркская ономастика и ее морфонология. – Астана: Prosper Print, 2013. – С. 101-102.

² Закиев М. З. Древнетюркская ономастика и ее морфонология. – Астана: Prosper Print, 2013. – С. 24.

Алтай дәуірі немесе сақтарға дейінгі дәуір – мерзімі жағынан анықталмаған, түркі тілдерінің дамуының ең алғашқы кезеңі. Жалпы түркі тілдері дамуының Алтай дәуірінің немесе сақтарға дейінгі дәуірінің ең алғашқы кезі түркілік прототілдік кезеңге сәйкес келеді. Түркі тілдері дамуының бастапқы кезеңі адамзат тілінің алғашқы дыбыстық тілі қалыптасу кезеңінен басталатын мыңдаған жылдарды қамтитын гипотезалық кезең. Бізге белгілі жазба ескерткіштері тілі мен қазіргі түркі тілдеріндегі реликт белгілерде ғана сақталуы мүмкін ежелгі түркі тілінің сұлбасын айқындау аса күрделі мәселе. Дегенмен Американың, Мексиканың байырғы тұрғындары үндістердің тілі мен түркі тілдерінің ұқсастықтары жайлы тілдік деректердің жиналуы (мая т. *aak* `ақ (түс)`, *bet* `біт, бітіру, аяқтау`, *boja* `боя, бояу`, *bijn* `мен (есімдік)`, *bil* `біл, білу`, *jaš* `жас, балғын (жеміс)`, *koš* `құс`, *ijmiš jašče* `жеміс ағашы`, *muluk* `мол жыл (бай жыл)`, *ijk* `екі`, *ooč* `ас, тамақ`, *čačak* `өте әдемі (түркі тілдерінде *čeček* `гүл`)), *tuj* `түк, шаш` т.б.)¹, түркі тілдерінің ежелгі шумер тілімен сабақтастығы барын дәйектейтін фактілердің кездесуі, тарихи-антропологиялық зерттеу нәтижелерінің де үнділер мен түркілер арасындағы байланысты жоққа шығармауы түркі тілдері дамуының ең ежелгі дәуірін 20-30 мың жыл бұрынғы тарихи тереңдіктен бастауға мүмкіндік береді. Бұл Тұран тілдік одағы концепциясы аясындағы зерттеулерді де кешенді түрде дамытудың өзектілін сипаттайды.

Түркі-монғол, тұңғыс-маньчжур, корей-жапон, угро-фин, самоди тілдеріндегі дауысты дыбыстар үндесуі, дауыстылардың ассимиляциясы, түбірдегі үнді дыбыстардың ұқсастығы, қосымша морфемалардың жалғамалық сипаты, жалпы мағынаны түбірдің жекеше тұлғасы арқылы беру мүмкіндігі, анықтауыш, толықтауыш, пысықтауыштардың өздеріне қатысты сөйлем мүшелерінің алдында келуі тәрізді ұқсастықтар негізінде әлемдік тіл білімінде *Орал-Алтай тіл бірлестігі теориясы*

¹ Каримуллин А. Прототюрки и индейцы Америки. По следам одной гипотезы. – Москва, Инсан, 1995. – С. 34, 40, 41.

қалыптасты. Теорияның негізін салушы ғалымдардың (Ф.Страленберг, Х.Винклер, М.Рясянен, С.Широкогоров, Б.Коллиндер т.б.). көзқарасы бойынша: өте ерте кездерде (хронологиялық мерзімі анықталмаған дәуірде), орал және алтай тілдері бір негізден өрбіген; орал тілдері кейіннен екі тармаққа – угро-фин және самоди тілдеріне, алтай тілдері үш тармаққа – түркі-монғол, тұңғыс-маньчжур, корей-жапон тілдеріне ыдырап, әр тілдік топ өзіндік ерекшеліктерімен дамуына орай олардың ортақ белгілері көмескіленген.

Тіл біліміндегі Орал-Алтай теориясының дүниеге келуі XVIII ғасырдың бірінші жартысындағы гипотезалық пайымдаулармен байланысты. Осы кезеңде Полтава шайқасында тұтқынға түсіп, Ресейдің шығыс бөлігі мен Сібір өңірінде зерттеулер жүргізген швед офицері Иоганн фон Страленбергтің бірнеше тіл деректері жинақталған «Der Nord und Ostliche Theil von Europa und Asia» (Stockolm, 1730) еңбегі жарияланады. Жинақталған тілдік деректердің тұлғалық және мағыналық ұқсастықтары мен сәйкестіктерін негізге алған Ф.И. Страленберг алғаш рет ортақ белгілері бар тілдерді «татар тілі» деген жалпы атаумен атап, оларды іштей 6 топқа бөледі: 1. Кейбірі фин-угор халықтары саналатын ұйғырлар тілі, барабиндіктер және ғұндар тілдері 2. Түрік-татар тілдері; 3. Самоди тілдері; 4. Монғол және маньчжур тілдері; 5. Тұңғыс тілі; 6. Қара теңіз бен Каспий теңізінің аралығын мекендейтін халықтар тілдері¹. Бұл жіктеу қазіргі таңдағы ғылыми ұстанымдарға толық сәйкес келмегенімен өз кезеңіндегі үлкен жетістік болды. Ф.И.Страленберг алғаш рет Ресей патшалығының шығысы мен Сібір өңірін мекендейтін халықтар тілінің морфологиялық және кейбір фонетикалық белгілері бойынша оларды жіктеп, бір тілдік семьяға топтастырады. XIX ғасырдың алғашқы жылдарындағы үндіеуропа тіл білімінде тарихи-генетикалық бағыттың басымдық алуы орал-алтай гипотезасының қарқынды дамуына ықпал етіп, туыс және туыс-

¹ Н.Поппе. Урало-Алтайская теория в свете Советского языкознания//Известия АН СССР. Отделение литературы и языка. – 1940. – №3.

тас тілдерді салыстырмалы-тарихи тұрғыдан зерттеу мәселесіне ерекше мән берілуіне байланысты ХІХ ғасырдың соңына қарай орал-алтай тіл білімі оралтану және алтайтану салаларына ыдырайды¹. Оралтану мен алтайтанудың өзара ыдырауына орал-алтай бағыты бойынша тарихи-генеалогиялық тұрғыдан да, лингво-генеалогиялық тұрғыдан да қайшылықты мәселелердің көп болуы, аталған тілдердің өзара ортақтықтары мамандар тарапынан толық мойындалмауы да әсер етті. Орал-алтай тіл бірлестігінен гөрі алтай тілдері деген түсінік қазіргі тіл білімінде сіңісіп, көптеген қолдаушылар тауып отыр².

Алтай тіл бірлестігі теориясы. Алтай тілдері тілдік құрылымының әр деңгейінде көптеген ортақтықтар мен ұқсастықтар салыстырмалы-тарихи зерттеу негізінде анықталып, ХХ ғасырдың орта тұсында Г.Й. Рамстедт, Н.Поппе т.б. лингвист ғалымдардың іргелі зерттеулерінің нәтижесінде түркі-моңғол, тұңғыс-маньчжур және корей-жапон тілдерін бір тілдік бірлестік аясында қарастыратын *Алтай теориясы* қалыптасты. Гипотезалық паымдаулардан бастау алған Алтай теориясына қызығушылықтың артуы, аталған тілдер бойынша интеграциялық лингвоиндикаторлармен қатар дифференциациялық лингвоиндикаторлардың да анықталуы тарихи компаративті тіл білімінің саласы – лингвистикалық алтайтанудың дербес пән ретінде орнығуына ықпал етті.

Алтай теориясының дүниеге келгеніне біраз уақыт өтсе де, осы тақырыпта бірнеше құнды еңбектер жарық көргенімен, алтай тілдеріндегі ортақ элементтердің типологиялық әлде генеалогиялық белгі екені әлі анықталмай келеді. Алтай болжамы бойынша зерттеулер жүргізген компаративист ғалымдардың қай-қайсысы болмасын түркі, моңғол, тұңғыс-маньчжур, сондай-ақ корей-жапон тілдері арасында генеалогиялық белгілердің де, типологиялық-ареалдық жақындықтың да бар екенін,

¹ Кнекбаев Дж. К вопросу о родстве урало-алтайских языков // Некоторые вопросы урало-алтайского языкознания. – Уфа, 1970. – С. 4-22.

² Қайдаров Ә., Оразов М. Түркітануға кіріспе. – Алматы, 1985. – Б. 69.

тілдераралық қарым-қатынастың нәтижесінде пайда болған кірме элементтердің аса мол екенін де жоққа шығармайды, соған орай аталған тілдерді «алтай тілдері семьясына» немесе «алтай тіл бірлестігіне» жатқызуды толық қолдайды. Әйтседе диахронды және синхронды тұрғыдан жүргізілген салыстырмалы-салғастырмалы, салыстырмалы-тарихи зерттеулердің нәтижесінде айқындалған алтай тілдерінің материалдық және құрылымдық-типологиялық ортақтығының, алтай тіл бірлестігінің, алтайлық тілдік топтар аралық байланыстардың табиғаты туралы проблема лингвистикалық түркітанудың басты мәселесі қалпында қалып отыр.

Көптеген ғалымдар алтай тілдеріндегі ұқсастықтарды типологиялық белгі, яғни бірнеше ғасыр араласу барысында алтай тобындағы тілдер жаңа қасиеттерді қабылдап генеалогиялық негізде емес, кірме материалдар негізінде ортақ белгілерге ие болған деп санайды (В.А.Котвич, Л.Лигети, Дж.Клосен т.б.). Бұл концепцияның өкілдері алтай тілдерінің лексикасы мен грамматикасындағы айырмашылықты тілге тиек ете отырып, салыстырмалы-тарихи зерттеуді алтай тілдеріне қолданудың тиімсіздігін айтады және алтай тілдеріндегі лексикалық-грамматикалық байланыстардың сипатын ашып, кірме элементтер көлемін анықтаумен шектелуді жөн көреді.

Ортағасырлық түркі-монғол жазба ескерткіштері тілі мен қазіргі түркі-монғол тілдерін салыстыра зерттеу нәтижесінде «... генетическое родство тюркских и монгольских языков ... отсутствует Речь может идти только о языковой общности, образовавшейся в результате длительного взаимодействия неродственных языков, причем, контактные природа этой общности настолько очевидна, что не требует специальных доказательств» деген қорытындыға келген А.М.Щербак монғол, түркі тілдерінің әртектілігін нақтылай түсу үшін сан есімдердің әртүрлілігін, фонологиялық жүйедегі және морфологиялық құрылымдағы (қосымша морфемалардың жалғану тәртібі, етістіктің болымсыздық мәнінің берілуі, көптік формаларының жасалуы т.б.)

сәйкессіздіктерді, негізгі лексикадағы (есімдер, етістіктер, үстеулер) өзгешеліктерді аргумент ретінде ұсынады¹

Түркі-монғол тілдеріндегі ортақ сөздердің бәрін кірме элементтер – монғол тіліндегі түркізмдер және түркі тілдеріндегі монғолизмдер ретінде қарастырған ғалым, олардың қалыптасу жолын бірнеше тарихи кезеңдерге бөледі: бірінші – IV-VII ғғ. (түркі тайпаларының табғачтарға үстемдік еткен кезеңі, 386-535 жылдар және қидандардың түркілерге тәуелді болған кезеңі, VIII ғасырдың ортасына дейін); екінші – VIII-XII ғғ. (Байкал бойындағы түркілер мен монғолдардың тығыз қарым-қатынаста болған кезеңі және солтүстіктегі кейбір монғол тайпаларының түркілермен ассимиляцияға түсу кезеңі); үшінші – XIII-XIV ғғ. (Шығыс Түркістандағы ұйғыр-монғолдардың мәдени байланысы кезеңі)². Монғол тіліндегі *-aq / -ak / -uq / -ük / -ig / -ik / -ay / -äg / -uу / -üg / -iу / -ig* тұлғалы сөздер (*butaq* ‘бұтақ’, *buduiq* ‘бояу’, *büjig* ‘би (өнер түрі)’ т.б.), *-yaq / -gäk / -qaq / -käk* тұлғалы сөздер (*bergeq* ‘безгек’, *kürjek* ‘күрек’) екінші кезеңнің (VIII-XII ғғ.), *-čaq ~ -čay* тұлғалы сөздерді (*bogončay* ‘картофель’, *iñirčaq* ‘ер-тұрман, ыңыршақ’), *-q / -k, -γ / -g* тұлғалы сөздерді (*tonoq* ‘тонау’, *öčik* ‘көрсеткіш, куә, дәлел’), *-saq / -säk / -say / -seg* тұлғалы сөздерді (*miqasay* ‘етті жақсы көретін (адам)’, *emeseg* ‘қыз-келіншекті жақсы көретін жігіт’) үшінші кезеңде (XIII-XIV ғғ.) түркі тілдерінен енген, кейбірі түркілік қосымшаларды қабылдаған деп санайды³.

Ғалымдардың келесі тобы алтай тілдерінің туыстығын, генетикалық тегі бір екенін қолдайды (Б.Я.Владимирцев, Е.Д.Поливанов, Н.Н.Поппе, Г.И.Рамstedт, Н.А.Баскаков, О.П.Суник т.б.). Болжам бойынша алтайлық тектілдің жалпы фонетикалық, лексикалық және грамматикалық сипатынан көрініс беретін архаикалық белгілер қазіргі түркі, монғол және тұңғыс-мань-

¹ Щербак А. М. Ранние тюрско-монгольские языковые связи (VIII/XIV вв.). – Санкт-Петербург, 1997. – С.34.

² Щербак А. М. Ранние тюрско-монгольские языковые связи (VIII/XIV вв.). – Санкт-Петербург, 1997. – С. 11.

³ Щербак А. М. Ранние тюрско-монгольские языковые связи (VIII/XIV вв.). – Санкт-Петербург, 1997. – С. 184, 185, 219-223.

чжур тілдерінде сақталуы мүмкін. Алтайлық тектілдің ыдырау процесінің қазіргі алтай тілдеріндегі реликт белгілері қатарында – дауысты *и* дыбысынан кейін келетін тұңғыс тіліндегі *t*, маньчжур тіліндегі *s* дауыссыздарының түркі-монғол тілдеріндегі $\check{s} \approx \check{s}$ дауыссыздарына сәйкес келуі; якут тілінде, хакас тілінің сағай және белтир диалектілерінде, башқұрт тілінде тұңғыс-маньчжур тілдеріндегі $s \approx t$ сәйкестігінің *s* тұлғалы вариантының сақталуы: тұңғыс тілінде *gutijn*, маньчжур тілінде *gusijn* лексемаларының монғол тіліндегі *gučijn* «отыз» сөзімен, маньчжур тіліндегі *xusun*, монғол тіліндегі *küčijn* сөздерінің қазіргі алтай тілінде *küč*, хакас тілінде *küs*, якут тілінде *küüs*, башқұрт тілінде *kös* `күш` лексемаларымен сәйкес келуі; чуваш тіліндегі анлаут \check{s} дыбысының басқа түркі тілдеріндегі *t, d* дыбыстарының орнына қолданылуы: *černe* \approx *tirnaq/ tirnak* `тырнақ`, *čer* \approx *tiz/tize/diz/dize* `тізе` т.б. Соңғы құбылыс чуваш тілін монғол тілдеріне, басқа түркі тілдерін тұңғыс тілдеріне жақындатады.) Қазіргі түркі-монғол, тұңғыс-маньчжур тілдеріндегі деректер негізінде Н.А. Баскаков Алтай дәуіріне «Алтайская эпоха в развитии тюркских языков характеризуются, с одной стороны, наличием единого общего языка для дифференцировавшихся позже тюрков, монголов и тунгусо-маньчжуров, а с другой – раздвоением единого языка на две общности: 1) тюрко-монгольскую и 2) тунгусо-маньчжурскую, каждая из которых приобрела в процессе дифференциации характерные фонетические, лексические и грамматические признаки»¹ деген сипаттама береді. Сондай-ақ ғалым жалпыалтайлық тектілден тараған қазіргі тілдердің фонетикалық жүйесіндегі, лексика-грамматикалық құрылымындағы дифференциациялаушы және интеграциялаушы белгілері негізінде түркі-монғол тілдерін $\check{s} \approx \check{s}(s)$ -тіл, тұңғыс-маньчжур тілдерін *t*-тіл деп жіктейді. Ал түркі және монғол тілдерінің жіктелу үдерісін сипаттайтын ерекше белгі ретінде ротоцизм және ламдаизм құбылыстары аталады. Монғол тілдеріндегі *r, l* дауыссыздары түркі тілдерінде негізінен

¹ Баскаков Н. А. Введение в изучение тюркских языков. – Москва: Высшая школа, 1969. – С. 149.

z, š дыбыстарына ауысқанымен, көне бұлғар және чуваш тілдерінде r, l дыбыстарының сақталып қалуын зерттеушілер түркі, монғол тілдерінің өзара ыдырау кезеңінің сипатын көрсететін реликт ретінде таниды: *z* ≈ *r* – *vārām* ≈ *uzun* ‘ұзын’, *vārāx* ≈ *uzaq* ‘ұзақ’, *jer* ≈ *ijz* ‘із’, *ker* ≈ *küz* ‘күз’, *par* ≈ *muz/uz* ‘мұз’, *tijr* ≈ *dijz/tijz* ‘тіз’, *xer* ≈ *qiz* ‘қыз’, *xur* ≈ *qaz* ‘қаз’, *xuran* ≈ *qazan* ‘қазан’, *čer* ≈ *siz* ‘сыз’, *ser* ≈ *süz* ‘сүз’, *šur* ≈ *saz* ‘саз’; *š/s* ≈ *j* – *sul* ≈ *jil/žil* ‘жас, жыл’, *pjilek* ≈ *bes/beš* ‘бес’, *tel* ≈ *tüš/tüs* ‘уақыт’, *telek* ≈ *tüš/tüs* ‘ұйқы, түс’, *xel* ≈ *qış/qis* ‘қыс’, *čul* ≈ *tas/taš* ‘тас’, *šal* ≈ *tis/tiš* ‘тіс’, *alak* ≈ *ešijk/esik* ‘есік’, *ijlt* ≈ *ešijt/esit* ‘есіт, есті’ т.б.

Түркі, монғол тілдеріндегі *r* ≈ *z/s/d/t/j*: *ajaq/ajak/adak/azak/ura* ‘аяқ’ сәйкестігінің жекелеген нұсқалары әр түрлі тілдерге тән болуымен қатар, тарихи лексикалық қабаттарға байланысты сәйкестіктің түрлі нұсқалары бір тілдің ішінде де кездесуі мүмкін. Мысалы қазақ тілінде: *qiz* ‘қыз’ лексемасының *r* тұлғалы нұсқасы *qiz-qırqın* ‘қыз-қырқын’ плеоназмдық қос сөз құрамында сақталса, *kör* ≈ *köz*, *semir* ≈ *semiz* синкретті жұптарында есім, етістік мәндерінде, *boz* ≈ *bor* жұбында сын есім, зат есім ретінде жұмсалады. Зерттеушілер түркі-монғол тілдерінің ыдырау процесінің түбегейлі аяқталуын да *r, l* дыбыстары мен *z, s, š* дыбыстарының сәйкестіктерімен байланыстырады: «...дифференциация тюрко-монгольских племен и выделение монгольских племен с характерными для них *r, l* – языками и тюркских племен с характерными для них *z, s, š* – языками окончательно завершились в Алтайскую же эпоху из общих тюрко-монгольских племен и в том числе огуров, сарагуров, котригуров и пр., которые легли в основу главным образом тюркских племен и дифференцировались позже в Алтайскую и Хунскую эпохи на *огур* ≈ *уйгур* и *огуз*»¹.

Түркі, монғол, тұңғыс-маньчжур халықтарының этногенезі мен глоттогенезін анықтауда ерекше маңызы бар «Алтай теориясына» қатысты даулы мәселелердің түбегейлі шешілуі тектілдік тұрғыдан ғана анықталары анық, яғни алтаист, түрколог

¹ Баскаков Н. А. Введение в изучение тюркских языков. – Москва: Высшая школа, 1969. – С. 152.

мамандардың еңбектерінде көрсетілгендей, түркілік тектіл, монғолдық тектіл, тұңғыс-маньчжурлық тектілдерге тән түбір сөздердің ара-жігін ажыратып, өзара салыстыра қарағанда ғана алтай тілдерінің генеалогиялық немесе типологиялық негізі айқындала түседі.

Тектілдік түбірлерге сипаттама беру өте күрделі болғанымен қазіргі түркі, монғол тілдеріндегі ортақ белгілердің тым көптігіне және олардың фонетикалық, грамматикалық табиғатының жақындығына орай генеалогиялық бағытты қолдаушы ғалымдар саны көбеюде.

Академик Ә.Қайдар түркі-монғол тілдерінде кездесетін мыңдаған ортақ элементтердің бәрін де кірме материалдар деп қарауға болмайтынын айта отырып: «Біріншіден, мұндай ортақ элементтердің саны өте көп, екінші деп ортақ элементтердің бәрі де белгілі бір (фонетикалық, грамматикалық) заңдылықтар бойынша қайталанып отырады, үшіншіден ортақ ұқсастықтар тілдің барлық ярусында, әсіресе негізгі түбір құрамында көптеп кездеседі»¹ деген қорытындыға келеді. Осы мәселе төңірегінде қазақ және монғол тілдерін жетік білетін ғалым Б.Базылхан «Байырғы сөздік қордағы түбір сөздер, есімдіктер, негізгі сын есімдер, етістіктер, еліктеуіш сөздер бір тілден екінші тілге ауысу қабілеті аз элементтер. Дәл осындай өтімсіз тілдік элементтердің монғол, қазақ тілдерінің байырғы сөздік қорында өте көп болуы – қазақ, монғол тілдерінің генетикалық туыстығы бір екенін дәлелдейді»², – деп ой түйеді.

Қазақ-монғол тілдеріндегі фразеологизмдерді салыстыра зерттеу нәтижелері де қазақ-монғол тілдеріндегі фразеожүйенің құрылымдық, мағыналық, стильдік ортақтықтарын, екі халықтың ғаламды бейнелей тануындағы, образды ойлауындағы, ойқорытуындағы бір тектестікті көрсетеді. Қазақ ғалымдарынан түркі-монғол тілдерінің туыстығы жайлы құнды пікірлер айтқан басқа да зерттеушілер бар (І.Кеңесбаев, Ш.Ш.Сарыбаев т.б.).

¹ Қайдаров Ә., Оразов М. Түркологияға кіріспе. – Алматы, 1985. – Б. 70-71.

² Базылхан Б. Қазақ және монғол тілдері бойынша салыстырмалы зерттеулер. АДД филол. наук. – Алматы – Улан-Батор, 1993. – Б.60.

И.Н. Щербацидзе түркі-монғол тілдеріне ортақ сөздерді мынадай үш категорияға бөледі: 1) төркіндес түбірлер; 2) түркі тілінен моңол тіліне енген көне және орта ғасырлық кірме сөздер; 3) түркі тілдеріндегі монғолизмдер¹ Түркі-монғол тілдерінің өзара байланысын, ортақ элементтердің қалыптасуын тарихи кезеңдерге байланысты жіктеу И.А. Батмановтың т.б. ғалымдардың еңбектерінде де қамтылған².

«Алтай болжамы» аясындағы генеалогиялық бағыттың негізін салушы Г.И. Рамстедтің алтай тобындағы тілдердің фонетикалық-морфологиялық құрылымын реконструкциялап, олардың даму жолын қазіргі корей-жапон тілдері деректері негізінде өз ойын тұжырымдап берген («Formenlere» (Helsinki, 1952), «Einführung in die altaische Sprachwissenschaft 1. Lautlehre» (Helsinki, 1957) т.б.) еңбектері жарияланғаннан кейін алтай тілдерінің тектестігін (Н.Н. Поппе, Б.Я. Владимирцов, Э.А. Макаев, О.П. Суник, В.И. Цинциус, Н.А. Баскаков, А.Н. Кононов, В.М. Илич-Свитыч, В.В. Иванов, Ә.Т. Қайдар, Б. Базылхан т.б.), типологиялық ұқсастығын (Дж. Клоусон, Г. Дерфер, А.М. Щербак, И.В. Кормушин, Б.А. Серебренников т.б.) қолдайтын қарама-қарсы бағыттағы және прагматикалық-аралық бағыттағы еңбектер үзбей жарияланып келді.

Генетикалық алтаистиканың зерттеу нәтижелеріне сүйенген зерттеушілер «Алтай болжамының» уақыт өте келе ғылыми тұрғыдан негізделген салыстырмалы алтай тіл біліміне айналатынына сенімді³ болса, типологиялық алтаистиканың өкілдері алтай тілдеріндегі жекелеген лексикалық топтардағы, сөз таптарындағы, грамматикалық категориялардағы жүйесіздікті тілге тиек ете отырып, салыстырмалы-тарихи зерттеуді алтай тілде-

¹ Щербацидзе И. Н. Фрагмент общетюркской лексики (заимствованный фонд) // Вопросы языкознания. – Москва, 1983. – С. 60.

² Батманов И. А. Источники формирования тюркских языков в Южной Сибири и Средней Азии // Источники формирования тюркских языков Средней Азии и Южной Сибири. – Фрунзе, 1966, – С. 15-17.

³ Макаев Э. А. Рецензия.: Проблема общности алтайских языков. – Ленинград, 1971// ВЯ. – 1973. – №4. – С. 52.

ріне қолданудың тиімсіздігін айтады және алтай тілдеріндегі лексикалық, грамматикалық байланыстардың сипатын ашып, кірме элементтер көлемін анықтаумен шектелуді жөн көреді¹. Келесі ғалымдар тобы салғастырылып-салыстырылып отырған лексикалық параллельдер мен жекелеген сөз тұлғалары алтай тілдерінің генетикалық тегін дәлелдеуге де, теріске шығаруға да әлеуеті жетпейтінін айтады². Дегенмен алтай тілдер семьясына енгізілетін түркі-монғол тілдері арасындағы ортақ белгілер типологиялық сәйкестіктердің аясына симады. Туыс тілдерге ғана тән кейбір фономорфосемантикалық заңдылықтардың түркі және монғол тілдерінде айқын көрініс табуы аталған тіл иелері ата-бабаларының өте ежелгі кездерде генетикалық жақындықта болғанын, уақыт өте лингвогенездік сабақтастық фрагментарлық сипат алып, негізгі ортақтық монсиллабтық деңгейде, біраз бөлігі диссиллабтық деңгейде сақталғанын, уақыт өте келе о бастағы ортақ белгілерді лингвоконтактологиялық үдеріс нәтижелері толықтыра түскенін көрсетеді.

Түркі тілдеріне тән дыбыс сәйкестіктері тек түркі тілдерінің өз ішінде ғана емес, түркі-монғол тілдері арасында да кездеседі. Монғол тілінің өз ішіндегі *g, x, w, j* тұлғалы гомогенді сөздердің кейбірінен мағыналық жіктелу анық байқалады, мысалы: *atuw* 'ұрғашы балық' ≈ *atux* 'еркек балық'; *duwgijx* 'бейғам, тыныш' ≈ *duwgiuj* 'үнсіз, дыбыссыз', *xorijg* 'қорық, бөгет' ≈ *xoriju* 'тежеу, шек, зындан'; *murijiw* 'қыңыр, қисық' ≈ *muruij* 'иір, ирек'; *ulag* 'араны ашылған, нәпсесі билеген адам' ≈ *ulaj* 'жемтік, өлексе'; *cargag* 'шұғыл, тар' ≈ *cargaj* 'қалың, тығыз, жиі'. Фонетикалық варианттар түзетін параллельдер да кездеседі, мысалы: *doxiw* ≈ *doxox* 'таяу, тақау, жақын', *laj* ≈ *lag* 'батпақ, тұнған топырақ', *tatag* ≈ *tatuw* 'шамалы, аз' т.б. Ал қазақ тіліндегі *žalqaw* 'ерін-

¹ Щербак А.М. Ранние тюркско-монгольские языковые связи (VIII-XIV вв.) – Санкт-Петербург: Наука, 1997. – С. 11, 34.

² Кормушин И. В. К методике сравнительного изучения алтайских языков// Проблема общности алтайских языков. – Ленинград: Наука, 1971. – С. 28.

шек` сөзімен түбірлес *žalxag*, *zalxiw* сөздері `еріншек, бойкүйез` мағынасын білдірсе, осы түбірден өрбіген *zalxaj* сөзі `шалағай, салақ, ұқыпсыз` МҚС, 243 мәнінде жұмсалады. Демек монғол тілінде түбірлес сөздердің *g*, *w*, *j* тұлғалы үш варианты қатар қолданылатын жағдайлар кездесетінін де аңғаруға болады.

Монғол тілінде қимыл атауы -*x* арқылы жасалатындықтан -*g* тұлғалы есім сөздер грамматикалық ауысудың нәтижесі болуы мүмкін: *bulag* `бұлақ, бастаулардан басталып, сай-жыралармен ағатын кішігірім су`, *zavag/цавag* `жабық, үзік пен туырлықтың қосылған жері`, *xijag* `қияқ, өзен-көл жағасында өсетін көп жылдық шөп`, *xudag* `құдық, жердің су шығатын қабатына дейін арнайы қазылған тік шұңқыр`, *tajag* `таяқ, қолға ұстап, таянып жүретін ағаштан жасалған құрал`, *tээg* `домбыраның тиегі, ілгек`, *uzijg* `ұзақ, алыс, қашық, жырақ, көп (уақыт)`, *urag* `ұрық, тұқым, дән`, *цацаg* `шашақ, күлте`, *цэрэг* `шерік, әскер, сарбаз`. -*u/-ü* жұрнағы монғол тілінде есім сөздер жасайтынын байқаймыз, мысалы: *bijüü* `жан-жағы жабық, тұйық, бітеу`, *bülüü* `бұлау, (беті бұлаудай) ісік`, *jadüü* `жадау, арық, жүдеу, кедей`, *xatuu* `қату (қабағы қату), қатты`, *xijaluw* `қылау, мал тілінде кездесетін жұқпалы індет`, *taruw* `тарау, бөлім, тармақ`, *tomuw* `тұмау, салқын тиюден болатын өтпелі ауру`, *jilüü* `артық, қосалқы, қажетсіз`. Бұл сөз қазақ тіліндегі *iliw* `жаңа түскен келіннің абысын-ажындарына сыйға беретін заттары` сөзімен төркіндес болуы да ықтимал.

Көне түркі тілі мен монғолдың ескі жазба тілінде, орта ғасырдағы монғолдар тілінде сөз ортасы және сөз соңындағы *q/k*, *γ/g* дыбыстарының түбірлес сөздердегі қолданылу табиғаты да өте ұқсас, мысалы: көне т. *arqoγ* ≈ ескі монғ. *arqaq* `арқау`, *ariγ* ≈ *ariγun* `таза`, *balčiq* ≈ *bolčiy/balčig* `батпақ, лай`, *bayir* ≈ *baqir* `мыс, бақыр`, *baqlan* ≈ *baqlan* `бағлан, кепе`, *beläk* ≈ *beleg/belek* `сыйлық`, *bežgäk* ≈ *bežgek* `безгек`, *bilig* ≈ *bilig* `білік, білім`, *bitig* ≈ *bičik* `жазу`, *burčaq* ≈ *burčay/burčaq* `бұршақ`, *buγdaj* ≈ *buγudaj* `бидай`.

Ұзақ мерзімдік қарым-қатынаста болған халықтар тілінде лексикалық ауысулардың болуы лингвоконтактологиялық үде-

рістің нәтижесі, лексика – тілдің ауысуға және өзгертуге ең бейім тұратын саласы. Лексикалық жүйенің ең көне қабаттарын құрайтын еліктеуіш түбірлердің тұлғалық өзгерістері мен семантикалық дамуы әрбір тілдің өзіндік табиғатын, сыр-сипатын, эволюциялық бағыт-бағдарын, өзге тілдермен туыстық қатысын анықтауда ерекше орын алады. Түркі тілдеріндегі еліктеуіш түбірлердің табиғаты жайлы айтылған пікірлердің қай-қайсысы болмасын олардың көнелік белгісін, адамзат тілінің шығу тегіне қатыстылығын жоққа шығармайды.

Түркі-монғол тілдеріне ортақ сөздердің біразы еліктеуіш түбірден жасалған сөздер құрайды: *duw* (қаз. т. – ‘шулау’: ду күлкі, думан; монғ. т. – ‘дауыс’, *duwgaj* ‘үңсіз’, *duw+garax* ‘дауыстау, дыбыстау’ МҚС, 319); *im* ≈ *ijm* (екі тілде де ‘ишара, қимыл арқылы белгі беру’ МҚС, 286; ымды білмеген, дымды білмейді); *is* ≈ *ijs* (екі тілде де ‘ысылдаған дыбыс’, қаз. т. *isqiriq*, монғ. т. – *ijsgerex* МҚС, 283); *bar* ‘қатты, дөрекі, қырылдаған дауыс’ (монғ. т. – *barxijrax* ‘бақыру’, *barxijra* ‘барқырау МҚС, 70); *baž* “адамның, жануардың күтпеген жерден, аяқ астынан шыққан қатты айқайы, дауысы” (монғ. т. – *bažgadaх* ‘бажалақтау, бажылдау’, *bažgadiw* ‘бажалақ’ МҚС, 61); *baq* ≈ *bax* (монғ. т. – *baxijrax* ‘бақыру’ МҚС, 72), қаз. т. – *baqa*, монғ. т. – *bax*: құрбақа, тасбақа сөздері де осы еліктеуіштен жасалған¹. Осы тәрізді ортақ еліктеуіштер қатарын жалғастыра беруге болады. Түркі және монғол тілдерінде еліктеуіш мағыналы ортақ түбірлердің жиі кездесуі, олардың тұлғалық өзгерістері мен семантикалық дамуы, ұғым атауы ретінде уәжделуі жалпы алтай тілдеріне тән заңдылықтарға орай жүйелі түрде қайталанып отыруы имитатив түбірлердің өте ежелгі дәуірде ортақ қолданыста болғанын білдіреді.

Қазақ-монғол тілдерінде қатар қолданылатын имитатив түбірлер екі халықтың дүниетанымындағы ортақты, табиғи дыбыстар мен құбылыстарды қабылдаудағы және оларды жаңа ұғымды атауда салыстырмалы-бейнелі түрде қолдану тәсіліндегі

¹ Хусаинов К. III. Звуко-изобразительность в казахском языке. – Алма-Ата, 1988. – С. 178.

ұқсастықтарды байқатады. Түркі (қазақ) – монғол тілдерінде еліктеуіш түбірлерден жасалған орнитонимдер жиі кездеседі, мысалы *bögöne* ≈ *bödno* 'бөдене', *kökök* ≈ *xöxöö* 'көкек', *qarya* ≈ хэрээ 'қарға', *siŋqar* ≈ *šonxor* 'сұңқар', *tawïq* ≈ *taxija* 'тауық' т.б.

Қазақ және монғол тілдерінде еліктеуіш мағынаны ортақ түбірлерден қалыптасқан орнитонимдер мен зоонимдердің тұлғалық жағынан көп өзгерістерге түспей қолданыста болуына бір аймақта аралас-құралас өмір сүрген екі халықтың тұрмыс-тіршілігінің жақындығы, жер жағдайының ұқсастығы, фауналық әлемнің ортақтығы тәрізді экстралингвистикалық факторлардың ықпал етуі де мүмкін. Бірақ, лексикалық қордың табиғи құбылыстар мен табиғи дыбыстарға еліктеуден туындаған бейнелі елестету жүйесінің бір тілден екінші тілге кешенді түрде толық ауысуы мүмкін еместігін ескерсек, әрі еліктеуіш түбірлердің фоно-семантикалық модификаторларының да, олардан туындаған етістіктердің де тұлғалық жағынан көп өзгеріске түспей, бірдей немесе ұқсас мағынада қолданылуын негізге алсақ, қазақ-монғол тілдеріндегі ортақ имитативтер түркі-монғол глоттогенезінің бірлігін айғақтайтын көрсеткіштердің бірі болуы да мүмкін. Сол сияқты түркі-монғол тілдерінде кездесетін кейбір фоно-морфологиялық ұқсастықтарда өзара ауысудан пайда болған типологиялық белгі дегенге келмейтін сияқты, себебі тілдер арасындағы сөз жасау формаларының ауысуы, яғни жұрнақтық деңгейдегі ауысулар – өте сирек кездесетін құбылыс. Түркі-монғол тілдеріндегі фоно-морфологиялық ортақтықтар бұл тілдердің туыстығын айғақтай түседі, әрі бұл құбылыстың жекелеген түркі тілдерінің ішінде де, монғол тілінде де түбір деңгейінде әрі қосымша деңгейінде кездесуі бұл сәйкестіктің сыры тереңде жатқандығын аңғартады.

Алтай тілдік семьясы тобында қарастырылатын түркі-монғол халықтарының тарихи-лингвистикалық, этно-мәдени байланыстары біршама зерттелген сала болғанымен әлі де күрмеуі шешілмеген мәселелер баршылық. Сан ғасырлар бойы бір географиялық кеңістікте қатар орналасқан қыпшақ тобындағы

қазақ, қырғыз, қарақалпақ, ноғай, татар, башқұрт және монғол халықтарының ұдайы қарым-қатынаста болуы, олардың тіліндегі екі жақты кірмелік үдерісінің кезең-кезеңімен үнемі қайталанып отыруы, соның нәтижесінде ортақ лексиканың саны артып, олардың өзара кірігіп кетуі аталған тілдердегі лексикалық паралельдердің ара жігін тарихи-генетикалық тұрғыдан айырып алуды күрделендіре түсті¹. Түркі-монғол тілдеріндегі ортақ лексика қоры біршама жинақталғанымен оларды жүйелеуге, тілдік қарым-қатынастың хронологиялық кезеңдерін айқындап, әрбір кезеңнің негізгі ерекшеліктерін саралауға бағытталған кешенді зерттеулердің аздығы түркі тілі лексикасының тарихи қабаттарын нақтылауда, этимологиялық талдаулар жүргізуде қиындықтар тудыруда.

Түрколог, алтаист мамандар көрсетіп жүргендей, түркі-монғол тілдерінің байланысына қатысты проблемалардың шешілуі тектілдік тұрғыдан ғана анықталары анық, «ол үшін алдымен, түркілік тектілді, монғолдық тектілді анықтап, оларды ғылыми салыстыру арқылы алтай тілдерінің осы бұтағының өзара қатынасын, яғни әр топтағы тілдерге ішкі реконструкция жүргізіп, нәтижелерін салыстыру керек»². Тектілдік түбірлерді анықтап, реконструкция жасау үшін қазіргі тілдердің базистік лексикасын құрайтын түбір сөздер толық жинақталып, құрылымдық және мағыналық жақтан сипатталуы қажет. Өкінішке орай, түркі тілдерінің де, монғол тілдерінің де «Түбірлер корпусы» толық сомдалып біткен жоқ. Академик Ә.Т. Қайдар ұсынған идея бойынша басталған «Түркі тілдері бір буынды түбірлерінің корпусы» атты іргелі ғылыми-зерттеу бағдарламасы шешімін күтуде. Осы идея бойынша қыпшақ тобындағы жекелеген түркі тілдеріндегі бір буынды түбірлер мен түбір-негіздер жинақталып, жүйеленгенімен (қазақ тілі – Ә.Т.Қайдар, татар-башқұрт тілдері – А.Г. Шайхулов), басқа тіл-

¹ Туймебаев Ж.К. История тюрко-казахско-монгольских этноязыковых взаимоотношений. – Астана, 2008. – С.7.

² Тенишев Э.Р. Избранные труды. Кн. I. – Уфа: Гилем, 2006. – С. 35.

дер бойынша басталған зерттеулер әлі толық нәтижесін бере қойған жоқ.

Жалғамалылық қабілетке ие түркі тілдеріндегі бір буынды сөздерді анықтауда моносиллабтың дербес лексикалық мағына беруі міндетті емес екені қазақ тіл білімінде теориялық тұрғыдан жеткілікті дәрежеде негізделді (А.Ысқақов, Ә.Т.Қайдар, М. Томанов, Б.Сағындықұлы, Ж.Манкеева, Е.Қажыбек, А.Салқынбай т.б). Сондықтан тілдердің генеалогиялық немесе типологиялық белгілерін анықтау алдымен диахрониялық негізде моносиллабтық деңгейде жүргізіліп, содан кейін барып синхрониялық қабатты салыстыру арқылы біршама нақтылыққа қол жеткізуге болады. Алтай теориясы төңірегіндегі даулы мәселелердің шешімін табудың бір жолы да алтай тобындағы тілдердің моносиллабтық деңгейін салыстыра қарастыру. Түркі тіл біліміндегі күрделі мәселелердің бірі – моносиллабтар құрылымын жалпытүркілік негізде анықтау қазіргі түркілер, орта ғасыр түркілері тілдерімен қатар VI-VIII ғасыр мұралары – Орхон, Енисей, Талас ескерткіштері тіліне де сүйенетіні белгілі. Жалпытүркілік түбіртанудың зерттеу нысанының үлкен бір тармағын құрайтын қыпшақ тілдеріндегі бір буынды тұлғалар да ортақ құрылымдық жүйе аясында қарастырыла отырып, өзіндік фонетика-фонологиялық сипатымен ерекшеленеді. Сондықтан қазіргі қыпшақ және монғол тілдеріндегі бір буынды сөздерді көне түркі тіліндегі моносиллабтармен салыстыра қарастыру да жалпыалтайлық моносиллабтардың табиғатын тереңірек түсінуге, олардың гомогенділігін немесе гетерогенділігін анықтауға мүмкіндік беретін өзекті мәселе.

Түркілік моносиллабтар жүйесіндегі дауысты, дауыссыз дыбыстардан тұратын екі құрамды тұлғалар дербес мағыналы лексема ретінде көне түркі тілінде де, қазіргі түркі тілдерінде де кеңінен қолданылғанымен аталған тұлғаның қалыптасу жолы жайлы бірізді пікір жоқ. Зерттеушілердің басым көпшілігі (А.Зайончковский, Э.В.Севортян, А.Н.Кононов, А.М.Щербак, Б.М.Юнусалиев, А.Ысқақов, Ә.Т.Қайдар т.б.) ашық буынды мо-

носиллабтарды о бастан-ақ қолданыста болған тілдік бірлік ретінде таныса, А.Н.Баскаков В.В.Радловтың анлаут дауыссыздардың протезалық табиғаты жөніндегі, Г.И.Рамстедтің анлаут дыбыстарға сандхи заңдылығының ықпалы жайлы пікірлеріне, сондай-ақ М.И.Пельо, Г.Дерфер, В.А.Серебренников т.б. ғалымдардың еңбегіне сүйене отырып, VC моделінің бастапқылығы туралы концепцияны негізсіз деп санайды және оны SVC моделінің аясында қарастыруды ұсынады¹.

Ескерткіштер тіліндегі VC модельді моносиллабтардың біразы дербес лексема түрінде қолданылса, біразын дисиллабтар мен полисиллабтар құрамынан ажыратуға болады. Көне түркі тіліндегі VC тұлғалы моносиллабтардың қазіргі қыпшақ тілдерінде ғана емес қазіргі монғол тілінде де белгілі бір тұлғалық-мазмұндық ерекшеліктерімен сақталып қалғанын аңғаруға болады:

**ay*→*ayit* `ағыт, босат` (ДТС, 20): *Oza kelmis süsin Kültegin ayitip, Toŋra bir oγuŝ alpaγu on erig Toŋatigin joyinta egirip ölürtimiz* «Оза келген әскерді Күлтегін қуып, Тоңра руынан шыққан он ерді Тоңатегінді жерлегенде өлтірдік» КТү.47 (Айд. I, 181). **ay* моносиллабы қазақ тілінде `босату, жіберу` мәнін беретін *ayit* етістігінің құрамында сақталған: *құлынды, бұзауды ағыт, түймеңді ағыт; суды ағыт* т.б.; қырғ., ққалп. *ayit*. Көне түркілік *ayit* сөзінің `айыр, ағыт, босат, жібер` мағыналары көрсетіледі (Айд. I, 206). Монғол тілінде – **ag*→*aglaga* `туыстың алыстауы, ағайындық алыстау` **ag*→*aglagalah* `туыс алыстайын деу, үрім- бұтақтана бастау, жұрағаттана бастау` (МҚС, 21).

**ad*→*adaγ/adaq* `аяқ`: *Türk budun adaq qamaŝtdi* «Түркі халқының аяғы әлсіреді» КТү. 47 (Айд. I, 181) ~ ескі қыпшақ тілінде – *adaq/ajaq* (Құрыш. 79), *azaq* (МҚ. I, 66); тат., башқ., құм., ноғ., ққал., қаз. *ajaq*. Монғол тілінде – **ad*→*adag* `аяғы, соңы, төменгі жағы` (МҚС, 23). **ad*→*adinciy* `басқа, бөтен, жат` (ДТС, 10), `ерекше`: *Aŋar adinciy barq jaraturdim* «Оларға ерекше жай салдырдым» КТк.

¹ Баскаков Н. А. Историко-типологическая фонология языков. – Москва: Наука, 1988. – С. 47-57.

12 (Айд. I, 170) ~ е. қып. **aj/ej* → *ajruq/ejriki* (Құрыш. 81); ққалп. *ajriq*, қаз. *ajriqša/erekše*. Монғол тілінде – *ad* `ерекше, төтенше, керемет` (МҚС,23) тұрғасы дербес лексема түрінде сақталған.

**ad*→*adiril* `ажырау` (ДТД,32): *Qara Ćuresiz...özügeujalarınaadirilmiš* «Қайран Қара Чур өз ұяларынан, туыстарынан айырылды» Тал. 2 (Аманж. II, 44) ~ е. қып. *aj*→*ajril* (Құрыш. 81); башқ., ноғ., қар., ққалп., қаз. *ajiril*; тат. *ajeril*: Көне түркілік **ad* моносиллабы қазақ тіліндегі *adira qal* тіркесінің, *adir* (адыр-адыр жер) лексемасының құрамында сақталған. Монғол тілінде – **ad*→*adarmaa* `адырмақ, адыр, дөңес, белес` (МҚС,23).

**ad*→*adyir* `айғыр` (ДТД, 40): *Kultegin Bajirqunin aq adyiriü binip oplaju tegdi* «Күлтегін Байырғының ақ айғырын мініп шабуылға шықты» КТү. 35 (Айд. I, 179) ~ е. қып. **aj*→*ajyir*, **az*→*azyir* (Құрыш. 80); баш., ноғ., тат., құм., ққалп., қаз. *ajyir*. **az*→*azman* `кличка лошади` (ДТС, 73) *Kültegin azman aqiy binip op laju tegdi* «Күлтегін Азбан ағын мініп шабуылға шықты» КТү. 45 (Айд. I, 181) ~ қаз. *az(ban)*; ққалп. *az(man)* «айғыр». Монғол тілінде – **ad*→*adiw* `жылқы`, **az* → *azraga* `айғыр` (МҚС,24,25).

Түркі-монғол тілдеріне ортақ *adyir/azraga* лексемасы жалпы алтай тілдері бойынша **ad* ≈ **az* ≈ **až* ≈ **at* ≈ **as* ≈ **ax* ≈ **aj* ≈ **oj* ≈ **öj* түбірлес моносиллабтар кешенін құрайды. **ay* `бөліну`, **ag* `ажырау`, **ad* `аяқ`, **ad* `бөтен`, **ad* `бөліну`, **ad* `айғыр`, **az* `азбан` моносиллабтары `қозғалу, қимыл, бөліну` идеясын сақтаған жалпытүркілік *aq* ≈ *ay* ≈ *at* ≈ *ad* ≈ *az* ≈ *až* ≈ *aj* ≈ *aw* т.б. гомогенді моносиллабтар кешеніне кіретін туынды тұлғалар, гипотезалық ілкі түбірі **a/i* тұлғалы V моделі.

aj `айт, сөйле` (ДТС, 25): *Bilge tonuquq baŋa ajdi* «Білгіш Тоникук маған айтты» Тон. 31 (Айд. II, 110). Көне түркілік *aj* моносиллабы қыпшақ тілдерінде де басқа түркі тілдері тәрізді үш құрамды VCC моделімен беріледі: е. қып., қар., құм., ққалп., ноғ., қаз. *ajt*; тат., башқ. *äjt*. Монғол тілінде – *aj* `қаратпа мағыналы одағай`, **aj*→*ajvarlax* `танту, мылжындау, шатпақтау` (МҚС,26). Қазақ тіліндегі Ай дейтін ажа жоқ, қой дейтін қожа жоқ деген тұрақты оралымның құрамындағы *aj* моносиллабы көнеден қалған бел-

гі. Синхрондық тұрғыдан алғанда аталған контекстегі *aj* тұлғасы одағай мәнін бергенімен, тіл дамуының терең қабаттарындағы күрделі онто-лингвистикалық үрдістердің табиғатын меңзейді. Қазіргі қазақ тіліндегі *ajʒaj*, көне түркі тіліндегі *ajʒuči* `кеңесші, ақылшы`: *Qayanı alp ermis, ajʒuči si bilge ermis* «Қағаны алып еді, ақылшысы білгір еді» Тон. 10 (Айд. II, 105) сөздерінің семантикасы арқылы *aj* моносиллабының алғашқы мазмұндық шеңберіне `сөйлеу` ұғымымен қатар `сөз` ұғымы да кіргенін болжауға болады.

ar→*arqa* `арқа`; *ar*→*arqı* `арт жақ` (ДТД, 32): *Semiz buqalı arqıda bilser* «Семіз бұқалы артта білсе» Тон. 5 (Айд. II, 105) ~ е. қып. *arqa* `арқа, жота`; қар., ноғ., құм., тат., ққалп., қаз. *arqa*; қырғ. *arka*; тат., башқ., ноғ., құм., ққалп., қаз. *art* `арт жақта`. Монғол тілінде – *ar* `1.арт, арты, артқы, қарсы жақ; 2.астар, астыңғы жақ, өң бетіне қарсы жақ` (МҚС,43), дербес лексемалық деңгейде қолданылады. Ескерткіштер тілінде *ar* моносиллабы *ar*→*artuq* `артық, артылған`, *ar*→*artur* `арту, көбею, қосылу` сөздерінің құрамында да қолданылады. Қыпшақ ескерткіші «Китаб-и меджму-у терджу-ман тюрки да аджеми уа мағоли уа фарси» шығармасында *ar* тұлғасының көрсетілген мағыналармен қатар `көмектесу, ықпал ету, қолдау` мәндері де тіркелген: *ar*→*arqa*, *ar*→*arqalaš* `көмек, жәрдем, көмектесу, жәрдемдесу` (Құрыш. 86). Бұл мағына қазіргі қазақ тілінде де толық сақталған: *arqalanıw; arqa tutıw; arqasında kün körüw; arqılı* т.б. *arqa* сөзінің адам бойындағы негізгі тірек мүше атауын білдіруіне байланысты *arqaw* лексемасы да *ar* моносиллабынан тарағаны байқалады. Лингвистикалық еңбектерде жалпы түркілік *ar* моносиллабы *art* тұлғасының аясында беріледі және *art* моносиллабы арқылы жасалған сөздердің төркіндігі де толық дәлелденген мәселе (С.Е.Малов, М.Р.Рясянен, И.Батманов, Э.Наджип, Ә.Қайдар, Е.Қажыбек т.б.). Көне түркі тілі сөздігінде *art* сөзінің `сырт жақ`, `тірек, қолдау` мағыналарымен қатар `арқа` мәні де тіркелген (ДТС,55). Сондықтан *art, arqa* т.б. сөздерінің бастапқы түбірі ретінде **ar* моносиллабын бөліп қарастыруға толық мүмкіндік бар. *Art* моносиллабын туынды не-

гіз ретінде қарастырған Э.В.Севортян **ar* тұлғасын *ör* 'көтерілу', 'көбею' моносиллабымен де байланыстырады (ЭСТЯ I, 181, 182). Біздің ойымызша *ör* моносиллабы *ös, öñ, ur, ür* тұлғаларымен бірге 'өсіп-өну' семасын беретін **u/ü/o/ö* архитұлғасы арқылы жасалған түбір-негіздер кешеніне кіреді. Ал 'көбею' мәнін беретін **ar* (саны арту) моносиллабы *arqa* сөзімен түбірлес 'түйенің, т.б. малдың арқасына жүк салу' мәнін беретін *ar* → *art* етістігінен туындаған мағына болса керек. *ar* → *ariq* 'худой' (ДТС, 52) ~ ққалп., ноғ., құм., қаз. *ariq*; қырғ. *arik*. Ескерткіштер тілінде «арық, арықтау» мәнімен бірге 'шаршау, азып-тозу' мағынасы да қолданылады: *Ariq oqsen* 'шаршаған (азып-тозған) русың сен' КТк. 8. 'Шаршап-шалдығу' мәні қыпшақ тілдерінде де сақталған: қаз. *arip* – *aşuw*; башқ. *arınğa* 'шаршау, шалдығу'. Е.Қажыбек **ar* моносиллабын жалпыалтайлық лексикалық қабатқа жатқыза отырып, 'ажырау, айырылу' семасын беретін *aj* моносиллабымен жақындығын көрсетеді¹. *ar* моносиллабын қазақ тіліндегі *arši, aruwlā, aruw, ariq* «бұлақ» сөздерінің құрамынан да ажыратуға болады. 'Арылу, тазару, ажырау, аралық' семасын беретін **ar* моносиллабы мен 'көбейту, арттыру, жүкті тиеу, керуен' сөздеріне негіз болған **ar* моносиллабтарының ортақ мазмұнынан антиномиялық қатынасты білдіретін энантиосемия құбылысының ізі байқалады. Монғол тілінде **ar* → *arijg* 'ару, таза', **ar* → *arjlaḥ* 'арылу, тазару' (МҚС, 47). Мұндай мысалдар алтай тілдеріндегі түбір табиғатының сыры тым тереңде жатқанын, тіл онтологиясымен сабақтастыра қарастыруды қажет ететін мәселе екенін көрсетеді.

al 'алу, қабылдау' (ДТС, 32): *Bilig bilmez kisi ol sabiy alur*. «Білік білмес кісі сол сөзді алып...» (Айд. I, 169) ~ е. қып. *al* → *alyil*, қар., құм., ққалп., тат., башқ., ноғ., қырғ., қаз. *al*. Монғол тілінде – **al* → *alga* 'алақан, қол аясы' (МҚС, 29) Ескерткіштер тілінде осы түбірден жасалған *aliy* 'олжа', *alič* 'жетістік' (СДЕ, 208) сөздері де тіркелген. *Al* етістігі қазіргі түркі тілдерінде мағыналық жағынан

¹ Кажыбеков Е.З. Глагольно-именная корреляция гомогенных корней в тюркских языках. – Алма-Ата: Наука, 1986. – С. 246.

да тұлғалық жағынан өзгерістерге түспей жеткен дербес лексемалардың бірі. *Al* моносиллабы көнетүркілік *el*→*elig* КТү. 32 'қол' сөзімен байланысты болуы мүмкін. *el*→*elig* 'қол' (ДТД, 138). Ескерткіштер ішінен *elig* сөзінің 'қол (әскер)' мағынасы да қолданылады: *On tutuq jorçin jaraqliü eligin tutdı* «Оң тұтық басшыларын жарақты нөкерімен қолға түсірді» (Айд. I, 178). Ескерткіштер тіліндегі сөзжасамдық жүйе типтес лексемалардың компоненттік жіктелісі арқылы *elig* лексемасынан *el* моносиллабын ажыратуға мүмкіндік береді. Көне түркілер қолданған туынды сөз *elig* орта ғасыр түркілері заманында ықшамдалу заңдылығына ұшырып, бастапқы моносиллабтық негізінде қайта қолданысқа түскенін байқауға болады. Қазақ тілінде өлшемдік мән беретін *eli* 'саусақтың ені' сөзі сақталған.

al→*albay*: *ab albay* 'аң аулау (жабайы аңдарды), көңіл көтеру' (Аманж. II, 96). Жалпы түркі тілдері бойынша 'алдау', 'қу', 'қулық', 'жұбаныш', 'ермек', 'көңіл көтеру' семаларын бойына жинақтаған *al* моносиллабының 'көңіл көтеру' мәні қазақ тілінде контекст арқылы анықталатын *aldaniš* лексемасында сақталған. Ескі қыпшақ ескерткіштері тілінде *al*→*aldayıl* 'алдау, өтірік айту', *al*→*alıy* 'қорқақ' (Құрыш. 83); қар., құм., тат., башқ., ноғ., ққалп., қаз. *alda*. Монғол тілінде – **al*→*ala ač* 'аңшы' (МҚС, 27).

**aη*→*aηla* 'аңлау, аңғару, түсіну'; *aηa* 'есі кіру, түсіну' (ДТС, 46): *Aniü ol öz aηlar* «сұм ол өзі-ақ аңғарар» ~ тат., қар., ққалп., ноғ. *aηla*; башқ. *aηna*; қаз. *aηla, aηуар*. Монғол тілінде – **an*→*anax* 'аңду, тору, бақылау, абайлау', **an*→*anzaarax* 'аңғару, аңдау, абайлау' (МҚС, 40,42). Ескі қыпшақ тілінде *aη*→*aηyıl* 'помнить, вспомнить' (Құрыш. 85). Қазақ тіліндегі *aηyal, aηqaw* сөздері де *aη* моносиллабы негізінде жасалған. Ескерткіштер тілінде қолданылған **an*→*aniü* лексемасы құрамындағы **an* моносиллабы да *aη* тұлғасының фонетикалық варианты. Көне түркі сөздігінде *aniü* сөзінің 'жаман, ақылсыз, ақымақ' мәндері беріледі (ДТС, 45). Ал Ғ.Айдаров Тоникуқ ескерткіші тіліндегі *aniü* лексемасының 'ақылды, сұм' мағыналарын көрсетеді (Айд. II, 100). Ескерткіштер тіліндегі *aniü* сөзінің энантиосемиялық мәнде қолданылуы

танымдық негізде қалыптасқан құбылыс. Қулық-сұмдықтың артында да аңғарымпаздық жататындығы адамзатқа белгілі заңдылық. **aŋ/an* моносиллабы 'ой→ойлау' кешенінің фонетика-семантикалық дамуын көрсететін тұлғалар қатарына жатады.

el 1. 'ел, тайпалық одақ'; 2. 'халық' (ДТС, 168); Е. 3 (ДТД, 36). Орхон-Енисей әліпбиінде *i,e* дыбыстарының таңбалары ортақ, сондықтан ескерткіштер мәтініндегі *el* сөзі *il* түрінде де оқылып жүр. *Qayanin anta ölürtimiz, ilin anta altımız* «Қағанын сонда өлтірдік, елін сонда алдық» КТү. 38 (Айд. I, 179). И.А.Батманов бастаған зерттеушілер *el* түрінде (ДТД, 138), С.Е.Малов *ijl* (Мал. I, 94) тұлғасында оқиды. М.Қашқари сөздігінде *el* түрінде беріледі (МҚ. I, 48; МҚ. II, 25). Қазіргі қыпшақ тілдерінде аталған лексема қаз., ққалп., ноғ. тілдерінде *el*; қырғ. *el*; тат., башқ. *ijl* тұлғасында қолданылады. Монғол тілінде –*эл* 'бар, барлық, тұрған, тұрған бар нәрсе', **эл* → *элбэг* 'мол, көп, бай', **эл* → *элэг* 'анат. бауыр' (МҚС, 767, 769) сөздерінің құрамындағы **эл* моносиллабының мазмұны *el* сөзінің семантикалық аясына сәйкес келеді.

ed/эд/ ez 'игі, ізгі, игілік, байлық' КЧ. 3; БҚ. 39; КТк. 2, 6;; Е. 13 (ДТД, 41). Көне түркі ескерткіштері тілінде жиі қолданылатын *edgü/edkü* лексемасы да *ed* моносиллабы арқылы жасалып, түбір тұлғаның мағынасын толық сақтаған. Қазіргі түркі тілдерінде **ed* ≈ *эд* ≈ *ez* ≈ *ijz* ≈ *is* ≈ *ijs* ≈ *iz* ≈ *ij* ≈ *id* тұлғаларында туынды сөздер құрамында қолданылатын көне түркілік *ed* моносиллабы қазақ тілінде *izgi, iji* лексемаларында сақталған. Түбірлік деңгейде қолданылуы Сібір түркілері тілінде кездеседі: хақ. *is/ijs*; шор. *es* 'ізгі, игі, ізгілік'. Монғол тілінде–*эд* 'зат, нәрсе' (МҚС, 764), **эр* → *эрхэм* 'ізгі' (ҚМС, 366). **iz* ≈ *эр* моносиллабтары құрамындағы ротацизм құбылысы жекелеген түркі тілдерінде де, түркі тілдері арасында да, алтай тілдері ішінде де кездесетін заңдылық, *z* ≈ *r*: *žüzre* 'жүз (пышақтың жүзі)', монғол тілінде– *jir* 'дүз, жүз (балтаның)' (МҚС, 281); қаз. т. қызыл ≈ қырмызы, көз ≈ көр, боз ≈ бор т.б.

em→*emgek* 'қиындық, бейнет' (ДТД, 60), 'еңбек, қиындық' (Айд. I, 210): *On oq budunı emgek körti* «Он оқ халқы қиындық көрді»

КТү.19. Қазіргі қыпшақ тілдерінде: қаз. *eṇbek*, ққалп., қырғ., ноғ. *etbek*; қтат. *etek*; тат., башқ. *ijtgäk*; қар. *etgak*. Зерттеушілердің пікірінше *et/ijm* моносиллабы көне тұлға емес. Бұл жөнінде Э.В.Севортян «Его более старую форму образует **en*, а еще точнее **eñ*, первый из которых сохранился в чувашском глаголе *анка* (<ан-ка) «мучиться», «страдать» (от голода, жажды), второй в казахском *ең-бек* и в развившейся отсюда ногайской форма *ембек*. Афф. -бек в двух последних формах представляет собой фонетическую модификацию формы –мақ, более известной в качестве показателя инфинитива. ... в основе производную *емгек* ~ *емек* ~ *еңбек* лежат глагольно-именные корни **em* `работа`, `труд`, `мучение`, `беспокойство` и *em* `трудиться`, `мучиться`, `скорбеть`, которые семасиологически вполне коррелятивны» (ЭСТЯ I, 275) дейді. Ғалым пікірінің негізділігін қазіргі қазақ тіліндегі `аурудан жазу`, `емдеу` мағыналарын сақтаған *et* моносиллабының ішкі құрылымындағы `қиындықпен жүзеге асатын іс-әрекет` семасы да нақтылай түседі. *Et* түбірі қазіргі қыпшақ тілдерінде *e*, *э*, *ij* дыбыстарымен қалыптасқан, қаз., ққалп. *et*; тат., башқ. *ijm*; ноғ., құм., қырғ. *et*. Монғол тілінде – *эт* `ем, дәрі` (МҚС,770). Көне түркі тілі сөздігінде *et* моносиллабының `қиындық, бейнет` семасын сақтаған бірнеше тұлғасы көрсетіледі: *etgändi* `ол қиналды`, *etgasti* `олар қиналды` т.б. (ДТС, 172).

er `ер, батыр, еркек` (СДЕ, 245) *Bujruqı jeme bilge ermis erinç, alip ermis erinç* «Бұйрықтары да білгір ер еді, өздері де алып ер болған екен». КТү. 3 (Айд. I, 171). Қазіргі түркі тілдерінде *er* ≈ *ir* ≈ *ijr* ≈ *эр* ≈ *ar* ≈ *är* түрінде қолданылады: қаз., ққалп. *er*; башқ., тат. *ijr*; ноғ., құм. *эр*. Монғол тілінде – *эр* `ер, еркек` (МҚС,775). Көне түркілік *er* моносиллабы Орхон ескерткіштері тілінде кездесетін *erikli* `ерікті` *Kültegin jiti otuz jaşıña qarluq budun erür barur erikli jayı boltı* «Күлтегін жиырма жеті жасында қарлұқ халқы жүре бара ерікті (нағыз) жау болды» КТү. 41, орта ғасыр және қазіргі түркі тілдеріндегі *erkek*: е. қып. *erkek/ijrkek*, қаз., ққалп. *erkek*; тат., башқ. *ijrkäk*; ноғ., құм. *эрkek* `ер адам`, *erkin*: қаз. *erkin*; ққалп. *erkijn*; құм., ноғ. *эрkijn*; тат., башқ. *ijrken* «еркін, ерікті» сөздеріне негіз болғаны

белгілі. XIII ғасыр ескерткіші «Китаб-у меджму-у терджуман түрки уа 'аджами уа моғоли уа фарси» сөздігінде 'бойдақ' мәнін беретін *erkek* лексемасы тіркелген (Құрыш. 113).

ög 'шеше' КТү. 11; Е. 28, 29 (ДТД, 77): *Ögüm qatun, ulaju öglerim, ekelerim, kelinünim, küncüjlarım, bunça jeme tirigi kün, boltaçı erti, ölügi jurtda, jolta jatu qaltaçı ertigiz* «Шешем қатын, оған ілескен аналарым, жеңгелерім, келіндерім, бикештерім мұнша және күн болар едіңдер, өліктерің жұртта, жолда жатар едіңдер» КТү. 49 (Айд. I, 182). Көне түркілік ög лексемасы қыпшақ тілдерінде туынды сөз құрамында сақталған: қыпшақ ескерткіштерінде (Құрыш. 177), қаз., ққалп., ноғ. *ögej*; тат., башқ. *ügäj*. Алтай тілі диалектілерінде *ük* 'іш, құрсақ', *üksüs* 'жетім'. Монғол тілінде – *ög* → *ögij* 'өгей', *ög* → *ögsöx* 'өрлеу, жоғары қарай жүру' (МҚС, 382,383). Салыстырыңыз: *ös, ön, ör* (*örkende, örle*).

öd 'уақыт' КТк. 1, 11, 12 (ДТД, 78): *Öd Teñiri jasar, kisi oyli qor ölgeli tö rümis* «Уақытты тәңірі жасар, адам баласы бәрі өлгелі туған» КТү. 50 (Айд. II, 182). Қазіргі *öd soyuşdı* 'суық уақыт' (МҚ. II, 101). Монғол тілінде – **öd* → *ödiş* 'осы кезде, осы уақытта' (МҚС, 384). Қазіргі қыпшақ тілдерінде *öd* 'уақыт, белгілі бір уақыт, кез' моносиллабының дербес лексема түрінде қолданылуы қазақ тіліндегі *желдің өтінде* тіркесінде сақталған. Уақыттық динамикалық қозғалысы *öt* етістігінің семантикасынан да анық байқалады: *жаз өтті, өмірден өтті* т.б. Ескерткіштер тілінде *öd* моносиллабының етістік мәні кездеспейді, қазіргі түркі тілдері деректері негізінде *öd/öt* зат есімі мен *öt/üt* етістіктерінің түбірлес екені аңғарылады, 'уақыт → уақыт өту' мәндері бойынша синкретикалық жұп құрайды. Қаз., ққалп., ноғ., құм., қтат., қырғ. *öt*, тат., башқ. *üt*.

öñ 'алды, алдыңғы жағы': *öñi kün toysiqda Bökli çöllig il, tabyaç, tüpit, apar, nurum, qiriq az, uç qurıqan, otuz tatar, qitan, tatabi bunça budun kelipan ...* «әуелі (алдымен) шығыстан Бөккі шөлінің елі, табғаш, тибет, авар, үрім, қырық аз, үш құрықан, оғыз татар, қытан, таталар сонша халық келіп ...» КТү. 4 (Айд. I, 172). Көне түркі тілі сөздігінде *öñ* моносиллабының 1. 'алдыңғы жақ (шығыс)'; 2. 'алды,

алдыңғы'; 3. 'алдымен, бұрып, ерте' мағыналары көрсетіледі (ДТС, 385, 386). Орхон ескерткіштері тілінде қолданылған *ōṇ* сөзінің 'алды, алдыңғы жақ' мәні қазіргі қыпшақ тілдерінде кеңінен қолданылатын *oṇ* 'оң жақ' (матаның, киімнің оң жағы), *ōṇ* 'түр-түс', 'жүз, бет', 'оңу (өңі түсу)' сөздерінде сақталған: қаз., ққалп., ноғ., қырғ. *ōṇ/oṇ*; тат., башқ. *ōṇ, joṇ, oṇ, iṇ*. Монғол тілінде – *ōṇ* «1. өң, түр, түс; 2. үсті, беті, өң беті, тысы» (МҚС, 388). Қазақ тіліндегі *өңмеңдеу, өңір* (киімнің алдыңғы жағы), *өңгеру, өңдеу* лексемалары құрамындағы *oṇ* моносиллабы да аталған тұлғамен түбірлес. Қазіргі түркі тілдері бойынша *ōṇ* моносиллабының 'бояу', 'ала', 'жылтырақ (полировка, глянец)', 'әдемілік' мағыналары да тіркелген (ЭСТЯ I, 534, 535). Орта ғасыр қыпшақ ескерткіштерінде де *ōṇ* сөзінің «алдыңғы» мәні қолданылған: *ōṇ ajaqlari* 'алдыңғы аяқтары (жылқының)' (Құрыш. 179).

uṣ 'ұш, ұшу (қайтыс болу)' КТү. 16; МЧ. I, 12 (ДТД, 77); *uṣuq* 'құс': *jaṇimīz tegire uṣuq teg erti* «жауымыз айнала жыртқыш құстай еді» Тон. 8 (Айд. II, 105); *uṣa barmīs* «ұша барды» КТү. 16 (Айд. I, 174) ~ қаз. *uṣ*; ноғ., ққалп., қырғ. *uṣ*; тат. *oṣ*; башқ. *os*. Монғол тілінде – '1. (нәрсе) ыршу, ұшу; 2. (биіктік, қозғалыс) секіру, қарғу' (МҚС, 541). Көне түркі тіліндегі 'құс' мағынасында жұмсалған туынды сөз *uṣuq* қазіргі түрік, қазақ тілдерінде 'самолет' мағынасын береді: түр. *uṣak*; қаз. *uṣaq*. Салыстырыңыз: ұз→ұзау, ұзын, ұзақ т.б. Монғол тілінде - **uṣ*→*uṣijg* 'ұзақ, ұзаққа созылған' (МҚС, 504). Қазақ тіліндегі көз ұшында тұрақты тіркесі құрамында да *uṣ* моносиллабы сақталған. 'Жоғарылау, алыстау, көтерілу' семасын ескерткіштер тіліндегі *üz* моносиллабынан да аңғарамыз: *üz*→*üze* 'үсті, үстінде, жоғарыда' КТү. 1, 10, 16; Тон. 16; БҚ. 3; Е. 32 (ДТД, 78): *Üze kök teṇri, asra jaṇiz jir qilintuqta ekin ara kisi qilinmīs* «Жоғарыда көк тәңірі, төменде қара жер жаралғанда екеуінің арасында адам баласы жаралған» КТү. 1 (Айд. I, 171) ~ қаз., ноғ., ққалп. *üsti*; қырғ. *üstü*, тат. *üzre, öst*; башқ. *ös, östö*. Этимологтар *üst* лексемасын *üs/üz* түбір-негізінен жасалған туынды сөз ретінде қарастырады (ЭСТЯ I, 639). Орта ғасыр ескерткіштері тілінде *üzere, üct* тұлғалары қатар қолданылады. Көне түркілік

üze сөзінің 'жоғарылау' мәні қазіргі түркі тілдеріндегі ер-тұрман жабдығы *üzengi* сөзінде сақталған: қаз. *üzengi*; тат., башқ. *özäŋgi*; ққалп. *üzenġj*. Киіз үй жабдығы *üzik* 'киіз үйдің жоғарғы бөлігіне, уыққа жабылатын киіз жамылғы' лексемасы құрамынан да *üz* моносиллабын ажыратуға болады.

VI-IX ғасыр түркі жазба ескерткіштері тілі моносиллабтар жүйесіндегі VC моделінің басым бөлігі қазіргі түркі тілдерінде ғана емес, монғол тілдері моносиллабтар жүйесінде де кеңінен қолданылуы, Америка үндістері тілінде де түркі-монғол тілдеріне ортақ сөздердің қолданыста болуы (мысалы, мая тіліндегі *baldiz* 'әйелінің сіңілісі', кечуа тіліндегі *ari* 'ары, арық, таза' т.б.¹ лексемалары қазақ және монғол тілдерінде де қолданылады) түркі-монғол тілдері тарихи дамуындағы жалпыалтайлық кезеңнің генеалогиялық негізде қалыптасқанын қолдайтын концепцияның шынайылығын меңзейді.

§3. Түркі тілдері тарихи дамуының сақ-ғұн дәуірі

Б.з.д. I мыңжылдық пен б.з. V ғасыры аралығын қамтитын түркі тілдері дамуының екінші кезеңі бірнеше ру-тайпаларды қамтитын сақ/ скиф және хун/ғұн тайпалық одақтарының тіліне негізделеді.

Біздің заманымызға дейін Еуразия даласында жекелеген этникалық қауымдастық түріндегі «сақтар» деп аталатын тайпалардың өмір сүргені белгілі. Көне грек және парсы ойшылдарының еңбектеріне байланысты «сколоттар», «скифтер», «дахтар», «массагеттер» деп түрліше аталып жүрген сақ тайпалары да қалыптасқан еуроцентристік ғылыми дәстүр бойынша иран тілділерге жатқызылды. Сақтар мен скифтерді локальдық тұрғыдан ажыратып қарастыратын көзқарастар да бар. Сақ тайпалары жайлы деректер Персияның ахменидтер әулетінен шыққан пат-

¹ Каримуллин А. Прототюрки и индейцы Америки. По следам одной гипотезы. – Москва, Инсан, 1995. – С. 41.

шалардың жартастарға жазылған сына жазулары мен Геродот бастаған грек-рим авторларының еңбектерінде сақталған¹. Біздің дәуірімізге дейінгі VI-IV ғасырларда өмір сүрген қазіргі Оңтүстік-шығыс Әзірбайжан аумағының бір бөлігін қамтыған Мидия мемлекетінің тарихын зерттеуші ғалым И.М. Дьяконов ахменидтер әулетінің үш тілде қатар жазылған сына жазуының оқылуына байланысты бірінші жазу көне парсы тілінде, үшінші жазу ассирия-вавилон тілінің вавилон диалектісінде жазылғаны анықталғандығымен, екінші қатардағы жазудың сыры көпке дейін ашылмағанын айта отырып, бұл жазудың тілі алғашқы кезде Азия тілінің ерекшелігіне бейімделіп «тұран тілі» деп аталғанын, мұндай тіл ғылымда белгісіз болғандықтан «скиф тілі» деп, одан кейін «Мидия тілі» деген атау ұсынылғанын көрсетеді². Бұл термин кейіннен «иран тілдес» деген ұғыммен ауыстырылғаны баршаға белгілі.

1834 жылы жарияланған еңбегінде Расмус Раск Еуразия және Америка құрлықтарындағы агглютинативті сипаты бар бірнеше өлі және тірі тілдерді «скиф тілдері» деп атайды, ғалым Азия және Еуропаның солтүстік бөлігінде, Кавказда таралған тілдерді, Испания мен Галлиядағы үндіеуропалықтарға дейінгі ежелгі тілдерді, сонымен қатар Гриландияда, Солтүстік Америкада таралған кейбір тілдерді (түркі, моңғол, тұңғыс, фин-угор (Жайық бойындағы халықтардың), самоед, эскимос, полиазиат халықтары тілдері, кейбір кавказ тілдері, Испания мен Еуропада ерте кезде қолданылған өлі тіл – яфет тілін (яфеттіктердің тілі) «скиф тілдері» тобына жатқызды³. Зерттеушінің бұл көзқарасы Ф.И.Страленбергтің XVIII ғасырда айтылған орал-алтай тілдерінің генеалогиялық тегі жайлы пайымдауларына негізделеді.

Макс Мюллер «скиф тілдері» тобына жалғамалылық белгілері бар басқа тілдерді (тибет, сиам, малай, дравид, тілдерін) қосып «тұран тілдері» деп атайды. «Тұран тілдері» тобына «көш-

¹ Кляшторный С. Г., Султанов Т. И. Казахстан летопись трех тысячелетий. – Алма-Ата, 1992. – С. 33.

² Дьяконов И. М. История Мидии. – Москва – Ленинград, 1956. – С.63-64.

³ Rask R.K. Den skitiske Sproget. – Kopenhagen, 1834.

пелі халықтардың тілі (*nomadic languages*)» деп сипаттама берген М.Мюллер, бұл топтағы тілдердің арасындағы байланыс үндіеуропа және семит тілдеріне қарағанда тым әлсіздігін көрсетеді, ғалым үндіеуропа және семит тілдерін халықаралық деңгейде танымал, жақсы зерттелген, ірі державалардың тілі ретінде «саяси тілдер (*political languages*)» деп атайды¹. Ұланғайыр территорияны қамтыған «скиф тілдері» немесе «тұран тілдері» тобына енгізілген агглитинативті немесе агглютинативті белгілері бар тілдердің сол кездегі зерттелу деңгейінің төмендігіне, құрылымдық ерекшеліктерінің нақтыланбауына, тілдік сипаттамасының жасалмауына байланысты теория гипотезалық деңгейде қалды.

Соңғы 50 жыл көлемінде Қазақстан аумағынан табылған археологиялық қазба материалдары көне сақ мәдениетінен құнды деректер беруде. 1960 жылы Ертіс өзенінің оң жақ жағалауындағы ескі қорымнан жазу таңбалары Орхон-Енисей жазбаларына өте ұқсас жазуы бар сүйек тұмарша табылды. Тұмардағы жазуды қазақ ғалымы А.С. Аманжолов «Ақсықын» (көне түркі тілінде «ақ марал») деп оңнан солға қарай оқып шықты. Өкінішке орай, бұл оқылым мамандар тарапынан толық қолдау таппай отыр. Көне қорымның барлық сипаттары мен белгілерін зерттей отырып, археологтар аталмыш бейітті сақ дәуіріне (б.з.д. V-IV ғғ.) жатқызады².

Сақ дәуіріне жататын көне мұралардың тағы бір үлгісі Алматы маңындағы Есік қаласының жанындағы көне қорымнан табылған күміс тостағандағы жазу (б.з.д. V-IV ғғ.) Күміс тостағандағы екі жолға жазылған, 26 таңбадан тұратын жазу көне түркі руникалық таңбаларына да, көне грек, көне жазуларына да ұқсайды. Жазудың оқылуы жайлы бірнеше пікір (О.Сүлейменов, Ғ.Мұсабаев, А.Махмұдов, Т.Сүлейменов, А.Аманжолов, А.Ке-

¹ Max Muller, *Essays I*, Leipzig, 1869. The languages of the Seat of War in the East, With a Survey of three families of languages, Semitic, Arian, and Turanian. – London-Edinburgh-Leipzig, 1855.

² Арсланова Ф. К. Погребальный комплекс VIII-VII вв. д.н.э. из Восточного Казахстана // В глубь веков. – Алма-Ата, 1974. – С. 46-60.

рімқұлов, А.Әбіласан, О.Бекжанұбірі, И.Кузнецов, А.Гандрабудов т.б.) бар, әйтсе де ғалымдар тарапынан бірауыздан мақұлданған нұсқасы әлі анықталған жоқ. Мамандардың бірізді шешімге келе алмауының негізгі себебін белгілі тарихшы К.Ақышев көне жазудың оқылуын ұсынған варианттардың бір-бірінен тым алшақ жатуынан деп көрсетеді¹. Жоғарыда аталған жәдігерлердегі көне жазулардың аса құндылығы – Қазақстан аумағын мекендеген ежелгі сақ тайпаларының тілі жөніндегі даулы пікірлердің шешімін табуға мүмкіндік берер еді. Өкінішке орай, бұл мәселе қазірге жабық күйінде қалып отыр. Дегенмен, ертедегі темір дәуіріндегі байырғы тұрғындардың Қазақстанның қола дәуіріндегі қауымдастықпен мираскерлік сабақтастығын көрсететін көптеген археологиялық деректердің анықталуына сүйене отырып, Қазақ даласын мекендеген көне тайпалардың автохтондығына шүбә келтіріп, иран немесе үнді-иран тайпаларына қатысты айтылатын миграционизм теориясына сыни көзқараспен қараушы зерттеушілердің саны артуда. Сондықтан, соңғы кездері сақтардың ішінде ежелгі түркі тілінде сөйлеуші тайпалар басым болған деген пікір күннен-күнге орнығып келеді.

Біздің заманымызға дейінгі I мыңжылдықтың соңғы кезінде Қазақстанның оңтүстік-шығыс бөлігінде сақ тайпаларының этникалық бірлестігі орнын «үйсін» атты жаңа тайпалық одақ басады, зерттеушілердің айтуына сүйенсек, бұл одақ шын мәнінде сақ мәдениеті дамуының соңғы кезеңі болып табылады. Сондықтан да сақ және үйсін тайпаларын бөлуді бір этникалық қауымдастық дамуының әртүрлі кезеңін көрсететін шартты нәрсе деп ұққан дұрыс. Үйсіндер – Қазақстанды мекендеген автохтонды, осы күнге дейін сақталған тайпалардың бірі. Яғни, олардың өздерінің тарихи отанынан (Жетісу, Оңтүстік Қазақстан, Қаратаудың шығыс сілемдеріне дейінгі аралық). Осы уақытқа дейін қозғалмағанын көреміз. Этностың қалыптасуы және

¹ Акишев К. Иссыкское письмо и руническая письменность // Байырғы түркі өркениеті. Жазба ескерткіштер. – Астана, 2000. – С. 389-390.

оның тұтастығының одан әрі сақталуы үшін, ол этностың шекарасы мызғымас бір ғана аймақта тұруы басты шарт екендігі белгілі. Палеонтропологиялық деректер де осы пікірді қуаттайды, мамандардың айтуы бойынша Қазақстанның қола және ертедегі темір ғасырына тән ата-бабалардың кескін-кейпі қазіргі қазақтардың генетикалық портретінде сақталған. Бір этникалық бірлестіктің қатар жатқан екі хронологиялық кезеңіндегі лингвистикалық сабақтастықтың жойылып кетуі де мүмкін емес.

«Орта Азия халықтарының ауызша тарихында үйсін-қаңлы, қаңлы-үйсін қосарлы сөзінің жиі қолданылуы да бұлардың этнос, тайпа, тайпалық одақ, ұлыс, мемлекет ретінде бір дәуірде, бір географиялық аймақта дүниеге келіп, ғасырлар бойы бірге (қатар) өмір сүрген, тілі, діні, салт-дәстүрі, тіршілік көзі ортақ ел болуына байланысты»¹. Демек қаңлылар да сақтардың тікелей мұрагерлерінің бірі. Үйсіндер мен қаңлылардың қазақ тарихына қатысты айтылған Шоқан Уәлихановтың пікірі де аталған тайпалар жайлы халық жадында сақталған ежелгі тарихты сипаттайды: «В истории казахского народа канглы и уйсуну считают самими старшими племенами казахских жузов, установителями древнейшего правопорядка, поэтому они занимают почетное место в народных преданиях»².

Үйсіндер туралы алғашқы деректер Қытай жылнамаларында сақталған. «Ханнама» жылнамасының «Батыс өңір шежіресі» деген тарауында (б.з.д. I ғ.) Үйсіндердің өз кезінде қуатты ел болғандығы, көрші Қытай елімен құдандалық қатынастары екі ел арасындағы басқа да саяси-әлеуметтік, әскери мәмлелер жөнінде айтылады және, үйсін еліне ұзатылған қытай ханшасы жайлы «Шияң мансаптылары және қорғаушы нөкерлері болып, жиыны жүзден астам адамды қосты. Олар Шаңлинге барып уақытша тоқтап, үйсін тілін үйренді» деген дерек көрсетілген³. Қытай зерттеушілері «үйсін тілі» деп атаған, біздің заманымызға

¹ Қайдар Ә. Қаңлы. – Алматы: Дайк-Пресс, 2004. – Б. 223.

² Валиханов Ч. Ч. Собр. соч. в 5 томах. Т.1. –Алма-Ата, 1985. – С. 397.

³ Бан Гу. Батысөңіржәнеүйсінмемлекеті//Қазақтарихынан. – Алматы, 1997. – Б. 37.

дейін қолданыста болған бұл тілдің тегі жайлы даулы мәселе әлі күнге дейін шешімін таппай келе жатқаны белгілі. Кезінде үйсін тайпаларының аршілік тегі (Шмидт, Клапрот т.б.), славяндық тегі (Н.В. Кюнер), түркілік тегі (Н.А.Аристов, Н.Я.Бигурин) жөнінде пікірталастар айтылып, бір шешімге келмегенімен аталмыш тайпаның қазіргі түркі халықтарының құрамында (қазақ, қарақалпақ, ноғай) сақталып, алғашқы мекенінен жылжымай өмір сүруі және олардың түркі тілдерінде сөйлеуі соңғы пікірдің дұрыстығын айғақтайтын сияқты. Бұл жөнінде белгілі қазақ ғалымы Ғ.Мұсабаев, В.В.Бартольдтың хундардың түркілік тегі жайлы айтқан пікіріне сүйене отырып, «Хун түркі болса, хунның туысы, ағайыны үйсінді басқа бір халық еді, иран тұқымдас деуге орын қалмайды, үйсін тілі – таза түркі тілі» дейді¹.

Тарихи деректер бойынша көшпелі, жуынгер түркі тайпалары жаугершілік кездері өздері жеңген басқа тайпаларды да өз бірлестіктеріне қосып алып отырғанын ескерсек, үйсін елі «тек түркілерден тұрды, таза түркі тілінде сөйледі» деп кесіп айту артықтау болар, дегенмен үйсін елінің негізгі, билеуші (саны жағынан басым) тайпасы түркілер, түркі тілінде сөйлеушілер болды деп айтуға негіз бар. Тарихи деректерде Кангюй, Канжуй, Кан, Канг, Канга, Кангу деп түрліше аталатын – қаңлылар. Тарихшылар сақтардың тікелей мұрагерлері қатарында үйсіндермен бірге Жетісудың батысы мен Сырдария оазисін мекендеген қаңлы тайпалық одағын да атайды². «Кангюй мемлекеті – түркі әлеміндегі ең көне мемлекеттердің бірі. Хун/Ғұн мемлекеттері, Үйсін және Кангюй мемлекеттері бір заманда қатар жасап, дәуірлеген мемлекеттер»³.

Қытай жазбаларында қаңлылар жайлы «Қаңлы елі тәкаппар әрі айлакер, тіпті елшілерімізді де қабылдамай қойды....бұдан олардың Хан хандығын сайламайтындығын, өзін көрші елдер-

¹ Мұсабаев Ғ. Үйсін туралы пікірлер // Қазақ тарихынан. – Алматы, 1997 – Б. 71.

² Кляшторный С. Г., Султанов Т. И. Казахстан. Летопись трех тысячелетий. – Алма-Ата, 1992, – С. 48.

³ Қайдар Ә. Қаңлы. – Алматы: Дайк-Пресс, 2004. – Б. 77.

ден жоғары бағалайтындығын көруге болады. Олар саудаласуға әуес, сөздері астарлы» деген пікірлерді кездестіруге болады¹. Мұндай деректер қаңлы елі өз дәуірінде қуатты да ірі мемлекеттер санатында болғанын көрсетеді. Қаңлы тайпасының этникалық сипаты жөніндегі мәселе күрделі де қиын, қай тілде сөйлегені жөнінде де бірыңғай пікір жоқ. А.Н.Бернштамның көзқарасы бойынша қаңлылар түркі тілді халық болған. Кейбір зерттеушілер қаңлылар солтүстік иранның мол өндіруші тайпаларына жатады, олар б.д.д. бірінші мыңжылдығы ортасында ортасында Сырдария түркі тайпаларының қоныс аударуына байланысты өзінің этникалық бейнесі мен тілін өзгерткен деген болжам жасайды. Б.А.Литвинскийде қаңлылар иран тілді сақтардың ұрпағы деп есептейді².

Жалпы түркі-монғол тілдерінің қалыптасып дамуы, өзара жіктелуі тарихи зерттеулерде шартты түрде «алтай тайпалары» деп аталған Шығыс Сібір мен Орта Азияның шығыс бөлігінен келген көшпелі тайпалардың Батыс Сібір мен Оралдан шыққан үндіеуропа тайпаларымен қарым-қатынасқа түсуіне байланысты қарастырылады. Алтай тайпаларының бастапқы мекені ретінде Шығыс Алтай, Сібірдің оңтүстік аймағы, Енисей өзені мен Тынық мұхитының аралығы, Монғолия мен Маньчжурия, қазіргі Қытайдың солтүстік провинциялары көрсетіледі. С.Г.Кляшторный мен Т.И.Султановтың еңбектерінде б.д.д. II-I мыңжылдықтарда алтай тайпаларынан протүркі-монғол, прототунғус-маньчжур тілдік қауымдастықтары жіктеліп қалыптасқандығын, ол б.д.д. I мыңжылдықтың ішінде прототүркі, протомонғол тілдері қалыптаса бастап монғол тілінде сөйлеушілер Солтүстік Маньчжурия мен Солтүстік Шығыс Монғолияда, прототүркі тілінде сөйлеушілер негізінен Орталық және Ішкі Монғолияда, Байкалдан Ордосқа дейінгі аумақты алып жатқандығын айта отырып: «Процессы языковой диффе-

¹ Бан Гу. Батыс өңір және үйсін мемлекеті // Қазақ тарихынан. – Алматы, 1997 – Б. 27.

² Литвинский Б. А. Кангюско-сарматский фарн. – Душанбе, 1968. – С.14-23.

ренциации были весьма сложными и протеками в разных областях неодинаково; на многих территориях прототюркские и протомонгольские племена жили смешанно; в Западной и Центральной Монголии, где до начала II в. до н.э. преобладали ираноязычные юечжи, прототюркские племена находились в непосредственном соседстве с ними» деп көрсетеді¹.

Көпшілік әдебиеттерде хундардың қалыптасуындағы түркітест тайпалардың орны көрсетілмейді: «Көшпелі хун халқы б.з.д. I мыңжылдықтың басында жергілікті монғолдық және солтүстік қытайлық еуропалық тайпалардан Орталық Азияда құрылды. Б.э.д. III ғасырдың аяғында хундар Монғолия мен Байкалдың маңын мекендеді. Б.э. II ғасырында хунның жартысы қытай протекторатының қол астына барды және хунның оңтүстік династиясының өркендеуіне ықпал етті. Солтүстік хунның бір бөлігі батысқа жылжып, Орал маңында угралармен және сарматтармен араласты. II-III ғасырларда Еуропада ғұн ретінде танылып жүрген жаңа көшпелі одақ пайда болды. Ордост пен Ганьсуда тұратын хундар кейін табғаштар жаулап алған княздықтар құрды. Хундардың Турфандағы қалдықтарын 460 жылы жужандар құртып жіберді. Хун мәдениетінің сарматтармен ортақ сипаттары бар»².

Тарихи деректер хун тайпалары б.з.д I мыңжылдықтың алғашқы жылдарында-ақ Еуразия құрлығын мекендеген ірі тайпалардың қатарында болған. Хундар қазіргі Сібір өңірі, Монғолия аумағынан Қара теңіз жағалауына дейін таралған (б.з.д. I мыңжылдықтың басы – б.з. V ғасыры). Хун дәуірін екіге – хундар және ғұндар кезеңі деп ажыратып қарайтын пікірлер ғұндарды (б.з. II-IV ғғ.) хундардың ұрпақтары ретінде, хронологиялық жағынан ұласып жатқан бір тайпа өкілдерін жіктеп қарастырудан туындайды. Бір этнонимді иеленген бір тайпа өкілдерін екіге бөлу олардың тарихын ұзу, шектеу болып та-

¹ Кляшторный С. Г., Султанов Т. И. Казахстан летопись трех тысячелетий. – Алма-Ата, 1992. – С. 51-52.

² Тенишев Э. Р. Ғұн тілі//Түркі тілдері. Энциклопедиялық басылым. – Астана: Фолиант, 2002. – Б. 65.

былады, сондықтан хун/ғун тайпаларына қатысты кезеңдестіру нақтылы хронологиялық мерзіммен аталып, хун/ғун тайпалық одағының тарихын тұтастықта қарастырған дұрыс.

Сондай-ақ ғұндардың түркілік элементтерінің қалыптасуы б.з. V ғасырына қатысты сипатталады: IV ғасырдың 70-жылдарында ғұндар батысқа қарай жылжып, халықтардың үлкен мекеніне жол ашты. Ғұн тайпалар одағы Атилла кезінде (434-453 жж. басқарған) мықты өркендеді. 455 жылы ғұндар Паннониде жеңіліп, Қара теңіз жағалауына кетті. 469 жылы олар Балқанға күшпен кірмекші болды, бірақ оны жүзеге асыра алмады. Осыдан бастап ғұндар мемлекет ретінде және этникалық топ ретінде жойыла бастайды. Хундар мен ғұндар өздерінің құрамына көптеген ұлыстар мен тілдерді, оның ішінде түркі элементін де сіңіріп алды»¹. Түркітестес халықтардың ежелгі ата-мекенінде тайпалық одақ ретінде қалыптасқан хундар құрамында әуел бастан-ақ түркі тайпалары болғанын қолдайтын зерттеушілер де бар. К.Иностранцев Солтүстік-Батыс Азия мен Шығыс Еуропада негізгі бөлігі түркілерден құралған хундар фин тайпаларымен араласып, олардың түркілік элементтері сирей бастады деп көрсетеді².

Ежелгі ғұн тайпаларының мұрагерлерін анықтауда да даулы мәселелер көп, ғылымда олардың угро-финдік, монғолдық, түріктік және түркі-монғолдық тегі жайлы негізгі төрт түрлі жорамал бар (негізгі бағыттар). Ең алғаш монғолдық тегі жайлы болжам пайда болды. Ғұндардың монғолдық тегі жайлы ұғымның негізін салушылар П.С.Паллас пен Б.Бергман. Кейінгі зерттеушілер осы бағытты қолдаушы Н.Я.Бичуриннің³ пікіріне сүйенеді. Хундардың угро-финдік тегін жақтаушы ғалымдар олардың құрамындағы түркілік элементтерді жоққа шығармайды.

¹ Түркі гідері. Энциклопедиялық басылым. – Астана: Фолиант, 2002. – Б. 65.

² Иностранцев К. Хунну и гунны // Труды тюркологического семинария. Ленинградский институт живых восточных языков. – Ленинград, 1926. – С. 181-219.

³ Бичурин Н. Я. Собрание сведений о народах обитавших в Средней Азии в древние времена. Т. 1. – Москва – Ленинград, 1950. – С. 42-46.

А.Н.Бернштам, Л.Лигети, В.В.Бартольд, Н.А.Аристов, К.Сиротии, А.Ремюза, Ю.Клапрот тәрізді белгілі ғалымдар ғұндар – түркі тайпасының ата-тегі, олар түркі тілінде сөйлеген деген пікірді қолдаса¹ (бұл бағытты қолдаушылардың көпшілігі түркі тілді көне бұлғарларға басымдық береді), М.А.Кастрен, Г.Рамстедтер ғұн тілі түркілер мен монғолдардың ата-бабаларына ортақ тіл болған деген пікір айтады². Хундардың тегі жайлы түрлі болжамдар қатарында: хундар – монғолдар мен тұңғыстардың, финдердің саяси одағы негізінде қалыптасқан, осы араласудан түркі тайпалары шыққан; хундар таза иран тектес Енисей халқы болды, олар Енисей тілінің ішіндегі оңашаланған адстрат тіл өкілдері болды; хундар – славяндар; хундар – кавказ халықтары; хундар – венгрлер т.б. көзқарастар болды. Көне түркілер тарихын зерттеуші белгілі ғалым Л.Н.Гумилев ғұндардың тілі туралы айтылған барлық пікірлерді жинақтай отырып, ғұндардың түркітілділігі жайлы бағытқа күдікпен қараудың негізсіздігін көрсетеді³.

Хундар біртекті халық болмағаны тарихтан белгілі. Тарихи зерттеулерде б.з.д. I мыңжылдық пен б.з. I мыңжылдығы арасында Еуразия даласының кең байтақ аумағында үндіеуропа, протоугор, прототүркі, протомонғол тілдерінде сөйлеуші тайпалар қатар өмір сүргендігі айтылады. Бұл кезең хронологиялық жағынан ғұн дәуіріне сәйкес келетіндігін ескерсек, ғұндардың этникалық құрамының әртектілігі туралы айтылған пікірлердің негізділігін көреміз. Олардың құрамында үндіеуропа, протоугор, прототүркі, протомонғол тілдерінде сөйлейтін тайпалардың болуы да мүмкін.

Хундар туралы алғашқы жазба деректер қытай жылнамаларында сақталған. Олардың қатарында б.з.д. II ғасырында өмір сүрген қытай елшісі Жаң-Шянның «Тарихи жазбалар» (Историческая запись), Бань Гудың (б.з.д. I ғ.) «Ханнама» «Үлкен Хань династиясының тарихы» (История старшей династии Хань) кіта-

¹ Бернштам А. Н. История гуннов. – Ленинград, 1951. – С. 30-38.

² Гумилев Л. Н. История народа хунну. Т. 1. – Москва, 1997. – С. 60.

³ Гумилев Л. Н. История народа хунну. Т. 1. – Москва, 1997. – С. 60.

бында сақталған. Б.з.д. 138 жылы жорыққа шыққан Жаң Шяның жазбалары негізінде жазылған түрік тарихшысы Бахаддин Өгелдің еңбегінде хундар мен монғолдардың, қытайдың арасында біржақты саясат болмағандығы, бірде қытайлар мен монғолдар одақтасып түркілерге қарсы, бірде қытайлар мен хундар бірігіп монғолдарға қарсы, енді бірде монғолдар мен хундар бірлесіп қытайларға қарсы жорықтарға шыққанын көрсетеді (б.з.д. 157-177 жж.).

Б.з.д. 91 жылдан бастап үлкен жеңіліске ұшырап, әлсіреген хун тайпалары батысқа қарай жылжып, олардың орнын байырғы монғол тайпалары басады¹. Хундардың бұл орын ауыстыруы тұтас этникалық көш болмаған көреміз, 100000-дай адам ескі жұртында қалып, монғолдармен бірге Сиянби аталып кетсе, ал байырғы монғол сиянбилері Қытайдың солтүстік шекарасындағы хундарға араласып сіңісіп кетеді². Бұл деректер б.з.д. I мыңжылдықта хун тайпасының этникалық құрамының күрделілігін көрсетеді. Мұндай араласулар тілге де ықпал етпей қалмасы анық.

Көпшілік ғылыми зерттеулер б.з. I мыңжылдығында да Орта Азия мен Қазақстан даласы иран, угор, монғол, түркі тайпаларының арасындағы лингвистикалық және мәдени қарым-қатынастың «ошағы»³ болғанын, әр түрлі тайпалардың араласуы ұдайы әрі қарқынды жүргенін меңзегенімен, Хун Одағының негізгі тайпаларының бірі түркілер болғанын және олардың түркі тілінде сөйлегендігін теріске шығармайды. Сол түркі тайпалары қазіргі түркі халықтарының ата-бабалары екені, олардың тілдік ерекшеліктері, физиологиялық белгілері, этникалық, психологиялық стереотиптері, ұлттық әдет-ғұрпы мен тұрмыстық элементтері сол кезде-ақ қалыптасқаны анық. Н.Я.Бичурин қытай жыл-

¹ Бахаддин Өгел. Ұлы Хун империясының тарихы. 2-кітап. – Алматы, 1998. – Б. 246, 310.

² Бахаддин Өгел. Ұлы Хун империясының тарихы. 2-кітап. – Алматы, 1998. – Б. 246.

³ Кляшторный С. Г., Сулганов Т. И. Казахстан. Летопись трех тысячелетий. – Алма-Ата, 1992. – С. 51-52.

намалары бойынша көне ұйғырлар (ойғыр/ойхор/хойху) мен хундардың байланысы жайлы деректер келтіреді: «Предки Дома ойхор (хойху) были хунны. Они обыкновенно ездили на телегах с высокими колесами; почему при династии Юань-вэй (с 386 г.) еще называли их *Гао-гюй* или *Чилэ*, ошибочно превращенное в *Тйеле*. Поколения их суть: *Юаньгэ*, *Сйеяньто*, *Кибьюи*, *Дубо*, *Гулигань*, *Доланьге*, *Пугу*, *Байегу*, *Тунло*, *Хунь*, *Сыгие*, *Хусйе*, *Хигйе*, *Адие*, *Байси*, всего пятнадцать поколений. Юаньге, т.е. хойху, еще называлось *Уху*, *Уге*; при династии Суй называлось *Вэйгэ*. Ойхорцы (хойху) храбры и сильны»¹.

Хун (ғұн) одағының ыдырауы негізінде пайда болған Бұлғар және Хазар мемлекеттерінің екеуінің де негізгі тілі түркі тілі болғандығы жайлы тарихи деректерде хундардың негізгі, басым, билеуші тайпаларының түркі тектілігінің бір дәлелі. Б.з. IV-V ғасырында Поволжье мен Батыс Қазақстан аумағын мекен еткен Огур тайпаларының ішіндегі ірісі әрі ықпалдысы ең көне (архаистік) түркі тілінде сөйлеген бұлғарлар болғанын тарихи зерттеулерден білеміз. Бұлғар тілінің элементтері олардың негізгі мұрагерлері болып табылатын чуваштармен қатар, оғыз тобындағы гагауыз, қыпшақ тобындағы құмық, татар, қырғыз, қазақ т.б. тілдерінде де кездеседі (мысалы, *r~z* сәйкестігі). Бұл ұқсастықтар бұлғар тобындағы тілдерден енген элемент деп емес, бабатүркілік тілге тән ортақ белгінің таралуы.

Қ.Ғабитханұлы қытай жылнамасында қытай дыбыстық транскрипциясымен жазылған ғұндардың бір сөйлемі көптен бері зерттеушілердің назарын аударып келе жатқаны жайлы және зерттеу нәтижесі сөйлемнің түркі тілінде жазылғанын дәлелдеп бергенін айтады. Сондай-ақ «Ханнамада» сақталған бірнеше хун сөздерін көрсетеді: *gutu* `құт`, *tanglej* `тәңрі`, *owtuo* `отар` т.б.². Түркі тілдері дамуының ең ежелгі кезеңімен, сақ дәуірімен ұласып жатқан ғұн дәуірінің ежелгі дәуірден басты

¹ Бичурин Н. Я. (Иакинф). Собрание о народах обитавших в Средней Азии в древние времена. Т.І. – Алматы: Жалын, 1998. – С. 308.

² Ғабитхан Қ. Ғұн тілі // ҚР ҒА Хабарлары. Сер. фил. – № 2, 2001. – Б.3-12.

айырмашылығы – аз да болса жазба деректердің, мәліметтердің сақталуында. Түркі тілдерінің басты белгілері қалыптасып, іштей екі тілдік топтарға бөліну нышаны осы дәуірге сәйкес келеді.

Тілдік материалдың жеткіліксіздігіне байланысты хун\ғұн тілдерінің лингвистикалық сипаттамасы фрагментті түрде қарастырылады: Фонологиялық мәліметтер. **p, b, k, g, d* қатаң және ұяң тоғысыңқылар қолданылады. Сөз басында тек **b*, сөз ортасында **p* кездеседі. Қалған дауыссыздар сөз басында да, сөз ортасында да кездеседі. **kh* және **th* сияқты көмей дауыссыздары сирек кездеседі. Ауслаут позицияда руникалық көне түркі және көне ұйғыр ескерткіштері тіліндегідей *d* (*id* 'беріп жібер') қолданылады. Дауыстылардың жуан-жіңішкелік қатар бойынша үндесімі және ерін үндестігі сақталады: *a-a, i-a, a-i, ä-i, i-ä, o-o, u-u, u-a, o-u- i, i- ä*. Буын түрлерінен ашық, тұйық және бітеу буынды көрсететін CV, VC, CVC модельдері кездеседі: *Täŋ-ri, or-do, süg*. Жалғамалылық сипаты айқын аңғарылады. Грамматикалық категориялардың аффикстік көрсеткіштері бар есім сөз таптары мен етістік сөз табы байқалады, табыс септігі көне түркі руникалық ескерткіштері мен көне ұйғыр ескерткіштері тіліндегі табыс септігімен сәйкес келеді: - *γ/-g* тұлғасында; өткен шақтың *-qan* формасы қолданылады, өткен шақ категориясының *-qan* тұлғасы қыпшақ және оңтүстік сібір тілдеріне тән. Қытай жазбаларында сақталған бірен-саран хун/ғұн тілінің деректері Орхон-Енисей ескерткіштері тілі деректеріне сәйкес келеді»¹.

Н.А. Баскаковтың көзқарасы бойынша, хун дәуірінде *r~l* тілдері (көне авар, сабыр, бұлғар, қазір чуваш тілдерінің ататегі) мен *z ~ š* тілдеріне (көне оғыз, көне қырғыз, көне ұйғыр, қазіргі оғыз, қыпшақ, қарлұқ тобындағы тілдердің ататегі) ажырай бастаған², ғалым түркі тілдерін батыс хун тілдері және шығыс хун тілдері деп екі топқа бөледі. Бұл кезең жылнамалар жағынан алғанда

¹ Түркі тілдері. Энциклопедиялық басылым. – Астана: Фолиант, 2002. – Б.66.

² Баскаков Н.А. Введение в изучение тюркских языков. – Москва, 1969. – С. 155-156.

б.з.б. III-I мыңжылдықтарды қамтиды. Осы кезеңге жататын ерте темір ғасырындағы байырғы тұрғындардың Қазақстанның қола дәуірі кезеңіндегі қауымдастықпен мираскерлік сабақтастығы көптеген археологиялық деректерден белгілі¹. Бұл батыс хундарының ішінде қазіргі Қазақстан аумағын мекендеген ежелгі түркі тайпалары да болғанын сипаттайды.

Хундардың құрамында түркі тайпаларының басым болғанын V-VI ғасырларда ғұндардың ұрпақтарының түркі қағанаттарын құрғаны туралы айғақ нақтылай түссе, көне түркі тіліндегі Орхон-Енисей жазбаларының сыры ашылуы толық дәлелдеп берді.

§4. Түркі тілдері дамуының көне түркі немесе ерте орта ғасыр кезеңі

Түркі тілдері тарихи дамуының VI-X ғасырлар аралығын қамтитын кезеңі түркі халықтары жазба дәстүрінің, әдеби жазба тілдің бастауы болып табылады. Біздің дәуіріміздің I мыңжылдығының ортасы мен екінші жартысында түркі тілді тайпалар Орта Азия мен қазіргі Қазақстан аумағында, Оңтүстік Сібірде, төменгі Еділ бойы мен Солтүстік Кавказда Түрік қағанаты, Шығыс түрік қағанаты, Батыс түрік қағанаты, Түргеш қағанаты, Ұйғыр қағанаты тәрізді ірі мемлекеттерді құрғаны, Енисей қырғыздарының, қарлұқтардың, қимақтар, оғыздардың да мемлекеттік жүйедегі бірлестіктері болғандығы тарихтан белгілі². Ерте орта ғасырға сәйкес келетін бұл кезең түркі тілдері даму тарихында көне түркі дәуірі деп аталады және таза түркілік табиғатымен ерекшеленеді.

Л.Н. Гумилев IV ғасырдың аяқ кезінде Түрік қағанатының шекарасы батыста Византиямен, оңтүстікте Персиямен Үндістанмен, ал шығыста Қытаймен тұйықталғандығын айта оты-

¹ Грязнев М.П. Погребение бронзовой эпохи в западном Казахстане // Казахи. – Ленинград, 1927. – С. 46.

² Қазақстан тарихы. Очерктер. – Алматы, 1994. – Б.137-138.

рып, «түрік мемлекетінің құрылуы белгілі дәрежедегі бетбұрыс кезең болды»¹ деп көрсетеді. Ұлы дала мәдениетін бүкіл әлемге паш еткен «көктүріктер өзінің бастау негізін, түркілік тамырын, тіпті мемлекет құрудың жөн-жоба, дәстүрін хундардан алса»², көне түркілер тілі қазіргі түркі халықтары тілінің негізгі арнасы болып табылады. Көне түркі дәуірінің алтай, хун дәуірлерінен басты айырмашылығы: көне түркілер өздері жайлы мол жазба мұра қалдыруында және көне түркі дәуірінің таза түркілік дәуір ретінде қарастырылуында. Көне түркі дәуірінің баға жетпес мұрасы Орхон-Енисей ескерткіштері сырының ашылуы түркітану ғылымына үлкен бетбұрыс әкеліп, оның бағыт-бағдарын анықтап қана қойған жоқ, көшпелі дала мәдениетін бүкіл әлемге танытты. Орхон-Енисей жазбалары қазіргі және орта түркі тілдері мен түркілік тектіл арасын жалғастырушы бірден-бір лингвистикалық дерек болып табылады.

Тек түркі жұртшылығының ғана емес, жалпы адамзат өркениетінің рухани-мәдени құндылықтарының бірі – Орхон-Енисей ойма жазуларының тілі ХІХ ғасырдың соңғы жылдарынан бері түркі тілдерінің салыстырмалы-тарихи грамматикасының алтын арқауы, фонетикалық жүйесі мен грамматикалық конструкциясының, лексикалық қорының өзіндік даму үрдісін, ерекшеліктерінің деңгейін, олардың өзара туыстық қатысын белгілеудің негізгі критеріі болып келеді. Қазіргі таңда Монғолиядан Сібір мен Азиядан хронологиялық жағынан әртүрлі мерзімді қамтитын 500-ге тарта түркі руникалық жазулары анықталды.

Көне түркі жазба ескерткіштерінің тілі бір-біріне өте жақын болғанымен, өзара диалектілік ерекшеліктер де айқын аңғарылады. Мұндай ерекшеліктер фонетикалық, лексикалық және кейбір грамматикалық ауытқулардан көрінеді³. Зерттеушілер көне түркі руникалық жазба ескерткіштері тіліндегі өзгеше-

¹ Гумилев Л. Н. Көне түріктер. – Алматы, 1994. – Б.4.

² Бахаддин Өгел. Ұлы хун империясының тарихы. Т. II, – Алматы, 1998. – Б.305.

³ Аманжолов А. Түркі филологиясы және жазу тарихы. – Алматы, 1996. – Б.34.

ліктердің бірнеше себебін көрсетеді: арадағы уақыттың алшақтығы (XIII ғасыр), сол кездегі мемлекет құрамындағы түркі ру-тайпалары (түркі, қарлұқ, түргеш, қырғыз, қыпшақ, оғыз, тардұш, тоғызоғұз, оноқ т.б.) тілдерінің бір орнында өзгермей тұрмауы; сол тілдердің өзара айырмашылықтарының болуы; ескерткіштер жазуы емлесі негізінен консонантты принципке сүйенуі; ескерткіштерді күні бүгінге дейін оқып-аударып келе жатқан зерттеушілердің өз тұсынан қосып, алғандарының аз еместігі¹. Көне түркі жазба ескерткіштерінің жазылу кезеңі әр түрлі мерзімді қамтитынын және көне түркі жазуын іргелес аймақтарды мекендеген бірнеше түркі тайпалары қолданғанын ескерсек, диалектілік ерекшеліктердің орын алуы заңды құбылыс. Сондықтан кейбір ескерткіштері жекелеген түркі тілдерінің немесе олардың диалектілерінің мұрасы ретінде қарастыруды ұсынған түркітанушы ғалымдардың пікірлері (қырғыз, хакас, тува, алтай, ұйғыр т.б. немесе қазақ тілінің үйсін, дулат диалектілеріне қатысты) түркітану ғылымында орнықпады, басқа мамандар тарапынан қолдау таппады.

Қазіргі таңда көне түркі жазба ескерткіштері барлық түркі халықтарына ортақ мұра ретінде қарастырылады. Көне түркі жазба ескерткіштері тіліндегі өзгешеліктер сол кездегі Түрік қағанаты құрамына енген көне түркі тайпаларының өзіндік тілдік ерекшеліктері айқындала бастағынан көрсетеді. Көне түркі жазба мұраларының тілі жайлы оның фонетикалық, морфологиялық, лексикалық, синтаксистік ерекшеліктері туралы С.Е.Маловтың, А.Н.Кононовтың, И.А.Батмановтың, Ғ.Айдаровтың, А.Аманжоловтың т.б. зерттеушілердің еңбектерінде кеңінен қамтылған. Көне түркі дәуірінде қазіргі түркі халықтары атабабаларының тілдері өзіндік ерекшеліктерімен айқындала бастады: *j* тілі (оғыздар мен қыпшақтардың тілі), *d* тілі (ұйғырлардың тілі), *z* тілі (қырғыздардың тілі) топтары қалыптасты².

¹ Қайдар Ә. Көне түркі жазба ескерткіштері кімге ортақ, кімге тән? // Байырғы түркі өркениеті: жазба ескерткіштері. – Астана, 2001. – Б.291-292.

² Кононов А. Н. Грамматика языка тюркских рунических памятников (VII-IX вв.). – Ленинград, 1980. – С. 22.

1270 жылдары шығыс зерттеушісі Ата Малик Жувеинидің Монғолия жеріндегі Орхон өзенінің бойынан тасқа қашалған беймәлім жазулар көргені жайлы дерек қалдыруы¹ түркология тарихындағы көне түркі жазба мұраларының табылу хронологиясын XVII ғасырдың соңынан бастауды, яғни 1678 жылғы Н.Г.Милескудің Енисей өзені бойынан, 1692 жылғы Н.К.Витзеннің Орта Оралдың шығыс сілеміндегі өзеннің жоғары ағысынан² белгісіз жазу таңбаларын кездестіргендері туралы мәлімдемелерімен байланысты қарастыру үрдісін әрі қарай төрт ғасырға жылжытуға мүмкіндік береді. 1696-1697 жылдары Сібір өңірін, Орта Азия мен Қазақстан аумағын аралап, аталған өңірлердің тұңғыш картасын сызған С.У.Ремезевтің «Барлық Сібір қалалары (елді мекендері) мен жерлерінің және барлық сусыз, ел сирек жүретін тасты далалардың сызбасы» атласы құрамындағы Орта Азия картасында Талас өзенінің жоғарғы ағысына «Орхон тасы» деп топографиялық белгі қойылғаны да белгілі. Зерттеушінің Орхон жазбалары туралы ресми мәлімдемелер әлі белгісіз кезде, әрі Орхон өзені бойынан тыс жатқан аймаққа «Орхон тасы» деп белгі қоюы оның Монғолия аумағындағы құпия жазулар туралы деректерден сол кезде-ақ құлағдар болғанын көрсетеді. Демек, қазіргі таңдағы тарихи деректер негізінде Орхон жазбаларының жергілікті тұрғындардан басқа жұртшылыққа белгілі болуын – 1270 жылдан, Енисей жазбаларын – 1678 жылдан, Талас жазбаларын – 1697 жылдан басталады деп айтуға толық негіз бар. Сол кезеңнен бастап көне түркі жазба мұралары қоры жаңа ескерткіштермен толығып келеді. 1697 жылы С.Ремезов «Орхон тасы» деп белгі салған Талас бойынан 1896-1897 жылдары бірнеше жазба ескерткіштердің табылуы көне түркі жазба мұраларының таралу шегін кеңейте түсті. XX ғасырдың екінші жартысында көне түркі жазба ескерткіштері қоры Ертіс бойынан, Іле бойы-

¹ Кононов А.Н. Грамматика языка тюркских рунических памятников. VII-IX вв. – Ленинград: Наука, 1980. – С. 8.

² Кляшторный С.Г., Лившиц В.А. Открытие и изучение древнетюркских и современных эпиграфических памятников «Центральной Азии» // Археология и этнография Монголии. – Новосибирск, 1978. – С. 39.

нан, Лена өзені бойынан табылған шағын жазулы мұралармен толықты. Олардың біразы жартастар мен құлпы тастардан, ескі қала, қорған орындарына қазба жүргізгенде, біразы халықтың қолынан, енді бірі музейлер қорынан табылған құралдардағы, әшекей бұйымдар мен ыдыстардағы, балбал тастардағы жазулар. Енисей бойынан алғашқы кезде Д.Г.Мессершмидт – 3 ескерткішті жарияласа, В.В.Радловтың тікелей өзінің және шәкірттерінің ізденістері нәтижесінде – 45 ескерткіш табылады, ал 1980 жылдары олардың саны 135-ке жеткен. 2002 жылға дейінгі дерек бойынша Оңтүстік Сібірден табылған көне түркі жазбаларының саны 300-ге жуық¹. 2004 жылға дейін анықталған ескерткіштерді 500-дей ірілі-кішілі жәдігерлер құрайды. Олардың Орхон бойынан табылғандары – 75; Енисей бойынан табылғандары – 158; Талас бойынан табылғандары – 23; Алтай өңірінен тіркелгендері – 46; Байкал-Саха аймағында тіркелгендері – 17; Шығыс Түркістаннан табылғандары – 50; Ферғана маңынан табылғандары – 17; Ертіс, Іле, Тараз өңірінен табылғандары – 12; Солтүстік Кавказ, Еділ-Дон, Дунай аймағынан тіркелгендері – 100, жалпы саны – 497 ескерткіш². Қазақстан мемлекетінің аумағынан табылған көне жәдігерлердің саны 30-ға жуық³. Түркі халықтарының бай тарихы мен жоғары мәдениетін көрсететін құнды жазба жәдігерлердің әлі де табылатыны анық.

XVII ғасырдың соңғы кезеңі мен XX ғасырдың соңына дейін әлем ғалымдарының назарын аударып, негізінен еуроцентристік бағытта қарастырылып келген көне түркі жазба мұраларын зерттеу мәселесі XXI ғасырдың алғашқы жылдарынан бастап жаңаша бағыт-бағдар алып, жазба жәдігерлерді мұра иесі – көне түркілердің, олардың ұрпақтары қазіргі түркілердің дүниета-

¹ Кызласов И.Л. Итоги и перспективы тюркской рунологии // Түркология. – 2002. – № 2. – С. 4.

² Базылхан Н. Түрік бітіктану саласының теориялық мәселелері: тарихи-мәдени аспектілері // Көне түркі жазуларының зерттелуі: бүгінгі мен болашағы. – Астана: Атамұра, 2004. – Б.104.

³ Аманжолов А. История и теория древнетюркского письма. – Алматы: Мектеп, 2003. – С. 13.

нымы негізінде, яғни «түркі әлемі» аясында, барлап-зерделеуге талпыныстар жасалуда.

Орхон, Енисей, Талас бойынан табылған жазба ескерткіштерді зерттеу мәселесі ең алдымен «Бұл кімнің мұрасы?», «Осындай күрделі жазу жүйесін тудырған үлкен мәдениет иесі қай халықтың ата-бабасы?», «Қандай көне жазулармен сабақтас?», «Графикалық негізі (генезис) қандай?» деген сұрақтар төңірегінде туындады. Әлі көне жазбалардың сыры ашылмай тұрған XVIII ғасырдың соңы мен XIX ғасырдың соңына дейінгі аралықта Орхон-Енисей, Талас құпия жазуларының шығу тегі, мұрагерлері жайлы көптеген мақалалар жарияланып, таңбалардың оптикалық сипатындағы сәйкестіктер мен ұқсастықтар бойынша негізінен финикилік, готтық, гректік тегі жайлы болжамдар айтылды, мысалы: көне кельттік (Т.Байер), гректік, финикийлік (Ю.Клапрот), скифтік немесе грек-готтық (О.Г.Тихзен, Н.Попов, Г.Роммель), славяндық, қалмақтық-монғолдық (Г.Спасский), славяндық (В.Флоринский), усундық, индоготтық, скандинавиялық (А.Ремюза), этрустық, малазиялық (О.Доннер), таңбалық (А.Шифнер) т.б. негіздері жайлы көзқарастар қалыптасып, пікірталас өзегіне айналды¹.

1893 жылға дейінгі Орхон-Енисей руникалық жазу үлгілерінің сырын ашуға, оқып, аударып мазмұнын анықтауға орыс ғалымдарының да, шетелдік ғалымдардың да тарапынан болған талпыныстардың барлығы сәтсіз аяқталғаны белгілі. 1893 жылы 25 қараша күні Дания лингвисті Вильгельм Томсен В.В.Радлов, А.О.Гейкель жасаған эстампаждарды пайдалана отырып, көне түркі таңбаларының дыбыстық мәнін негізінен дұрыс анықтап

¹ Қараңыз: Кононов А.Н. История изучения тюркских языков в России: Докто́рский период. – Ленинград: Наука, 1972. – С. 50; Кононов А.Н. Грамматика языка тюркских рунических памятников. VII-IX вв. – Ленинград: Наука, 1980. – С. 23; Аманжолов А.С. История и теория древнетюркского письма. – Алматы: Мектеп, 2003. – С. 289; Аманжолов А.С. К генезису тюркских рун // Орхонские надписи. – Семей: Дәуір, 2001. – С. 240-241; Сартқожаұлы Қ. Орхон мұралары. – Астана: Күлтегін, 2003. – Б.11; Ескеева М. Көне түркі және қазіргі қыпшақ тілдерінің моносиллабтық негізі. – Алматы: Арыс, 2007. – С. 37-42.

шығуы түркітану ғылымында үлкен серпіліс туғызды. Ол Орхон жазуларындағы дыбыстардың артикуляциялық жасалу жолына, жуан, жіңішке айтылу ерекшеліктеріне мән береді. В.Томсеннің таңбаларды оқу әдісі жайлы С.Е.Малов «Он пытался самым детальным образом сначала изучить соотношения одних букв с другими. Для В.Томсена при этом выяснилось, что некоторые буквы могут быть в близком соседстве с рядом других букв, другие же нет. Это привело В.Томсена к мысли о делении букв на два класса по числу звуков переднего и заднего ряда. А все это вело к строю тюркских языков» деп көрсетеді¹. В.Томсен байқаған құбылыстың түркі тілдерінің басты ерекшелігі үндестік заңына сәйкес келетіні белгілі. В.Томсеннің зерттеу нәтижесі, жаңалығы көп ұзамай 1893 жылдың 15 желтоқсан күні ғылыми әлемге таратылып, 1894 жылы өз елінде, іле-шала орыс тіліне аударылып, Археологиялық қоғамның шығыс бөлімінің арнайы журналында жарияланды. 1894 жылы қаңтар айында В.В.Радлов В.Томсеннің оқуына сүйене отырып «Күлтегін» ескерткішінің бірінші аудармасын, 1897 жылы П.Мелиоранскиймен бірге кемшіліктерін түзетін екінші аудармасын жариялайды². Әлемдік ғылымда құпия болып келген Орхон ескерткіштерінің мазмұны айқындалып, көне түркілер мұрасы екені толық дәлелденгеннен кейін орыс ғалымдары да, шетелдік зерттеушілер де енді Енисей, Талас ескерткіштерінің сырын ашуға, жаңа ескерткіштерді іздеп табуға жұмылды.

XVIII ғасырдың соңғы жылдарынан бастап көне түркі жазба мұраларын іздеп табу үшін арнайы құрылған экспедициялар құрамындағы Данил Готлиб Мессершмидт, Филипп Иоганн Табберт Страленберг, Зигфрид Байер, Г.И.Спасский, П.С.Паллас, Н.М.Ядринцев, Аксес Олай Гейкель, Г.Н.Потанин, В.А.Каллаур, В.В.Радлов, Д.А.Клеменц, Е.Н.Клеменц, П.Мелиоранский, В.В.Бартольд, А.Позднев, Отто Доннер, В.Банг, Г.И.Рамstedт, В.Л.Кот-

¹ Малов С. Е. Памятники древнетюркской письменности. – Москва – Ленинград: Наука, 1951. – С. 12.

² Радлов В., Мелиоранский П. Древнетюркские памятники в Кошоцайдаме // Орхонские надписи. – Семей: Дәуір, 2001. – С. 25-63.

вич, И.Г.Гране, Пенси Аальто т.б. орыс және батыс зерттеушілерінің қажырлы еңбегін кейінгі жылдары С.Е.Малов, А.М.Щербак, В.Н.Насилов, И.А.Батманов, Л.Р.Кызыласов, В.М.Наделяев, Ғ.Айдаров, Қ.Өмірәлиев сынды ғалымдар жалғастырса, қазіргі таңда С.Г.Кляшторный, В.Г.Кондратьев, И.В.Кармушин, А.С.Аманжолов, В.В.Васильев, И.Л.Қызласов, М.Жолдасбеков, Қ.Сартқожаұлы т.б. ғалымдар ғылыми дәстүр сабақтастығын үзбей, өнімді еңбек етіп келеді. ХХ ғасырдың екінші жартысында шетелдік ғалымдардың көне түркілер жазба дәстүрі, табылу аймағы, зерттелуі, оқылуы, оқылу әдістемесі, қолданылу кезеңдері, түркі жазуының шығу тегі, көне түркі жазбаларының тілі, көне түркілердің дүниетанымы жайлы еңбектері де жиі жарияланып тұрды. Олардың қатарында А.фон Габеннің, Дж. Клосонның, Л.Базеннің, А.Бомбачидің, Э.Трыярскийдің, А.Темирдің т.б. құнды деректері, теориялық тұжырымдары мол мақалаларын атауға болады. Көне түркі жазба ескерткіштері мәтіндерінің оқылуын, аударылуын жетілдіріп, зерттеу нәтижелерін көлемді монографиялық еңбектерінде тұжырымдап берген түрік ғалымдары Х.Оркуннің¹, Т.Текиннің² ізденістері де түркітану ғылымына қосылған елеулі үлес ретінде бағаланады.

Оңтүстік Сібір мен Монғолия, Орта Азия мен Қазақстан аумағынан табылған құпия жазулардың мұрагерлері ХІХ ғасырдың соңында-ақ белгілі болып, ескерткіштер тілі түркі тілі екені анықталғанымен, алфавиттің шығу тегі жайлы пікірлер мен көзқарастар бірізге түскен жоқ. Орхон-Енисей жазбаларының сыры ашылмай тұрғанға дейін гот жазуымен (О.Г.Тихзен, Г.Роммель, Н.Попов), грек, этрус, малазия жазуларымен (Ю.Клапрот, О.Доннер), ен-таңбалар жүйесімен (А.Шифнер, Н.Аристов) байланыстыра айтылған пікірлер, жазу сыры белгілі болғаннан кейінгі алғашқы жылдары финикий (Н.М.Ядринцов), арамейден тараған пехлевий (В.Томсен) жазуларымен сабақтастығы туралы айтылған гипотезалық ойлар төңірегіндегі пікірталас әлі

¹ Orkun N. X. Eski türk yaziltari. – Ankara, 1987.

² Tekun T. A. Grammar of Orkhon Turks. – Indian University, 1968.

жалғасуда¹, жаңа болжамдармен толығуда. Көне түркі руникасы арнайы тапсырма бойынша уақытша пайдалану мақсатында құрастырылған, жарты ғасыр көлемінде ғана белсенді қолданыста болып, келесі жарты ғасырда белсенділігінен ажырап, тоқырауға ұшыраған, тарихы таяз жазу жүйесі деген пікірлер де айтылуда². Мыңдаған жылдық тарихы бар, көне мәдениет иесі түркі халықтарының өзіндік жазба дәстүрі қалыптасқаны тарихи ақиқат. Қалай болғанда да, кезінде В.В.Бартольд көне алфавиттер ішіндегі ең жетілген жазу жүйесі ретінде таныған³ көне түркі руникалық әліпбиі жалпы адамзаттың ірі мәдени құндылығы болып қала бермек.

Орхон-Енисей әліпбиіндегі әріптердің көпшілігінің қазіргі түркі халықтарының ру таңбаларымен тұлғалық жағынан сәйкес келуі кезінде А.Шифнер ұсынған теорияның жандануына алып келді. Н.А.Аристов, А.Дж Эмре, Н.Маллицкий, А.Соколов, А.Г.Кунаа, И.А.Батманов⁴, т.б. зерттеушілер көне түркі жазуы түркілердің төл жазуы, басқа жазулардың ықпалынсыз-ақ түркі таңбалары арқылы қалыптасуы мүмкін деген бағытты ұстанды.

Көне түркі жазбаларының қалыптасу, қолданылу кезеңі жайлы да бірнеше пікірлер бар. Негізгі бағыт Енисей жазбаларының Орхон жазбаларынан әлдеқайда бұрын қолданыста болғанын қолдайды. В.В.Бартольд В.В.Радловтың Енисей жазбаларының қолданылу кезеңі жайлы пікірінің негізділігін көрсете отырып, «әріп таңбалары орхон жазбаларына қарағанда біршама көне кезеңдерді меңзейді; сондықтан да В.Радлов енисей жазбаларын VI ғасырдың екінші жартысында тән мұраларға жатқызады»⁵ деген ой айтса, П.М.Мелиоранский өзінің «Об орхонских и ени-

¹ Аманжолов А. С. История и теория древнетюрского письма. – Алматы: Мектеп, 2003. – С. 289.

² Щербак А. М. Тюрская руника. – Санкт-Петербург: Наука, 2001. – С. 72.

³ Бартольд В.В. Сочинения. Работы по истории и филологии тюркских и монгольских народов. Т.5. – Москва, 1968. – С.26.

⁴ Батманов И. А., Кунаа А. Ч. Памятники древнетюрской письменности Тувы. Вып. I. – Кызыл, 1963. – С. 8-11.

⁵ Бартольд В. В. Киргизы. – Фрунзе, 1943. – С. 36.

сейских надгробных памятниках с надписами» (1898) атты еңбегінде «енисей жазуы таңбаларының архаикалық сипаты айқын» деген тұжырымға келеді.

Орхон-Енисей ескерткіштерінің тарихи-хронологиялық мерзімін анықтауда көп еңбек сіңірген ғалым Л.Р.Кызласов Тува аймағынан, Хакасиядан табылған Енисей жазбаларының деректерін негізге ала отырып, Енисей ескерткіштерін VII-XIII ғасырлардың мұрасы ретінде қарайды, бірақ жазу үлгісі VI ғасырларда да қолданыста болғанын ескертеді¹. Ғалым пікірі Енисей жазуы VI ғасырдан бастап XIII ғасырға дейін қолданыста болған дегенге саяды. С.Е.Малов Енисей жазуы V ғасырдан бастап, біршама кейінгі кезеңдерге дейін таралғанын көрсетеді².

Орхон ескерткіштерінің көлемді мәтіндерінде көне түркілер өздерінің бітіг тасты қай жылы орнатқандарын нақтылап жазып кеткен. Осы деректерге сүйене отырып зерттеушілер Орхон мұраларын VII-VIII ғасырдың аясында қарастырады. Аумалы-төкпелі заманда, тынымсыз жаугершілік жағдайда, үнемі көшіп-қонып жүрген көне түркілердің әлеуметтік-қоғамдық өмір-салтында тіл ерекшелігін толық қамтитын дыбыстық жазу жүйесі бір-екі ғасыр ішінде қалыптасуы да мүмкін емес. Бұл жазу жүйесін көне түркілер өздеріне дейін өмір сүрген ата-бабаларынан мұра етіп алып қалғанына, ұзақ жылдардан бері үнемі жетілдіру үстінде болғанына Ертіс, Іле бойындағы сақ дәуіріне жататын көне қорғандардан табылған Орхон, Енисей, Талас жазбаларымен типтес жазу үлгілері дәлел бола алады. Қазіргі таңдағы зерттеулер нәтижелері Орхон, Енисей, Талас және Ертіс, Іле жазбаларын хронологиялық мерзімге, тайпалық тілдік ерекшеліктерге байланысты өзіндік ерекшеліктері бар бір ғана көне түркі жазу жүйесі екенін анықтап отыр. Белгілі қазақ ғалымы рунолог-лингвист А.Аманжолов көне түркі жазуының түркі тіл-

¹ Кызласов Л. Р. Новая датировка памятников енисейской письменности // Советская археология, 1960, №3. – С. 96; Кызласов Л. Р. Новый этап развития енисейской письменности // Советская археология, 1960, № 3. – С. 32.

² Малов С. Е. Енисейская письменность тюрков. – Москва-Ленинград: Изд-во АН СССР, 1958. – С. 7-8.

ді ғұндардың (IV-V вв.), бұлғарлардың (VII в.) қоныс аударуына байланысты Еуропаға, Солтүстік Кавказдан Дунайға дейінгі аралыққа таралғанын айтады, сондай-ақ «көне түркі руникалық жазуы арғы ата бабаларымыздың 1500 жыл бойы қолданған төл жазуы екендігі ешқандай күмән туғызбайды»¹ деген қорытындыға келеді.

Жалпы көне түркі ескерткіштерін тарихи, палеографиялық, лингвистикалық, стильдік, жанрлық, хронологиялық тұрғыдан топтастыру өткен ғасырдың 60-шы жылдарынан бастап бірізге түсе бастаған болатын. Ескерткіштерді топтастыру мәселесінде тарихшы С.Г.Кляшторный ұсынған, кейіннен лингвист А.Н.Кононов мақұлдаған жеті топтан тұратын жіктеме негізге алынып келді. Бұл топтастыру бойынша көне түркі жазба мұралары түркілер мекен еткен кең байтақ аумақта құрылған көне қағанаттар мен тайпалық одақтарға қатысты қарастырылды: 1. Батыс түрк қағанатына тән ескерткіштер (Орхон ескерткіштері): а) Орхон өзені бойынан табылған жазба мұралар; б) Алтай тауы маңынан табылған ескерткіштер (VII-VIII ғғ.); 2. Қырғыз қағанатына тиесілі ескерткіштер (Енисей ескерткіштері). Топқа Енисей өзенінің және оның салаларының төменгі бойынша табылған ескерткіштер енгізіледі (V-IX ғасырлар шамасы); 3. Лена-Байкал өңірінен табылған ескерткіштер. Құрыхан тайпалар одағына қатысты қарастырылады (VIII-X ғғ.); 4. Талас өңірі мен Ферғанадан табылған ескерткіштер. Бұл топтағы мұралар оғыздарға қатысты қарастырылады (VI-VIII ғғ.); 5. Монғолия аумағындағы Ұйғыр қағанатына тән Семиги және Қараболғасун ескерткіштері (VIII-IX ғғ.); 6. Шығыс Түркістандағы Ұйғыр мемлекетіне тән ескерткіштер және турфан жазулары (IX-X ғғ.); 7. Хазар қағанаты мен печенек тайпаларына тән Шығыс Еуропадан табылған ескерткіштер (VIII-X ғғ.)².

¹ Аманжолов А.С. Түркі филологиясы және жазу тарихы. – Алматы: Санат, 1996. – Б.43.

² Кляшторный С.Г. Древнетюркские рунические памятники как источник Средней Азии. – Москва: Наука, 1964. – С. 51-53; Кононов А.Н. Грамматика языка тюркских рунических памятников (VII-IX вв.). – Ленинград: Наука, 1980. – С. 21-22.

Көне түркі жазба ескерткіштерінің мұрагерлерін мемлекеттік негізде анықтау жайлы соңғы жылдары жаңаша пікірлер айтылып жүр. Жалпы көне түркілер мемлекеті әртүрлі конгломерат сипатындағы әскери-әкімшілік жүйеде болғаны жайлы тарихи зерттеулерде айтылып жүр¹. Грач А.Д. көне түркі қағанаттары жүздеген жылдар бойы билік құрғанын және кезінде түркілер өмір сүрген (Тува, Монғолия, Хакасия, Оңтүстік Алтай, Қазақстан, Орта Азия) ұлан-ғайыр аумақта жүргізілген археологиялық зерттеулер нәтижесі қағанаттардың құрамына эфемерлі бірлестіктер емес, ірі және қалыптасқан этно-қауымдастықтар енгенін, түркілік этникалық картаның ұсақ бөлшектерге бөлінуі едәуір кейін, монғол империясына қатысты тарихи оқиғалардан кейін пайда болғанын айтады және түркі қағанаттарының аумақтық жіктелісін үш этно-мәдени аймаққа бөліп қарауды ұсынады: 1. Орталық – орта – азиялық түркі қағанаттары билік құрған аймақ (Монғолия, Тува, Алтай, Қазақстан, Шығыс Түркістан, Орта Азияның біраз бөлігі); 2. Көне қырғыз мемлекеті Хакас қағанаты билік құрған аймақ (Минусинск ойпаты, 840 жылдан X ғасырдың басына дейін – Монғолия, Тува, Алтай); 3. Құрықан мемлекеті билік еткен аймақ (Байкал жағалауы)²

И.Л.Кызыласов енисей әліпбиін Көнехакас мемлекеті, орхон әліпбиін II Шығыс түрік қағанаты, Ұйғыр қағанаты қолданса, талас әліпбиін қарлұқ мемлекеті, соңғы жылдары ғана белгілі болған Тува ойпатындағы жоғарғы енисей әліпбиін тарихта әлі беймәлім көне державалардың бірі тұтынуы мүмкін екенін және әрбір түркі қағанатына тән әрбір түркі қағанатына тән жазу таңбалары Зерттеушінің пікірінше, Енисей және Орхон эпиграфикасында қалыптасқан жағдай түркі тілдес болгарлардың Кубань руникалық жазба ескерткіштеріне де таралуы мүмкін. Кубань руна жазуының көне Бұлғар мемлекетінде ислам діні

¹ Киселев С.В. Древняя история Южной Сибири. – Москва-Ленинград, 1951. – С. 491; Потапов Л.П. Очерки по истории алтайцев. – Москва-Ленинград, 1953. – С. 1, 94.

² Грач А.Д. Хронологические границы древнетюркского времени // Тюркологический сборник. – Москва: Наука, 1966. – С. 192.

үстемдік алып, араб әліпбиі қолданысқа енгеннен кейін де Биляр тәрізді ірі қалаларда пайдаланылғаны археологиялық және нумизматикалық деректерден белгілі. Көне түркілік мемлекеттердің құрамы толық нақтыланбауы, кейбір көне этнонимдердің этимологиялық тұрғыдан бірізге түспеуі, олардың қазіргі түркі халықтары атауларына қатысы анықталмауы кей ескерткіштердің қай тайпалық одаққа тиесілі екенін анықтауда қиындықтар тудыруда. Көне түркі әліпбиінің Азиялық тобы үлгісімен жазылған көне түркі мұралары Лена өзенінен бастап Орхон, Енисей өзендеріне, Жетісуға дейін таралған. Көне түркі жазба ескерткіштері ішіндегі оқылып, аударылғаны, көне түркілердің мұрасы екені даусыз дәлелденгендері де осылар.

Орхон-Енисей, Талас жазба ескерткіштерді таза лингвистикалық тұрғыдан зерделеу, лексика-грамматикалық жүйесін түзу, фонетикалық, морфологиялық, синтаксистік ерекшеліктерін айқындау, диалектілік айырмашылықтарын көрсету XX ғасырдың алғашқы жылдарынан басталады. Көне түркі жазба мұраларының тілін зерттеудің көш басында талантты ғалым В.В.Радлов тұрды. Орхон-Енисей ескерткіштерінің грамматикалық құрылымына қатысты, кейбір аудармаларын жетілдіруге байланысты мақалалар сериясы 1909-1912 жылдар аралығында жарияланды. В.В.Радлов руникалық көне түркі жазба ескерткіштерінің тілін – солтүстік, оңтүстік және аралас диалектілер деп бөле отырып, солтүстік және оңтүстік диалектілердің негізгі фонетикалық, морфологиялық ерекшеліктері ретінде мұрын жолды *n*, *ŋ* дыбыстарының ықпалымен болатын сөз басындағы *b > m* алмасуын (*bän* > *män* `мен`, *baŋa* > *maŋa* `маған` т.б.); оңтүстік диалектіде барыс септігі (*-ta*, *-tä*, *-da*, *-de*) мен шығыс септігі (*-tīn*, *-tin*, *-dīn*, *-din*) жалғауларының ажыратылатынын, солтүстік диалектіде барыс және жатыс септіктері ажыратылмай, олардың мәнін *-ta*, *-te*, *-da*, *-dä* формасы беретінін көрсетеді. Зерттеуші солтүстік диалектісін түрк-сир тілі деп танып, оған сол кезде оқылған барлық руникалық ескерткіштер тілін жатқызады (*сир* сөзінің қыпшақтарға қатысты айтылатыны зерттеу нәтижелерінен бел-

гілі¹⁾. В.В.Радловтың көне түркі жазба ескерткіштері тілінің фонетикалық жүйесі, морфологиялық құрылымы жайлы, көне түркі тілі мен қазіргі түркі тілдерінің аглютинациялық табиғаты, аффикстердің шығу тарихы туралы құнды пікірлері түркітану ғылымының ғылыми қағидаларына айналып, кейінгі зерттеушілердің бағдаршамы қызметін атқаруда.

П.М.Мелиоранский «Күлтегін» ескерткіші тілінде ілік септігі жалғаулары -γ, -g тұлғасын зат есімдерге, -nī, -nī тұлғасының есімдіктерге жалғанатынын алғаш байқаған зерттеуші. Ол -nī, -nī жалғауының зат есімдерге жалғануы аналогиялық жолмен кейін қалыптасқанына мән береді. П.М.Мелиоранский көне түркі жазбалары тілі негізінде етістік тудырушы -sīra жұрнағын сын есім тудырушы -sīz жұрнағымен байланыстырады "qaγansīra 'лишаться кагана' – qaγansīz 'лишенный кагана, без кагана' ...возможно, -sīra возникло из -sīzra или r здесь просто образовался из z»²

А.Н.Самойлович түркі тілдерін жіктеуде негіз тіл ретінде Орхон-Енисей жазбаларының тілін алып, оның фонетикалық белгілерін жіктеудің басты критерийі етіп қолданады. Түркі тілдері VIII ғасырдан бері тұрақтылығын сақтап келе жатқанына баса назар аударған ғалым, якут және чуваш тілдерінен басқа түркі тілдерін бір ғана тілдің диалектілері мен говорлары деңгейінде қарастыруға да болатынын көрсетеді³.

Орхон-Енисей және Талас ескерткіштері тілінің жан-жақты зерттелуі С.Е.Маловтың еңбектерінен басталады. Ғалым өзінің «Памятники древнетюркской письменности» атты еңбегінде ескерткіштер тілінің фонетикалық жүйесіне талдаулар жасау негізінде түркі тілдерінің тарихи-хронологиялық жіктемесін ұсынып, морфема жігіндегі lt, nt, nč үнді – қатаң дауыссыздар тіркесін, γ, g дыбыстарының сақталуын көне құбылыс-

¹ Кляшторный С.Г. Кипчаки в рунических памятниках // Turcologica, 1986. – Ленинград: Наука, 1986. – С. 153-164.

² Мелиоранский П.М. Памятник в честь Кюль-Тегина. – Санкт Петербург, 1899. – С. 37.

³ Самойлович А.Н. Некоторые дополнения к классификации тюркских языков. – Санкт Петербург, 1922. – С. 13-17.

тар ретінде қарастырса, «Енисейская письменность тюрков» атты зерттеуінде жетілдірілген, жаңартылған ескерткіш мәтіндерін берумен қатар көне түркі тілдерінің фонетикалық жүйесі, морфологиялық құрылымы, диалектілік ерекшеліктеріне сараптама жасайды. Ол ескерткіштер тіліндегі диалектілік варианттардың ұшырасатынын дыбыс сәйкестіктері арқылы (*biŋ* ≈ *bīŋ*, *adīraltīm* ≈ *adīriltīm* т.б.) түбір морфема деңгейінде де, қосымша морфема деңгейінде де мысалдар негізінде айқындап береді.

Э.Р.Тенишев көне түркі жазба ескерткіштерінің қазіргі түркі тілдеріне қатыс-дәрежесі әр түрлі екенін ескерте отырып, «түркі жазбаларының тілі тарихи диалектологияның негізгі бастау көзі бола алмайтынын» көрсетеді¹. Түркі тілдерінің тарихы тым тереңнен басталатынын, түркі тайпалары руника жазуын пайдаланған уақыттан көп бұрын-ақ диалектілерден тұратын жалпыхалықтық тілді қолданғанын меңзеген ғалым, VII-VIII ғасырдағы көне түркі жазба ескерткіштерінің тілін оғыз, ұйғыр, қырғыз, қыпшақ басқа да көне түркі тайпалары бірдей қолданған әдеби қалыпқа түскен тіл ретінде қарастырады, сондай-ақ әр тайпаның өзіндік ерекшеліктері бар сөйлеу тілі болған деп санайды: «оғыздар мен қыпшақтар *j* – тілді, ұйғырлар *d* – тілді, қырғыздар *z* – тілді»².

Көне түркі жазба ескерткіштері тілінде көне оғыз, көне қырғыз, көне ұйғыр тілдерінің ықпалы сақталғанын көрсеткен Н.А.Баскаков, Орхон-Енисей жазбаларын көне оғыз және көне қырғыз тілдерімен байланыстырса, манихей жазбаларынан көрініс беретін көне ұйғыр тілін *n* диалектісіне және *j* диалектісіне жіктейді³.

Ескерткіштер тілінің грамматикасын түзу барысында көне түркі тіліндегі түбірлердің фонетикалық құрылымы, бір буын-

¹ Тенишев Э.Р. Тюркская историческая диалектология и Махмуд Кашгарский // Советская тюркология, 1973. – № 6. – С. 54-61.

² Тенишев Э.Р. Тюркская историческая диалектология и Махмуд Кашгарский // Советская тюркология, 1973. – № 6. – С. 54-61. – С. 165.

³ Баскаков Н. А. Введение в изучение тюркских языков. – Москва: Наука, 1969. – С. 165-166.

ды етістік – есім омонимиясы, сөзжасамдық фонетикалық тәсілі тәрізді түркілік түбіртанудың маңызды мәселелеріне тоқталған зерттеуші А.Н.Кононов болды. Көне түркі түбірінің ең шағын тұлғасы дауысты, дауыссыз – дауысты, дауысты – дауыссыз құрылымды түбірлерден тұратынын көрсеткен ғалым, қазіргі түркі тілдеріне кеңінен таралған дауыссыз – дауысты – дауыссыз дыбыстардан тұратын лексемаларды Э.В.Севортян, Б.М.Юнусалиев тәрізді белгілі түркологтар негізін қалаған грамматикалық синкретизм немесе етістік – есім мәнді түбір-негіздер мәселесіне қатысты қарастыруды қолдайтынын білдіреді¹.

Көне түркі мұраларының тілі жайлы алғаш пікір айтқан қазақ ғалымдарының бірі – С.Аманжолов 1958 жылы Шығыстанушылардың I Бүкілодақтық ғылыми конференциясында жасаған баяндамасында көне түркі руна ескерткіштерінен ерте жазылған лингвистикалық мұралардың жоқтығын ескерте отырып, VI-VIII ғасыр ескерткіштер тілі негіз – тіл ретінде, барлық түркі тілдері жайлы тарихи-салыстырмалы зерттеулердің тіні, арқауы қызметін атқаруы қажеттігін меңзейді. Ескерткіштер тіліндегі басты ерекшеліктер деп: $t \approx z \approx j$ сәйкестіктерінің орнына d дауыссызының қолданылуын (*adaq* ‘аяқ’, *adīrltim* ‘айрылдым’, *edgū* ‘игі, жақсы’, *qudruq* ‘құйрық’, *adyir* ‘айғыр’, *kūdegū* ‘күйеу бала’); $-dī$ қосымшасының $-tī/-ti$ етістік формаларының қолданылуын (*altī/aldī* ‘алды’, *kelti/keldi* ‘келді’, *berti/berdi* ‘берді’); етістіктің бұйрық райының ерекше формада қалыптасуын (*ölür* ‘өлтір’, *olur* ‘отыр’); сөз соңындағы және сөз ортасындағы $γ/g$ дауыссыздарының тұрақтылығын (*taγ* ‘тау’, *elig* ‘қол’, *azīγ* ‘азу (тіс)’, *adīγ* ‘аю’, *ögür* ‘үйір, табын/тәбін’; *qajγuq* ‘қайық’, *mügüz* ‘мүйіз’ т.б.); күрделі сын есімдердің ерекше тәртіппен қолданылуын; басқа да көптеген лексикалық ерекшеліктерді, септік жалғауларындағы өзгешеліктерді көрсете отырып, ескерткіштер тілінің өз ішіндегі ерекшеліктерді $s \approx t$, $s \approx š$, $q \approx γ$, $k \approx g$, $d \approx t$, $m \approx b$ сәйкестіктері аясында айқындайды. Аталған ерекшелік-

¹ Кононов А. Н. Грамматика языка тюркских рунических памятников (VII-IX вв.). – Ленинград: Наука, 1980. – С. 76.

тер негізінде көне түркі ескерткіштер тіліндегі диалектілік жіктеліс жайлы пікірін былай білдіреді «Я убежден, что древнетюркские памятники отражают, действительно, племенной язык многих тюркских племен, но я не отрицаю, что в древнетюркских языках имеются некоторые диалектные различия»¹. Ескерткіштер тілі негізінде түркі тілдері дамуының көнетүркілік дәуірінің сипаттамасын жасауда Ғ.Айдаров, А.Есенқұлов, Е.Ағыманов, А.Аманжолов, Қ.Сартқожаұлы т.б. қазақ ғалымдары еңбек сіңірді.

Руна жазулы көне түркі ескерткіштері алғаш оқыла бастанынан бері VII-IX ғасыр мұралары тіліндегі диалектілік ерекшеліктердің сыр-сипаты көптеген зерттеушілердің назарын аударып келеді. В.В.Радлов өзінің 1911 жылы жаряланған «Древнетюркские диалекты» атты мақаласында көне түркі ескерткіштерінің тілін *оңтүстік диалект, солтүстік диалект* және *аралас диалект* деп үш топқа жіктегені белгілі. Кейінгі зерттеушілер негізінен осы бағытты ұстанып, В.В.Радлов жіктемесін XI ғасыр түркілері тілінің ерекшеліктерін көрсеткен М.Қашқаридың «Диуани лұғат ит-түрк» еңбегіндегі деректермен сабақтастыра қарастырады, сондай-ақ басқа да орта ғасыр ескерткіштері тілінің ерекшеліктері де ескеріледі.

Н.А.Баскаков көне түркі ескерткіштерінің ішіндегі фонетикалық ерекшеліктерді сөз еткенде сөз соңындағы $t \approx d \approx z \approx j$ сәйкестіктерін негізге алса², А.М.Щербак сөз соңындағы $n \approx j$ сәйкестігіне³, И.А.Батманов сөз басындағы $e(\varepsilon) \approx i$ сәйкестігіне⁴ сүйенеді.

¹ Аманжолов С. Памятники древнетюркской письменности в их отношении к современным тюркским языкам // Орхонские надписи. – Семей: Дәуір, 2001. – С. 131-133.

² Баскаков Н. А. К вопросу о классификации тюркских языков // Известия АН СССР ОЛЯ. – 1952. – № 2. – С.25.

³ Щербак А.М. Грамматический очерк языка тюркских текстов X-XII вв. Из Восточного Туркестана. – Москва – Ленинград: АН СССР, 1961. – С. 23-26.

⁴ Батманов И.А. Древнетюркские диалекты и их отражение в современных языках // Древнетюркские диалекты и их отражение в современных языках. – Фрунзе: Илим, 1971. – С. 24-25.

А.Аманжолов көне түркі ескерткіштерінің диалектілік ерекшеліктеріне көңіл бөлген ғалымдардың пікірін талдап, қорыта отырып, Көне түркі ескерткіштері тіліндегі жекелеген фонетикалық (графикалық) және морфологиялық ауытқулар әртүрлі тайпалық диалектілердің ықпалына ғана байланысты емес ескерткіштер тіліне өзек болған негізгі диалектінің динамикалық дамуына да қатысты болуы мүмкіндігін айтады және көне түркі жазба ескерткіштерін фонетикалық белгілеріне қарай диалектикалық тұрғыдан жіктеу белгілі бір дәрежеде болжам күйінде қалатынын ескертеді¹.

Орхон-Енисей жазба ескерткіштерінің тілі түркі тілдерінің генеалогиялық және тарихи жіктемелерінде Д – ұйғыр немесе солтүстік шығыс тобына (А.Самойлович)², түркі тілдерінің шығыс тобына (Ф.Корш), Солтүстік Сібір тобындағы тілдерімен байланысты топқа (И.Бенцинг), Оңтүстік және батыс тобына, Орталық Азия топшасына (К.Менгес), ұйғыр-оғыз тілдерінің ұйғыр-тукую тобына (Н.А.Баскаков)³, көне түркі тілдеріне (С.Е.Малов)⁴ жатқызылуда.

Э.Р.Тенишев ескерткіштер тіліндегі дәстүрлі стилистикалық құрылымдардың молдығына сүйенген ғалым, көне түркі жазуы қолданысқа енбей тұрған кезден бірнеше ғасыр бұрынақ осы тілдің өмір сүргенін, ол көне түркілер дәуірінде жоғарғы әлеуметтік топтар пайдаланған аристократтық сипаттағы, диалектілерден ада нормаға түскен тіл болғанын, Күлтегін және Білгеқаған ескерткіштері мәтінінде аздаған айырмашылықтар авторлардың туған тілінің ықпалына, жеке стилінің, мектебінің, жазу мәнерінің ерекшелігіне байланыстылығын айтады. Ал Енисей

¹ Аманжолов А. История и теория древнетюркского письма. – Алматы: Атамұра, 2003. – С. 34.

² Самойлович А.Н. Тюркское языкознание. Филология. Руника. – Москва: Восточная литература РАН, 2005. – С.77.

³ Баскаков Н.А. Алтайская семья языков и ее изучение. – Москва, 1981. – С. 18-19.

⁴ Малов С.Е. Памятники древнетюркской письменности. – Москва-Ленинград: Изд-во АН СССР, 1951. – С. 90.

ескерткіштерін әлеуметтік топтардың барлығы тұтынуына орай, қолданыс аясы кең болғанын, сондықтан «диалектілік ерекшеліктерді айқын ажыратуға болады» деген пікірлерге келісетінін білдіреді және Орхон ескерткіштерін де, Енисей ескерткіштерін де бір тілдік койнеге жатқызып, Ұйғыр ескерткіштерінің тілін екінші койне ретінде қарастырады¹.

Орхон, Енисей, Талас ескерткіштерінің тілдік ерекшеліктерін сипаттауда батыс қыпшақ тілдері назардан тыс қалып келеді. VIII ғасыр ескерткіші Мойун Чур жазбасында *түрк-қыпшақ* этнонимдерінің қатар қолданыста болуы, олардың синонимдік жұп құрап, бірінің орнына бірі айтыла беруі VIII ғасырға дейін-ақ қалыптасқанын айғақтайды. VIII ғасырдағы қыпшақтар жайлы тағы бір дерек араб зерттеушісі Ибн Хордадбехтің «Китаб ал масалик уал мамалик» атты еңбегінде кездеседі. С.М.Ақынжановтың көрсетуі бойынша «бұл қыпшақ этнонимінің араб-парсы әдебиетінде тұңғыш көрінуі»². Түркі тілдері дамуының ерте орта ғасырлардағы «көнетүркілік кезеңінің» қалып-күйін танытатын VII-IX ғасыр ескерткіштері тілінде қыпшақтық белгілердің молынан сақталуы, сол белгілердің қазіргі қыпшақ тобындағы түркі тілдерінде бірде әдеби тілде, бірде диалектілік ерекшеліктерде үнемі қайталанып отыруы, VI-VII «түрк», «қыпшақ» атауларының синонимдес мәнде жұмсалғаны жайлы болжамның ақиқатқа жақындығын көрсетеді.

X-XV ғасырлардағы орта түркі жазба мұраларының тілін талдау нәтижелері оғыз, қыпшақ тілдері сараланып шыққанға дейін жалпытүркілік қыпшақ-оғыздық, оғыз-қыпшақтық жағдайдың орныққанын көрсетіп бергені белгілі. Орта түркі дәуірінің алдындағы көне түркі жазба ескерткіштері тілі мен орта түркі дәуірінен кейінгі дәуірде қолданылып жүрген қазіргі қыпшақ, оғыз

¹ Тенишев Э.Р. О наддиалектном характере языка тюркских рунических памятников // *Turcologica*. 76. – Ленинград, 1976. – С. 170.

² Ахинжанов С.М. Кыпчаки в истории средневекового Казахстана. – Алматы: Ғылым, 1995. – С.19.

тілдері деректері де қыпшақ ⇔ оғыз тіл бірлестігінің іздері сақталғанын көрсетеді¹.

Оғыз және қыпшақ тілдерінің дербестік сипатқа ие болуы тұстас бір тілдің екіге жарылуы нәтижесінде емес, бұрыннан өздеріне тән мүддесін қорғау ыңғайында, яғни өздеріне тән белгілерді сақтап қалу ыңғайында қалыптасқанын байқаймыз. Орта ғасырдағы оғыз-қыпшақтық аралас тілдік жүйедегі қыпшақ тілдерінің дербестік сапасының айқындала бастауы бір ғасыр шеңберінде ғана қалыптасқан құбылыс емес түркі тілдері дамуының алғашқы кезеңдерінде-ақ оғыздық немесе қыпшақтық белгілердің сілемдері қолданыста болуы әрі олардың арасында дифференциациялық және интеграциялық процестердің кезең-кезеңімен бірнеше мәрте қайталануы да мүмкін. Сондықтан көне түркі дәуірінің тілдік сипаттамасы қыпшақ-оғыздық, оғыз-қыпшақтық аралас тілдік жүйе арқылы айқындалады.

§5. Түркі тілдері дамуының орта ғасыр немесе ескі түркі кезеңі

XI-XV ғасырлар аралығын қамтитын түркі тілдері дамуындағы орта ғасыр дәуірінің алғашқы ғасырлары өзіндік диалектілік ерекшеліктері бар, жаңа сипаттағы жалпыхалықтық жазба тілдің қалыптасуымен; соңғы ғасыры түркі халықтарының жеке-жеке халық ретінде қалыптаса бастауымен, олардың тілдерінің жалпытүркілік тілден ажырап, өзіндік ерекшеліктері бар дербес тілдер ретінде саралана бастауымен сипатталады. Түркі тілдері дамуының XI-XIV ғасырларды қамтитын мерзімін «жалпы ескітүркілік кезең» деп атаған М.Закиев түркі тілдері тарихындағы осы кезеңнің маңыздылығына тоқала отырып, XI

¹ Түймебаев Ж., Ескеева М. Көне түркі жазба ескерткіштері тілінің морфологиялық жүйесі. – Астана: Prosper Print, 2013. – Б. 303; Ескеева М. Көне түркі және қазіргі қыпшақ тілдерінің моносиллабтық негізі. – Алматы: Арыс, 2007. – Б.336.

ғасырдағы жалпытүркілік жазба тілдің қалыптасу жолына сипаттама береді: «Как известно, в течение X-XI вв. на основе сложившихся лексических и грамматических норм древнетюркского литературного языка, в результате обогащения его лексическими единицами общенародного языка Караханидского государства, а также арабскими и персидскими словами, формируется новый тюркский письменный язык, также с сильно выраженным наддиалектным характером»¹.

Жеке этностың немесе оның тілінің қалыптасуы бір ғана дәуірде жүзеге аспайтыны да белгілі, белгілі бір халықтың, оның тілінің толық қалыптасып бітуі мыңдаған жылдарды қамтиды. Өз бастауын бізге беймәлім, хронологиялық жағынан анықталмаған ежелгі замандардағы баба тілден алып, хун дәуірінде іштей ыдыраудың алғашқы нышандары аңғарыла бастаған жалпытүркілік тіл көне түркі дәуірінде одан әрі саралана бастаса, орта түркі дәуірінде дербес тілдердің белгілері біршама айқын көріне бастады. Осы белгілер арқылы қазіргі түркі тілдерінің негізі жасалды. Батыста көне бұлғар, хазар тілдерінің бірігуінен ескі чуваш тілі қалыптаса бастады, қыпшақ-бұлғар тайпасы тілдері, қыпшақ-половец, қыпшақ-ноғай, оғыз-бұлғар, қарлұқ ұйғыр тіл топтары құрылды. Шығыста көне оғыз тілінен ескі тува, қарағас, якут тілдерінің, көне қырғыз тілінің ерекшеліктері қалыптаса бастады.

Түркі тілдері дамуының орта түркі дәуіріндегі тілдің дамуы консонантты араб әліби жүйесінің таралуымен де байланысты болды. Жазба тілдегі дауысты дыбыстар таңбаларының толық көрініс таппауы бірдей сөздердің әр аймақта түрліше жазылып, түрліше айтылуын тереңдете түсті. Араб мәдениетінің ықпалымен түркі жазба тілдерінің араб лексикасын қарқынды түрде қабылдауы жазба тіл мен ауызекі тіл арасын алшақтата түсті.

Орта түркі дәуірі іштей екі кезеңге бөлінеді: Қараханидтер дәуірі (XI-XII ғғ.) және Монғолдар дәуірі (XIII-XV ғғ.). Түркі ха-

¹ Закиев М.З. Древнетюркская ономастика и ее морфонология. – Астана: Prosper Print, 2013. – С.101-102.

лықтары тарихындағы орта ғасыр ғылым-білім мен жазба мәдениеттің өркендеу дәуірі болды: бірнеше жазу жүйесін меңгерген ортағасырлық түркілер сол кездегі түркі тілдерінің жай-күйін танытатын мол мұра қалдырды.

X ғасырдың ортасына қарай Жетісу мен Қашғардың бір бөлігінде құрылған Қарахан мемлекетінің бастапқы кезеңі туралы нақты деректер сақталмаған, сондықтан алғашқы Қарахан мемлекетінің этникалық атрибуциясы толық айқындалмай келеді¹. Дегенмен Қарахан мемлекетінің құрылымы Қарлұқ қағанатының ыдырауымен байланысты екендігі, яғни Қарахан мемлекетінің алғашқы тарихында Қарлұқ конфедерациясы тайпалары ерекше орын алғандығы тарихи әдебиеттерде айтылып жүр. В.Д. Горяеваның көрсетуі бойынша Қарлұқ қағанатының құрамына қарлұқтармен бірге шігілдер, яғмалар да кірген². М.Қашқари яғма тілін ең таза тілдер қатарына қосады³.

Үлкен аумақты алып жатқан Қарлұқтар мемлекетінің екі орталығы – Баласағұн және Қашғар қалалары өз заманындағы ірі мәдени және сауда-экономикалық орталықтары ретінде танылды. Түркі тілдерінің әртүрлі диалектілерінде сөйлеген Қарлұқтар мемлекеті құрамындағы халықтың ішінде *j* тілділер де, *d* тілділер де болды. X-XI ғасырларда Шаш (Ташкент) қаласының маңында және Жетісуда оғыздардың бір бөлігі шоғырланғандығы жайлы деректерге сүйенсек, Қарахан дәуіріндегі түркі мәдениетінде оғыздардың да үлесі болғандығы байқалады. Өзіндік саяси-әлеуметтік құрылымы, басқару жүйесі қалыптасқан Қарахан мемлекеті XI ғасырдың ортасына таман екі дербес қағанатқа – Шығыс және Батыс қағанаттарына бөлініп кетеді де, XI ғасырдың соңынан бастап (1089 ж.) саяси қуаты толысқан Сельжук мемлекеті тарапынан қысымшылық көріп, XII ғасырдың бірінші жартысында ыдырап, тарихи сахнадан шығып қалады⁴.

¹ Қазақстан тарихы. I т. – Алматы, 1996, – Б.398.

² Горяева В.Д. Городские центры и монументальная архитектура средневековой Киргизии // АДК ист. наук. – Фрунзе, 1976. – С. 10-14.

³ Қашғари М. Диуони лугат-ат түрк. I т. – Ташкент, 1960. – С. 60.

⁴ Қазақстан тарихы. I т. – Алматы, 1996. – Б.402.

Сельжук мемлекетінің де негізгі басым бөлігін түркілер құрады. Қарахан әулеті түріктерінің тілінде жазылған ескерткіштерге Жүсіп Баласағұнидың «Құдатғу білігі» (1069), Махмұд Қашқаридың «Диуани луғат-ит түркі» (1074), Ахмед Иүгнекидің «Хибату-л-хақайқ» (XII ғ.) шығармасы, сондай-ақ құран сүрелерінің мәнін түсіндіруге арналған (Тафсирлер сериясына кіретін) бірнеше түсініктемелер кіреді. Жалпы орта ғасырдағы араб жазулы көне түркі мұралары Қарахан әулеті түріктерінің (XI-XII ғғ.), Орта Азия түріктерінің (XI-XIV ғғ.), ескі қыпшақ (XII-XV ғғ.) және Шағатай (XV-XVII ғғ.) тілінде жазылған¹ деп бөлінеді (басқа да бірнеше топтастырулар бар).

Орта Азия түріктерінің тілінде жазылған мұралардың жазылу кезеңі Қарахан мемлекетінің соңғы дәуірінен басталып, монғол шапқыншылығынан кейінгі Алтын Орда дәуірімен жалғасады. Олардың қатарына – Қожа Ахмед Йассауидің «Диуани Хикматы» (XI ғ), ибн Муханнаның «Тарджуман фарси уа түрки уа мағали» (XIII ғ.) шығармасы, Ә.Замахшаридың «Мұқаддимат-әл-адабы», Мухаммад бин Алидің «Наһдж-ул-фарадисі» (XIV ғ.), Әбілғасының «Оғызнамасы» (XIV ғ.) т.б. шығармалар жатады.

Алтын Орда дәуірінің мұраларына Хорезмидің «Мухаббатнама», Сайф Сараидың «Гүлстан бит-түрки», Құтыбтың «Хұсрау уа шырын», Дүрбектің «Жүсіп-Зылиқа» дестандары, Рабғұзидың «Қисса-сул-анбиясы» т.б. шығармалар жатады. Мемлекет құрамында қыпшақтар мен оғыздар көп болғандықтан бұл шығармаларда қыпшақ, оғыз диалектілері басым болды. Қыпшақ тілінде жазылған ескерткіштердің негізгілері – Сади Ахмедтің «Ташұқнамасы», авторлары белгісіз «Қорқыт ата кітабы», «Сираж-әл - кулуб», А.Самарқандидың «Китаб мұқаддимасы», Хорезмидің «Тарджума шаһнамасы», «Китабу ад-дағуа» т.б. шығармалар.

XI ғасырдан бастап Қыпшақ тайпаларының саяси бірлестігі (Дешті Қыпшақ) қуатты мемлекетке айналып, ортақ тіл ретінде қыпшақ тілі қызмет еткені тарихтан белгілі. Бұл жерде

¹ Қазақ тілі. Энциклопедия. – Алматы, 1998. – Б.27.

есте ұстайтын мәселе «қыпшақ тілі» деген терминнің өзі монолитті жалғыз тілді білдірмейді. Дешті Қыпшаққа біріккен бірнеше тектес ру-тайпалар тілінің біршама жүйеге түскен ортақ жазба тілі ретінде қолданыста болған қыпшақ тілінің өз ішінде де диалектілік, говорлық ерекшеліктердің қамтылуы лингво-этникалық заңдылық. Көне қыпшақ тілінің диалектілік ерекшеліктері қазіргі қыпшақ тілдерінің өзара ыдырау кезеңінде әрбір тілдің өзіндік сипатын білдіретін белгілер ретінде қалыптасты. А.Зайончковский «Араб-қыпшақ сөздігі» жайлы мақаласында XIII ғасырда *түрк*, *қыпшақ* этнонимдері қатар қолданылғанын, кейде бірінің орнына бірі келе беретінін айтады¹. Ғылымда XI-XV ғасыр аралығындағы қыпшақ тайпалары тілінің деректерінен мәлімет беретін мол жазба ескерткіштер қоры жинақталып отыр, олардың ішінде ескі қыпшақ тілінің табиғатын терең танытатын грамматикалық, лексика-грамматикалық, лексикографиялық-грамматикалық еңбектер де бар. Орта ғасыр түркі ескерткіштерін жинау, жариялау, оқу, аудару, тілін зерттеу мәселелерінің көш басында Г.Ю.Клапрот, В.В.Радлов, П.М.Мелиоранский, А.Н.Самойлович тәрізді ұлы тұлғалар тұрса, кеңестік дәуірде, одан кейінгі кезеңде орта ғасыр ескерткіштерінің лингвистикалық тұрғыдан жан-жақты зерттелуі Э.Н.Наджип, А.К.Боровков, Э.Фазылов, А.М.Щербак, Ә.Құрышжанов, Б.Сағындықұлы, А.Ибатов, Ә.Керімов, Т.И.Грунин, А.Н.Гаркавец сынды т.б. зерттеушілердің есімдерімен байланысты. Аталған мәселе бойынша еңбек етіп жүрген кейінгі буын өкілдерінен С.Құдасов, М.Сабыр, С.Дүйсеннің т.б. зерттеулерін атауға болады.

Қыпшақ тілінің ерекшеліктері жайлы алғашқы әрі жан-жақты деректер XI ғасырдағы белгілі түркі лингвисті М.Қашқаридың «Диуани лұғат ит-түрк» шығармасында берілгені белгілі. М.Қашқари қыпшақтарды Румға жақын орналасқан тайпаларға жатқызады және таза түрік тілінде ғана сөйлейтін тайпа екенін

¹ Зайончковский А. Новонайденный арабско-кипчакский словарь // Народы Азии и Африки. – 1964. – № 3.

айтады: Румға яқин биринчи қабила беженек сунг (қіфжақ, оғуз, *jätäk* (т.б.). қірқіз, қіфшақ, оғуз (т.б.) тиллари фақат туркчадир (МҚ I, 64-66). М.Қашқари еңбегінде отызға жуық түркі диалектілері (тілдері) аталып, олардың негізгілерінен (оғыз, қыпшақ, арғу, беженек, түрк, йемек, сувар, қарлуқ, түркмен, яғма, қырқыз, тоғси, чігіл т.б.) мысалдар келтіріліп, бірнеше дыбыс сәйкестіктері: сөз басындағы $j \approx \check{z}$, түріктер *juudi*, оғыздар мен қыпшақтар *žiudi* `шуда`; сөз соңындағы $j \approx n$, түркітер *quj*, арғулар *qun* `қой`; сөз басындағы $m \approx b$, түріктер *män*, оғыз, қыпшақ, суварлар *bän* `сорпа`; сөздің барлық шенінде $t \approx d$, түріктер *tävä*, оғыздар *dävä* `түйе`, түріктер *utu*, оғыздар *ud* `тесік`, түріктер *jikde*, *buktä*, оғыздар *jikta*, *bukta* `жиде`, `бәкі`; сөз соңындағы $p \approx b \approx v \approx w$, түріктер *av*, оғыздар мен оларға жақын жайғасқандар *av*, *ab*, *aw* `үй`; сөз ортасындағы $dz \approx z \approx j$, яғма, тухси, қыпшақ, ябақу, татар, қай, жумыл тайпалары *qajin*, басқалар *qazin* `қайын`; түріктер *adzaq* қыпшақ, ямақ, сувар, бұлғарлар *azaq* `аяқ`; $s \approx \check{s}$, $q \approx k$ сәйкестіктерін, *a* дыбысының алдында *h* протезасының келуі, γ , *g*, *q*, \check{c} дыбыстарының түсіп қалуы тәрізді басқа да, фонетикалық заңдылықтарды көрсетеді (МҚ. I, 64, 66, 69). М.Қашқари көрсеткен қыпшақ тілінің мысалдары арқылы XI ғасыр қыпшақтары тіліндегі басты ерекшелік сөз басында *j* фонемасының орнына *j*, \check{z} дыбыстарының; сөз ортасындағы *d*, *dz* дыбыстарының орнына *z*, *j* дыбыстарының; сөз басындағы, қысаң дауыстылар алдындағы *j* фонемасының түсіп қалып, *i*, *i* дыбыстарымен айтылуы, сөз ортасында *s/c*-ның сақталуы, сөз ортасы *g/\gamma* дыбыстарының түсіп қалуы (барлық жағдайда емес) екендіне көз жеткіземіз. «Диуани лұғат ит-түрк» тіліндегі деректерге сүйене отырып, Н.Сауранбаев сөз басындағы *dž*, \check{z} дыбыстарының, сөз басындағы және сөз ортасындағы қатаң *t*-ның қолданылуы, тіл алды *d*-ның сөз ортасында тіл ортасы дауыссызы *j*-ге ауысуы, тіл арты ұяң дыбыс γ -ның сөз ортасында түсіп қалуы XI ғасырдағы көне қыпшақ тілінің төл ерекшеліктері болып табылатынын айтады және осы белгілердің қазіргі қыпшақ тобына кіретін тірі тілдерді (қазақ, қарақалпақ, ноғай,

қырғыз) басқа жүйедегі тілдерден ажырататынын көрсетеді¹. Ескі қыпшақ тіліндегі бұл ерекшеліктер қазіргі қыпшақ тілдері тобына жататын түркі тілдерінің негізі сол кезеңде-ақ қалыптаса бастағанын білдіреді. Ескі қыпшақ тіліне тән белгілер қазіргі қыпшақ тілдерінен де көрініс береді, анлаут *j* қаз., ққалп., қырғ. тілдерінде *ž* дыбысына ауысса, құм., ноғ., башқ., қар. тілдерінде *j* тұлғасы сақталған: *žil* ≈ *jil* `жыл`, *žel* ≈ *jel* `жел`, *žili* ≈ *jili* `жылы` т.б.; сөз басындағы *j/ž* дыбыстарының түсіп қалуы ескі қ. *igit* `жігіт` (Құрыш. 129), қырғ. *ijloo* `жыла, жылау` (PKC, 299), башқ. *ekküreü* `жеккөру`, *ez* `жез` (БРРБУС, 23); тат. *ertü* `жырту` (TPC, 146) тілдерінде кездеседі; инлаут *d, z, γ, g* дыбыстарының сақталуын қазақ тілінің өз ішінде де ұшырасатыны белгілі: *izgi* ≈ *ijgi*, *adaqta* ≈ *ajaqta*, *žujrik* ≈ *žugir*, *ulı* ≈ *ulyajuw*, *soj* ≈ *soyim* т.б.

Зерттеу нәтижелері М.Қашқари заманында қалыптаса бастаған оғыз тайпаларының жазба тілі, қыпшақ, печенек, йемек, бұлғар диалектілерімен бірге орта ғасырдағы орта азиялық аралас түркі әдеби тілінің компонентін құраса, шағатай ұлысы кезеңінде көпқұрамды шағатай тілі деген дербес атауға ие болғанын көрсетеді². Бұл өзара ыдырай бастаған түркі диалектілерінің қайта тоғысып, ортақ жүйеге ыңғайланғанын меңзейді.

1090-1110 жылдар қыпшақтардың дәуірлеу кезеңі саналады³, М.Қашқари өз мысалдарында оғыз тілінен кейінгі екінші орында қыпшақ тілінің деректерін мол қамтуы, қыпшақ тілінің де кеңінен қолданыста болғанын білдіреді. Сондықтан М.Қашқари заманындағы қыпшақ тілін өзіндік ерекшеліктері бар дербес тіл ретінде қарастырған дұрыс. XII ғасырда Дешті Қыпшақ құрамына енетін Орта Азияда жазылған Ахмед Яссауидың «Диуани Хик-

¹ Сауранбаев Н.Т. Проблемы казахского языкознания. – Алма-Ата: Ғылым, 1982. – С. 246.

² Наджип Э.Н. Исследования по истории тюркских языков XI-XIV вв. – Москва: Наука, 1989. – С. 36.

³ Дүйсен С. Ескі қыпшақ тілінің кейбір фонологиялық ерекшеліктері // Көне түркі жазуларының зерттелуі: бүгін мен болашағы. – Астана: Атамұра, 2004. – Б.151.

меті» де сол өңірдегі қыпшақ тілінің де тарихи жай-күйін сипаттайтын оғыз-қыпшақ тілінде жазылған тілдік дерек ретінде белгілі. Э.Н.Наджип орта ғасырлық түркі жазба ескерткіштерінің көнесі саналатын Жүсіп Баласағұнның «Құтадғу білік» (1069 ж.) дастанының тілін *d – тілдер* тобындағы қарлұқ-ұйғыр жазба тілі деп таныса, Ахмед Яссауидің «Диуани Хикметі» тілінің негізінде қыпшақ тілі жатқанын әрі оғыз тілі мен «Құтадғу біліктің» тіліне негіз болған қарлұқ-ұйғыр тілінің ықпалына ұшырағанын айтады¹. А.К.Боровков А.Яссауи «Хикметінің» тілінің шығыс қараханид жазба дәстүрінен бастау алған, дербес оғыз-қыпшақ тілі ретінде таниды². Р.Сыздық А.Яссауидің Хикметінің тілін қазіргі қыпшақ тілдерінің ерекшеліктерімен, қазақ тілі деректерімен салыстыра отырып, ескерткіштің қыпшақ-оғыздық тегін қолдайтынын айтады және «Яссауи хикметтерінің сөздік қазынасы мен фонетика-морфологиялық бітімі бір ғана түркі тілін былай қойғанда, бір ғана қыпшақтық немесе оғұздық, я болмаса қарлұқтық тобына жатпайды, мұнда өзге де түркі жазба ескерткіштері сияқты, бұлардың барлығының да үлгілері (бірліктері, элементтері) орын алған, бірақ Яссауи тілінің сүйегі қыпшақтық оның ішінде *j-тобына* жататын тіл» деген қорытындыға келеді³. XIV ғасырда жазылған Дүрбектің «Жүсіп-Зылиха» дастанының тілі де Ахмет Иассауидің «Диуани Хикметінің» тіліне жақын, ал Рабғузидың «Қисса сул анбиясының» тілі мен «Тевфсирдің» тілінен едәуір айырмашылығы бар. XV ғасырдағы Атаи, Саккаки, Лутфи, Амири, Гадаи, Сади Ахмед, Ходжани, Хайдар Хорезми, Навои, Бабур, Хусейн Байкара т.б. ойшылдар мен сөз зергерлерінің еңбектерінде қолданылған орта азиялық *j – диалектісі* шығыс түркі, қыпшақ және оғыз-түркімен тілдерінің ықпалына ұшыраған шағатай жазба тіліне арқау болған тілдер

¹ Наджип Э.Н. Культура и тюркоязычная литература мамлюкского Египта XIV века. – Туркестан, 2004. – С. 5-8.

² Боровков А.К. Очерки по истории узбекского языка // Советское востоковедение. V, 1952. – С. 247-249.

³ Сыздық Р. Яссауи тілінің қыпшақтық-оғұздық негізі // Түркология. – 2002. – № 2. – Б.110.

қатарында айтылады. Орта ғасырлық түркі тілдерінің тарихи-даму жолындағы *z*-тілінің *j*-тіліне ауысу процесі жайлы Ә.Наджип «... во второй половине XIV в. письменный *z*-язык с его архаическими элементами в Средней Азии окончательно отмирает, уступая свое место *y*-языку со значительно меньшим количеством арабских и персидских элементов»¹ деген тұжырым жасайды.

XIII ғасырдың соңы мен XIV ғасырдың басындағы қыпшақ мұрасы «Кодекс Куманикус» тілінің ерекшелігі жайлы бірнеше пікір бар екені белгілі. Қыпшақ бірлестігінің құрамында бірнеше тайпалар топтасқандықтан ескерткіш тілінде диалектілік ерекшеліктердің болуы заңдылық. Сол диалектілердің көне тайпалар тілдері мен қазіргі тілдерге қатысын анықтау бағытында айтылған алғашқы пікірлер XIX ғасырдың соңында-ақ жариялана бастады. В.В.Радлов «Кодекс Куманикус» тіліндегі диалектілерді татар-мишар тілдерімен байланыстырса, А.Н.Самойлович құмық, қарашай-балқар тілдерімен жақындықта қарастырады². Кейінгі зерттеушілерден Н.А.Баскаков «Құман сөздігінің» мәтінінде қыпшақ тілдерінің белгілерімен (*tav* `тау`, *tuv* `туу`) қатар оғыз тілінің элементтері де (*taγ* `тау`, *tuγ/toγ* `туу`) кездесетінін айта отырып, негізгі тілі қыпшақ тілі деп таниды, ескерткіш тілін қазіргі қарайым, қарашай-балқар, құмық, қырым татарлары тілдерімен және мәмлүк қыпшақтары тілімен бір топқа жатқызады, өз пікірін аталған тілдердегі ерекшеліктердің ескерткіш тілінде қайталанып отыруымен түсіндіреді³.

Т.И.Грунин армян-құман тілі мен «Кодекс Куманикус» тілінің жақындығын жан-жақты талдап көрсетеді⁴. А.Н.Гаркавец те осы пікірді қолдай отырып, «Кодекс Куманикус» жазбасы мен ар-

¹ Наджип Э.Н. Культура и тюркоязычная литература мамлюкского Египта XIV века. – Туркестан, 2004. – С. 17.

² Самойлович А.Н. Тюркское языкознание. Филология. Руника. – Москва: Восточная литература РАН, 2005. – С.191-194.

³ Баскаков Н.А. Введение в изучение тюркских языков. – Москва: Наука, 1969. – С. 272-275.

⁴ Грунин Т.И. Документы на половецком языке XVI в. – Москва: Наука, 1967.

мян-қыпшақ жазба ескерткіштері тілін түрлі діни-этникалық топтардың тілдік ерекшеліктері көрініс беретін, негізінде қырым татар тілі және оған туыс қыпшақ-половец, қыпшақ-ноғай, қыпшақ-бұлғар, оғыз тілдері жатқан аралас қыпшақ-оғыздық диалектілер кешенін құрайтын күрделі тіл ретінде қарастырады¹.

В.В.Радловтың, О.Блаудың, Г.Кунның, К.Гренбектің, Т.Ковальскийдің, Ф.фон Крелитд-Грайфенхорстың, А.фон Габеннің, В.Бангтың, Ж.Денидің, т.б. кеңестік ғалымдардың «Куманикус» туралы айтқан пікірлерін қорыта отырып, М.А. Хабичевтың «Диалект с фонетическими признаками $j \sim x \sim t \sim \check{s} \sim \check{c}$ совпадает в основном с армяно-куманским языком и тракайский диалектом караимского языка; диалект j (иногда \check{z}) $\sim k \sim t \sim \check{s} \sim c$ с древними кипчакскими языками, средним диалектом крымско-татарского языка и с кумыкским языком; диалект $j \sim k$ (иногда x) $\sim t$ (иногда d) $\sim \check{s} \sim \check{c}$ с туркменским, староазербайжанским языками и с южным диалектом крымско-татарского языка; диалект $j \sim k \sim t \sim \check{s}$ с карачаева-балкарским языком; диалект $\check{z} \sim k \sim t \sim s \sim \check{c}$ с казахским, каракалпакским и ногайским языками» деген² қорытындыға келуі де «Куманикус» тіліндегі дыбыстық ерекшеліктердің қазіргі қыпшақ тілдерінің қыпшақ-бұлғар, қыпшақ-половец, қыпшақ-ноғай топшасындағы тілдерде абсолютті түрде жіктелмеуіне, сәйкестіктердің көрініс беруі жеке бір тілде ғана емес, жалпы қыпшақ тілдеріне де тән құбылыс болуына байланысты. Бұл қыпшақ тілдерін іштей жіктеудің өзінде шарттылықтың басымдығын аңғартады.

«Кодекс Куманикус» тілінің қазіргі қыпшақ тілдерінің ішінде қазақ тіліне жақын екенін С.Е.Малов 1941 жылы жарияланған мақаласында көрсетеді: «Codex Cumanicus қазақ тілі тарихы үшін аса құнды ескерткіш. Ресей даласының оңтүстігінде жазылған ескерткіш тілі көшпелі шығыс половецтердің тіліне өте

¹ Гаркавец А.Н. Кыпчакские языки: Куманский и армяно-кыпчакский. – Алма-Ата: Наука, 1987. – С. 211.

² Хабичев М.А. Памятник куманских языков // Советская тюркология. – 1974. № 2. – С. 70.

жақын, сол тілдің ерекшеліктерін белгілі бір дәрежеде қазақ тілінен көреміз»¹. Ғалым пікірінің негізділігін Ә.Құрышжанов ескерткіш тіліндегі септік жалғауларын қазақ тіліндегі септік формаларымен салыстыру арқылы тұжырымдап береді². Н.Сауранбаев ескерткіш тіліндегі басты ерекшеліктердің бірі сөз соңындағы *š* дыбысының *s* дыбысымен қолданылуы, тіл арты *γ* фонемасының сөз соңында және сөз ортасында түсіп қалуы екені жайлы айта келе, «Codex Cumanicus тілінде соңғы *ш*-ның орнына *с*-ның қолданылуы қыпшақ тілінің төл ерекшелігі ретінде көрініс береді. Қатаң *ш* дыбысымен сөйлейтін (шокающий) басқа түркі тілдеріне қарағанда бұл құжаттың тілі *с*-мен сөйлейтін (сокающий) тілдерге жатады (*käs* 'кес', *kiska* 'қысқа', *is* 'іс', *haiš* 'қайыс', *kus* 'құс', *kisi* 'кісі', *masa* 'маса' т.б.). Сондықтан «Codex Cumanicus-тың» *с*-тілділік қыры оны қазіргі қазақ тілімен жақындатып қана қоймайды, олардың туыстығын білдіреді»³ деген ойы арқылы «Кодекс» тілі мен қазақ тілі арасындағы генетикалық тектестіктің айқындығын көрсетеді. «Кодекс Куманикус» ескерткіші тілінде оғыз элементтері кездескенімен, негізінен қыпшақ тілінің белгілерін сақтаған мұра, Орхон, Енисей, Талас жазбалары тілі мен қазіргі қыпшақ тілдерінің арасын жалғастыратын алтын көпір екені қазір дау тудырмайды.

Орта ғасыр ескерткіші «Китаб би меджму-у таржуман турки уа аджеми уа моғоли уа фарси» (Түрік-араб сөздігі) сөздігінде таза түркі немесе түркі-қыпшақ және түркімен тілдері көрсетіледі. Автор «таза түркі» немесе түркі-қыпшақ тілі ретінде қыпшақ тілін атайды. Осы ескерткіштің тілін кезінде П.М.Мелиоранский де «Codex cumanicus» тіліне жақын қыпшақ тілінің мұрасы ретінде қарастырғаны белгілі. Мамлюктер елінде 1245 жылдары жазылған «Түрк араб сөздігінде» қазіргі қыпшақ

¹ Малов С.Е. К истории казахского языка // Известия АН СССР Отд. литература и языка. – 1941. – №3. – С. 97.

² Құрышжанов А. Формы и значения падежей в языке Codex Cumanicus. АҚ. филол. наук. – Алма-Ата, 1956. – С. 4.

³ Сауранбаев Н.Т. Проблемы казахского языкознания. – Алма-Ата: Ғылым, 1982. – С. 247.

тілдеріне тән тілдік белгілер ауқымды. Ескерткіш тілін арнайы зерттеген Ә.Құрышжанов шығарма тілі жалпы түркілік лексикадан айрықша ажыратылмайтынын қазіргі қыпшақ тілдеріне қатысын білдіретін аналогтық тұлғалар көне түркі ескерткіштер тілінде де, қазіргі түркі тілдерінде де молынан сақталғанын көрсете отырып, «язык словаря почти сливается с общим лексическим богатством всех (средних и новых) кыпчакских языков» деп тұжырымдайды¹.

Көне қыпшақ тілінің негізгі ерекшеліктері қазіргі қыпшақ тілдерінде оның ішінде қазақ тілі мен диалектілерінде жақсы сақталғаны жайлы С.Е.Малов «... можно найти сведения о переходах и чередованиях *č* // *š*, так свойственных казахскому языку по отношению к казанско-татарскому языку...» дей отырып, Египетте XIII-XV ғасырларда жазылған қыпшақ грамматикалары ішіндегі 1245 жылы тіркелген грамматиканың тілдік негізінде Дешті Қыпшақ құрамындағы қазіргі Қазақстан аумағының бір бөлігін мекен етуші қыпшақтардың тілі жатқанын, қыпшақ тіліндегі *č* дыбысының кейбір қыпшақ диалектілерінде *š* дыбысымен қолданылуы (*čeri*~ *šeri* `әскер`, *baqirčī*~*baquršī* `бақыршы (ұста)` осы грамматикадан орын алғанын, *š*-мен сөйлеу қазақтарға тән екенін көрсетеді². Зерттеуші «Түрік-араб сөздігін» қыпшақ мұрасы ретінде қарап, қазіргі қыпшақ тілдерінің ішіндегі қазақ, қарақалпақ тілдерін половец, IX-X ғасырлардағы печенек тілдерімен тікелей генетикалық сабақтаста қарастырады³. Бұл еңбектің половец ескерткіші «Кодекс Куманикус» тіліне жақындығы Н.А.Баскаковтың⁴, қыпшақ тілі негізінде жазылғаны

¹ Курышжанов А.К. Исследование по лексике старокыпчакского письменного памятника XIII в. «Тюркско-арабского словаря». – Алма-Ата: Наука, 1970. – С. 68.

² Малов С.Е. К истории казахского языка //Изв.АН СССР. ОЛЯ. – 1941. – № 3. – С. 98.

³ Малов С.Е. Каракалпакский язык и его изучения // Каракалпакия. II. – Москва, 1934. – С. 206-207.

⁴ Баскаков Н.А. Тюркские языки. – Москва, 1960. – С. 8.; Осы автор. Введение в изучение тюркских языков. – Москва: Наука, 1962. – С. 63.

Э.Н.Наджиптің¹ еңбектерінде талданса, Т.И.Грунин «қыпшақ тілдерін зерттеудің негізгі көзі»² деп таниды, ал В.Х.Хаков татар тілімен жақындығын көрсетеді³.

XIV ғасырдан бастап түркілердің жазба әдебиеті негізгі екі бағытта өрбіп (алтынорда-египет жазба әдеби тілі және алтынорда-хорезм жазба әдеби тілі), Алтын Ордада, Орта Азияда және Египетте өзіндік ерекшелігі бар бірнеше аралас жазба тілдер қалыптасады. Э.Наджип XVI ғасырдағы түркілік аралас тілдер құрамын 5 топқа бөліп қарастырады: 1. XIII ғасырда-ақ қалыптасып, Египеттегі мәмлүктер басшылығы кезінде өркендеген ескі түркімен тілі; 2. Селжүктердің, әсіресе аюбилердің заманында Египетке келген қыпшақ тайпаларының тілдік ерекшеліктері айқын көрініс берген оғыз-қыпшақ жазба тілі; 3. XII ғасырда Сырдарияның төменгі ағысында қалыптасып, Египет мәмлүктеріне дейін-ақ кеңінен таралған қыпшақ-оғыз жазба тілі; 4. Волганың төменгі ағысында, солтүстік Хорезмде оғыз-түркімен тайпаларының тілдері негізінде қалыптасып, қыпшақ тайпаларының және қараханид дәуіріндегі ұйғыр жазба дәстүрінің ықпалына ұшыраған түркі тілдерінің z тобына жататын жазба тіл; 5. Сырдарияның төменгі бойында қалыптасқан қыпшақ-оғыз жазба тілімен, А.Яссауидің «Хикметінің» тілімен, сондай-ақ ертерек кездегі қарлұқ-ұйғыр тілімен бір бағытта өрбіп, ары қарай дамып, қалыптасуы Орта Азияда жүрген ескі өзбек тілі⁴. А.Н.Самойлович XII-XIV ғасырларда Шығыс Еуропа мен Орта Азия аралығындағы кең байтақ аймақты қамтылған Жошы ұлысының құнарлы да бай жазба әдеби тілі қалыптасқанына ерекше мән береді. Ғалым Алтын Орда жазба әдеби тілінің гүлденуіне негіз болған Жошы ұлысының әдеби тілін қыпшақ тобындағы

¹ Наджип Э.Н. Кыпчакско-огузский литературный язык мамлюкского Египта XIV в. АДД. филол. наук. – Москва, 1965. – С. 24.

² Грунин Г.И. Документы на половецком языке XVI в. – Москва: Наука, 1967. – С. 105-106.

³ Современный татарский язык. – Москва, 1969. – С. 18.

⁴ Наджип Э.Н. Культура и тюркоязычная литература мамлюкского Египта XIV века. – Туркестан, 2004. – С. 12, 13.

қазақ, қарайым, қырым татары тілдерімен тығыз сабақтастықта қарайды¹.

Орта ғасыр ескерткіштерін қазіргі қазақ тілімен сабақтастыра қарастырған М.Сабыр Орта Азия, Алтын Орда және Мысыр жерінде жазылған мұраларды жеке-жеке тілдік деңгейде топтастырудың негізсіздігін көрсете отырып, өз пікірін «Бұл кезеңдегі мұралардың тілінде оғыз, қыпшақ, ұйғыр элементтері мидай араласып жатыр және олар диалектілік белгілер ғана. Олардың лексикасындағы ортақтықтар 60-70 пайыз болса, айырмашылықтар көлемі 20-30 пайыздан аспайды»² деп білдіреді.

Кезінде Қыпшақ бірлестігінің құрамында болған, қазіргі қыпшақ тобына жататын тілдерде сөйлейтін халықтардың тілі ескі қыпшақ тілінің басты ерекшеліктерін сақтап қалғанымен, олардың этникалық құрылымын, этнос ретінде қалыптасу жолын тек көне қыпшақ тайпасымен байланыстыруға болмайтыны белгілі. Қыпшақ бірлестігі құрамындағы бірнеше түркі тайпаларының тілдері өзара тоғысып көне қыпшақ тілінің ортақ әдеби жазба тілін қалыптастырса, онымен қатар халықтың ауызекі сөйлеу тілі де қолданыста болғанына қыпшақ ескерткіштері тіліндегі диалектілік ерекшеліктері дәлел бола алады. Бұл қыпшақ тобындағы тілдердің негізгі стереотиптері қыпшақ бірлестігіне дейін-ақ қалыптасуы мүмкіндігін көрсетеді.

Қыпшақ бірлестігі кезіндегі қыпшақ (түркі) тайпалары арасында (қыпшақ бірлестігінің құрамында оғыз, бұлғар, қарлұқ тайпалары да болғаны белгілі) ішкі этникалық процестердің қарқынды жүруі олардың субэтникалық құрамында елеулі із қалдырды десек те, Дешті қыпшақ құрамындағы түркі тайпалары өзара жіктеліп, аралары алшақтай бастағаны тарихтан белгілі. Тарихшылардың қыпшақ бірлестігін ешқашан жалғыз хан

¹ Самойлович А.Н. Тюркское языкознание. Филология. Руника. – Москва: Восточная литература, 2005. – С. 907-922.

² Сабыр М. Орта түркі тілі лексикасы мен қазақ тілі лексикасының сабақтастығы (XIV ғасыр жазба ескерткіштері негізінде). – Алматы: Қазақ университеті, 2004. –Б.7.

басқармағаны, бірнеше хандардың бірлесіп басқарғаны жайлы пікірлері де осыған саяды, бұл жөнінде В.В.Бартольд «Были отдельные кыпчакские ханы, но никогда не было хана всех кыпчаков»¹ деген ой айтады, басқа зерттеушілер XII ғасырда половецтердің дербес хан билейтін алты көшпелі орталықтары², XII ғасырдың екінші жартысында тоғыз ірі одақтардың болғанын көрсетеді³. Қазақ ғалымдары Қыпшақ бірлестігіне кірген Қазақстан аумағында қыпшақ тайпалары этникалық құрамы бірдей екі ірі топқа бөлінгенін, «Дешті Қыпшақтың» ыдырауының басты себебі монғол шапқыншылығы болғанымен ішкі себептерді де теріске шығаруға болмайтынын, алып бірлестіктің бөлшектенуінде қыпшақ тайпалары арасындағы қайшылықтардың да ізі барын меңзейді⁴.

Монғол билігі түркі халықтарын бірнеше мемлекетке бөліп жібергендіктен, олардың тек саяси-географиялық картасында ғана емес, халықтық нысандары байқала бастаған этникалық құрылымдардың құрамына да өзгерістер әкелді, олар бір-бірімен қайта араласа бастады. Қыпшақ тобына кіретін тілде сөйлейтін түркі халықтары тіліндегі ортақ белгілердің біразы қыпшақ бірлестігі кезінде қалыптасса, енді біразы осы кезеңде – Алтын Орда дәуірінде қалыптасып, о бастағы қыпшақтық сипат тереңдей түсті. Алтын Орда дәуірінде монғолдардың түркілену процесінің қарқынды жүруі олардың қыпшақ тайпаларының құрамына біржолата сіңіп кетуімен сипатталады. Бұл құбылыстың басты факторы ретінде қыпшақтардың мәдени-экономикалық деңгейінің жоғарылығын; тілінің белсенді түрде ресми әрі қарым-қатынас тілі ретінде қолданылуын; жартылай отырықшы өмір

¹ Бартольд В.В. Двенадцать лекции по истории турецких народов Средней Азии. Соч. -Т. 5. – Москва: Наука, 1968. – С. 99.

² Греков Б.Д., Якубовский А.Ю. Золотая Орда и ее падение. – Москва, 1950. – С. 18.

³ Плетнева С.А. Половецкая земля // Древнерусские княжества X-XII вв. – Москва, 1975. – С. 275.

⁴ Ахинжанов С.М. Кыпчаки в истории средневекового Казахстана. – Алматы: Ғылым, 1995. – С. 285.

салтын; дүниетанымының, этностық санасының беріктігін атауға болады. Сондай-ақ негізінен әскери-әкімшілік аристократияны құраған «монғолдардың сонының аздығы, Шығыс хан жауынгерлерінің арасындағы түркі тектестердің молдығы да»¹ монғолдардың түркілену үдерісін шапшаңдата түсті. Түркі-монғол халықтары арасындағы мұндай тарихи байланыс түркілердің тілінде де ізін қалдырды, түркі лексиксындағы кірме элементтердің негізгі бөлігін құрайтын ислам мәдениетімен бірге келген араб-парсы сөздерінің үстіне монғол тілдерінен енген сөздердің жаңа толқыны келіп қосылды. Түркі және монғол тілдеріндегі о бастағы ортақ белгілер толығып, генеалогиялық ортақтықтар мен типологиялық ортақтықтардың ара жігі кірігіп кетті.

Жазба түркі тілдерінің даму тарихында шағатай тілі ерекше орын алады. Шағатай тілі – Қараханидтер дәуіріндегі және одан кейінгі Орта Азия түріктерінің тілдерімен дәстүрлі жалғастықты сақтай отырып, өзіндік ерекшеліктерімен XIII-XV ғасырларда қалыптасқан барлық түркілерге ортақ әдеби тіл. Шағатай тілі де *j* – тілдер тобына жатады. Жалпы алғанда шағатай тілінің кейбір ерекшеліктерін XIII-XV ғасырларда Орта Азияда жазылған басқа түркі мұраларынан аңғаруға болады, сондықтан да орта ғасыр түркі мұраларын жіктеу мәселесі де кей жағдайда шарттылықтарға негізделетінін ескеру қажет. Шағатай тіліндегі ескерткіштер қатарында «Тезкерей әулие», «Бақтиярнама», «Миражнама» шығармаларын, Бабыр, Салих, Лутфи, Атаи, Сакаи, Гадаи тәрізді ақындар шығармаларын атауға болады. Қазіргі өзбек тілімен тікелей байланыстырылып жүрген «Шайбанинама» дастаны да шағатай тілінің мұрасы болып табылады. Шағатай тілінің кең қанат жайған дәуірі Әлішер Науаидың (1441-1501 жж.) шығармашылығымен байланысты қарастырылады. Араб-парсы әдеби тіл үлгісінің (әсіресе поэзия жанрында) ықпалына ұшыраған шағатай тілі қолданысының соңғы кезеңдері (XVI-XVII ғғ.), жекелеген түркі халықтарының

¹ Закиев М.З., Кузьмин-Юманади Я.Ф. Волжские Булгары и их потомки. – Казань: ИНСАН, 1996. – С. 126.

(қазақ, өзбек, татар, әзірбайжан, түркімен т.б.) ескі жазба тілдерінің қалыптасуын қамти отырып, түркі тілдері дамуының жаңа түркі кезеңіне ұласады.

§6. Түркі тілдері дамуының жаңа және ең жаңа кезеңі

XV ғасыр мен XX ғасырдың алғашқы жылдары аралығын қамтитын түркі тілдері дамуындағы жаңа дәуірдің алғашқы жүз жылдығы түркі халықтарының тарихи тағдырында ерекше орын алады. Бұл кезең түркі халықтарының, олардың тілінің ұзақ мерзімге созылған іштей ыдырау процесі аяқталып, өз ара жігі ажырап, бірнеше этностық топтардың жеке халық болып, тілдері дербес тіл болып бөлініп шығуымен сипатталады. Дербес халықтардың қалыптасуында қандық-туыстықпен қатар локальдық (белгілі бір шекарасы бар ортақ территорияда мекен етуге байланысты) ортақтық басымдық алды.

Алтын Орданың ыдырауымен бірге Өзбек Ордасы құрамындағы қыпшақтар (қыпшақ деген жалпы атаумен аталатын бірнеше түркі ру-тайпалары) оңтүстікке жылжиды да, XV ғасырда Ақ Орда, Көк Ордаға бөлінгенде қыпшақтар екіге жарылып, Шайбани ұрпақтарынан бөлініп, қазақ хандары Жәнібек пен Керей Сауран өңірінде дербес хандықтарын құрады.

Еділ бойында чуваштардың ру-тайпалары негізінде чуваш халқы, қыпшақ-бұлғар тайпалары одағынан татар, башқұрт халықтары қалыптасады. Қыпшақ-половецтер бірлестігінен және XIV ғасырда-ақ қалыптаса бастаған қыпшақ-ноғай ордасынан XV ғасырда қазақ, ноғай халықтары ажырап, XVI ғасырға қарай қарайым, құмық, қарашай-балқар, қырым татарлары бөлініп шығады. Оғыз тайпалары одағынан әзірбайжан, түрік, түрікмен, гагауыз халықтары қалыптасса, қарлұқтар одағынан өзбек, қазіргі ұйғыр халықтары қалыптасады. Шығыстағы ұйғыр-тукую тілдік тобынан тува, қарағас (тофалар) тілдері; якут тобынан якут тілі; хакас тобынан хакас, шор, сары ұйғыр, кюэрик,

камасин татарлары тілдері, алтай тілінің солтүстік диалектілері бөлінеді. Шығыстағы түркі тайпаларының қырғыз-қыпшақ тобын құрайтын көне қырғыз тілі негізінде қырғыз ж/е алтай тілінің оңтүстік диалектілері қалыптасады¹. Бұл тайпалық одақтар қазіргі түркі халықтарының негізгі этностық құрамын анықтайды.

Бұл жерде біршама шарттылық сипат барын есте сақтау қажет. Қазіргі түркі халықтарының қалыптасуын тек бір ғана тайпалық одаққа теліп, «тек сол тайпаның ғана негізінде пайда болды» деген тұжырым жаңсақтыққа алып келеді. Себебі жеке халықтардың қалыптасуы кезінде, оған дейін де бір негізден өрбіген бірнеше түркі ру-тайпалары кең байтақ аумақта шашырай қоныстануына байланысты бір-біріне сіңіп кетіп отырған. Мәселен, қазақ халқының құрамында тек қыпшақтар ғана емес оғыз тайпаларының рулары да бар, сол сияқты өзбектер құрамында тек қарлұқтар емес қыпшақтар, оғыздар да бар. Мұндай араласулар қазіргі түркі халықтарының тілінен де анық көрінеді.

XV ғасырда өзара іргесін ажыратып алған дербес түркі тілдері ұдайы даму үстінде болды. Түркілер арасына кеңінен тараған жалпытүркілік шағатай әдеби-жазба тілі XV ғасырдан кейін де қолданыла бергенімен, бұқаралық сипат ала алмады. «XVI-XVII ғасырларда шағатай тілі халықтың сөйлеу тілінен ажырап, сарай ақындарының, аристократтарының жазба тіліне айналып қалды. Бұған шағатай тілінде сақталған (әсіресе іс-қағаздар, тарихи жылнамалар тілінде) қатаң тәртіп пен тілдің даму заңдылықтары негізінде пайда болған алшақтықтар негіз болды. Шағатай тілі үлгісінде көне дәстүр мен араб-парсы элементтеріне белшесінен батқан шығармалар халыққа түсініксіз болып қалды. Науаи дәуірінде қалыптасқан қос тілділік әлсіреп, ұмыт бола бастады»². Шағатай тілінің белгілері XX ғасырдың алғашқы жылдарына дейін түркі халықтарының жазба дәстүрінде, зиялылар тілінде сақталып келді. XIX ғасырдан бастап Орта және

¹ Баскаков Н.А. Введение в изучение тюркских языков. – Москва: Высшая школа, 1969. – С.182.

² Қайдар Ә., Оразов М. Түркітануға кіріспе. – Алматы: Арыс, 2004. – Б.176.

Орталық Азиядағы, Еділ бойындағы, Сібірдегі түркі тілдерінің дамуы орыс тілімен тығыз лингвоконтактологиялық жағдаятта дамыды. Зиялылар арасындағы бұрынғы түркі-араб қостілділігін түркі-орыс қостілділігі алмастыра бастады. Жазба дәстүр де біртіндеп әр тілдің ыңғайына қарай халықтық тілге жақындай түсті. XIX ғасырдың соңы мен XX ғасырдың алғашқы жылдарында түркі тілдерінде шыға бастаған мерзімдік басылымдар публицистикалық стильдің орныға бастауына ықпал етті. Қазақ тілінде «Түркістан уәлаяты» (1870 ж.), «Дала уәлаяты» (1912 ж.) газеттері шығарылуы да қазақ әдеби тілінің нормалануына әсер етті.

XVI-XVII ғасырларда қолданылған түркілердің тағы бір жазба тіл үлгісі – армян қыпшақтары тіліндегі мұралар. Ислами мәдениеттен тыс дамыған армян қыпшақтары тілі мен шағатай жазба тілінен айтарлықтай айырмашылықтары болды. Бұл ескерткіштер тілі ескі қыпшақ тобындағы тілдердің ескі тілі ретінде қарастырылуда. Негізінен 1524-1669 жылдар аралығында жазылған армян қыпшақтары тілі мұралары Каменец-Подолск қаласындағы 28 армян сот актілері құжаттарын (1572-1663 жж.), Львов армян діни сотының актілік-метрикалық және қаржылық құжаттарын, Цецор компаниясы мен Хотин соғысын сипаттайтын «Каменец жылнамасын» (1620-621 жж.), «Венеция жылнамасын», «Польша жылнамасын», 1519 жылы Польша королі Сигизмунд бекіткен Мхитар Гошаның қосымша мақалалармен, түсініктемелермен толықтырылған «Сот құжаттарын», 5 армян-қыпшақ сөздігін, бірнеше грамматикалар мен шағын глоссарилерін, Андрей Торосовичтің «Философия тасының құпиялары» (1626 ж.) т.б., барлығы – 112 жазба ескерткішті қамтиды. Армян қыпшақтары мұралары негізінен қолжазба күйінде сақталған, 1618 жылы Иван Муратович Львов қаласында жариялаған «Алғыш Бітіг» (Дұға ережелері) кітабы армян-қыпшақтары тілінде баспадан шыққан жалғыз еңбек саналады¹.

¹ Гаркавец А. Н. Кыпчакск. писъм-е наследие. Том I. Каталог и тексты памятников армянским писъмом. – Алматы: Дешт-и-Кыпчак, 2002. – С. 184.

Армян-қыпшақ тілдерінің фонетикалық жүйесінде – 9 дауысты дыбыс қолданылады (*a, ä, e, i, i/u, o, ö, u, ü*); *q* дыбысының *x* дыбысына ұласуы, яғни қатар қатар қолданылуы кездеседі (*xar* ‘қар’, *ajax* ‘аяақ’); сөз қатаң дауыстылармен басталады (*taš* ‘тас’, *kel* ‘кел’); сөз соңындағы үнді дыбыстардың жіңішке айтылуы ұшырасады (*minʔ* ‘мың’, *seninʔ* ‘саған’); қосымша морфемал құрамындағы *q, k* дыбыстарының қарқындылығы аңғарылады (*xajtmaga* ‘қайтуға’, *bermägä* ‘беруге’, *satmmaxka* ‘сатуға’, *tölämäxkä* ‘төлемекке’); ауслаут *š, č* дыбыстарының және олардан кейін жалғанатын аффикстер басындағы *l* фонемасының тұрақтылығы (*xačlar* ‘крестер’, *išlär* ‘істер’); дауыстылардың палатальды ерін үндестігінің сақталуы. Армян-қыпшақ тілдерінің морфологиялық құрамындағы ерекшеліктер – барыс септігінің қосымшалары *-ka, -kä, -ga, -gä* тұлғасында қолданылады; есімдіктердің барыс септік тұлғасы *manʔa* ‘маған’, *sanʔa* ‘саған’, *anʔar* ‘оған’ түрінде беріледі; инфинитив форма *-maga, -mägä, -ma, -mä* форманттары арқылы жасадады; есімшелердің *-gan, -gän* формалары қолданылады; етістіктің қалау райы *-gaj, -gäj* қосымшаларынан жасалады; етістіктің осы шақ формасы *-ijir, -ijir* қосымшаларынан жасалады; көсемшелер жасауда *-günča, -günčä, -münča, -münčä, -gačox, -gäčox* қосымшалары қолданылады. Армян-қыпшақ тілдерінің лексикалық құрамы – діни сипаттағы арменизмдердің кездесуі; иранизмдер мен арабизмдердің аса көп еместігі, араб-парсы элементтері негізінен аударма мәтіндерде қолданылады; украин, поляк, латын тілдерінен енген кірме сөздердің молдығымен ерекшеленеді. Ескерткіш тілінің грамматикалық құрылымы славян тілдерінің күшті ықпалының әсерінен деформацияға ұшыраған.

Қазан төңкерісінен кейінгі (1917 жылдан кейін) кезеңді қамтитын ең жаңа дәуірде түркі тілдерінің дамуы қарқынды түрде жүрді. Түркі тілдері әдеби нормалық жағынан шыңдалып, стилдік тұрғыдан сұрыпталып жаңа деңгейге көтерілді. Әдебиет пен мәдениеттің, ғылымы мен техниканың, экономиканың өркендеуіне байланысты терминдер жүйесі кеңейіп, лексикалық қор

байи түсті, графика мен орфография жетілдірілді. Әрине бұл үдеріс түркі тілдерінің бәрін бірдей қамтыған жоқ, кейбір шағын санды түркі этностары тілдерін, жазба дәстүрін дамыта алмады.

Орыс тілінен немесе орыс тілі арқылы басқа тілдерден енген сөздердің көбеюі, жаңа емлелік ережелердің қалыптасуы түркі тілдерінің фонетикалық жүйесіне көп өзгерістер әкелді. Кеңестер Одағы құрамындағы барлық халықтарға кириллицаға негізделген жазу жүйесі енгізіліп (1939-1940 жж.), жаңа әліпбиді қолданудың орфографиялық принциптері бекітілгеннен кейін түркі тілдерінің фонетикалық жүйесі жаңа фонемалармен толықты. Мысалы, қазақ тілінің дыбыстық жүйесінде жоқ *ф, в, ч, ц, х, э* дыбыстары қабылданды, дауыссыз дыбыстардың қатар келуі көбейді (*диктант, гастроном, космонавт, тракторист* т.б.). Сондай-ақ қазақ тілінде мүлдем қолданылмайтын дауыстылардың тіркесі, сөз соңында *г, д* дыбыстарының келуі қалыптасты (*театр, геолог, теолог, завод, педагог, фонд, наряд* т.б.). Хакас тілі дауыссыздар жүйесіне *ф, в, ц, щ, ш, ж* дыбыстары, якут тілі дауыссыздар жүйесіне *ф, в, ц, щ, ш, ж, з*, чуваш тілі дыбыс жүйесіне *б, г, д, ж, з, ф, ц* дыбыстары енді. Мұндай өзгерістер Кеңестер Одағы құрамындағы барлық түркі тілдерінің фонетикалық жүйесіне тән болды.

Ғылым мен техниканың, мәдениет пен экономиканың дамуына орай лексикалық қор тек кірме элементтер негізінде ғана молаймай, тілдің ішкі мүмкіндіктерін қолданудың да аясын кеңітті: «Байырғы сөздердің жаңа ыңғайда қолданылуы әуелгі мағынаның шеңберін кеңейте түсетіні – ежелден келе жатқан тіл заңдылығы. Қазан төңкерісінен кейін бұл әдісті тиімді пайдалануға кең жол ашылды. Себебі, бұрын сөйлеу тілінде ғана қолданылатын сөздер экономиканың, мәдениет пен ғылымның т.б. қарыштап ілгерілеуіне байланысты басқа стильдік мағынаға ие болып, жаппай қолданыла бастады»¹. Жаңа ұғымды атауда тіліміздегі сөз тудырушы жұрнақтар да кеңінен қолданылды (*аялдама, көрермен, оқырман, ұшқыш, зиянкес, электр-*

¹ Қайдар Ә., Оразов М. Түркітануға кіріспе. – Алматы: Арыс, 2004. – Б.183.

лендіргіш, құрылтайшы т.б.); біріккен сөздер (еңбеккүн, қолжазба, балмұздақ т.б.); күрделі сөздер (ғылыми қызметкер, аға ғылыми қызметкер, кіші ғылыми қызметкер, көк базар, бала бақша, жоғары оқу орны т.б.). Мұндай өзгерістер Кеңес Одағы құрамындағы барлық түркі тілдеріне тән құбылыс (өзіндік ерекшеліктерімен) болды. Сондай-ақ түркі тілдері лексикалық қорынан түркі тілдерінің дыбыстық жүйесінің ерекшеліктері мен сөйлеу дәстүріне орай тұлғалық ерекшеліктерге ұшырап енген орыс сөздері де орын алды. Мысалы, қазақ тілінде *үстел* 'стол', *керует* 'кровать' т.б. Кейбір сөздер тұлғасымен қатар мағынасын өзгертіп қолданысқа енді, мысалы: орыс тіліндегі *момент* лексемасы қарақалпақ тілінде *мамент* тұлғасында қолданылып, 'уақыт, мерзім' мағынасында, *вечер* сөзі якут тілінде *биэчэр* түрінде қолданылып, 'жиын-той' мәнінде, *покой* сөзі *бакуой* түрінде пайдаланылып «бос уақыт»¹ мағынасын береді.

Түркі тілдері дамуының ең жаңа дәуіріндегі оң ықпалмен қатар кері ықпалдар да болды. Мәселен, орфографиялық нормаға сәйкес кейбір түркі тілдері жаңа фонемаларды қабылдай отырып, кейбір төл дыбыстарын жоғалтты, мысалы ауызекі қырғыз тілінде қолданылатын *q* дыбысы жаңа әліпбиге енгізілмеді. Орфографиялық емле-ережелерге сәйкес уақыт өте келе кейбір түркі тілдеріндегі үндестік заңы да өзгерістерге ұшырай бастады, жаңа ұрпақ қалай оқыса, солай сөйлейтін болды. Мысалы, қазақ тіліндегі өзі де әлсіз ерін үндестігі одан әрі әлсіреді. Ұлттық мектептер санының аздығына, жоғары оқу орындарындағы сабақтардың орыс тілінде (филологиялық мамандықтардан басқа) жүргізілуіне, жалпы қоғамдық өмірде орыс тілінің басымдық алуына байланысты түркі тілдерінің қолданыс аясы тарылды.

Түркі тілдерінің дамуын түркі халықтарының тарихымен сабақтастыра, туыс, туыстас және басқа жүйедегі тілдермен байланысы негізінде қарастыру түркология ғылымының басты ұс-

¹ Баскаков Н.А. Введение в изучение тюркских языков. – Москва: Высшая школа, 1969. – С.196.

танымдарының бірі болуына орай түркі тілдері дамуының жаңа және ең жаңа дәуіріндегі түркі және орыс тілдері арасындағы лингвоконтактологиялық жағдаятты зерттеу де лингвистикалық түркітанудың өзекті мәселелері қатарына жатады.

Жалпы түркі тілдері дамуының ең жаңа кезеңін Н.А.Баскаков екі кезеңге – 1917-1928 жылдар аралығы, 1928 жылдан кейінгі мерзім деп екіге бөледі¹. Кеңес одағы тарағаннан кейін түркі тілдері дамуының бағыт-бағдары жаңаша сипат алып, «тіл тағдыры – ұлт тағдыры», «түркі тілдерін дамыту – жалпытүркілік рухани құндылықтар мен жалпытүркілік болмысты сақтаудың кепілі» идеясы алдыңғы қатарға шықты. Дербес мемлекеттігін құрған елдердің ұлттық тілдеріне «мемлекеттік тіл» мәртебесі берілді, тіл тазалығын сақтау мәселелері көтеріліп, жаңа ұғымды атауда, кірме элементтерді қабылдауда, мүмкіндігінше, ана тілінен баламасын тауып қолдану немесе сөзжасам тәсілдері арқылы жаңа ұғым атауын қалыптастыруға айрықша мән берілуде. Термин қабылдаудың немесе терминжасамның басты қағидасы ретінде тілдің ішкі мүмкіндігін толық пайдалану негізге алынып, түркі тілдері бойынша терминжасам жүйесін біріздендіру мәселесі көтерілуде.

Жалпы лексикалық байлықтың үлкен бір саласын ғылыми-техникалық терминдер құрайды. Зерттеушілердің көрсетуі бойынша, қазақ тіліндегі терминдердің жалпы саны орыс және интернационалдық терминдер мен қазақ тілі негізінде жасалған терминдерді қоса есептегенде, қазақ тілінің байырғы, яғни төл сөздерінің санынан асып барады, яғни терминдер төлтума өз сөздерімізден көп. Жер бетінде ауыс-түйісі жоқ тіл кездеспейді, бірақ заңды түрдегі ауыс-түйістің де белгілі шегі болуы қажет. Егер басқа тілден енген сөздер белгілі бір мөлшерден көбейе бастаса, онда тілдің табиғатына, табиғи түрде дамуына нұқсан келеді. Өйткені әр тілдің өзіндік фонетикалық, лексикалық, морфологиялық, семантикалық даму заңдылықтары

¹ Баскаков Н.А. Введение в изучение тюркских языков. – Москва, 1969. – С. 187.

бар және ол заңдылықтар түгел сақталған жағдайда ғана тіл өз қасиетін сақтап қалады. Ал сыртқы әсер күшейген сайын тіл өз еркінен айрыла бастайды. Ғылым мен техниканың дамуына, қоғамдық-әлеуметтік, экономикалық өзгерістерге байланысты тілімізге еніп жатқан терминдер ағымын тоқтату мүмкін емес. Тек оларды түркі тілдерінің ішкі заңдылығына бейімдеп енгізу ғана тіл табиғатының бұзылмауына ықпал етеді. «Терминологиялық лексиканы өз бетімен жіберу деген сөз – тілді ұлттық қасиеттен жұрдай етумен пара-пар»¹. Сондықтан түркі тілдеріндегі терминологиялық жүйені біріздендіру біріншіден, түркі тілдерінің төл заңдылықтарының сақталуына, түркілік табиғатының бұзылмауына кепілдік берсе, екіншіден, түркі халықтары тілдері арасындағы алшақтықтың одан әрі дамымауына ықпал етеді.

Тілге қатысты іс-шараларға әсіресе Қазақстан, Өзбекстан, Қырғызстан, Түркіменстан, Әзірбайжан тәрізді дербес мемлекетін құрған түркі халықтары ерекше мән беруде. Түркі мемлекеттері арасында ортақ әліпби енгізу мәселесі де көтерілуде. Сондықтан 1991 жылдан бергі мерзімді түркі тілдері дамуындағы ең жаңа дәуірдің үшінші кезеңі деп бөліп қарастырған жөн.

¹ Қайдар Ә. Қазақ тілінің өзекті мәселелері. – Алматы: Ана тілі, 1998. – Б. 120.

ТҮРКІ ТІЛДЕРІН ГЛОТТОГЕНЕАЛОГИЯЛЫҚ ЖӘНЕ ГЛОТТОХРОНОЛОГИЯЛЫҚ ТҮРҒЫДАН КЛАССИФИКАЦИЯЛАУ МӘСЕЛЕЛЕРІ

§1. Түркі тілдерін классификациялаудың теориялық-әдіснамалық және тарихи ұстанымдары

Еуразия құрлығындағы мыңдаған жылдық тарихы бар ежелгі түркітөктес тайпалар тілінің мұрагері, түркі тілдерінің бізге жеткен ең көне жазба үлгісі – VI-IX ғасыр түркі руникалық ескерткіштері. Түркі тілдері дамуының ерте орта ғасырдағы көне түркі кезеңіне дейінгі қалып-күйін танытатын бірен-саран сөздер мен бір-екі қысқа сөйлемдерден басқа (қытай жазбаларында сақталған үйсін, қаңлы сөздері, сақ дәуіріне жататын жазба мұралар) көлемді жазба мұралар сақталмады. Ежелгі шумер жазуындағы, америка үндістері тіліндегі, корей-жапан тілдеріндегі түркі сөздерімен тұлғалық-мағыналық жағынан сәйкес келетін лексемалар түркі тілдерінің ежелгі тарихын саралауда маңызды болса да, оларды тікелей түркі тілдеріне қатысты жіктемелік деңгейде қарастырудың теориялық негіздемесі әлі жасалған жоқ. Сондықтан түркі тілдерін тарихи-хронологиялық және тарихи-генеалогиялық тұрғыдан жіктеу көне түркі ескерткіштерінің тіліне, орта түркі ескерткіштеріне жататын ескі жаз-

ба тілдері мен қазіргі түркі тілдеріне жасалады және ең көне тілдік белгілер ретінде VI-IX ғасыр түркі мұралары – Орхон, Енисей, Талас ескерткіштері тіліндегі орта ғасыр ескерткіштері мен қазіргі тілдерде сирек кездесетін лингвоиндикаторлар алынады.

Грамматикалық құрылымы мен сөздік құрамы бойынша жалпытүркілік тілдік одаққа жататын түркі тілдерінің дамуы күрделі тарихи-лингвистикалық үдерістер мен тарихи-этникалық үдерістердің өзара ықпалдастығынан тұрады. Бір негізден өрбіген түркі тілдері ұзақ жылдар бойы дамып, жетіліп, өзара және өзге жүйедегі тілдермен ұдайы қарым-қатынаста бола отырып, өзіндік ерекшеліктерімен қалыптасты. Әрбір тілдің даму, қалыптасу жолы да, өзара туыстық деңгейі де әртүрлі.

Туыс тілдердің фонетикалық жүйесіндегі, морфологиялық құрылымы мен лексикалық құрамындағы, синтаксистік конструкциясындағы ортақтықтар мен ерекшеліктерді анықтау қазіргі түркі тілдерінің тарихи даму жолын көрсетіп, әрбір тілдің өзіндік табиғатын айқындауда, олардың түркі тілдері жүйесіндегі орнын белгілеп, өзара туыстық қатысын ажыратуда айрықша орын алады. Түркі тілдерін генеалогиялық тұрғыдан топтап, қалыптасу кезеңдерін анықтап, классификация жасаудың қажеттілігі де осы мәселеден туындайды.

Жалпы әлем тілдерін ортақ белгілері бойынша туыстық негізде жіктеп, зерттеу жүргізу тіл білімі тарихында бұрыннан белгілі. Салыстырмалы-тарихи әдіске сүйеніп жүргізілетін генеалогиялық классификация салыстырмалы-тарихи тіл білімі жүйесінде қалыптасты. Тілдердің туыс тілдер деп саналуы үшін, ең алдымен, олардың лексикалық қорында семантикалық жағынан да, тұлғалық жағынан да бірдей немесе ұқсас сөздердің басым болуы шарт. Осы ортақ лексика негізінде олардың фонетикалық жүйесіндегі, грамматикалық құрылымындағы ортақтықтар мен ерекшеліктер айқындалады.

Туыс тілдерге генеалогиялық классификация жасауда өзара жақын барлық тілдердің жеткілікті дәреже зерттелмеуі, олар бірібірімен тығыз қарым-қатынаста болғандықтан тілдік элемент-

тердің тілден-тілге ауысуы тәрізді мәселелер қиындық тудырады. Түркі тілдерін генеалогиялық тұрғыдан топтастыруда басты қиындықтардың бірі – көне дәуірлерде өмір сүрген, өзіндік тілдік ерекшеліктері бар түркі тектес ру-тайпалардың қазіргі түркі халықтарының құрамына шашырай таралуы, яғни түркі тайпалары жеке-жеке халық болып қалыптасу барысында тек қандықтыстық негізде ғана емес территориялық-аймақтық негізде де шоғырлануы. Сондықтан түркі тілдеріне генеалогиялық классификация жасауда тек олардың тілдік ерекшеліктері ғана ескерілмей, әрбір халықтың этностық құрамын да негізге алу басты ұстанымдардың бірі болып табылады. Кейбір түркі тілдерінен жалпытүркілік ортақтықтардан басқа ерекше сәйкес белгілердің көрініс беруі генетикалық туыстықтың емес, тіл иелері болып табылатын түркі этностарының тығыз қарым-қатынасының ықпалы болуы да мүмкін. Бұл түркі тілдеріне генеалогиялық тұрғыдан классификация жасаудың аса күрделілігін сипаттайды.

Түркі тілдерінің шынайы генеалогиялық классификациясы мен дифференциациялану хронологиясын (глоттохронологиясын) анықтауда туыс тілдер арасындағы үздіксіз қатынастар маңызды рөл атқарады. Осы уақытқа дейін түркі тілдерінің бірнеше классификациялары ұсынылды. Әрбір классификацияның өзіндік жетістіктері де, кемшіліктері де болды, тілдік деректердің қамтылу деңгейі де, тілдік белгілер мен тарихи белгілердің сәйкестендірілу деңгейі де әртүрлі. Заманауи лингвистикалық түркітанудың зерттеу нәтижелерінің толығына байланысты түркі тілдерінің генеалогиялық шежіресін жасау, яғни генеалогиялық классификация мен тілдің қалыптасу кезеңдерін қатар қамтитын шынайы классификация түзу мәселесі көтерілуде, соған сәйкес түркі тілдерін іштей жіктеудің амал-тәсілдері мен ұстанымдарын қамтитын теориялық-методологиялық базаның ауқымы да кеңейе түсті.

Лингвистикалық түркітанудың өзегі – салыстырмалы-диахрониялық, салыстырмалы-синхрониялық зерттеулер. Себебі, бұл

кез келген құбылысты хронологиялық және локальдық сипатына қарай өзара қарайластыра отырып, өзі тектес құбылыстардан қашан, қайда, қалай жіктелгенін, тарихи және құрылымдық жүйесінің қалыптасу жолдарын қарастырады және тектес құбылыстарды құрылымдық-мазмұндық белгілері мен заңдылықтарына қарай топтастырып отырады. Мұндай салыстырмалы зерттеулер түркі халықтарында кеңінен таралып кеткен ортақ тарихи, мәдени және тілдік құбылыстарды тұтас қамту үшін ғана емес, олардың себеп-салдарын, пайда болу, даму, өзгеру жолдарын анықтау үшін де қажет. Салыстыра зерттеуді қамтамасыз ететін бастапқы ортақ белгілерді жинақтау белгілі бір заңдылықтар мен жүйелілікке негізделеді.

Әлем тілдерінің грамматикалық құрылымы мен олардың тарихи даму жолының жан-жақты зерттелуі компаративті, контрастивті, контактологиялық, универсальды-типологиялық, ареалдық-географиялық т.б. тұрғыдан зерттеу нысанына алынатын тілдердің ауқымын кеңейтті. Сондықтан генетикалық тегі бір түркі тілдеріне глоттогенеалогиялық, глоттохронологиялық классификация жасау барысында туыс тілдермен ғана шектелмей, дәстүрлі шегарадан шығып, басқа жүйедегі тілдер мен тілдік топтардағы ортақ типологиялық лингвоиндикаторлады кеңінен қолдану қажет. Бұл еуроцентристік бағыттағы дәстүрлі түркология шектеп тастаған түркі тілдерінің тарихи тамырын тереңдетуге ықпал етеді. Осыған орай лингвистикалық түркітануға салыстырмалы зерттеулердің шеңберінен шығып, салғастырмалы-типологиялық зерттеулерге де сүйенуіне тура келеді.

XXI ғасыр тіл білімінің дамуы бір жүйедегі туыс тілдердің, тілдік семьялардың немесе тығыз тарихи-лингвистикалық қарым-қатынаста болған әр түрлі жүйедегі тілдердің, тілдік бірлестіктер мен тілдік одақтардың құрылымына шынайы әрі қайшылықсыз сипаттама беру мақсатына орай зерттеудің жаңа категориялық парадигмаларын енгізу және тәжірибеден өткен дәстүрлі әдістемелік амал-тәсілдерді жетілдіру арқылы әлем тілдерін дескриптивті және компаративті тұрғыдан зерттеудің

теориялық-методологиялық ұстанымдарының тереңдеуімен сипатталады. Тіл білімі тарихындағы – формальды-құрылымдық, генеративті, квантативті, функциональды т.б. бағыттар мен лингвистикалық типология, дифференциалды лингвистика, этнолингвистика, лингвомәдениеттаным, когнитивті лингвистика т.б. жаңа салалардың ғылыми ұстанымдары мен методологиялық негіздерін салыстырмалы-тарихи ұстаныммен сабақтастыра отырып компаративистік лингвистикада қолданудың тәжірибесі қалыптасты. Соның нәтижесінде тілді, тілдік семьялар мен тілдік одақтарды компаративті, типологиялық, генеративті, ареалдық-географиялық, контактологиялық бағыттардың синтезі негізінде зерттеудің тиімділігі айқындалды.

Қазіргі компаративті тіл білімі өзінің дербес лингвистикалық сала ретінде қалыптасып-дамуының алғашқы кезеңдеріндегідей үнді-еуропа тілдерінің деректеріне ғана емес, әлемдегі барлық белгілі тілдер мен тілдік топтардың, тілдік семьялардың эмпирикалық материалдарына сүйенеді. Мұндай мүмкіндіктің тууына бұрын зерттелмеген немесе аз зерттелген, жазба дәстүрі қалыптаспаған немесе жазба мұралары тым сирек кездесетін тілдердің де грамматикалық сипаттамалары мен генетикалық, типологиялық классификацияларының жасалуы себеп болып отыр. Бұл лингвистикалық түркітанудың да мүмкіндігін кеңейтіп, ғылыми-теориялық және методологиялық әлеуетін арттырады.

Түркі тіл білімінің өткен ғасырдың екінші жартысынан бергі жетістіктері – бұрын белгісіз болып келген жазба ескерткіштердің табылуы және оқылуы, тірі түркі тілдерінің барлығының дерлік синхронды сипаттамасының жасалуы лингвистикалық түркітанудың эмпирикалық базасын толықтырып, түркі тілдерінің шынайы глоттохронологиялық және глоттогенеалогиялық шежірелерінің жасалуына, тіл ерекшеліктерін толық қамтитын сипаттамалы-синхронды және салыстырмалы-диахронды грамматикалардың дайындалуына, этимологиялық, түсіндірме т.б. сөздіктердің түзілуіне мүмкіндік тудырып отыр.

Түркі тілдеріне глоттогенеологиялық және глоттохронологиялық классификация жасау лингвистикалық түркітанудың ғылыми-методологиялық негізін құрайтын салыстырмалы-тарихи ұстаныммен қатар жалпы тіл білімінің және тарих (археология, этнология т.б.), биология (антропология), география, статистика т.б. ғылым салаларының (лингвистикалық зерттеуге қажетті) амалдары мен ғылыми ұстанымдарын кешенді түрде қамтиды.

Салыстырмалы-тарихи талдау әдісі туыс, туыстас тілдер дамуының тарихи заңдылықтарын анықтау үшін салыстырмалы тіл білімінде қолданылатын зерттеудің әдіс-тәсілдер жиынтығы. Тіл тарихын танып білудің, тіл бірліктерінің архиформалары мен архисемаларын анықтаудың, туыс тілдердің өзара жақындық деңгейін айқындаудың, туыс тілдердің өзіндік даму бағытын шамалаудың маңызды құралы болып табылатын салыстырмалы-тарихи әдіс екі бағытта жүргізіледі: ретроспективті бағыт – қазіргі кезеңнен ежелгі, көне дәуірлерге қарай (тілдің қазіргі күйінен бастапқы күйіне қарай) және проспективті бағыт – ертедегі дәуірлерден қазіргі кезеңге қарай (тілдің бастапқы күйінен қазіргі күйіне қарай) зерттеу. Салыстырмалы – тарихи әдістің мақсаты – туыс, туыстас тілдердің прототілдік, пратілдік модельдерін жобалау, олардың диахрониялық дамуын, дербес тілдердің жіктелу үдерісін бағдарлау және бір негізден өрбіген тілдердің құрылымындағы ерекшеліктерді салыстырмалы тұрғыдан сипаттау. Салыстырмалы-тарихи әдістің нәтижесінде тілдердің өзара туыстық деңгейін анықтауға, салыстырылып отырған тілдердің фонетикалық, морфологиялық, лексикалық, синтаксистік деңгейлеріндегі сәйкестіктер мен өзгешеліктерді айқындауға, сол тілдердің қалыптасуына негіз болған тектілдің тілдік бірліктерінің архиформаларын реконструкциялауға, тілдік заңдылықтардың қалыптасу кезеңін шамалауға, тілдердің генеологиялық және тарихи-хронологиялық классификациясын жасауға мүмкіндік туады.

Салыстырмалы-тарихи әдісті қолданудың басты шарты салыстырылатын туыстас тілдердің әр деңгейдегі (фонема, морфема, лексема т.б.) сәйкестіктері анықталуы және белгілі бір жазу дәстүрі бар негіз-тілдің болуы қажет. Үндіеуропа тілдерін салыстыру үшін санскрит, хетт-лувия тілдері негіз-тіл ретінде алынса, түркі тілдерін салыстыру үшін Орхон, Енисей, Талас жазба ескерткіштерінің тілі негіз-тіл ретінде алынады. Бұл жерде есте ұстайтын бір мәселе, тарихи грамматика (тарихи фонетика және тарихи лексикология салаларын қоса) әдеби жазба тіл тарихына қарағанда әлдеқайда ауқымды. «Тарихи грамматиканың зерттейтін, түсіндіретін объектісі – күнделікті тұрмыстық қатынаста жасалатын сөйлеу тілінде ғана емес, бүкіл тіл жүйесіндегі тарихи өзгерістер. ...тарихи грамматика өз тұжырымын, өз қорытындысын нормаланған, жүйеленген әдеби тіл (жазба түрінде де, ауызша түрінде де) ескерткіштері негізінде де»¹, ауыз әдебиеті үлгілері негізінде де жасайды. Сондықтан салыстырылатын тілдердің әдеби тілі, ауызекі тіл, диалект, фольклор тілі т.б. зерттеу материалы бола алады, тек салыстырудың бағыт-бағдары мен мақсатына қарай таза түркілік қабат пен кірме қабатты ажырата білу керек.

Салыстырмалы-тарихи әдіс салыстыру тәсілін кең ауқымда да, тар ауқымда да пайдаланады, яғни салыстыру нысаны ретінде жеке құбылыстар мен заңдылықтар да, тұтас тілдік жүйе де алынады. Тілдердің даму жолын тарихи тұрғыдан зерттеу негізінен екі түрлі: ретроспективті (қазіргі күйінен көнеге қарай) және проспективті (көнеден жаңаға қарай) бағытта жүргізіледі. Қазіргі салыстырмалы-тарихи тіл білімінде типологиялық, квантативті, болжамдық, модельдеу, лингвогеографиялық немесе ареалдық, танымдық-логикалық тәсілдер де қолданылады.

Жалпы тіл білімінде салыстырмалы-тарихи әдістің негізін салушылар ретінде Ф.Бопп, Р.К.Раск, Я.Гримм т.б. сынды батыс ғалымдары көрсетіледі. Неміс лингвисті Ф.Бопп (1791-1867 жж.)

¹ Томанов М. Тіл тарихы туралы зерттеулер. – Алматы: Ғылым, 2002. – Б.9.

өзінің 1816 жылы жарық көрген «Система спряжения в санскрите в сравнении с греческим, латинским, персидским и германскими языками» атты еңбегінде салыстырмалы-тарихи әдісті қолданса, Р.К.Раск грамматикалық формаларды, Я.Гримм туыс тілдердің тарихи дамуын салыстырмалы тұрғыдан саралайды..

Батыста тілдердің туыстығы туралы алғашқы идеялар XVII ғасырдың соңы мен XVIII ғасырдың алғашқы жылдарында айтыла бастағанымен (Г.Б.Лейбниц, Э.Гишар, И.Ю.Скалигер, Ф.Ю.фон Страленберг т.б), салыстырмалы-тарихи тіл білімінің қалыптасуы XVIII ғасырдың соңы мен XIX ғасырдың алғашқы жылдарына сәйкес келеді. И.Гердердің «Тілдің пайда болуы туралы трактат» (1770 ж.) атты еңбегі салыстырмалы-тарихи тіл біліміндегі алғашқы еңбектер қатарына жатады. Лингвофилософиялық бағытта жазылған И.Гердердің еңбегінде туыс тілдердің салыстырмалы деректері фрагментарлы түрде беріледі, трактаттың концепциясы: тілдің пайда болуы мен қарай дамуы табиғи заңдылықтарға негізделеді; тіл мәдениетпен, қоғаммен тығыз байланыста дами-ды; тіл – ұлттық рухтың маңызды бөлігі болып табылады¹.

Салыстырмалы-тарихи тіл білімінің зерттеу методологиясын қалыптастыруға үлес қосқан ғалымдар қатарында – И.К. Аделунг (XIX ғ.), У.Джоунз (XVIII ғ.), Ф.фон Шлегель, Г.Б.Лейбниц, В.фон Гумбольд т.б. батыс лингвистерін атауға болады.

Түркі тілдерін ғылыми тұрғыдан салыстырмалы-тарихи әдіс арқылы зерттеу О.Бетлинг, В.В.Радлов, П.С.Паллас, Н.Ф.Катанов, Н.И.Ашмарин, П.М.Мелиоранский, А.Н.Самойлович, В.А.Богородицкий т.б сынды ғалымдардың еңбектерінен басталды. Бұл әдіс түркі тілдеріне Еуропа және орыс ғалымдарының еңбектері арқылы ене бастады дегенімізбен, түркі топырағында салыстырмалы-тарихи әдіс XI ғасырда-ақ қолданылған. М.Қашқари өзінің «Диуани лұғат-ит түрк» шығармасында бірнеше түркі тілдерінің деректерін салыстыра отырып отызға жуық тұлғалық өзгерістерді көрсетеді². Бұл классикалық араб тіл білімен сабақ-

¹ Гердер И.Г. Трактат о происхождении языка. – Москва, ЛКИ, 2007. – С. 88.

² Қашқари М. Түрік сөздігі. I том. – Алматы, 1997. – Б. 57-60.

таса дамыған түркі тіл білімінде XI-XII ғасырларда-ақ бір негізден тараған түркі тілдерін салыстырмалы-тарихи зерттеудің әдіснамалық негізі қалыптаса бастағанын көрсетеді. Қазіргі таңдағы салыстырмалы-тарихи түркі тіл білімінде (лингвистикалық түркітану) салыстырмалы-тарихи әдісті түркі тілдерінің фонетика-фонологиялық жүйесіндегі, морфологиялық құрылымындағы, лексикалық қорындағы, семантикалық дамуындағы, синтаксистік конструкциясындағы ортақтықтар мен айырмашылықтарды анықтап, салыстырылып отырған тілдердің туыстық қатынасын көрсету, әрбір тілдің өзіндік ерекшеліктерін саралап, тарихи орнын белгілеу мақсатында кеңінен қолданылады. Сондай-ақ, салыстырмалы-тарихи талдау әдістері тек құрылымдық бағыттағы зерттеулерде ғана емес, туыс халықтардың дүниетанымдық және этномәдени ортақтықтары мен ерекшеліктерінің тілдегі бейнесін саралауға бағытталған антропоэзектік парадигма аясынағы зерттеулерде де қолданылуда.

Салыстырмалы-тарихи талдау әдісінде қолданылатын негізгі зерттеу амалдары:

1. Салыстырмалы-тарихи әдіс – тарихи тіл білімінің зерттеу әдіснамасындағы ең нәтижелі амал. Туыс тілдердің салыстырмалы-тарихи грамматикасын түзуде, гомогенді тілдік бірліктерді реконструкциялауда (архифонемалар мен архетиптер); тілдерді классификациялауда аса маңызды¹. Салыстырмалы-тарихи әдіс лингвистикалық деңгейлер мен салаларға қатысты сараланады: фонетикалық, фонологиялық, морфемдік, морфологиялық, семантикалық, этимологиялық, синтаксистік т.б. талдау әдістері.

2. Ареалдық әдіс – арқылы әр алуан бағыттардағы диалектілік аймақтардың, изоглоссалардың шегін анықтауға болады. Тіларалық және диалектіаралық изоглоссалардың мәліметтері

¹ Тенишев Э.Р. О методах и источниках сравнительно-исторических исследований тюркских языков //Избранные труды. Книга первая. – Уфа: Гилем, 2006. – С. 22-23.

ежелгі тілдер мен тілдік топтардың туыстық дәрежесін шама-лауға ықпал етеді.

3. Типтік модификация (фреквенталий) және тілдік универсалий әдістері – әлем тілдеріне тән типологиялық сәйкестіктері мен ортақтықтар арқылы белгілі бір тілдің немесе тілдік семьяның даму жолын анықтауға ықпал етеді¹, мысалы түркі тілдеріне тән ерекшеліктер басқа жүйедегі роман, славян, кавказ т.б. тілдерден де байқалуы мүмкін, мұндай ортақ белгілерді салыстыра зерттеу арқылы да түркі тілдерінің глоттохронология мен глоттогенеологиясына қатысты нәтижелерге қол жеткізуге болады.

4. Жүйелі-диахрондық әдіс – тілдік бірліктерді зерттеу барысында тарихи-хронологиялық (мысалы, көне түркі, орта түркі, қазіргі түркі), деңгейлік (фонетикалық, морфологиялық, лексикалық) жүйелілікті сақтай отырып салыстырмалы талдау жасау тілдердің қалыптасу кезеңі мен туыстық деңгейін шама-лауға ықпал етеді.

5. Лингвистикалық статистика әдісі – тілдік бірліктердің сандық, пайыздық көрсеткіштерін, статистикалық жіктелуін, қолданыс жиілігін айқындап, олардың статистикалық сипаттама-сын беру үшін қолданылады. Тілдік деңгейлерге байланысты фонемалық статистика, морфемдік статистика, лексикалық статистика әдістері қолданылады. Лингвостатистикалық әдіс – туыс тілдердің лексикалық қорындағы гомогенді материалдардың тұлғалық, семантикалық ортақтықтары мен ерекшеліктерінің сандық көрсеткішін анықтап, соның нәтижесінде тілдердің туыстық деңгейін, негіз тілдің ыдырауы мен нақты тілдердің қалыптасу кезеңдерін анықтауға, яғни глоттогенеологиялық және глоттохронологиялық классификация жасауға мүмкіндік береді.

¹ Серебренников Б.А. Вероятностные обоснования в компаративистике. – Москва: Наука, 1974. – С. 3-16; Топоров В.Н.. Сравнительно-историческое языкознание//Лингвистический энциклопедический словарь. – Москва, 1990. – С. 486-490.

Лексикостатистикалық әдісте салыстырылатын гомогенді лексемалардың тұлғалық-семантикалық өзгерістеріне әсер ететін альтернативалық құбылыстар мен тарихи дыбыс сәйкестіктерінің бағыт-бағдарының анықталуы, материалдың түркі жазба ескерткіштері тіліндегі лексикамен сәйкестендіріліп жинақталуы және салыстырылатын тілдік деректердің неғұрлым ауқымды болуы маңызды. Талдаудың принципі бойынша ең жақын туыстас тілдердің сәйкестік пайызы жоғары болады, ал осы тілдерден тұратын тілдік топтың өзге топтағы тілдермен сәйкестік пайызы төменірек болады, Ең жоғары пайыздық көрсеткіші бар тілдер бір топқа кіретін ең жақын тілдерді анықтайды. Мысалы: «А және В тілдерінің ең жоғарғы сәйкестік пайызы 89% болған жағдайда С тілімен сәйкестік пайызы 60% болады. (нақты сәйкестіктер А мен С~60% , В мен С~72%). Осылайша В және С тілдерінің арасында соңғы кезеңдерде пайда болған контактологиялық алмасулардың қамтылуына мүмкіндік берілмейді»¹.

Түркі тілдеріне глоттогенеологиялық және глоттохронологиялық классификация жасаудың басты ұстанымы – салыстырылатын тілдік материал сәйкестігінің (құрылымдық, семантикалық, тілдік деңгейлік, статистикалық т.б.) сақталуы, тарихи аспектілер мен локальдық-ареалдық ерекшеліктердің ескерілуі. Тіл тарихы мен сол тілде сөйлеуші этнос тарихын сабақтастыра қарастырғанда ғана түркі тілдерінің шынайы жіктемесін жасауға қол жеткізуге болады.

Глоттогенез бен этногенез сабақтастығы. Глоттогенез бен этногенез сабақтастығы белгілі бір дәрежеде антропология мен археологияның метаұғымдарын қамти отырып, антропологиялық, археологиялық тіл біліміне ұласады. Глоттогенез (грек. *glotto* `тіл`, *genesis* `шығу тегі`) – жалпы адамзаттың табиғи дыбыстық тілінің қалыптасу үдерісін сипаттайтын термин. Тілдің философиялық және психологиялық мәнін түсі-

¹ Мудрак О.А. Классификация тюркских языков и диалектов: (с помощью методов глоттохронологии на основе вопросов по морфологии и исторической фонетике). – Москва: РГГУ, 2009. – С. 15-32.

нумен, жалпы адам онтологиясымен сабақтастықта қалыптасқан глоттогенез салыстырмалы тіл білімі мен тарихи типология саласындағы лингвистикалық тәсілдер арқылы зерттеледі. Глоттогенез теориясы (А.Тромбетти, Б.Розенкранц т.б.) тілдің пайда болуы мен дамуын зерттейтін тіл білімінің глоттогония (грек. *glotto* `тіл`, *gonos* `туу`) саласымен ұласады. Тіл бар жерде этнос бар, этнос бар жерде тіл бар. бұл глоттогенез бен этногенездің тығыз байланысын сипаттайды. Этногенез (*etnos* `халық, тайпа`, *genesis* `шығу тегі`) этностың, тайпаның, халықтың қалыптасуы мен дамуын, құрамын зерттейтін этнология ғылымының бір бағыты.

Жалпы адамзат тарихының, этнос тарихының бірден-бір куәгері – тіл. Адамзат әлемі тарихи даму эволюциясының екі саласы – этногенез бен глоттогенездің байланысы да осы тұстан айқын көрінеді. Материалистік глоттология да тіл тарихы мен ел тарихының даму үдерістеріне негізделеді. Этногенез бен глоттогенез әрқашан ұштасып, өзара сабақтасып жатқанымен, абсолютті түрде қатар жүрмейді. Тарихшылардың айтуы бойынша Еуразия континентінің кең-байтақ аумағында энеолит дәуірінің соңына қарай (б.з.б. III-II мыңжылдық) жеке рулардың бірігуі әсерінен ірі тайпалық топтар құрыла бастаған, ал жеке ру-тайпалар тілінің бірігіп сұрыпталуы нәтижесінде ірі этностар тілінің қалыптасуы неолит дәуірінде (б.з.б. IV-III мыңжылдық) басталуы мүмкін. Бұл болжам осы өлкені ежелгі жергілікті тұрғындарының бүгінгі ұрпақтарының бірі – түркілерге де қатысты. Түркі халықтарының шығу тегі туралы мәселенің көптеген аспектілері ішінде лингвистикалық және антропологиялық қырларының орны ерекше. Белгілі бір аумақта өмір сүруші адамдардың шығу тегі мен географиялық ортасының бірлігіне байланысты биологиялық жиынтығы шартты түрде алғанда физикалық және генетикалық сипаттамалар негізінде анықталатын антропологиялық тұрпатта болады¹.

¹ Қазақстан тарихы. II том. – Алматы, 1998. – Б.264.

Тарихшылар «...мәдениет, тіл және этнос сияқты әлеуметтік құбылыстарға қарағанда, адамның қай нәсілге жататындығы немесе антропологиялық тұрпаты шын мәнінде неғұрлым тұрақты болады. Ал алдыңғылары антропологиялық тұрпатын өзгертпей-ақ бірінен екіншісіне біршама оңай өтуі мүмкін, өйткені адамдардың дене келбеті мен өздеріне тән морфологиялық белгілері тікелей қарым-қатынас немесе араласу болмайынша таралмайды» деп көрсетеді¹. Бұл тілдің әлеуметтік қызметі негізінде, жалпы адамзаттың нәсілдік бөлінісі тұрғысынан берілген сипаттама. Сондай-ақ, басым топтың шағын топты (этносты) жұтып қоюы негізінде шағын немесе тәуелді этностың тілі жойылып, басым немесе белсенді этностың тілін, мәдениетін қабылдауы, синхрондық деңгейде алғанда отарлау жүйесі негізінде тілден тілге өту немесе адамдардың өз еркімен өркениетті елдердің тілін қабылдау тәрізді факторлар негізге алынған. Ал тілдің күрделі әрі сан қырлы табиғатын кең ауқымда, әсіресе ұлттық сананы, рухани болмысты қалыптастырушы құбылыс ретінде қарастырсақ кез келген этностың тілінде (ана тілінде) гендік бояудың тұрақтылығы анық байқалады. Белгілі бір қауым өкілдерінің гендік және морфологиялық белгілері, жалпы антропологиялық тұрпаты (антропометриялық, серологиялық, одонтологиялық, дерматоглификалық, краниологиялық, палеонтопологиялық негізде) халықтың этникалық тарихынан, басқа қауымдармен байланысынан, мәдени-тарихи кезеңдердегі орын ауыстыруынан, кәсіби бейімділігінен т.б. сипаттарынан белгі беретіндігі, яғни халықтың этникалық генезисін анықтап бере алатыны сияқты тіл де сол тілде сөйлеуші этностың қалыптасу тарихы, этностық құрамы, тарихи-мәдени байланыстары, дүниетанымы, салт-дәстүрі, наным-сенімі, кәсібі, географиялық ортасы т.б. көптеген мәселелерден мәлімет бере алады. Гуманитарлық ғылым салаларындағы антропоцентристік бағыттың қалыптасу тарихының алғашқы кезеңінде этнос болмысын оның тілі арқылы танып білуді мақсат

¹ Қазақстан тарихы. II том. – Алматы, 1998. – Б.264.

ететін лингвистиканың бір саласы – этнолингвистиканың баламасы ретінде антропологиялық лингвистика терминін қолдану үрдісінің байқалуы да тіл мен антропологияның осы қасиеттеріне байланысты болды.

Тілдің дерек көзі ретіндегі қызметі жайлы академик Ә.Қайдар «Этнос туралы кейбір деректер бүгінгі ұрпаққа археологиялық қазбалар мен сәулет кесенелері, тас мүсіндер мен қашалып жасалған тас ескерткіштер арқылы жетуі мүмкін. Бірақ бұлардың бәрі – этнос басып өткен өмірдің мың бір елесі ғана. Этностың шынайы бейнесі, болмысы оның тілінде ғана, тілі арқылы ұрпақ жадында сақталады. ... «тіл әлемі» дегеніміз – этнос болмысына қатысты мыңдаған, тіпті миллиондаған мағыналық бірліктерді жиынтығы, синтезі» деп тұжырымдайды¹.

Еуразия өңірінде антропологиялық және лингвистикалық процестердің өзара сабақтаса дамығанын қуаттайтын деректер бар. Ежелгі уақытта осынау аймақты мекендеушілердің лингвистикалық және антропологиялық ортақ негізі болған, олардың осы заманғы жұрағаттарының генетикалық тегі негізінен лингвистикалық тегіне сәйкес келеді². Түркі халықтарының ата-бабалары әлімсақтан бері-ақ Еуразия құрлығының кең-байтақ аумағын мекен еткені белгілі. Оны көне мәдениеттің көптеген археологиялық ескерткіштері, сондай-ақ халықтың қалдырған морфологиялық белгілерін зерттеу нәтижелері дәлелдеп берді. Ал олардың өзара жалғасып жатқан іргелес аймақта ежелден бері өмір сүруі, түрлі тарихи оқиғаларға байланысты бір-бірінен іргесі ажыраса да барлық түркі тайпаларына ортақ базалық лексиканың сақталуы суперэтнос тарихының терең тамырын, тілдік санасының негізі көне дәуірлерде-ақ берік

¹ Қайдар Ә.Т. Қазақ тілінің өзекті мәселелері. – Алматы, 1998. – Б. 9.

² Кузеев Р.Г. Происхождение башкирского народа, этнический состав, история расселения. – Москва: Наука, 1974; Бабаев С.К. О происхождении балкарцев и карачаевцев // О происхождении балкарцев и карачаевцев. Материалы научной сессии по проблеме происхождения балкарского и карачаевского народов (22-26 июня, 1959 г.). – Нальчик: Кабардин – балкарское книжное издательство, 1960. т.б.

қалыптасқандығының кепілі. Сондықтан түркі тілдерінің дамуы мен қалыптасуын түркі халықтарының тарихымен, олардың этногенездік құрамымен байланыстыра қарастыру лингвистикалық түркітану ғылымының экстралингвистикалық ұстанымдарының бірі. Соған сәйкес түркі тілдерінің генеалогиялық шежіресін жасаудың методологиялық базасынан глоттогенез бен этногенез сабақтастығы ұстанымы да орын алады.

Географиялық-ареалдық ұстаным – тіл біліміндегі тіл ерекшеліктерінің (тіларалық және диалектаралық) таралған аймақтық көлемін анықтауға бағытталған ареалдық (аймақтық) лингвистика мен тілдік құбылыстардың таралу кеңістігін зерттейтін географиялық лингвистиканың әдіс тәсілдеріне негізделген зерттеу принциптерінің жиынтығы. Ареалдық тіл білімі – тіл құбылыстарының кеңістік ауқымында және тіларалық немесе диалектаралық қарым-қатынаста таралуын лингвистикалық география әдісімен, географиялық карталарға түсіру әдісімен зерттейтін тіл білімінің саласы. Терминді алғаш қолданған итальяндық лингвистер М.Дж. Бартоли мен Дж. Видосси (1943 ж.). Тілде анықталған тілдік құбылыстар негізінде қалыптасқан аймақтық лингвистика диалектологиямен тығыз байланыста дамығанымен ареалдық тіл білімінің зерттеу нысаны мен міндеттері диалектологияның зерттеу нысаны мен міндеттерінен белгілі бір дәрежеде ажыратылады. Диалектология бір тілдің диалектілерімен, жергілікті ерекшеліктерімен ғана шектеліп, олардың қазіргі жай-күйі, тілдік изоглассаның таралу шегін анықтаса, ареалдық лингвистика тілдік құбылыстардың таралу аймақтарын тілдік одақтар деңгейінде қарастырады. Жеке ұлттық тілдер мен туыс тілдер тобындағы айырым және ортақ тіл құбылыстарын айқындауға мүмкіндік беретін ареалдық лингвистика мен белгілі бір аймақ тұрғындарына тән дыбыстық, грамматикалық т.б құбылыстарды карталарға шартты түрде белгілеп, диалектілер мен говорлардың нақты таралу көлемі анықтауға мүмкіндік беретін географиялық лингвистиканың методологиялық негіздері мен зерттеу нәтижелері, диалектоло-

гиялық тілдік атластар тілдердің тарихы мен шығу тегін, этникалық байланыстардың тілдік факторларын диахрониялық-ретроспективті түрғыдан зерттеуге жол ашады¹.

Түркі халықтарының өзара және басқа жүйедегі тілде сөйлейтін халықтармен тарихи-әлеуметтік қарым-қатынасына, олардың арасындағы лингвоконтактологиялық жағдаятқа мүмкіндік тудыратын географиялық таралым да түркі тілдерінің тарихи даму жолын зерттеуде басшылыққа алынады. Бұл тілдік одақтарды генеалогиялық негізде ғана емес бір аймақты мекендейтін әр жүйедегі тілдердің өзара кірмелілік деңгейлеріне қатысты құрудың да қажетігін көрсетуде.

Ареалды лингвистика изоэма мен аллоэмаларды туыс тілдер және тілдік одақтардың гетерогендік құрамдары арасында орналастыруға мүмкіндік береді. Компаративистикалық ұстанымдарды, ареалистика мен контактологияның жаңа әдістерін, құрылымдық-типологиялық анализдің жеке амалдарын кешенді түрде қолдану түркі тілдері кіретін тілдік одақтардың орналасуы мен өзара қарым-қатынасын анықтаудың басты критерийі ретінде изофон, изомрф, изосемаларды негізге ала отырып, өзге тілдік кірмелерді қоспай сәйкес сөздерді табуға ықпал етеді.

Лингвистикалық түркологияның негізгі зерттеу нысаны болып табылатын түркі тілдері семьясының деректерін өзге жүйедегі тілдік семьяларды да қамтитын тілдік одақ, тілдік бірлестік деңгейіндегі эмпирикалық және фактологиялық материалдармен салыстыра-салғастыра зерттеу – түркі тілдерінің тарихи дамуы барысында қалыптасқан ерекшеліктердің интралингвистикалық, экстралингвистикалық факторларын айқындауда; фонетика-фонологиялық, грамматикалық, семантикалық өзгерістердің таралу бағытын шамалауда; алтайлық субстраттарды ажыратуда; түркілік тектілдің моделін реконструкциялап, архиформалар мен архисемаларды жобалауда; түркі тіл-

¹ Гаджиева Н.З. Проблемы тюркской ареальной лингвистики. – Москва, 1975. – С. 4-13.

дерінің тарихи лексикалық қабаттарындағы кірме сөздердің үлесін және олардың түркі тілдері жүйесіне ықпалын саралауда; түркі тілдері лексикалық жүйесінің этимологиялық негіздерін анықтауда; түркі тілдерінің генеалогиялық классификацияларын жасауда аса маңызды.

Тілдік одақ. «Тілдік одақ» ұғымы әдетте белгілі бір немесе басқа географиялық ареалдардағы тілдердің әр түрлі деңгейлеріндегі – фонетикалық жүйесіндегі, морфологиялық құрылымындағы, грамматикалық құрылысындағы, лексикалық қордың белгілі бір бөлігіндегі ортақ белгілердің кешенін құрайтын, осы ортақ белгілерге ұқсас болғанымен әрқашанда сәйкес келе бермейтін, туыс тілдер мен тілдік топтардың диалектілік жіктелістеріне тән изоглостарды, тілдік бірлестік ареалының басқа тілдерден ажырайтын шегін айқындайтын «изоглосс шоғырын», «вибрация аймағын» қамтитын тілдердің жиынтығын білдіреді. Бұл кешен жекелеген тілдердің белгілі бір ареалдық бірлестікке топтасуына негіз болатын тұлғалық, семантикалық және функционалдық элементтердің ортақтықтары мен ұқсастықтарымен сипатталады және тектілдік модельдің генетикалық тілдік семьяға немесе тілдік типтердің, тілдердің типологиялық кластарына қатысын айқындайды. Соған орай тілдік одақты конвергентті тарихи даму барысында әртүрлі деңгейдегі ұқсас құрылымдық белгілер бойынша – тұлғалық, семантикалық және функционалдық тұрғыдан топтасқан тілдердің аралдық бірлестігі ретінде тану дәстүрі қалыптасты.

Қазіргі тіл білімінде *тілдік одақ* белгілі бір географиялық кеңістік ішінде ұзаққа созылған тығыз қарым-қатынас пен конвергентті дамудың нәтижесінде құрылымдық, семантикалық, функционалдық ұқсас белгілердің белгілі бір сандық өлшемімен сипатталатын ареалды-тарихи тілдік бірлестіктің ерекше типі ретінде қарастырылады. Тілдік одақ ортақ тіл жүйесінің әр деңгейіндегі ұқсас құрылымдық және материалдық белгілердің – фонетикалық, морфологиялық, синтаксистік, стилистикалық, дискурстық, лексика мен фразеологиялық жү-

йенің белгілі бөлігіндегі сәйкестіктер жиынтығының кешенділігімен сипатталады. Қарым-қатынаста болған тілдердің әр деңгейдегі сәйкестіктерінің кешенділігі бір тілдік одаққа жатқызудың негізгі критерийі болып табылады. Тілдік одақтың сөйлесім және дискурстық аспектісі тілдік одақ құрамындағы тілдердің әлеуметтік-тұрмыстық жағдайға байланысты қалыптасқан тығыз қарым-қатынас талабынан туындаған қостілдік немесе көптілдік жағдаятындағы ерекше коммунативті модель болып табылады.

Тілдік одақ пен оның ареалдық топтарындағы фонетикалық, морфологиялық, синтаксистік ортақтықтар мен ұқсастықтарды сипаттайтын құбылыстар мен заңдылықтар тілдік семьяның ареалдық жасалымдарындағы ортақ заңдылықтарға қарағанда кейін қалыптасқан құбылыстарға жатады. Сондай-ақ, генетикалық тегі бір тілдік семьяларға тән заңдылық болып табылатын тарихи-фонетикалық сәйкестіктердің оларға қатысты тілдік одақтарда кездесуі міндетті емес. Тілдік одаққа әр түрлі тілдік семьяларға жататын гетерогенді тілдердің ареалдары да, өзара туыстық қатысы әр түрлі болғанымен бір генетикалық-тілдік семьяға енетін гомогенді тілдердің таралымдық ареалдары да енеді. Сондықтан тілдік одақтардағы ортақтықтар мен ұқсастықтар негізінен гетерогенді идиомдардың конвергенциясы арқылы қалыптасқан тілдердің туыстасуының нәтижесі ретінде қарастырылады. Бұл тұжырымның тілдік одақ құрамындағы генетикалық тегі бір тілдердің ортақ белгілеріне қатысы жоқ, сондай-ақ тілдердің моногенез теориясы төңірегіндегі пайымдаулар мен гипотезалар шеңберіндегі қалыптасқан ностратикалық тілдер теориясы тұрғысынан қарағанда тілдік одақтардағы ортақ немесе ұқсас белгілердің барлығын типологиялық немесе лингвоконтактологиялық жағдаяттағы конвергенциялық құбылыс ретінде қарастыруға болмайтынын ескеру қажет. Тілдік одақ құрайтын түрлі классификациялық макротоптар арасындағы конвергенция үдерісі тығыз этно-мәдени-контактологиялық жағдаятында қалыптасатын құбылыс.

Тілдік одақтың классикалық үлгісі ретінде, әдетте, албан, болгар, жаңа грек, румын және серб-хорват тілдері енетін балқан тілдер одағы аталады. Зерттеушілер тарапынан орталық азия, циркумбайкал, үндіқытай, кавказ, еділ-кам тілдік одақтары, кеңінен алғанда еуразиялық тілдік одағы жайлы пікірлер айтылуда. Еуразия құрлығындағы мыңдаған жылдарды қамтитын этномәдени және лингвоконтакологиялық үдерістер гомогенді және гетерогенді тілдердің конвергентті сипаттағы архиареалдарының қалыптасу дәуірлерінен бастап, біздің дәуіріміздің алғашқы жартысындағы және қазіргі тілдердің ареалдық топтарының қалыптасуына дейін дифференциациялық, интеграциялық үдерістердің бірнеше толқынынан өткені анық. Орталық Азия тарихының терең қабаттарында көптеген тектес, әр-тектес тайпалардың араласуы негізінде түркі, орал, монғол, тунғыс-маньчжур т.б. халықтардың ата-бабаларының қалыптасу процесінің жүргені белгілі. Сондықтан заманауи түркітану генетикалық тектестігі шүбасыз анықталған түркі тілдерінің қалыптасуы мен тарихи дамуын Еуразия континентіндегі барлық белгілі тілдердің тарихи даму жолымен сабақтастыра, салыстырасалғастыра қарастыруға мүдделі болып отыр.

Адамзат өркениетіндегі тығыз қатым-қатынас пен миграциялық үдерістерді айтпағанның өзінде, саналы адамзаттың қалыптасуынан кейінгі жер бетінде болған түрлі табиғи өзгерістер – құрлықтар мен су бассейндері үлесінің өзгеруі, жаңа материктер мен жаңа мұхит-көлдердің пайда болуы, адамзаттың таралу аймақтарындағы ажыраулар мен бірігулерді, өзара араласуларды ескерсек, тек еуразия құрлығындағы тілдер ғана емес әлем тілдерін салыстыра-салғастыра зерттеудің маңызы арта түседі. Бұл лингвистикалық түркітанудың алдына тілдік одақтараралық мәселелердегі түркі тілдерінің орнына байланысты жаңа міндеттерді жүктейді әрі теориялық-методологиялық ұстанымдары мен әдістемелік амал-тәсілдерінің парадигмалық аясын кеңейтіп, тіл біліміндегі барлық теориялық-методологиялық мүмкіндікті барынша пайдаланудың қажеттілігін көрсетеді.

Түркі тілдеріне өз жүйесінде, тілдік одақтар деңгейінде жүргізілген компарпативті-контрастивті зерттеулер түркілік тектіліктің эволюциялық дамуын, макротоптар мен микротоптарға ыдырау процесін, жекелеген тілдердің қалыптасу жолын шамалауға мүмкіндік беретін жүйелі заңдылықтармен қатар кейбір сирек кездесетін, негізгі заңдылықтарға қайшы құбылыстарды да анықтап отыр. Мұндай құбылыстардың кездесуінің бірнеше факторларын көрсетуге болады: адамзат тілінің (дыбыстық тілдің) қалыптасу кезеңінен сақталған реликт белгілер; архиформалар мен архисемалардың даму үдерісіндегі кері процестер; субстраттар; конвергенциялық дамудың нәтижесі; кірме элементтердің тілдің төл табиғатына бейімделіп, сіңісіп кетуі т.б.

Басқа жүйедегі субстраттар тектілдік жүйеде сақталғанымен одан тараған кейінгі тілдерде белгілі бір себептерге байланысты қолданылмай қалуы мүмкін, ол белгінің сол тектілмен тығыз қарым-қатынаста болған келесі бір тілдік жүйедегі тектілде сақталмай содан тараған тілдердің біреуінде ғана сақталуы да мүмкін. Бұл тілдің генеалогиялық жіктемесіне байланысты жаңсақ пікірлердің туындауына себепкер болады.

Орталық Азия лингвистикалық ареалы Еуразияның Үлкен Хинган тауларынан шығысқа қарай Еділдің төменгі ағысына дейінгі аумақты, батысында Ұлы даланы толық қамтып, солтүстігі мен оңтүстігінде генетикалық тегі әртүрлі халықтар араласа орналасқан аумақтарға жалғасады. Ареал – түркі, монғол, тұңғыс-маньчжур тілдерінің басын қосатын алтай тілдер семьясын және иран, сино-тибет, орал және енисей-кет тілдерін қамтиды.

Зерттеу нәтижелері түркі, монғол, тұңғыс-маньчжур тілдері мен иран тілдерінің барлық деңгейінде – фонетикалық жүйесі мен морфологиялық құрылымында, синтаксистік конструкциясында, лексикалық қорында тілдік одақ құруға критерий бола алатын ұқсас белгілердің сақталғанын көрсетеді.

Аталған тілдік топтардағы ұқсас белгілердің басқа мәселелер аясында фрагментарлы тұрғыдан ғана қарастырылуына немесе зерттеудің мақсатына орай, әр түрлі тілдік семьялардың салғастырмалы-типологиялық тұрғыдан саралануына байланысты түркі, монғол, тұңғыс-маньчжур және иран тілдеріндегі ұқсастықтар тілдік одаққа тән ерекше белгі ретінде қарастырылмайды.

Орталық Азияда әр текті халықтардың араласа қоныстануы, бірнеше ғасырларға созылған тығыз этно-мәдени қарым-қатынас, лингвоконтактологиялық жағдаят тілдердің өзара ықпалдасу үдерісінің қарқынды дамуына ықпал етіп, түркі, монғол, тұңғыс-маньчжур иран тілдерінің құрылымында өзіндік іздерін қалдырды. Соған орай түркі тіл білімінің басты міндеттерінің қатарына түркі тілдері мен тарихи қарым-қатынаста болған басқа жүйедегі үнді-иран, шығыс иран, монғол, самодий, енисей, синотибет т.б. тілдерінің құрылымындағы типологиялық сәйкестіктер мен ұқсастықтардың тұлғалық, семантикалық, функционалдық сипаттамасын жасап, қалыптасу себептері мен көздерін айқындау мәселесі де көтерілді. Бұл мәселенің шешімін табуы ең алдымен алтай семьясының әр тобындағы тілдер арасындағы ұзақ мерзімді қамтитын екіжақты кірмеліліктің сандық өлшемін айқындап, хронотоптық-географиялық сипаттамасын жасауды қажет етеді.

Азияның орталық аумағындағы әр тектес түркі, үнді-иран, шығыс иран, монғол, самодий, енисей, сино-тибет тілдерінің түрлі деңгейлерінен көрініс беретін құрылымдық-типологиялық параллельдер қатары осы аумақтағы тілдерді тілдік одаққа біріктіруге негіз бола алады, Бұл одаққа біршама географиялық алшақтықта орналасқан корей, жапон, фин-угор тілдерін, кеңінен алғанда орал тілдерінің деректері де сәйкес келеді. Аталған тілдер одағын географиялық орнына байланысты *орталық азиялық тілдік одақ* деп атау ыңғайлы болар еді, бірақ бұл термин шығыс-иран, үнді-арий тілдерін, сондай-ақ Памир, Гиндукуш, Қарақорым, Гималай өңірлеріндегі нуристан тілдерін

қамтитын генетикалық тілдік семьяның атауы ретінде орнығып қалды. Сондықтан терминологиялық қайталауға ұрынбас үшін Еуразияның далалық аймағының тарихымен тікелей байланысты *тұран тілдік одағы* терминімен атау ұсынылды¹. Бұл тілдік одақтың тарихи қалыптасу кезеңінде үнді-иран, иран (шығыс-иран тілінің архаикалық күйі, оңтүстік-батыс тобындағы тілдер т.б.), түркі, монғол тілдері белсенді ықпалдастыққа түсті.

Тұран тілдік одағының қалыптасуында өзара ықпалдастықтағы түркі, иран, монғол, сино-тибет, орал тілдерінің, кейбір басқа да тілдік семьядағы тілдердің даму үдерісіндегі ішкі, сыртқы факторлардың күрделі кешені; оның ішінде қарымқатынастағы тілдер дамуындағы бастапқы генетикалық белгілер мен бастапқы типологиялық ұқсастықтар; олардың дамуындағы этно-мәдени, шаруашылық-экономикалық, әлеуметтік-саяси жағдай; дамудың тереңгі қабатындағы субстратты және жағары қабаттағы адстратты катализаторлар маңызды роль атқарады².

Соңғы жылдарғы зерттеу нәтижелері «Тұран тілдік одағы» манифестациясының қалыптасуына алып келген себептерді нақтылауға мүмкіндік беруде. Материалдық, құрылымдық, семантикалық және функционалдық ортақ элементтердің бір бөлігін географиялық ареал аумағында ерте дәуірлерден басталып біздің заманымызға дейін жалғасып келе жатқан түркі, иран, монғол тілдерінің конвергенциясы құраса; екінші бөлігі Орталық Азиядағы әр түрлі тілдерге оғур-түркі (көне бұлғар), үнді-арий, шығыс-иран т.б. тілдірінің ортақ субстраттарының үздіксіз ықпалы негізінде қалыптасты; келесі бөлігі аталған аумақта әр дәуірлерде мемлекеттік тіл мәртебесінде қолданылған

¹ Тұймабаев Ж.К., Егоров Н.И., Чеченов А.А. Актуальные проблемы исследования языков центральной Азии. Туранский языковой союз. – Көкшетау, КГУ, 2009. – С. 13.

² Тұймабаев Ж.К., Егоров Н.И., Чеченов А.А. Актуальные проблемы исследования языков Центральной Азии. Туранский языковой союз. Изд.: КГУ, Кокшетау, 2009. – С. 13-14.

парсы, араб, монғол, көне түркі, ескі қыпшақ т.б. ірі тілдердің басқа тілдерге үздіксіз әсері негізінде жасалды. Тұтастай алғанда Тұран тілдік одағының түзілу себебін Еуразияның орталық аумағындағы әр дәуірлерде басымдыққа ие болған интралингвистикалық, экстралингвистикалық факторлардың жиынтығы құрайды.

«Тұран тілдік одағы» теориясының ғылыми-методологиялық ұстанымдары ХХІ ғасырдағы лингвистикалық түркітануға жаңа мүмкіндіктер беруде, әлі толыққанды шешімін таппай келе жатқан түркі тілдерінің шынайы глоттогенеалогиялық және глоттохронологиялық сипаттамасын жасаудың теориялық-әдістемелік негіздерін тереңдете түсуге ықпал етеді.

Толқындар теориясы. Тілдерді шыққан тегіне қарай топтастыру барысында лингвистикалық география принциптерін қолдану нәтижесінде пайымдалған (И.Шмидт) ғылыми-теориялық тұжырымы «толқындар» теориясы деп аталады. Толқындар теориясы бойынша әрбір жаңа құбылыс белгілі бір орталықтан тарап, бірте-бірте басылатын толқындарға ұқсайды; әрбір диалектінің дамып, туыс тілге қосылуы толқындар тәрізді бір-бірімен ұласуының нәтижесі; Туыс тілдер арасында оларды жақындастыратын буын-белгілер пайда болады; туыс тілдераралық диалектілер арқылы бір-бірінен байланысын үзбейді¹. Бірнеше тілдер мен диалектілеріден тұратын түркі тілдерінің өзара туыстық деңгейі мен дербес тіл ретінде ыдырау кезеңдерін анықтауда тіларалық диалектілерге басымдық беретін толқын теориясының шарттары да маңызды.

¹ Қалиев Қ. Тіл білімі терминдерінің түсіндірме сөздігі. – Алматы: Сөздік-Словарь, 2005. – Б. 326.

§2. Түркі тілдерін классификациялауда негізге алынатын фонетика-фонологиялық және морфонологиялық заңдылықтар

Салыстырмалы-тарихи әдісті негізге алатын тарихи тіл білімінде тілдерді туыстық деңгейі мен қалыптасу кезеңдеріне байланысты жіктеу қағидаларының негізгі лингвистикалық критерийлерін тілдің ішкі заңдылықтарын сипаттайтын фонетика-фонологиялық, морфонологиялық белгілер құрайды.

Түркі тілдерінің көпшілігінде кездесетін комбинаторлық дыбыс алмасулары агглютинациялық жүйе заңдылығына орай түрлі аффикстер құрамынан (қосымшалардың тек сөз соңына жалғануына негізделген морфологиялық заңдылықтарға сәйкес); редукциялық, конвергенциялық үдерістер морфемалар жігінен (түбірлер мен түбір-негіздердің соңғы дыбысы және қосымшаның алдыңғы дыбысы, біріккен сөздердің бірінші компонентінің соңғы дыбысы мен екінші компонентінің алғашқы дыбысы) көрініс береді. Мұндай ықпалдар тарихи даму барысында фузиялық-сіңісу құбылыстарының қалыптасуына әсер етеді. Түркі тілдері дыбыс жүйесінен көрініс беретін негізгі заңдылықтар кешені альтернатива, редукция, протеза, эпентеза, элизия, афerezис, метатеза, гипертеза, гаплалогия т.б. құбылыстарын қамти отырып морфонологиялық заңдылықтарға ұласады және тілдің барлық деңгейінің дамуына ықпал етеді.

Түркі тілдеріндегі екпіннің жылжымалы болуына және бірінші буынның екпін қабылдамауына байланысты бірінші буындағы дауыстылардың трансформациясы біршама жүйелі болып келеді. Дауыстылар оппозициясының баяулығы нәтижесінде бейүндесімділік пайда болып, сингармонизмнің әлсіреуіне ықпал етеді, сондай-ақ кейбір тілдердегі жіңішке дауыстылардың жуандауы да дауыстылар үндесіміне кері әсер етуі мүмкін. Түркі тілдерінде *u, ü, i, i* дауыстылары жиі редукцияланады: *u → o, ü → ö, i → ij, i → ij* т.б. Редукция құбылысы дауыстылардың үндесімділік қатарының бұзылуына ықпал ете-

ді. Кей тілдегі дауыстылар үндесімінің бұзылуы дауыссыздардың трансформациясы әсер етуі мүмкін, мысалы чуваш тіліндегі көнетүркілік қатаң *q* дауыстысының ұяң *x* дыбысына ауысуы сөз құрамындағы дауыстылар қатарын да өзгертеді: *qiz*(**qir*)→*xer* `қыз`. Сол сияқты түркі тілдеріндегі созылыңқы дауыстылардың көмеймен айтылуы да (тува тілінде) инлаут *k*, *p*, *t*, *s*, *š*, *č* дауыссыздардың қарқынды аспирациясының әсері ретінде қарастырылады¹. Мұндай көзқарастардың туындауына тува, салар, сары ұйғыр тілдері константизм жүйесінің басқа түркі тілдеріне қарағанда өзгешелеу болып келуі, бұл тілдер үшін қатаң-ұяңдық қатардан гөрі, аспирациялық үдерістің (күштілігі мен әлсіздігі немесе бар-жоқтығы) басымдық алуы негіз болды. Оңтүстік-шығыс Азия түркілері тіліндегі аспирациялық үдерістердің қарқындылық алуы қытай, тибет тілдерінің, Кавказ, Қара теңіз маңындағы түркі тілдерінің аспирациясы грузин, шешен-ингуш, даргин т.б.кавказ тілдерінің ықпалы негізінде сипатталады. Түркі тілдеріндегі тоғысыңқы дауыссыздардың сапалық өзгерістері ұяңдану және аспирация үдерістерінің нәтижесі болып табылады Соған сәйкес сөз басындағы тоғысыңқы дыбыстардың жартылай ұяңдануы бойынша қатаң экскурсия (дыбыс жасаудың алғашқы сатысы), ұяң рекурсиясы (дыбыс жасаудың соңғы сатысы) ұғымдары қалыптасты.

Түркі тілдеріндегі дауыссыз дыбыстардың трансформациясы үдерісінде анлаут позициядағы қатаң тоғысыңқы консонанттардың ұяңдануы оғыз тілдері бойынша жүйелі сипатта болса, қыпшақ тілдері бойынша ауслаут позицияда ұяң тоғысыңқылар да, қатаң тоғысыңқылар да қолданылуы мүмкін, ал анлаут позицияда қатаң консонанттардың саны басымдық алады. Консонанттар жүйесіндегі өзгерістер көп жағдайда үнемдеу заңдылығымен байланысты қарастырылады, физиологиялық тұрғыдан айтылуы күрделі дыбыстардың қарапайымдануы бар-

¹ Гаджиева Н.З. Тюркские языки// Языки мира: Тюркские языки. – Москва: Институт языкознания РАН, 1996. – С. 27.

лық тілдерге тән құбылыс. Түркі тілдеріндегі тіл арты дыбыстарының тіл ортасы, тіл алды дыбыстарына ауысуы немесе ыңғайлы позициядағы кей дыбыстардың ұяңдануы, элизиялық құбылыстарға ұшырауы да үнемдеу заңдылығымен сабақтастырылады.

Альтернация (лат. *alternatio* өзгеру, алмасу) – бір түбірден (негізден) тараған сөздерде тілдің өзіне тән белгілі заңдылықтарына сәйкес дыбыстардың өзара алмасуы: *žaq*→*žayuw*, *tap*→*tawir*¹. Бұл альтернация құбылысының бір тіл ішіндегі синхрониялық қалып-күйіне қатысты берілген анықтама, диахрониялық тұрғыдан қарастырғанда туыс тілдер арасындағы немесе бір тіл ішіндегі гомогенді сөздер құрамындағы дыбыс өзгерістерінің ауқымы тым кең, олар өзара тығыз сабақтастықтағы фонетика-фонологиялық, морфонологиялық, фоно-морфо-семантикалық немесе фоно-семантикалық сипатта дамуы мүмкін.

Морфонологиялық ерекшеліктер. Бүкіл адамзат болмысының қалыптасуы, қаншалықты күрделі де ұзақ даму жолынан өтсе, оның тілінің қалыптасуы да соншалықты күрделі үдерістерден тұрады. Тіл дамуын, әрбір тілдің өзіндік ерекшеліктерімен қалыптасуын қамтамасыз ететін басты механизмдердің бірі – дыбыс өзгерістері өте баяу әрі үзіліссіз жүріп отыратын, әр тілде түрліше жүзеге асатын процесс екені белгілі. Тілдегі дыбыстық өзгерістердің негізгі факторларының бірі барлық тілдерге тән универсалды құбылыс фонологизация процесі. Фонемалардың дифференциялануы негізінде, олардың аллофондары, тілдің дамуына сәйкес мағына айқындау қасиетіне ие болады. Фонема мен буынның, морф пен морфеманың арақатынасындағы дыбыстардың мағынаға ықпалы морфонологиялық зерттеулерге негіз болуы, тілдік жүйенің ең кіші бірлігі – дыбыс табиғатының күрделілігін, морфемалық, лексикалық деңгейлермен сабақтастыра қарастыруды қажет ететін универсалды құбылыс екенін нақтылай түсті.

¹ Қалиев Ғ. Тіл білімі терминдерінің түсіндірме сөздігі. – Алматы: Сөздік-Словарь, 2005. – Б. 17.

Әр тілдің дара болмысымен қалыптасуына, ішкі жүйеліліктің ретке келуіне интралингвистикалық, экстралингвистикалық, физио-биологиялық, психо-физиологиялық ықпалдар қатар қызмет атқарады және бұл ықпалдардың әсері тілдік бірліктердің барлық деңгейінде көрініс беруі мүмкін, бірақ фонетика-фонемалық деңгейдегі өзгерістер өзінен кейінгі морфемалық, лексемалық деңгейлердегі өзгерістердің негізін қалайтын басты тетік болып табылады. Бұл жөнінде Э.Р.Тенишев «Каждый язык регулируется двумя факторами: физическим фактором (воспроизведением звуков); психическим фактором (применение звуков для передачи мысли)»¹ деп тілді ретке келтіруші факторды фонетикалық және фонемалық деңгейде қарастырады. ХІХ ғасырдың соңында фонема ұғымы дыбыстың психологиялық эквиваленті ретінде танылса, комбинаторлық өзгерістердегі дыбыс алмасуы **дивергенция**, алмасушы дыбыстар **дивергенттер** деп аталды. Ал физикалық себептермен, комбинаторлық шарттармен түсіндіруге келмейтін дыбыс алмасулары корреляция, алмасушы дыбыстар коррелятив ұғымдарымен аталғаны белгілі. Альтернатива құбылысының бұл түрлері қазіргі таңда **дыбыс алмасуы** және **дыбыс сәйкестігі** деп принципті түрде ажыратылады². «Изменение звуков, которые происходит в речи и оказывают столь глубокое влияние на судьбы самого языка»³ деп Ф.де Соссюр көрсеткендей кез келген тілдің тек фонологиялық жүйесін ғана емес морфологиялық құрылымын, лексикалық құрамын, семантикалық дамуын зерттеуде де тарихи дыбыс сәйкестіктерінің морфонологиялық және фоно-морфосемантикалық табиғатын негізге алу басты қағидалардың бірі.

Тілдің таңбалық теориясының негізін салушы ғалымдар тілдік таңбаны өзара тығыз байланысты, ықпалдас – ұғым

¹ Тенишев Э. Р. В.В.Радлов – фонетист и грамматист // Тюркологический сборник. 1971. – Москва: Наука, 1972. – С. 38.

² Кайдаров А. Структура односложных корней и основ в казахском языке. – Алма-Ата, 1986. – С. 84-85.

³ Ф.де Соссюр. Курс общей лингвистики // Введение в языковедение. Хрестоматия. – Москва: Аспект Пресс, 2000. – С. 21.

мен акустикалық бейненің бірлігінен туындаған психикалық құбылыс деп таниды. Акустикалық бейне – ұғымның дыбыс шығару органдары арқылы дыбысталуы, демек сөз тұлғасымен мәндес. Сондықтан ұғым атауының толық мағыналы дербес сөзге айналуы тұлға мен мазмұн бірлігіне негізделеді. Түбірлес моносиллабтардың тұлғасын өзгертетін дыбыс сәйкестіктерінің табиғатын жан-жақты әр қырынан талдау қажеттілігі де осыдан туындайды.

Түбірлес сөздердегі мағынаға ықпал етпейтін дыбыс сәйкестіктері мен фоно-морфологиялық, фоно-семантикалық сипаттағы дыбыс сәйкестіктерінің түп-төркіні бір екені, адам физиологиясының дамуына орай жүретін артикуляциялық мүмкіндіктердің жетілуіне байланысты бір дыбыстық аллофондары немесе дыбыс тіркестерінің ыдырауы арқылы қалыптасқан сингармониялық варианттардың танымдық шеңбердің кеңеюі нәтижесінде сингармониялық параллельдерге айналғаны физиологиялық, психикалық, танымдық дамудың жемісі екені көптеген зерттеулерден белгілі (В.Богородицкий, И.А.Бодуэн де Куртенэ, Г.И.Рамstedт, М.Рясянен, В.Л.Котвич, А.Н.Кононов, Э.В.Севортян, Н.А.Баскаков, А.М.Щербак, Э.Р.Тенишев т.б., қазақ тіл білімінде – Қ.Жұбанов, С.Аманжолов, М.Томанов, Ж.Аралбаев, Ә.Қайдар, Б.Сағындықұлы, А.Айғабылов т.б.). Барлық дыбыс сәйкестіктерінің сөз мағынасына әсер ете алмайтынын, жаңа сөз тудыруға қабілетті сәйкестіктердің өзі жүйелі түрде сөзжасамдық қызмет атқара бермейтінін де тілдік деректер көрсетіп отыр. Сондықтан сөз мағынасын ықпал ететін дыбыс сәйкестіктерінің табиғатын терең түсіну үшін алдымен сөз тұлғасын ғана өзгертетін сәйкестіктердің жүйелі/жүйесіздігін, сөздік қорды қамту мүмкіндігін, бір тіл ішіндегі және туыстас тілдер арасындағы, көне тілдер мен қазіргі тілдер арасындағы үлес салмағын анықтап алудың орны ерекше.

Дыбыс өзгерістері әр тілдің тарихи-лингвистикалық даму жолына сәйкес түрліше қалыптасқанымен барлық тілге тән процесс. Сондықтан әрбір тілдің дыбыс жүйесіндегі «сәйкестіктер

физикалық фактор (дыбыстау) мен психикалық факторға (ойды беру үшін дыбысты қолдану)»¹ негізделе отырып, сөз тұлғасы мен сөз мағынасына ықпал ету мүмкіндігінің аялық шеңберінде өз қызметін межелейді. Бұл дыбыс сәйкестіктерінің фонологиялық мәнде немесе фонологиялық мән жүктемей қолданылуының ара-жігін көрсетеді.

Қазіргі түркі тілдеріндегі дыбыс сәйкестіктерін көрсетуде VII-IX ғасыр түркілерінің тілдік дерегі – Орхон, Енисей, Талас жазба ескерткіштерінің тілі негізгі діңгек ретінде қарастырылады. Жалпы адамзат тіліндегі дауысты және дауыссыз дыбыстардың, функционалдық-сапалық деңгейі бірдей, өзара ықпалдаса, байланыса отырып сөз тұлғасына, сөз мағынасына әсер етеді. Толық мәнді лексема жасауда дауыстылар мен дауыссыздарды бөліп қарап, біреуіне ғана басымдық беру тілдің онтогенездік табиғатына қайшы. Алғашқы әліпбилер консонанттық жүйеге негізделгендіктен дауыссыздарға ерекше мән беруді ұсынушы пікірлер қалыптасса керек. Алайда шынайы тіл табиғаты консонанттар мен вокализмдер жүйесін тең дәрежеде қарастырғанда ғана ашылары анық. Сондықтан түркі тілдеріндегі моносиллабтардың тұлғалық, мағыналық даму бағытын айқындауда дауыстылардың да, дауыссыздардың да сәйкестігінің маңызы ерекше.

Түркі тілдерінде сингармониялық заңдылықтың, ассимиляциялық, диссимиляциялық ықпалдардың әсерінсіз-ақ қалыптасқан альтернативалық құбылыстар кездеседі. Түркілік тектілдің (протоязык), бабатиілдің (праязык) даму бағытына, жалпытүркілік негіз тілдің тілдік топтарға, жекелеген тілдерге ыдырау үдерісіне сәйкес орныққан мұндай тарихи дыбыс өзгерістері дербес түркі тілдерін бір-біріне ажырататын негізгі критерийлер қатарынан орын ала отырып, белгілі бір дәрежеде гомогенді сөздердің семантикалық дифференциациясымен, яғни сөзжасамдық құбылыстармен ұласып жатады. Дыбыс сәйкестіктері

¹ Тенишев Э.Р. В.В.Радлов – фонетист и грамматист // Тюркологический сборник. 1971. – Москва: Наука, 1972. – С. 38.

түркі тілдері арасында да, бір тіл ішінде де кездеседі, олардың бір бөлігі мағыналары бірдей фонетикалық варианттар қалыптастырса, енді бір бөлігі түбірлес сөздердің семантикалық деривациясы қатарындағы ортақ семаға негізделген әртүрлі ұғымдарды білдіретін параллельдерді құрайды. Сондықтан дыбыс сәйкестіктерін таза фонетикалық немесе таза морфологиялық құбылыс ретінде қарастыруға келмейді. Мұндай құбылыстарды фонетика және морфологияның ара-жігіндегі сабақтастыққа негізделген, морфемалар табиғатын фонологиялық ерекшеліктер арқылы зерттеуге бағытталған **фономорфология** немесе **морфонология** (морфофонология, морфофонемика) ілімі негізінде қарастыру қалыптасты. Тарихи дыбыс сәйкестіктері сөздің барлық шенінде – анлаут, инлаут, ауслаут позицияда кездесе береді.

Түркі тілдерінің негізгі морфонологиялық ерекшеліктерін көрсететін тарихи дыбыс өзгерістерін бірнеше сәйкестіктер кешені құрайды. Бір қарағанда фонологиялық құбылыс көрінетін тарихи дыбыс өзгерістерінің астарында морфонологиялық ерекшеліктер орын алады. Анлаут позициядағы негізгі сәйкестіктер: $j \approx d\check{z} \approx \check{z} \approx t \approx d \approx \check{c} \approx \check{s} \approx s \approx z \rightarrow jol \approx d\check{z}ol \approx \check{z}ol \approx \check{c}ol \approx \check{s}uol \approx suol \approx dzol \approx zol$ т.б. `жол`: көне түркі тілінде *jol* ДТД, 45; КТү. 49; Е. 44; МЧ. II, 35; Тон. 16: *jolta jeme ölti küp* «жолда тағы да көп өлді» Айд. II, 107 \approx түр., түрікм., әзірб., өзб., ұйғ., ноғ., құм., қар. *jol*; башқ., тат. *jul*; ққалп. *džol*; қаз. *žol*; алт., чул. *tijol* \approx *dijol*; тув., шор, хак. *čol*; якут *suol*; чув. *šul*; қар.-балқ. *dzol/zol*; $(p) \approx b \approx (v) \approx m \rightarrow pen/pän \approx ben/bän \approx men/män$ `мен`: көне түркі тілінде *ben* (ДТД, 37); Е. 1; КЧ. 27; МЧ. II, 16, Тон. 59: *Ben joq ertis erser* «Мен де болмас едім» (Айд. II, 114) \approx түр. *ben*, әзірб. *män*; қаз., ноғ., ққалп., құм., қар., шор, тув. *men*; тат., башқ. *mijn*; көне түркі тілінде *müñüz* (ДТС, 354), өзб., ұйғ. *müñgüz*, түрік, әзірб. *boñuz*, башқ. *mögöz*, қаз., қырғ. *muñiz*, тув. *mijis*, хак. *mu:s*, як. *muos*, чув. *majraga*; Инлаут позициядағы негізгі сәйкестіктер: $t \approx d \approx dz \approx z \approx j \approx r \rightarrow atax \approx adaq \approx azaq \approx ajaq \approx ura$ `аяқ`: якут *atax*, сал., ұйғ. *adaq*, хак. *azah*, башқ. *azaq*, қаз. *ajaq*, чув. *ura*. Ауслаут позициядағы негізгі сәйкестіктер: $q \approx \gamma \approx k \approx g \approx x \approx$

$h \approx j \approx w \approx v \approx b \rightarrow tay \approx taw \approx tav$: көне түркі тілінде *tay* 'тай' (ДТД, 67); МЧ. II, 8; КТү. 12 *balıqdagı taymıs, taydaqı inmıs* «қаладағылар таудай болды, таудағылар төмендеді» (Айд. I, 173) \approx қаз., ққалп., ноғ., башқ., тат. *taw*; ноғ., қар. *tav*; қырғ. *too*; $kök \approx goj$: ескерткіштер тілінде *kök* 'көк (түс), аспан' (ДТД, 55); Е. 50; Э. II; КТү. 1: *Üze kök teñri...* «Жоғарыда көк тәңірі...» Айд. I, 171 \sim қаз., ноғ., ққалп., хак. *kök*, тат., башқ. *kük*, түркім., түрік, гаг. *gök*, әзірб. *goj*; чув. *kavak*; $kög \approx kuj \approx küü$ 'күй, саз, музыка': хак. *kög*; тат. *köj*; қаз., ққалп. *küj*; қырғ. *küü*. Сөз соңындағы $q \approx \gamma \approx k \approx g \approx x \approx h \approx j \approx w$ сәкестігі γ/g дыбыстарының редукциясымен және екінші дәрежелі созылыңқылардың қалыптасуымен сабақтастықта дамыған: $q \approx \gamma \approx (\gamma/g \approx \emptyset) \approx k \approx g \approx x \approx h \approx j \approx w \approx v \approx b \rightarrow buza\gamma u \approx buza\gamma \approx buzagı \approx buzaq \approx buzok \approx buzaw \approx buzoj/mozaj \approx buzoo/muzoo$: көне түркі тілінде *buza\gamma u, buza\gamma* 'бұзау' (ДТС, 130), түр. *buzagi*, өзб. *buzaq/buzok*, қаз., ққалп., құм. *buzaw*, ноғ. *buzav*, әзірб. диалек. *buzoj/buzoo*, ұйғ. *mozaı*, қырғ. *muzoo*, шор *pıza*, алт. *buzaa*, чув. *paruı*; $s \approx \check{s} \approx \check{c}$: *qaš* 'қас' (СДЕ, 225); Е. 26; КТү. 51: *budunım közi, qaši jablaq boltači tip saqıntım* «Халқымның көзі, қасы жаман болар деп қайғырдым» Айд. I, 182 \sim қаз., ққалп., ноғ. *qas*; тат., башқ., қар. *qaš*; $t \approx d \approx dz \approx z \approx j \rightarrow tod \approx toj$; 'тою, тоқ болу' (ДТД, 68); КТк. 8: *Bir todsad ačsiq emezsen* «Бір тойсаң, аштықты ойламайсың сен» Айд. II, 169 \sim қаз., ққалп., ноғ. *toj*; тат., башқ. *tuj*; $n \approx j \rightarrow qon \approx qoj$ т.б.

Инлаут және ауслаут позициядағы морфонологиялық ерекшеліктерге чуваш тілі мен басқа түркі тілдеріне қатысты қалыптасқан «ротацизм» \leftrightarrow «зетацизм» $r \approx z$, «ламбдацизм / ламдаизм» \leftrightarrow «сигмацизм» $l \approx \check{s}$ құбылыстары да жатады. Чуваш тіліндегі сөз ортасы мен сөз соңында қолданылатын r, l дыбыстары басқа түркі тілдерінде $z, \check{s}/s$ дыбыстарымен орныққан: чув. *pärı* \approx түрік. *buza\gamma* \approx қаз. *buzaw* 'бұзау'; чув. *šir* 'жаз, жазу' \approx қаз. *siz* 'сыз (салыстырыңыз: жазу-сызу)' \approx түркм. *jađ* \approx түрік. *jaz* 'жаз, жазу'; чув. *tir* \approx түркм. *diđ* \approx түрік. *diz* \approx қаз. *tiz* 'тіз, тізу, тізбектеу'; чув. *turē* 'тура, түзу' \approx түркм. *düđ* 'құла түз, жазық' \approx түрік. *düz* 'түзу' \approx қаз. *tüz, tüzüw*; чув. *ilt* \approx түркім. *ešit* \approx қаз. *esit* 'есті, тыңда'; чув. *tol* \approx түркім. *daš* 'сырт, тыс' \approx қаз. *tis*; чув. *ir* \approx түркм. *ađ* \approx түрік. қаз. *ez*

`ез, мыжы, жаншы, иле` Түркі тілдеріндегі протеза, эпентеза, элизия, афerezис, метатеза, гаплалогия т.б. заңдылықтардың да морфонологиялық сипаты аңғарылады. Фонетикалық құбылыстар гаплалогия мен редукция үнемдеу принципі бойынша жаңа дыбыс тіркесімін, жаңа фонологиялық жағдайды тудырады. Бұл дыбыстардың позициялық ауысуына, дыбыстардың түсіп қалуына, екі дыбыстың орнына жаңа бір дыбыстың пайда болуына алып келеді, ал дыбыс өзгерістерінің қордалануы коммуникативтік дербестікті сақтау принципі бойынша фонетикалық жүйенің жаңаша қалыптасуына арқау болады. Фонетикалық жүйедегі өзгерістер сөздің морфонологиялық тұлғасына әсер етіп, қарапайым фонетикалық өзгерістер фонологиялық құрылымға да ықпал етуі мүмкін. Семантикалық даму барысындағы деривациялық дифференциация фонологиялық варианттарды да қамтиды. Осы процестің нәтижесінде дыбыс сәйкестіктерінің екінші дәрежелі фоно-морфо-семантикалық қырлары қалыптасады.

Фузия (лат. *fusio* `сіңісу`) – көрші морфемалардың морфонологиялық жағынан бір-біріне сіңісіп, кірігіп кетуі. Ондай жағдайда негіз бен қосымшаның ара жігін ажырату қиындайды. Сөз ішіндегі мағыналы элементтердің бірігу техникасы ретіндегі фузияның ерекшелігі – сөздің мағыналы бөлшектерінде фонемалардың өзара жүйелі қарым-қатынасы сақталмайтынынан байқалады¹. Флективті тілдердің табиғатына қатысты қалыптасқан «фузия» ұғымы агглютинативті түркі тілдеріндегі морфемалар жігі көмескіленген түбір-негіздер құрамындағы тарихи морфонологиялық үдерістерді анықтауда аса маңызды. М.Томанов морфема жігіндегі ассимиляциялық, диссимиляциялық ықпалдар мен фонетикалық заңдылықтарды фузия құбылысының аясында қарастырады². Фузиялық құбылыстарды алтай тілдері тілдері деректері негізінде саралаған Г.Й.Рамстедт

¹ Қалиев Ғ. Тіл білімі терминдерінің түсіндірме сөздігі. – Алматы: Сөздік-Словарь, 2005. – Б. 389.

² Томанов М. Тіл тарихы тур. зерт-лер. – Алматы: Ғылым, 2002. – Б. 93-99.

морфема жігіндегі қатар дыбыстардың бір-біріне үйлесуі, өзара ыңғайласуы негізінде жүзеге асатынын көрсетеді¹.

Ілгерілеу заңдылығы – түркі тілдерінің қалыптасу кезеңдерін анықтауда ғана емес, жалпы түркі тілдері жүйесінің дамуында ерекше орын алатын морфонологиялық құбылыс. «Ілгерілеу заңдылығы» XX ғасырдың орта шенінде тіл арты/тіл ортасы дыбыстарының біршама алдыңғы артикуляциямен айтылатын дыбыстарға ауысуына қатысты фонетикалық құбылыстың атауы ретінде қалыптасқан лингвистикалық термин.

Түркі тілдері жүйесіндегі γ/g дыбыстарының өзгерістері түркі тілдері классификацияларының біразында басты критерий ретінде алынды, мысалы: академик Ф.Корш қазіргі түркі тілдерін генеалогиялық жағынан топтастырғанда ашық дауыстылардан кейінгі γ/g және w дыбыстарының альтернациясы ($ta\gamma \approx maw$) мен сөз ортасында немесе сөз соңындағы γ/g дыбыстарының қолданылу, қолданылмауына ($sari \approx sari\gamma$, $qalan \approx qalyan$)²³ сүйенеді; А.Н. Самойлович негізгі тірек ретінде қолданған алты сөздің төртеуі ($ajaq$, $ta\gamma$, $sari\gamma$, $qalyan$) $q/k \approx \gamma/g \approx w \approx j$ сәйкестіктеріне қатысты²⁴ болса, қазіргі түркілерінің ерекшеліктері біршама толық қамтылған Н.А. Баскаковтың жіктеуінде де аталмыш сәйкестік негізгі критерийлер қатарына жатады⁴. Түркі тілдерінің қалыптасу кезеңіне қарай жіктеп, көне және жас тілдерді ажыратуда да осы белгі басты назарға алынады⁵. Сондықтан да бұл дыбыстардың генезисін, жалпы эволюциясын, өзара сәйкестікке түсу себептерін, түрлі фоно-морфо-семантикалық факторларға ықпал ету қасиетін анықтау түркітану ғылымының өзекті мә-

¹ Рамстедт Г. Й. Введение в алтайское языкознание. Морфология. – Москва, 1957. – С. 27

² Корш Ф. Е. Классификация турецких языков // Этнографическое обозрение. – № 6. – Санкт-Петербург, 1910.

³ Самойлович А. Н. Некоторые дополнения к классификации тюркских языков. – Петербург, 1922.

⁴ Баскаков А. Н. Введение в изучение тюркских языков. Изд. 2-ое. – Москва: Наука, 1969. – С. 230-342.

⁵ Малов С. Е. Памятники древнетюркской письменности. – Москва-Ленинград, 1951, – С. 5-7.

селелерінің бірі ретінде қарастырылады. Ілгерілеу заңдылығы көрініс беретін түркі тілдеріндегі q, k, γ, g, w, j дыбыстарының даму жолы, қазіргі түркі тілдеріндегі қолданысы жайлы Е.Д. Поливанов, В.А. Богородицкий, М. Рясенен, А.М.Щербак, А.Н. Кононов, Б.А. Серебрянников, Н.З. Гаджиева, Н.А.Баскаков т.б. көптеген ғалымдардың еңбектерінде жазылды¹. 1984 жылы шыққан “Сравнительно-историческая грамматика тюркских языков. Фонетика” атты ұжымдық монографияда сол кезге дейінгі жарияланған еңбектер сараланып, мол тілдік дерек негізінде q, k, γ, g, w, j дыбыстарының қазіргі түркі тілдеріндегі қолданысына жан-жақты талдау жасалған².

Ілгерілеу заңдылығы аясына кіретін $q/k \approx \gamma/g \approx w \approx j$ сәйкестігінің фонетикалық ықпалдарға байланыссыз іске асуы және кей жағдайда гомогенді параллельдердің мағыналық дифференциацияға ұшырауына әсер етуі оның күрделі табиғатын көрсетеді. Сондықтан $q/k \approx \gamma/g \approx w \approx j$ дыбыс сәйкестігі фонетика және морфология салалары жеке-дара түсіндіре алмайтын, таза сөзжасам тәсілі деп айтуға да келмейтін, фонетика, морфология, семантиканың үшеуіне де белгілі бір дәрежеде қатысы бар аралық, әрі тіліміздің құрылымдық ерекшеліктерін, тарихи орнын анықтауда елеулі орын алатын альтернатива құбылыстарының бірі ретінде қарастырылады.

Инлаут, ауслаут γ/g дыбыстарының нөлдік формаға айналуы. Тіл біліміндегі элизия (лат. *elisiо* ‘ығыстыру’) құбылысы сөз тіркестері шегіндегі қатар келген дауыстылардың бір-бірін ығыстырып, түсіп қалуына байланысты қалыптасқан лин-

¹ Қараңыз: Поливанов Е. Д. Субъективный характер восприятия звуков языка // Избранные работы. – Москва, 1968; Богородицкий В. А. Введение в татарское языкознание в связи с другими тюркскими языками. – Казань, 1934; Рясенен М. Материалы по исторической фонетике тюркских языков. – Москва, 1955; Щербак А.М. Сравнительная фонетика тюркских языков. – Ленинград, 1970; Кононов А.Н. О фузии в тюркских языках // Структура и история тюркских языков. – Москва, 1971; Серебрянников Б.А., Гаджиева Н.З. Сравнительно-историческая грамматика тюркских языков. – Москва, 1986 т.б.

² Сравнительно-историческая грамматика тюркских языков. Фонетика. – Москва, 1984.

гвистикалық термин. Түркі тілдеріндегі тарихи даму барысында кейін қалыптасқан дауыссыз дыбыстардың өзгерістеріне қатысты қолданылатын протеза, эпентеза құбылыстарына жатпайтын сөз құрамында бұрыннан бар этимологиялық дауыссыздардың түсіп қалуына байланысты да **дауыссыз дыбыстар элизиясы** термині қолданылуда. «Дауыссыз γ/g дыбыстарының элизиясы түркі тілдеріне аса жат емес. Мұндай құбылыс ортағасырлық түркі тілдерінде де кездеседі. Дегенмен кейбір сөздер құрамында бұрынғы күйінде қалып, қазіргі тіл құрамында түбірлес сөздердің қалыптасуына негіз болды»¹. Сондықтан диссилабтар құрамындағы түбір мен қосымша морфемалар шегіндегі инлаут, моносилабтар мен диссилабтар құрамындағы ауслаут γ/g дыбыстарының түсіп қалуы да дауыссыз дыбыстар элизиясы аясында қарастырылады.

Түркі тілдерінде бір буынды түбір сөздер соңындағы γ/g дыбыстарының элизиясы қазіргі түркі тілдерінде түрліше қалыптасқан: $ayu \rightarrow iw$ 'y': ayu (ДТС, 24), башқ. $ayiw$; қаз. iw ; көнетүркілік $ayil$ лексемасы құрамындағы γ қыпшақ тобындағы тілдерде g, w, j, v, b дыбыстарымен сәйкестік түзіп немесе кей тілдерде созылыңқы дауыссыздармен айтылса, якут тілінде элизияға ұшырап ial тұлғасында қалыптасқан, ортақ $ayil \rightarrow ial$ 'ауыл'; $adyir \rightarrow ajyir \rightarrow atir \rightarrow ajar$ 'айғыр': көне т. $adyir$ (ДТС, 10), көптеген түркі тілдеріндегі $adyir/azgir/ajyir$, чув. – $ajar$; як. – $atir$ түрінде қолданылады, монғ. – $azraga$; $ägär \rightarrow er$ 'ер': көне т. $agar$, қазақ әдеби тілінде – er , ауызекі тілде көне $eger$ тұлғасы сақталған; $jiyit \rightarrow jigit \rightarrow jit$ 'жігіт': көне т. – $jigit$ (ДТС, 560), әзірб. – $igid$, қаз. – $žigit$, түр. – jit ; $jiyla \rightarrow žila$ 'жыла': ққалп., қаз. тілдерінде – $žila$; қырғ. тілінде – $jila$; як. – $itaa$; $kigis \rightarrow kis$ 'киіз': көне т. – $kigis$, қазақ тіліндегі – $kijiz$, хак тілінде – kis түрінде қолданылады, $kigiz$ тұлғасы жергілікті ерекшеліктерде да сақталған; $mögöz \rightarrow muos$ 'мүйіз': көне т. $mügüz/müjüz$, өзб. тілінде – $mügüz$, башқ. тілінде – $mögöz$, монғол тілінде – $mügara$

¹ Томанов М. Тіл тарихы туралы зерттеулер. – Алматы: Ғылым, 2002. – Б. 96-97.

сөзінің құрамындағы *g* дыбысы кейбір түркі тілдерінде *j* дыбысына өзгерсе, якут тілінде элизияға ұшыраған – *tuos*; *oɣul* → *ul* `ұл`: көне т. – *oɣlan* (ДТС, 364), әзірб. тілінде – *oɣul*, өзб. тілінде – *uyl* сөзі қаз., ққалп., башқ., алт. тілдерінде *ul*, қырғ. тілінде – *uul*, якут тілінде – *uol*, чув тілінде – *ibal*; *oɣur* → *urı* `ұры`: көне т. – *oɣrı* (ДТС, 363), әзірб. тілінде – *oɣur*, хак. тілінде – *oɣır*, өзб. тілінде – *uır*; башқ., қазақ, ққалп. тілдерінде – *urı*, қырғ. тілінде – *uru*, чув. тілінде – *bar*, тув. тілінде – *oor*, як. тілінде – *uor*; *sayız* → *ias* `сағыз`: чув.т– *suɣar*, якут т. – *ias*; *toɣız* → *tos* `тоғыз`: көне т. – *toɣız* (ДТС, 572), қаз. т. – *toɣız*, тува т. – *tos*.

Дауыс *ɣ/g* элизиясы түбір морфемалық деңгейде де, қосымша морфемалық деңгейде де ұшырасады: *aɣıg* → *aɣşı* `ащы`, *qatıɣ* → *qattı* `қатты`, *jiliɣ* → *žili* `жылы` т.б. Қазақ тіліндегі кейбір сөздер құрамында бұрын болған фрикатив дауыссыздардың түсіп қалып, сөздің дыбыстық құрамының ықшамдалуына, дыбыстауға жұмсалатын физикалық қуатты үнемдеуге қатысты қарастыратын көзқароастар бар. Сөйлеуге кететін неғұрлым азырақ жұмсауға ұмтылу, дыбыс шығару органдарына шамадан тыс ауыртпалық түсірмеуге тырысу жалпы адамзат баласы тіліне ортақ қасиет екені белгілі. Алайда, сөзді айтуға кететін физикалық қуатты үнемдеп жұмсауға барлық тіл мүдделі болса, бір негізден өрбіген түркі тілдерінің өз ішінде *ɣ/g* дауыссыздары элизиясының түрліше таралуы бұл құбылыстың тек үнемдеу заңына ғана байланысты емес екенін көрсетеді.

Инлаут, ауслаут *ɣ/g* дыбыстарының екінші дәрежелі созылыңқыларға айналуы. Түркі тілдеріндегі *w, j* дифтонгілерінің қалыптасуы кей тілдердегі (қырғ., алт., монғ. т.б.) созылыңқы дауыстылардың пайда болуымен жалғасып жатқан құбылыс. Түркологияда әлі де шешімін таппаған мәселелердің бірі – осы созылыңқы дыбыстардың табиғаты. Кейбір созылыңқы дауысты дыбыстар сөз құрамындағы дауыссыз дыбыстың түсіп қалу нәтижесінде, мысалы тагауыз тілінде *aas*←*ayas* `ағаш`, қырғыз тілінде *uul*←*oɣul* `ұл`; *töö*←*töjö* `түйе`, *oktoo*←*oqlayu* `оқтау`, *kösöö*←*kosägu* `көсеу`, *kroo*←*qırayu* `қырау`, *küjöö*←*küjagü*

‘күйеу’, *tumoo*←*tumayu* ‘тұмау т.б. пайда болса, кейбір түркі тілдерінде, мәселен, түркіменше, якутша *aat* ‘ат’, бұрыннан бар құбылыстар қатарына жатады. Осыған орай оларды бірінші дәрежелі созылыңқы (первичная долгота) және екінші дәрежелі созылыңқы (вторичная долгота) дауысты дыбыстар деп екіге бөліп қарау дәстүрі бар.

Негізінен *g*, *γ*, *h* дауыссыздарының әсерінен созылыңқы дауыстылардың қалыптасуы монғол тілдерінде жиі кездеседі: монғ. е. ж. тілінде – *litegü* → бур. тілінде – *butuu*, х.-монғ. тілінде – *bijtuu* ‘бітеу (жабық)’, монғ. е. ж. тілінде – *šibayun* → бур. тілінде – *šibiun*, х.-монғ. тілінде – *šivuu* ‘құс’, монғ. е. ж. тілінде – *siuu* → қалм. тілінде – *siu* ‘қолтық’, монғ. е. ж. тілінде – *eget* → қалм. тілінде *эм* ‘бұғана, иық’¹.

Бурят тілінің фонетикалық ерекшеліктерін басқа монғол тілдерінің белгілерімен салыстыра отырып зерттеген ғалым. В.И. Рассадин созылыңқы дауыстылар жайлы «Примечательно, что подобных квазиомонимов типа приведенных выше *буха* – *бууха*, *таха* – *тааха* в бурятском языке как и в других монгольских языках, набирается относительно немного, хотя слов с долгими гласными начитывается многие сотни, если не тысячи. Дело в том, что долготы, какие мы сейчас ищем в монгольских языках, – факт языка, приобретенный относительно поздно в процессе исторического развития, и этих гласных здесь первоначально не было» деген ой айтады². Алтай тілдері бойынша созылыңқы дауыстылардың табиғаты, даму жолы туралы зерттеулерді Г.И.Рамстед, А.Д.Руднев, Б.Я.Владимирцов, Г.Д.Санжеев т.б. ғалымдардың еңбектерінен кездестіруге болады. Академик Б.Я. Владимирцов созылыңқы дауыстылардың VCV буын ішінде пайда болуын вокальаралық *γ*, *g* дыбыстары әлсіреп, билабиаль *w* дыбысына ауысуы негізінде екінші

¹ Рассадин И. В. Очерки по исторической фонетике бурятского языка. – Москва, 1982. – С. 24,43

² Рассадин И. В. Очерки по исторической фонетике бурятского языка. – Москва, 1982. – С. 38.

дауыстыға қосымша екпін түсуімен байланыстырады¹. Сондай-ақ, монғол тілдерінде дауыстылар арасындағы γ , g дыбыстарының созылыңқы дауыстыға айналмай, бастапқы күйін сақтап қалатынын да ескертеді.

Зерттеу нәтижелері жалпы түркі тілдеріндегі q , k , γ , g , x , h , w , j дыбыстарының өзара дыбыс сәйкестіктерін түзуіне толық мүмкіндігі бар екенін көрсетеді. Түркі тілдеріндегі $q/k \approx \gamma/g \approx x \approx h \approx w \approx j$ дыбыс сәйкестіктері тізбегінің қазіргі түркі тілдерінде түбір морфема деңгейінде де қосымша морфема деңгейінде де кездесуі, әрі сөздің тұлғасын ғана өзгертіп қоймай, кей жағдайда сөз мағынасына да әсер етуі оның күрделі табиғатын білдіреді. Г.Д. Санжеев w дифтонгының жасалу әрі даму процесін $ayu \rightarrow ahy \rightarrow a'y \rightarrow y'y \rightarrow y$ бағытында көрсетеді.

Морфема жігіндегі ұяңдану үдерісі. Көне түркі тіліндегі кейбір сөздер құрамында дауыстылар ортасындағы дауыссыздардың қазақ тілінде ұяңданып айтылуы (*sekiz* \approx *segiz*, *toquz* \approx *toyiz*), сондай-ақ үнді дыбыстан кейін септік және жіктік жалғауларының ұяң варианттарының жалғануы (*žolta* \approx *žolda*, *körtim* \approx *kördim*) үндестік заңының нәтижесі. Қазақ тілінде көнетүркілік *sekiz*, *toquz* сан есімдері құрамындағы қатаң q , k қазақ тіліндегі дауыстылар арасындағы қатаң дыбыстардың ұяңдану заңдылығына сай γ , g дыбыстарымен қалыптасса да (*segiz*, *toyiz*), ондық сан есімдердің құрамында көне тұлға сақталған: *seksen*, *toqsan*.

Протезалық құбылыстар. Түркі тілдері фонологиялық жүйесінің даму ерекшеліктерін, морфологиялық құрылымның табиғатын анықтауда, тарихи лексикалық қабаттарды ажыратуда, түркі тілдеріне генеалогиялық тұрғыдан және қалыптасу кезеңдеріне байланысты классификация жасауда протезалық, эпентезалық дыбыстардың табиғаты ескерілуі қажет. Протеза (грек. *prothesis* – алдында қосылу) сөз алдына

¹ Владимирцов Б. Я. Сравнительная грамматика монгольского письменного языка и халхасского наречия. Введение и фонетика. – Ленинград, 1929. – С. 215.

дыбыстардың қосылып айтылуы. Тілдік дамуға байланысты о баста сөз құрамында болмаған дыбыстардың сөз шеніне орнығуы негізінен кірме элементтердің тілдің табиғи болмысына икемделуімен қатар жүретін құбылыс. Түркі тілдерінің глоттохронологиялық қабаттары лингвоконтактологиялық үдерістер нәтижесінде басқа тілдерден енген көптеген сөздерді бойына сіңіріп, фонетикалық жүйенің ерекшеліктеріне сай түркілік артикуляцияға бейімдейді. Түркі тілдерінің төл сөздерінде *r*, *l* дыбыстары анлаут позицияда қолданылмайды, сол сияқты сөз басында екі дауыссыз дыбыс та қатар келмейді. Бұл заңдылық түркі тілдеріне тән емес дыбыстық жүйеге құрылған кірме сөздердің фонетикалық қалыбын өзгертіп, сөз алдынан дауысты дыбыстың қосылып айтылуын орнықтырады. Қазақ тілінде мұндай өзгерістер кейде орфографиялық емледе ескерілмей, орфоэпиялық норма бойынша ғана сақталса (*ilajiq*←*i+laĭiq* `лайық`, *iret*←*i+ret* `рет`, *irenĭi*←*i+renĭi* `ренжі`, *iraxmet*←*i+raxmet* `рахмет`, *ilaiĭsin*←*i+laĭsin* `лашын`, *ilaq*←*i+laq* `лақ`), кей жағдайда орфографиялық ережеде де, орфоэпиялық нормада да сақталады (*irza*←*i+rza* `ырза`, *irĭs*←*i+rĭs* `ырыс`, *orĭs*←*o+rurĭs* `орыс`, *üstel*←*ü+stol* `үстел`). Бұл мысалдар синхрондық жағдайда айқын көрінетін құбылыстар, ал тілдің диахрониялық дамуы барысында өте ерте кездерде орныққан тарихи протезалар (мысалы, түркі тілдері бойынша анлаут *j*, *ž*, *dž* протезалық дыбыстар қатарында қарастырылады) мен төл дыбыстардың ара жігінің ажыратылмауы тілдердің туыстық деңгейін анықтауда кедергілер келтіреді.

Көне, орта ғасыр және қазіргі түркі тілдерінде сөз басында қолданылатын жалпытүркілік архетиптер қатарында болмаған, түркілік тектілдің ыдырау үдерісі нәтижесінде ажырап, ыдыраудан кейін қалыптасқан дауыссыз дыбыстар кездеседі¹. Түркі тілдерінің тарихи фонологиясында спирант *j* дыбысы да протезалар қатарында қарастырылады: *jig*→*j+ig* `игі`, *jĭ(γ)la*→*j+i(γ)*

¹ Щербак А. М. Сравнительная фонетика тюркских языков. – Ленинград: Наука, 1970. – С. 179.

la `жыла`, *jīli(γ)→j+īli(γ)* `жылы`. Түркілердің байырғы сөздерінің дамуы барысында қалыптасқан тарихи протезалық дыбыстардың табиғаты кірме элементер құрамындағы протезалық дыбыстардан өзгешелеу, мұндай өзгерістер негізінен тілдер арасында кездесіп, әрбір тілдің ерекшелігін көрсетсе, бір тіл ішіндегілері сөз мағынасының ажырауына әсер етуі мүмкін. *īli(γ)≈jīli(γ)≈žili≈džili* `жылы`, *i(γ)la ≈ jīyla ≈ žila, ≈ džila* `жыла`, *ig≈jig* `игі`. Тарихи протеза *j* қыпшақ тобындағы тілдерде *ž, dž* дыбысына өзгереді. *J* протезасы чуваш тілінде біршама кең тараған, негізінен *a, ä, o, ö, u, ü, ĩ, i* дауыстыларының алдында келеді (жүйелілік сақталмайды): *jat←j+*at* `ат`, *jer←j+*iz* `із`, *jar←j+*id* `жібер`, таста, *jene←j+*in* `ін`, *jeger←j+ekis/egiz* `егіз`, *jenär←j+*(äg)är* `ер,ер-тұрман`, *jīd←j+*id/it* `ит`, *jīyač←j+aγač* `ағаш`, *jīvar←j+*aγir* `ауыр`, *jux←j+*aq* `ақ, ағу`, *jur←j+*ir* `жыр` т.б.

Протезалық дауыссыздар қатарында *v, h, s* фонемалары да аталады. Протезалық анлаут *v* чуваш тілінде үнемі этимологиялық *o, ö, u, ü* лабиал дауыстылардың алдынан келеді: *vat→v+öt* `өт`, *väl→v+ol* `ол`, *vägär→v+ökis* `өгіз`, *vara→v+ara* `ара,орта`, *värman→v+orman* `орман`, *vāja→v+*oj* `ойын`, *vär→v+*ur* `лақтыр, ұр`, *vīrān→v+orin* `орын`, *vut→v+ot* `от`, *vāč→v+*uč* `ұш`, *vin→v+on* `он` т.б. Дауысты *a, o, ö, u, ü* дыбыстарының алдынан келетін протезалық құбылыс өзбек тілінің говорларында да ұшырасады: *vördäk→v+ördäk* `үйрек`, *vottis→v+otis* `отыз`, *vüč→v+üč* `үш`, *vüj→v+üj* `үй`, *vat→v+at* `ат`, *vata→v+ata* `ата,әке`, *vajuv→v+ajuv* `аю`, *vaš→v+aš* `ас, тамақ` т.б. Анлаут *v* протезасы әзірбайжан тілінде де кездеседі: *vär→v+*ur* `ұр, соқ`¹. Қазақ тілінде де *u, ü, j* дыбыстарының *o, ö, e* дауыстыларының алдынан *u, ü, j* дыбыстарының нышаны байқалып, дифтонгтық сапада қолданылады: *(j)erin* `ерін`, *(j)ezüw* `езу`, *(u)ol* `ол`, *(u)on* `он`, *(ü)ör* `өр`, *(ü)ört* `өрт` т.б. Бұл құбылыс қазіргі қыпшақ тобындағы тілдердің біразынан байқалады.

¹ Томанов М. Тіл тарихы туралы зерттеулер. – Алматы: Ғылым, 2002. – Б. 74,95.

А.М.Щербак гагауыз, қазақ, қарақалпақ, құмық, қарашай балқар, ноғай тілдері де *v* протезасы даму үстіндегі тілдерге, яғни *o*, *ö*, *u*, *ü* еріндіктері мен езулік *e* кейін протезалық дыбыстарды қабылдауға бейім тілдер ретінде қарастырады: «В названных языках на месте общетюркских широких лабиализованных гласных *o*, *ö*, *u*, *ü* появились дифтонги и навллюдается тенденция к вращению их начального элемента в *v*», дей отырып аталған тіл деректерінен бірнеше мысалдар келтіреді»¹.

Түркі тілдеріндегі анлаут дауыстылардың делабиализациялану үдерісі мен протезалық құбылыстардың даму ерекшеліктері жайлы әртүрлі көзқарастар бар. В.В.Радлов *v* протезасының қалыптасуын анлаут дауыстылардың дифтонгтану үдерісімен байланыстырса,² Б.А.Серебренников *v*, *j* протезалық дыбыстарын сыртқы сандхидың қарқынды дамуының ықпалындағы инкурсиядан қалыптасқанын³, Г.Рамстед анлаут дауыссыздардың инкурсиясы түркі тілдері дамуының ежелгі дәуірлеріне тән екенін және аталған құбылыстың лабиализацияланған дауысты дыбыс алдындағы *v* протезасының орнығуына ықпал ететінін көрсетеді⁴.

Қазіргі гагауыз, қарашай-балқар, қарақалпақ, қазақ, ноғай тілдерінде *j* протезасы да *v* протезасы тәрізді даму үстіндегі құбылыс ретінде қарастырылады, негізгі пайда болу көзі – *e/ə* дауыстыларының дифтонгтану үдерісіндегі элементтер: гаг. *jel←j+el* ‘қол’, *jet←j+et* ‘ет’, *jev←j+ev* ‘үй’, *jelli←j+elli* ‘елу’, *jerkäk←j+erkäk* ‘еркек’, *jekmāk←j+ekmāk* ‘нан, егін’, *jeski←j+eski* ‘ескі’; балқ. *jet←j+et* ‘ет, істе’. Гагауыз тілінде *j*-дің протезалық сапасы *ö*, *u*, *i* дыбыстарының алдынан да аңғарылады: *jöküz←j+öküz* ‘өгіз’, *jüç←j+üç* ‘үш’ т.б. Анлаут *j* дыбысының протезалық

¹ Щербак А. М. Сравнительная фонетика тюркских языков. – Ленинград: Наука, 1970. – С. 179-180.

² Radloff W. Phonetik der Nordlichen Türkschorachen. – Leipzig, 1882. – S. 167

³ Serebrennikov B. A. Zur Frage nach dem Ursprung der prothetischen Konsonanten *v* und *j* im Tschuwaschischen. AON, XIX, 1, 1966. – S. 65.

⁴ Ramstedt G. J. Zur mongolisch-türkischen Lautgeschichte, III. Der *j*-Laut und damit zusammenhängende Fragen. KSz, XVI, 1915. – S. 73-74.

сипатының көне түркі, орта ғасыр ескерткіштері тілінен де көрініс беруіне байланысты түркі тілдері фонологиялық жүйесіндегі ең ежелгі тарихи протезаға жатқызылады: *jig/jeg* → *j+ig* `игі, игілік`, *jeged* → *j+igid* `жақсару` (ДТД, 46); БҚ. 36; Е. 24; КТү. 29: *İyur eligde jig qiltim* «Ығыр болған қағандықты игі еттім» (Сартқ. II, 167, 175) ~ қаз., ноғ. *ijgi*; тат., башқ. *ijge*; *juγčī* → *j+ iγčī* : *Juγčī-siγitčī enre kün toγsıqda Bökli čölīg il* «Жылап-сықтаған: әуелі күн шығыстан Бөклі шөлінің елі...» (Айд. I, 172) ~ қаз., ққалп. *žila*; қырғ., ноғ., құм. *jila*; башқ. *ijla*; тат. *ela*. Орта ғасыр ескерткіштері тілінде *jibäk* → *j+ipäk* `жібек` НФ, XIII, КК: *Jibäk tonlar* `жібек тондар` НФ; *jigit* → *j+igit* `жігіт` Г, XIII: *Jigit qiz birlä* `жігіт пен қыз` XIII; *jilik* → *j+ilik* `жілік` XIII; *jätim* → *j+etim* `жетім` XIII, 87: *Atasiz xäm anasiz bir jätimmän* «мен анасыз, атасыз жетіммін».

h протезасы түркі тілдерінің ішінде әзірбайжан, гагауыз, түркімен, өзбек, ұйғыр тілдерінде кездеседі. Әзірбайжан тіліндегі *h* протезасы кавказдық субстраттың ықпалы негізінде қалыптасқан кейінгі құбылыс ретінде қарастырылады.

Сөздің басқа шенінде кейін орныққан дыбыстар да ұшырасып жатады. Протезаға табиғаты ұқсас бұл құбылыс– эпентеза деп аталады. Эпентеза (грек. *epenthesis* – қыстырылу) немесе сөз басындағы екі дауыссыздың арасынан немесе сөздің басқа шеніне дауыстының қосылып айтылуына байланысты қалыптасқан лингвистикалық термин. Эпентезалық дыбыстар араб-парсы тілінен енген сөздерден айқын көрінеді. Мұндай қыстырма дыбыстар түркі тілдеріндегі төл сөздерден де орын алады (қаз. т. *türk* ← *tür+i+k* `түрік`, *alp* ← *al+i+p* `алып` т.б.). Эпентезалық дыбыстар қатарын негізінен қысаң дауыстылар құрайды.

Дыбыс өзгерістерінің қалыптасу факторлары. Тілдің негізін қалаушы әрбір дыбыс ұзаққа созылған тарихи дамудың жемісі, дыбыстық өзгерістер әр халықтың лексикалық қорының дамуына тікелей әсер ететін тілдік заңдылық. Фонологиялық жүйенің құрылу механизмінің күрделілігінен және даму процесінің өте ұзақ мерзімді қамтитындығынан дыбыстық өзгерістердің

(дыбыс сәйкестіктерінің) негізгі себебін, даму бағытын анықтау қиын мәселе. Олар сөздерді тұлғалық жағынан ғана өзгертіп қоймай, семантикалық жағынан жіктелуіне де ықпал етеді. Сондықтан, құрамынан дыбыс сәйкестіктері көрінетін түбірлес сөздер бір сөздің бірдей мағынада жұмсалатын фонетикалық варианттары ретінде де, жеке-жеке ұғымды білдіретін дербес сөздер ретінде де қолданылады. Түбірлес сөздердегі дыбыс сәйкестіктері фонеманың денотаттық қасиетіне, фонологиялық қызметіне, артикуляциялық белгілеріне қарай ажыратылып, түбірдің архитұлғасын, архисемасын анықтауға септігін тигізеді.

Тарихи дыбыс сәйкестіктерінің барлық халықтар тілінен орын алуы, әсіресе әрбір этностың базистік лексикасының дамуына тікелей әсер етіп, сөзжасам факторларымен астарлас болуы, оларды тіл онтологиясымен, яғни адамзат тілінің пайда болуымен байланысты, ұзақ мерзімдік даму жолынан өткен құбылыс екенін көрсетеді¹. Түркі тіл білімінде дыбыс сәйкестіктерінің фоно-морфо-семантикалық белгісі жан-жақты талданып, оның ішкі флексия, жасырын синкретизм ұбылыстарымен сабақтас сөзжасамдық сипаты тілдік ретінде қарастырылды.

Жалпы тіл білімінде дыбыстардың ешқандай фонетикалық ықпалсыз өзгерістерге түсуі себебінің бірнеше факторлары белгілі болғанымен бірізді пікірлер жоқ. Көп жағдайда негізгі себеп ретінде физиологиялық, фонетикалық құбылыстар аталады: «сөзді айтуға, дыбыстауға кететін энергияны үнемдеу», «дыбыстауға кететін күшті (қуатты) мейлінше аз жұмсау», «үйлесімділікке немесе әуезділікке ұмтылу», «тілдік жүйені жетілдірудің ішкі қажеттілігі», «фонемаларды функционалдық сипатына қарай саралау», «ұрпақ ауысуы немесе географиялық жағдайдың өзгеруі», «әлеуметтік ортада қалыптасқан дәстүрге бейімделу» тәрізді қоғамдық-әлеуметтік факторларда дыбыс өзгерістерінің себептері ретінде аталады².

¹ Крουνевский Н. В. Очерки науки о языке // История языкознания XIX-XX веков в очерках и извлечениях. ч. I. – Москва, 1960. – С. 289.

² Полливанов Е. Д. Факторы фонетической эволюции языка как трудового процесса // Статьи по общему языкознанию. – Москва, 1968. – С. 74.

Тілдік дыбыстардың тарихи өзгерістерінің негізгі себептерінің бірі ретінде **ықшамдалу принципі** аталып жүр. ХІХ ғасырдың аяғында ағылшын философы Г.Спенсер, неміс тілшісі Г. Пасси, ХХ ғасырда орыс ғалымдары А.А. Потебня, И.А. Бодуэн де Куртенэ, В.А. Богородицкий, Е.Д. Поливанов және т.б. тілші ғалымдар тілдегі ықшамдалу принципі мәселелерін терең зерттеп, тілдегі ықшамдалу теориясының негізін қалады. А.А.Потебня ықшамдалу принципін грамматикалық, фонетикалық, графикалық негізде қарастырып, грамматикалық қырына көбірек көңіл аударады. Мысалы, сын есімнен зат есімнің жасалу жағдайындағы ықшамдалуды ойды жеткізудегі үнемділікпен түсіндіреді. А.А.Потебняның бұл зерттеулері ықшамдалу принципі теориясының дамуына, сондай-ақ И.А. Бодуэн де Куртенэ мен Е.Д.Поливановтардың ықшамдалу – тілдің даму эволюциясының ең негізгі ғылыми-теориялық факторларының бірі болып танылатындығы жөніндегі еңбектеріне негіз болды. Қазан лингвистикалық үйірмесінің мүшесі Е.В.Крушевский бұл теорияның маңызы, тілдің эволюциялық дамуымен тығыз байланысы жайлы мәселелерге тоқталып, тілдегі өзгерістердің үш бағытын көрсетеді: 1. Артикуляциялық мерзімнің қысқаруы; 2. Сөйлеу мүшелері қызметінің жеңілдеуі; 3. Дыбыстардың орын ауыстыруы¹.

Тілдегі фонетикалық өзгерістер, жаңа сападағы тіл дыбыстарының пайда болуы сөйлеу органдарының дыбыс жасаудағы қызметінің көмейден ерінге, ауыздың төменгі жағынан жоғары жағына қарай жылысуы сияқты заңдылыққа негізделеді. Бодуэн де Куртенэ оның негізгі себебі тіл дыбыстарын айтудағы үйлесімділікке, әуезділікке ұмтылуды атайды және адам ақыл-ойының тілдік қолданыстағы үш бағытын көрсетеді: 1. Орталықтан сыртқа қарай, фонация (сөйлеу); 2. Сырттан орталыққа қарай, аудиция (тыңдау); 3. Ми орталығындағы ақыл-ой қозғалысы, церебрация (ойлау)². Ғалым ықшамдалу принципінің сөйлеу-

¹ Крушевский Н. В. Очерки науки о языке // История языкознания XIX-XX веков в очерках и извлечениях. Ч. I. – Москва, 1960. – С. 289.

² Бодуэн де Куртенэ. Избранные труды по общему языкознанию. Т. I. – Москва, 1963. – С. 228.

мен ғана емес, сонымен қатар таза физиологиялық құбылыс ақыл-ой қызметімен де тікелей байланыстылығына ерекше тоқталып, оны тіл дамуының жалпы себептерін тудыратын үйлесімділікке ұмтылумен сабақтастырады. Тіл дамуының жалпы себептерін туғызатын үйлесімділікке ұмтылудың бірнеше қырын сипаттайды: «дыбыстар мен дыбыс сәйкестігінің ең қиыннан жеңілдеуіне қарай бейімделуде бұлшық ет пен жүйке қызметі жеңілденуіне күш салу; ықшам формаға бейімделу; нақтылықтан абстрактілікке өтуде ойдың дерексіздігінен арылу»¹ т.б. Ықшамдалу принципі қызметінің негізгі себептерінің бірі психофизиологиялық фактор, яғни сөйлеу мүшелерін, нерв жүйелерін қозғалысқа келтіретін бұлшық ет қызметін үнемдеу деп есептейді. «Үнемдеу абсолютті емес, сөйлеудің барлық жағдайында шарт емес, сонда да оны біздің фонациялық қызметіміздің нағыз белгісі, ал бұл үшін тілдің эволюциялық факторлары өте маңызды»².

Е.Д. Поливанов ықшамдалу принципі мәселелерін тілдің түрлі деңгейлерінде қарастырып, ықшамдалу принципінің негізі әлеуметтік (адамға тән жалқаулық), психофизиологиялық (мүмкіндігінше дыбыс жасаушы органдар қызметін қысқарту, мысалы, ауыз, ерін т.б. қозғалысы) факторларда жатқанын көрсетеді³. Француз ғалымы А. Мартине үнемдеу принципінің қарама-қайшылықты тенденция екенін көрсетіп, тіл дамуы негізіндегі қарама-қайшылыққа мынадай факторларды жатқызады: адамдар қарым-қатынастағы үнемі болатын қарама-қайшылық пен олардың өздерінің ақыл-ой және дене күші қызметін азайтуға тырысуы⁴.

¹ Бодуэн де Куртенэ. Избранные труды по общему языкознанию. Т. I. – Москва, 1963. – С. 228.

² Поливанов Е.Д. Факторы фонетической эволюции языка как трудового процесса // Статьи по общему языкознанию. – Москва, 1968. – С. 90.

³ Поливанов Е.Д. Факторы фонетической эволюции языка как трудового процесса // Статьи по общему языкознанию. – Москва, 1968. – С. 90-113.

⁴ Мартинс А. Принципы экономии в фонетических изменениях. – Москва, 1960. – С. 8.

Түркологияда сөздердің ықшамдалуының дыбыстардың түсірілуімен байланыстылығы туралы пікірлердің қалыптасқанына біраз уақыт болды. Мұндай пікірлерді В.В. Радлов, А. Самойлович, Н.А. Ашмарин, Ж. Дени, И.Ф. Катанов, Н.К. Дмитриев, А.Н. Кононов, В. Котвич, Г.В. Севортян т.б. ғалымдар еңбектерінен кездестіреміз. Қазақ тіл білімінде бұл мәселе жөнінде Н. Оралбаева, А. Қошқаров, Р.Әміров, Т. Смайылов, С. Бизақов, Б. Сағындықов т.б. ғалымдардың еңбектерінде сөз болады. Зерттеушілердің біразы дыбыс сәйкестіктерінің негізгі факторы ретінде ықшамдалу принципін атайды.

Тілдегі ықшамдалу немесе үнемдеу тенденциясының тілдік әлемнің тарихи дамуындағы қуатты тенденциялардың бірі екені анық. Дегенмен дыбыс сәйкестіктерінің негізгі факторы ықшамдалу заңдылығы ғана бола алмайды. Дыбыстардың тарихи өзгеру себептерінің үнемдеу факторы жайында А.М.Щербак: «В развитии же фонологической системы трудно уловить тенденцию в экономии; напротив, некоторые изменения состава фонологических оппозиций или их преобразования приводят к «излишнему» усложнению ее» – дейді және фонетикалық өзгерістер мен ұрпақ ауысуының, сондай-ақ географиялық, климаттық жағдайдың өзгеруінің арасында ешқандай байланыстың болуы мүмкін еместігін көрсетеді¹.

Сөйлеуге кететін күшті неғұрлым азырақ жұмсауға ұмтылу бүкіл адамзат баласы тілінің бәріне ортақ, бәріне тән қасиет. Алайда, сөзді айтуға кететін физикалық қуатты үнемдей жұмсауға барлық тіл мүдделі бола тұра, бір негізден өрбіген түркі тілдері арасындағы дыбыс сәйкестіктерінің түрліше таралуы тарихи дыбыс өзгерістерін үнемдеу заңымен тікелей байланыстыруға келмейді. Түркі тілдеріндегі дыбыс сәйкестіктерінің семантикалық қабілеті, морфонологиялық сипаты олардың лингвоонтологиялық даму заңдылықтарына және этногенездік үдерістерге сәйкес қалыптасқан тарихи лингвистикалық құ-

¹ Щербак А.М. Сравнительная фонетика тюркских языков. – Ленинград: Наука, 1970. – С. 189.

былыс екенін дәйектейді. Этногенез, глоттоогенез мәселелері антропология ғылымына тікелей сабақтастықта дамиды. Адамзат баласының дыбысты айтуы, ауыз қуысы қимылының алуан түрлілігімен артикуляциялық мүмкіндіктерінің молдығымен ерекшеленеді. И.А. Бодуэн де Куртенэ алғашқы адамдар тіл алды дыбыстарын айтуға қабілетсіз, тек тіл арты дыбыстарын айту мүмкіндігіне ие болғанын көрсетеді¹. Демек, тіл алды дыбыстары адамзаттың биологиялық, физиологиялық дамуы негізінде олардың артикуляциялық мүмкіндіктерінің жетілуіне байланысты қалыптасады. Тіл арты дыбыстарының тіл алды, тіл ортасы дыбыстарына өзгеруі арқылы сөз тұлғасы, сөз мағынасының өзгеруі адам миының физиологиялық жағынан дамуымен қатар жүретін психологиялық, логикалық, танымдық жетілу процестері негізінде тілдің ішкі даму заңдылығы (фоно-морфо-семантикалық) нәтижесінде, «тілдік жүйені жетілдірудің ішкі қажеттілігі» де ескеріле отырып жүзеге асады. Баба тіл монолитті болмағаны баршаға аян. Мыңдаған жылдарды қамтитын ұзақ мерзімдік даму барысында баба тілден бөлініп шыққан тайпалық говорлардың жеке тіл болып қалыптасуы да бір мерзімде болған жоқ, түрлі объективті, субъективті себептерге қатысты сол тілде сөйлеуші халықтың қалыптасуымен тікелей байланыста дамиды. Туыс, туыстас тілдерді ажыратудағы негізгі айырым белгі – тарихи дыбыс өзгерістері, яғни сәйкестіктері. Дыбыс сәйкестіктері артикуляциялық дамуға негізделетін фонологизация құбылысының нәтижесі. Әрбір тілдің ішкі физиологиялық жүйесінің өзіндік заңдылықтарымен дамуы туыс тілдер арасындағы фонетика-фонологиялық вариацияны қалыптастырады.

Түркі тілдері құрылымдық жүйесінің (фонологиялық, морфологиялық, лексикалық) дамуын қамтамасыз ететін фонетика-фонологиялық, морфофонологиялық заңдылықтардың таби-

¹ Бодуэн де Куртенэ. Об одной из сторон постепенного человеческого языка в области произношения, в связи с антропологией // Введение в языковедение. Хрестоматия. – Москва, 2000. – С. 60.

ғаты, дыбыс өзгерістерінің таралу бағыты мүмкіндігінше толық ескерілген жағдайда ғана түркі тілдерінің шынайы классификациясына қол жеткізуге болады.

§3. Түркі тілдерінің классификациялары

Ұзақ жылдарға созылған тарихи дамуға байланысты бір негізден тараған түркі халықтарында әртүрлі тілдік жағдаяттар орнықты. Қарым-қатынас үдерістерінің саяси-әлеуметтік шарттары мен мәдени факторлары, этникалық үдерістердің салдары әрбір этносқа тән ұлттық-мәдени дүниетанымның және сол этнос тілінің өзіндік ерекшеліктерін қалыптастырды. Жекелеген түркі тілдері даму барысында өзге тілдермен ықпалдастыққа түсіп, лексикалық қорын кірме сөздер арқылы жаңартып, байытып отырады. Бұл түркі тілдерінің барлық деңгейлеріндегі алшақтықтардың ұлғаюына алып келді. Туыс тілдердің дифференцияциялық белгілері көбейген сайын олардың туыстық деңгейін ажырату да қиындай түседі. Сондай-ақ өзіндік ерекшеліктері қалыптасқан туыс тілдер бір-бірімен қайта араласуы арқылы да тіл дамып отырады. Бұл да тілдердің туыстық дегейін анықтауды күрделендіре түседі. Ал туыс тілдердің өзара туыстық қатысын айқындау тіл тарихын, фонологиялық жүйе мен морфологиялық құрылымның, синтаксистік конструкцияның даму заңдылықтарын анықтауда аса маңызды. Туыс тілдердің өзара жақындық деңгейін анықтау ең алдымен әрбір тілдің қалыптасу кезеңін анықтауды талап етеді.

М.Қашқаридың классификациясы. Түркі тілдеріне ең алғаш классификация жасаған XI ғасырда өмір сүрген ғұлама ғалым Махмұд Қашқари. М.Қашқари түркі тілдерінің фонетикалық, морфологиялық ерекшеліктеріне сүйене отырып екі топқа бөледі: Қашқардан жоғарғы Шыңға дейінгі аумақты мекендеуші тайпалар тілі, Румға дейінгі жерлерді мекендеуші тайпалар тілі¹. Сондай-ақ М.Қашқари түркі тілдерінің өз-

¹ Қашқари М. Диуани луғат-ат түрк. Т I. – Ташкент, 1960. – С. 58.

ге жүйедегі тілдермен байланысына, лингвоконтактологиялық жағдаяттағы кірмелілік мәселесіне де көңіл бөліп, түркі тілдерін таза тілдер және аралас тілдер деп саралайды.

Түркі тілдерін «таза тіл», «аралас тіл» деп сипаттау XIII ғасыр мұрасы «Китаб мажму таржуман түркий уа ажамий уа мағолий уа фарсий» («Түрікше-арабша-монғолша-парсыша түсіндірме сөздік кітабы») шығармасында да кездеседі. Еңбектің бірінші бөлімі түрікше-арабша сөздікте тіркелген сөздердің түркі тілдерінің қай диалектісіне тән екені көрсетіледі. Түрікмен тілін «қоспа тіл, араб-парсы сөздері көп араласқан тіл» деп сипаттаса, түрік-қыпшақ тілін түркілердің негізгі әдеби тілі деңгейінде қолданып «таза түрік тілі» деген сипаттама береді.

Түркі халықтарының тілін зерттеуге ерекше ден қойылып, түркітану жеке ғылым саласы ретінде қалыптаса бастағаннан кейін түркі тілдерін жіктеу мәселесіне де мән беріле бастады. Түркі тілдерін классификациялаумен алғашқы жылдары Н.И.Ильминский, И.Н.Березин, Н.А.Аристов, Н.Ф.Катанов, В.Радлов, Ф.Е.Корш т.б., Кеңес Одағы кезінде А.Н.Самойлович В.А.Богородицкий, И.А.Батманов, А.Н.Кононов, Н.А.Баскаков, С.Е.Малов, Р.Г.Ахметьянов т.б., шетелдік зерттеушілерден А.Бальби, А.Ремюза, А.Пальмблад, А.Вамбери, Г.Рамстедт, М.Рясянен, И.Бенцинг, Л.Лигети, М. Менгес, Т.Текин т.б. сынды ғалымдар айналысты.

А.Ремюзаның классификациясы. XIX ғасырда түркі тілдерін генеалогиялық классификацияға жасауға алғаш талпыныс жасаған ғалымдардың бірі – А.Ремюза (1820 ж.). Түркі тілдерін: *якут тобы, ұйғыр тобы, ногай тобы, қырғыз тобы, түрік тобы* деп бес топқа бөліп қарастырған ғалым якут, ұйғыр, шағатай, түрікмен, татар тілдеріндегі ортақ лексиканың тұлғалық өзгерістерін басшылыққа алады¹. Зерттеуші түркі тілдерін жіктегенде жекелеген түркі халықтарының географиялық таралу ареалы мен салт-дәстүріне қатысты қосымша материалдар да беріп отырады. Аталған жіктеуде түркі тіл-

¹ Remusa A. Recherches sur les langua Tateres. – Paris, 1820.

дері толық қамтылмаса да түркі тілдерін тілдерін классификациялаудың теориялық-методологиялық ұстанымдарын орнықтыруда маңызды еңбек болды.

В.В.Радловтың классификациясы. Түркі тілдері біршама толық қамтылған классификациялар қатарына 1882 жылы жасалған В.В.Радловтың жіктеуі жатады. В.В. Радлов түркі тілдерінің фонетикалық ерекшеліктері негізінде оларды төрт топқа бөліп көрсетеді: *Шығыс топ* (сібір тілдері), *Батыс топ* (қазақ, қырғыз, башқұрт, Батыс Сібір, Волга татарларының тілі); *Орта Азия тобы* (өзбек, ұйғыр); *Оңтүстік топ* (түрікмен, әзірбайжан, қырым татарларының говорлары). В.В.Радлов якут тілін басқа сібір түркілері тілінен бөлек алып қарастырады.

Ғалым өз жіктеуінде түркі тілдеріндегі $b \approx p$, $\check{s} \approx \check{z}$, $t \approx d$, $q \approx \gamma$, $k \approx g$, $d\check{z} \approx d$, $\check{c} \approx \check{s}$, $\check{c} \approx ts$, $\ddot{o} \approx \ddot{u}$, $o \approx u$ дыбыс алмасуларына, басқа фонетикалық заңдылықтарға сүйенеді. В.В. Радловтың классификациясы бойынша шығыс топтың доминант белгілері – o дауыстысының өзінен кейінгі дауыстыларға ықпалының бәсеңдігі; \ddot{o} дауыстысының өзінен кейінгі дауыстыларға ықпалының күштілігі; ij , i дыбыстарының қолданылуы; сөз басында қатаң дауыссыздардың қолданылуы ($b \approx p$); түбірдің аулаут позициясындағы \check{s} , t дыбыстарынан кейін дауыстыдан басталатын қосымшалар жалғанса \check{s} дыбысының \check{z} дыбысына, t дыбысының d дыбысына айналуы; аулаут позициясындағы p , q , k дыбыстарынан кейін дауыстыдан басталатын қосымшалар жалғанса ұяңданып p дыбысының b дыбысына, q дыбысының γ дыбысына, k дыбысының g дыбысына айналуы; l дыбысының жуан, жіңішке варианттарының қатар қолданылуы; сөз құрамындағы мұрын жолды дауыссыздардың b дыбысына ықпалының күштілігі. Батыс топтың ортақ доминанттары – анлаут позицияда γ , g , d дыбыстарының орнына қатаң q , k , t дыбыстары қолданылады; анлаут позицияда негізінен p дыбысының орнына ұяң b дыбысы қолданылуы; аулаут позициядағы қатаң дауыссыздар дауысты дыбыстың алдында ұяңдануы; аулаут позициядағы қатаң t дауыссызы дауысты дыбыстың алдында қатаңдығын сақтауы; l дыбысының жуан,

жіңішке варианттары сөз құрамындағы дауыстылардың жуан, жіңішкелігіне байланысты қолданылуы; *s*, *z*, *š* дыбыстарының сөздің барлық позициясында қолданылуы; өз ішінде *s* ≈ *š*, *č* ≈ *š*, *č* ≈ *ts* дыбыс сәйкестіктерінің және дауыстылар жүйесінде *ə* ≈ *ij*, *ö* ≈ *ü*, *o* ≈ *u* дыбыс сәйкестіктерінің қолданылуы. Орта Азия тобының ортақ доминанттары – *i*, *i*, *ij* дыбыстарының конвергенцияға ұшырауы; *o*, *ö* дыбыстарының моносиллабтар құрамында жиі қолданылуы; сөз соңында ұяң дауыссыздардың да қолданылуы; сөз соңындағы *-iγ*, *-ig* форманттарының *-iq*, *-ik*, *-ijq* *-ijk* тұлғасында берілуі; етістік түбірлердің соңындағы *q*, *p* қатаңдарының дауысты дыбыстың алдында қатаңдығын сақтауы; *l* дыбысының жуан, жіңішке варианттарының да конвергенцияға ұшырауы. Оңтүстік топтың ортақ белгілері – қосымшалардағы қысаң дауыстылардың еріндік дауыстыларға айналуы; дауыстылар үндестігінің толық сақталмауы; сөздің бірінші буынында *o*, *ö* дыбыстарының қолданылуы; *d*, *g* дыбыстарының анлаут позицияда жиі қолданылуы; ауслаут позициядағы *č*, *t* дыбыстары өзінен кейінгі дауыстылардың әсерінен қатаң *žd*, *d* дыбыстарына өзгеруі; кірме сөздер үлесінің көп болуы¹.

Ф.Корштың классификациясы. Түркітануда ерекше аталатын классификациялардың бірі – Ф.Корштың классификациясы². Бұл жіктеудің алғашқы классификациядан басты айырмашылығы тек фонетикалық ерекшеліктерге ғана емес ортақ лексиканың морфологиялық құрылымына да назар аударуында. Ғалым түркі тілдерін жіктеуде *γ* ≈ *w* сәйкестігін; сөз соңындағы немесе сөз ортасындағы *γ*, *g* элизиясын; есімшенің *-r* тұлғасының қолданылу/қолданылмауын; көсемшенің *-a*, *-e*, *-ij* тұлғасы мен қалып етістіктің тіркесуі арқылы осы шақтың берілуін негізге ала отырып, төрт топқа бөліп қарастырады: 1. *Солтүстік топ* (алтай, қырғыз, қарашай, қазақ, ноғай, татар, башқұрт т.б.); 2. *Батыс топ* (түрік, әзірбайжан, гагауз,

¹ Radloff W. Ponetik der Nordlichen Turkschorachen. – Leipzig, 1882.

² Корш Ф. Е. Классификация тюркских языков//Этнографический сборник. – Санкт-Петербург, 1910. – С.76.

түрікмен т.б.); 3. *Шығыс топ* (Орхон ескерткіштерінің тілі, көне ұйғыр, шағатай, половец, қарағас т.б.); 4. *Аралас топ* (якут, чуваш т.б.). Солтүстік топтың негізгі белгілері – ауслаут γ дыбысының w дыбысына немесе созылыңқы дауыстыға айналуы; инлаут γ дыбысының сақталуы; осы шақтың *-a*, *-e*, *-ij* тұлғасы мен қалып етістігі арқылы жасалуы. Батыс топтың ортақ белгілері – қосымша морфеманың басындағы γ дыбысының түсіп қалуы; екі буынды сөздер соңында, қысаң дауыстыдан кейін қолданылатын γ дыбысының түсіп қалуы; түбір морфема соңындағы γ дыбысының сақталуы; осы шақ категориясының *-r* арқылы жасалуы. Шығыс тобына тән ортақ белгілер – түбірдің ауслаут позициясындағы γ дыбысының сақталуы; қосымша морфеманың басындағы γ дыбысының сақталуы; γ дыбысының қысаң дауыстыдан кейін сақталуы; осы шақ категориясының *-r* арқылы жасалуы.

А.Н.Самойловичтің классификациясы. 1922 жылы жасалған А.Н.Самойловичтің классификациясында¹ түркі тілдерінің фонетикалық, морфологиялық ерекшеліктері кеңірек қамтылады. Түркі тілдерін алты топқа бөліп қарастырған ғалым жіктеудің негізгі шарты ретінде *ajaq*, *bol*, *qalyan*, *sari*, *taw*, *toiiz* сөздерінің фонетикалық және морфологиялық өзгерістеріне сүйенеді: 1. *r-тобы* немесе бұлғар, чуваш тобы (көне бұлғар тілі, чуваш тілі): *ura*, *pul*, *taw* / *tuw*, *qalan*, *sari*, *tozar*; 2. *d-ұйғыр* немесе солтүстік шығыс тілдері: *toquz*, *pol*, *taγ*, *sariγγ*, *qalyan*. *Ajaq* сөзінің тұлғалық өзгерістеріне қатысты іштей үш топшаға бөледі: *d-топшасы* (Орхон-Енисей ескерткіштерінің тілі, көне ұйғыр тілі, тува, тофалар, салар тілдері): *adaq* «аяқ»; *t-топшасы* (якут тілі): *атақ* «аяқ»; *z-топшасы* (сары ұйғыр, шор, хакас тілдері) *azaq* «аяқ»; 3. *taw-тобы* немесе қыпшақ, солтүстік-батыс тобы: *toγuz*, *ajaq*, *bul/bol*, *taw*, *sari*, *qalyan*. Монғол шапқыншылығына дейін қалыптасқан тілдер (алтай, қырғыз, телеуіт, құмық, қарашай-балқар, татар, башқұрт), монғол шапқыншылығынан кейін қалыптасқан

¹ Самойлович А.Н. Некоторые дополнения к классификации тюркских языков. – Санкт-Петербург, 1922.

тілдер (қазақ, ноғай) деп іштей екі топшаға бөледі; 4. *tayliq* тобы. Шағатай немесе оңтүстік-шығыс тобы (шығыс Түркістанда тұратын түркілердің тілі): *toquz, ajaq, tay, qalyan, sariq, bol*; 5. *tayli-*тобы. Қыпшақ-түрікмен немесе орта топ (Хорезм өзбектерінің тілі): *ajaq, doquz, tay, qalyan, sari, bol*; 6. *ol-*тобы. Түрікмен немесе оңтүстік батыс тобы (әзірбайжан, түрікмен, түрік, гагауз тілдері): *ajaq, doquz, ol, day, sari, qalan*.

В.А.Богородицкийдің классификациясы. Түркі тілдерін топтастыру мәселесінде өзіндік із қалдырған ғалымдар қатарына В.А. Богородицкий¹ жатады (1933 ж.). В.А.Богородицкий фонетикалық ерекшеліктермен қатар географиялық-аумақтық белгілерді де негізге ала отырып, түркі тілдерін жеті топқа бөледі: *солтүстік батыс топ* (якут, тува, қарағас тілдері); *хакас тобы* (хакас тілі); *алтай тобы* (алтай тілі); *Батыс Сібір тобы* (чұлым, Барабин, Тобыл, Түмен татарларының тілдері); *Волга және Орал бойындағы татар, башқұрттардың тілдері*; *Орта Азия тобы* (қазақ, қарақалпақ, қырғыз, ұйғыр, өзбек тілдері); *Оңтүстік батыс тобы* (әзірбайжан, түрік, түрікмен тілдері). Бұл классификацияда түркі тілдерінің тарихи даму жолы ескерілмей, негізінен түркі тілдерінің географиялық-ареалдық сипатына басымдық беріледі. В.А. Богородицкийдің жіктеуінде Орта Азия тобын анықтаудың негізгі фонетикалық белгісі ретінде $\check{s} \approx s$, $\check{c} \approx \check{s}$, $j \approx \check{z}$ сәйкестіктері алынады.

С.Е.Маловтың классификациясы. Түркі тілдеріне тарихи тұрғыдан, яғни қалыптасу кезеңіне байланысты классификация жасаған ғалым – С.Е.Малов көне белгі ретінде *rt, lt, nt* тіркестерінің түбір мен қосымша морфема жігінде қолданылуын (*alti* ‘алды’, *kelti* ‘келді’, *barti* ‘барды’, *anta* ‘онда’ т.б.), көне түркі жазбаларында кеңінен қолданылатын *γ/g* дауыссыздарының сақталуын (*tay* ‘тау’, *sariγ* ‘сары’ т.б.) көрсетеді². Ғалым осы

¹ Богородицкий В.А. Введение в татарское языкознание в связи с другими тюркскими языками. – Москва, 1953. – С. 10-16.

² Малов С.Е. Памятники древнетюркской письменности. – Москва-Ленинград, 1951. – С. 5-7; Древние и новые тюркские языки // ОЛиЯ. Т. 2. Вып. 2. – Москва, 1952, – С. 192.

белгілердің сақталу деңгейіне байланысты түркі тілдерін төрт топқа бөледі: 1. Ең көне түркі тілдері: бұлғар, сары ұйғыр, чуваш, якут тілдері; 2. Көне түркі тілдері: оғыз (көне түркі руникалық жазба ескерткіштерінің тілі), тофалар, тува, көне ұйғыр (көне ұйғыр жазба ескерткіштерінің тілі), хакас, шор тілдері; 3. Жаңа түркі тілдері: әзірбайжан, гагауз, құманды, қыпшақ, печенек, половец, салар, түрік, түрікмен, Шығыс Түркістандағы ұйғырлар тілдері, өзбек, шағатай, чулым тілдері; 4. Ең жаңа түркі тілдері: башқұрт, қазақ, қарақалпақ, қырғыз, құмық, ойрат, ноғай, татар, чуваш, якут тілдері.

Қазіргі түркі тілдерінің қай-қайсысы болмасын бастауын түркілік тектілден алатындықтан әрбір тілдегі лексикалық жүйені кең көлемде, әдеби тіл мен диалектілік ерекшеліктер арасына шекара қоймастан, фразеологизмдер мен паремияларды, фольклор тілін толық қамти қарастырғанда қай тілден болмасын көне белгінің іздері байқалып жатады, сондай-ақ кейін қалыптасқан жаңа белгілер де аңғарылып тұрады. Соған орай, түркі тілдерінің тарихи-хронологиялық классификациясы бойынша бірізді мойындалған көзқарас қалыптаспады. Аталған классификация бойынша қыпшақ тобындағы тілдер, оның ішінде қазақ тілі де XIV, XV ғасырларда ғана қалыптасқан ең жас тілдер қатарына жатқызылады. Қазақ тілін ең жас тілдер қатарына жатқызуда ғалымның негізгі критерий етіп алған заңдылықтарының бірі – қатаң дыбыстардың ұяң дыбыстарға ауысуы (*almī ≈ aldi, berti ≈ berdi* т.б.), екіншісі ілгерілеу заңдылығы, яғни тіл арты, тіл ортасы γ/g дыбыстарының ілгерінді артикуляциямен айтылатын w,j дыбыстарына өзгеруі немесе редукцияға ұшырап түсіп қалуы (*tay ≈ taw, kičig ≈ kiši* т.б.). С.Е.Малов бұл пікірін ең алғаш 1941 жылы «Якутский язык и его отношение к другим тюркским языкам» деген баяндамасында айтқан. Ежелгі түркі жазбаларында кеңінен қолданылған сөз соңы мен сөз ортасында қолданылатын γ/g дауыссыздарының қазіргі тілдерде сақталуы көне белгі болып табы-

латындығы басқа да лингвистикалық әдебиеттерде кеңінен айтылды¹. Осы екі құбылыстың да қазақ тіліне тән екенді белгілі.

Көне түркі ескерткіштері тіліндегі инлаут, ауслаут γ/g дыбыстары қолданылатын біраз сөздер қазіргі қазақ тілінде негізінен w сонантымен қалыптасқаны белгілі, мысалы: *day* \approx *taw*, *tuγ* \approx *tiw*, *bayir* \approx *bawir*; енді біраз сөздерде j дыбысына өзгереді, мысалы: *süyir* \approx *sijir*, *tügme* \approx *tüjme*; үшінші тобы редукцияланып элизияға ұшырайды, мысалы: *uliy* \approx *uli*; төртінші бір тобы қатаңданып q/k -ге ауысады: *joγ* \approx *žoq*, *tüg* \approx *tük* т.б. Қазіргі қазақ тілінде сөз соңындағы q/k консонанттары көне түркілік γ/g ұяң дыбыстарының қатаң варианты деген пікір қалыптасқан. Әйтседе, көптеген зерттеушілердің пікірінше, түркі тілдері дамуының ежелгі кезеңінде сөздің басы да, соңы да бірыңғай қатаң дауыссыздардан тұруы мүмкін. А.М. Щербак та түркі тілдерінде қатаң дауыссыздардың сөз соңында ұяң дауыссыздарға қарағанда жиі кездесетінін дәлел ете отырып, ежелгі кездегі сөздің бәрі қатаң дауыссыздарға аяқталған деген пікір айтады және бір сыңары ұяң, бір сыңары қатаң болып келетін барлық соңғы дауыссыз жұптардың ұяң сыңары қатаң сыңарлардан өрбігендігін ескертеді². Осы теорияның негізінде Орхон-Енисей, орта ғасыр ескерткіштері тіліндегі γ мен g -ге аяқталатын сөздерді кейінгі құбылыс деп тануымыз керек. Қазақ тіліндегі дауыссыз γ/g , q/k дыбыстарының өзгерістері жайлы А.Айғабылов төмендегідей пікір білдіреді: “ γ/g , q/k дыбыстарының тілімізде алмасу жайы туралы қорыта айтқанда, алғаш бұл фонемалар қатаң айтылып, кейін келе ұяңдану процесі нәтижесінде γ/g , дыбыстары морфонологиялық құбылыс ретінде пайда болған деуге болады. Сондықтан γ/g дыбыстарының жай-жапсары дауысты дыбысқа, үнді дыбысқа қатысты болсын таза фонетикалық заңдылық аясында қарастыруға келмейтін, анықтап айт-

¹ Дмитриев Н.К. Вставка и выпадение гласных и согласных в тюркских языках // Исследования по сравнительной грамматике тюркских языков. С. IV. Фонетика. – Москва, 1955. – С. 286.

² Щербак А. М. Сравнительная фонетика тюркских языков. – Ленинград: Наука, 1971. – С. 95-97.

қанда артикуляциялық шек, мүмкіндік дегендермен өлшеуге көнбейтін сөйлеу дағдысынан қалыптасқан құбылыс болуға керек”¹.

Тарихи дыбыс өзгерістері – $\gamma/g \approx w$, $\gamma/g \approx j$ сәйкестіктерінің де, γ/g элизиясының да қазақ тілін толық қамтымаған заңдылық екенін тілдік деректер дәйектейді. Орхон-Енисей жазбаларында, «Диуани лұғат-ит түркте», «Хибат-ул хакаиқ» т.б. орта ғасыр ескерткіштерінде кеңінен қолданылатын *uliy*, *kičig* сөздері «*Uliq bolsañ, kişik bol*», «*Qostin kišigi bolyanša, ijtin küšigi bol*» деген мақалдар құрамында сақталған. *Uliq* сөзі әдеби тілде жеке тұрып та қолданылады. Тілімізде кеңінен қолданылып жүрген кейбір туынды етістіктер құрамында да көне белгілер сақталып қалған, мысалы: *qutti* → *quttiqtaw*, *sari* → *saryajuw*, *uli* → *ulyajuw*, *tori* → *toriıuw* т.б. Сондай-ақ көнетүркілік *ölig*, сөзінің көне варианты мен жаңа варианты қатар қолданыста (*öli*, *ölik*) және бұл лексемалар мағыналық тұрғыдан дифференциацияланған. Ең көне әрі жаңа тілдер қатарынан орын алатын чуваш тілінде де γ/g дыбыс тарының түсіп қалуы жиі ұшырасады: *ura* ≈ *ajaq*, *uša* ≈ *ašiq*, *ata* ≈ *etik*, *pula* ≈ *balıq*, *küre* ≈ *qıjriq*, *suxa* ≈ *saıaq*, *čere* ≈ *žürek*, *černe* ≈ *tırnaq*, *taja* ≈ *tajaq* т.б. Бұл мысалдардан Б.Серебренниковтің «Көне тілдер қатарына жататын чуваш және якут тілдерінде сандық жағынан архаизмнен гөрі кейінгі өзгерістер басымдау»² деп орынды айтқанын байқаймыз. $\gamma/g \approx j$ сәйкестігі негізінен қыпшақ тобындағы тілдерге тән болғанымен бұл сәйкестікті қазақ тілінен бұрын қалыптасқан тілдер қатарындағы әзірбайжан тілінің диалектілерінде (*üzüj* ≈ *žüzik*, *küräj* ≈ *kürek*) өзбек тілі диалектілерінде (*bülej* ≈ *bilew*, *teräj* ≈ *terek*), ұйғыр тілінде (*üčäj* ≈ *išek*, *kösäj* ≈ *kösew*) кездеседі.

Қазақ тілінің деректерінде көнетүркілік белгілердің (γ/g , q/k) көптеген сөздерде сақталып қалғанына сүйене отырып, С.Исаев «Бұл сияқты тілдік фактілер кейінгі кездегі басқа түркі тіл-

¹ Айғабылов А. Қазақ тілінің морфонологиясы. – Алматы: Санат, 1995. – Б. 56.

² Серебренников Б.А. Вероятности обоснования в компаративистике. – Москва, 1974. – С. 39.

дерінің ықпалы деуге ешбір негіз жоқ»¹ деген пікір айтады. Қазақ тілінде көне түркілік γ/g дыбыстарының w, j -ге ауысуы немесе элизияға ұшырауы тілдік қорды толық қамтымай көптеген сөздерде қатаң q, k түрінде, дауыстылар арасында γ, g тұлғасында сақталып қалуы, кей жағдайда көне тұлға мен жаңа тұлғаның қатар қолданыста болуы қазақ тілін ең жаңа тілдер қатарына жатқызуға кепілдік бере алмайды. Оның көнелік белгіні де молынан сақтап қалғанын көрсетеді. Қазақ тілі де өзге туыстас түркі тілдері сияқты алтай, хун, көне түркі дәуірлерінен бастау алып, бірнеше тайпалық одақтардың тілдік дәстүрлерінің бірігуінен қалыптасқан, базистік лексикасында баба тілдің, көне түркі тілінің элементтерін молынан сақтаған әрі жаңа сипатқа ие болған тілдердің бірі.

Қазіргі түркі халықтарының дербес халық ретінде қалыптасуы олардың тілінің біршама жүйеленуіне ықпал еткенімен, тілдің негізі тереңнен бастау алатынын дәйектейтін тілдік деректер түркі тілдерінің тарихи-хронологиялық классификациясының шарттылыққа негізделгенін, түркі тілдеріндегі ең жаңа тілдерді анықтаудың критерилері ретінде алынған көнетүркілік γ/g дыбыстарының ілгерілеуі мен редукцияланып нөлдік формаға айналуы «ең жаңа немесе балаң» тілдер санатындағы тілдердің лексикалық жүйесін толық қамтымайтынын, бұл құбылыс «ең көне», «көне», «жаңа» тілдер санатындағы тілдердің де біразында кездесетінін көрсетеді.

И.Бенцингтің классификациясы. И.Бенцинг түркі тілдерін *бұлғар тобы, оңтүстік немесе оғыз тобы, батыс немесе қыпшақ тобы, шығыс немесе ұйғыр тобы, солтүстік топ* деп беске бөледі. I. Бұлғар тобына чуваш тілін жатқызады. II. Оңтүстік немесе оғыз тобына осман түріктерінің, қырым татарларының, гагауыздардың, түрікмендердің, әзірбайжандардың тілдерін енгізеді. III. Батыс түркі немесе қыпшақ тобын қарайым, қарашай-балқар, құмық, татар, башқұрт, қазақ, қарақалпақ, ноғай тілдері құрайды. Топ іштей үшке бөлінеді: I.Қара теңіз бен Кас-

¹ Исаев С. Қазақ әдеби тілінің тарихы. – Алматы, 1989. – Б. 55.

пий жағалауындағы тілдерге қарайым, қарашай-балқар, құмық тілдері жатады; II. Оралдағы тілдерге татар, башқұрт, қырым татар тілдері енеді; III. Арал-Каспий жағалауындағы тілдер тобына қазақ, қарақалпақ, ноғай тілдері енеді. IV. Шығыс түркі немесе ұйғыр тобына өзбек және ұйғыр тілдерін жатқызады. V. Солтүстік топқа алтай, шор, хакас, тува, қарағас, якут, долған тілдерін енеді. Бұл топ та іштей екіге бөлінеді: 1. Арал-Саян тілдеріне алтай, шор, хакас, тува, тофалар тілдері жатады; 2. Солтүстік-Сібір тілдеріне якут және долған тілдері енеді¹.

Түркітанушы ғалымдар И. Бенцинг классификациясының кемшілігі ретінде түркі тілдерінің орналау аумағы, яғни географиялық факторларға баса мән беріліп, тілдік факторлар, жекелеген тілдердің өзіндік ерекшеліктері назардан тыс қалып жататынын көрсетеді. Мәселен, қырғыз тілі батыс түркі немесе қыпшақ тобы тілдерінің Арал-Каспий топшасына жатқызады, ал қырғыз тілінің солтүстіктегі тілдермен байланысы ескерілмеген. Сондай-ақ, оңтүстік немесе оғыз тобындағы жекелеген тілдердің қыпшақтық, бұлғарлық белгілеріне мән берілмеген, мысалы: гагауыз тіліндегі көне бұлғар тілі элементтерінің кездесуі, түрікмен тілінде қыпшақтық белгілердің болуы т.б. Классификацияның кемшін тұстары мен түркі тілдерінің ерекшеліктеріне сай жасалған нәтижелерді Н.А. Баскаков бірнеше критерийлер бойынша дәйектеп көрсетеді. Мәселен, ғалым батыс немесе қыпшақ тобындағы тілдер жайлы өз ойын былай білдіреді: «И. Бенцингтің барлық фонетикалық, лексикалық және грамматикалық белгілері бойынша қыпшақ тобынан гөрі алтай тіліне (оңтүстік диалектілеріне) өте жақын қырғыз тілін батыс немесе қыпшақ тобына жатқызуы негізсіз. Бұл классификация бойынша қырым татарлары тілінің (далалық диалектілері) орал тобына жатқызылуы лингвистикалық жағынан нақты емес. Қырым татарлары тілінің ерекшеліктері орал тобындағы тілдерге қарағанда қаратеңіз-каспий тобы тілдеріне әлдеқайда жақын. Басқа

¹ Pilologiae Turcicae Fundamenta. – Wisbaden, 1959.

қыпшақ тілдерінің шағын топтарға жіктелуі олардың ерекшеліктеріне сәйкес келеді»¹.

К.Г.Менгестің классификациясы. К.Г.Менгестің түркі тілдеріне жасаған классификациясында да географиялық принцип негізге алынады. Ғалым түркі тілдерін төмендегідей топтарға бөліп қарастырады: I. Бірінші топ *түркі тілдерінің орталық және оңтүстік батыс тобы* деп аталып, өз ішінде екі топқа бөлінеді: 1. Орталық Азиядағы тілдер тобына көне тілдерден – Орхон, Енисей жазу ескерткіштерінің тілі, көне ұйғыр тілі, М.Қашқаридың сөздігіндегі қараханидтер тілі, шағатай тілі; қазіргі тілдерден – өзбек, ұйғыр, қырғыз тілдері жатады. 2. Оңтүстік-батыс немесе оғыз тілдер тобына көне тілдерден – көне Осман түріктерінің тілі; қазіргі тілдерден – түрік, әзірбайжан, түрікмен, гагауыз тілдері енеді. II. Екінші топ *түркі тілдерінің солтүстік-батыс немесе қыпшақ тобы* деп аталып, іштей бөлінеді: 1. көне солтүстік-батыс түркі тілдері тобына қарайым, қарашай-балқар, қырым татарлары және құмық тілдері енеді; 2. Волга-Кама тілдері тобына татар тілі, батыс Сібір татарларының тілі, башқұрт және барабин түркілері тілі кіреді; 3. Арал-Каспий тілдер тобына қазақ, қарақалпақ тілдері, өзбек тілінің қыпшақ диалектісі, ноғай тілі жатады. III. Үшінші топ *түркі тілдерінің алтай тобы* деп аталып, өз ішінен екі топқа бөлінеді: 1. Оңтүстік орталық Сібір, абақан немесе хакас тілдері тобына шор, хакас тілдері мен олардың диалектілері; 2 шығыс немесе тува тілдері тобына тува және қарағас тілдері кіреді. IV. Төртінші топ, түркі тілдерінің *солтүстік-шығыс, шығыс Сібір немесе якут тілдері тобына якут және долған тілдері* жатады. V. *Волга-бұлғар немесе хун-бұлғар (г-тобы) тобы* іштей екіге жіктеледі: 1. Волга-бұлғар тобы; 2. Чуваш тілдер тобы².

К.Г.Менгес жіктемесіндегі зерттеушілер тарапынан дау тудыратын мәселенің негізгісі – көне түркі Орхон, Енисей ескерт-

¹ Баскаков Н. А. Введение в изучение тюркских языков. – Москва: Высшая школа, 1969. – С. 217.

² *Pilologiae Turcicae Fundamenta.* – Wisbaden, 1959.

кіштерінің, көне ұйғыр жазба ескерткіштерінің тілдерін, қараханидтер тілі мен шағатай тілін қазіргі өзбек, ұйғыр, қырғыз тілдерімен бірге түркі тілдерінің орталық және оңтүстік батыс тобына, оның ішіндегі шағын топ Орталық Азия тілдері тобына енгізілуіне байланысты. Көне тілдердің бәрі бірдей өзбек, ұйғыр, қырғыз тілдерімен географиялық критерий бойынша да, лингвистикалық критерийлер бойынша да сәйкес келе бермейді.

Н.А. Баскаков К.Г. Менгестің түркі тілдеріне жасаған классификациясы мен кеңестік түркологияда жарияланған классификациялардың ортақтықтары бар екенін айта отырып, жіктеменің кейбір кемшіліктерін көрсетеді: «К.Г.Менгес классификациясындағы кейбір жіктеулер күмән тудырады. Енисей-орхон жазбалары тілінің орта ғасырлардағы қараханид, шағатай (ескі өзбек) тілдерімен, жаңа ұйғыр тілдерімен бірге орталық азия тобына енгізілуі фонетикалық, морфологиялық және лексикалық белгілері бойынша сәйкес келмейді, сол сияқты, қырғыз тілінің қыпшақ тобындағы арал-каспий кіші тобына жатқызылуы да негізсіз. Бұл жерде классификацияның тарихи принципі тілдің лингвистикалық белгілеріне қайшы келеді»¹. Н.А. Баскаков классификациядағы таулы алтай тілдері диалектілерінің топтастырылуына да қарсы екенін білдіреді.

Т.Текиннің классификациясы. Түркі тілдерін генеалогиялық тұрғыдан жіктеу мәселесіне ат салысқан ғалымдардың бірі – Т.Текин. Негізінен фонетикалық принципке сүйенген ғалым алты түрлі дыбыс алмасуын басты критерий етіп алады. Жіктеме бойынша түркі тілдері төмендегідей он екі топқа бөлінген: I топ. *rl* – чуваш тілі; II топ. *haday* – халадж тілі; III топ. *atax* – якут тілі; IV топ. *aday* – тува, қарағас тілдері; V топ. *azay* (үш микротопқа бөлінеді): 1-топ. *dazil* – хакастілі; 2-топ. *čazil* – орта чулум, марас, жоғары топ тілдері; 3-топ. *jašil* – сары ұйғыр тілі; VI топ. *tayliḡ* – алтай тілінің солтүстік диалектісі, кондон, төменгі топ тілдері; VII топ. *tuluu* – алтай тілінің оңтүстік ди-

¹ Баскаков Н. А. Введение в изучение тюркских языков. – Москва: Высшая школа, 1969. – С. 220-221.

алектісі; VIII топ. *toluu* – қырғыз тілі; IX топ. *tayliu* (екі микротопқа бөлінеді): 1-топ. *oŷiz* – өзбек тілі; 2-топ. *eŷijz* – жаңа ұйғыр тілі; X топ. *tavli* (үш микротопқа бөлінеді): 1-топ: *gos* (екі топшаға бөлінеді): а) *žil* – қазақ, қарақалпақ тілдері; ә) *jil* – ноғай және қарақалпақ тілінің халич диалектісі; 2-топ *quš* (екі топшаға бөлінеді): а) *süz* – татар тілі; ә) *hüz* – башқұрт тілі; 3-топ. *qoš* (алты топшаға бөлінеді): а) *per* – барабин татарарының тілі; ә) *jol* – қарашай-балқар, қырым татар тілінің солтүстік диалектісі; б) *toŷuz* – өзбек тілінің Хорезм диалектісі; в) *toŷiu* – қарайым тілінің таракай диалектісі; г) *doŷuz* – қырым татар тілінің оңтүстік диалектісі; д) *gel* – құмық тілі; XI топ. *tayli* – салар тілі; XII топ. *dayli* (төрт микротопқа бөлінеді): 1-топ. *gal* (екі тілге бөлінеді): а) *av* – түрікмен тілі; ә) *ez* – хорасан диалектісі; 2-топ. *gal* – өзбек тілінің хорезм-оғыз диалектісі; 3-топ. *gal* – әзірбайжан тілі; 4 топ. *gal* (екіге бөлінеді): а) *ev* – түрік тілі; ә) *jev* – гагауз тілі. Т.Текиннің түркі тілдеріне жасаған генеалогиялық классификациясында консонанттардың өзара тіркесім мүмкіндіктері, созылыңқы дыбыстардың табиғаты, үндестік заңының сақталу деңгейі, жекелеген дыбыстардың позициялық қолданысындағы ерекшеліктер назардан тыс қалған, сондай-ақ түркі тілдері толық қамтылмаған¹.

Түркі тілдері классификациясының тағы бір үлгісінде (авторлар ұжымы) түркі тілдері үлкен төрт топқа бөлініп қарастырылады: I. *Көне түркі тілдері*. Бұл топқа орхон-енисей жазба ескерткіштерінің, көне ұйғыр ескерткіштерінің және басқа да жазба ескерткіштердің тілдері жатқызылады. II. *Орта түркі тілдері* тобы іштей екіге бөлінеді: 1) Кодекс Куманикустың, мәмлүк қыпшақтары мен армян қыпшақтары ескерткіштерінің тілі енетін батыс орта түркі тілдері; 2) Қараханид әулеті ескерткіштерінің тілі, хорезм түркілерінің, шағатай немесе ескі өзбек тілі кіретін шығыс орта түркі тілдері. III. *Жаңа түркі тілдері* бес топқа жіктеледі: 1) оңтүстік түркі тілдері тобына ескі осман тілі, түрік тілі анатолы және румелий диалек-

¹ Қайдар Ә., Оразов М. Түркітануға кіріспе. – Алматы: Арыс, 2004. – Б. 203-204.

тілерімен бірге, гагауыз тілі және оның оңтүстік қырым диалектілері, әзірбайжан, түрікмен тілдері жатқызылады; 2) батыс түркі тілдері тобы екіге бөлінеді: а) жаңа коман тілдеріне қарайым, қарашай-балқар, қырым татарлары, құмық тілдері; б) орал тілдеріне татар, башқұрт тілдері енгізіледі; 3) орталық түркі тілдері немесе арал-каспий тілдеріне қазақ, қарақалпақ, ноғай, өзбек тілінің қыпшақ диалектісі, қырғыз тілі; 4) шығыс түркі тілдеріне өзбек, қазіргі ұйғыр тілдері және сары ұйғыр, салар тілдері жатқызылады; 5) солтүстік түркі тілдеріне алтай, хакас, шұлым, камасин, шор, тува, қарағас, якут тілдері енгізіледі. IV. *Бұлғар тілдері*. Бұл топқа көне тілдерден ғұн тілі, дунай бұлғарларының, еділ бұлғарларының тілі және қазіргі тілдерден чуваш тілі енгізіледі¹.

Н.А. Баскаков бұл классификацияның практикалық мақсатта дайындалғанын, тілдердің топтарға жіктелуі үстіртін әрі негізсіз жасалғанын айта отырып, өзінің келіспейтін тұстарын көрсетеді: «Неправильно объединены в одну подгруппу узбекский и уйгурский языки с сарыуйгурским и саларским. Весьма сложной и разнородной по своему составу является пятая подгруппа новотюркских языков, куда входят, с одной стороны, *d/t-языки*: тувинский, карагасский (тофаларский), якутский и *z/s-языки*: шорский, хакаский, а с другой *y-языки*: алтайский».²

Жоғарыда көрсетілген классификациялардың бәрі де түркі тілдерінің ерекшеліктерін, өзара туыстық деңгейін дәл көрсетіп бере алмағанымен, әр жіктеменің өзіндік ерекшеліктері мен жаңалықтары бар, классификация жасаудың әдіс-тәсілдерін, ғылыми ұстанымдарын жетілдіруде, түркі тілдерінің ареалдық-географиялық топтарын анықтауда маңызды еңбектер болып табылады.

Н.А.Баскаковтың классификациясы. Түркі тілдеріне генеалогиялық тұрғыдан жасалған классификациялардың ішіндегі барлық түркі тілдері және олардың басты фонетикалық, морфологиялық, лексикалық ерекшеліктері біршама қамтыл-

¹ Philologiae Turcicae Fundamenta. I. – Wiesbaden, 1959.

² Баскаков Н. А. Введение в изучение тюркских языков. – Москва: Высшая школа, 1969. – С. 221.

ған, қазіргі түркі тілдерінің даму жолы мен өзара туыстық деңгейін көрсететін әрі көпшілік мамандар тарапынан қолдау тапқан классификация – Н.А.Баскаковтың жіктеуі. Сондықтан қазіргі таңдағы түркі тілдерінің тарихи грамматикасы пәні, түркі тілдерінің тарихына байланысты зерттеулер осы классификацияны негізге алады.

Н.А.Баскаков классификациясының өзге жіктеулерден басты айырмашылығы – тілдік ерекшеліктермен қатар тарихи принципке де сүйенуінде, яғни тілді сол тілде сөйлеуші халық тарихымен бірлікте қарастыруында. Түркі тілдеріне жасалған классификациялардың барлығына ортақ негізгі кемшілік – тілдер мен тілдердің тарихи даму эволюциясы; тіл иесі халықтардың этногенездік құрамы; олардың ұлт, ұлыс ретінде қалыптасу тарихы; түркі халықтарының өзара қарым-қатынас деңгейі, бір-біріне ықпалы мәселелерінің ескерілмеуінде екенін және мүмкіндігінше өлі-тірі түркі тілдерінің барлығын толық қамту қажеттігін терең түсінген ғалым өз жіктемесінде түркілік тектілдің хронологиялық кезеңдерге сай даму бағыттарын; түркі тайпалары мен олардың тілдері арасындағы дифференциациялық және интеграциялық процестердің ерекшеліктерін түркі таза интралингвистикалық критерийлер кешенін құрайтын фонетика-фонологиялық, лексика-грамматикалық заңдылықтармен сабақтастыра қарастырады. Сондай-ақ жалпытүркілік лингвистикалық заңдылықтардан жекелеген тілдерге тән заңдылықтардың таралу себептеріне де мән береді. Ф.И. Страленбергтің теориясынан басталатын Орал-Алтай тіл бірлестігі мәселесіне, бұл теорияны дамытып *Алтай тіл бірлестігі* терминін қалыптастырған В.Шотт пен М.Кастреннің тұжырымдарына кеңінен тоқталған Н.А.Баскаков түркі тілдері дамуын Орал-Алтай тілдерінің бұтақтары аясындағы алтай тілдерінің тарамдалуынан бастай отырып, Ғұн империясының ыдырауынан әрі қарай таратады¹.

¹ Баскаков Н.А. Введение в изучение тюркских языков. – Москва: Высшая школа, 1969. – С. 231-242; Баскаков Н.А. Алтайская семья языков и ее изучение. – Москва, 1981. – С. 6-8.

Түркі тілдеріне жасалған барлық классификацияларды сараптаудан өткізген ғалым түркі тілдерін ғылыми-лингвистикалық тұрғыдан жіктеудегі лингвистикалық белгілерге сәйкестендірілген тарихи-генетикалық принциптің тиімділігін негіздеп береді және туыстығы алыстау тілдерге қарағанда өзара жақын тілдерде ортақ белгілердің көп болуымен қатар, дифференциация үдерісінде қалыптасқан айырмашылықтардың да мол болатынын, оларды ажыратудағы негізгі үш фактордың маңыздылығын көрсетеді: «а) внутренними законами развития каждого конкретного языка; б) влиянием на развитие отдельных языков соответствующих субстратов; в) воздействием соседних, дальних по родству или неродственных языков, которые образуют вместе с данным конкретным языком территориальный языковой союз с некоторыми общими чертами, главным образом в области лексики и фонетики и в меньшей мере – в области морфологии и синтаксиса»¹. Ғалымның пікірінше, заманауи ғылым талабына сай түркі тілдеріне классификация жасау ең алдымен түркі тілдерінің грамматикалық құрылымы мен сөздік құрамын толық қамти отырып, тілдің даму үдерісін сол тілде сөйлеуші түркі халықтарының тарихымен сабақтастыра қарастыруға негізделуі қажет.

Классификацияда түркі тілдері үлкен екі бұтаққа бөлінеді: *Батыс хун* тілдері және *Шығыс хун* тілдері. Бір негізден тараған түркі тілдеріндегі ортақ белгілердің сақталу деңгейінің әртүрлі болуы, әрбір тілдік топқа, жекелеген тілге тән ерекше белгілердің қалыптасуы ұзақ мерзімді қамтитын тарихи-лингвистикалық даму процесіне байланысты. «Түркі тайпаларының батыс және шығыс бұтаққа бөлінуінің өзі екі сатыдан тұрады. Біздің заманымыздың басында Ғұн империясы ыдырағаннан кейін, оның құрамындағы түркі тайпалары батыс және шығыс бағытқа бөлініп кеткен еді. Бұл – бірінші саты. VII-VIII ғасырлардан бастап түркі тайпаларының екіге бөлінуінің екінші сатысы баста-

¹ Баскаков Н.А. Введение в изучение тюркских языков. – Москва: Высшая школа, 1969. – С. 221.

лады. Қазіргі түркі халықтары мен олардың тілдерінің негізі осы екінші сатыдан кейінгі бөлінудің нәтижесінде қалыптасқан. Мысалы, түркімен тілі батыс оғыз тайпалары тілдерінің ортасында қалыптасқан. Ал қарақалпақ, қазақ тілдері түркімен тіліне қарағанда кейінірек, Ноғай ордасының құрамында қалыптасқан. Бұл тілдердің қалптасуында қыпшақ, печенек, бұлғар, оғыз тайпаларының генетикалық байланысы маңызды рөл атқарады. Қырғыз тілі – қыпшақ тайпалары ортасында қалыптасқан тілдердің ең жаңасы. Бірақ бұл тілдің негізі Енисей бойындағы қырғыз тайпаларының диалектісі болып саналады. Қырғыздардың ұзақ уақыт бойы Сібір түркілерімен қарым-қатынаста болуы, олармен көршілес қоныстануы, алтай, хакас, шор, тува халықтарымен және монғол тайпаларымен араласуы қырғыз тілінде өзіндік белгі қалдырды. Осы белгілердің бәрі Н.А.Баскаковтың классификациясында қамтылған. Бір сөзбен айтқанда, оның классификациясы түркі тілдері бойынша бүгінгі таңдағы толық топтастыру болып саналады»¹. Батыс хун тілдері Ғұн империясы ыдырағаннан кейінгі түркі ру-тайпаларының батыс бөлігінде қалыптасқан тілдер. Батыс түркі тілдерінің негізгі ерекшеліктері фонетикалық жүйе, лексика-грамматикалық құрылым бойынша беріледі.

Фонетикалық жүйе бойынша: $z \approx d \approx t \approx j$ сәйкестіктері – *adaq* \approx *azaq* \approx *ataq* сөздерінің орнына *ajaq* лексемасының қолданылуы; дауыссыздар жүйесіндегі қатаң, ұяң варианттардың айқын ажыратылуы – $b \approx p$, $k \approx g$, $s \approx z$, $d \approx t$; x , v , q дауыссыздарының дербес фонемалық сапасы. Лексикалық жүйе бойынша: лексикалық қордағы кірме элементтердің сандық деңгейі: монғол тілінен енген сөздерге қарағанда араб тілінен, парсы тілінен енген сөздердің басым болуы. Грамматикалық құрылым бойынша: құрмалас сөйлемдердің күрделі конструкциясының болуы; шылаулар санының көп болуы т.б.

Батыстағы түркі халықтарының негізін бұлғар, оғыз, қыпшақ және қарлұқ тайпалары қалайтындықтан батыс хун тілдері де

¹ Бүркіт О. Түркітану. – Алматы: Арыс, 2003. – Б.97-98.

төрт тілдік топқа бөлініп қарастырылады: бұлғар тобы, оғыз тобы, қыпшақ тобы және қарлұқ тобы.

I. Бұлғар тобына көне бұлғар, хазар және чуваш тілі жатқызылады. Түркі тілдерінің бұлғар тобының фонетикалық ерекшеліктері: екі еріндік, екі езулік дыбыстардан тұратын вокализмдер жүйесінің болуы, *e* дыбысының *je* дифтонг дыбысына, *o* дыбысының *vo/wo/vu/wi* дифтонгілеріне айналуы: *ert* ≈ *jert* `ерт`, *egew* ≈ *jekev* `егей`, *iz* ≈ *jez* `із`, *ot* ≈ *vut* `от`, *orin* ≈ *viran* `орын`; *a* дыбысының еріндік *u* және қысаң *i* дыбыстарына айналуы, *a* ≈ *u*: *alma* ≈ *ulma* `алма`, *saqal* ≈ *suqal* `сақал`, *a* ≈ *i*: *altin* ≈ *iltan* `алтын`, *bal* ≈ *pil* `бал`; қатаң *s* дауыссызының *š* дыбысына өзгеруі, *s* ≈ *š*: *suu* ≈ *suw* ≈ *sub* ≈ *suv* ≈ *šiv/šiw*; инлаут позицияда *d*, *t*, *z*, *j* дыбыстарының *r* дыбысына ауысуы, *d* ≈ *t* ≈ *z* ≈ *j* ≈ *r*: *adaq* ≈ *atax* ≈ *azaq* ≈ *ajaq* ≈ *ura* `аяқ`, *qazan* ≈ *quran* `қазан`, ротацизм құбылысының ауслаут позицияда да орнығуы *z* ≈ *r*: *qiz* ≈ *xer* `қыз`, *muz* ≈ *buz* ≈ *par* `мұз`; ламдаизм (ламдацизм) құбылысының орын алуы, *š* ≈ *s* ≈ *l*: *qis* ≈ *qış* ≈ *xel* `қыс`, *tüş* ≈ *tüs* ≈ *telek* `түс, ұйқы`; ұяң, қатаң дыбыстармен қатар палатальды дыбыстардың болуы. Чуваш тілінің даму процесі басқа түркі тілдерінен оқшаулау, угро-фин, славян тілдерімен тығыз қарым-қатынаста жүруіне орай лексикалық жүйесінде де ерекше лексемалық бірліктер кездесіп жатады. Басқа түркі тілдерінде ұшыраспайтын мұндай лексемалар қатарына автор чуваш тіліндегі *tula* `бидай`, *samsa* `мұрын`, *majar* `жаңғақ`, *kurka* `ожау`, *aram* `әйел`, *sin* `адам, кісі` т.б. сөздерді жатқызады. Аталған сөздердің кейбірі басқа түркі тілдерінде де ішінара кездеседі, мәселен, қазақ тіліндегі «балбал тас» мәнін беретін *sin tas* лексемасының құрамындағы *sin* сөзінің мағынасы да `адам, кісі` мәніне сәйкес келеді. Түркілер тарихынан сыр тартатын тас мүсіндердің ішіндегі адам бейнесінде қашалғандарының сын тас деп аталуы *sin tas* лексемасының семантикалық уәжіндегі `кісі тас/тастан жасалған кісі мүсіні` ұғымдарынан өрбитінін білдіреді. Оқшаулау дамыған чуваш тілінің грамматикалық құрылысында да басқа түркі тілдеріне қарағанда морфологиялық және синтаксистік ерекшеліктердің бар екенін белгілі.

II. Оғыз тобының негізгі фонетикалық ерекшеліктері: сегіз қысқа дауысты дыбыстың болуы; қысаң дауыстылардың қосымшалар құрамында қолданылуы; сөз басында қатаң *q/k, t* дыбыстарының ұяңдануы; *γ, g* дыбыстарының сөз соңында сақталуы, түбір мен қосымша жігінде түсіп қалуы; сөз басындағы *p/b* дыбыстарының түсіп қалуы т.б. Грамматикалық ерекшеліктері: ілік септігінің *-in// -iη*, табыс септігінің *-niη// -niη(-niη)*, *-ni// -ni(-ni)*, *-ij* тұлғаларының қолданылуы; барыс септігінің *-a* формасының, I жақ жіктік жалғауының көпше түрінің толық құрамымен бірге *-je* қосымшасының болуы; есімшенің *-miš// -miš* тұлғасының, қалау райдың *-siη* тұлғасының болуы, т.б.

Оғыз тобы іштей үш топшаға бөлінеді: 1. Оғыз-түрікмен топшасы (орта ғасырлық оғыздар тілі, түрікмендер тілі, түрхмен тілі); 2. Оғыз-бұлғар топшасы (көне печенек, торк, берендей, ковуи тілдері, гагауз, балқан түріктерінің тілдері); 3. Оғыз-селжүк топшасы (көне селжүк, көне осман түріктерінің тілдері, әзірбайжан, түрік тілдері).

III. Қыпшақ тобы үшке бөлінеді: 1. Қыпшақ-половец топшасы (көне половецтер, қарайым, қарашай-балқар, құмық, қырым татарларының тілдері); 2. Қыпшақ-бұлғар топшасы (батыс Алтын Орда әдеби тілі, татар, башқұрт тілдері); 3. Қыпшақ-ноғай топшасы (қазақ ноғай, қарақалпақ тілдері, өзбек тілінің қыпшақ диалектісі). Қыпшақ тобының негізгі фонетикалық белгілері: сегіз не тоғыз дауысты дыбыстың болуы; қосымшаларда еріндік дауыстылардың қолданылмауы; ерін үндестігінің әлсіздігі; созылыңқы дауыстылардың болмауы; *γ, g* дыбыстарының сөз соңында өзгерістерге түсуі (*j, w, v*); сөз басындағы *j ≈ š ≈ dž* дыбыстарының алмасып келуі.

IV. Қарлұқ тобы (Қараханидтер мемлекетінің тілі, қарлұқ-хорезм тілі, шағатай, көне өзбек тілдері және ұйғыр, өзбек тілдері). Фонетикалық ерекшеліктері: дауыстылар алтыдан тоғызға дейін болуы; *n, m, q* дыбыстарының сөз ортасында қолданылмауы; сөз соңында *γ, g, q, k* дыбыстарының сақталуы. Грамматикалық ерекшелігі: жинақтық сан есімдерінің *-aγu// -egü* тұлғасында

қолданылуы; қимыл есімдерінің *-γu// -gü* формасының да кездесуі. Қарлұқ тобындағы тілдердің лексикалық қоры араб, парсы элементтерінің молдығымен ерекшеленеді.

Шығыс хун тілдері екі топтан тұрады. I. Ұйғыр-оғыз тобының басты айырмашылығы: сөз ортасында *j* дыбысы *d, t, z* дыбыстарына, сөз соңында *t, d* дыбыстарына ауысады; сөз соңында *γ, g* дыбыстары сақталады. Іштей үш топшаға бөлінеді: 1. Ұйғыр-тува (тукюй) тілдері (Орхон-Енисей ескерткіштерінің тілі, көне ұйғыр тілі, тува, қарағас тілдері). Фонетикалық ерекшеліктері: сөз ортасында *t ≈ z ≈ j* дыбыстарының орнына *w* дыбысы қолданылады; сөз соңындағы *d, j* дыбыстары *t* дыбысына өзгереді; сөз соңында *γ, g* дыбыстары, түбір мен қосымша жігінде *lt, rt* тіркестері сақталады. Грамматикалық ерекшелігі: есімшенің *-ar// -er* тұлғаларының орнына *-ur// -ür, -ir// -er* тұлғасы, шартты райдың *-sar// -ser* тұлғалары қолданылады. 2. Якут тілдерінің тобына тек якут тілі ғана енеді. Басты ерекшеліктері: сөз ортасында *d, z, j* дыбыстары *e* дыбысына өзгереді. 3. Хакас тілдері екі топшаға бөлінеді: а) хакас тілі, шор тілінің иоран диалектісі, сары ұйғыр тілі, татар тілінің чулым, камасин диалектілері енеді; б) шор тілінің қосуан диалектісі, алтай тілінің сарлық диалектісі кіреді. Басты ерекшеліктері: сөз ортасында *t ≈ d ≈ j* дыбыстары *z* дыбысына, сөз соңындағы *j* дыбысы *s ≈ z* дыбыстарына, сөз басындағы *j ≈ ž ≈ dž ≈ d ≈ s* дыбыстары *č, n, η* дыбыстарына өзгереді.

II. Қырғыз-қыпшақ тілдеріне көне қырғыз, қазіргі қырғыз және алтай тілдері енеді. Негізгі фонетикалық белгілері: сегіз толық дауысты, алты не сегіз екінші дәрежелі созылыңқы дауыстылардың болуы; ерін үндестігінің жақсы сақталуы¹. Н.А.Баскаковтың генеалогиялық классификациясы түркі тілдерінің ерекшеліктеріне, сол тілде сөйлеуші халықтардың тарихи даму жолына негізінен сәйкес классификация ретінде қарастырылады.

Түркі тілдерінің жекелеген топтарына жататын тілдердің фонетикалық жүйесі мен лексика-грамматикалық құрылымының

¹ Баскаков Н.А. Введение в изучение тюркских языков. – Москва, 1969. – С. 230-342.

ерекшеліктерін кеңінен қарастырып, жеке топтарды іштей қайта жіктеуге бағытталған классификациялар да бар.

Қыпшақ тобы тілдерінің жіктемесі. Ахметьянов Р.Г. түркі тілдеріне жасалған Н.А.Баскаковтың генеалогиялық классификациясының маңыздылығын көрсете отырып, қыпшақ тобындағы тілдердің жаңа жіктемесін ұсынады. Ғалым өз ойын «Тілдерге генеалогиялық классификация жасауда олардың синхрондық жағдайын қалыптастырған диахрондық даму жолын айқындап алу қажет. Бұл үшін туыс тілдерден көрініс беретін түрлі фонетикалық белгілердің жалпы кешенінен бір-бірінен туындайтын өзгерістерді, яғни біртұтас тарихи процесті құрайтын фонетикалық заңдылықтарды ажырату аса маңызды»¹ деп білдіреді және бір-бірінен туындамайтын дыбыс өзгерістерінің өзара сабақтастығы болмайтындықтан генеалогиялық жіктеуде маңызды емес деп санайды. Сонордауыссыздардың ассимиляциялық, диссимиляциялық ықпалдарына ерекше мән берген зерттеуші тотальді фонетикалық белгілермен қатар аталған заңдылықтарға байланысты туындайтын позициялық өзгерістерді де негізге ала отырып, қыпшақ тілдерін екі топқа бөледі: 1. ассимиляция, диссимиляция құбылыстары күшті дамыған тілдер – қырғыз, башқұрт, қазақ, қарақалпақ тілдері; 2. ассимиляция, диссимиляция құбылыстары әлсіз дамыған тілдер – қазан татарлары тілі, өзбек тілінің қыпшақ диалектісі, татар, құмық тілдері, сібір татарларының тілі, қарайым, қарашай-балқар, ноғай тілдері².

Соңғы жылдары түркі тілдерін тарихи және генеалогиялық тұрғыдан классификациялау мәселесіне, жеке тілдік бұтақтардың дифференциациялану кезеңдеріне, тіл локализациясына қатысты тың көзқарастар айтылуда³. Генетикалық жіктеме жа-

¹ Ахметьянов Р.Г. О генеалогической классификации кыпчакских тюркских языков // Советская тюркология. – 1978. – № 6. – С. 31.

² Ахметьянов Р.Г. О генеалогической классификации кыпчакских тюркских языков // Советская тюркология. 1978. – № 6. – С. 32, 38.

³ Сравнительно-историческая грамматика тюркских языков. – Москва, 2002. – С. 713-737.

сау үшін тілдік деректердің ауқымды болуы, мүмкіндігінше барлық тілдердің толық қамтылуы басты шарт ретінде өзектелуде. Түркі тілдерінің дәстүрлі классификациясының (Н.А. Баскаков) жасалғанына жарты ғасырдай уақыт боды. Лингвистикалық түркітану жаңа зерттеу нәтижелерімен толықты, түркі тілдерінің зерттеу парадигмасы да кеңіді.

Түркі тілдерінің глоттохронологиялық классификациясы. Түркі тілдері мен диалектілеріне соңғы кезде жасалған жіктемелердің бірі – лингвистикалық статистика әдісіне негізделген О.А.Мудрактың глоттохронологиялық классификациясында түркі тілдерінің дифференциациясы тарихи оқиғаларға сәйкестендіріліп берілген.

Ғалым түркі тілдерінің бұрынғы жіктемелеріндегі кемшіліктердің себептері мен қазіргі мүмкіндіктерді көрсетеді: түркі тілдерінің салыстымалы-тарихи грамматикасы мен тарихи диалектологиясы жеткілікті дәрежеде зерттелмеді, фонетикалық ұқсастықтар мен тарихи морфология саласында материалдар жеткілікті көлемде болмады; толыққанды материалдарға тиянақты жүргізілген тарихи салыстырмалы сараптама қазіргі таңда түркі тілдері арасындағы тұрақты ұқсастықтарды анықтауға мүмкіндік береді; тарихи мәдени тұрғыда дәлелденетін тіларалық кірме сөздер көлемі (дерек көзі ретінде әдетте қазіргі кездегі белгілі бір аймақта тараған әдеби тіл немесе орта ғасырдағы әдеби тілдердің бірі алынады) тарихи-салыстырмалы талдауға алынған деректердің аз ғана бөлігін қамтыса тілді реконструкциялау мен классификация жасау кезінде айтарлықтай кедергі келтіреді; түркі тілдерінің түркі тілдер тобы тілдерді классификациялау мен хронологиялық зерттеу жүргізуде түрлі әдістерді пайдалану үшін қажетті тілдік материалдарға бай; біріншіден, оның ауқымы кең (жоқ дегенде қазіргі заманғы отыз бес тіл және диалектілерімен, сондай ақ жазылып қалдырылған алты көне және орта ғасырдағы тілдермен жұмыс істеуге болады); екіншіден, бұл тілдер тобы өте жас және түркі халықтарының тарихына қатысты деректер мол, осылайша түркі тілдері-

нің генетикалық классификациясын шынайы тарихи терминдер арқылы ұсынуға болады¹.

Түркі тілдерін классификациялаудың шынайылығы прото-тілді жаңғыртудың түрлі варианттарымен, жіктеменің әрбір түйінімен байланысты екенін, осыған сәйкес тілдің хронологиясы мен локализациясы ескерілмесе, қандай да бір кірме сөздерге қатысты пайымдаулар айтудың мүмкін емес екеніне мән берген О.А.Мудрак түркі тілдері бұлғар тобының глоттохронологиясын анықтаудағы дыбыс сәйкестігі жайлы пайымдаулар жасайды: самоди тілдері түрік тілдеріндегі түркілік *r, z* дыбыстарының алмасу құбылыстарын тектілден немесе бұлғар тілі сияқты көнелік сипаты бар түркі тілінен алуы мүмкін. Ол әдетте «ротацизм» немесе «зетацисизм» құбылысына тәуелді. Сондай-ақ кейбір жағдайларда осы дыбыстық сәйкестіктер тілдік өзгерістердің хронологиясын қалыптастыруға тіпті көбінесе осы өзгерістердің өзін верификациялауға септігін тигізеді; түркі тілдерінің бір бұтағына жататын бұлғар тілінің көне қалпы туралы пайымдаулар негізінен осы дыбыстық сәйкестіктерге негізделеді; түркі тілдерінің ортақ жүйесін анықтап, олардың генеалогиялық шежіресін тілдік байланыстарға, диалектаралық кірме сөздердің көбеюіне алып келетін көшпелі тұрмыс-салт арқылы қалыптастыру ғылыми тұрғыда мүмкін емес деген ұғым негізсіз болып табылады².

Ғалым салыстырмалы тарихи тіл білімі аясындағы міндеттерді анықтай отырып, тілдік құбылыстардағы өзгерістердің көне моделіне сүйену қажеттігін; толқын тәрізді өзге модельдер компаративистік әдістің табиғатына жат екенін; бірақ тілдік идиомалардың бір тобына қатысты осы идиомаларды қолданушылардың арасында өзара түсіністік сақталған

¹ Мудрак О.А. Классификация тюркских языков и диалектов: (с помощью методов глоттохронологии на основе вопросов по морфологии и исторической фонетике). – Москва: РГГУ, 2009. – С. 15-32.

² Мудрак О.А. Классификация тюркских языков и диалектов: (с помощью методов глоттохронологии на основе вопросов по морфологии и исторической фонетике). – Москва: РГГУ, 2009. – С. 15-36.

жағдайда «толқын» тәрізді құбылыстың жиі ұшырайтынын көрсетеді және агглютинативті жүйедегі түркі тілдеріне генеалогиялық тұрғыдан классификациялауға үшін қажетті мәліметтерге тоқталады: а) консананттық жүйедегі бірінші тұрған екі бағандағы қос дыбыстардың болуы тек тілдегі дыбысталуына қарай бір-біріне қарама-қарсы екі типке жататын дыбыстардың бірін таңдау өте қиын: ашық/жабық және әлсіз/дыбыс күші. Бір жағынан алып қарағанда, консананттық жүйе дамуының тарихи типологиясы тілдің өзгеру үдірісінде бұл екі қарама-қарсы дыбыстар бір-бірін ауыстырып отыруы мүмкін екендігін көрсетіп отыр, сондықтан да тек тілді біржақты реконструкциялау туралы айтудың өзі орынсыз болып отыр; б) жақша ішінде көрсетілген интервокальді және буын соңында келетін фрикативті ұяң дауыстылар – сөз басындағы ұяң дауыстылардың аллафондары; в) тек сөз басындап келетін ұяң дауссыз = әлсіз аффрикат және жақша ішінде көрсетілуі бұл – интервокальді позициялық аллафон және буын соңы глайды дегенді білдіреді (*j*); алтай тілдері сәйкестігі кестесінде екі аллафон да *j* түрінде беріледі. Консананттық жүйені реконструкциялау түркі тілдерінің төмендегідей ішкі сәйкестік жүйесіне негізделеді. Тектілдік консананттық жүйені реконструкциялау дәстүрлі алтай тілдерінің жүйесіне ұқсайды. Әсіресе бізді қызықтыратыны осы тек тілді реконструкциялаудың болжамдары ретінде келесі фонетикалық дамудың алғашқы классификацияға қатысты: «бұлғар» және «жалпы түркілік» топтарға бөліну кезеңінің уақыт (және географиялық локализациясы) бойынша сәйкестігі болып отыр. Бұлғар тілінің фонетикалық тарихының алғашқы сатылары ертедегі бұлғар тобындағы тілдердегі тілдік ауысулар арқылы белгілі болады¹.

О.А.Мудрак тектілдің ыдырау кезеңдерінің және тілдік топтар мен жеке тілдердің ыдырау кезеңдерін көрсетеді. Түркі тіл-

¹ Мудрак О.А. Классификация тюркских языков и диалектов: (с помощью методов глоттохронологии на основе вопросов по морфологии и исторической фонетике). – Москва: РГГУ, 2009. – С. 36.

дерінің бұл глоттохронологиялық классификация бойынша тектілдің ыдырау кезеңі біздің заманымызда Бұлғар тобының бөлініп шығуымен байланысты қарастырылады. Сібір тілдері б.з. I ғасырында бөлініп шықса, б.з.IV ғасырында сібір тілдер тобындағы якут – тува тілдерінің және келесі бір макротоптағы оғыз, қарлұқ, қыпшақ микротоптары іргесін ажыратады. Жеке тілдік топтардың өз ішінде ыдырау кезеңдері схема бойынша беріледі. Қыпшақ тілдерінің үш бұтаққа бөлініп кетуі 1010 жылғы тарихи оқиғаларға сәйкес келеді. Тілдік топтардың іштей дифференциациялану үдерісі мен осы кездегі миграциялық үдерістер оғыздардың ығысуына, соңынан Хазар қағанатының толық ыдырауына, орыс жылнамаларындағы деректер бойынша, Хазар қағанатының территориясын 1055 ж. половецтердің басып алуына алып келеді.

Башқұрт тілінің оңтүстік және шығыс диалектілерінің ыдырауы 1780 ж. Е.Пугачев көтерілісіне сәйкес келеді. Осы кезеңнен бастап ішкі қайшылықтар мен жікшілдікке байланысты оңтүстік және шығыс халықтардың арасында байланыс бұзылады, мұның салдары башқұрт тілінің оңтүстік және шығыс диалектілерінің ажырауына ұласады. Башқұрт тілінің әдеби тілі негізінде қалыптасқан батыс башқұрт тілі волго татарлары мен сібір татарлары тілі сондай-ақ қазақ және қарақалпақ, ноғай тілдері шамамен 1560 жылы бөліне бастайды. Қазақ, қарақалпақ, ноғай тілдерінің дифференциациясы Иван Грозныйдың Қазақ хандығын басып алуымен және Ноғай ордасының құлдырау кезеңімен тұспа-тұс келуіне байланысты орын алған процесс. Мишар татарлары тілінің татар тілінен Алтын орданың құлдырауымен тұспа-тұс 1430 жылдар шамасында бөлініп шығады. Ноғай тілінің қазақ тілінен бөлініп шығуы және құмық және қарашай – балқар тілдерінің ыдырауы Ақсақ Темір шапқыншылығымен тұспа-тұс келеді (1380 ж.). Поволжье татарлары мен башқұрттардың ата – тегі поволжье қыпшақ бірлестігі шыңғыс ханның ұлы Сүбедейдің осы территорияға алғашқы шапқыншылығы кезіндегі Калька шайқасынан (1223–1224жж.) кейін жеке-жеке қалыптаса бастайды.

О.А. Мудрактың қыпшақ тілдерінің іштей ыдырау үдерісі жайлы пайымдауын қорытындылап беретін болсақ: 1030-1050 жылдары Шығыс даласынан келген қыпшақ халқының әсерінен Хазар қағанаты құлайды. Қыпшақ тілдерінің ыдырауы (940 ж.) 936 жылы Қырғыз қағанатының құлауымен, жоңғарлармен болған қазіргі Шығыс Қазақстан территориясындағы бүлікпен тікелей байланысты. Қарашай-балқар құмық, қырым татарлары тілдерінің ыдырауы 1380 жылғы Ақсақ Темір шапқыншылығымен байланысты болса, башқұрт, татар тілдерінің өзара ыдырауы 1430 жылдар шамасындағы Алтын Орданың құлдырауымен, ал қазақ, қарақалпақ, ноғай тілдерінің ыдырау кезеңі 1560 жылы Ноғай Ордасының құлауымен сәйкес келеді¹.

Түркі тілдерінің төл лексикалық қорына лексикастатистикалық әдіс негізінде жасалған түркі тілдерінің глоттохронологиялық шежіресі талдауға алынған тілдік материалдың ауқымдылығына және математикалық-матрицалық формуланың нақтылығына байланысты бойынша дәстүрлі классификациямен салыстырғанда түркі тілдерінің өзара туыстық деңгейін, алыс-жақындығын дәлірек беруге мүмкіндігі бар. Ал ал тілдік макротоптардың, микротоптардың ыдырау кезеңдері мен жеке тілдердің қалыптасу мерзімдері бойынша ауытқулардың болуы ықтимал.

Қазақ халқының тарихында XV ғасырдағы оқиғалардың аса маңыздылығы белгілі. Абулхаир ханның қарамағындағы «қазақ қауымы» 1459 жылы Жәнібек пен Керей бастап Моғол хандығына қарай бөлініп шығады. Осы кезеңде Жетісу даласында қазақ-өзбек этнонимі кеңінен қолданылады. Мұхаммед Хайдар еңбегінде қос сөзден тұратын қазақ-өзбек термині, этникалық тұрғыдан ажыратылмай қолданылады. Көшпелі өзбектердің билеушісі Мұхаммед Шейбани хан (1451-1510 жж.) да қазақтар мен өзбектердің этникалық құрамын ажыратпай, біртұтас халық ре-

¹ Мудрак О.А. Классификация тюркских языков и диалектов: (с помощью методов глоттохронологии на основе вопросов по морфологии и исторической фонетике). – Москва: РГГУ, 2009. – С. 36.

тінде қарайды. 1459 жылғы оқиғадан кейін *qazaq* лексемасының этнонимизациялану үдерісі Батыс Жетісудан басталады, 1468 жылы Абулхаир хан қайтыс болғаннан соң Жәнібек хан мен Керей ханның баласы Өзбек ұлысына қайта оралып, билік үшін күрес бастайды, нәтижесінде тарих сахнасынан қазақ ұлысының мемлекеті Қазақ хандығы құрылады¹. Қазақ хандығының құрылуы халық тілінің жүйеленуіне, даму бағытының бір арнаға түсуіне ықпал етті. Алайда Қазақ хандығы құрылғанға дейін де халық сол тілде сөйлегенін есте ұстау қажет.

Түркі халықтары өміріндегі тарихи оқиғаларға байланысты бірі дәуірлеп, бірі құлдырап, бірі жаңадан құралып, бірі құлап жатқан мемлекеттік деңгейдегі түркі бірлестіктері мен қағанаттары құрамындағы түркі халықтарының тілдері үнемі даму үстінде болды, қазіргі түркі тілдерінің бәрінің де базалық лексикасы мен фонетикалық, морфологиялық ерекшеліктерінің белгілері сол кездерде-ақ негізтіл, одан кейінгі макротоптор құрамындағы диалектілер жүйесінде болды. Сондықтан тілдік даму мен түркі халықтары өміріндегі тарихи оқиғаларға байланысты дербес тіл ретінде ажыраған тілдердің бәрінде де негізтілдің сілемдері мен макротоптардың белгілері сақталады, сонымен қатар жаңа белгілермен толығыуы тіл эволюциясындағы универсалды заңдылық.

¹ Қараңыз: Туїмебаев Ж. К. История тюрко-казахско-монгольских этноязыковых взаимоотношений. – Астана, 2008. – С.169.

ТӨРТІНШІ ТАРАУ

ТҮРКІ ТІЛДЕРІНІҢ ҚҰРЫЛЫМДЫҚ СИПАТЫ ФОНОЛОГИЯ. МОРФОЛОГИЯ

§1. Түркі тілдеріндегі екпін, үндесімділік, буын

Жалғамалылық құбылысы түбірлер мен түбір-негіздердің, оларға жалғанатын қосымшалардың стандартты, қатаң иерархиялық құрылымы. Типологиялық сипатына қарай агглютинативті жүйеге жататын түркі тілдерінің басты ерекшеліктері барлық тілдік деңгейлерді қамтиды.

Екпін және интонация. Сөз құрамындағы белгілі бір буынның қарқынды, көтеріңкі айтылуымен байланысты екпін сөйлеу үдерісінің толыққандылығын сипаттайды. Сөздің лексикалық мағынасы мен морфологиялық тұлғасын айқындау, сөздің тұтастығын қамтамасыз ету, тілдің орфоэпиялық нормаларын қалыптастыру екпіннің тілдегі мәнін сипаттайды. Түркі тілдеріне тән екпін мен әуезділік олардың төл табиғатына сәйкес қалыптасқан құбылыс¹.

Фонетикалық табиғатына байланысты екпін негізгі екі түрге бөлінеді: лебізді-динамикалық екпін және үнді-әуезді (музыкалық) екпін. Э.В.Тенишев ежелгі алтайлық тектілде екпіннің

¹ Сравнительно-историческая грамматика тюркских языков. Фонетика. – Москва: Наука, 1984. – С. 403-410.

екі түрінің болу мүмкіндігін көрсетеді: бірінші буында әуезді және динамикалық екпін; бірінші буында динамикалық, екінші- үшінші буындарда әуезді екпін¹. Қазіргі алтай тобындағы тілдердеріне (түркі-моңғол, тұңғыс-корей) бірінші буындағы динамикалық шұғыл екпін, дисиллабтар мен полиссиабтардың соңғы буынына әуезді музыкалық екпін тән².

Динамикалық екпін – сөз құрамындағы белгілі бір буынның басқа буындарға қарағанда қарқынды айтылуы, музыкалық екпін – екпін түскен буынның басқа буындарға қарағанда ерекше әуезділікпен, музыкалық тонмен айтылуы. Екпіннің негізгі типтерінен фразалық екпін, квантативті екпін, эмфазалық екпін, логикалық екпін, еркін екпін, жылжымалы екпін, экспираторлы екпін, көмекші екпін тәрізді т.б. екпін түрлері өрбиді. Еркін екпін – сөз құрамындағы белгілі бір буынға тәуелсіз, кез келген буынға түсуге мүмкіндігі бар екпін түрі; квантативті екпін – сөз құрамындағы екпін түскен буынның дауысты дыбысы басқа буынның дауыстыларына қарағанда созылыңқы айтылатын екпін түрі; жылжымалы екпін – сөз шеніндегі позициясы тұрақсыз, бір буыннан келесі буынға жылжып отыратын екпін түрі; көмекші екпін – полисиллабтар құрамындағы соңғы буынға түсетін екпін түрі; лебізді екпін – фонациялық ауа қарқынына сәйкес түсетін екпін түрі; логикалық екпін – сөйлемдегі бір сөзге назар аударту үшін арнайы әуезділікпен айтылатын екпін түрі; тұрақты екпін – позициясы нақты, тұрақты орны бар екпін түрі; фразалық екпін – сөйлеу үдерісіндегі фразаның құрамын біріктіріп, даралап тұратын екпін түрі; эмфазалық екпін – сөйлем ішіндегі белгілі бір сөздің бір дыбысын айрықша құбылтып айтуға бағытталған екпін түрі.

Тарихи-типологиялық салғастырулар бойынша түркі тілдеріндегі бірінші буын үйлесімділікті сақтау және бағыттау үшін қарқынды да күшті болуы керек, сондықтан түркі тілдеріне

¹ Тенишев Э. В. Алтайские языки // Языки мира: Тюркские языки. – Москва, 1996. – С. 9.

² Poppe N. Introduction to Altaic Linguistics. – Wiesbaden, 1965.

тән дауыстылардың үйлесімі түбірдегі басты екпін негізінде қалыптасады. Екпіннің әуездік сапасы сөйлемнің сипатына (хабарлы, сұраулы, лепті/экспрессивті) тәуелді болып келеді, бұл құбылыс түркі тілдеріндегі сөз екпіні мен фразалық екпін арасындағы байланыс арқылы түсіндіріледі. Түркі тілдерінде екпін негізінен соңғы буынға түседі, императив мәнді дисиллаб етістіктерде екпін бірінші буынға, императив мәнді трисиллабтарда екінші буынға жылжиды. Кей тілдерде екпін дауысты дыбыстардың ашық/қысандылығына, яғни естілуінің айқындылығы мен көмескілігіне байланысты бірінші немесе екінші буынға түсуі мүмкін. Мысалы, чуваш тіліндегі созылыңқы-қарқынды екпін дауысты дыбыстардың айқындылығы мен көмескілігіне сәйкес ажыратылады: сөз құрамында тек ашық дауыстылар болса екпін тек соңғы буынға түседі (*samana* `уақыт`, *kinemej* `әже`); сөз құрамында көмескіленген қысаң дауыстылар болса екпін бірінші буынға түседі (*kēmēl* `күміс`, *kāmällä* `көңілді, жайдары`) Сын есімнің күшейтпелі-интенсивті формаларында бірінші буын қарқынды айтылады (*appaq, qar-qara, sap-sari*). Сондай-ақ кейбір түркі тілдерінде қосымша морфемалардың екпін қабылдау мүмкіндігі де әртүрлі болып келеді, кей қосымшалар қарқынды айтылуға бейім болып келсе, кей қосымшалар екпін қабылдамайды. Түркі тілдерінде қалыпты екпіннің сақталмауы, сөйлеу үдерісінің сапасы мен мазмұна кері ықпал етіп, сөйлем мағынасын бұзады. Сөйлеу үдерісінің толыққандылығы екпіннің тілдік жүйедегі негізгі функциясын анықтайды: сөздің біртұтас дербес құрылымдық сапасын қамтамасыз ететін ұйымдастырушылық-кульминативті қызметі; сөйлеу ағымындағы сөздер тізбегінен жеке сөздердің шегін ажыратуға бағытталған делимитативтік қызметі; сөздердің лексика-семантикалық мағынасын, грамматикалық формалардың мәнін ажыратудағы сигнификатив қызметі; сөзге эмоциялық-экспрессиялық реңк беретін экспрессиялық қызметі.

Түркі тілдеріндегі екпіннің кей жағдайда жылжымалы болып келуіне, бастапқы түркі түбірлерінің моносиллабтық құ-

рылымға негізделуіне, кейбір қосымшалардың екпін қабылдау қабілетінің төмендігіне байланысты екпіннің соңғы буынға түсуі агглютинациялық құрылымның қалыптасуымен, сөздің күрделенуімен қатар орныққан кейінгі құбылыс ретінде қарастырылады. «Тілдің полисинтетикалық немесе аморфты құрылымы агглютинацияға ауысуымен бірге екпін бір буынды бірнеше түбірді бір грамматикалық топқа ұйыстырудың тәсіліне айналды. Ондай топтың құрамындағы түбірлердің біреуі (бірінші орындағы) ғана лексикалық мағына иесі болады да, қалғандары грамматикалық көрсеткіштер қызметін атқарады. Алғашқы түбір құрамына түскен екпін біртұтастықты белгілеу үшін кейінгі буынға жылжиды¹. Түркі тілдеріндегі логикалық екпін барлық үш акустикалық элементтерден тұрады, бірақ олардың біреуі басым болып келеді, негізгі қызметі – фраза деңгейіндегі делимитативтік және кульминативтік, сол сияқты интонация құрамындағы модальдықты көрсету.

«Интонация – сөзді, сөз тіркесін, сөйлемді айтудағы дауыс мәнері, дауыс ырғағы, сөйлеудің ритм-мелодикалық бейнесі»². Интонация бірнеше маңызды компоненттерден тұрады: мелодия, ритм, темп, қарқындылық, тембр, фразадағы сөздер мен сөз тіркестерін бөліп айтуға қызмет ететін логикалық және тіркес екпіні. Жалпы тілдік жүйеде сөйлемді сомдайтын ең маңызды универсалды факторлардың қатарынан орын алатын интонация түркі тілдерінде де өзіндік қызметімен сипатталады: сөйлемнің коммуникативтік түрлерін ажырату; жеке коммуникативтік типтерін даралап көрсету; мазмұнның ерекшеліктерін анықтау; мәтін құрамындағы, диалог барысындағы сөйлемдерді, синтагмаларды бір-бірінен бөліп көрсету; көңіл-күйге байланысты әртүрлі эмоцияларды даралау. Мақсатқа, эмоционалды-экспрессивті сапаға байланысты сөйлеу үдерісіндегі интонациялық толқын жылжымалы болып келеді.

¹ Томанов М. Тіл тарихы туралы зерттеулер. – Алматы: Ғылым, 2002. – Б. 100.

² Қалиев І. Тіл білімі терминдерінің түсіндірме сөздігі. – Алматы: Сөздік-Словарь, 2005. – Б. 143.

Сингармонизм заңдылығы. Сөз құрамындағы дыбыстардың белгілі бір жүйе бойынша орналасуын қамтамасыз ететін сингармонизм заңдылығы түркі тілдеріне тән ерекше белгі. Сингармонизм заңдылығы сөздің мағыналық біртұтастығын қамтамасыз ететін екпінмен сабақтастықта дамығаны белгілі. «Егер сөз құрамындағы буындардың өзара ыңғайласып, бір фонетикалық комплекске бірігуінің белгісі сингармонизм құбылысы десек, онда бұл пікір қарсылық тудырмайды»¹.

Түркі тілдеріндегі дауысты дыбыстардың гармониялық үндесім заңдылығы екі түрлі позицияда көрінеді: палатальдық гармония немесе дауыстылардың жуан-жіңішкелігіне қатысты үндесімі (дауыстылардың алдыңғы және артқы қатар бойынша үндесімі); лабиалдық гармония немесе дауысты дыбыстардың ерінге қатысты үндесімі (ерін үндестігі). Орхон, Енисей ескерткіштерінің мәтіні VI-IX ғасыр түркілері тілінде дауыстылардың жуын-жіңішке үндесімі сөздің бірінші буынынан соңғы буынына дейін негізінен сақталып отырғанын көрсетеді: *Qayanlıγ budun ertim, qayanīm qanī? Ne qayanqa isig-küčig būrūrmen? – tir ermis. Anča tip, tabγač qayanqa jayī bolmīs* КТү 9 «Қағанды халық едім, қағаным қайда?! Қай қағанға күш-қуатымды берермін?!» – десті. Осылай деп табғаш қағанға жау болды» (Айд. I, 173). Палатальды гармония қазіргі түркі тілдерінде де біршама жақсы сақталған: көне түркі тілінде *jamaγ* `жамау` (ДТС, 231), түркімен тілінде *jatak*, өзбек, әзірбайжан тілдерінде *jataq*, қазақ, қарақалпақ тілдерінде – *žataw* ноғай тілінде *jatav*, татар тілінде *jataw*; қырғыз тілінде *žatak*; якут тілінде *sataa*, тува тілінде *čataš-ki*, хакас тілінде *pata*, алтай тілінде *damaa*.

Түркі тілдеріндегі лабиалдық үндесім палатальды үндесімге қарағанда жүйесіздеу. Көне түркі жазба ескерткіштері тілінде де ерін үндестігінің бірде сақталып, бірде сақталмағанын, сақталған жағдайда да екінші буыннан асатыны сирек екенін аңғаруға болады: *Quriγaru – kūn batsiqiŋa, jirγaru – tūn ortusiŋa-*

¹ Томанов М. Тіл тарихы туралы зерттеулер. – Алматы: Ғылым, 2002. – Б. 101.

ru – *anta içreki budun qor maña körür, ança budun qor itdim* КТк. 2 «Кейін-күн батыста, сол жақта түн ортасында – соның ішіндегі халықтың көбі маған бағынды, халықты осынша көп еттім» (Айд. I, 168). Сөйлемдегі *budun* `халық`, *körür* `көрер (басшы(хан) көрер)` лексемаларында ерін үндестігі толық сақталса, *ortusiñaru* «ортасында» сөзінде үшінші буында бұзылады, ал *qurıyaru* `кейінге қарай` тұлғасында сақталмаған.

Қазіргі түркі тілдерінде де лабиалды үндесім бірыңғай сипатта емес: қаз., ққалп. *tüzüw*, өзб. *tüzük*, түркім. *düzüv*, тат. *tözek*; қаз. *oqtaw*, қырғ. *oktoo*, ққалп. *oqlaw*, ноғ., түркім. *oklow*, тат. *uqlaw*; қаз. *küzew/küzek/küzdew*, қырғ. *küzöö*, тув. *küzeg*, як. *kühün*, тат., башқ. *küzäk*; көне түркі тілінде *küdagu/küjagu* `зять` (ДТС, 324), (ИДТЯ, 329), қаз. *küjew*, қырғ. *küjool/küjov*, ноғ. *kjev*, өзб. *küjev*, тат. *kijav*, тув. *küdээ*, хак. тілінде – *kza*, ұйғ. тілінде – *küj (oɣul)*, *kerü*; ескерткіштер тілінде *kösägü* `кочерга` (ИДТЯ, 328), қаз., ққалп. ті *kösew*, қырғ. *kösöö/kösöv*, ноғ. *kösev*, ұйғ. *kösäj*. Қазіргі түркі тілдері арасында ерін үндестігі қырғыз, түрік тілдерінде жақсы сақталса, басқа түркі тілдерінің көпшілігінде жартылай сақталған. Мысалы, қазақ тіліндегі `босану үдерісіндегі іштің бүріп ауыруы`, `дәстүрлі поэзия түрі` мағыналарын беретін *tolyaq* ≈ *tolyaw* гомогенді жұбы қырғыз тілінде *tolqok* ≈ *tolgoo* түрінде тұлғаланады.

Түркі тілдерінің бір бөлігінде лабиал гармониясы мүлдем байқалмайды. Лабиалдық гармониясын жартылай сақтаған тілдерде түбір сөздің еріндік сипаты негізінен екінші буында сақталып, одан кейінгі буында үндесім сапасын өзгертеді. Дауыссыз дыбыстардың тілдің қатысына (тіл алды дауыссыздары, тіл арты дауыссыздары) қарай жуан, жіңішке айтылуына байланысты жүйелілікті сақтауы дауыстыларды палатальдық үйлесімділігіне қатысты жүзеге асады. Әзірбайжан тілінде үндестік заңы жуан-жіңішкелік және ерін үндестігі түрінде көрінеді, жуан-жіңішкелік үндестігі бірізділік сипатта болса (*joldaşlar* `жолдастар`, *körürsän* `көрерсің`), ерін үндестігінің аясы шектеулі, қысаң дауыстылар ғана ерін үндестігін сақтайды: *oturdum* `отырдым`, *küçlü* `күшті`. Алтай тілінде ерін үндестігі де,

жуан-жіңішкелік үндестігі де жүйелі түрде сақталып отырады: *bolgon* 'болған', *bilgir* 'білгір', *kölgö* 'көлге', *qizil* 'қызыл'. Башқұрт тілінде сингармонизм заңдылығының жуан-жіңішкелік үндестігі негізінен бірізділікті сақтайды (*altı* 'алты', *jaqşı* 'жақсы', *kerpek* 'кірпік', *himez* 'семіз'), ерін үндестігі сақталған (*törlö* 'түрлі'), сондай-ақ ілгерінді, кейінді ықпалдардың әсерінен болатын қатаң дауыссыздардың ұяңдануы да жүйелі көрініс береді: *ike gitap* 'екі кітап', *küg at* 'көк ат'. Боджнурд тілінде дауыстылар үндестігі реликт түрінде көрініс береді, түбірлер мен түбір негіздерде дауыстылардың бірыңғайлылығы сақталса, қосымша морфемаларда дауыстылардың бірыңғайлылығы бұзылады. Гагауыз тіліндегі төл сөздер жуын-жіңішке үндестігін сақтайды (*alarım* 'аламын', *bilärim* 'білемін'), ерін үндестігі бойынша түбірдегі еріндік дауыстыға сәйкес қосымша құрамындағы қысаң дауыстылар еріндікке айналады: *dördünzü* 'төртінші', *dokuzunzü* 'тоғызыншы'. Қазақ тіліне дауысты дыбыстардың артикуляциялық жақындасуынан болатын жуан-жіңішкелік буын үндестігі тән (*qızdarım* 'қыздарым', *inilerim* 'інілерім'), лабиалды үндестік әлсіз және екінші буыннан кейінгі ерін үндестігі белгілері орфографиялық нормада ескерілмейді. Қарайым тіліндегі сингармонизм заңдылығы түбірдегі немесе бастапқы буындағы дауыстылардың жасалу орнын сипаттайтын тіл мен еріннің қатысына қарай жүзеге асады (*altımış* 'алпыс', *jetmiş* 'жетпіс'), ерін үндестігі әлсіз, бірінші буындағы еріндіктер кейінгі буындағы қысаң дауыстыларға ғана ықпал ете алады (*kolum* 'қолым'). Қырғыз тіліндегі қысқа және созылық дауыстылардың үйлесімділігі тіл мен еріннің қатысына байланысты, жүйелі және қарқынды ерін үндестігі сақталған: *güldün* 'гүлдің', *balada* 'балада', *okuşuunin* 'оқушының'. Салар тілінде дауыстылар үндестігі әлсіз, негізінен таңдай және ерін дауыстыларының үндестігі байқалады: *tutul* 'ұстал', *sekiz* 'сегіз'. Сары ұйғыр тілінде дауыстылар үндестігі жүйелі түрде сақталмаған (*singek* 'сона', *erenda* 'еркекте'), негізінен дисиллабтардың формальды бөлігі шегінде жүзеге асады: *jum-*

saq 'жұмсақ', *kelni* 'әйелі'. Татар тілінде дауыстылардың жуан-жіңішкелік үндестігі төл сөздерде толық сақталған (*azrak* 'азырақ', *belmiçä* 'білмей, білмейінше'), ішінара ерін үндестігі аңғарылғанмен (негізінен *o, ö, e* дауыстыларына қатысты) орфографиялық нормада көрсетілмейді: *bolotlo* → *bolitli* 'бұлтты', *bötönlök* → *bötenlek* 'бүтіндік'. Татар тілінде дауыссыздарға қатысты ілгерінді, кейінді ықпалдар да кеңінен көрініс береді. Тофа тілінде дауысты дыбыстар таңдай қатысы жағынан алдыңғы және артқы фонологиялық қатарға сәйкес үндеседі: *iriq* 'тесік, жырық', *irik* 'шірік, шіріген'. Тува тілінде дауыстылардың жуан-жіңішкелік үйлесімі (*daštar* 'тастар', *pöšter* 'самырсындар'), кей жағдайда ерін үндестігі сақталады: *xolumni* 'қолымды'. Түрік тіліндегі сингармонизм заңдылығы дауыстылардың жуан-жіңішкелік үндесімділігінен (*bende* 'менде', *arabayla* 'машинада/автокөлікте'), ерін үндестігінен ('ұлым' *oglum*), дауыссыздардың қатаң-ұяң үйлесімінен (*taştan* 'тастан', *demir* 'темір') көрінеді. Түрік тіліндегі үндестік заңының бұзылуы негізінен басқа тілден енген сөздерге тән, сондай-ақ кейбір түркі сөздерінде (*anne* 'ана', *kardeş* 'аға, бауыр' т.б.) және бір нұсқада ғана орныққан қосымшалар (*-yor, -ken, -leyin, -mtırak*) жалғанған сөздерде үндестік заңдылығы сақталмайды. Түрікмен тілінің дыбыстық жүйесіне жуан-жіңішкелік (*çagalik* 'балалық', *jigitler* 'жігіттер') және еріндік үндесімі ('отын' *odun*) тән. Түрікмен тіліндегі жуан-жіңішкелік үндестігіне кейбір күрделі сөздер, бір нұскалы қосымшалар жалғанған сөздер және басқа тілден енген сөздер бағынбайды. Бұл құбылыс түркі тілдерінің көпшілігіне тән. Өзбек әдеби тіліне палатальдық және лабиальдық үндестігінің реликт құбылыстары тән, сингармонизм өзбек тілінің кейбір говорларында ғана фонетикалық заңдылық деңгейінде қолданылады. Ұйғыр тілінде дауыстылар үндестігі негізінен сақталғанымен ауытқушылықтар жиі кездеседі, мысалы, бір сөз құрамында тіл алды, тіл арты дауыстылары қатар қолданылады: *altä* 'алты', *toxsan* 'тоқсан' т.б. Ұйғыр тіліндегі сингармонизм заңдылығының бұзылуы сыртқы факторлардың ықпалы ретін-

де түсіндіріледі. Хакас тілінде дауыстылардың жуаннан-жіңішкелік үйлесімі негізінен бірізді болып келеді (*palıxçı* 'балықшы', *istençiler* 'қызметшілер'), ерін үндестігі таңдай үндестігімен қатар жүреді (*kümüs* 'күміс', *puluŋ* 'мүйіс', *purun* 'мұрын'), орыс тілінен енген сөздер үндестік заңына бағынбайды. Халадж тілінде дауыстылардың жуан-жіңішкелік үндестігі негізінен сақталады (*juoriş* 'жүріс', *veriş* 'беріс'), халадж тілінің кейбір диалектілерінде жіңішке дауыстылардың еріндік нұсқаларының болмауына орай ерін үндестігі жүйесіз түрде көрініс береді. Чуваш тіліндегі үндестік заңдылығы да палатальды сипатта болады (*jaltan* 'деревнядан/ауылдан', *xirten* 'даладан/қырдан'), ерін үндестігі жоғарғы диалектінің говорларында кездеседі. Чуваш тіліндегі сингармонизм заңдылығының бұзылуының бірнеше факторлары бар. Алғашқы буындағы дауыстыға қатысты жүзеге асатын жуан-жіңішкелік үндесімі (*karga* 'қарға', *kebege* 'пеш', *miltik* 'мылтық'), ерін үндестігі (*kus-kun* 'құзғын', *köbük* 'көбік' т.б.) шор тілінде де негізінен сақталған. Тіларарық байланыстардың қарқынды жүруіне байланысты Х-ХІ ғасырлардан бастап түркі тілдерінің үндесім жүйесі біраз өзгерістерге ұшырады. Кейбір түркі тілдеріндегі өзі де әлсіз лабиалдық үндесімді қалыптасқан орфографиялық норма тіптен көмескілендіріп жібергенін байқауға болады.

Буын. Буынды анықтап, оның шегарасын тану түркі тіл біліміндегі ең күрделі мәселенің бірі. Дауыссыздардың тіл алды, тіл арты жұптарының, дауыстылардың үндесім қатысына байланысты жұптарының қарсы қойылуы, дауыстылардың тіл алды үндесімі мен ерін үндестігінің қатарласуы тәрізді фонемалардың дистрибутивті қатынасы түркі тілдерінің буын жүйесінің ерекше типологиялық сипатын анықтайды. Бірінші буын кейінгі буындардың өзімен сингармониялық заңдылыққа сәйкес үндесім табатын фонетикалық варианттарын қабылдайды. Үндестік заңына бағынатын агглюнативті тілдерге жататын түркі тілдерінің тарихи даму жолын анықтауда буын құрылымы мен буын түрлері, олардың өзара тіркесу үйлесімділігі ерекше маңызды.

Тілдің жалғамалылық сипаты буын табиғатына тікелей байланысты болуына орай түркі тілдеріндегі буын ерекшеліктерін диахрониялық тұрғыдан жан-жақты талдау, буынның синхрониялық жағдаятын терең танып, түркі лексемасының этимологиялық негізін айқындап, морфемалардың тұлғалық және мағыналық дамуының бағыт-бағдарын шамалауға, соның нәтижесінде көне тұлғаларды жаңғыртуға мүмкіндік береді. Барлық тілдерге тән сөйлеу барысындағы ауа ағымының (демнің) жіктелісіне негізделетін буын өзара іргелес бір немесе бірнеше фонеманың сөйлеу актісінде үзіліссіз айтылатын біртұтас бөлшегі болып табылады. Саналы адамзат тілінің қалыптасу кезеңдерімен, адамзаттың физиологиялық-артикуляциялық мүмкіндіктерімен тікелей байланысты буынның сөйлеу үдерісіндегі фонациялық ауа ағымының іркілістерінен қалыптасқаны айқын болғанымен, буын табиғатына шынайы сипаттама берудің өзіндік қиындықтары бар. Буын сөздің өзегі (ядросы) іспеттес мағына айырғыштық сипаты бар буын құраушы фонемалардан және буын тасымалдаушы фонемалардан тұруы мүмкін. Психологиялық тұрғыдан сөйлеу процесіндегі ауа ағымын буынға бөлу күрделілік тудырмайды, соған орай буын универсалды құбылыс ретінде қарастырылуда, алайда, түрлі тілдік семьяларға бөлінетін әлем тілдерінің фонологиялық, морфологиялық, лексикалық жүйесіндегі өзіндік ерекшеліктер буын мәселесін әр жүйедегі тілдің табиғатына сай, алдымен синхрониялық аспектіде де, содан кейін диахрониялық аспектіде саралаудың тиімділігін көрсетуде. Буынның универсалды табиғаты қазіргі тілдерге диахрониялық-реконструкциялық талдаулар жүргізілген кезде ғана айқын аңғарылуы мүмкін, кез-келген тірі тілдің статикалық күйі архебуындарды бірден ажыратуға кепіл бола алмайды.

Жалпы тіл білімінде буынтану бойынша қалыптасқан заңдылықтардың теориялық-методологиялық әлеуеті барлық тілдердегі буын ерекшелігін, олардың тарихи даму үдерістерін, буын құрамындағы дыбыстардың сегменттік, супер сегменттік

қабілетін, морфемамен, лексемамен, синтагмамен қарым-қатынасын таратып беруге әлі де болса жеткіліксіз. Буын сөйлеу актісіндегі ең шағын бірлік ретінде сөйлеудің айтылым кезіндегі паузалармен бөлінетін сөйлеу үзіктерінің өзара тығыз байланыста жалғасып жатқан тұтас тізбегін құрайды. Буынның өз ішінде мұндай ауа ағымына байланысты үзік, бөлініс болмайды, сондықтан буын жекелеген сөйлеу дыбыстарынан ерекше ажыратылмайды. Осындай қарапайым синхрониялық белгілеріне қарай экспериментальды фонетика өкілдері сынды зерттеушілер буынды лингвистер мен психологтар қалыптастырған жалған (фикция) ұғым ретінде таниды (Э. Скрипчур, Г. Панконьчелли-Кальциа). Сөйлеу дыбыстары сөйлеу тізбегінен дербес тілдік бірлік ретінде, фонеманың айтылу формасы ретінде ажыратылады. Буын шегі мен морфема шегі әрдайым сәйкес келетін буын жүйелі тілдерде де дәл осылай, сондықтан буынды прототілдік кезеңнен белгі беретін әрі фонема, әрі буын, әрі морфема, әрі лексема қызметін атқарған тілдік бірлік – силлабофонеманың көрінісі ретінде қарастыруға болады. Әдетте, «силлабема – фонологиялық тіл бірлігі ретінде танылатын буын»¹ түрінде қолданылғанымен, оның күрделі дыбыстық құрылымы мен сигнификаттық мазмұны, семантикалық қабілеті, функционалдық қызметі фонологияның шегінен шығып, тілдік деңгейлердің бәрін қамтитынын көрсетеді. Лингвистика ғылымында буын құрамындағы дыбыстарды шартты түрде С және V белгілерімен таңбалау дәстүрі қалыптасқан: С – (consonant) – буын құрамындағы дауыссыз дыбыстың таңбасы, V – (vowel) – буын құрамындағы дауысты дыбыстың таңбасы. Осы таңбалар негізінде буын құрлысының шартты моделдері сомдалады.

Түркі тілдеріндегі буын жүйесінің жалпы сипаты: буынның саны дауыстыларға байланысты анықталады; буын жасаушы

¹ Қалиев Ғ. Тіл білімі терминдерінің түсіндірме сөздігі. – Алматы: Сөздік-Словарь, 2005. – Б. 284; Трубецкой Н.С. Основы фонологии. – Москва, 1960. – С. 14-21; Зиндер Л.Р. Общая фонетика. – Москва, 1979.

дауысты дыбыстар өзімен бір үйірлесе жүретін дауыссыздардың акустикалық көрсеткіші қызметін атқарады; буын бір немесе бірнеше дыбыстар тіркесінен тұрады; сөздер бір буынды да көп буынды да болып келеді; сөздегі дыбыс санына қарай буын құрылысы бір дыбысты, екі дыбысты, үш дыбысты, төрт дыбысты болады; буынның түркі тілдеріне тән құрылымдық типтері V, CV, VC, CVC, VCC, CVCC модельдерінен тұрады; буындағы дауысты жіңішке болса, үйіріндегі дауыссыздар да жіңішке болады, жуан болса, дауыссыздар да жуан болады; буын соңындағы дауыссыздан гөрі буын басындағы дауыссыз күштірек айтылады; дауыссыздар бітеу буында әр түрлі экспирация басқыштарымен айтылады; буын құрауда, буынның тұтастығын сақтауда екпін мен үндестік заңының, дауыссыздар ассимиляциясының қызметі маңызды. Бұл түркі тілдерінің төл табиғатына қатысты басымдық алатын ерекшеліктер, сондай-ақ түркілер өміріндегі лингвоконтактологиялық үдерістердің нәтижесінде қалыптасқан фонетикалық, морфологиялық, лексикалық ерекшеліктер түркі тілдерінің буын құрылымында да өз ізін қалдырды, мысалы CCVC модельді буындардың көбеюі. Түркі тілдерінде буын құрылымына байланысты төрт топқа бөлінеді: жалғыз дауыстыдан жасалған жалаң буын (V): көне түрк. *i-raq* 'жырақ, алыс', қаз. *a-jaq* 'аяқ', түркм. *o-raq* 'орақ', құм. *ö-güz* 'өгіз', түрк. *ü-leş* 'үлес', қырғ. *u-şak* 'ұсақ, майда', ққалп. *i-ni* 'іні' т.б.; дауыстыға біткен ашық буын (CV): қаз. *qa-siğ* 'қасық', ноғ. *ba-la* 'бала', алт. *çe-ček* 'гүл', қырғ. *šo-qi* 'шоқы'; дауыстыдан басталып, дауыссызға біткен тұйық буын (VC, VCC): қаз. *astiq* 'астық', ққалп. *em-gek* 'еңбек', түркм. *aj-γir* 'айғыр', көне түрк. *art-ta* 'артта, артқы жақта', құм. *ars-lan* 'арыстан', қаз. *ört-te* 'өртте', ноғ. *ürk-ti* 'үрікті'; дауыссыздан басталып дауыссызға аяқталатын бітеу буын (CVC, CVCC): қаз. *kel-di* 'келді', ққалп. *bar-dī* 'барды', түрк. *e-şik* 'есік', көне түрк. *kert-ti* 'кертті, кесті', қаз. *žirt-ti* 'жыртты', 'келді', ққалп. *türt-ti* 'түртіті, тиді'. Бітеу буынның күрделі формаларын құрайтын CCVC, CCVCC модельдері кірме сөздерге тән: *trak-tor* 'трактор',

sportşı `спортшы` т.б. Созылыңқы дауыстылар қолданылатын тілдерде буын түрлері дауыстылардың қалыптылығы мен созылыңқылығына байланысты ерекшеленеді: алт. *e:-ri* `ері, ертұрманы`, қырғ. *u:-zï* `уызы`, түркім. *ï:-ni* `үні`¹.

Түркі тілдеріндегі буынның сөз просодикасына, редукция, метатеза, ықшамдалу, қыстырма дыбыстардың пайда болуы т.б. сияқты морфонологиялық құбылыстардың қалыптасуына буынның қатысы, ықпал-әсері мәселесіне ерекше мән берген А.Айғабылов түркі тілдерінде кеңінен таралған әрі мойындалған буын түрлеріне талдаулар жасайды. Ғалым *äkireṇ-de*, *žapīraq*, *baqīraj*, *amīrap*, *žadīra*, *qaqīra* т.б сөздердің сөйлеу барысында *ä-kreṇ-de*, *žā-praq*, *ba-qraj*, *a-trap*, *žā-dra*, *qaq-ra* түрінде буынға жіктелетінін сөзге тиек ете отырып, «буын басында екі дауыссыз қатар келмейді» деген қағиданы қайта қарау керектігін ұсынады және «*b*, *p*, *t*, *d*, *k*, *q* шұғыл дыбыстары өзінен кейін тұрған *r* дыбысымен тіркесіп, сөз ортасында басталатын буындардың алғашқы қос дауыссызы ретінде келе алады. Бұл позициядағы буынның жазылу нормасын анықтап, *b* мен *r*, *p* мен *r* т.б. дыбыстардың арасына дауысты дыбыс қойып жазуды белгілегенмен орфоэпиялық нормасы қалай болу керек дегенге мән бере қойғанымыз жоқ»² деген пікір айтады. Зерттеуші көзқарасы буын сөйлеу актісінде айқындалатын құбылыс болғандықтан қалыптасқан орфографиялық норма қазақ тіліндегі буын түрлері мен буын жігін ажыратуда қайшылықтарға ұрындыруы мүмкін екенін меңзейді. Буын құрылымы мен шегін анықтаудағы қайшылықты мәселелер басқа түркі тілдерінде де кездеседі.

Тілдің ең шағын бірлігі саналатын буын мен морфема әрдайым сәйкес келе бермейді. «Сөздің бүтін кесегі – фраза. Фразаның өзі де әлденеше семантика-фонетикалық (синтагма, ритмикалық топ) мүшеге жіктеледі. Сөздің мұндай жіктелуі

¹ Баскаков Н. А. Историко-типологическая фонология тюркских языков. – Москва: Наука, 1988. – С. 179-184.

² Айғабылов А. Қазақ тілінің морфонологиясы. – Алматы: Санат, 1995. – Б. 18.

оның морфологиялық жіктелуіне сәйкес келмей, акустика-артикуляциялық жіктелумен үйлеседі. Осындай дыбыстық топқа жіктелген сөз ағымының майда мүшесі буынды құрайды. Буын – сөз ағымындағы кілт бөлініп айтылатын дыбыс тобы, тұтасы»¹. Буын мен морфеманың сәйкессіздігі флективті жүйеге негізделген хамит-семит, славян, роман-герман тобындағы тілдеріне тән болғанымен жалғамалы тілдер қатарындағы түркі тілдерінен де аңғарылады. Мысалы, қазақ тіліндегі синхронды тұрғыдан екі буынды түбір саналатын *bala* лексемасы екі буынға бөлінеді *ba+la* немесе *bal+a*, морфемдік-компоненттік талдау негізінде *bala* лексемасын түбір морфемаға және тарихи модификаторға (алтай тілдеріндегі туыстық атаулардың құрылымына сәйкес, аналогиялық әдіспен: **an+*a*, **böl+*e*, **žor+*a* (жора-жолдас), **qud+*a* т.б.) ажыратуға болады: **bal→balbal* 'ритуальный камень' ДТС, 80; Е. 32; КТү. 16: *bašlaju qırq az qayanıy balbal tiktım* «Қырқ аз қағанынан бастатып балбал қойдым» КТү. 25 (Айд. I, 176) ~ қаз., ққалп., қырғ. *balbal* 'сын тас'. Монғол тілінде *бал балбалах* тіркесінің 'қаз тұру', 'қаз-қаз басу' мағыналары тіркелген (МҚС, 63). Түркілер дәстүріндегі балбал тасты тігінен тұрғызып қою *balbal* сөзінің семантикалық уәжіне негіз болып тұрса, *bala* лексемасының семантикалық уәжіне де 'қаз тұру', 'тік тұру' семасы негіз болған. Сонда *bala* сөзін *ba+la* түрінде буынға бөлгенде бірінші буын түбір морфеманы толық қамти алмайды, бір бөлігі екінші буынның құрамына ауып кеткенін аңғарамыз.

Буын мен морфема бір-біріне толықтай сай келетін, буын да морфема да әрдайым тұрақтылығын сақтайтын тілдер де бар. Бұл құбылыс негізінен буындық жүйедегі қытай-тибет тобындағы қытай, бирма, вьетнам тілдеріне тән. Буын тілдерде буын өзгермейтін дыбыстық жасалым ретінде сөйлеу барысындағы ауа ағымында фонологиялық құрамын да, артикуляциялық-фонациялық шекарасын да өзгертпейді. Қазіргі агглютинативті түркі тілдері де флексиялық құрылым дәуірін

¹ Аралбаев Ж. Қазақ фонетикасы бойынша этюдтер. – Алматы: Ғылым, 1988. – Б. 96.

басынан өткізгенін тілдегі ішкі флексияның реликт белгілері көрсетіп отыр. «Бұдан кейін полисинтетикалық құрылым (түбір тіл) дәуірі келгенін, түркі тілдері дамуында жалғамалылыққа дейін флексиялық, синтетикалық кезеңдерді басынан өткізгенін белгілі түркологтардың көпшілігі мойындайды»¹. Буын жүйелі тілдерде буын құрамы қарапайым, ал дыбыстық құрамы тым күрделі болып келеді, морфема фонологиялық тұрғыдан буыннан қысқа болмайды. Буын морфеманы жасаушы тілдік элемент болғандықтан буын құрамынан морфема шегі ажыратылмайды, силлабема/буын құрамы жағынан фонемаға сәйкес келетін бірлік ретінде танылады. Буын құрылымды емес тілдердің көпшілігінде бір буын екі морфеманың бөліктерін қамтыса, бір морфема екі буыннан тұруы мүмкін. Бұл тілдерде буын және буынға бөлу сөз мағынасымен байланыста қарастырылмайтындықтан буын фонологиялық бірлік бола алмайды. Буынды фонологиядан тыс қарастыру буынды табиғи тілдік факторлардан алшақтатып, буынжасам мен буынның жігін ажырату мәселесінде үлкен теориялық қайшылықтар тудырғандықтан, оны біртұтас тілдік бірлік, сөйлеуші санасындағы танылған ұғымның өзегі/ядросы ретінде қарастыруға ден қойылды.

Жалпы лингвистикада буын табиғатын түсіндіруге байланысты әртүрлі бағыттағы бірнеше теория қалыптасқан, олардың кең таралғандары:

1. Үнділік (сонор) теориясы. Сөзжасамның акустикалық критерийлеріне сүйенетін бұл теория бойынша буын – үнділік деңгейі жоғары дыбыс пен үнділік деңгейі төмен дыбыстардың тіркесі (Отто Есперсен); тіл дыбыстарының үнділік деңгейі бірдей емес, шуыл дауыссыз дыбыстар ең аз мөлшерде үнді болса, үнділіктің ең көп деңгейі дауыстылардан көрініс береді; буын құрауға кез-келген дыбыс қатыса алады үнді элементтердің үнсіз элементтермен үйлесімділігі – буынның негізін қалайды².

¹ Сағындықов Б. Қазақ тілі лексикасы дамуының этимологиялық негіздері. – Алматы: Санат, 1994. – Б.5.

² Трубецкой Н.С. Основы фонологии. – Москва, 1960. – С. 12-13.

Синхрониялық тұрғыдан ұяң шуыл дауыссыздар акустикалық ерекшелігіне байланысты буын құрауға қабілетсіз, үнділік дауысты дыбыстар мен үнді дауыссыздарға ғана тән. Сонор теориясы дыбыстардың антропофониялық қырларына сүйенетіндіктен буын ажыратудың акустикалық қырларын анықтауда нәтижелі болып табылғанымен дыбыстардың үнділік деңгейі айтылу барысында өзгерістерге түсу мүмкіндігін аша алмайды.

2. Экспираторлық теория бойынша буын – сөйлеу үдерісіндегі ауа ағымының бір толқынында айтылатын өзара үйлесімді дыбыс тіркестері (Стетсон). Дыбыс шығару вибрациялық толқындардың өзгерістеріне байланысты болғандықтан демнен шыққан ауа ағыны буын жасаудың физиологиялық негізі болып табылады. Буынның шекарасы мен ауа ағыны әрдайым сәйкес келе бермейді, бір фонациялық ағымда бірнеше буын айтылуы мүмкін, буынжасам сөйлеу кезіндегі демнен шыққан ауа ағымының бір реткі кеңею және тарылу үрдістерінің нәтижесінде жүзеге асады. Эспираторлық теория физиологиялық факторды ғана негізге алатындықтан буынжасам ерекшеліктерін жан-жақты түсіндіріп бере алмады. Тіл білімінде эспираторлық теория мен сонор теориясының ұстанымдары мен методологиялық негіздерін ұштастыра отырып, буын табиғатын түсіндіруге де талпыныстар жасады (Э.Сиверс, В.Томсен т.б). Осы бағытты қолдаушы ғалымдар эспираторлық теория мен сонор теориясының бір-біріне қайшы келмейтінін, қайқайсысы болмасын дыбыстың әртүрлі деңгейдегі үнділік сапасына, фонациялық ауаның жиілігіне негізделетінін көрсетеді¹.

3. Бұлшық ет қысымы – күші (ширығу) теориясы бойынша буын-фонациялық ауа ағымының дыбыс шығару органдары бұлшық еттерінің бір реткі ширығуы мен босаңсуы аралығындағы үзігі (Л.В.Щерба т.б.) Бұлшық ет қысым-күші теориясы буынды дыбыс шығару органдары бұлшық еттерінің ширығуы-

¹ Зиндер Л.Р. Общая фонетика. – Москва, 1979. – С. 219.

нан пайда болатын қысым негізінде қалыптасатын сөйлеу актісінің бөліктері ретінде қарастырады. Бұлшық ет қысымы теориясы буын жігін ажырату, буынның құрылымдық ерекшеліктерін түсіндіру мәселелерінде біраз нәтижелерге қол жеткізгенмен буынтану проблемаларын толық шешіп бере алмады. Буын тілдің дыбыстық материясын жасауда аса маңызды қызмет атқарады. Әрбір тіл өзіне ғана тән буынның типтік модельдерін дыбыстардың буын құрамындағы белгілі бір позицияларындағы қолданыс шекарасының ерекшеліктерімен сипатталады.

Әр тілдегі буын табиғатының өзіндік ерекшеліктерінің болуына байланысты туындайтын қиындықтардың бірі – буын құрамындағы дыбыстардың үнділіктік деңгейінің градациялық шегін айқындауда экспериментальды фонетиканың зерттеу нәтижелерін ғана қолдану жеткіліксіз. Себебі дыбыстардың үнділік деңгейінің өзгерістері тек акустикалық-физиологиялық мүмкіндіктерге ғана байланысты емес, олардың эмоциональдық-экспрессивтік жағдаятқа байланысты немесе басқа да мотивтерге негізделген семантикалық реңктері болуы мүмкін. Түркі тіл білімінде де буын табиғатын анықтауда жалпы тіл біліміндегі теориялық ұстанымдар мен методологиялық амалдар негізге алынуда. Түркі тілдері үшін аралас ұстанымдарды қолдану, үш теорияның да методологиясын сабақтастыра қолдану түркілік буын табиғатын біршама дұрыс айқындауға мүмкіндік береді.

Түркі тілдеріндегі буынға қатысты алғашқы тұжырымдар қазақ тіл білімінің негізін салушы А.Байтұрсынұлының еңбектерінен бастау алады. Зерттеушінің *w* дыбысы жайлы «Дауысты дыбыстардың соңында *y* жарты дауысты болады. Мысалы: *саула* деген сөзде үш буын емес, екі буын болады»¹ деген ойларын XX ғасырдың алғашқы жылдарындағы (1912 ж.) түркологияның лингвистикалық саласындағы үлкен жетістік ретінде бағалауға болады. Түркі тілдерінің буын жүйесін тарихи тұрғыдан қарас-

¹ Байтұрсынов А. Тіл тағлымы. – Алматы: Ана тілі, 1992. – Б. 9.

тырған М.Томанов буын мен негізінен бір буынды түбір морфемалар аясында талдайды. Түркі тілдеріндегі буын құрылысы жайлы қалыптасқан негізгі екі бағытты қазақ тілі негізінде саралай отырып, «Сөздің грамматикалық тұлғасының өзгеру, дамуын дыбыстарды тарихи тұрғысынан қарастырғанда ғана айқын түсінуге болады. Сондықтан сөз тұлғасын сөз етіп, оның буындық құрамы жайлы әңгімелегенде дыбыстардың тарихи ауысу, өзгеру жолын да еске алу керек. Сонда ғана сөздің байырғы түбірі мен кірігіп кеткен қосымша не түбірді айыруға болады»¹ деп ой қорытады. Сондай-ақ ғалым түркі тілдері (жалпы алтай тілдері) буын құрылысының дамуы жайлы Н.А.Баскаков, И.А.Батманов, В.Котвич, Б.Я.Батманов, Н.К.Дмитриев т.б. сынды ірі түрколог-ғалымдардың сараптамаларында түркі тілдеріндегі еліктеуіштердің буын құрылысы назардан тыс қалғанын көрсетеді.

Синхронды тұрғыдан қарастырғанда түркі тілдеріндегі буындардың негізгі бөлігі семантикалық, грамматикалық мән жүктемей, тек дауысты мен дауыссыз дыбыстар тіркесінің үйлесімділігіне негізделеді, мысалы: қаз. *balalari* → *ba+la+la+ri* 'балалары', *tawlardi* → *taw+lar+di* 'тауларды'. Ал диахронды түркі тіл білімінде әрбір буынның белгілі бір семантикалық немесе грамматикалық мағына немесе олардың идеяларын (іздерін) сақтап тұруы әбден мүмкін. Соған орай түркі тілдерінің заманауи қалпындағы буын теориясы мен тарихи буын теориясы арасындағы алшақтықты ретке келтіру өзекті мәселе болып табылады. Түркі тілдерінде сөз құрамындағы алғашқы буын тұтастай немесе белгілі бір бөлігі түбірге сәйкес келеді. Соған орай түркі тіл білімінде буын теориясы түбір теориясымен сабақтасып жатады.

¹ Томанов М. Тіл тарихы туралы зерттеулер. – Алматы: Ғылым, 2002. – Б.113.

§2. Түркі тілдері фонетика-фонологиялық жүйесінің жалпы сипаты

Қазіргі түркі тілдеріндегі вокализмдер жүйесінде сегіз немесе тоғыз дауысты дыбыс тембрі ажыратылады, олар артикуляциялық белгілері бойынша анықталады (*a, ä, e, o, ö, i, i, u, ü*); бірінші және екінші дәрежелі созылыңқы дауыстылар қолданылады; дауыстылар ашық-қысаң, жуан-жіңішке, еріндік-езулік фонемаларға жұптасып жіктеледі; кей тілдерде ерін дауыстылары (*o, ö, u, ü*) қосымша морфемалар құрамында мүлдем қолданылмайды; консонанттар жүйесінде жиырма немесе жиырма екі дауыссыздар ажыратылады, олар жасалу орнына және (еріндік, тіл алды, тіл ортасы, тіл арты, увуляр, көмей), жасалу жолына қарай (қатаң, ұяң) жіктеледі.

Фонетикалық жүйе бойынша, түркі тілдерінің барлық топтарына тән бірнеше ортақ белгілер анықталған: а) сөздің бірінші буынында кезесетін дауыстылар мен сөздің келесі буындағында қолданылатын дауыстылар екі түрлі жүйе құрайды. Бірінші буында ашық-қысаң, жуан-жіңішке, еріндік-езулік болып жіктелетін сегіз дауысты дыбыс кейбір түркі тілдерінде созылыңқы дауыстылардың қолданылуына байланысты он алты дауысты дыбысқа дейін көбейеді. Екінші және одан кейінгі буындарда көбінесе жуан-жіңішке, ашық-қысаң, еріндік-езулік болып жұптасатын алты дауысты дыбыс жұмсалады. Сондықтан бірінші буын вокализмі мен екінші, үшінші, төртінші т.б. буын вокализмдері сандық жағынан да, сапалық жағынан да бірдей емес, әртүрлі болып келеді; ә) сингармонизм заңдылығы біршама жүйелі болып келеді. Бірен-саран тілдерде (мысалы, ұйғыр тілінде) сингармонизм умлаутпен күрделеніп отырады; б) сөз басында негізінен сегіз дауыссыз фонема (шұғыл *b, t, q, č* дауыссыздары, мұрын жолды *m* дыбысы, ызың *s, j* дыбыстары, аффрикат *ž* дыбысы) қолданылады; сөз ортасында он тоғыз дауыссыз дыбыс (шұғыл *p, b, d, q, k, g, γ, č* дауыссыздары; мұрын жолды *m, r, ŋ, n* дауыссыздары; ызың *j, s, z, š*

дыбыстары; *ž* аффрикаты; *r, l* діріл дыбыстары) қолданылады; сөз соңында он жеті дауыссыз (*p, b, d, q, k, g, č* шұғыл дауыссыздары; *m, r, ŋ, n* мұрын жолды дыбыстары; *j, s, z, š* ызың дыбыстары; *r, l* діріл дыбыстары) қолданылады; в) сөздің абсолют басында дауыссыз дыбыстар тіркесі қолданылмайды, яғни екі консонант дыбыс қатар келмейді; г) екпін негізінен соңғы буынға түседі¹. Түркі тілдері семьясының фонетикалық жүйесіне тән ортақ белгілер негізгі екі бұтақтың сипатына қарай, олардан тарайтын әрбір үлкен топтардың ерекшеліктеріне, олардың құрамындағы кіші топтардың ерекшеліктеріне, одан әрі әрбір жекелеген тілдің төл табиғатына байланысты қалыптасқан өзіндік ерекшеліктеріне сай ажыратылады. Түркі тілдері фонетикалық жүйесінің ортақ белгілеріне негізделген жалпы сипаттамасы салыстырмалы-тарихи фонетикалық зерттеулер арқылы іске асырылады.

Түркі тілдерінің фонетикасын салыстырмалы тұрғыдан зерттеу ХІ ғасыр лингвисті М.Қашқаридың еңбегінен бастау алады. Ғалым «Диуани лұғат-ит түрк» шығармасында түркі тілдері мен диалектілерінің сәйкес лексикалық бірліктерін салыстыра отырып, бірнеше дыбыс сәйкестіктері мен фонетикалық заңдылықтарды анықтап беруі (МҚ. I, 64-69) түркі тіл білімінде салыстырмалы-тарихи фонетиканың негізі бұдан мың жыл бұрын-ақ қалана бастағанын көрсетеді. Түркі халықтары өміріндегі күрделі саяси-әлеуметтік жағдай, жартылай көшпелі өмір салты ғылымның үздіксіз дамуына қолайлы жағдай туғыза алмағандықтан лингвистика ғылымы да белгілі бір дәрежеде кешеуілдеп қалғаны тарихтан белгілі.

М.Қашқари заманынан кейін араға 7-8 ғасыр салып барып, батыс Еуропада салыстырмалы-тарихи-фонетиканың ғылыми-теориялық негізі салына бастады. ХІХ ғасырдың 15-20 жылдарынан басталған батыс ғалымдары Расмуск Раск, Якоб Гримм, орыс

¹ Сравнительно-историческая грамматика тюркских языков. Фонетика. – Москва: Наука, 1984. – С.403, 421, 439; Томанов М. Тіл тарихы туралы зерттеулер. – Алматы: Ғылым, 2002.– Б.315.

лингвисті А.Х.Востоков т.б. зерттеушілердің дыбыс жүйесіндегі өзгерістерді туыс тілдер деректері негізінде салыстыра қарастырып, дыбыстардың артикуляциялық ерекшеліктері мен дыбыс өзгерістерінің өзара сабақтастығын, байланысын анықтауға ұмтылған ғылыми ізденістері тіл білімінде салыстырмалы-тарихи фонетиканың қалыптасуына ықпал етті. Жалпы тілдің дыбыстық жүйесінің даму ерекшеліктері мен жалпы сипаттамасын анықтау таза фонетикалық негізде емес, фонологиялық бағытта жүргізіледі.

«Жеке дыбыстардың өзгеруін сипаттаумен, олардың спирализациялану, делабиализациялану процестерін, ротацизм мен ламдаизм құбылыстарын қарастырумен шектелген ХІХ ғасыр тарихи фонетикасы»¹ дыбыс жүйесіндегі кешенді өзгерістердің негізгі факторларын, дыбыс өзгерістерінің сөз мағынасына әсерін, тектес дыбыстардың дифференциациялануы мен түбірлес сөздердің семантикалық деривациясының байланысы т.б. тәрізді тілдік құбылыстардың табиғатын ашып бере алмады. Лингвист-ғалымдар тілдегі дыбыстарды дербес тілдік бірлік ретінде қарастыруға мүдделі болды. Түркі тілдеріндегі дауыстылар үндестігіне ерекше көңіл бөлген В.В.Радлов, дыбыс өзгерістерінің тілдің тарихи дамуындағы маңызына да тоқтала отырып, лексема құрамындағы дыбыс өзгерістерінің сөз тұлғасымен қатар сөз мағынасына, кірігу құбылыстарының орнығуына, жаңа формалардың пайда болуына ықпал ететінін көрсетеді: «Кроме строго соблюдения закона гармонии гласных..., происходят... еще и другие фонетические изменения в ауслауте корней и ауслауте аффиксов, которые могут быть истолкованы как средство связи между «предметом – содержанием» и «предметом – формой», в силу чего образуется своего рода гипераглютинация, ...ощущение членимости утрачивается, и в результате сплавления корня с аффиксом возникает нечленимое новообразование» (W.Rad-

¹ Базарбаева З. Әлемдік тіл біліміндегі фонема теориясының дамуы // Қазіргі заманғы түркология: теориясы, практикасы және алдағы міндеттері. – Түркістан, 2004. – Б.359.

loff. Einleitende Gedanken, zur Darstellung der Morphologie der Türkssprachen. 1906).

XIX ғасырдың соңы мен XX ғасырдың басындағы лингвистика ғылымындағы младограмматикалық бағыттардың негізін салушылардың бірі И.А.Бодуэн де Куртенэ сол кезге дейін қалыптасқан дәстүрлі дыбыс заңдылықтарына, тектілдерді механикалық жолмен қалпына келтіру мәселелеріне жаңаша көзқараспен қарап, тың идеялар ұсына бастады. Ғалым айтқан фонеманың акустикалық қырынан басқа мазмұндық негізі жайлы пікірлері фонологияның немесе фонема теориясының қалыптасуына негіз болды. Фонетикалық альтернация теориясын енгізген ғалым, фонеманың адамзат тіліндегі қызметін морфологизация, семасиологизация ұғымдарымен яғни сөз құрылысымен, сөз мағынасымен тығыз байланыста қарастырды. И.А.Бодуэн де Куртенэнің тұжырымы дыбыс жүйесіндегі «альтернация» немесе «алмасу» құбылыстары арқылы анықталатын фонемалардың дербестік сипатын айғақтайды¹.

Тілді таңбалар жүйесінде қарастырған Ф.де Соссюр тілдік таңбалардың тұрақтылық, тұрақсыздық (өзгермелілік) қасиеттерін анықтаудағы дыбыстық өзгерістердің маңыздылығына, олардың өзгеріске түсу себебінің негізгі факторлары – ішкі, сыртқы ықпалдардың байланысына, адам физиологиясына қатысты мәселелерге ерекше мән береді. Ғалым ойлары сөз мағынасының өзгеру себептерін дыбыстың акустикалық бейнесінен (фонетика) емес оның ішкі мазмұнынан, фонологиялық қызметінен іздеу қажеттігінен көрсетеді².

Дыбыстың функционалдық қырларын, олардың тілдік жүйедегі маңыздылығын талдау тарихи фонологияны дүниеге әкелді, әлемдік тіл білімінде бірнеше фонологиялық мектептер қалыптасты. Прага мектебінің өкілі Н.С.Трубецкой дыбыстың сөйлеу актісіндегі сипаты мен тіл жүйесіндегі болмы-

¹ Избранные труды по общему языкознанию. т. II. – Москва, 1963. – С. 276, 277

² Ф.де Соссюр. Курс общей лингвистики // Введение в языковедение. Хрестоматия. – Москва: Аспект Пресс, 2000. – С. 49.

сының бір-біріне ұқсамайтынын, олардың әрқайсысын дербес қарастыру қажеттігін, дыбыс туралы қалыптасқан екі ғылым саласы өздерінің мақсат-мүддесі мен зерттеу нысанына орай әртүрлі әдістемені негізге алатынын көрсетеді. «Сөздегі (сөйлеудегі) дыбыс туралы ілім физикалық құбылыстармен тікелей байланысты, ол жарытылыстану ғылымдарының әдістемесін негізге алады; ал тілдегі дыбыс туралы ілім бұған қарама-қарсы, таза лингвистикалық қағидалар мен әдіс-тәсілдерге, кеңірек алсақ, қоғамдық және гуманитарлық ғылымдардың тәжірибесіне сүйенеді»¹ деген ойлары арқылы екі ғылым саласының ара-жігін ажыратып берген ғалым, сөйлеу жүйесіндегі дыбыс туралы ілімді фонетика, тіл жүйесіндегі дыбыс туралы ілімді фонология деп атауды ұсынады. «Тарихи фонология әр дыбыстың өзгеру құбылыстарын бөлек-бөлек алмай, оларды басқа дыбыстармен байланыстыра отырып, олардың бүкіл фонетикалық жүйесін бірге зерттеуді мақсат етті, оның зерттеу нәтижелері классикалық фонетикалық заңдылықтар мен құбылыстарға негізделді»².

Типологиялық зерттеулердің нәтижелерін салыстырмалы-тарихи тіл білімінде қолданудың пайдалы жақтарын көрсетіп, жалпы адамзат тілін тұтас жүйе түрінде зерттеудің маңыздылығы, адамзат тілінің кешенділік сипатын айғақтаудағы фонологияның рөлі жайлы мәселелерді қарастырған Прага структуралық мектебінің келесі өкілі О.Р.Якобсон «Принцип последовательного членения все глубже и глубже проникает как в грамматику, так и в фонологию. ... Нужно уже сейчас поднять вопрос о языковых, в частности фонематических универсалиях»³

¹ Трубецкой Н. С. Основы фонологии // Введение в языковедение. Хрестоматия. – Москва: Аспект Пресс, 2000. – С. 94.

² Базарбаева З. Әлемдік тіл біліміндегі фонема теориясының дамуы // Қазіргі заманғы түркология: теориясы, практикасы және алдағы міндеттері. – Түркістан, 2004. – Б.359.

³ Якобсон Р. О. Типологические исследования и их вклад в сравнительно-историческое языкознание // Введение в языковедение. Хрестоматия. – Москва: Аспект Пресс, 2000. – С. 334-336.

деген қорытындыға келеді. Ғалым фонематикалық екпінге, дыбыстардың созылыңқы, қысқа, көтеріңкі, бәсең айтылуының мағына ажыратқыш қасиеттеріне де ерекше мән береді. Фонология теориясының маңыздылығын көрсететін, оның ғылыми ұстанымдары мен әдіс-тәсілдерін жетілдіруге үлкен үлес қосқан ғалымдар қатарында А.Мартине, В.Маллиберг, Л.Ельмелев, Л.Блумфильд, Д.Джоунз т.б. тәрізді әр түрлі фонологиялық мектеп өкілдерін атауға болады.

Қазіргі таңда тіл дамуындағы фонемалардың дербестік қасиеті, функционалдық қырлары жан-жақты талдануда, фонеманың сөз мағынасын айқындау мүмкіндігі де мол тілдік деректермен, теориялық тұжырымдармен дәйектелді. Әлем тілдері бойынша фонологиялық жүйе супрафонологиялық қабат деңгейінде қарастырылып, дыбыстардың просодиялық қырлары, тональдық, акценттік ерекшеліктері атомарлық-морлық, интеграттық-буындық, фраземалық-конгломераттық негізде сипатталуда¹. Қазақ тілі фонологиялық жүйесіндегі үндестік заңы жайлы еуропалық дәстүр бойынша қалыптасқан анықтамадан әлдеқайда терең де ауқымды, жаңаша көзқарас қалыптастырған Ә.Жүнісбек дыбыс жүйесіндегі мағына ажыратуға қабілетті сегменттерге байланысты сегментология терминін ұсынады².

Вокализмдер жүйесі. Түркі вокализмдерінің дамуы жалпы түркі тілдері дамуының бес кезеңіне – алтай дәуіріне дейінгі кезең, алтай дәуірі, хун дәуірі, көне түркі дәуірі, қазіргі түркі тілдерінің қалыптасу дәуірлеріне сәйкес қарастырылады.

Көне түркі ескерткіштері тіліндегі бір буынды сөздердің барлық шенінде қолданылатын *a* фонемасы қазіргі қыпшақ тілдерінде негізінен өзгеріссіз сақталған. Артикуляциялық сапасының аздаған өзгерісі башқұрт, татар тілдерінен байқалады,

¹ Алпатов В. М., Варуль И. Ф., Старостин С. А. Грамматика японского языка. – Москва: Восточный литература, 2000. – С. 11-12.

² Джунисбеков А. Сингармонизм в казахском языке. – Алма-Ата: Наука, 1980; Жунисбек А. Проблемы сингармонической фонологии и фонетики // Тілдік жүйе және құрылым. – Алматы: Ғылым, 1997. – С. 10.

аталған тілдерде ашық, езулік *a* фонемасы сөздің бірінші буынында, еріндік дауыстыларға жақын дыбысталады¹. Анлаут жағдайда: Орх. жазбаларында *az* ~ қаз, ққалп., құм., тат., ноғ., құм., қ.балқ., қырғ. тілдерінде *az/až* `аз`; Орх., Е., Тал., жазбаларында *aj* ~ қаз., ққалп., тат., ноғ., башқ., құм., қ.балқ., қырғ. тілдерінде *ajt* `айт`; Орх., Е., Тал. *aq* ~ қаз., ққалп., тат., ноғ., башқ., құм., қ.балқ. *aq*; қырғ. *ak* `ақ`; Орх., Е., Тал. *al* ~ қаз., ққалп., ноғ., башқ., құм., қ.балқ., құм., қырғ. *al* `ал`; Орх., Е. **al(tin)* ~ қаз., ққалп., тат., башқ., құм., қ.балқ., қырғ. *al(tin)* `алтын` т.б.; Инлаут жағдайда: Орх. *baj* ~ қаз., ноғ., ққалп., тат., құм., қ.балқ., қырғ. *baj* `бай`; Орх., *bar* ~ қаз., ққалп., құм., ноғ., тат., қ.балқ., қырғ. *bar* `бар`, `бар`; Орх. *jaš* ~ қаз., ққалп., қырғ. *žas*, тат., башқ. *jäš*, құм. *jaš* `жас`; Орх. *qan* ~ қаз., ққалп., ноғ., тат., башқ. *qan*, қырғ. *kan* `қан; Ауслаут жағдайда: Орх. *sa* (ДТС, 478) ~ қаз., ққалп., ноғ., қар., тат., қырғ. *san(a)*; башқ. *han(a)* `сана` т.б.

Ескерткіштер тіліндегі *a* дыбысының қазіргі түркі тілдеріндегі өзгерістері бірнеше дыбыс сәйкестігі деңгейінде көрінеді. *a≈ä* сәйкестігі. *at(i) ≈ at(a) ≈ ät(ij)*, ескерткіштер тілінде: *at(i)* `немере, туыс` (Айд., I, 171) *Bu bitig bitigme atisi jollıytegın* «Бұл жазуды жаздырған туысы Иоллығ Тегін» КТк. 13 ~ тат. тілінде *ät(ij)*, басқа қыпшақ тілдерінің көпшілігінде (қаз., ққалп., қырғ., ноғ., құм.) *at(a)* түрінде тұлғаланып `әке, баба` мағынасында және жалпы егде жастағы ер адамдарға қатысты қолданылады (ЭСТЯ I, 200); *jan(a) ≈ žän(e)*: Орхон ескерткіштерінде *jan(a)* `және` *jaü bolip, itinü jaratunı umadıq, janı içikmis* КТү. 10. «Жау болып қолдарынан түк келмей және бағынды» (Айд. I, 211).

Жалпы адамзат тіліне тән тіл арты, ашық, жуан дауысты *a* фонемасының түркі тілдеріндегі ең көне дауыстылар қатарына жататыны, оның таза түркілік табиғаты зерттеушілер тарапынан ешқандай пікір қайшылығын туындатпағанмен оның жіңішке варианты – тіл алды, ашық, жіңішке *ä* дауыстысының түркі

¹ Щербак А. М. Сравнительная фонетика тюркских языков. – Ленинград: Наука, 1971. – С. 66.

тілдеріндегі сыр-сипаты жайлы көзқарастар бірізді емес¹. Зерттеушілердің басым тобы түркі тілдеріндегі *ä* дауыстысын шығыс тілдерінің әсері нәтижесінде қалыптасқан кейінгі құбылыс сана², енді бір топ мамандар қазіргі түркі тілдерінің біразында орта ғасыр түркілері тілінде кеңінен қолданылғанына сүйене отырып, таза түркілік фонема ретінде қарастырады³. Дауысты *ä* дыбысының тарихилығын қолдайтын зерттеушілер *e* фонемасын *ä*-нің варианты ретінде таниды. А.М.Щербак *ä*, *e* дыбыстарының табиғаты, өзара жақындығы жайлы айтылған пікірлер негізінде ұйғыр тілінде *ä*, *э* дауыстыларының қолданылуы буын құрылымына қатысты (ашық буында – *э*, тұйық буында – *ä*) болғанымен, кейбір басқа тілдерде *э* дыбысының эпизодтық қолданылуы көрші *j* дыбысының немесе келесі буындағы қысаң дауыстылардың ассимилятивті ықпалы болуы мүмкін екенін көрсете отырып, *ä*, *э* дыбыстарының өзара жіктеу себебі жөнінде «Все же структурные и комбинаторные моменты не являются основной причиной разграничения *ä* и *э*. Анализ соответствующих материалов побуждает отнестись с особым вниманием к выводам тех тюркологов, которые связывает проблему закрытого *э* с существованием так называемых первичных долгих гласных» деген ой айтады⁴. Ғалым тұжырымы *ä*, *e* дыбыстарын түркі тілдеріндегі тарихи созылыңқыларға қатысы бар фонемалар қатарында қарастыруды қолдайтынын көрсетеді. І.Кеңесбаев байырғы *a* дауыссызының қазіргі түркі тілдеріндегі жіңішке-

¹ Исхаков Ф. Г. Характеристика отдельных гласных в современных тюркских языках // Исследования по сравнительной грамматике тюркских языков. Фонетика. Часть 1. – Москва: Наука, 1955. – С. 90; Аралбаев Ж. Қазақ фонетикасы бойынша этюдтер. – Алматы: Ғылым, 1988. – Б. 32; Баскаков Н. А. Каракалпакский язык. Фонетика и морфология. Т. 2. ч. 1. – Москва: Изд-во АН СССР, 1952. – С. 34.

² Баскаков Н. А. Каракалпакский язык. Фонетика и морфология. Т. 2. ч. 1. – Москва: Изд-во АН СССР, 1952. – С. 34.

³ Мырзабеков С. Қазақ тілінің дыбыстық жүйесі. – Алматы: Сөздік-Словарь, 1999. – Б. 31.

⁴ Щербак А. М. Сравнительная фонетика тюркских языков. – Ленинград: Наука, 1971. – С. 30.

руі негізінен *š*, *ž* дауыссыздары мен *j* дыбысының аралығында жүретінін көрсетеді¹. Бұл құбылыс көне түркілік *a*-ның қазіргі қыпшақ тілдеріндегі жіңішкеруінен де аңғарылады: башқ. *bä-j(läm)* `байлам`, *bäjläneš* `байланыс`, *jäj* `жаз`, *jäš* `жас`, *jäš(en)* `жасын, найзағай`, *säs* `шаш`, т.б. (БРРБУС, 19, 30, 31) ~ қаз., ққалп., ноғ. *baj(lam)*, *baj(lanıs)*, *žaz*, *žaj*, *šaš*.

a ≈ *e* сәйкестігі. **an* ≈ **en*, *an(čula)* ~ *en(šile)* `еншілеу, атау` Айд. I, 206. *jaraq – lıyđı qayanqa ančuladı* «Жарақтыларды қағанға еншіледі» КТү. 32 қаз. *enšile*, *en*: `ен – таңба, малға ен салу`; *jan* ≈ *žeη* `жеңу` Айд. I, 211. *Anı janıp, turgi jaryun költe buzđımız* «Оны жеңіп, Түргі Иарғын көлінде талқандадық» КТү. 34~қаз., ққалп., қырғ., қ.балқ. *žeη*, башқ. *eη*, тат. *žijη*. Түркі тілдеріндегі ашық *a* дыбысы мен қысаң *e* дыбысы да комбинаторлық, позициялық өзгерістерден тыс, бір-бірімен еркін алмасады. Қазіргі қыпшақ тобындағы моносиллабтар құрамындағы *e* дыбысының жуан *a* дыбысымен қолданылуы негізінен чуваш тіліне тән: чув. *al(ak)* `қақпа, есік` ~ қаз., ққалп., құм., ноғ. *es(ik)* `есік`, чув. *sa(mar)* `семір`, *sag(ar)* `сегіз`, *par* `бер` ~ қаз., ққалп., ноғ. *sem(iž)*, *seg(iž)*, *ber*, тат., башқ., қ.балқ. *sem(ijž)*, *seg(ijs)*, *ber/bır*.

Қарақалпақ тілі кей жағдайда *a*, *ä* дауыстыларын *e* дауыстысына бейімдеп қолданады. Бұл құбылыстың себебі өзбек тілімен байланыстырады, қарақалпақ тілі өзбек тілінің элементін бойына едәуір сіңірген тілдердің бірі ретінде қарастырылады. Ескерткіштер тілі мен қазіргі түркі тілдеріндегі *a*, *ä*, *e* дыбыстарының алмасып қолданылуы аталған дыбыстардың түп-төркіні бір екеніне дәлел бола алады. Ал архетипін анықтау әлі де тереңірек зерттей түсуді қажет етеді, төркіндес дауысты дыбыстарды бір тұлғада реконструкциялау глоттогенез табиғатын түсіндіре алмауы да мүмкін.

a ≈ *i* сәйкестігі. *taš(i)* ≈ *tis* `сырты` (Айд. I, 218) *Tašra jorijur tijin kü esidep* «Шетте жүр деген хабар есітіп» КТү. 12 ~ қаз тілінде *tis*, *tis(ta)*, *tis(qari)*; ққалп., ноғ., қырғ. *tis*; тат., башқ. *tiš*. Ескерткіштер

¹ Кеңесбаев И. Современный казахский язык. – Алма-Ата: КазГос. пед.уч., 1962. – С. 28.

тілі мен қазіргі қыпшақ тілдеріндегі $a \approx i$ сәйкестігі екі-үш сөз құрамында ғана кездескенімен қазіргі түркі тілдерінің өз ішінде біршама жиі кездеседі: чув. *pil* 'бал', *iltan* 'алтын', *pīr* 'бар (жүр)' ~ қаз., ққалп., тат., башқ., құм., қар., қ.-б. *bal*, *altin*, *bar/vār*; тув. *tirt* 'тарт', *čip* 'жап', *xirīn* «қарын», *sip* 'сап', *sir(in)* 'сарын' ~ қаз., ққалп., ноғ. *tart*, *žap*, *qarīn*, *sap*, *sarīn*; як. *ij* 'ай', *il* 'ал', *kīnat* 'қанат' ~ қаз., ққалп., ноғ., құм тілдерінде *aj*, *al*, *qanat*. $a \approx i$ сәйкестігі түркі тілдері фонетикалық жүйесінің дамуына байланысты қалыптасқан көне тарихи құбылыстардың бірі. М.Рясянен $a \approx i$ сәйкестігін орал ~ алтай тіл бірлестігі аясында қарастырады¹.

$a \approx o$ сәйкестігі. *an(i) \approx on(i)* 'оны' (Айд. I, 206): *Ani körip*, *anča bilişi* «Оны көріп, солай білің» КТк. 13 ~ қаз., ққалп., ноғ. *onī*. Тат., башқ. тілдерінде көне түркілік *ol* жіктеу есімдігінің табыс септік формасы *anī* $a \approx u$ сәйкестігін түзіп қолданылады: *unī*. Қыпшақ тобындағы тілдерде *anī* жіктеу есімдігі тұлғалық өзгеріске ұшырағанымен осы сөзбен түбірлес сілтеу есімдігі кеңінен қолданылады: *ana* (ана адам), *anaw*.

Ескерткіштер тілі мен қазіргі қыпшақ тілдеріндегі $i \approx a$ сәйкестігін түзетін *it \approx at* 'жібер, лақтыр, ыт' (Айд. II, 102) сөздерінің табиғаты еліктеуіш мәнді сөздердегі *a*, *i* дыбыстарының идеяфондық қырлары (*žaltira \approx žiltira*, *satirla \approx sītipla* т.б.) $a \approx i$ сәйкестігінің көне құбылыстар қатарына жататынын дәлелдейді. Түркі тілдеріндегі *a* фонемасы басқа дауыстыларға қарағанда өзінің артикуляциялық-акустикалық тұрақтылығымен ерекшелетіндіктен² өзгеріске де аз ұшырайды. Аталған сәйкестіктер ішінде $a \approx o$, $a \approx e$ корреляттары ескерткіштер тілінің өз ішінде де кездеседі. Мысалы, *ol \approx anī* 'ол, оны', *jana \approx jeme* 'және' (Айд. I, 211, 212). *Sünjüsdimiz, tññri jarilqadi... jandıq jolta jāmā ölti üküz* «Мы сразились. Небо оказало (нам) милость, и мы рассеяли (их): они упали в реку» Тон., 16. *Oza jana käligmä süsin ayit(t)im* «Войско

¹ Рясянен М. Материалы по исторической фонетике тюркских языков. – Москва: Изд-во Иностранная литература, 1955. – С. 55.

² Оңусбаев А. Киргизская акцентология. – Фрунзе: Илим, 1974. – С. 29.

(врага), которое начало нас обходить и побеждать, я прогнал» БҚ. 31 (Мал. I, 99, 103). Сондықтан ескерткіштер тіліндегі *a* фонемасының қазіргі қыпшақ тілдерінде *o*, *e* тұлғасына ауысуы ерекше белгі ретінде қарауға келмейді, бұл сәйкестіктер Орхон, Енисей, Талас және қазіргі қыпшақ тілдерінің арасында да, бір тіл ішінде де қолданылатын құбылыс әрі қолданыс аясы тым шағын.

Түркі тілдерінің кейбірінде *a* фонемасы бастапқы созылыңқы дауысты дыбыстардың қатарында қолданылады: түрікмен *āt*, якут *āt* 'ат, есім'; түрікмен *āč* 'аш', якут *ās*; түрікмен *bār*, якут *bār* 'бар'; түрікмен *gāz* 'қаз', якут *xās*; түрікмен *yāz*, якут *sās* 'көктем'.

Көне түркі дәуірінде түркі тілдерінің бұлғар, оғыз, қыпшақ, қарлұқ, ұйғыр т.б. топтарының фонологиялық жүйесінің ерекше белгілері өзара ажырай бастаса, қазіргі түркі тілдері дәуірінде әрбір жеке тілдердің өзіне тән фонологиялық белгілері қалыптасып, дербестікке ие болғанын көрсеткен Н.А.Баскаковтың пікірі көпшілік зерттеушілерден қолдау тауып отыр. Дауысты *ä* дыбысын түркі тілдері фонологиялық жүйесінің дамуындағы кейінгі құбылыс ретінде таныған Н.А.Баскаков көне түркілік дауыстылар жүйесіне аталған дыбысты қоспайды, Иран субстратының ықпалына ұшыраған жалпытүркілік вокализмдер жүйесінің деформациалануы нәтижесінде қалыптасқан *ä* дауыстысының қолданыс аясы оғыз тобындағы әзірбайжан, гагауыз, қарлұқ тобындағы ұйғыр, өзбек, қыпшақ тобындағы татар, башқұрт тілдерімен ғана шектелетінін көрсеткен ғалым «В некоторых языках этот звук весьма ограничен из двух основ с различным рядом гласных, например в казахском, каракалпакском, ногайском и крымско-татарском, либо использованием как результата стяжения дифтонга или субститута долгого гласного, например в туркменском. В остальных языках *ä* (э) как самостоятельная фонема – отсутствует» деп пайымдайды¹. Көне мұраларды түпнұсқадан қайта оқумен айналысып жүрген

¹ Баскаков Н. А. Историко-типологическая фонология тюркских языков. – Москва: Наука, 1988. – С. 96.

кейінгі зерттеушілер де Орхон-Енисей жазбаларының мәтінінде *ä* дауыстысының қолданылмағанын құптайды¹. Жазба дәстүрде негізгі фонема айқын таңбаланғанмен оның инварианттық сыңарлары белгіленбейді. Ескерткіштер тілінде де *ä* дыбысы *a* фонемасының және *e* фонемасының аллофондары ретінде қатар қолданылуы мүмкін. Сондықтан көне мұралар тілінде *ä* дауыстысы қолданылмады деп үзілді-кесілді шешімі шығару асығыстық сияқты. Себебі қазіргі түркі тілдеріндегі кірме сөздер құрамында қолданылған *ä* фонемасы мен түркілік төл сөздерде қолданылатын *ä* дыбысының фонемалық сапасы бірдей емес.

Тіл алды ашық езу фонемасы *e* қазіргі қыпшақ тілдеріндегі моносиллабтар құрамында толық сақталған. Қазақ тілінде *e* фонемасының екі түрлі реңкте айтылатыны белгілі, сөз басында ашық дифтонг түрінде дыбысталады. Қыпшақ тілдері ішінде йотациялық (*je, jə*) құбылысы ноғай, қарақалпақ тілдерінде қазақ тіліне қарағанда күштірек болса, шығыс қыпшақ тобына енетін қырғыз тілінде *e* дауыстысының ашық дифтонгтық сапасы байқалмайды. Татар, башқұрт тілдеріндегі моносиллабтар құрамында *e* фонемасы көбіне *ij(u)* дифтонгі арқылы дыбысталады. Ж.Аралбаев моносиллабтық деңгейдегі *a, e* дыбыстары парадигматикалық тұрғыдан қарағанда дербес фонемаларды синтагматикалық тұрғыдан алғанда жеке морфонемаларды құрайтынын көрсетеді². Зерттеуші пікірі *a, e* дауыстыларына дербес фонемалар ретінде және бір фонеманың варианттары түрінде қарастырушы көзқарастардың екеуінің негізінде де шындық бар дегенге саяды. Фонемалық мән жүктемей қолданыла беруіне байланысты дыбыс өзгерістерінің бәрін бір фонеманың варианттары ретінде қарастыруға келмейтіні де белгілі. Тарихи тұрғыдан алғанда тектес дыбыстардың бір фонеманың аллофондары болып келетіні жан-жақты талданған мәселе, бірақ дыбыс жүйесінің дамуы барысында олардың

¹ Сартқожаұлы Қ. Орхон мұралары. – Астана: Күлтегін, 2003. – Б. 14.

² Аралбаев Ж. Қазақ фонетикасы бойынша этюдтер. – Алматы: Ғылым, 1988. – Б. 34

фонемалық бейтараптануымен қатар, варианттылық сипатын да сақтайтынын қазіргі тілдердегі бір сәйкестіктің сингармониялық параллельдер құрамында, сингармониялық варианттар құрамында кездесуі арқылы анықтауға болады. Мұндай құбылыс *e* дыбысының өзгерістеріне де тән.

Анлаут жағдайда: Орх. *eki* ~ қаз., ққалп., ноғ. *eki*; башқ., тат. *ijke*, қырғ. *əkij* 'екі'; Орх. *el* ~ қаз., ққалп., ноғ. *el*, қырғ. *əl* 'ел'; Орх., Е. *eñ* ~ қаз., ққалп., ноғ. *eñ*, тат., башқ., құм., қырғ. *əñ* 'ең (күшейтпелі мәнді сөз)'; Орх., Тал., Ен. *er* ~ қаз., ққалп., ноғ. *er* 'ер, еркек, батыр'; Орх. *es* (*id*) ~ қаз., ққалп., ноғ. *es* (*it*) 'есту' *es* 'ес, ақыл-ес'. Инлаут жағдайда: Орх., Е., Тал. *bed(iz)* ~ қаз., ққалп., қырғ. *bed(er)*, тат., башқ. *bijz(äk)*/*bijz(ew)* 'өрнек'; Орх., Е., Тал. *beg* ~ қаз., ққалп., ноғ., қырғ. *bek* 'бек'; Орх. *beš* ~ қаз., ққалп., ноғ. *bes*, қырғ. *beš* 'бес'. Ауслаут жағдайда: Орх., Е., Тал. *ne* ~ қаз., ққалп., ноғ., қар., құм., тат., башқ., қырғ. *ne* 'не?'; Орх. *te/ti* (ДТС, 545) ~ қаз., ққалп., ноғ., құм. *de*, тат. *dij*, башқ. *tij*. Ескерткіштер тілі мен қазіргі қыпшақ тобындағы тілдерде *e* фонемасының өзгерістеріне қатысты бірнеше дыбыс сәйкестігі кездеседі.

e ≈ *i* сәйкестігі. Орх. *jer/jir*, Е. *jer* ~ қаз., ққалп., қырғ. *žer*; тат. *žijr*; башқ. *jer* 'жер'. *Jirγaru jir Bajırqu jiriñe tegi süledim* «Терістікте Байырқу жеріне дейін соғыстым» КТк. 4 (Айд. I, 163). Ескерткіштер тілінде алмасып қолданыла беретін *e* ≈ *i* сәйкестігі қазіргі түркі тілдерінің арасында да кездеседі, кей жағдайда бір тіл ішінде екі вариант қатар қолданылады. Қыпшақ-бұлғар тобындағы тілдерде *e* ≈ *i* сәйкестігі кеңінен орын алған, *e* тұлғасы башқұрт тіліне тән болса, *i* тұлғасы татар тіліне тән: **bej(ä)* ≈ **bij(ä)* 'бие', **bej(ek)* ≈ *bij(ek)* 'биік', *ej* ≈ *ij*, *u(iü)*, **ej(ä)* ≈ **ij(a)* 'ие', **je(bär)* ≈ **ži(bär)* 'жібер', *jek* ≈ *žik* 'жек', *jel* ≈ *žil* 'жел', *jem* ≈ *žim* 'жем', *jel(ek)* ≈ *žil(ek)* 'жілік', *mej(e)* ≈ *mij* 'ми', **se(j)* ≈ *či* 'шикі', **tej(en)* ≈ *tij(en)* 'тиін'. Татар, башқұрт тілдері арасындағы *e* ≈ *i* сәйкестігін қыпшақ-бұлғар тобы аясында қарастыруға келмейтін, көне түркі, баба түркі тілдеріне тән құбылыс санайтын зерттеушілер аталған дыбыстардың гоморганды сипаты мен акустикалық жақындығы бірінші буын арқылы айқындалатынын, олардың ал-

лофонизациялану, фонематизациялану құбылыстары да моносиллабтар құрамында жүргенін көрсетеді¹. Моносиллабтар құрамындағы $e \approx i$ сәйкестігінің көне құбылыс екенін басқа түркі тілдері мен ескерткіштер тіліндегі қолданылу табиғаты да нақтылай түседі.

$e \approx \ddot{a}$ сәйкестігі. Орх., Е. *je(me) \approx \ddot{z}ä(ne): jañilip ülesikiñin jeme bunta urtim* «Жаңылып көшкенінді және сонда айттым» КТк. 10 (Айд. I, 170) ~ қаз., ққалп. *žäne*, тат., башқ., *jänä*, қар. *janï* `және`.

$e \approx \varepsilon$ сәйкестігі ε тұлғасы негізінен қырғ., құм., ноғ. тілдеріне тән. Орх. *eki* `екі` *el/il* `ел`, *eñ* `ең`, *er* `ер` ~ қырғ. *äkiü*, *äl*, *äñ*, *är*, құм. *äkiñ*, *är*, *äñ*. Қырғыз, құмық, ноғай т.б. түркі тілдеріндегі ε фонемасы көне түркілік e -нің сәл жуан айтылатын варианты, аталған тілдердің орфографиялық жүйесінде қалыптасқан норма бір дыбыстың реңктік белгілерін тереңдете түскен.

Жалпы адамзат тілінің қалыптасу тарихының ең алғашқы кезеңіндегі тіл болмысын қарапайым әрі шағын бірліктер арқылы сипаттау тіл тарихында VIII ғасырдан белгілі дәстүр. А.Н.Баскаковтың түркі тілдері дауыстылар жүйесінің алғашқы кезеңі (алтай дәуіріне дейінгі кезең) жайлы «... вокализм тюркских языков для более раннего периода их фонологического развития характеризовался наличием одной вокалической фонемы с функцией морфофонемаразличения»² деген ойлары a , \ddot{a} , e (ε) дыбыстарының өзара алмасып қолданылу табиғатына сәйкес келеді. Аталған фонемалардың түбірлес моносиллабтар құрамында сәйкестік түзуі тек фонетикалық негізде ғана емес, семантикалық сипатта да көрініс беруі олардың бір негізден тарап, даму барысында дербестікке ие болуымен қатар аллофондық сапада көне түркі дәуіріне дейін-ақ қолданыста болу мүмкіндігін де көрсетеді. Кірме элементтер арқылы қалыптасқан \ddot{a} фонемасы мен түркілік сөздерге тән \ddot{a} дауыстысының арику-

¹ Сравнительно-историческая грамматика тюркских языков. Фонетика. – Москва, 1984. – С. 139.

² Баскаков Н.А. Историко-типологическая фонология тюркских языков – Москва: Наука. 1988. – С. 77

ляциялық сапасы бірдей болғанымен түркі тілдері вокализмдер жүйесіндегі фоно-морфо-семантикалық қабілеті бірдей емес.

Вокализмдер жүйесіндегі *i* – қысаң, жуан дауыстысы көне түркі жазба ескерткіштеріндегі моносиллабтар құрамының барлық позициясында қолданылады. Дауысты *i* дыбысының дербес мағыналы лексема ретінде қолданылуы «Тоникук» ескерткіші тілінде кездесетіні белгілі. *i* `шөп, бұта` (Айд. II, 102): *Afiy iqa bajur ertimiz* «Атты бұтаға байладық» Тон. 27. Аңлаут жағдайда: Орх. *id/it* `ыт, жібер` Айд. I, 222 ~ қаз., *it(uw)*, *it(qituw)*; Е. *it* `ит` (ДТД, 85) ~ қаз., ққалп., ноғ., қырғ. *ijt*; Орх., Е. *ir(aq)* `жырақ, жырақтау` (ДТД, 84) ~ қаз. *žir(aq)*, ққалп. *žiraq/iraq*. Инлаут жағдайда: Орх. *jil* `жыл` ~ қаз., ққалп., башқ. *zil*, құм., тат. ноғ. *jil*; Орх., Е., Тал. *jim(čaq)* `жұмсақ` ~ тат., қ.тат. диалектілерінде *jim(šaq)*, қар. *jim(šax)*, ққалп. *dīm(saq)*; Орх., Е., Тал. *qiz* `қыз` ~ қаз., ққалп., ноғ., құм., башқ. *qiz*. Ауслаут жағдайда: Орх. *si* ~ қаз., ққалп., ноғ., құм., тат., қар. *si(n)*, башқ. *hiñ/hiñ* `сын, сыну`.

Көне түркі тіліне қарағанда қазіргі түркі тілдерінде *i* дыбысының қолданыс аясы едәуір кеңігенін байқауға болады: башқ. *bīw* `бу,буындыр`, *bīl* `бұл`, *bīr(aw)* `бұрау`, *jīw(a)* `жуа`, *jīw(an)* `жуан`, *jīw(at)* `жұбат`, *qīw* `қу,қуу`, *tīw* `ту, туу`. *i* ≈ *a* сәйкестігі. Орх. *īyač* `ағаш`: *İyač tutunu ayturtum* «Ағаш ұстап шықтық (көтерілдік)» Тон. 25 ~ қаз., ққалп. *ayaš*, құм. *agaš*, башқ. *ayas*, қырғ. *žigač*, ноғ. *agaš*. А.М.Щербак *i* фонемасын түркі вокализмдері жүйесіндегі ең көне дыбыстар ретінде қарастырып, қазіргі тілдерінің көпшілігінде *i* дыбыстарынан басталатын моносиллабтардың архетиптерін *i* тұлғасы арқылы реконструкциялайды¹. Түркі тілдеріндегі *i* ≈ *a* сәйкестігінен жалпы алтай тілдеріне тән қысаң дауыстылардың сыну құбылыстының ізі аңғарылатынын көрсетеді. Сирек болса да *i* ≈ *a* сәйкестігінің сөз мағынасын әсері байқалады: **qil* ≈ **qal* → *qilžaq* `сайқымазақ, орынсыз бұрма, тәлкек сөз` ≈ *qalžin* `әзіл` (ҚТТС VI, 582). Қазақ тіліндегі *qalžin*, *qilžaq* лексемалары мәндес болғанымен әрқайсысына тән семан-

¹ Щербак А. М. Сравнительная фонетика тюркских языков. – Ленинград: Наука, 1971. – С. 194.

тикалық реңк аңғарылады, *qılzaq* `дөрекі, орынсыз әзіл`, *qalziñ* `жеңіл, сыпайы әзіл`. $i \approx u$ сәйкестігі. $*j\dot{i}m \approx *žum$, Орх., Е. *jim(čaq)* `жұмсақ`: *Süčig sabin, jīmčaq aγin erür, jraq budunij anča jayitür er-mis* КТк. 5 «Тәтті сөзін, жұмсақ қазынасын беріп, алыс халықты өзіне жақындатқан еді» (Айд. I, 169) ~ қаз. *žum(saq)*, ноғ. *jum(sak)*, қырғ. *žum(šak)*. Қысаң i фонемасының қалыптасу жолдарының бірі еріндік u дыбысының делабиализация құбылысына ұшырауы¹ болғандықтан $i \approx u$ фоно-корреляттарының кездесуі лингвистикалық заңдылық. Башқұрт тілінен басқа қыпшақ тілдерінде инлаут жағдайдағы көне түркілік i дыбысы негізінен еріндік u дыбысына өзгеруі i фонемасын кейінгі құбылыс ретінде тануға толық мүмкіндік бермейді. $i \approx o$ сәйкестігі. Ескерткіштер тіліндегі *jim(čaq)* «жұмсақ» сөзі башқұрт тілінде o дауыстысы арқылы қалыптасқан: *jom(šaq)*, ал құмық тілінде көне түркілік тұлғасы сақталған: *jim(išaq)*. $i \approx i$ сәйкестігі. *til \approx til*, Орх. *til* «тіл»: *Tiliy kelurti sabi antay* Тон. 36 «Тілдіні келтірді. Сөзі мынадай» (Айд. II, 111) ~ қаз., ққалп *til*. Ескерткіштер тілі мен қыпшақ тілдері арасындағы $i \approx i$ сәйкестігі бір-екі сөз ауқымында ғана ұшырасатын сирек құбылыс. Г.П.Мельников i, i, u дыбыстарының өзара алмасу мүмкіндігін олардың артикуляциялық-акустикалық табиғатының жақындығымен, жақтың қысаң ашылып, тілдің жоғары көтерілуі, тілдің ауа ағымына ықпалы, еріннің бейтарап қалпынан жиырылуы тәрізді процестер арқылы түсіндіреді². $i \approx e$ сәйкестігі. *til \approx tel*: Ескерткіштер тіліндегі *til* `тіл` сөзі башқұрт тілінде *tel*. Көне түркілік i дыбысының қыпшақ тілдерінде e дыбысына ауысуы өте сирек. $i \approx e$ сәйкестігі қазіргі тілдердің ішінде де аз кездеседі, бұл i дауыстысының e фонемасына тікелей өзгеру мүмкіндігінің шектеулі екенін білдіреді.

А.М.Щербак тува, якут тілдеріндегі кейбір сөздердегі i дыбысының қалыптасуына баба түркілік a дауыстысының ықпалы

¹ Сравнительно-историческая грамматика тюркских языков. Фонетика. – Москва, 1984. – С. 151.

² Мельников Г. П. Причины нарушения в системе киргизских гласных // Советская тюркология. – 1970. – № 1. – С. 63.

болғанын (*tip* `тап, табу` < **tap*, *kil'in* `қалың` < **kalin*, *il* `ал, алу` < **al*, *tīmīr* `тамыр(түбір)`, `тамыр` < **tamir*, *tij* `тай` < **taj* т.б.) айта отырып, «а дыбысының і дыбысына ауысуы түркілік баба тіл диалектілерінің біріне тән ерекшелік»¹ деген қорытындыға келеді.

Көне жазба мұралар тіліндегі бір буынды сөздер құрамындағы *i* дауыстысы қыпшақ тобындағы тілдерде көп өзгеріске түспеген. Анлаут жағдайда: Орх. *il(gerü)* ~ қаз. *il(geri)*; Орх. *(il)ki* ~ қаз. *il(ki)*; Орх. *ini* `іні` ~ қаз., ққалп. *ini*, құм. *ijni*, қырғ. *ijni*; ноғ. *ijni* Орх., Е. *is* `іш (бір заттың іші)` ~ қаз., ққалп. *is*, тат.; Орх., Е., Тал. *ič* `іш`, *ič(re)* `ішке` ~ қаз. *iš*, құм. *ijč* `нүтро`, ноғ. *ijš*, қырғ. *ijč*. Инлаут жағдайда: Орх., Е., Тал. *biz* `біз` КТү. 20, 39 ~ қаз., ққалп. *biz*, құм. *bijz*, қырғ. *bijz*, ноғ. *bijz*; Орх., Е., Тал. *bil* `білу` ~ қаз., ққалп. *bil*, ноғ. *bijl(uv)*, құм. *bijl*; Орх., Е. *bin* `мін` КТк. 32 ~ қаз., ққалп. *min*, қырғ. *mijn*. Ауслаут жағдайда: Орх., Е., Тал. *ti* `де, айт` ~ қаз., құм., ноғ., ққалп. *de*; тат. *dij*, башқ. *tij*.

Ескерткіштер тіліндегі моносиллабтар құрамындағы *i* дауыстысы қыпшақ тілдерімен бірнеше сәйкестік түзіп қолданылады. *i ≈ ә* сәйкестігі. *is ≈ әс*, *ič ≈ әс*: Орх., Е. *is* `іс`, *ič* `іш` (Айд. I, 222, 223): *isig küčig bertik ök* «ісімді күшімді (күш-қуатымды) бердім» Тон. 52, *Öz iči-tašin tutmīs teg biz* «Өз іші-сыртымызды ұстап қана қаламыз» Тон. 13 ~ башқ. *әс* `іс`, *әс* `іш (бір заттың іші)`. *i ≈ e* сәйкестігі. Орх., Е., Тал. *it* (ет, істе), *ti* `де, айт`, *jir* `жер` (Айд. II, 172, 175): *Ilgerü Qadīrqaṇ jīšīy aša budunīy anča qonturdimiz, anča itdimiz* «Ілгері Қадырқан қойнауынан аса халықты осынша қондырдық, осынша еттік» КТү. 21; ~ қаз., ққалп., ноғ., қырғ. *et(iw)*, *de*, *žer*, тат. *ijt*, *dij*, *žijr*; башқ. *ijt*, *tij*, *er*. *i ≈ ij (u)* сәйкестігі. Орх. *il(ki)* «первый» (ДТД, 84): *Eṇ ilki Tadiqaṇ Čoriṇ boz atīy binin tegdi* «Ең ілкі Тадықан Чордың боз атын мініп тиді» КТү. 32 ~ тат., башқ. *ijl(äk)*, қар. *ilk/ijlk*. Көне түркілік *ilki* сөзі қазіргі оғыз тілдерінде *ilk/ijlk* тұлғаларында қатар қолданылады. *i ≈ i* сәйкестігі. **sil ≈ sil*, Орх. *sil(ik)* `сұлу, таза` (Айд. I, 172): *silik qiz oyliṇ küñ bolti* «сұлу қыздарың күң болды» КТү. 7

¹ Щербак А.М. Сравнительная фонетика тюркских языков. – Ленинград: Наука, 1971. – С. 145.

~ қаз. *sil(qim)*, қырғ. *sil(iq)*. Осы түбірден тараған қазақ тіліндегі *suluw* лексемасы (Орх. *sil(ik)* ~ қаз. *suluw*) *i~u* сәйкестігін түзеді. Қазақ тілінде *i ≈ i* сәйкестігінің табиғаты *a ≈ ä*, *a ≈ e* алмасуларына жақын құбылыс. Жуанды, жіңішкелі *i/i* қысандары қыпшақ-ноғай топшасындағы тілдердің моносиллабтық жүйесінде негізінен аңлаут, инлаут позицияларда ғана қолданылады. Қыпшақ-бұлғар топшасындағы татар тілінде жіңішке *i* жиі қолданылса, башқұрт тілінде жуан *i* кеңінен тараған.

Ерін дауыстыларының жуан, жіңішке болып жіктелуі Орхон-Енисей ескерткіштерінің тілінде айқын көрініс тапқан: *qoj* 'қой', *qon* 'қон', *ol* 'ол', *toq* 'тоқ', *köz* 'көз', *kün* 'күн', *öl* 'өл', *söz* 'сөз', *sub* 'су', *sür* 'сүр', *tün* 'түн', *töp(e)* 'төбе', *tuj* 'түй', түсін' т.б. КТү. 12, 50, 46, 2, 16, 10, 26, 11, 23; КТк. 8, 2; КТү. 11, 2. Ескерткіш тілінде жуан *u*, *o* дыбыстарының бірдей таңбалармен, жіңішке *ö*, *ü* дыбыстарының бірдей таңбалармен белгіленуі де көне түркі тіліндегі лабиал дауыстылардың жуан-жіңішке варианттарының фонемалық деңгейде айқын ажыратылғанын білдіреді. Дауыстылардың морфофонемалық сипат алуы агглютинативті құрылымға дейін-ақ байқалып, агглютинативті тілдік құрылым кезінде дербес фонемалық белгілері ажырай бастаған¹. VII-IX ғасыр түркілері тілі моносиллабтар құрамындағы еріндік дауыстылардың табиғаты да олардың сөз мағынасын ажыратуға қабілетті дербес фонемалар деңгейінде қолданылғанын көрсетеді. Руникалық жазбаларда дауысты *o* дыбысымен бірдей таңбаланатын дыбысты зерттеушілер латын тіліндегі *u* әрпімен транскрипциялап, кириллица бойынша *y* әрпімен таңбалайды және тіл арты қысаң дауыстыларға жатқызады. Көне түркі тіліндегі қолданыс ыңғайына әрі артикуляциялық сипаттамасына қарағанда қазіргі қыпшақ тілдеріндегі *u* (*y*) дыбысының табиғатына жақын.

А.М.Щербак дауыстылардың құрамындағы жуан-жіңішке болып саралану жүйесі жалпы түркілік тектілде де қолданы-

¹ Баскаков Н. А. Историко-типологическая фонология тюркских языков. – Москва: Наука, 1988. – С. 72, 78.

луы мүмкін екенін, бірақ көне түркі тілінде де, тектілде де дауыстылардың жуан-жіңішке болып жіктелуі тұтас воколизмдерде бірдей, тұрақты құбылыс болмағанын айта отырып, *o/ö, u/ü, a/ä* оппозициясының *i/i* оппозициясына қарағанда фонологиялық жігі айқындығын көрсетеді¹. Ғалым бұл пікірін екінші, үшінші буындағы аффикстер құрамындағы, әсіресе тәуелдік жалғауының 3 жағы мен ілік септігінің тәуелді формасындағы дауыстыларға қатысты айтады. Моносиллабтар құрамындағы дыбыстардың фонемалық тұрақтылығы екінші, үшінші буындағы дыбыстардың фонемалық сапасына қарағанда айқын екені белгілі, себебі «сөздің қалған буындарындағы дауыстыларда дәл бірінше буындағыдай дербестік болмайды»².

Анлаут жағдайда: Орх. *ud* `ұйықтау` (ДТД, 75) ~ қаз., ноғ., ққал. *uj(qi)*, башқ. *jo(qo)*, тат. *jo(ko)*, қ.тат. *ju(qi)*. Ескерткіштер тілінде V модельді *u* `ұйқы` (ДТД, 74) лексемасы да тіркелген; Орх. *ur* `ұр` (ДТД, 77) ~ `белгілі бір іс-әрекетті істей білу` (Айд. I, 170) ~ қаз., ққал., ноғ. *ur*, тат., башқ. *or* `ұр`; Орх. *uĉ* `ұш` (ДТД, 77) ~ қаз. *uĉ*, ноғ., ққалп., қырғ. *wiĉ*, тат. *oĉ*, башқ. *os*; Е. *ug* `үгіт, уат` (ДТД, 74) ~ қаз. *üg(it)*, ққалп., ноғ. *üg(ut)* `уату, үгіту`; Орх. *ug/og* `ұл` (ДТД, 74), *ugul/ogul* (ДТД, 7), *oġul* (Айд. I, 216) ~ қаз. *ul*, қырғ., башқ. *uwl*, ноғ. *uwill/uwl*. Инлаут жағдайда: Орх. *jut* `жұт (жұт болу)` (ДТД, 45) ~ қаз., ққалп., ноғ. *žut*, тат., башқ. *jot*, ноғ., құм. *jut*; Орх. *juu* `жылау` (ДТД, 45) ~ қаз., ққалп. *ži(la)*; қырғ., ноғ., құм. **ji(la)*, башқ. **ij(la)*, тат. *e(la)*; Орх., Е. *qul* `құл` (ДТД, 52) ~ қаз. *qul*, ноғ., ққалп., қар. *quwl*, тат., башқ. *qol*. Ауслаут жағдайда: көне түркілік *u* фонемасы дербес лексема құрамында кездеспейді, екінші, үшінші дәрежелі CVC модельді моносиллабтар құрамында сақталу мүмкіндігі өте жоғары.

Ескерткіштер тіліндегі *u* дыбысы қазіргі тілдерде бірнеше сәйкестік түзіп қолданылады. *u ≈ o* сәйкестігі. *uz ≈ os*, Е. *uz* «ұста,

¹ Щербак А. М. Сравнительная фонетика тюркских языков. – Ленинград: Наука, 1971. – С. 35.

² Омарбеков С., Жүнісов Н. Ауызекі тіліміздің дыбыс жүйесі. – Алматы: Мектеп, 1985. – Б. 53.

шебер» (ДТД, 75) ~ башқ. *os(ta)* `ұста`; *ut* \approx *ot*, Е. *ut* `ұту (қол жеткізу, алу)` (ДТД, 77) ~ башқ., тат. *ot*; *ul* \approx *ol*, Орх. *ul(a)* `жалғасу, соңынан еру` (Айд. I, 221): *ulaju ini jigünim* «соңымнан ерген іні-жиенім» КТк. 1 ~ тат. *ol(γas)*, башқ. *ol(as)*; Орх. *qul* `құл` (Айд. I, 214): *Ol ödke qul quliliy bolmis ermis* «ол кезде құл құлды болған еді» КТү. 21 ~ тат., башқ. *qol*; *tul* \approx *tol*, Орх., Е., Тал. *tul* `тұл (жесір, жетім)` (ДТС, 585) ~ тат., башқ. *tol*.

Ескерткіштер тілі мен қазіргі қыпшақ тілдеріндегі *u* \approx *o* сәйкестігінің бір сөздің тұлғалық варианттарында қолданылуы әрбір тілдің тарихи қалыптасу кезеңіндегі өзіндік ерекшеліктеріне байланысты болса, дербес мағыналы түбірлес сөздер құрамындағы кездесуі аталған дыбыс өзгерісінің фоно-морфо-семантикалық қабілетіне байланысты: *ö* `ойлау` (ДТС, 375) түбірінен тарайтын «Ой → ойлау» гомогенді моносиллабтар кешеніне кіретін лексемалар қазақ тілінің өз ішінде оннан асады¹, олардың қатарында *u* \approx *o* сәйкестігін түзетін тұлғалар да бар: *oj* → *ojla* \approx **oq* → *oqi* \approx *uq* → *uyit* т.б. ноғ. *oj* `ой`, *uq* `ұқ`; башқ. *uj* `ой`, *uqi* `оқу`; тат. *uj* `ой`, *uk* `ойлау`.

Түркілік вокализмдердің қалыптасу тарихы туралы зерттеулер *ü*:, *ü* дауыстысының бабатілде қолданыста болғанын көрсетеді². Қазіргі қыпшақ тілдеріндегі *ü* дауыстысының әр тілге тән етпеген акустикалық-артикуляциялық ерекшеліктері бар. Қыпшақ-бұлғар тобындағы татар, башқұрт тілдерінде жартылай қысаң *ü* фонемасы *ö* дыбысына жақын айтылса, қыпшақ-ноғай топшасындағы қарақалпақ тілінде баяу және созылыңқы, қазақ тілінде батыл айтылады.

Анлаут жағдайда: Орх., Е., Тал. *ül(e)* `бөлу`, *ül(üg)* `үлес` (Айд. I, 221) ~ ноғ. *öl(es)*, қаз., ққалп. *ül(es)*, тат. *öl(üş)*, башқ. *öl(öš)*; Орх., Е.

¹ Анесов Г.К. Семантическое развитие производных основ, образованных от гомогенных корней // Вопросы тюркского языкознания. – Алма-Ата: Наука, 1985. – С. 79.

² Баскаков Н. А. Историко-типологическая фонология тюркских языков. – Москва: Наука, 1988. – С. 73; Щербак А. М. Сравнительная фонетика тюркских языков. – Ленинград: Наука, 1971. – С. 198; Сравнительно-историческая грамматика тюркских языков. Фонетика. – Москва, 1984. – С. 103.

üz(e) `үсті, үстінде` (Айд. I, 221) ~ тат. *ös/öc(t)/üzre*, башқ. *östel/ös(tö)*; құм. *üs(tüw)*; ноғ., қаз., ққалп. *üs(ti)*; Орх. *üz* `үз` (ДТД, 78) ~ қаз., ққалп., ноғ., қар., құм. *üz*, башқ., тат. *öz*; Орх. *üg(uz)/ög(uz)* `өзен` (ДТД, 77) ~ қаз., қар., ноғ. *ö(zen)*, тат., башқ. *ü(zän)*; Орх., Е. *ün* `үн` (ДТД, 79) ~ башқ., тат. *ön*, ноғ., ққалп., қар., қаз. *ün*, құм. *ijn*; Инлаут жағдайда: *jüz* `жүз` (Айд. I, 213) ~ құм., ноғ. *jüwz*, қар. *jüz*, тат., башқ. *jöz*, қаз., ққалп. *žüz*; Орх., Е. *jüz* `жүз` (ДТД, 48) ~ тат., башқ. *jöz*, құм., ноғ. *jüwz*, ққалп., қаз. *žüz*, қар. *jüz*; Орх. *jüz* `жүз` (ДТД, 48) ~ башқ., тат. *jöz*, ноғ., құм. *jüz*, қаз., ққалп. *žüz*; Орх., Е., Тал. *jüg(ur)* `жүгір` (Айд. I, 213); ноғ. *jüv(ir)*, башқ. *jüg(er)*, тат. *jög(er)*, қаз., ққалп. *žüg(ir)*. Ауслаут жағдайда: Орх., Е. *kü* `сыбыс, күңкіл` (ДТД, 56) ~ қаз. *kü(bir)*; *kü(m)* `сыбыс` ~ қаз. *kü(vir)*.

Түркі тілдеріне тән ең көне фонемалардың бірі ескерткіштер тіліндегі *ü* дыбысы қыпшақ тілдерімен моносиллабтар құрамында екі-үш ғана сәйкестік түзеді. *ü* ≈ *ö* сәйкестігі: **ül* ≈ **öl* → *üles* ≈ *öläč, ölös*, ескерткіштер тілінде *ül(e)* `үлестіру`, *ül(es)* `үлес`: *qutim barürün, ülugim bar ücün* ... «бағым бар үшін, үлесім бар үшін...» КТү. 29 ~ ноғ. *öl(ejs)*, тат. *öl(äš)*, башқ. *öl(ös)*; *üz* ≈ *öz*, Орх., Е. *üz* `үз`: *jincge eriklig üzgeli ucuz* Тон. 14 «жіңішкені үзу оңай» ~ тат. *öz(ü)*, башқ. *öz(örgä)*; *ün* ≈ *ön*, Е. *ün* `үн` (ДТД, 78) ~ тат. *ön*, башқ. *ön*; *üč* ≈ *öč, ös* `үш`; Орх. *üč* ~ тат. *öč*, башқ. *ös*. *ü* ≈ *i* сәйкестігі. **kud* ≈ **kij, küd(egü)* `күйеу, күйеу бала` (СДЕ, 227): *küdegülerim, qiz kelinlerim böktedim* «күйеу балаларым, қыз-келіндерім, бөгіп тойынбадым» Е. 3 (Аманж. I, 49) ≈ тат. *kij(äü)*, ноғ. *kij(ev)*. *ü* ≈ *e* сәйкестігі. **küd* ≈ **kej*: Е. *küd(egü)* `күйеу бала` (СДЕ, 227) ≈ башқ. *kej(äü)*. *ü* ≈ *i*, *ü* ≈ *e* сәйкестіктері де бірлі-жарым сөзді ғана қамтиды, қыпшақ-бұлғар топшасына тән.

Орхон, Енисей, Талас ескерткіштері тілі мен қазіргі қыпшақ тілдері арасындағы *ü* ≈ *ö* сәйкестігінің *ö* тұлғасы негізінен татар, башқұрт, ішінара ноғай тілдеріне тән. Бұл құбылыс қыпшақ бұлғар топшасындағы тілдердің негізінде жатқан көне бұлғар тілінің белгісі де болуы мүмкін. Қыпшақ-ноғай топшасындағы қазақ, қарақалпақ тілдерінде көне түркілік *ü* тұлғалы сөздер толық сақталған. Түркі тілдеріндегі *ü, ö* дыбыстарының даму

жолы тығыз бірлікте қарастырылады, тектес дыбыстар болғандықтан туыстас тілдер арасында өзара алмасу мүмкіндіктері де жоғары.

Дауысты *o* дыбысының анлаут жағдайда қолданылуы: Орх., Е., Тал. *ol* `ол` КТк. 3, 8; КТү. 16, 21, 24 (Айд. I, 216) ~ қаз., ққалп., құм., ноғ. *ol*; қар., башқ., тат. *ul*; Орх., Е., Тал. *on* `он` КТү. 19, 47 (Айд. I, 216); КЧ, 3; Тон. 19, 26; Е. 28, 29, 30 (ДТД, 76) ~ тат., башқ., қар. *un*, қаз., ққалп. *on*. Инлаут жағдайда: *jol* `жол` КТү. 49; Тон. 16, 23; Е. 44; МЧ. III, 35 (ДТД, 45); *joluq* `жолығу` МЧ. III, 25 ~ тат., башқ. *jul*, ноғ., қар. *jol*, құм. *ël*, қаз., ққалп. *zol*; Орх. *qorq* `қорқу` Он. I, 7; Тон. 39, 41 (ДТД, 52) ~ ноғ., қаз., ққалп. *qorq*, тат., башқ. *kurk*, қар. *qorx*; Ауслаут жағдайда. Орх., Е., Тал. **bo* → *bog/boγ* `буу` Тон. 8, 26 (Айд. II, 101); **jo* → *joq* `жоқ` БҚ. 28; КТү. 10, 11; Он. I, 1, 3; МЧ. II, 14; Эл. III, Е. 48 (ДТД, 45) ~ тат., башқ. *juk*, құм. *ëq*, қаз., ноғ., ққалп. *žoq*; қаз., ққалп. *zoi* `жою`; Орх., Е. **to* → *toq* `тоқ` Тон., 8, КТк. 8 (Айд. I, 220) ~ ққалп., қаз., ноғ. *toq*, башқ., тат. *tuq*; қаз., ққалп., ноғ., құм. *toj*, тат., башқ. *tuj*. *o* ≈ *u* сәйкестігі. *oz* ≈ *uz* `озу, жеңу` (Айд. I, 181): *Oza kelmis süsin Kültegin ayitiṗ...* «Оза келген әскерді Күлтегін қуып» КТү. 47 ~ башқ., тат. *uz*; *on* ≈ *un* `он` (Айд. II, 216), *On oq budini emgek körti* «Он оқ халқы бейнет көрді» КТү. 19 ~ тат., башқ., қар. *un*; *jol* ≈ *jul* `жол` (ДТД, 45), *janduiq jolta jeme ölti küp* «Жолда тағы да көп өлді» Тон., 16 ~ тат., башқ. *jul*.

Ерін дауыстысы *ö* фонемасының табиғи рефлексінде қазақ, қарақалпақ, ноғай және қарашай-балқар тілдерінде анлаут жағдайда, құмық тілінде барлық позицияда дифтонгтық белгілер байқалады¹ Ж.Аралбаев қыпшақ тілдерінің ішінде *ö* фонемасының дифтонгтық артикуляциясының күштілігін және татар, башқұрт тілдерінде *ü* фонемасына таяу айтылатынын көрсетеді².

ö дауыстысының анлаут жағдайда қолданылуы. Орх., Е., Тал. *ög* `мысль` Тон., 20; (ДТД, 77); *ög(e)* `дана, билеуші» Е. 13, 26 (ДТД, 77) ~ *ög(le)* `ойлау` Тон. 20 ~ тат., башқ. *uj*, ққалп., құм., ноғ., қаз.

¹ Щербак А. М. Сравнительная фонетика тюркских языков. – Ленинград: Наука, 1971. – С. 154.

² Аралбаев Ж. Қазақ фонет-сы б-ша этюдтер. – Алматы: Ғылым, 1988. – Б. 35.

oj; Орх., Е., Тал. *ög* `шеше` КТҮ. 11, 25, 31, 49 (Айд. I, 217); Е. 28, 29, 45 (ДТД, 77) ~ тат. *üg(äj)*, құм., қаз., ққалп. *ög(ej)* `өгей (тумаған)`; Орх., Е., Тал. *öl* `өлу` КТҮ. 10, 19, 20, КТк. 6, 7, 8 (Айд. I, 217) ~ қаз., ноғ., ққалп., қар. *öl*, тат., башқ. *ül*; Орх., Е. *öñ* `алды` КТҮ. 4 (Айд. I, 217) ~ қаз. *öñ*; *öñ(ir)*, *öñ(gerüw)*, *öñ(meñdew)*. Инлаут жағдайда. Е., Орх., Тал. *köz* `көз` КТҮ. 50, 51 (ДТД, 55) ~ ноғ., қар., ққалп., қаз. *köz*, башқ., тат. *küz*; Е. *köb(rug)* `көпір` (ДТД, 55) ~ қаз., ққалп. *köp(ir)*, башқ., тат. *küp(er)*, құм. *kijor(üjr)*; Орх., Е., Тал. *kök* `көк` КТҮ. 1, 3; Е., 45, Эл. III (ДТД, 55) ~ тат., башқ. *kük*, қаз., ққалп., ноғ. *kök*; Е. *körk* `көріктілік` Е. 44 (ДТД, 56) ~ тат. *kür(ek)*, башқ. *kür(k)*, ноғ., ққалп. *kör(ijk)*, қар. *kör(k)*, қаз. *kör(ik)*; Орх., Е., Тал. *köl* `көл` КТҮ. 34, 42 (Айд. I, 215) ~ қаз., ққалп., ноғ., қар. *köl*, башқ., тат. *kül*; құм. *kijöl*. Ауслаут жағдайда. Орх. *kö(tür)* `көтеру, жоғарылату` КТҮ., 25, 11 (Айд. I, 215) ~ ққалп., қаз., ноғ. *kö(ter)*, башқ., тат. *kü(tär)*; Орх., Е. *sö(z)* `сөз` МЧ. IV, 44; КТҮ. 26 (ДТД, 66); қар., қаз., ққалп., ноғ. *sö(z)*, тат. *sü(z)*, башқ. *hö(z)*; қаз., ққалп., ноғ., құм. *sö(jle)*, башқ. *hö(jlä)*, тат. *sö(jlä)*.

Дауысты *ö* дыбысының қазіргі қыпшақ тілдеріндегі фонологиялық өзгерістері негізінен бұлғар-қыпшақ топшасындағы тілдерден орын алған. *ö~ü* сәйкестігі. *ög* ≈ *üg(äj)*, ескерткіштер тілінде *ög* `шеше` (ДТД, 77): *ögim qatunïy kötürmiş teñri* «шешем қатынды көтерген тәңірі» КТҮ. 29 ~ башқ. *üg(äj)* `өгей`. *ö~u* сәйкестігі. *öl/ög* ≈ *uj* `ой` (ДТД, 77), Орх., Е., Тал. *Ol üč qayan öglesin...* «Ол үш қаған кеңесіп...» Тон. 20 (Айд. II, 107) ~ тат. *uj* `ой`, башқ. *uj* `ой, ойлау`. *ö* ≈ *o* сәйкестігі. *ö* → *ög* ≈ *oj* `ой`: *Ačsïq tosïq ömez sen, bir todsar ačsïq ömez sen* КТк. 8 «Аштық, тоқтық дегенді ойламайсың. Бір тойсаң ашыған деп ойламайсың» (Аманж. I, 56-58) ~ қаз., ноғ., құм. *oj*. Қазақ тілінде *ö* тұлғасы да қолданыста: *ök* → *ökiniš*. *ö* ≈ *e/э* сәйкестігі: *öl* ≈ *эл* `өл` (ДТС, 78). Орх., Е., Тал. *öl: jayïda otuz erig ölürdim* Е. 49 «Жауда (шайқаста) отыз ерді өлтірдім» (Аманж. I, 51); *Ol sü anta öldi* «Ол әскер сонда өлді» КТҮ., 48 ~ қарайым диалектісінде *эл* `өл`.

Ескерткіштер тіліндегі дауысты дыбыстардың қазіргі қыпшақ тілдеріндегі сақталу деңгейі негізінен *ü, i, ö* фонемалары-

ның қолданысы арқылы ажыратылады. Қыпшақ-ноғай, қыпшақ-бұлғар, қыпшақ-половец топшасындағы тілдерде дауыстылардың сақталу деңгейі әртүрлі, қыпшақ-ноғай топшасындағы қазақ, қарақалпақ, ноғай тілдері көне түркілік дауыстыларды (*ü, i, ö* дыбыстары толық сақталған) біршама толық сақтаса; бұлғар-қыпшақ топшасындағы башқұрт, татар тілдерінде біршама өзгерістерге түскен (*ü ≈ ö, ö ≈ ü, i ≈ ij* сәйкестіктері негізінде); ал қыпшақ-половец топшасындағы құмық, қарайым, қарашай-балқар тілдерінде *ü, i, ö* дыбыстарының қолданысында жүйелілік жоқ, дыбыстардың сақталуы да, өзгеріске ұшырауы да кездеседі.

Түркі тілдері дауыстылар жүйесіндегі ерекше құбылыстардың бірі – кей тілдерде дауыстылардың созылыңқы айтылуы. Түркі тілдеріндегі созылыңқы дауыстылардың табиғатын анықтау түркітану ғылымындағы күрделі мәселелердің бірі. Батманов И.А. руникалық түркі ескерткіштері тілінде дауысты дыбыстардың кейде таңбаланып, кейде таңбаланбауы көне түркі тіліндегі созылыңқылар мен қысқа дауыстылардың қолданысын көрсетуі мүмкін деген пікір айтады¹ Ғалымның көрсетуінше қазіргі түркімен, якут тілдеріндегі созылыңқы дауыстылардың сипаты көне түркі тіліндегі созылыңқылармен бірдей; қырғыз, тува, хакас тілдеріндегі созылыңқылар дауыссыздардың түсіп қалуы арқылы жасалған екінші дәрежелі созылыңқы дыбыстар; ескерткіштер тілінде екінші дәрежелі созылыңқылардың ізі жоқ, олар кейіннен пайда болған². VII–IX ғасыр түркі жазба ескерткіштерінің тілі өлі тілдер қатарына жататындықтан олардың дыбыс жүйесінің артикуляциялық-акустикалық сипаттамасын дәл беру аса күрделі. Сол сияқты ескерткіштер тіліндегі созылыңқы немесе қысқа дыбыстардың қолданылу ерекшеліктерін де тап басып көрсету қиын мәселе.

¹ Древние тюркские диалекты и их отражение в современных языках. Под ред. И. А. Батманова. – Фрунзе: Илим, 1971. – С. 7.

² Древние тюркские диалекты и их отражение в современных языках. Под ред. И. А. Батманова. – Фрунзе: Илим, 1971. – С. 7.

И.А.Батмановтың гипотезалық пікіріне сүйенсек, Орхон ескерткіштері тілінде VC, CV, SVC модельді моносиллабтар құрамындағы дауыстылардың таңбаланбау жағдайының жиі кездесуі біршама қысқа немесе жартылай созылыңқы дауыстыларды қолданатын тілдің белгілері (Т – Тон. 33, ЫТ – КТк. 3 `жіберу`) болуы да мүмкін. Бірақ дауыстылардың таңбалану, таңбаланбау құбылысының лексиканы қамту мүмкіндігі белгілі бір жүйеге бағынбайды. Бір өңірде орналасқан Таникуқ, Күлтегін ескерткіштерінде *it* етістігінің дауысты дыбыс арқылы да, дауыссыз дыбыссыз да қолданылуы ескерткіштер тіліндегі диалектілік ерекшеліктердің сипатымен түсіндіру қиын. Бұл қайшылықты ғалымның өзі де аңғарған: «В большинстве говоров долгие гласные, видимо, отсутствовали, иначе получили бы отражение в орфографических приемах. Для пояснения этого можно привести распространенный пример: считается, что в слова «лошадь – ат» был краткий гласный, а в слове «имя – аат (aad)» – долгий. Но в написании этих слов это явление последовательно не отражено, т.к. встречаем `лошадь` – АТ, Т» и `имя` – АТ, Т»¹ (ДТД, 7). Егер ғалымның пікірі ғылыми тұрғыдан дәйектеліп жатса, ескерткіштер тілінің жартылай қысқа және қысқа дауыстылар тән қыпшақтық бояуы тереңдей түседі.

Түркі тілдері вокализмдері дамуындағы жаңа дауыстылардың қалыптасуы жайлы А.Н.Баскаковтың «вокализмдердің даму үдерісі, морфтар мен буындарды бөлу қызметін жүктеген дауыстылардың дифференциациялану үдерісі ең алдымен тембрге қатысты, одан кейін лабиализация мен палатализацияға қатысты жүзеге асады»² деген пікірі негізінде ашық, қысаң дауыстылардың ажырауын алғашқы құбылыс санайтынын байқаймыз. Жалпы түркі тілдері дауыстылар жүйесінің даму процесін ашық → қысаң немесе жуан → жіңішке

¹ Древние тюркские диалекты и их отражение в современных языках. Под ред. И. А.Батманова. – Фрунзе: Илим, 1971. – С.7.

² Баскаков Н.А. Историко-типологическая фонология тюркских языков. – Москва: Наука, 1988. – С. 737.

деп белгілі бір бағытта ғана айқындау гипотезалық пікірлерге негізделетіндіктен нақты ғылыми тұжырым ретінде қабылдауға болмайды. Алғашқы адамзат тілінде бір дыбыстық бірнеше рефлекстік варианттары тең дәрежеде қолданылуы да мүмкін. Бұл созылыңқы, жартылай созылыңқы, қысқа дыбыстардың табиғатына да қатысты.

А.М.Щербак полисиллабтардың бірінші буындағы дауысты дыбыстардың өзгеруінің негізгі себептері ретінде кейбір фонематикалық қатардың сапалық сипатын өзгертуін, мәселен этимологиялық қысқа дауыстының фарингализацияға ұшырауы, буын санының көбеюіне байланысты фарингаль дауыстылардың созылыңқылық сапасынан ажырауы; дауыссызға аяқталатын бір буынды сөзге дауыстыдан басталатын аффикстер жалғанған жағдайда бірінші буын құрамындағы дифтонг дауыстылардың дифтонгтық сипатынан ажырауы; қосымшалар жалғанғанда бірінші буындағы қысаң дауыстылардың редукциясының күрт артуы т.б. тәрізді құбылыстарды атайды¹. Зерттеуші ұсынған факторлар полисиллабтар құрамындағы өлі түбірлердің өзгерістерін анықтауға бағытталған. Ал дербес лексема түрінде қолданылатын моносиллабтардың құрамындағы дауыстылардың өзгеруінің нақты себебін анықтау өте күрделі. Сондықтан тектес бір буынды түбірлер мен түбір-негіздердің дауысты дыбыстар арқылы вариантталуы агглютинативті құрылымның қалыптасу кезеңіне қатысты қарастырушы көзқарастар қалыптасты². Қазіргі түркі тілдеріндегі моносиллабтар құрамындағы дауыстылар сәйкестігінің жүйесіздігін кей жағдайда әрбір тілдік топтың сөйлеу ерекшелігіне байланысты, кейін қалыптасқан құбылыс ретінде қарастыру дәстүрі де ғылымда белгілі.

Жалпы түркі тілдеріндегі вокализмдер жүйесі: «бірінші дәрежелі» созылыңқылар, дифтонгтар мен полифтонгтарға

¹ Щербак А. М. Сравнительная фонетика тюркских языков. – Ленинград: Наука, 1971. – С. 59-65.

² Сравнительно-историческая грамматика тюркских языков. Фонетика. – Москва. 1984. – С. 52.

және біршама қысқа дауыстыларға негізделген жүйе – оғыздық тип; «екінші дәрежелі» созылыңқылар мен біршама қысқа дауыстыларға негізделген жүйе – алтайлық тип; біршама созылыңқылар мен өте қысқа айтылатын дауыстыларға негізделген жүйе – қыпшақтық тип; «екінші дәрежелі» созылыңқыларға, фарингалданған және қысқа дауыстыларға негізделген жүйе – тува-тофалар (қарағас) тип деп төрт түрге сараланып қарастырылады. Бұл жіктеу бойынша, қыпшақтық жүйенің даму жолының түрлі кезеңдері қазақ, ноғай, қарақалпақ, қырым-татарлары тілінде, өзбек тілінің қыпшақ говорында, татар тілі мен диалектілерінде, башқұрт тілінде және біршама өзгерістерге түскен күйінде чуваш тілі дауыстылар жүйесінен де көрініс тапқан¹. Пайымдауда қыпшақ жүйесінің белгілері полисиллабтар құрамындағы бірінші буындағы дауыстылардың сапалық қасиетіне негізделген. Қыпшақ тобына кіретін қазақ тілінде дербес қолданылатын моносиллабтар құрамында дауысты дыбыстар өте қысқа болып айтылмайды, тек эмоционалдық-стильдік ыңғайда, императивтік мәнде жұмсалғанда ғана біршама қысқа айтылуы мүмкін. Бұл дербес моносиллабтар құрамындағы дауыстылар мен полисиллабтар құрамындағы дауыстылардың сапалық деңгейінің біркелкі еместігіне байланысты.

Дауыссыз дыбыстар жүйесі. Түркі тілдері фонетика-фонологиялық жүйесіндегі негізгі ерекшеліктер – анлаут және ауслаут дауыссыздардың негізінен сақталуы; кей тілдерде аффрикат дауыссыздардың қолданылуы; дифтонг дыбыстардың кездесуі; морфема жігінде немесе сөз соңында екі дауыссыздың қатар қолданылуы; сөз басында екі дауыссыздың қатар келмеуі; кейде сингармонизм заңдылығының умлаутпен күрделеніп отыруы; дыбыстар сөзжасам және сөзтүрленім барысында морфема жігінде сандхи заңдылығының көрініс беруі; ассимиляциялық, диссимиляциялық құбылыстарға сәйкес жү-

¹ Сравнительно-историческая грамматика тюркских языков. Фонетика. – Москва, 1984. – С. 16.

йелі комбинаторлық өзгерістердің, редукциялық, конвергенциялық үдерістердің болуы.

Түркі тілдері дамуының алғашқы кезеңіндегі консонантизмдер жүйесі жайлы негізгі үш түрлі ғылыми болжамды көрсетеді: 1. Баба түркі тілінде қатаң дауыссыздар да, ұяң дауыссыздар да анлаут позицияда қолданылды. Бұл бағытты қолдаушылар қазіргі түркі тілдеріндегі таза түркілік бір буынды сөздердің басындағы консонанттардың қатаң-ұяң оппозициясы негізінде **k* – **g* (*j*, *γ*, *x* рефлекстері бар), *d* – *t* фонемаларын ажыратады; 2. Түркілік баба тілде – 1) бір ғана ұяң *b* дыбысы, 2) *b*, *d*, *g* дыбыстары, 3) *g*, *k*, *t*, *b*, *s* дыбыстары қолданыста болған; 3. Түркілік баба тілде бірде-бір ұяң дауыссыз қолданылмаған¹. А.М.Щербак түркілік баба тілде дауыссыз дыбыстардың қатаң/ұяң, күшті/баяу айтылуына байланысты жіктелгенін қолдай отырып, сөз басындағы қатаң-ұяң дыбыстардың фонологиялық қызмет атқарғанына күмәнмен қарайды².

Дауыссыз *p* фонемасы. Түркі тілдері консонантизмдер жүйесі дамуындағы ең көне фонемалар қатарында аталатын қатаң *p* дыбысы Орхон-Енисей, Талас ескерткіштерінде негізінен моносиллабтар соңында ғана кездеседі. Сөз басында қолданылуы өте сирек, екі-үш сөзді ғана қамтиды. Анлаут *p* тек түркі тілдерінде ғана емес, монғол тілдерінде де сирек дыбыстар қатарына жатады. В.И.Рассадин қазіргі монғол тілдерінде *p* дауыссызының сөз басында қолданылуы негізінен еліктеуіш, бейнелеуіш мәнді сөздерді қамтитынын көрсетеді: бур. *pal-pal* ‘булькать’, х.-монғ. *palziju* ‘бултыхнулься’, *pur-pur xijx* ‘бурлить’, калм. *pard* ‘звукоподражание треску’, *padrx* ‘пылать’, *pijgx* ‘шипеть’³ Имитатив мәнді сөздердің *p* дыбысынан басталуы қыпшақ тілдерінде де кездесетіні белгілі, мысалы, қазақ тілінде:

¹ Сравнительно-историческая грамматика тюркских языков. Фонетика. – Москва, 1984. – С. 172.

² Щербак А.М. Сравнительная фонетика тюркских языков. – Ленинград: Наука, 1971. – С. 95.

³ Рассадина В.И. Очерки по исторической фонетике бурятского языка. – Москва: Наука, 1982. – С. 70.

pīs → *pīsqr*, *pīš* → *pīšilda*, *pīr* → *pīrilda* т.б. Бұл қатаң *p* фонемасының жалпы алтайлық ең көне дауыссыздар қатарына жататынын көрсетеді. Шұғыл қатаң фонема *p* дыбысының қазіргі түркі тілдерінде де анлаут позицияда біршама сирек қолданылуын зерттеушілер көне белгінің жойыла бастауымен, оның ұяңдану процесі өте интенсивті түрде жүргенімен түсіндіреді¹. Түркі тілдеріндегі *p*, *b* коррелятивтерінің қатаң нұсқасын чуваш тілі біршама сақтаған: *pat* `бат`, *pos/nus* `бар (бару)`, *por/pur* `бар`, *pav* `буу, буындыру` т.б. Қазақ тілінде де сөз басында *p* дыбысынан гөрі оның ұяң сыңары жиі қолданылады. Қыпшақ тілдері арасында қатаң *p*-ны сөз басында біршама жиі пайдаланатын қарақалпақ тілі болғанымен (*porsiq* `борсық`, *porsi* `борсы`, *pük-ke* `бүге`, *pöstek* `бөстек` т.б.), бұл тілде де ұяң *b* дыбысының қолданысы басым. Қазақ тілінде еліктеуіш мәнді *p* тұлғалы сөздердің *b* тұлғалы ұяң варианттарының қатар қолданылуы да аталған дыбыстардың түркі тілі дауыссыздар жүйесінің алғашқы кезеңдерінде-ақ қатар қолданыста болғанын айғақтай түседі. Анлаут жағдайда. *pičin* `мешін, маймыл` Тал. II, 1 (Аманж. I, 44): *Otuz oyulan saydıcları pičin elte, jegirmi* «Отыз ұланның адал достары! Мешін жылы, елде жиырмада (еді)» ~ қаз. *mešin*, *p-m* сәйкестігін түзеді. Ауслаут жағдайда. Орх. E. *ap(a)* `әке, туыс` E. 18, 20, 39 (ДТД, 62) ~ ққалп., тат. башқ., ноғ., құм., қаз. *ap(a)* `апа`; Орх. *alp* `алып, батыр` КТк. 6; КТү. 3, 40 (Айд. I, 206) ~ ноғ., ққалп., құм. *alp*, қаз. *alip*. Орх. *qor* `көп`: *Anča içreki budun qor maña körur* «соның ішіндегі халықтың көбі маған бағынды» КТк. 2 (Айд. I, 168) ~ қаз., ққалп., ноғ. *kör*, тат., башқ. *kür*.

Дауыссыз *b* фонемасы. Көне түркі тілінде анлаут *b* дыбысы жиі қолданылатын фонемалар қатарына жатады. Фонологиялық зерттеулерде *b* дыбысы қатаң *p* фонемасының ұяңдануы нәтижесінде баба түркі тілі дәуірінің соңғы кезеңінде қалыптасқан кейінгі құбылыс ретінде қарастырылып², $b \approx b/v$

¹ Сравнительно-историческая грамматика тюркских языков. Фонетика. – Москва, 1984. – С. 179.

² Сравнительно-историческая грамматика тюркских языков. Фонетика. – Москва, 1984. – С. 182.

$\approx w \approx t$ еріндік дауыссыздары аллофондар ретінде қатаң p архетипінен таратылады. Қазіргі түркі тілдеріндегі анлаут $p \approx b \approx t$ дыбыстарының фонологиялық мән жүктемей қолданылуы да түркі тілдері дамуының ең ежелгі кезеңіндегі бір ғана еріндік қатаң фонемадан тұрған дауыссыздар жүйесіндегі аллофондардың фонематикалық тұрғыдан жіктелмеген кезеңінің іздері ретінде түсіндіріледі¹. Монғол тілдерінде де еріндік $p \approx b \approx t$ коррелятивтерінің архитұлғасы ретінде қатаң p аталады².

Дыбыстық тілдің генезисі тұрғысынан қарағанда, алғашқы түркілердің акустикалық-артикуляциялық мүмкіндігі аясында қарастырғанда қатаң дауыссыздардың алғашқылығы жайлы гипотезалардың негізді болуы да мүмкін. Ал түркілік баба тілмен тікелей хронологиялық жалғастықта қалыптасқан көне түркі тілінде анлаут b -ның айқын сақталуы (бұл жөнінде ешқандай пікір қайшылығы жоқ) түркілік баба тіл дәуірінде ақ анлаут b -ның қолданыста болғанын аңғартады. Себебі өзара жалғасып жатқан хронологиялық кезеңдерді қамтитын бір тілдің даму үрдісінде сабақтастықтың сақталмауы мүмкін емес.

Бір өңірде орналасқан ескерткіштер тілінде анлаут m , b дыбыстарының фонологиялық мән жүктемей араласа қолданылуы, көне түркілердің сөйлеу тілінде де m -мен сөйлеу дәстүрі де b -мен сөйлеу дәстүрі де болғанын көрсетеді. $b \approx w$ сәйкестігі. *av \approx aw* 'охота' (ДТД, 32): *Ab ablasar erim eli tegirti* «Аң ауласа ерлердің елі белсеніп шығар еді» КЧ. 9 (Сартқ., 232, 234) ~ қаз., башқ., тат., ққалп. *aw*. Бұл құбылыс қыпшақ тілдерін толық қамтымаған, мәселен, қыпшақ-ноғай топшасындағы ноғ. тілінде v тұлғасымен сақталған. *av(lav)* 'ау (аулау)', *av(as)* 'аң (аңға шығу)'. Қыпшақ-половец топшасында да осы тұлға қолданылады: қар. *av*; құм. *av(či)* 'аңшы'. С.Бизақов $b \approx v$ сәйкестігі қазіргі түркі тілдеріндегі комбинаторлық өзгерістерге жататын әдеттегі құбы-

¹ Баскаков Н.А. Историко-типологическая фонология тюркских языков. – Москва: Наука, 1988. – С.98.

² Рассадин В.И. Очерки по исторической фонетике бурятского языка. – Москва: Наука, 1982. – С. 70

лыс болғанымен «түркі тілдері дамуындағы $y \sim n \sim б \sim в$ сәйкестігінің белгісі болуы мүмкін»¹ екенін айтса, Э.В.Севортян *ab/av/aw* моносиллабының `ау (аң, құс аулау)`, `жабайы құс`, `қуу`, `қоршау`, `қаумалау т.б. мағыналарын көрсете отырып, *ayil* `загон для скота` (ДТС, 18) $\approx awil \approx avil \approx ajil$ т.б. `ауыл` сөздерінің негізі *ay* моносиллабымен бірлікте қарайды (ЭСТЯ I, 64, 65, 83). $b \approx j$ сәйкестігі. *ob(ut) \approx uj(at)* `ұят`: *Arıy obuti jig tidi* «Таза ұят игі деді» Тон. 37 (Айд. II, 111) \sim қаз., ққалп., ноғ. *uj(at)*, тат., башқ. *oj(at)*; *eb \approx ij* `үй`. Ауслаут $b \approx j$ сәйкестігі түркі тілдері фонологиялық жүйесіндегі шешімі табылмаған күрделі құбылыстар қатарына жатады.

Дыбыстық дамудың жалпы заңдылығына жататын ұқсас дыбыстардың ерте кездегі аллофондардан бөлініп шығып, дербес фонемаларға айналу процесін (фонематизация) басынан өткізген *k* типтес консонантизмдердің өзара туыстық ұқсастықтары болғанымен артикуляциялық, акустикалық жағынан белгілі бір дәрежеде өзіндік айырмашылықтары да бар екені белгілі. Түркі тілдерінің көпшілігінде *q* дыбысы сөз соңында сақталған, көне түркі тілінде, қаз., тат., ноғ., башқ., қырғ., ұйғ., түркім., тув. тілдерінде – *aq*, өзб. тілінде – *oq* `ақ`. Әрбір тілдің өзіндік ерекшеліктеріне орай сөз соңындағы *q* дыбысы бірнеше өзгерістерге түседі: $q \approx x$: як. – *suox, atax, ox*; хак. – *ajah, čox*; әзірб. – *jox, ox*; қаз. – *ajaq, oq, žoq*); $q \approx g$: әзірб. – *balig*; қаз. – *balig*; $q \approx \gamma$: өзб. – *čijroy*, қаз. – *širaq*); $q \approx \emptyset$ (чув. – *ura, čere, pure*; қаз. – *ajaq, žürek, büjrek*). $q \approx x$ сәйкестігін монғол тілінің өзі ішінен де кездестіруге болады: көне монғол тілінде – *aqā*, қазіргі монғол тілінде *axa*; қаз. – *ayā*. Кейбір түркі тілдерінде *q* дауыссызы артикуляциялық жағынан сәл өзгешелеу, мысалы, Э.Р. Тенишевтің көрсетуі бойынша көне ұйғыр, сары ұйғыр тілдерінде қырылданқырап естіледі: *aqh²*, қаз. – *aq*.

¹ Бизақов С. Вариант сөздер сөздігі. – Алматы: Білім, 2000. – Б.11.

² Тенишев Э.Р. Система согласных в языке древнеуйгурских памятников уйгурского письма Турфана и Ганьсу // Вопросы диалектологии и тюркских языков. – Баку, 1963. Т. 3. – С. 125.

Түркі тілдерінде *k* дыбысының артикуляциялық табиғаты бірдей емес, қыпшақ тобындағы тілдерге қарағанда қарлұқ, оғыз тобындағы түркі тілдерінде *k* қатаңы біршама алдыңғы артикуляциямен айтылады. Сөз соңында ұяңдану құбылысы *k* дауыссызына да тән, мысалы: Ақсу ұйғырлары тілінде әдеби тілдегі *ellik* `елу` *ellux* түрінде айтылады¹. $k \approx x \approx j$ сәйкестігі негізінен әзірбайжан диалектісінің батыс тобынан байқалады, мысалы: *üzük* // *üzüj* `жүзік`, *malax* // *malaj* `періште`, *kurax* // *kuräj* `күрек`². Тіл арты *k* дыбысының *j*-ге ауысуы сондай-ақ өзбек тілі диалектілерінде кездеседі: *büläk* // *buläj* `білеу(қайрақ тас)`, *teräk* // *teräj* `терек`³. Дауыссыз *k* дыбысының тұрақсыз дыбыстар қатарына жататыны оның сөз соңында жиі түсіп қалуынан анық байқалады: чув. тілінде – *ine* ~ түрік, тув., тоф. тілдерінде *inek*, әзірб. тілінде *inak*; чув. тілінде – *atä* ~ тат. тілінде *itäk*, қаз., ққалп. тілдерінде – *etik*, ұйғ. тілінде – *ütük* `етік`. Қатаң *k* дауыссызы көптеген түркі тілдерінде сөз ортасында өз табиғатын сақтаған: қаз., ққалп., құм., гаг., түрік, алт. тілдерінде – *kükürt*; тат. тілінде – *kükart*; алт. тілінде – *kükür* `күкірт`; қаз., ноғ., құм., түрік тілдерінде – *teke*, гаг. тілінде – *tekä*, тат., әзірб. тілдерінде – *täkä* `теке`. Дауыссыз *k* дауыстылар арасында ұяңдануы қазақ тіліне де тән құбылыс, мысалы: қаз. тілінде *egiz* ~ әзірб. тілінде *akiz* `егіз`; қаз. тілінде – *egin* ~ түрік тілінде *ekin* `егін`. Қатаң *k* дыбысының дауыстылар ортасында ұяңдануы чуваш тілінің өз ішінде де кездеседі; *täkä* // *tägä* `қошқар`, *äkän* // *ägän* `егін`. Бұл құбылыс жалпы алтай тілдеріне тән заңдылықтар қатарынан орын алады.

Көне түркі тілінде тіл арты спиранты *γ* сирек кездеседі, негізінен үш позицияда: бірінші жабық буынның соңында, сөздің абсолют соңында, бірінші немесе екінші буынды дауыстылар ортасында қолданылған. Ғалым А.Қошқаров «Күлте-

¹ Қайдаров А.Т. Развитие современного уйгурского литературного языка. – Алма-Ата, 1969. – С. 93.

² Джангидзе В.Т. Даманисский говор казахского диалекта азербайджанского языка. – Баку, 1965. – С.25.

³ Гулямов Х. Джизакский говор узбекского языка. АДК филол.наук. – Ташкент, 1954. – С. 10.

гін», «Тоникуқ» ескерткіштерінде және Ж.Баласағұнның «Құтты білігінде» *γ* дыбысының көп кездеспейтінін айта отырып статистикалық көрсеткішін береді¹. Ұяң *γ* дыбысы бәсең артикуляциялы дыбыс болғандықтан түркі тілдері фонетикасында тұрақсыздар қатарына жатады. *γ* дауыссызы қазіргі түркі тілдерінің біразында сақталған, мысалы: көне түркі тілінде, әзірб. тілінде – *day*, ұйғ., хак. тілдерінде – *taγ* `тау`; көне түркі тілінде, әзірб., ұйғыр тілдерінде – *jaγ* `май`; көне түркі тілінде, әзірб., хак. тілдерінде – *saγ* `сау`, көне түркі тілінде, шағатай, түрік, ұйғ. тілдерінде – *tuγ* `ту`; әзірб., өзб. тілдерінде – *buγ* `бу`; көне түркі, хак., тув., тоф. тілдерінде – *aziγ* `азу(тіс)`; сөз ортасында: көне түркі тілінде, әзірб. тілдерінде – *aγur*, ұйғ. тілінде – *eγir*, өзб. тілінде – *oγir* `ауыр`; көне түркі тілінде, әзірб. тілінде – *aγuz*, ұйғ. тілінде – *aγiz*, өзб. тілінде – *oγiz* `ауыз`; көне түркі тілінде – *aγil* `мал қора`; өзб. тілінде – *oγil* `мал қора, сарай`; ұйғ. тілінде – *eγil*; көне түркі тілінде, әзірб. тілдерінде – *baγur* `бауыр`, ұйғ. тілінде – *baγir* `кеуде (төс)`; көне түркі тілінде – *joγan*, түркім. тілінде – *joγin* `жуан, қалың`; көне түркі тілінде – *buγdaj*, әзірб. тілінде – *buγda* `бидай`.

Дауыссыз *γ* дыбысы көптеген түркі тілдерінде *w*, *j* дыбыстарына ауысады, мысалы: *γ* ≈ *w* – қаз., тат., башқ., ққалп., ноғ., құм. тілдерінде *taw* `тау` ~ *taγ*, *saw* `сау` ~ *saγ*; қаз., тат., башқ. тілдерінде – *biw*, ққалп. тілінде *puw* `бу` ~ *buγ*; қаз., ққалп., құм., ноғ., түркім., өзб. тілдерінде – *suw* `су` ~ *suγ*; *γ* ≈ *j*: әзірб. тілінде – *sojiγ* `суық` ~ *soγuγ*; қаз., ноғ., құм. тілдерінде – *sijir*, тат. тілінде *sājār* `сиыр` ~ *sijir*. Кей тілдерде *γ* дыбысы *g* дыбысына өзгереді: түр. тілінде *bug* `бу` ~ *buγ*; шор тілінде *sug* `су` ~ *suγ*; қырғ. тілінде – *bugi* `бұғы` ~ *buγu*. *γ* дауыссызының тұрақсыз дыбыстар қатарына жататын, бәсең артикуляциялы дыбыс екенін оның сөз ортасында және сөз соңында элизияға жиі ұшырайтындығынан анық көруге болады. Мысалы: әзірб., түркім. тілдерінде – *daji*; қырғ. тілінде *taj*, *tajike* `нағашы` ~ көне

¹ Кошкаров А. Фрикативные согласные в казахском языке // АДД филол. наук. – Алматы, 1996. – С. 16, 17

түркі тілінде – *taɣaj*; тат. тілінде – *bodaj*; каб.-балқ., құм. тілдерінде – *budaj* ‘бидай’ ~ *biɣdaj*. Осы процестің нәтижесінде кейбір тілдерде *ɣ*-ның орнына созылыңқы дауыстылар айтылады: қырғ. тілінде *toi*, шағатай тілінде *daui*, алтай тілінде *tuu* ‘тау’ ~ *tau*; алт., қырғ. тілдерінде – *biui* ‘бу’ ~ *biu*, каб.-балқ. тілінде – *biui* - ‘бұғы’ ~ *biui*; якут тілінде – *uriui* ‘туыс’ ~ *uriu*; тув., хак., шор., тоф. тілдерінде – *aas*, алтай қырғ. тілдерінде – *ooz* ‘ауыз’ ~ *ayüz*.

Дауыссыз *g* дыбысы да бәсең артикуляциялы тұрақсыз дыбыстардың біріне жататындығын оның өзгеруге және түсіп қалуға бейім тұратындығынан көруімізге болады. Мысалы, көне түркі ескерткіштері тілінде *g* дыбысымен айтылатын біраз сөздер қазіргі қыпшақ тобындағы тілдерде *j* дыбысымен айтылады. *egin* ‘йық’ ~ қаз. тілінде – *ijin*; *jigne* ‘ине’ ~ қаз. тілінде – *ijne*; *tügme* ‘түйме’ ~ қаз. тілінде – *tüjme*; *ügür* ‘үйір’ ~ қаз. тілінде – *üjir*. Қыпшақ тобындағы тілдерде *g* дыбысы сөз ортасында кездескенмен сөз соңында қолданылмайды.

Дауыссыз *x* – тілдің түбі мен артқы таңдайдың жуысуынан жасалатын увуляр, спيرانт қатаң фонема. Дауыссыз *x* дыбысының артикуляциялық-акустикалық табиғаты жөнінде біркелкі пікір жоқ. Қазақ тілінде *x* дыбысы өзге тілдерден енген сөздер (орыс, араб, иран) арқылы тіліміздің дыбыстық жүйесіне орныққан деген пікір қалыптасқан. Әрине, бұл синхронды тұрғыдан қарағанда өте орынды, ал өзге түркі тілдерімен салыстыра, тарихи тұрғыдан қарасақ әлі де анықтай түсуді қажет ететін мәселе сияқты. Себебі, *q* дыбысының жартылай ұяңданып *x* дыбысына айналу үдерісі чув., як., хак., тув. тілдеріндегі байырғы түркі сөздерінен көптеп кездестіруге болады, мысалы: хак. тіліндегі – *xulax* ‘құлақ’ ~ қаз., құм., қырғ. тілдерінде – *qulaq*, тат. тілінде – *qolaq*; чув. тілінде – *suxal* ‘сақал’ ~ қаз., тат. тілдерінде – *saqal*; чув. тілінде – *suxa* ‘жаға’ ~ татар, ұйғыр тілдерінде – *jaqa*; И.А.Батмановтың пікірі бойынша, *x* дыбысының хакас, тува тілдерінің дыбыстық жүйесіне енуі орта ғасырда *k* және *kъ*, *kъ* дыбыстарының өзгеруі нәтижесінде пайда болған¹, ал Д.И. Чан-

¹ Батманов И.А. Современный киргизский язык. – Фрунзе, 1963. Ч. I. – С. 82.

ков *x* дауыссызын хакас тіліне тән ерекше дыбыстар қатарына қоса отырып, бұл дыбыстың өте жиі қолданылатынын айтып өтеді¹. Өзбек тілі диалектілерінде *x* дыбысы барлық позицияда кездесіп отырады: *oxiw* `оқу`, *toxiw* `тоқу`, әзірб. тілінде де дауыстылар арасында $q \approx x$ сәйкестігі кездеседі: *jaxin* `жақын` ~ тат. тілінде – *jaqin*, қаз. тілінде – *žaquin*; *jouxare* `жоғары` ~ ққалп. тілінде – *žoqari*; *jaxa* `жаға` ~ тат. тілінде – *jaqa*, сондай-ақ, бұл үдерісті монғол тілі материалдарынан да кездестіруге болады.

Түркологиялық еңбектерде бірде фарингаль, бірде ларингаль, кейде тіл арты – увуляр дыбыс деп айтылып жүрген *h* спиранты қазақ тілінде негізінен араб-иран тілдерінен енген біраз сөздерде және көптеген одағайлар құрамында кездеседі және фарингаль дыбыстар қатарына жатады. Түркі тілдерінің бәрінде *h* дауыссызының фонетикалық қасиеті біркелкі емес, мысалы, түркімен, татар, құмық, ноғай тілдеріне қарағанда әзірбайжан, өзбек, ұйғыр тілдерінде *h* ызыңы дербес фонема сапасында қолданылады. Яғни, сөздің мағынасын ажыратуға мүмкіндігі бар фонемалық дыбыс болып саналады. Ал түркі тілдерінің екінші бір тобында (чув., хак., тув., алт., гаг., қырғ. т.б.) *h* дауыссызы дербес фонема сапасында қолданылмайды.

Башқұрт, якут тілдерінде *h* дыбысы өзге түркі тілдеріне қарағанда басқа қырынан танылады. Башқұрт тілінде түбір морфема және қосымша морфемалардың басында келетін *s* дыбысының *h* дыбысына ауысуы байқалса (*haj* ~ қаз. тілінде – *saj* `сай`, *hal* ~ қаз. тілінде – *sal* `сал(плот)`, *hez* ~ қаз. тілінде – *siz* `сіз`, *horo* ~ қаз. тілінде – *sur* `сұр`, *höt* ~ қаз. тілінде – *süt* `сүт`, *agil+hiz* ~ қаз. тілінде – *aqil+siz* `ақылсыз, ақымақ`, *aq+har* ~ қаз. тілінде – *aq+sa* “ақса” т.б.) якут тілінде түбір сөз соңында, сөз ортасында кездеседі (*i:ha:* ~ қаз. тілінде – *ista* `ыста`, *ahilik* ~ қаз. тілінде – *as* `ас (тамақ)`, *kuhi* ~ қаз. тілінде – *kisi* `кісі` т.б.). Сөздің абсолют басында және абсолют соңындағы *h* дыбысының қолданысында өзіндік ерекшеліктер болғанымен, башқұрт тілінде негізінен сөз басында кездесетін $h \approx s$ сәйкестігінің якут тілінде сөз соңында да қолданылуы *h* дауыссызының күрделі табиғатын аңғартады.

¹ Чанков Д.И. Согласные хакасского языка. – Абакан, 1957. – С. 52.

Түркологиялық әдебиеттерде *h* дыбысының анлаут және инлаут жағдайдағы протезалық сипатына көп көңіл бөлінеді.

Рамстедт-Пельо заңдылығы бойынша *h* фонемасы **p, *b, *f, *v, *w* дауыссыздарымен ($p/v \sim b/v \sim f/\omega > h > 0$) негіздес қарастырылса, Г. Дерфер бабатүркілік **p* дауыссызымен ғана ($h < \text{бабатүркілік } *p$) төкріндес деп есептейді¹. Көпшілік мамандар *p* дыбысын *b, v, w, f, m* дыбыстарының архетипі ретінде қарастыратын ($p \approx b \approx v \approx \omega \approx b \approx m$)². Н.А. Баскаковтың пікірін қолдайтынын ескерсек, жоғарыдағы көзқарастардың үндес екенін байқауға болады. Д.М. Щербак көне түркі тілінде *h* фарингалы протеза ретінде өте сирек кездесетінін, ал көне түркі жазба ескерткіштерінде тіпті кездеспейтінін айта отырып, қазіргі түркі тілдерінде тек протезалық қызметте ғана емес, бабатүркілік **s, *š, *č* дыбыстарының екінші дәрежелі рефлексі түрінде де жиі ұшырасатынын ескертеді³.

Түркі тілдеріндегі анлаут дауыссыздар *v, j, h* сына дауыссыздар қатарына жатпайды, олар біршама тұрақты алғашқы дауыссыздардан тарихи жолмен өрбіген этимологиялық консонанттардың рудименті болуы мүмкін деген Т.Ковальскийдің және басқа да ғалымдардың *h* көмей дауыссызы мен *j* тіл ортасы сонантының протезалық, эпептезалық сипатын жанжақты дәлелдеген пікірлеріне сүйене отырып, Э.Тенишев бастаған ғалымдар тобы «что касается протезы *h*, то последняя выступает в тюркских языках как субститут утарченного анлаутного согласного в языках подверженных влиянию тех или иных субстратных или адстратных языков и не связана с закономерностями от анлаутного согласного»⁴.

¹ Дерфер Г. О состояний исследования халаджской группы языков // Вопросы языкознания. – Москва, 1972. – С. 95.

² Баскаков Н.А. Историко-типологическая фонология тюркских языков. – Москва: Наука, 1988. – С. 100.

³ Щербак А.М. Сравнительная фонетика тюркских языков. – Ленинград: Наука, 1970. – С. 81.

⁴ Сравнительная-историческая грамматика тюркских языков. Фонетика. – Москва: Наука, 1984. – С. 402.

Тіл алды *s* дыбысының фарингаль *h* дыбысына өзгеруі монғол тілдері бойынша бурят тілінде (*hala* 'сал(плот)', *haxal* 'сақал', *hana:n* 'сана (сана-сезім)'¹, қазақ тілінде – *sal*, *saqal*, *sana*) кездессе, тұңғыс-маньчжур тілдері бойынша эвенкі тілінің негізгі сипаты болып табылады². Якут тіліндегі монғол элементтері өзінің фонетикалық, семантикалық белгілеріне қарай негізінен бурят тіліне қатысты қарастырылады³. Е.И.Убрятова якут тіліндегі *h* дыбысының қалыптасуына якут халқымен бір аумақта тұратын эвенкілердің тілі ықпал етуі мүмкін деген гипотезаны ұсынады⁴. И.Д.Бураев архив материалдары негізінде XVIII ғасырдың басында-ақ бурят тілінде *h* дыбысының қолданыста болғандын және бұл сырттан енген құбылыс емес монғол тілдес халықтың қалыптасуына дейін өмір сүрген тілдердің субстраты екенін көрсетеді⁵. Зерттеу нәтижелері якут және бурят тілдеріндегі *s* ~ *h* сәйкестігінің анлаут және инлаут жағдайдағы түбір морфеманың соңғы дыбысына қатысты бағыт-бағдары, ауысу жиілігі бірдей емес екендігін көрсетеді: якут тілінде *s* дыбысының *h* дыбысына өзгеруі сөз ортасында (интервокальдық жағдайда) қалыптасқан заңдылық болып табылса, бурят тілінде *s* дауыссызы тұрақтылығын сақтайды; якут тілінде сөз басында *s* ≈ *h* сәйкестігі факультативті түрде қолданылса, бурят тілінде жалпы монғолдық сөздердің көпшілігінде қалыптасқан процесс түрінде көрініс береді⁶. Башқұрт тіліндегі жалпытүркілік сөздер-

¹ Рассадин В.И. Очерки по исторической фонетике бурятского языка. – Москва, 1982. – С. 78.

² Убрятова Е.И. Опыт сравнительного изучения фонетических особенностей языка населения некоторых районов Якутской АССР. – Москва, 1960. – С. 73-74.

³ Дьячковский Н.Д. Консонантизм якутского языка. АДК филолог. наук. – Якутск, 1982. – С. 40-41; Рассадин В.Н. Бурятизмы в якутском языке // О.Н. Бетлиник и его труд о языке якутов. – Якутск, 1973. – С. 74.

⁴ Убрятова Е.И. Опыт сравнительного изучения фонетических особенностей языка населения некоторых районов Якутской АССР – Москва, 1960. – С.4.

⁵ Бураев И.Д. Некоторые фонетич. особенности говора алароунгинских бурят // Исследования бурятских говоров. Вып. II. – Улан-Уде, 1968. – С. 132.

⁶ Дьячковский Н.Д. Консонантизм якутского языка. АДК филолог. наук. – Якутск, 1982. – С. 12.

дің негізгі бөлігінле сөз басындағы *s* дыбысы *h* дыбысына өзгереді, тек *sijraq* `сирақ` ~ қаз. тілінде – *sijraq, söljal* `сүйел` ~ қаз. тілінде – *söljel* тәрізді бірен-саран сөздерде және араб-парсы тілдерінен енген сөздерде (*sabij* `сәби, нәресте` ~ қаз. тілінде *säbij, säbär* `себеп, сылтау` ~ қаз. тілінде – *seber, sijxru* `сиқыр` ~ қаз. тілінде – *sijqir* т.б.) сақталған. Ал, сөз ортасында қолданылу деңгейі әртүрлі, кей сөздерде *s* дауыссызы сақталса (*arïslan* `арыстан` ~ қаз. тілінде – *arïstan; osta* `ұста, шебер` ~ қаз. тілінде – *usta; qisqa* `қысқа` ~ қаз. тілінде – *qisqa; äse* `ыстық` ~ қаз. тілінде – *issï, istiq* т.б.), енді бір сөздерде *h* дыбысы қолданылады (*qorhaq* `кұрсақ, қарын` ~ қаз. тілінде – *qürsaq; yharğa* `істеу, жасау` ~ қаз. тілінде – *žasaw* т.б.). Жалпытүркілік сөздердегі *s* дауыссызының орнына *h* дыбысының қолданылуы башқұрт тілінде тек түбір сөз деңгейінде ғана емес қосымша морфема деңгейінде, грамматикалық категорияларда да қайталанып отыруы (жіктік жалғауының екінші жағы: *-hïŋ, -heŋ, -hoŋ, -höŋ* ~ қаз. тілінде *-sïŋ, -siŋ*; тәуелдік жалғауының үшінші жағы: *-hï, -he, -ho, -hö* ~ қаз. тілінде – *-sï, -si*; сын есім тудыратын жұрнақ ~ *hiz, hez, hoz, höz* ~ қаз. тілінде *-siz, -siz* т.б.) аталмыш заңдылықтың көрші тілдердің ықпалымен қалыптасқан өзгеріс емес, көне дәуірлерден келе жатқан, башқұрт халқының этногенезіне байланысты құбылыс екендігін нақтылай түсетін сияқты. *s* \approx *h* сәйкестігінің түркі тілдеріне жататын башқұрт, якут тілдерінде, тұңғыс-маньчжур тілдеріне жататын эвенкі, монғол тілдеріне жататын бурят тілдерінде қатар кездесуі бұл құбылыстың алтай дәуіріне тән екендігін, яғни алтай тіл бірлестігінен қалған белгі екенін көрсетеді. *s* \approx *h* сәйкестігінің эволюциялық даму жолы жайлы тың пікір айтқан Б. Сағындықов бұл құбылысты *ts(ɕ)* \approx *th* тіркестерінің сәйкестігімен байланыстырады. Ғалым *dž* аффрикатының екіге жарылуының нәтижесінде *d* \approx *ž* (*düz* \approx *žüz*) варианттарының пайда болғандығы бүкіл түркологтарға белгілі екенін айта отырып, *ts, th* тіркестерінен *t* \approx *s* \approx *h* варианттары өрбитіндігін көрсетеді¹. *h, q* дыбыстары

¹ Сағындықов Б. Қазақ тілі лексикасы дамуының этимологиялық негіздері – Алматы: Санат, 1994 – Б. 25-26.

ның типтес фонемалар қатарына жататындығын, сол сияқты *d, ž, t, d* дыбыстарының да төркіндес екенін ескерсек, $t \approx s \approx h$ сәйкестігінің сілемдерін қазақ тілінің өз ішінен де байқауға болады, мәселен **tīr → tīrnaw* `тырнау`, *sīr → sīruw* `сырып кету`, *qīr → qīruw* `қыру, қырнау`, **žīr → žīruw* `жырып кету` тәрізді бір буынды сөздер синхрондық тұрғыдан алғанда әрқайсысы өзіндік мағыналық реңкке ие болғанымен архисеманың ортақтығын аңғару қиын емес.

Жалпы түркі тіл білімінде *q/k, γ/g, x, h* дыбыстарының туыстығы талас тудырмайды, олардың кей жағдайда бір тіл ішінде де, тілдер арасында да фонологиялық жағынан ажыратылмауы да генетикалық жақындықтың көрінісі. Әсіресе, сөздің абсолют соңында түркі тілдері арасында *q/k, γ/g, x, h* дыбыстарының ешқандай мағыналық мән жүктемей алмасып жатуын жиі кездестіреміз: түркімен тілі говорларында *gīrk – gīrq – gīrh* `қырық`¹, татар әдеби тілінде – *vaga* – түмен говорында – *paγa* `бақа (құрбақа)`², чуваш тілінде – *saxal* – қаз. тілінде – *saqal* `сақал`, қаз. тілінде – *žayγa* – ноғ. тілінде – *jaga* – құмық тілінде – *jaqa* – қырғыз тілінде – *žaga* – якут тілінде – *saha* – хак. тілінде – *čaga* чуваш тілінде – *suxa* `жаға`.

Тіл ортасы *j* дыбысы қазіргі түркі тілдерінің де бәрінде дерлік сақталған, мысалы: әзірб., түркім., құм., қаб.-балқ., ноғ., қаз., тат., ққалп., алт., ұйғ. тілдерінде – *ajaq*, түрік, гаг. тілдерінде – *ajag*, өзб. тілінде – *ojoq* `аяқ`; әзірб., түркім., ноғ., тат., қаз., ққалп., қырғ., алт. тілдерінде – *ajγīr*, ұйғ., өзб. тілдерінде – *ajhīr*, түрік тілінде – *ajqīr* `айғыр`. Ауслаут *j* дыбысының түркі тілдерінде қолданылуының да табиғаты инлаут позициямен бірдей мысалы: әзірб., түркім., түрік., қарайым, құм., ноғ., қаз., ққалп., қырғ., өзб., ұйғ. тілдерінде – *boj*, тат., башқ. тілдерінде – *biγ* `бой, дене`; әзірб., түркім. тілдерінде – *goj*, түрік тілінде –

¹ Атамедов Н. Манышский говор диалекта туркменского языка. Автореф. дисс. канд. филолог. наук. – Ашхабад, 1965. – С. 11.

² Тумашева Д.Г. Язык татар западной Сибири (Тюменский говор). Уч. Зап. Казанского университета. Кн. 2. – Казань, 1956. – С. 113.

де – *koj*, гаг., құм., тат., қаз., ққалп., қырғ., өзб., ұйғ. тілдерінде – *qoj* `қой (бір затты)`.

Жалпы түркі тілдеріндегі *j* дыбысының қалыптасу, даму жолы жайлы да бірізді пікір жоқ. Дифтонг *j* фонемасының генезисі негізінен сөз басындағы $j \approx d\check{z} \approx \check{z} \approx t \approx d \approx g \approx \check{c} \approx s \approx z \dots$ сәйкестігінің архетипін анықтауға байланысты қарастырылып жүр. Бұл құбылыс туралы ең алғашқы пікір бойынша, *j* дыбысы алғашқы $j \sim \check{z} \sim \check{c} \sim z \sim s \sim \acute{s}$ тізбегінің даму жолы $j > \check{z}, j > \check{c}, \check{c} > z, z > s, s > \acute{s}$ схемасына сәйкес (В.В. Радлов). Сондай-ақ *dž* -ның фрикатив элементінің әлсіреуінен *j* пайда болғаны жайлы да көзқарастар да бар (Г.Й.Рамстедт). *j* дыбысын архетип ретінде тануға қарсы А.М. Щербак «Система согласных фонем и их распределение в большинстве современных тюркских языков ... исключают возможность исконного употребления *j* в начале слова» дей отырып, жас тілдер қатарына жататын оғыз тобындағы тілдерде сөз басында *j* дыбысының қолданылуын алғашқы дыбыстардың бейнесі ретінде таниды¹. Түркі тілдеріндегі *j* дыбысының даму жолын қарастырған басқа ғалымдардың пікірлері де негізінен осы екі бағытта өрбиді. Е.Д.Поливанов, Е.И.Убрятова, Б.А.Серебрянников, Н.З.Гаджиева т.б. ғалымдар *j* дыбысын алғашқы дауыссыздар қатарында санаса, С.Е.Малов, Н.А.Баскаков, Ш.Х.Ақбаев, Ф.А.Абдуллаев т.б. ғалымдар *j* дауыссызын кейін қалыптасқан дыбыстар қатарына қосады.

Б. Сағындықов $j \approx d\check{z} \approx \check{z} \approx t \approx d \approx g \approx \check{c} \approx s \approx z$ сәйкестігі туралы айтылған пікірлерді жинақтап қорыта отырып, сәйкестіктің толық құрамын ұсынады. Түркі тілдері дамуының алғашқы кезеңдерінде барлық дауыссыздар африкаттардан бөлініп шыққан деген өз тұжырымының негізінде ғылым, сөз басында кейбір дауыссыз дыбыстардың түсіп қалатынын, көмей *h* дауыссызының дами келе *q, k, γ, g* дауыссыздарына айналып кеткенін ескеретін болсақ, түркі тілдерінде байырғы бір буынды сөздердің

¹ Щербак А.М. Сравнительная фонетика тюркских языков. – Ленинград: Наука, 1970. – С. 80.

құрамында мынадай ұзақ сәйкестік түзіледі: $ts \approx t\check{s} \approx th \approx tj \approx dz \approx d\check{z} \approx dj \approx t's' \approx d'z' \approx t \approx d \approx s \approx z \approx \check{s} \approx \check{z} \approx j \approx h \approx x \approx q \approx k \approx \gamma \approx g \approx s' \approx z' \approx t' \approx d'^1$ деген тұжырымға келеді және бұл құбылыстың сөз аяғына да қатыстылығын ескертеді. Аталмыш сәйкестіктің бір негізден шыққан, төркіндестігін нақтылы тілдік деректермен дәлелдеген ғалым, біртұтас толық сәйкестіктен өрбіген үзік сәйкестіктердің өзіндік даму тарихы бар екенін, олар аффрикат құрамындағы фонемалардың артикуляциялық-акустикалық табиғатына байланысты тектес, әртектес сәйкестіктерге бөлінетінін көрсетеді.

Сонант w дыбысы да дауыстылармен бірге дифтонг сапасын жасайды. Жалпы түркологияда w дыбысының да генезисі, эволюциясы жайлы бірізді пікір жоқ, көптеген зерттеушілердің айтуы бойынша тілдік өмірге кейінірек келгенге ұқсайды². Қазақ тілінде сөз соңында қолданылатын w дыбысы басқа түркі тілдерінде түрліше қалыптасып, бірнеше дыбыс сәйкестіктерін түзеді: $\gamma \approx w$: өзбек тілінде – *jaγ* `жау`, *biγ* `бу`, *oyriγ* `ауру`, *qoγiw* `қою` ~ қаз. тілінде – *žaw*, *biw awruw*, *qoγiw*; әзірб. тілінде – *baγ* `бай`, *saγ* `сай` ~ қаз. тілінде – *baw*, *saw*; $g \approx w$: әзірб. тілінде *gišlag* `қыстау`, *jamaγ* `жамау`, түркім., тув. тілдерінде – *bag* `бай`, түр. тілінде – *bug* `бу`, тув. тілінде – *čag* `жау` ~ қаз. тілінде – *qistaw*, *žamaγ*, *baw*, *biw*, *žaw* (жаңбыр, қар); $q \approx w$: өзб. тілінде – *arqoq* `арқау`, *jalqoq* `жалқау`; тув. тілінде – *čadaq* `жаяу` ~ қаз. тілінде – *arqaw*, *žalqaw*, *žajaw*; $k \approx w$: тув. тілінде – *tanak* `танау`, қырғ. тілінде – *arkok* `арқау` ~ қаз. тілінде – *tanaw*, *arqaw*; $v \approx w$: башқ. тілінде – *hov/hiv*, түркім. тілінде – *ölv*, чув. тілінде – *šiv* `су` ~ қаз. тілінде – *siw*. Көне түркі тілімен салыстыра қарағанда $\gamma, g \approx w$ сәйкестігімен қатар $w \approx b$ сәйкестігін жиі кездестіруге болады: *jabaš*, *jabiž* ДТС, 222 ~ *žiwas*, *žawir* т.б. Ал $w \approx p$ сәйкестігін сирек те болса қазақ тілінің өз ішінен де кездестіруге болады,

¹ Сағындықов Б. Қазақ тілі лексикасы дамуының этимологиялық негіздері. – Алматы: Санат, 1994. – Б. 28.

² Щербак А.М. Сравнительная фонетика тюркских языков. – Ленинград: Наука, 1970. – С.185.

tap – *tawīp*, *šap* – *šawīp* т.б. Орта ғасырларда *w* және *v* дыбыстары қыпшақтар мен оғыздар тілдерінің бір-бірінен ажыратылатын фонетикалық белгі қатарына жатқызылғаны М.Қашқари еңбегінен белгілі. «*w* дыбысының даму жолы екі ұзақ кезеңді қамтиды: бірінші кезең – қатаңдану кезеңі, яғни дауыстыдан сонорға, сонордан жартылай қатаңға, жартылай қатаңнан қатаңға ауысу кезеңі болса, екінші кезең – қатаңнан ұяңға ауысу кезеңі, яғни $p > b > v$ »¹. Демек, *w* дыбысы архетип болып табылады, тек тарихи дамуының екінші кезеңінде кері процеске ұшыраған. Ал, А.Н.Баскаков ерін дауыссыздарының эволюциялық даму жолын зерттеу барысында *w* сонантын *p* қатаңының аллофоны ретінде қарайды және *w* дауыссызының фонематизациялану процесін ерін дауыссыздары дамуының екінші кезеңіне жатқызады. Ерін дауыссыздарының қатаң, үнді болып бөлінуі кейін болған процестің нәтижесі екендігін айта отырып, олардың ауслауттағы дамуын схема бойынша көрсетеді:

I. 1. [*p* (- *v* - *w* - *f* - *m*)]

II. 1. [*p* (- *b* - *m* - *w* - *v* - *f*)] 2. [*m*]; 3. [*w*]

III. 1. [*p* (- *b* - *m* - *v* - *f* - *w*)] 2. [*m*]; 3. [*w/v*]; 4. [*v*]

IV-V. 1. [*p*]; 2. [*b*]; 3. [*v*]; 4. [*w*]; 5. [*f*]; 6. [*m*]².

h, *w(v)*, *j* дыбыстары тарихқа белгісіз ежелгі дәуірден бері протезалық, эпентезалық қызмет атқарып келеді. Ал, протезалық, эпентезалық дыбыстардың бір-бірін алмастыра алатындығы, яғни $w \approx p \approx b \approx v$ сәйкестігін $h \approx x \approx q \approx k \approx \gamma \approx g$ сәйкестігінің алмастыра алу мүмкіндігі лингвистикалық түркітануда «Рамстедт-Пельо заңдылығы» деп аталып [*p* (-*b*)] ~ [*v*(*w*-*f*)] ~ [*h*] > 0 формуласымен өрнектеледі.

Шұғыл қатаң фонема *t* түркі тілдері дыбыс жүйесі дамуының ең алғашқы кезеңі – алтайлық дәуірге дейінгі уақытта-ақ дербес фонемалық деңгейде қолданылған дыбыстар қатарын-

¹ Сағындықов Б. Қазақ тілі лексикасы дамуының этимологиялық негіздері. – Алматы: Санат, 1994. – Б. 38.

² Баскаков Н.А. Историко-типологическая фонология тюркских языков. – Москва: Наука, 1988. – С. 100.

да қарастырылады. Түркі тілдерінде тілінде *t* дыбысы тұрақтылық сапасы қазіргі қыпшақ тілдеріне де тән. *t* фонемасының көп ықпалға ұшырай бермейтін қасиетін белгілі ғалым М.Томанов «Қазақ тіліне тән деп қаралуға тиіс ерекшелік – *t* дыбысына аяқталған сөздерге дауыстыдан басталған қосымша жалғанса да, *t* ұяңданбайды, сол сапасын сақтайды» деп көрсетеді¹. Анлаут жағдайда: Орх., Е. *toq* `тоқ` Тон. 8, КТк. 8; *tod* `тою` КТк. 8 ~ қаз., ноғ., ққалп. *toq*, тат., башқ. *tuq*; Орх., Е. *taq(iyu)* `тауық` МЧ. I, 10, ІҮ. 43 (ДТД, 67) ~ қаз., ққалп., башқ. *taw(iq)*, қар. *tav(uq)*; Орх., Е. *tut* `ұстау, тұту` КТк. 10, 47, Тон. 41, 42, КЧ. 6 ~ башқ., тат. *tot*, қаз., ққалп. *tut*, ноғ. *tuwt*; Орх. *til* `тіл, хабар жеткізуші` Тон. 36, МЧ. II, 24 (ДТД, 69) ~ қаз. *til*; ноғ., ққалп., құм. *tijl*; тат., башқ. *tel*. Ауслаут жағдайда: Орх., Е. *ot* `от` КТҮ. 27; БҚ. 27 ~ ноғ., қаз., ққалп. *ot*, тат., башқ. *ut*; Е. *šet* `шет` Е. 34 ~ қаз., ққалп. *šet*; *t* ≈ *d* сәйкестігі. *at* ≈ *ad*: Орх., Е., Тал. *at* `ат` (ДТД, 67) ≈ қар. *ad*.

Түркі тілдері фонологиялық жүйесіндегі көне дыбыстардың бірі тіл алды қатаң аффрикат *č* VII-IX ғасыр ескерткіштері тілінде жиі қолданылғанымен, қазіргі түркі тілдеріндегі қолданылым деңгейі әртүрлі. Анлаут жағдайда қолданылуы. Орх., Е. *čöl* `шөл` КТк. 4 (Айд. I, 223) ~ қаз., ққалп. *šöl*; Тал., Орх., Е. *čiy* `шық (шығу)` Тал. VIII, 3 ~ қаз., ққалп., ноғ. *šiq*, башқ. *sīq*; қар. *čiq*; құм. *čig*. Ауслаут жағдайда: Орх., Е. *üč* `үш` Тон. 12 (Айд. II, 103) ~ ноғ., қаз., ққалп. *üš*, башқ. *ös*, тат. *öč*; Орх., Е. *üč(ün)* `үшін` Е. 17, 28, 41, 43, 49 ~ қаз. *üš(in)*, қар. *üč(ün)*, тат. *öč(en)*, башқ. *ös(en)*, ққалп., ноғ. *üš(ijn)*; Е. *öč(uk)* `ошақ` Е. 36 ~ қаз., ққалп., ноғ. *oš(aq)*, құм. *oč(aq)*; *č* ≈ *š* сәйкестігі. *čöl* ≈ *šöl*: *čöl* `шөл` (ДТД, 81) ≈ қаз., ққалп. *söl*. Ауслаут жағдайда *č* ≈ *š* ≈ *s* сәйкестігі. *ač* ≈ *aš* ≈ *as*: *ač* `аш (ашу)` (ДТД, 80), қар., құм., тат. *ač* ≈ қаз., ққалп., ноғ. *aš* ≈ башқ. *as*; *üč* ≈ *üš* ≈ *ös*: *üč* `үш` (ДТД, 80), тат. *öč* ≈ қаз., ноғ., ққалп. *üš* ≈ башқ. *ös*. Түркі тілдеріндегі *č*, *š*, *s* дыбыстары тарихи-генетикалық тұрғыдан да, теориялық тұрғыдан да сәйкестік түзу мүмкіндігі бар тектес дыбыстар.

¹ Томанов М. Қазақ тілінің тарихи грамматикасы. – Алматы: Мектеп, 1988. – Б.73.

Тіл алды спиранты *š* фонемасы руникалық ескерткіштер тілінде *č*, *s* дыбыстарымен фонологиялық мән жүктемей ауыса береді, бұл көне жәдігерлер иесінің этностық құрамында әртүрлі диалектіде сөйлейтін түркі тайпалары шоғырланғанын көрсетеді. Анлаут жағдайда. Орх. *šaq(īn)* 'ойлау, қайғыру' МЧ. II, 16 ~ қаз., ққалп., ноғ. *saγ(īn)*, тат. *sa(čī)/šaq(iš)*, башқ. *haγ(īn)*; Ауслаут жағдайда: *baš(la)* 'бастау, басқару' КТү. 16, 48 (Айд. I, 208); (*boš*)*γur* 'басқару' КТк. 7 (Айд. I, 208) ~ тат., башқ., қар., құм. *baš*, ноғ., қаз., ққалп. *bas*; Орх., Е., Тал. *beš/bis* 'бес' КТү. 31, 44 (Айд. I, 208) ~ тат., башқ. *bijš*, ққалп., ноғ., қаз. *bes*; *š* ≈ *s* сәйкестігі. *šik* ≈ *siq*: *šik/sik* 'сығу' 1 (ДТД, 82) ≈ қаз., ққалп., ноғ. *siq*; *šuw* ≈ *suw*: *šuw/sub* 'су' (ДТД, 82) ≈ қаз., ққалп., тат. *suw*, ноғ., қар. *suv*, башқ. тілімен *š* ≈ *s* ≈ *h* сәйкестігі түзіледі. *hīw* 'су'. *qīš* ≈ *qīs*: *qīš* 'қыс' (ДТД, 148), башқ. *qīš* ≈ қаз., ққалп., қар. *qīs*; *taš* ≈ *tas*: *taš/tas* 'тас' (ДТД, 150), башқ., қар., тат. *taš* ≈ қаз., ққалп., ноғ. *tas*.

Дауыссыз *s* фрикативі түркі тілдері бойынша тұрақтылығымен ерекшеленеді, жүйелі өзгерістері бұлғар-қыпшақ тобындағы башқұрт тілінен көрініс береді. Анлаут жағдайда. Орх. *sök* 'сөгу (жолды қардан аршу)' КТү. 35; БҚ. 27 (ДТД, 66) ~ қаз., ноғ., ққалп. *sök*, башқ. *hüg*, тат. *süg*; Орх., Е. *seṇ(ük)/sōṇ(ük)/sün(ük)* 'сүйек' КТү. 24, *sün(ük)* КТү. 23, 35, Тон. 28, БҚ. 26 (ДТД, 66) ~ тат. *söj(äk)*, башқ. *höj(äk)*, ноғ. *suv(ek)*, қар. *sub(aq)*, қаз. *süj(ek)*; Ауслаут жағдайда. Орх., Е., Тал. *bas* 'бас, басшы' Тон. 31, 46 (ДТД, 34) *baš* КТү. 41 (Айд. I, 208) ~ қаз., ноғ., ққалп. *bas*, қар., тат., құм., башқ. *baš*; *s* ≈ *h* сәйкестігі. *sa* ≈ **ha*: *sa* 'санау' (ДТД, 64) ≈ башқ. *ha(n)*; *sī* ≈ **hī*: *sī* 'сын ()' (ДТД, 64) ≈ башқ. *hī(n)*; *sen* ~ *hijṇ*: *sen* 'сен' (ДТД, 65) т.б. Башқұрт тілінде жалпытүркілік сөздердің негізгі бөлігінде *s* дыбысы *h* дыбысына өзгергенімен, *sijraq* 'сирақ', *söjäl* 'сүйел' тәрізді бірен-саран лексемаларда және араб-парсы тілдерінен енген сөздерде *s* сақталды: *sabij* 'сәби', *säbär* 'себеп' т.б. Дауыссыз *s* дыбысы ауслаут жағдайда оғыз, қарлұқ тілдерінде спирант *š* дыбысымен ауысады.

Түркі тілдері фонетика-фонологиялық жүйесінен көрініс беретін фонеморфологиялық заңдылықтар мен фонологиялық

құбылыстар тілдің морфологиялық құрылымы мен лексикалық жүйесінің дамуын қамтамасыз етеді.

§3. Түркі тілдері морфологиялық құрылымының жалпы сипаты

Түркі тілдерінің синхронды морфологиялық жүйесінің басты ерекшелігі: сөз құрылымындағы морфемааралық жіктің айқындығы; негіз сөздің тұрпаттық-мазмұндық жағынан біршама тұрақтылығы; зат есім мен сын есімдердің негізгі тұлғасын ажырататын арнайы морфологиялық көрсеткіштің болмауы; тек категориясының ажыратылмауы. Түркі тілдеріндегі сөздің морфологиялық құрылымы түбір морфемадан және қосымша морфемалардан тұрады. Түркі тіл білімінде түбір морфемалар мен қосымша морфемаларды «толық мағыналы» және «көмекші (служебные) морфемалар деп атау дәстүрі де қалыптасқан: «В тюркских языках слово в структурном отношении состоит из морфем двух видов: полнозначных и служебных. К первым принадлежат корни (основы), вычленяющиеся при сравнении слов производного и парадигматического рядов, неразложимые в синхронном плане и являющиеся базой для образования слов и их форм. Ко вторым относятся формальные единицы»¹. Бұл жіктеу бойынша морфемалардың дердестік/дербессіздік қасиеттері негізге алына отырып, дербес қолданылмайтын көмекші морфемаларға қосымшалармен бірге барлық көмекші сөздер, шылаулар мен одағайлар да шартты түрде енгізіледі.

Жалғамалы тілдік жүйенің заңдылықтары бойынша жұрнақтар мен жалғаулардан тұратын қосымшалар түбір сөзге бірінен кейін бірі қосарланып жалғана береді. Сондықтан сөздер де морфологиялық құрылымына қарай негізгі үш типке бөлінеді: түбір сөздер; түбір мен бір немесе бірнеше жұрнақтардан құ-

¹ Сравнительная-историческая грамматика тюркских языков. Морфология. – Москва: Наука, 1988. – С. 5.

ралған сөздер; түбір мен бір немесе бірнеше жұрнақтан және бір немесе бірнеше жалғаудан құралған сөздер. Соңғы тип іштей екіге бөлінеді: түбір және бір немесе бірнеше жұрнақтардан құралған сөздер; түбір мен бір немесе бірнеше жұрнақтан және бір немесе бірнеше жалғаудан құралған сөздер. Сондай-ақ, түркі тілдерінде негізгі үш типтің құрама элементтерінің кейбірінің орын ауыстыруы арқылы және қосымшалардың аралас түрлерінің қатысуымен жасалатын аралас типті сөздер де қолданылады.

Түбір морфемалар. Түркі тілдеріндегі тарихи түбір сөздер немесе түбір морфемалар бір буынды формалардан тұрады. V, VC, VCC, CV, CVC, CVCC модельдерін құрайтын түбір сөздер де эволюциялық даму жолынан өтуіне, түрлі интралингвистикалық және экстралингвистикалық факторлардың ықпалына ұшырап тұлғасын, мағынасын өзгертуіне байланысты тарихи түбірлердің даму бағытын айқындауда қиындықтар туындайды. Сондықтан түркі түбірлерінің бірбуындылық (моносилабтық) теориясы орныққанмен түбір морфемалардың құрылымдық типтерінің алғашқылығы жайлы көзқарастар жүйесі бірізді емес.

Түркі тілдеріндегі түбірлер құрылымындағы CVC тұлғасының алғашқылығы, CV моделі де CVC тұлғасынан тарағаны жайлы XIX ғасырдың соңында айтылған пайымдаудан (Г.Вамбери, 1878) кейін XX ғасыр түркі тіл білімінде «бірінші түркі түбірінің құрамы қанша дыбыстан тұрды?» деген мәселе төңірегінде қызу пікірталас жүрді: бірінші бағыт – түркі түбірінің даму бағыты біржақтылыққа көнбейді, тілдік деректерден кері процестерді де байқауға болады, тұйық буыннан тұратын CVC моделі бірінші тұлға, себебі түркі тілдері лексикалық қорында CVC тұлғасының сандық көрсеткіші басым, түрлі кері құбылыстарға байланысты CV моделі де осы тұлғадан тараған (Н.А.Баскаков т.б.); екінші бағыт – түркі тілдерінің агглютинациялық табиғатына сәйкес CV моделін бастапқы түбір ретінде таниды (В.В.Радлов, В. Котвич,

Г.И.Рамстедт, Э.В.Севортян, А.М.Щербак, А.Зайончковский, Б.М.Юнусалиев, А.Н.Кононов, Ә.Т.Қайдаров т.б.); үшінші бағыт – V, VC, VCC, CV, SVC, CVCC модельдерінің бәрін де тең дәрежеде тарихи түбір ретінде қарастыруды ұсынады.

Түркі тілдеріндегі түбір морфемалардың фонетикалық құрылымын әр қырынан қарастырған Н.А.Баскаков түркі түбірінің SVC тұлғалы болып келетіні жайлы алғашқы ойын қарақалпақ тілі деректері негізінде көрсетіп¹, түркі түбірінің екі дыбыстан тұратын ашық буынды болып келетінін негіздеген В.Котвич теориясына қарсы аргумент ретінде созылыңқы дауыстыларды мысалға келтіру түркі түбірінің шынайы табиғатын ашып бере алмайтынын айтады². Барлық түркі түбірлері о баста үш дыбыстан тұратын тұйық буын үлгісінде қолданылғанын көрсете отырып, төрт дыбыстан тұратын CVCC тұлғалы модельдерді SVC тұлғасына өнімсіз немесе өлі аффикстер жалғану арқылы жасалған негіздер, не басқа тілден енген кірме сөздер ретінде, бір ғана дауыстыдан тұратын *ö* `ойлау`, *u* `ұйқы`, *i* `өсімдік` тәрізді V тұлға модельдерді SVC тұлғасынан ықшамдалып VC тұлғасына, одан ықшамдалып V моделіне айналған (*i* < *yi* < *jig* `қалың, жиі, тығыз, ну(орман)`, *ö* < *ög* ~ *ök* ~ *oj* ~ *od* < **böğ* `ойлау`) негіздер ретінде қарайды³. А.Н.Баскаков түбір құрылымы жайлы ұсынған теориясын кейінгі еңбектерінде де тереңдетіп, CV тұлғалы ашық буыннан тұратын түбірлердің де түркі түбірінің табиғатын анықтаудағы маңызына мән береді, бірақ сандық қатысына қарай SVC тұлғасы басымдық алатынын, тарихи түбір де осы тұлға болатынын қайталап көрсетеді, зерттеушінің статистикасы бойынша көне түркі тілінде де, қазіргі түркі тілдерінде де барлық моносиллабтардың төрттен үш бөлігін SVC модельді

¹ Баскаков Н.А. Каракалпакский язык. Ч. 1. – Москва: Изд-во АН СССР, 1952. – С. 101-105.

² Баскаков Н.А. Предисловие // В.Котвич Исследования по алтайским языкам. – Москва, 1962. – С. 17.

³ Баскаков Н.А. Введение в изучение тюркских языков. – Москва: Наука, 1969. – С. 146-151.

тұлғалар құрайды¹. Н.А.Баскаковтың көзқарасына қарсы А.Зайончковский орта ғасыр ескерткіштері тілінде CV тұлғалы модельдердің көп мөлшерде кездесетінін айта отырып, тарихи түркі түбірі V, VC, CV, CVC тұлғаларында қолданылғанын айтады².

«Тарихи категория бір буынды түбірлердің кейде компоненттерге ыдырауын бір тіл материалы негізінде де аңғаруға болатынын»³, бір буындылардың ішінде де туынды тұлғалардың кездесетінін жоққа шығаруға болмайды. Түркі тілдеріндегі түбір мәселесіне алғашқылардың бірі болып кеңінен тоқталған қырғыз ғалымы Б.М.Юнусалиев Орхон ескерткіштері тілінде кездесетін *sa* 'сан, санау' т.б. түбір сөздерге сүйеніп, қазіргі түркі тілдеріндегі *baγ*, *baw*, *ban* 'байлау, бау' лексемаларының өлі түбірі **ba* тұлғасы деп ұйғарады⁴. CVC тұлғалы түбір-негіздер құрамындағы соңғы дауыссызды аффикстік деңгейде қарастырған А.Н.Кононов түркі түбірінің ең шағын тұлғасы V, CV, VC модельдері екенін морфологиялық талдау нәтижелері көрсетіп отырғанын айтады⁵. Э.А.Макаев түркілік түбір құрылымы жөніндегі даулы пікірлерді шешудің жолы ретінде хронологиялық стратиграфия әдісін қолданудың қажеттігін ұсынса⁶, И.В.Кормушин CV тұлғасын тектіл дамуының алғашқы кезеңіне, (CV+C>) CVC екінші кезеңіне сәйкес келсе, келесі кезеңін-

¹ Баскаков Н.А. Историко-типологическая морфология тюркских языков (структура слова и механизм аглютинации). – Москва: Наука, 1979. – С. 145-146.

² Зайончковский А. К вопросу о структуре корня в тюркских языках: глагольные основы моносиллабические (односложные) типа C+Г (согласный + гласный) // Вопросы языкознания. –1961. – № 2. – С. 28-29.

³ Юлдашев А.А. Система словообразования в спряжений глагола в башкирском языке. – Москва: Наука, 1972. – С. 24.

⁴ Юнусалиев Б.М. Киргизская лексикология: Развитие корневых слов. Ч.I. – Фрунзе: Изд-во АН КиргССР, 1959. – С. 29, 43.

⁵ Кононов А.Н. Грамматика языка тюркских рунических памятников (VII-X вв.). – Ленинград: Наука, 1980. – С. 108.

⁶ Макаев Э.А. Вопросы построения сравнительной грамматики и тюркских языков // Советская тюркология. –1971. – № 2. – С. 21-25.

де кейбір түбір құрамындағы соңғы дауыссыздар қайта түсіп қалуы мүмкін деген болжам ұсынады¹. Түркілік түбірдің прототипі CV моделі болуы мүмкін екенін алғаш айтқан В.В.Радловтың пікірін тереңдетіп, мысалдар арқылы дәйектеген ғалымдар Г.И.Рамстедт, Э.В.Севортян, А.М.Щербак, А.Н.Кононов, Б.М.Юнусалиев, В.Котвич т.б. болды. Бұл бағыттағы зерттеушілер VC, V модельдерінің тарихилығына күмән келтірмейді.

Түркі тіл білімінде бір буынды түбірлер мен түбір-негіздерді арнайы зерттеу нысаны ретінде алып, ауқымды тілдік материал негізінде түбір табиғатын тұлғалық әрі семантикалық, статистикалық тұрғыдан кешенді түрде зерттеген академик Ә.Т.Қайдар түбір құрылымы туралы бұрын-соңды айтылған пікірлер мен тұжырымдарға талдау жасай отырып, ұзақ жылдар бойы түркі тілдеріндегі түбір, негіз терминдерінің ара-жігі толық ажыратылмай келгеніне ерекше мән береді және аталған ұғымдардың өзіндік ерекшеліктерімен сараланатын ғылыми анықтамасын ұсынады. Нақты тілдік деректермен В.В.Радлов бастаған белгілі лингвист-түрколог ғалымдардың пікірлеріне сүйенген ғалым: «разложимость односложных корней-основ в тюркских языках ... вполне реальный факт»² деген қорытындыға келеді. Ғалым пікірінің негізділігіне дәлел бола алатын, түркі тілдерінде дисиллабтармен қатар моносиллабтардың да біразы тіл дамуындағы ұзақ мерзімді қамтитын агглютинативтік процестің жемісі екенін көрсететін тілдік деректер қоры жинақталып, маңызды теориялық тұжырымдар дәйектелді.

Қазақ тіліндегі етістік негіздерді морфемдік-компоненттік талдау барысында тілімізде қолданылып жүрген етістіктер құрамындағы өлі түбірлердің мол қорын анықтаған ғалым Ж.Манкеева қазақ тіліндегі *ajt*, *art*, *ket* императивтерінің құрамындағы *-t* компонентін етістік тудырушы тарихи жұрнақ ретінде тани

¹ Кормушин И.В. Лексико-семантическое развитие *qa в алтайских языках // Тюркская лексикология и лексикография. – Москва: Наука, 1971. – С. 11-13.

² Кайдаров А.Т. Структура односложных корней и основ в казахском языке. – Алма-Ата: Наука, 1986. – С. 28.

отырып, «қазіргі тіліміздегі көптеген сөздерді біз шартты түрде түбір сөз деп қараймыз, шын мәнінде олар – «өлі» түбір мен қосымшадан тұратын тарихи туынды түбірлер» екенін көрсетеді¹.

Түбірлер ғана емес қазіргі қосымшалардың да кезінде дербес мәнді лексемалық дәрежеде қолданылғаны туралы гипотезалық идеялардың негізділігін қолдайтын Б.Сағындықұлы түркі тілдері дамуындағы жалғамалылыққа дейін флексиялық, синтетикалық кезеңдердің болғанын; флексиялық құрылымның басты ерекшелігі түбірлердің бір ғана дауысты мен бір ғана дауыссыздан жасалған силлабофонемалардан тұратынын жалпы түркі тілдері континуумында да, қазақ тілі аясында да дәйектеп береді².

Тілдің ұзақ хронологиялық даму сатыларынан өткенін, түркі түбірлерінің қалыптасуы пратүркі тіліне дейін-ақ қалыптасу мүмкіндігін ескерсек, «түбір теориясына динамикалық тұрғыдан зерттеу жасауға болатыны байқалады. Мұндай көзқарасқа сәйкес, түбір онтологиялық деңгейдегі бірлік ретінде үнемі өзгерістерге ұшырап отырады, соның нәтижесінде белгілі бір хронологиялық деңгейдегі түбірдің жалғыз ғана моделінің ата тілде қолданылу мүмкіндігін жояды»³.

Жалпы лексикалық байлықтың өзегін құрайтын түбір морфемалар адамзат өміріндегі тілдің маңызын айқындайтын сан қырлы рухани-функционалдық сапаны қамтамасыз ететін лингво-онтологиялық құрылым. Үнемі даму үстінде болатын тілдік жүйенің өзгермелі, икемді табиғаты моносиллабтардың құрылымдық модельдерінің даму бағытымен, оның құрамындағы фоно-корреляттардың өзара сәйкестік түзу мүмкіндігімен, та-

¹ Манкеева Ж.А. Реконструкция первичных корней глагольных основ казахского языка. – Алма-Ата: Ғылым, 1991; Манкеева Ж. Қазақ тіліндегі екі буынды императив тұлғалы етістіктерге морфемалық талдау жасау // Қазақ тілінің тарихи лексикологиясының мәселелері. – Алматы: Ғылым, 1988. – Б. 68.

² Сағындықов Б. Қазақ тілі лексикасы дамуының этимологиялық негіздері. – Алматы: Санат, 1994. – Б.

³ Манкеева Ж. Қазақ тіліндегі байырғы түбірлерді жаңғырту. – Алматы: «Мемлекеттік тілді дамыту орталығы» ЖШС, 2011. – Б. 6.

ралу аясымен, фоно-морфологиялық, фоно-семантикалық, идеофондық, идеосегменттік қырларымен сипатталады¹. Түркі тілдерінің жалғамалылық табиғатына сәйкес бір буынды түбір морфемалардың саны шағын болғанымен жалпытүркілік лексикалық қорды дамытудағы әлеуеті аса ауқымды материалдық база болып табылады.

Дауысты дыбыстан тұратын бірқұрамды V моделі көне түркі жазба ескерткіштері тілінде бес-алты сөзді ғана қамтиды. Түркі тілдері дамуының бастапқы кезеңінің көрінісі болып табылатын бұл сөздер VII-IX ғасырларда дербес мағыналы сөз түрінде қолданылса да қазіргі түркі тілдерінде, оның ішінде қыпшақ тілдерінде дербес лексикалық қабілетінен ажырап, түбір-негіздер құрамында ғана сақталып отыр: *ö* 'ойлау' ДТС, 375: *Ačsïq tosïq ömezsen bir todsar ačsïq ömezsen* КТк. 8 «Аштықта тоқтықты түсінбейсің, бір тойсаң аштықты ойламайсың сен» Айд. I, 169. Ескерткіштер ілінде *ö* түбірінен тараған бірнеше түбір-негіздер ұшырасады: *ö* → *ög* → *ögüt* 'ақыл-кеңес' ДТС, 382; *ö* → *ög* → *ögle* 'талқылау' Айд. II, 102; *ö* → *ök* → *ökün* 'өкіну' ДТС, 382. Қазіргі түркі тілдерінде аталған түбірдің барлық тұлғалары да сақталған: башқ. *ögöt* 'үгіт', *ıj* 'ой, ойлау', *ıqıw* 'оқу'; қаз. *oj*, *ıjıar*, *ıyım*, *ıq*, *ügit*, *üjren* т.б. Ескі қыпшақ ескерткіші «Китаб-и меджму-у терджуман түрки уа аджеми уа моголи уа фарси» шығармасы тілінде *ö* түбірінен тараған *ök* 'ой', *öküš* 'тәрбие', *örenle* 'ойлау', *ojna* 'ойнау, әзілдеу' Құрыш. 175, 179 лексемалары қолданылған; *ı* 'өсу, ұлғаю' Эл. 1, ДТД, 74. Көне жазбалар тілінде 'ұлғаю, өсу' мәнін беретін *ı* түбірінің дербес лексема ретінде қолданылуы Тува аймағындағы Элегест елді мекені маңынан табылған ескерткіште ғана кездеседі. Өзге Орхон, Енисей, Талас жазбаларында осы түбірден жасалған **ul* түбір-негізі қолданылады: *ulga* 'ұлғай, өс, үлкей' Е. 29, Е. 7, ДТД, 76; *ulgat* 'өсіру' ХБ, ДТД, 76; *uluγ/ulug* 'большой, важный, старший' Е. 47, Тон. 5, КЧ. 3, КТү. 28, 34, ДТД, 76. Ескі қыпшақ тілінде *ulaldur*

¹ Ескеева М.Қ. Көне түркі және қазіргі қыпшақ тілдерінің моносиллабтық негізі. – Алматы: Арыс, 2007. – Б. 42.

‘көбейту, үлкейту’, *ulu* ‘үлкен’ Құрыш. 209; башқ. *olo*; тат. *olī/olü*; ққалп. *ullī*; қаз. *ulī/ulīq* ‘ұлы, үлкен’. Қазіргі түркі тілдеріндегі *ülken* ‘үлкен’ сөзі де *u* тұлғасымен түбірлес: *ü* → *ül* → *ülken*. Қыпшақ тілдері деректері бойынша көне түркілік *u* түбірінің *u*, *ü*, *o* нұсқалары ажыратылады.

Руникалық ескерткіштер тілінде айқын бедерленген V құрылымды моносиллабтарды туынды тұлға ретінде қарастыруды тілдік деректер толық қуаттай алмайды. Ә.Қайдар қазақ тілінде *a*, *ä*, *e*, *o* дауыстылары арқылы жасалған V тұлғалы түбірлер (негізінен одағайлар) 30-ға жуық семантикалық мәнде жұмсалатынын, басқа түркі тілдерінде де V құрылымды түбір-негіздер қолданылатынын көрсете отырып, «Қазіргі түркі тілдерімен салыстырғанда бір буынды түбір-негіздердің бұл типі көне ескерткіштер тілінде біршама кеңірек таралуы олардың қалыптасуы ежелгі кездерден басталатынын айғақтайды. Түркі тілдері дамуының ең көне кезеңдерінен көрініс беретін V типті түбірлер бір буынды түбір-негіздердің VC, VCC тәрізді жаңа, типтерін және екі буынды негіздерді тудыра отырып, аглютинативті құрылымның элементтерін қабылдаған»¹ деген ой айтады.

Түркі тілдеріндегі VC модельді моносиллабтардың біразы дербес лексема түрінде қолданылса, біразын дисиллабтар мен полисиллабтар құрамынан ажыратуға болады: *uṣ* ‘ұш, ұшу (ауыс мағынада: қайтыс болу)’ КТү. 16, МЧ. I, 12, ДТД, 77: *uṣuq* → *uṣ+uq* ‘құс’: *Jayūmiz tegire uṣuq teg erti* Тон. 8 «жауымыз айнала жыртқыш құстай еді» Айд. II, 105; *uṣa barmis* КТү. 16 «ұша барды» Айд. I, 174 ~ қаз. *uṣ*; ноғ., ққалп., қырғ. *wiṣ*; тат. *oṣ*; башқ. *os*. Жалпы түркі түбірлерінің құрылымдық жүйесінде дауысты, дауыссыздан тұратын VC тұлғалы моносиллабтардың кеңінен қолданылатынын, олардың басым көпшілігі қазіргі түркі тілдерінде сақталған.

¹ Кайдаров А.Т. Структура односложных корней и основ в казахском языке. – Алма-Ата: Наука, 1986. – С. 41

Түркі тілдерінде дауыссыз, дауысты дыбыстардан тұратын түбірлердің дербес лексема деңгейінде қолданылуы өте сирек кездеседі. Сандық көрсеткіші аз болғанымен түркі тілдеріндегі **CV** тұлғалы түбір морфемалардың бәрі дерлік синкретизмдер қатарынан табылуы аталған құрылымның етістік, есім сөз таптары қалыптасуының тарихи кезеңдерінен мағлұмат беретін көне белгілер қатарына жататынын көрсетеді. Түркі тілдеріндегі **CV** тұлғалары негізінен етістік мәнін сақтаған, жалпытүркілік континуумда олардың есім мәнін ажырату қиындық тудырмайды. Түркілік түбіртану тарихында синкретизмдердің грамматикалық немесе лексикалық факторлары көрсетіліп жүргенімен моносиллабтар конверсиясының грамматикалық себептері толық дәйектелген жоқ, соңғы жиырма жыл көлеміндегі зерттеулерде синкретизм құбылысы тарихи лексикасемантикалық үрдіс ретінде қарастырылуда.

Түркі тілдеріндегі гомогенді моносиллабтарды етіс-есім омонимиясы тұрғысынан зерттеп синкретизм құбылысының теориялық сипаттамасын ауқымды тілдік дерек негізінде дәйектеп берген Е.Қажыбек «түркі тілдеріндегі сөз таптары синкретизмінің іздері грамматикалық деңгейде де, дериваттардың етістік-есім омонимиясы немесе сөзжасам аффикстері негізінде де аңғарылады» дей отырып, соңғы құбылысқа аса ыждаһаттылықпен қарау қажеттігін, яғни аффикс арқылы жасалған етістік, есім мәнді моносиллабтар құрамында кездейсоқ сәйкестіктердің де кездесіп қалуы мүмкін екенін көрсетеді¹. Бір буынды синкретизмдердің табиғаты негізінде түбірлердің көпфункционалды болу құбылысын жалғамалылық кезеңге дейін қолданыста болған сөзжасам тәсілі ретінде қарастырған зерттеуші семасиологиялық тұрғыдан қарағанда, түркі түбірінің синкретті семантикасы ең ежелгі тектілдің семантикалық жүйесінің сілемі екенін, сондықтан түркі тілдері лексикасын диахрондық негізде саралауда түркілік сөз мағынасының жалпы-

¹ Қажыбеков Е.З. Глагольно-именная корреляция гомогенных корней в тюркских языках. – Алма-Ата: Наука, 1986. – С. 244–245.

дан нақтылыққа қарай даму бағытына ерекше мән беру қажеттігін ескертеді. Түркі сөзінің семантикалық табиғатын анықтауға бағытталған келесі еңбегінде зерттеуші түбірлес сөздердің фоно-морфо-лексика-семантикалық құрылымын жан-жақты талдай отырып, күрделі лингвистикалық мәселелердің шешімін табуда алдымен моносиллабтық деңгейді зерттеу маңызды екенін көрсетеді¹.

CV тұлғалы түбір морфемалар түркі тілдері дамуының ежелгі кезеңдеріндегі түбір сөз табиғатын танытатын көне белгі болып табылады: *jel/ji* `же, жеу`: *Kejük jijü tabisyan jijü olurur ertimiz* Тон. 7 «Киік жеп, қоян жеп отыратын едік» (Айд. II, 105) ~ қаз., ққалп. *že*, тат. *žj*; башқ., құм., ноғ. *ē*; *kü* `дыбыс, сыбыс, хабар` КТү. 12, 25, 26, БҚ. 36, Тон. 32, (ДТД, 55): *Taşra jorijur tijin kü esidep...* КТү. 12 «Шетте жүр деген хабар есітіп ...» (Айд. I, 173). *ku* моносиллабы М.Қашқари шығармасында да кездеседі (МҚ. III, 212). Көне түркі тілі сөздігінде *kü* `оберегать, охранять` мағынасы тіркелген (ДТС, 322). *ne* `не?(сұрау есімдігі)` КТү. 9, 26, Тон. 14, 32, (ДТД, 61): *Eki-üč bñ sumis keltečimiz bar tu ne?* Тон. 106 «Екі-үш мың қолмен келе аламыз ба?» (Айд. II, 106) ~ қаз., ноғ., ққалп., қар. *ne*; тат., башқ. *nij/ne*; қырғ. *ne/emne*; *sa* `сана, санау` (ДТС, 478), (ДТД, 67), КТк. 9, Тон. 42, 27. Орхон ескерткіштерінде *san* моносиллабы да қолданыста: *Sanayali tüsürtimiz* Тон. 21 «Санағалы тоқтадық» Айд. II, 109~ қаз., ққалп., қар., қырғ., тат., ноғ. *sana*; башқ. *hana*. XI ғасыр түркілері тілінде *san* лексемасының шағын формасы *sa* тұлғасының да қолданылғанын М.Қашқари шығармасының тілінен байқаймыз МҚ. III, 247. Түркі тілдеріндегі CV модельді түбір морфеманы туынды құрылым ретінде қарастырушы пікірлердің жаңсақтығы жайлы А.Н.Кононов «... наличие первородного типа C+V подтверждается многочисленными примерами основ типа C+V+V, в которых конечным согласным выступает формант, выполнявший в свое время определенную грамматическую функцию, но позднее ее утративший и в силу

¹ Кажибеков Е.З. Семантика тюркского слова. Проблемы межкурвневой сопряженности. АДД. филол. наук. – Алма-Ата, 1998. – С. 51.

этого вошедший в состав нового корня – основы» дей отырып, *jan* ≈ *jaq* ≈ *jal* ≈ *jar* → *ja*; *kel* ≈ *ket* ≈ *kez* ≈ *keç* ≈ *qaş* ≈ *kir* → **ke* ~ **ki*, **qa* т.б. тұлғаларды мысалға келтіреді¹. Зерттеуші көрсеткендей, соңғы компоненттің грамматикалық сапасы айқын аңғарылмағанымен ескерткіштер тіліндегі CVC тұлғалы түбір-негіздердің бәрін CV моделінен тарату түркі түбірінің даму табиғатына қайшы келмейді. Жалпы түркі тілдеріндегі өзара семантикалық байланысы анық байқалатын CVC тұлғалы бір буындылардың алғашқы екі компоненті тұлғалас болып келуі кездейсоқтық емес. Түркі тілдеріндегі CV тұлғалы түбір морфемалар қатарынан о бастан-ақ дауыссыз + дауысты дыбыстардың тіркесінен тұратын тарихи түбірлерді де, CVC моделінің соңғы дауыссызының ықшамдалуы негізінде жасалған түбір-негіздер де кездеседі (кейде үшінші дәрежелі процесс болуы да мүмкін CV→CVC→CV).

Қазіргі түркі тілдері түбір морфемалар жүйесінде саны жағынан басым CVC моделі көне түркі жазба ескерткіштері тілінде де ең көп қолданылатын дербес лексемалар қатарына жатады, енді бір тобы туынды сөздер құрамында қолданылады: *ben* `мен` ДТД, 37, Е. 1, КЧ. 27, МЧ. II, 16, Тон. 59: *Ben joq ertis erser* «Мен де болмас едім» Айд. II, 114 ~ қаз., ноғ., ққалп., қар. *men*; тат., башқ. *mijn*. Күлтегін жазбасында *men* түрінде тұлғаланады: *men beŋgü taş toquttim* КТк.11 «Мен мәңгі тас орнаттым» Айд. I, 170. Ескерткіштер тілінде *ben* ≈ *men* тұлғаларының қатар қолданылуы көне түркілер тіліндегі қыпшақтық белгілердің де, оғыздық белгілердің де сақталуына байланысты; **jar*→*jarat* `жарат, жарату`, `жаса, жасау` МЧ. II, 20, КЧ. II, 13, КТү. 20: *Qırq az budunıy jaratıp keltimiz* «қырық аз халықтарын құрап келдік» Айд. I, 175 ~ қаз., ққалп. *žarat*; тат., құм., ноғ., башқ. *jarat*. **žar*/**jar* моносиллабы жалпы түркі тілдеріне ортақ **jas* → *jas* ≈ **žas* → *žasa* `жасау, істеу` моносиллабымен түбірлес, ортақ негізі **ja*/**ža* тұлғасы; *quz* `құз, жартас` КТк. 6, Тон. 7: *Çuıaj quzın Qara qumıy olurur ertimiz*

¹ Кононов А.Н. Грамматика языка тюркских рунических памятников VII-IX вв. – Москва: Наука, 1980. – С.77.

«Чұғай құзын, Қарақұмды мекендеуші едік» Айд. II, 105 ~ қаз., ққалп., ноғ. *qiz*. Жалпы түркілік *qiz/qaja/qija* сөздерінің мазмұны мен түрпаты ортақ негіздеп өрбіген туынды түбір екенін аңғартады, ілкі түбірі **qi~qī~qa* тұлғалары, ортақ сема `биік, жартасты тау`; *köl* `көл` ДТД, 55, КТү. 34: *Türgi jaryun költe buzdımız* «Түргі Йарғун көлінде талқандадық» Айд. I, 179 ~ қаз., ноғ., қар., ққалп. *köl*; тат., башқ. *kül*; *čöl* `шөл`, `шөл дала` ДТД, 81, КТү. 41, Тон. 23: *Čölgi az eri boltım* «Шөлді аз ері болдым» Айд. II, 108 ~ қаз., ққалп., ноғ. *šöl*; қырғ. *čöl*; башқ. *süloy*; қаз., қырғ., ққалп., ноғ. тілдерінде *šöl* моносиллабы `сусау (су, сусын ішкісі келу)` мағынасындағы *šöldew* сөзінде *šölin qandiruw* тіркесінде қолданылатыны белгілі. Салыстырыңыз: *söl* `өсімдікте болатын шырын`, *šiq* `шөп басына тұрып қалатын тамшы су` ҚТТС VIII, 364, 374. Түбір морфеманың архиформасы *—*čö/*šö*, архисемасы «судың аздығын, тапшылығы» мәнін білдіреді; *čig/čiy* `шық, шығу` ДТД, 81 ~ қаз., ққалп., ноғ. *šiq*; қар. *čiq*; қырғ. *čik*; башқ. *siy/siq*.

Түркі тілдері түбір морфемалар жүйесіндегі SVC тұлғасының сандық көрсеткішінің басқа модельдерге қараған жоғары екені көптеген зерттеулерден белгілі, оған көне түркі жазба ескерткіштері тіліндегі SVC құрылымды түбірлер мен түбір-негіздердің қолданыс деңгейі де дәлел бола алады. Көк түркілер дәуіріне дейін де бірнеше тарихи кезеңдерді басынан өткізген жалпы түркілік лингво-эволюция барысында моносиллабтар жүйесі де кезең-кезеңімен даму жолынан өткені белгілі. Ескерткіштер тілі мен қазіргі қыпшақ тілдеріндегі SVC құрамды моносиллабтарды морфемдік-компоненттік және танымдық-логикалық-семантикалық талдау барысында Орхон, Енисей және Талас ескерткіштері тіліндегі SVC тұлғалы модельдердің бәрі бірдей архитұлға бола алмайтыны, олардың тең жартысы тілдің тарихи дамуына байланысты CV моделі негізінде дамып-жетілгеніне көз жеткізу қиын емес. Бұл жөнінде А.М.Щербак «Следует также обратить внимание на то обстоятельство, что, подобно слогу других структурных типов, слоги типа С+Г+С не всегда являются первичными, ср. азерб.

сін – «<*сї+н: узб. *boʻy* `вязанка` (<*nā+γ); кирг. *сун* `протягивать` (<*су+н-))» дей отырып, чуваш, әзірбайжан, түркімен, өзбек, ұйғыр, гагауз тілдерінде сөз басындағы дауыстылардың *j*, *b*, *h* дыбыстарын қабылдау мүмкіндігі жоғары екенін көрсетеді¹. Ғалымның пікірі *j*, *b*, *h* дыбыстарының протезалық табиғатына байланысты CVC модельдері VC модельдерінен де туындауы ықтимал дегенге саяды: Аталған дыбыстардың протезалық қабілеті қыпшақ тілдеріне солғын, көне түркі тілі мен қыпшақ тілдеріндегі моносиллабтар құрамындағы анлаут *j*, *b* дыбыстары протезалық сапада қолданылуы өте сирек, ал сирек кездесетін анлаут *h* (башқұрт тілінен басқа) қыпшақ тілдері дамуындағы кейінгі құбылыс екені белгілі, оның өзі біршама ұяң *x* дыбысына жақын қолданылады. Башқұрт тіліндегі анлаут, инлаут *h* дыбысының табиғаты мүлдем басқа, этно-лингвогенездік құбылыс. Қазіргі түркі тілдерінің кейбірінде анлаут *b*, *j* дыбыстарының түсіп қалуына байланысты көне түркілік анлаут *b*, *j* дауыссыздарын протезалық сапада қарастыру толық негізделмеген мәселе. Жасырын синкретизм құбылысын көрсететін гомогенді корреляттардың басым бөлігінің CVC модельді тұлғалар болып келуі де кездейсоқ құбылыс деуге келмейді. CVC модельді гомогенді параллельдердің ауслаут корреляттар арқылы семантикалық жіктеліске ұшырауы моносиллаб құрамындағы CV моделінің интеграциялаушы мазмұнды, ал соңғы консонант дифференциациялаушы мазмұнды иеленуіне байланысты қалыптасуы мүмкін.

Түркі тілдерінде VCC тұлғалы түбір-негіздердің сандық көрсеткіші тым аз, А.М.Щербак реконструкциялаған жалпытүркілік бір буынды сөздер тізімімен 6 сөзді ғана кездестіруге болады: *ant* «ант»; **ält* `ерту, ілестіру`, `алып кету`; **ärk* `ерік-жігер`, `еркіндік`; *ärt* `өту`; *ört* `өрт, от`; *ürk* `үрку, қорқу`², қазіргі қазақ

¹ Щербак А.М. Сравнительная фонетика тюркских языков. – Ленинград: Наука, 1970. – С. 109.

² Щербак А.М. Сравнительная фонетика тюркских языков. – Ленинград: Наука, 1970. – С. 193-198.

тілі бойынша VCC модельді 19 дербес лексема тіркелген¹. *alp* `алып, алып күш йесі`КТк.6: *Edgü bilge kisig, edgü alp kisig jorïtmaz ermis* «Игі білгіш кісілерді, игі батыр кісілерді қозғалта алмады» (Айд. I, 169) ~ қаз., тат. *alip*; қар., қырғ., ққалп. *alp*. А.Н.Кононов жалпы түркілік *alp* сөзін монғол тіліндегі *alban* `служба` сөзімен байланыстыра отырып, *al* `алу` етістігінен таратады². Г.Г.Левин тува тіліндегі *alban* `служба, служебный` лексемасы мен көне-түркілік *alp* сөзін салыстыру барысында «Мы определили тувинскую *alban* как поздний рефлекс древнетюркского *alp*»³ деген қорытындыға келеді. Э.В.Севортян *alp*, *alban* лексемаларын бірлікте қарастырудың семантикалық негізі жеткіліксіз деп санайтын пікірлердің де бар екенін көрсетеді (ЭСТЯ, I, 139). Қазақ тілі этнонимдер жүйесіндегі *alban* атауының да *alp* лексемасына қатыс-дәрежесі де анықтауды қажет ететін мәселе, *alban* түркі-монғол тілдеріне ортақ элемент болуы мүмкін. Көне түркілік *alp* сөзі қазақ тіліндегі *alpamsadaj*, *alparwït* лексемаларының, *Alparatïs* антропонимінің түбір морфемасын құрайды. *Alip* сөзінің құрамындағы *i* эпентезалық дыбысы қазақ тілінің орфографиялық ережелеріне сай орныққан; *ört* `өрт` : *Örtçe qizip kelti* Тон. 40 «Өртше қызып келді» (Айд. II, 111) ~ қаз., ққалп., ноғ. *ört*; тат., башқ. *ürt*. Монғол тілінде *örnüün* `қызу` (МҚС, 395). Зерттеушілер *ört* лексемасы түркі-монғол тілдеріне ортақ **ör* `пожар, огонь, пламя`, `разжигать, вспыхивать, гореть, пылать` синкретті моносиллабынан таратады (ЭСТЯ I, 551). Түркі тілдері бойынша *rt* дауыссыздар тіркесінің тұрақты болып келуі, **ö* тұлғасының жалпы түркі тілдері қалыптасуы кезеңіндегі мағыналық аясының аса кең болғанын, *ört* сөзінің дараланып шығуының өзі де өте ежелгі кезеңдерден басталатынын көрсетеді.

¹ Кайдаров А.Т. Структура односложных корней и основ в казахском языке. – Алма-Ата: Наука, 1986. – С. 63-64.

² Кононов А.Н. Родословная туркмен. – Москва-Ленинград: Изд-во АН СССР, 1958. – С. 97.

³ Левин Г.Г. Лексико-семантические параллели Орхонско-тюркского и якутского языков: (В сравнительном плане с алтайским, хакасским, тувинским языками). – Новосибирск: Наука, 2001. – С. 85.

Жоғарыда көрсетілген тілдік деректер негізінде түркі тілдеріндегі VCC тұлғалы түбір морфемалардың бәрі бірдей архетип бола алмайтынына көз жеткізуге болады. Сондай-ақ көне түркілік деңгейдегі VCC құрылымды моносиллабтың бәрін туынды тұлға ретінде қарастыру да негізсіз. Ә.Қайдар VCC моделі жайлы «В фонологическом отношении ГСС характеризуется сочетанием следующих согласных [йт], [кт], [лт], [нт], [рт], [ст], [лп], [рс], [нк], [нқ], [рк], [рк] в конечной позиций, что представляет собой вполне закономерное явление в звуковой системе древних и современных тюркских языков»¹ деген ойы арқылы сөз соңындағы дауыссыздар тіркесі түркі тілдеріндегі басты заңдылықтардың бірі екенін көрсетеді. Көне түркі әліпбиінде *rt*, *nč*, *nt*, *lt* тіркестерінің бір таңбамен ғана белгіленуі де бұл құбылыстың көне түркі тіліне етене жақын екенін білдіреді. Ал жалпы түркі түбірлерінің тарихи эволюциясы тұрғысынан қарағанда VCC моделі түркілік текті кезеңдерінде қалыптаса бастаған екінші, үшінші дәрежелі түбір морфемалар болуы мүмкін.

Жалпы түркі тілдері бойынша CVCC тұлғалы түбір морфемалар да біршама аз кездесетін тілдік модельдер қатарына жатады: *jurt* 'жұрт, ата-мекен, ел' КТү. 49; Тон. 19: *Usun bunta atli jurtda üguzke qalur erti* «Үйсін мұнда атты жұртта жатып қалып еді» (Айд. II, 107) ~ қаз. *žurt*; қырғ., ққалп. *žuwrt*; ноғ. *jurt*; башқ. *jort*; тат. *jort/jürt*. Түркі тілдері бойынша *jurt* лексемасының 'Отан, туған жер', 'елді мекен', 'халық', 'мал жаятын орын', 'киіз үй', 'көшкен ауылдың, үйдің орны' мағыналары белгілі. *jurt* сөзі *jur* 'жүру' және етістіктен есім сөз тудыратын *-t* аффиксі арқылы жасалуы мүмкін (ЭСТЯ IV, 255). Ескерткіштер тілінде *jori* 'жорту, жүру, жылжу' етістігі де қолданылады: *Bunča jirke joritdim* КТк. 4 «Сонша жерге жүргіздім» Айд. II, 169 ~ қаз., ққалп. *žort*; тат., башқ. *jurt*; ноғ. *jort*. Қыпшақ тілдеріндегі тарихи негіз *jurt/žurt* моносиллабының мағынасын «көшпелі халық», «көшпелі халықтың мекені (ауылы)» ұғымдары арқылы анықтауға болады.

¹ Кайдаров А.Т. Структура односложных корней и основ в казахском языке. – Алма-Ата: Наука, 1986. – С. 64.

žorya, žortuwil, žoryala сөздерінің құрамынан да **žor* моделі ажыратылады. *Jurt* лексемасы тұлғалық жағынан да, мазмұндық жағынан да бірнеше даму сатысынан өткен алтай тілдер тобына ортақ көне лексема: салыстырыңыз: *žür, žügir, žüjrik, žilži, žildam*, т.б.; *tört* `төрт` Е. 28, КЧ. 11, МЧ. II, 15, Он. I, 1; КТү. 2: *Tört buluñ qor jañi ermis* «Төрт бұрыштың бәрі жау еді» (Айд. II, 171) ~ қаз., ққалп., қырғ. *tört*; қар., құм., ноғ. *dört*, тат., башқ. *dürt*. А.М.Щербак *tört* лексемасының архетипін созылыңқы дауысты арқылы береді: *tört*¹. Ұйғыр тілі диалектілерінде *tört* сан есімінің құрамындағы *r, t* дыбыстарының элизиясы да кездеседі: *töt, tö* `четыре`².

Түркі тілдеріне ортақ көне тұлғалар қатарында 11 CVCC модельді моносиллаб тіркелсе³, қазақ тілі бойынша, кірме сөздерді қоса есептегенде, 190-195 сөзден аспайды, олардың басым бөлігі еліктеуіш негіздер⁴ Еліктеуіш сөздердің структуралық жүйесінде CVCC модельді сөздердің молдығы К.Мусаевтың⁵ еңбегінде де көрсетіледі. К.Хусайынов CVCC тұлғалы еліктеуіштерді тарихи негіздер қатарында қарастырады⁶. Ә.Қайдаров CVCC тұлғалы етістіктер мен кейбір есім сөздер, еліктеуіш негіздер соңында тұрақты түрде қайталанып отыратын дауыссыздардың грамматикалық көрсеткіш болуы мүмкін екенін көрсетеді⁷. Ескерткіштер тілінде де CVCC модельді түбір морфемалар 7-8 сөзден ғана тұрады, олардың қазіргі түркі тілдеріндегі тұлғалық өзгерістері де әртүрлі.

¹ Щербак А.М. Сравнительная фонетика тюркских языков. – Ленинград: Наука, 1970. – С. 197.

² Малов С.Е. Уйгурские наречия Синьзяна. – Москва: Издательство АН СССР, 1961. – С. 161.

³ Щербак А.М. Сравнительная фонетика тюркских языков. – Ленинград: Наука, 1970. – С. 193-198.

⁴ Қайдаров А.Т. Структура односложных корней и основ в казахском языке. – Алма-Ата: Наука, 1986. – С. 64.

⁵ Мусаев К. Лексикология тюркских языков. – Москва: Наука, 1984. – С. 82-105.

⁶ Хусаинов К. Звукоизобразительность в казахском языке. – Алма-Ата: Наука, 1988. – С. 75-219.

⁷ Қайдаров А.Т. Структура односложных корней и основ в казахском языке. – Алма-Ата: Наука, 1986. – С. 66.

Түркі тілдеріндегі CVCC модельді түбір морфемалардың құрылымдық, мазмұндық табиғаты олардың тарихи негіздерден тұратынын жоққа шығармайды. Жалпы агглютинативті түркі тілдері ғана емес барлық адамзат тілінің қалыптасу, даму эволюциясы өте қарапайым (шағын) тұлғалар мен полисемантикалық жалпылама мазмұнға негізделетіні жайлы гипотезалық тұжырымдар мен пікірлер көптен бері айтылып жүрген мәселе. Тілдік деректер арқылы негізделген, ғылыми-теориялық тұжырымдар да жеткілікті (Э.В.Севортян, А.М.Щербак, А.Н.Кононов, Ә.Қайдар, К.Хұсайын, Б.Сағындықұлы, Ж.Манкеева, Е.Қажыбек, А.Шайхулов т.б.). Осы тұрғыдан алғанда CVCC моделін кейінгі құбылыс ретінде қарастыруға негіз бар. Мыңдаған жылдарды қамтитын түркі тілдері дамуындағы көне түркілік кезеңнің сипатын көрсететін VI-IX ғғ. ескерткіштері тілі мен қазіргі түркі тілдеріндегі түбірлес моносиллабтардың тұлғалық парадигмасы мен семантикалық деривациясы негізінде бір буынды түбірлер мен түбір-негіздердің бастапқы тұлғалары V, VC, CV модельдерінен дамығанын шамалауға болады. Бұл жерде есте ұстайтын мәселе, біріншіден, белгілі бір сөзжасамдық қабілеті бар фономодификаторларды жетілген агглютинативтік кезеңдегі түбірлерден айқын ажыратылатын сөзжасамдық аффикстермен бірдей деңгейде қойып, қызметі айқын грамматикалық көрсеткіш ретінде қарастыруға келмейді; екіншіден, лингвоэволюцияның ішкі заңдылықтары мен сыртқы ықпалдарға орай кері процестердің орын алуы SVC, CVCC, VCC модельді құрылымдардың қайтадан ықшамдалуына алып келеді.

Тіл элементтерінің абстрактілі-шарттылық сипаты неғұрлым басым болған сайын оның шынайы табиғатын танып-білу, тарихи даму жолын анықтау да күрделене түседі, адамзат өміріндегі маңыздылығы артқан сайын жетілген дыбыстық тілде оның бастапқы жай-күйінің сілемдері мен болмашы іздері ғана сақталады. Түркі тілдеріндегі V, VC, CV моделінен жасалған түбір морфемалар да сондай реликт белгілер, өте ежелгі лексикалық қордың сұлбасы. Бірінші дәрежелі түбір морфемалардың мәні

синонимдік, омонимдік (полисемиялы), антонимдік сипатта да бола береді және денотаттың заттық-құбылыстық, іс-қимылдық сапалары ескерілмейді. Түбірлес моносиллабтарға ортақ мазмұн-идея негізінен бірінші дәрежелі V, CV модельдерінде сақталып, екінші дәрежелі VC, VCC, CVC, CVCC модельдерінің қалыптасуы нәтижесінде мағына нақтылана түседі, одан кейінгі сөзжасам барысында моносиллаб мағынасы қайта күңгірттеніп, жаңа тұлғаға сай жаңа мағына қалыптасады. Идеялық қабілеті бар фоно-модификаторларды жетілген агглютинативтік кезеңдегі түбірлерден айқын ажыратылатын сөзжасамдық аффикстермен бірдей деңгейде қойып, қызметі айқын грамматикалық көрсеткіш ретінде қарастыруға келмейді.

Түркі тілдері лексикалық қорының негізін қалайтын бір буынды түбір морфемалар мен түбір-негіздердің белгілі бір дәрежеде тұрақтылығын сақтауымен қатар өзгеруге де бейімділігін гомогенді түбір морфемалар фоно-корреляттар айқындайды. Жалпы тұрпат пен жалпы мазмұнның тұрақтылық сапасы гомогенді корреляттардың дербес лексемаға ыдырауы нәтижесінде өзгермелі, икемді сапаға айналады. Тіл онтологиясының күрделілігі жүйелі тілдік құрылымның аясында кейбір қайшылықтардың із қалдыруымен де сипатталады. Орхон, Енисей, Талас ескерткіштер тіліндегі бір буынды түбір-негіздердің құрылымын бейнелейтін V, CV, VC, CVC, CVCC, VCC модельдерінің қазіргі қыпшақ тілдеріндегі тұрақтылық сапасы мен өзгермелі сапасының деңгейі де әртүрлі әрі мұндай құбылыстардың қалыптасуы да белгілі бір шеңбердің, жүйелі заңдылықтың аясында қарастыруға келмейді. Алғашқы түбір морфемалардың бірнеше рефлекссті варианттары болуы мүмкін, бірінші дәрежелі V моделіне негіз болған дауысты мен CV моделінің құрамындағы ингредиенттердің рефлексстік варианттарды қамту мүмкіндігі жоғары, лингво-эволюциялық процесте әрбір рефлексстік варианттар ортақ идеямен бірге, дефинициялық белгілерді де қабылдайды. Бұл ортақ мазмұнға негізделген корреляттарды қалыптастырады. Сондықтан V және

CV модельді гомогенді түбір морфемаларды бір тұлғада ғана реконструкциялау нәтиже бермейді, олардың архитұлғасы мен архисемасы полиформалы және полисемалы болып келеді. Бұл қасиет мағына біршама айқындалған екінші, үшінші дәрежелі – VC, VCC, SVC, CVCC модельдерінде бәсеңдеуі мүмкін, фонетикалық заңдылықтарға орай аталған модельдерден екінші дәрежелі V, CV тұлғаларының қайта туындауы ықтимал. Мұндай процестер тілдік құрылымға біраз жүйесіздік реңк береді¹. Сондықтан түркі тілдеріндегі бірінші дәрежелі түбір морфемаларды етістік негізді және есім негізді деп жіктеудің өзінде белгілі бір дәрежеде шарттылық бар екенін есте ұстау қажет. Архитүбірлердің басым бөлігі полисемантикалы және политұлғалы болып келеді.

Синкретикалық түбір морфемалар. Жалпы тілдің даму барысында кез-келген тілдегі сөздік қор үнемі қозғалыста болып, бір сөз табынан екінші бір сөз табына ауысып, өздерінің алғашқы мән-мағынасын, негізгі қызметін өзгертіп отырады. Есім сөздер етістік негіздер арқылы, етістіктер есім негіздер арқылы толығын, жаңарып отырады. Тарихи түбірлердің есім, етістік немесе екі мағына да қолданылуы тіл білімінде синкретизм құбылысы ретінде қарастырылады. Жалпы синкретикалық омоним түбірлердің жұптық қатарлары тек етістік ↔ есім ғана емес есім ↔ есім түрінде де кездесе береді. А.Ибатов XIV ғасыр жазба ескерткіштері тіліндегі синкретикалық омоним түбірлерді үш түрге бөледі: 1. зат есім – етістік; 2. сын есім – етістік; 3. зат есім – сын есім². К.М. Мұсаев зат есім ↔ зат есім жұбын құрайтын *qol* ↔ *qol* синкретизмін көрсетеді³. Түркі тілдеріндегі синкретизмдер табиғатының фоно-морфосемантикалық сипатын кең ауқымды материалдар көлемінде зерттеген ғалым Е.Қажыбеков бір буынды синкретизмінің по-

¹ Ескеева М.Қ. Көне түркі және қазіргі қыпшақ тілдерінің моносиллабтық негізі. – Алматы: Арыс, 2007. – Б. 333, 334.

² Ибатов А. Сөздің морфологиялық құрылымы. – Алматы: Ғылым, 1983. – Б.63.

³ Мусаев К.М. Лексика тюрских языков в сравнительном освещении (Западно-кыпчакская группа). – Москва, 1975. – С. 308.

лисиллабтар синкретизмінің сырын ашудағы маңызы жайлы «Решение и трактовка этого аспекта проблемы тюркского синкретизма могут быть осуществлены только после того, как будут четко установлены причины подобного явления в односложных корнях, являющихся исходными кирпичиками полисиллабических словоформ и прообразами словообразующих показателей»¹ деген ой айтады. Екінші дәрежелі синкретизмдерді анықтау үшін ең алдымен түбір морфемалардың семантикалық табиғатымен қатар қосымша морфемалардың да тұлғалық, грамматикалық ерекшеліктері, шығу тегі, даму жолы басты назарға алынуы қажет.

V моделі бойынша жасалған есім²етістік мәнді түбір морфемалар: *ö* `ой`³*ойлау* ДТС, 375: *Ačsïq tosiq ömezsen bir todsar ačsïq ömezsen* КТк. 8 «Аштықта тоқтықты түсінбейсің, бір тойсаң аштықты ойламайсың сен» Айд. I, 169. Ескерткіштер тілінде *ö* түбірінен тараған бірнеше түбір-негіздер ұшырасады: *ö*→*ög*→*ögüt* `талқылау, ақыл-кеңес`, *ö*→*ök*→*ökün* `ой, ойлану, өкіну`; и `ұйқы`⁴*ұйықтау*: *Ertis ügüzig keče joridimiz, turgis budunïy uda bastimiz* КТү. 37 «Ертіс өзенін кешіп өттік те, түргеш халқын ұйқыда бастық» Айд. II, 179. Қыпшақ тілдеріндегі **uj* ≈ **oj* түбір-негіздерінің құрамында сақталған: е. қып. **uj*: *ujïyil* `ұйқы, ұйықтау`, *ujitqil* `ұйықтату`, *ujuqla* `ұйықта` Құрыш. 208; тат., башқ. *jokla*; ноғ. *ujkla*; ққалп. *ujqïla*; қаз. *ujqï*, *ujïqta*. Көне түркілік и түбірі тат., баш. тілдеріндегі *jo* моносиллабымен метатезалық өзгеріске түскен.

CV моделі бойынша жасалған есім⁵етістік мәнді түбір морфемалар: **ba*→*bar* ≈ *baj* `бар, барлық, бай, байлық`⁶*бар болу, бай болу, баю* КЧ. I, 9, Тон. 14, Он. II, 2; Е. 20, 28, 39, КТк. 10, КТү. 16, 29: *Tört oylum bar ücün* Е. 20 «Так как у меня было четыре сына» (Аманж. II, 124)~ қаз., ққалп., башқ., тат., қырғ., құм., қар. *bar*. Ескерткіштер тілінде *bar* сөзі `байлық, мүлік` мәнінде де жұмсалады: *Ebin barimïn qalisiz qor kelürti* КТү. 41 «Үйін-мүлкін

¹ Кажибеков Е.З. Глагольно-именная корреляция гомогенных корней в тюркских языках. – Алма-Ата: Наука, 1986. – С. 93.

қалдырмай, көп әкелді» (Айд. I, 181). *Ėiyanıy baj qıltı* КТү. 16 «Жарлыны бай қылды» (Айд. I, 174) ~ қаз., қырғ., ноғ., ққалп., құм., қар., тат., башқ. *baj*. А.Самойлович *baj, bar* лексемаларын түбірлес сөздер ретінде қарастырады¹. *baj* ≈ *bar* сөздерінің мазмұнына ортақ `баршылық`, `байлық` семасы оларды жасырын синкретизмдер қатарында қарастыруға негіз болады. Ортақ мазмұн **ba* тұлғасында сақталған.

VC моделі бойынша жасалған есім \rightarrow етістік мәнді түбір морфемалар. *aĥ* `аш (қарны аш) \rightarrow `ашу (қарны ашу)` ДТД, 32: *Bir todsar aĥsiq emezsen* КТк. 8 «Бір тойсаң аштықты ойламайсың сен» (Айд. I, 169) ~ е. қып. *aĥ*; қар., құм., тат. *aĥ*; башқ. *as*, ққалп., ноғ., қаз. *aĥ*. Жалпы түркілік *aĥ/as* `ас, тамақ` (ДТС, 61) сөзі көне түркі жазбаларында кеңінен қолданылады, мысалы: *Iĥire aĥsiz, taĥra tonsiz* КТү. 26 «Іші ассыз, сырты тонсыз» (Айд. I, 176) ~ башқ., тат., қар., құм. *aĥ*, қаз., ноғ., ққалп. *as*. «тамақ, ауқат» мәніндегі *as/aĥ* түбірі мен `аштық, қарны ашу` мәніндегі *aĥ/aĥ* синкретизмі де түркі түбірлеріне тән антиномиялық қатынастағы гомогенді бірліктер.

CVC моделі бойынша жасалған есім \rightarrow етістік мәнді түбір морфемалар: *ton* `киім (тон) \rightarrow `тона` (ДТД, 68), КТү. 26: *Iĥire aĥsiz taĥra tonsiz* «іші ассыз, сырты тонсыз» (Айд. I, 176). Қазіргі қыпшақ тілдерінде *ton* сөзінің мағынасы нақтыланып `сырт киім, ішік` мәнінде қолданылатыны белгілі: қаз., ққалп., ноғ. *ton*; тат., башқ. *tun*. Ескі қыпшақ жазба ескерткіштерінде `көйлек` (Құрыш. 204) мағынасы тіркелген. Түркі тілдері бойынша *ton* лексемасының жалпы киімге қатысты `халат`, `кафтан`, `шамандар киетін арнайы киім`, `пальто`, `шинель`, `қой терісінен жасалған ішік`, `плащ`, `тұлып`, `аяқ киім`, `етік`, `шалбар`, `іш киім` мағыналары белгілі (ЭСТЯ III, 263) Ә.Құрышжанов қазақ тіліндегі *ton* сөзі арқылы жасалған *tona* етістігінің `киіндіру`, `шешіндіру` мағыналары да бар екенін, соңғы мағынасының негізінде `ұрлау`, `сыпырып алып кету` мәнін беретін *tona* лексемасы қалыптасқанын көрсетеді².

¹ Самойлович А.Н. Тюркское языкознание. Филология. Руника. – Москва: Восточная литература РАН, 2005. – С. 291-297.

² Құрышжанов Ә. Қазақ тіліндегі тон сөзінің мағыналары // ҚазССР ҒА Хабарлары. Филология және искусства сериясы. – 1960. – № 1.

Гомогенді түбір морфемалардың полисемиялық табиғатына сәйкес олардың антонимдес семаларының ыдырауы да тіл онтологиясымен байланысты қалыптасқан құбылыс. Кез келген тілдік жүйедегі қарама-қарсы мәндегі жұптарды лексика-семантикалық тұрғыдан топтастыру шарттылыққа негізделеді. Көне түркі тіліндегі түбір морфемалар семасындағы оппозициялар идеялық белгілеріне орай бір-бірімен тығыз сабақтастықта дамып, тілдік әлемдегі жүйелі кешенге айналған. Гомогенді түбір морфемалар мазмұнындағы оппозициялық коннекторлардың шарттылық сипатының астарында идеялық сабақтастықтың іздері сақталады. Тіл дамуының бастапқы кезеңдерінен бастау алатын мұндай құбылыстар өте сирек ұшырасатын, лексикалық дамудың ежелгі қалып-бейнесінің сілемдері ғана. VII-X ғасырлардағы көне түркі жазба ескерткіштері тіліндегі реликт белгілер V, CV, VC моделді тарихи түбір морфемалардың полисемиялық, синонимиялық, антонимиялық табиғатынан көрініс береді.

Сөз таптары. Сөз таптары – сөзді жалпы грамматикалық мағыналарының, лексика-семантикалық сипатының, түрлену жүйесінің, синтаксистік қызметінің ортақтығына қарай жүйелеп, жіктейтін лингвистикалық категория. Сөздерді сөз таптарына бөліп топтастыру әр сөзге байланысты әртүрлі белгілер арқылы ғана айқындалмайды, сөз таптарына тікелей қатысты және оның мәнін айқындай алатын тұрақты белгілерінің негізінде жан-жақты жіктеу үшін жүйелі принциптер негізге алынады. Осы принциптер сөздердің ортақ грамматикалық сипаттарына негізделуі тиіс. Тілдік жүйедегі әрбір сөз сөйлеу үдерісінде өзіндік лексикалық мағынасын сақтай отырып, жалпыланып, абстракцияланып жалпы грамматикалық мағынаға ие болады. Жалпы грамматикалық мағыналар негізінде лексикалық мағынасы әр түрлі сөздер ортақ сипатқа ие болады. Сөздердің сөз таптарына топтастырылуы грамматикалық сипаттағы осы ортақ белгілерге негізделеді. Сөздерді сөз таптарына жіктеудің негізгі ұстанымдары: семантикалық принцип (сөздің лексикалық ма-

ғыналарының жалпылануы арқылы пайда болатын жалпы грамматикалық мағына); морфологиялық принцип (белгілі грамматикалық топқа тән түрлену жүйесі, парадигмалық тұлғалану арқылы берілетін категориялық-грамматикалық мағына); синтаксистік принцип (сөйлемдегі сөздердің белгілі сөйлем мүшесі қызметін атқара алуы мен сөздің байланысқа түсіп тіркесуі арқылы пайда болатын қатыстық грамматикалық мағына)¹. Түркі тілдеріндегі әрбір сөз табының өзіне тән сөз тудыру жұрнақтары мен түрленім жүйесін қамтамасыз ететін жалғаулары бар.

Зат есім. Түркі тілдеріндегі лексика-семантикалық өрісі аса кең сөз таптарының бірі зат есімдер. «Айналамызды қоршаған дүниедегі зат пен жануар атаулыға, барлық құбылыс пен оқиға, болмыс атаулыға есім, атауыш болып келетін сөздердің бәрі – зат есімдер. Лексикалық тұрғыдан алғанда зат есімдер өз алдына мағыналық дербестігі бар, заттық ұғымды білдіретін сөздер»²; морфологиялық тұрғыдан алғанда өзіне тән құрылымдық жүйесі бар, түбір морфема мен қосымша морфемадан тұратын, заттар мен құбылыстардың номинациялық ерекше белгісін танытатын тілдік бірлік (қаз. *buzaw*, чув. *p̄ari* түркм. *bidaw*: түрік. *buzayü* ‘бұзау’ т.б.).

Зат есімдерге көптік жалғауларының жалғануы олардың жекеше, көпше топтарға ажырауына негіз болады, сондай-ақ көптік формасындағы зат есімдер көптік мәнімен қатар жинақтау, тұспалдау, болжау мағыналарын да иеленеді. Жіктік жалғауын зат есімдердің бәрі бірдей қабылдай бермейді, лексикалық мәніне байланысты – адамның кәсібі, қабілеті, тегі, туыстығы, жынысы, жас шамасы тәрізді жеке басына тән белгілері мен қасиеттерін білдіретін сөздер тобы ғана жіктеледі. Зат есімдерге жіктік жалғауының жалғануы бастауыш пен баяндауыштың сөйлем ішінде бір-бірімен синтаксистік қарым-қатынасқа түсінің негізгі

¹ Исаев С. Сөз таптары// Қазақ тілі. Энциклопедия. – Алматы, 1998. – Б. 363.

² Қазақ грамматикасы. Фонетика. Сөзжасам. Морфология. Синтаксис. – Астана: Астана полиграфия, 2002. – Б. 442.

амалы болып табылады¹. Белгілі бір заттың үш жақтың біріне меншіктілігін білдіру тәуелдік категориясы арқылы көрсетіледі². Септік категориясы зат есімдердің сөйлем ішінде өзге сөздермен дәнекерлесуін, сөйлем мүшесі ретіндегі грамматикалық қызметін қамтамасыз етеді. Зат есімдердің сөйлемдегі қызметі, сөйлем мүшелерімен грамматикалық қарым-қатынасын қамтамасыз ететін сан-мөлшерлік, тәуелділік немесе меншіктілік-объективтілік т.б. грамматикалық мағыналары көптік, жіктік, тәуелдік және септік категориялары арқылы жүзеге асады.

Сын есім – мазмұндық-семантикалық жағынан ла, сөзжасам, сөз түрлендіру амалы жағынан да, синтаксистік қызметі мен басқа сөздермен тіркесімділігі тұрғысынан да өзіндік ерекшеліктерімен ажыратылады. Сөз таптары жүйесіндегі сын есімдер семантикалық сипаты бойынша белгілі бір заттың әр түрлі сапалық белгісін, сыр-сипатын, қасиетін, көлемін, ауқымын, түр-түсін және белгілі бір басқа затқа, құбылысқа, іс-әрекетке қатыстығын білдіріп, көбіне зат атауын анықтап тұрады. Сын есімдердің маңызды белгілері: заттың түр-түсін білдіреді; заттың көлемдік-ауқымдық, салмақтық белгісін, сынын білдіреді; заттың сапалық белгі, сипатын білдіреді; заттың дәмі, исі және басқа сипаттарына байланысты белгілерін білдіреді; затқа, қимыл, іс-әрекетке, мезгіл-мекенге қатысты сынды білдіреді³. Морфологиялық табиғаты жағынан басқа есім сөздерге қарағанда сын есімдердің түрлену парадигмасы тым шағын. Шырай категориясы сын есімдердерді толық қамтитын түрлену жүйесі емес, сын есімдердің бір ғана мағыналық топтарына – сапалық сын есімдерге ғана тән, қатыстық сын есімдер шырай формасымен түрленбейді. Көптік, тәуелдік, жіктік, септік жалғаулары сын есімдердің субстантивтеніп, зат есімнің орнына жұмсалған тұлғаларына ғана жалғанады. Сөйлем құрамындағы сын есімдерге

¹ Қазақ грамматикасы. – Астана, 2002. – Б. 458.

² Аханов К. Грамматика теориясының негіздері. – Алматы, 1996. – Б. 150.

³ Қазақ грамматикасы. – Астана: Астана полиграфия, 2002. – Б. 460.

септік, көптік, тәуелдік, жіктік жалғауларының бірі жалғанатын болса, ол лексема сын есімдік сапасынан ажырайды.

Түркі тілдеріндегі сын есімдер жүйесі мән-мағынасы жағынан, субстантивтенуге бейімділігі жағынан зат есімдермен сабақтастықта болса, қызметі жағынан есімше категориясымен, кейде үстеу категорияларымен ұштасып жатады. Сын есімдердің кейбір түрлерінің есімшелермен немесе үстеулермен сабақтастығы сын-сапаныбілдіретін лексемалық топтардың әрі сын есім, әрі зат есім, кейде есімше, кейде үстеу ретінде қалыптасуытілдің интралингвистикалық даму үдерістеріне сай танымдық-логикалық негізде жүзеге асатын құбылыс. Мысалы, *aq* – түр-түсті білдіретін сын есім, *aq* – сүт тағамдарының жалпы атауын білдіретін зат есім; *kök* – түр-түсті білдіретін сын есім, *kök* – аспан әлемінің атауын білдіретін зат есім. Түркі тілдері құрамындағы сын есімдер негізгі үш түрлі жолмен қалыптасады: есімдердің (зат есімдер де, қимыл есімдері де) контексте қолданылу барысында трансформацияланып, сын есімге айналады; дербес сөздердің бірігуі, қосарлануы арқылы күрделі сын есімдер туындайды; сөзжасам жұрнақтары арқылы жасалады.

Сан есім. Заттың немесе заттық ұғымдар мен құбылыстардың санын, мөлшерін, бөлшегін, ретін білдіретін сан есімдер өзіндік лексика-семантикалық ерекшеліктері, морфологиялық белгілері, синтаксистік қызметі бар дербес сөз табын құрайды. Сан есімнің басқа сөз табынан айырмашылығы – зат есіммен тіркесіп, заттық ұғымның сандық сипатын анықтайды; зат есімсіз қолданылып сандық атауды білдіреді; етістіктермен тіркесіп, іс-әрекет пен қимылдың сандық сапасын сипаттайды; сан есімдер басқа сөз таптарынан жасалмайды; күрделі сан есімдер жасайтын дара сан есімдердің көлемі (саны) айқын болады. Сандық мағынаны білдіретін сөздер қай тілдің болмасын тұрақты қоры болып табылады, біртұтас құбылыс ретінде танылатын бір белгі – есептік сан есімдер. Бұл жүйенің басқа тілдерден ауысу жолымен қалыптасуы – тілдер тарихында аса сирек ұшырайтын құбылыс, сондықтан есептік сандарды білдіретін сөздердің төр-

кіндес болып келуі тілдердің өзара жақындығының, генетикалық туыстығының дәлелі болып табылады.

Ұрпақтан ұрпаққа жалғасып келе жатқан, мыңдаған жылдық тарихы бар ауыз әдебиеті үлгілерінде – мақал-мәтелдер мен фразеологизмдерде, ертегілер мен аңыз-афсаналарда, тұрмыстық жырлар мен дастандарда сандық ұғымды білдіретін лексемалардың жиі қолданылуы, олардың әрқайсысына тән сакралды мән жүктелуі түркі халықтарының сандық жүйені терең меңгергенін, соған сәйкес сан, санақ жайлы ұғымдарды білдіретін тілдік бірліктердің де тым ерте кезден қалыптасқанын көрсетеді. Мұның басты дәлелі ретінде *mīn*, *tümen* сынды көп санды білдіретін лексемалар түркілердің төл сөздерінің құрамында болуын айтуға болады. Әдетте әлем халықтары тіліндегі бірлік, ондық, жүздіктерден кейінгі дөңгелек сандардың көпшілігі кірме элементтер негізінде қалыптасады. Түркі тілдері сандық жүйесі тарихында күрделі сан есімдерге байланысты екі түрлі санау дәстүрі бар: санақ жеткен ондыққа бірлікті қосып қолдану (*qırq eki* '42') және санақ бара жатқан алдағы ондыққа бірлікті тіркеп қолдану (*eki elik* '42'). VI-IX ғасыр түркі жазба мұралары тілінде күрделі сан есімдерге сәйкес жіктелетін сандық жүйенің екінші түрі, яғни, санақ бара жатқан алдағы ондыққа бірлікті тіркеп қолдану амалы қолданылады: *jetı jegirmi* 'он жеті', *altı otuz* 'жиырма алты' т.б. Бұл жүйе сары ұйғыр тілінде сақталған.

Дара сан есімдерді түбір және негіздерден тұратын жалаң тұлғалы сан есімдер құрайды: *bir* 'бір', *eki* 'екі', *üç* 'үш' *tört* 'төрт', *bes/beş* 'бес', *altı* 'алты', *jetı* 'жеті', *sekiz* 'сегіз', *toquz* 'тоғыз', *on* 'он', *jegirmi* 'жиырма', *otuz* 'отыз', *qırq* 'қырық', *elig* 'елу', *altmıš* 'алпыс', *jetmıš* 'жетпіс', *jüz* 'жүз', *mīn/min* 'мың', *tümen* 'он мың'. Көне түркі тіліндегі дара сан есімдер қазіргі түркі тілдерінде бірнеше фонетикалық нұсқаларымен қолданылады.

Түркі тілдерінде құрылымына қарай жіктелетін – дара және күрделі сан есімдер, мағынасына қарай ажыратылатын – есептік, реттік, жинақтық, бөлшектік сан есімдер қолданылады. Руникалық ескерткіштер тілінде кейбір ондық сан есімдер құра-

мындағы дербес лексемалық деңгейдегі морфемалардың жігі айқын көрінеді (*sekiz on* `сексен`, *toquz on* `тоқсан`). Мұндай ерекше белгілердің кейбірі хакас және сары ұйғыр тілдерінде кездеседі. Ескерткіштер тіліндегі сан есімдердің (есептік) дара түрлерін жасайтын $\sqrt{-mi\check{s}/-mi\check{s}}$ қосымшасы, сондай-ақ сан есім категорияларының қосымшалары да қазақ тілінде фонетикалық өзгерістерімен сақталған.

Есімдіктер. Есімдіктертерді дербес сөз табы ретінде тануда негізінен лексика-семантикалық принцип негізге алынады. Өйткені есімдіктердің мағыналары басқа сөз таптарының мағыналарынан өзгешеленіп, оқшауланып тұрады. Есімдік сөздер сөйлемнен тыс жеке-дара тұрғанда да, сөйлем ішінде қолданылғанда да мағыналары нақтылы емес жалпылама қалыпта болып отырады. «Есімдіктердің жалпы мағынада қолданылуын олардың реальды нақтылықтан қаншалық алшақтап, қаншалық абстракциялану дәрежесіне жету шегінің көрінісі деп ұғынған жөн»¹. Түркі тілдеріндегі айрықша грамматикалық топ ретінде танылатын есімдіктердің негізгі ерекшеліктері: 1) қай сөз табы болмасын, оның өзіне тән (немесе жартылай тән) сөз жасау жүйесі болады. Осындай жүйе есімдіктерде жоқ. Жалпы бүгінгі тіл заңдылықтары тұрғысынан есімдіктер басқа сөздерден жасалмайды; 2) есімдіктер тек грамматикалық өзгерістерге ғана ұшырайды, септік, көптік, тәуелдік жалғаулары арқылы түрленеді. 3) тек есімдіктерге ғана тән грамматикалық, категориялар жүйесі жоқ. Бұл ерекшеліктер VI-IX ғасыр түркі жазба мұралары тіліне де, қазіргі түркі тілдеріне де ортақ. Орхон, Енисей, Талас ескерткіштер тілінде есімдіктердің бірнеше топтары кездеседі.

Жіктеу есімдіктері белгілі бір жақты көрсету үшін қолданылатын сөздер тобы. Сол себепті жіктеу есімдіктері үнемі адаммен, яғни сөлеуші, тыңдаушы және бейтарап бөгде кісіге қатысты қолданылады. Ескерткіштер тілінде үшінші жақты білдіретін жіктеу есімдігінің жекеше және көпше түрлерінің арна-

¹ Қазақ грамматикасы. Фонетика. Сөзжасам. Морфология. Синтаксис. – Астана: Астана полиграфия, 2002. – Б. 480.

йы формасы жоқ, контекске байланысты ажыратылады. *Ol* лексемасы сілтеу есімдігінің қызметінде де жиі қолданылады. Сілтеу есімдіктеріне тән сөздердің негізгі лексикалық мағыналары аралық қатынас тарды көрсету болып табылатындықтан олар әрқашан сөйлеушіге не сөйлемдегі субъектіге субстанциялармен құбылыстардың әралуан жақын немесе алыстық тәрізді аралық қатынастырын білдіріп отырады. Ескерткіштер тіліндегі негізгі сілтеу есімдіктерінің саны аз, олар септік тұлғаларын қабылдауы арқылы мағыналық аясын кеңейтіп отырады. Өздік есімдігі – сөйлеушіні не сөйлемдегі субъектіні өзге субстанциялар мен құбылыстардан ажыратып, даралап көрсетуші сөздер. Түркі тілдері бойынша *öz, kentü* сөздерінен жасалатын өздік есімдіктер септік, жіктік, тәуелдік және көптік жалғауларымен түрленеді. Сұрау есімдіктері – заттар мен құбылыстардың атын, санын, сапасын, мекенін, мезгілін т.б. білу мақсатында қолданылатын сұрау мәнді сөздер тобы. Сұрау есімдіктерінің субстантивтік (кім? не?) және атрибутивтік (қай? қайсы?) болып бөлінуі заттың атын білу үшін қойылатын сұрақтарға және заттың белгісін білу мақсатында қойылатын сұрақтарға қатысты қалыптасқан.

Үстеу. Түркі тілдеріндегі қимыл-әрекеттің жай-күйін, сапалық қасиеттерін білдіретін сөз табы – үстеулердің табиғаты тым күрделі, сөйлем ішіндегі синтаксистік қызметі де нақтылы сөйлем мүшелеріне байлаулы емес, етістікпен қабыса байланысып, пысықтауыш қызметін атқарса, кейде заттанып, бастауыш, толықтауыш қызметінде жұмсалады. Морфологиялық тұлғасын өзгертуге де бейім келеді, яғни есім сөздерге тән қосымшаларды қабылдап түрленеді. Сондықтан түркі тілдеріндегі үстеулерді кей жағдайда зат есім, сын есімдерден, есімдіктерден ажыратып алу қиындықтар тудырып жатады.

Түрік тілі деректері негізінде үстеу сөздерге талдау жасаған Н.К.Дмитриев: «Түрік тіліндегі кейбір сөздерді белгілі бір сөз табына енгізу мүмкін емес, олар екі немесе үш категория арасындағы ауыспалы бірліктер: 1) зат есім – етістік; 2) етістік – зат есім; 3) зат есім – сын есім; 4) сын есім–зат есім; 5) сын есім –

үстеу; 6) зат есім – сын есім – үстеу; 7) үстеу – сын есім – зат есім. Барлық жағдайдағы бастапқы нүктесін лексеманың семантикасы айқындайды, ол сөздің грамматикалық дамуы сөйлем ішіндегі синтаксистік қызметіне байланысты», – деп ой түйеді¹. Ғалымның пікірінше, жалпы сөз таптарын тұрақтандырғыш тетіктер қызметін морфологиялық көрсеткіштер (аффикстер) атқарады, тұрақтанған сөз таптары үш өлшемге – семантикаға, синтаксиске, морфологияға бағынады.

VII-IX ғасыр түркі жазба ескерткіштері тілінде үстеулер зат пен құбылыстың, қимыл мен іс-әрекеттің мекенге, мезгілге, шартқа, мөлшер мен көлемге қатысты әр түрлі қалпын, жай-күйін және сынының белгілерін білдіреді. В.М.Насилов Орхон, Енисей ескерткіштері тіліндегі үстеулер дербес лексикалық категория деңгейіне әлі жете қоймаған, даму, жетілу үстіндегі сөз тобы екенін көрсетеді². Қазіргі түркі тілдеріндегі сөз таптары жүйесімен салыстырғанда бұдан 1200-1500 жыл бұрынғы көне түркілер тіліндегі сөз таптарының даму үстінде болғаны белгілі. А.Н. Кононов көне түркі ескерткіштері тіліндегі үстеулердің сөзжасамдық жүйесінің төрт түрлі амалын көрсетеді: 1) арнайы аффикстер жалғану арқылы; 2) септік жалғаулары және көсемшенің жұрнақтары арқылы; 3) екі не одан көп сөздердің өзара кірігуі негізінде; 4) адвербиализация үдерісінің нәтижесінде³.

Көне түркі ескерткіштері тіліндегі үстеулер қатарын *emti* 'енді' КТк. 3; *iraq* 'жырақ' КТк. 5; *üze* 'үсті', *asra* 'асты' КТү.1; *küntüz* 'күндіз' КТү. 26 т.б. лексемалар құрайды. Қазіргі түркі тілдерінде осы сөздердің түрлі фонетикалық варианттары қолданыста. Түркі тілдерінің агглютинативті табиғатына сәйкес үстеулер де құрылымына қарай негізгі (көне т. *teg* 'ұқсас', *oñ*

¹ Дмитриев Н.К. Строй тюркских языков. – Москва: Издательство восточной литературы, 1962. – С. 27.

² Насилов В.М. Язык орхон-енисейских памятников. – Москва: Наука, 1960. – С.39.

³ Кононов А.Н. Грамматика языка тюркских рунических памятников (VII-IX вв.). – Ленинград: Наука, 1980. – С. 135-142.

`ерте`, *ök* `дәл, тек` т.б.) және туынды (көне т. *ebgerü* `үйге қарай`, *küntüz* `күндіз`, *örtçe* `өрттей (өртше)`, *içre* `ішке` т.б.) үстеулер болып бөлінеді. Түркі тілдеріндегі үстеу сөздер мағынасына қарай бірнеше топқа жіктеледі, олардың негізгілері: мекен үстеуі – *arqada* `арқада, кейінде`, *qodı* `төмен`, *joqarı* `жоғары`, *ebgerü* `үйге қарай`; мезгіл үстеуі – *küntüz* `күндіз`; амал үстеуі – *ebrü* `кері`, *tegire* `айнала`; сын-бейне үстеуі – *otça*→*ot+ça* `отша (от сияқты)`, *borça*→**bor+ça* `боранша (боран сияқты)` КТү.37~қаз. *otša*→*ot+ša*, *boranša*→*boran+ša*; *ögüzçe*→*ögüz+çe* `өзенше, суша`, *tayça*→*tay+ça* `таудай` БҚ.20, ~қаз. *özenşe*→*özen+çe*, *tawša*→*taw+ša*; *subça*→*sub+ça* `суша` КТү.24 ~қаз. *suwša*→*suw+ša*; мөлшер үстеуі – *ança*→*an+ça* `осылай, сонша`, *bunça*→*bun+ça* `бұнша/мұнша, сонша` БҚ.2 т.б. «Үстеулерді талдау басқа сөзтаптарына қарағанда қиындау. Өйткені, үстеудің көпшілігі басқа сөз таптарынан әр түрлі тәсілдер арқылы қалыптасқан сөздер. Елеусіз ғана мағыналық және морфологиялық өзгеріс арқылы сөз табының әрқайсысы үстеуге айналады»¹. Сондықтан үстеу тудыратын қосымша морфемалар кей жағдайда басқа сөз таптарын жасайтын қосымшалармен, септік категорияларымен, көсемшенің, есімшенің жұрнақтарымен сәйкес келіп жатады.

Етістік. «Етістік белгілі бір тілдің өзіндік ерекшеліктерін барынша айқын көрсететін аса маңызды грамматикалық категориялардың бірі болып табылады. Ол іс-әрекет пен күйдің өзгерістерін көрсету арқылы лексикада ерекше орын алады (чув. *ir-*, түркм. *ad-*; түрік. *ez-* `езу, мыжу, жаншу, илеу`; чув. *şir-*, түркм. *jad-*, түрік. *jaz-* `жаз, жазу`; чув. *tar-* `қашу`; түркм. *taδ-*; чув. *tir-*, түркм. *diδ-*, түрік. *diz-* `тізу, тізбектеу` т.б.). Етістік түбірінің дербес сөз ретінде сөз түрлендіру тұлғаларынан тыс қолданылмайтындығы оның өзіндік ерекшелігі болып табылады, алайда етістік түбірлерді диахрондық зерттеу барысында керісінше жағдайды аңғаруға болады»². Қазіргі түркі тілдеріндегі етістіктердің күрделі табиғаты,

¹ Есенқұлов А. Көне түркі жазба ескерткіштеріндегі қосымшалар. – Алматы: Ғылым, 1976. – Б. 181, 182.

² Манкеева Ж. Қазақ тіліндегі байырғы түбірлерді жаңғырту. – Алматы: «Мемлекеттік тілді дамыту орталығы» ЖШС, 2010. – Б. 19-20.

ұғымды берудегі абстрактылы сипаты, сөйлем құрамындағы (сөйлеудегі) икемділігі, есім негізді түбірлерге қарағанда саны аз болса да, түбір морфема қызметіндегі (сөз тудырудағы белсенділігі) белсенділігі VII-IX ғасыр түркі жазба ескерткіштері тіліне де тән. И.А.Батманов ескерткіштер тіліндегі етістіктер негізінде түркі тілдеріндегі етістіктерді ғасырларға созылған тілдік даму үдерісінде өзінің бастапқы тұлғасы мен мазмұнын мейілінше сақтаған, көп өзгерістерге түспеген әрі морфологиялық тұрғыдан дамыған сөздер жүйесі ретінде қарастырады¹. Сондықтан түркі тілдеріндегі етістік негізді түбір морфемаларды ажыратып, құрылымдық модельдерін жүйелеу, мазмұндық аясы мен түрлену ерекшеліктерін саралау түркі тілдерінің тарихи даму жолын анықтаудағы маңызды мәселе қатарынан орын алады.

Лексика-семантикалық табиғаты мен грамматикалық түрленімі, сөйлем құраудағы, жалпы сөйлеу үдерісіндегі функционалдық әлеуеті тұрғысынан күрделі сөз табы саналатын етістіктердің лингвистикалық сипатын құрамдық-құрылымдық ерекшеліктері, жасалу тәсілдері, мән-мағыналық жіктелісі, қимыл-әрекеттің субъектіге қатысы, қимыл-әрекеттің орындалу амалы сияқты сапалық белгілердің жиынтығынан тұрады. Етістіктің лексикалық негізі болып табылатын алынатын түбір тұлғасы етістіктің грамматикалық категориялары саналатын императивтермен, кейбір етіс тұлғаларымен сәйкес келуі түркітануда біраз пікір қайшылығын тудырды. Етістіктің түбір тұлғасы мен бұйрық райдың екінші жағының жекекеше тұлғасы жайлы түркі тіл білімінде негізінен екі түрлі көзқарас қалыптасты: 1. Етістіктердің түбір тұлғасында (негізінде) бұйрық мән әрдайым сақталады (Б.Юнусалиев, Н.Оралбаева, Ә.Төлеуов т.б.); 2. Етістіктердің императив тұлғасы олардың түбір тұлғасының бірден-бір баламасы болып табылмайды (Г.И.Рамстедт, Г.Д.Санжеев, А.М.Щербак, С.Исаев т.б.). Шын мәнінде етістіктің түбір (негізгі)

¹ Батманов И.А. Язык енисейских памятников древнетюркской письменности. – Фрунзе, 1959. – С. 83-84.

тұлғасын бұйрық райдың екінші жағы тұлғасымен теңестіруге болмайтынын, олардың шекарасы принципті түрде ажыратылатынын зерттеу нәтижелері көрсетуде: «Біріншіден, етістіктің түбір тұлғасы мен бұйрық райдың 2-жақ тұлғасы бір емес, олар сыртқы түрі жағынан ғана сәйкес келеді. Екіншіден, етістік түбірлері тікелей жіктелмейді, түбір тұлғасында белгілі бір мағынаны (қимыл) білдіргенімен, түбір күйінде тікелей сөйлем ішінде қолданылмайды, тек етістіктің белгілі грамматикалық тұлғаларын (есімше, көсемше т.б.) жамылып, оның үстіне жіктеліп барып жұмсалады»¹.

Етістіктердің түбір (негізі) тұлғасы мен императив тұлғалардың ара-жігі диахрониялық зерттеу нәтижелерінен айқын аңғарылады. Синхрониялық тұрғыдан етістіктің түбір-негіздері мен бұйрық формасының статикалық күйі сәйкес келгенімен, морфемдік талдау әдістері негізінде синхрониялық түбірлердің құрамынан тарихи түбір морфема мен қосымша морфемаларды бөліп алуға болатыны; осы қосымша форманттар кезінде бұйрық мәнін бергені; тілдің даму үдерістеріне сәйкес түбір мен қосымшалар кірігіп, тұлғалық өзгерістерге түсіп, түбір мағынасы күгірттеніп екінші дәрежелі түбір-негізге айналғаны дәйектелуде.

Есімше – етістіктердің функциялық формаларының бірі. Есімшелер әрі етістік, әрі есім орнына қолданыла береді, соған орай сөйлемде атрибуттық және предикаттық мағынаға ие болады. Есімдіктердің бұл ерекшелігі олардың етістіктер сияқты болымды және болымсыз, салт және сабақты болып бөлініп, жақтық, шақтық мағыналарды беруімен қатар, есімдер сияқты көптік, септік, тәуелдік категорияларымен түрленуінен туындайды. Түркі тілдеріндегі есімшелер етістіктің модификациялық түрі болғанымен, басқа есім сөз таптарымен тарихи байланыста. Сондықтан көне түркі жазба тілдерінде, тіпті қазіргі түркі тілдерінде қолданылатын кейбір есімше тұлғалары зат есімдер мен сын есімдер, үстеулер құрамынан ұшырасады. Бұл

¹ Қазақ грамматикасы. – Астана, 2002. – Б.497.

тілдің даму барысында есімше тұлғаларының кейбір топтары аталған сөз топтары құрамына трансформацияланғанын көрсетеді. Бұл көне түркі жазба ескерткіштері тіліндегі есімше формасына да тән. Көсемше – етістіктердің бір-біріне байланысы мен қатынасын көрсетеді. Көсемшелер мағыналық-тұлғалық жағынан тиянақсыз болғандықтан, әрдайым өзінен кейін тиянақты мән беретін етістікті қажет етіп тұрады.

Етістіктің рай категориясы–сөйлеушінің қимыл, іс-әрекетке көзқарасын, қимылдың, іс-әрекеттің шындық болмысқа қатысын, модальдық мәнін білдіретін, белгілі бір парадигмалық тұлғалар жүйесінен тұратын етістіктің грамматикалық категориясы. Сөйлеуші лебізінің я сөйлеуші пікірінің ақиқат шындыққа қатысын білдіретін тілдегі тиісті фонетикалық, лексикалық, грамматикалық тәсілдер арқылы берілетін модальдық категориясы рай категориясының негізін құрайды: «Модальдік категориясының етістік формалары арқылы берілетін амал-тәсілдерінің жүйесі етістіктің райы деп аталады¹. Рай категориясының негізін құрайтын модальдықтың көрінісі – қимыл-әрекеттің шындық болмысқа қатысын сөйлеушінің бағалауын сипаттайды. Етістіктің модальдық категориясының мазмұнын қимыл мен субъектінің бір-біріне қатынасының сөйлеуші көзқарасы бойынша бағалануы айқындайды. Етістер – қимыл мен іс-әрекеттің, субъекті мен объекті арасындағы семантикалық-синтаксистік сипаттағы әр түрлі қатынасты білдіретін етістік категориясы. Етістің негізгі қызметі іс-әрекеттің қимыл иесі мен істелетін іске қатысын айқындау. Етістер қызметі мен мағынасына орай төрт түрге бөлінеді: өздік етіс, өзгелік етіс, ырықсыз етіс, ортақ етіс.

Етістіктің шақтары – қимыл мен іс-әрекеттің сөйлеп тұрған сәтпен байланысты сол сәтте болып жатқанын, болып өткенін, алдағы уақытта болатынын білдіретін етістіктің грамматикалық категориясы. Іс-қимыл уақытқа тәуелді, кезкелген әрекет уақыттың үш түрлі сәтінде (өткен, алда болатын және қазіргі сәттер)

¹ Ысқақов А. Қазіргі қазақ тілі. – Алматы, 1974. – Б. 322.

жүзеге асады немесе жүзеге аспайды. Соған орай шақ категориясы үш түрлі болып келеді. Түркілер дүниетанымындағы уақыт категориясының тереңдігіне байланысты үш шақтың түрлі реңктерін анықтайтын әр шақтың бірнеше түрлері бар.

Қосымша морфемалардың дамуы. Агглютинативтік құрылымдық жүйеге байланысты қалыптасқан түркі тілдеріндегі морфемалар мен грамматикалық тұлғалардың өзіндік ерекшеліктері негізінен морфологиялық амал-тәсілдерге және морфологиялық заңдылықтар мен құбылыстарға байланысты туындайды. Сондықтан қазіргі түркі тіл білімінде қосымшалардың қалыптасу тарихы мен этимологиялық негіздеріне қатысты бірнеше пайымдаулар бар: жалғамалылық тілдік жүйенің заңдылықтарына сай дербес лексикалық мағынасын, соған сәйкес екпінін жоғалтқан жеке сөздерден қосымшалар пайда болады; сөз тіркестерінің соңғы сыңарларының дербес мағыналарынан ажырауы негізінде, грамматикалық көрсеткіштерге айналады; бірнеше қосымшалардың кірігуі немесе фузиялық құбылыстарға ұшырауы нәтижесінде күрделі грамматикалық тұлғалар қалыптасады немесе осы қалыптасқан күрделі тұлғалардың өз ішінен ыдырауы, редукциялануы арқылы жаңа грамматикалық көрсеткіштердің қалыптасуы мүмкін.

Морфеманы тілдің әрі қарай бөлшектеуге болмайтын ең кіші бірлігі ретінде танитын морфологиялық теорияның ғылыми ұстанымдары синхронды тұрғыдан толық дәйектелгенмен, тарихи-диахрониялық зерттеулер бойынша сөздің этимологиясын айқындау, морфемалардың архиформаларын жаңғырту, кіріккен морфемалардың жігін ажырату мәселелерінде әрдайым нәтижелі бола бермейді. Сондықтан морфемдік-талдау әдісін тек дербес мағыналы бір буынды түбір морфема мен қызметі белгілі қосымша морфема аясында ғана шектеуге болмайтыны жан-жақты қарастырылуда. Қосымша морфемалардың қалыптасу үдерістері мен дербес лексемалардың түрлі интраэкстралингвистикалық факторларға байланысты жүзеге асатын ықшамдалу↔өзара кірігу↔қайта ықшамдалу үдерістерімен сабақ-

тастырылуы да қосымшаларды зерттеу барысында тілдің онтогенездік табиғатына қатысты имитатив теориясының басты ұғымы фоно-семантикалық құбылыстарға; тарихи дыбыс сәйкестіктері негізінде айқындалатын жекелеген дыбыстардың идеосегменттік, идеосемантикалық қабілеттеріне; үндіеуропа тілдерінің прототілдік қабатын жаңғырту барысында қолданылған силлабофонема теориясының; сөздің бастапқы буынына негізделетін моносиллаб теориясының; сөз құрамындағы дауысты/дауыссыз дыбыстар тіркесінің дербес лексемалық қабілетін дәйектейтін түбіртек теориясының нәтижелері мен зерттеу амалдарына да сүйенуді қажет етеді. Бұл тілдік құрылымның даму барысындағы жүйелі, жүйесіз құбылыстар мен заңдылықтардың тек тілдің бір дейгейінде ғана емес, барлық тілдік деңгейлер арасында кезең-кезеңімен жүретін өзара интерференциялық үдерістерді қамтитынын көрсетеді. Соған орай қосымша морфемалардың тұлғалық және мағыналық дамуы да тұтас тілдік жүйенің даму үдерісіне сай жүзеге асады.

Жалпытүркілік фонетикалық жүйеге, үндестік заңына сәйкес түркі тілдеріндегі қосымшалардың тұрақты дыбыстық тұлғасы жоқ, түбірдің дыбыстық құрамына сай вариациялық нұсқаларға бөлінеді¹.

Қосымша морфемалардың семантикалық және грамматикалық жағынан жаңаруы олардың тұлғалық-құрылымдық тұрғыдан өзгерістерге ұшырап фонетикалық варианттылық түзуімен қатар жүретін құбылыс. Қосымшалардың вариациялануы, корреляциялануы өздері жалғанатын түбірлер мен түбір-негіздердің фоно-морфологиялық, лексика-грамматикалық ерекшеліктеріне, қалыптасқан жаңа сөздің немесе түрленім, өзгерім категорияларының уәждік негіздеріне сәйкес те өзгерістерге ұшырап отырады.

Қосымшалардың тұлғалық-құрылымдық варианттарын үндестік заңының ықпалымен орныққан фонетикалық нұсқалар,

¹Дмитриев Н.К. Строй тюркских языков. – Москва: Издательство восточной литературы, 1962. – С. 290-291.

өзгерген морфемалардың арасына қыстырма дыбыстардың қолданылуы арқылы қалыптасқан фонетикалық варианттар, құранды-күрделі қосымшалар компоненттерінің кірігуінен пайда болған жаңа формалардың басқа формалармен тұлғалық сәйкестік түзуінен тұратын кездейсоқ варианттар құрайды. Түркі тілдерінің агглютинативті сапасына сай бірнеше вариациялы жалаң қосымшалар күрделі қосымшалар құрамында түрлі өзгерістерге ұшырай отырып қолданылады, үндестік заңына және өзі жалғанатын түбірдің, түбір-негіздің қасиеттеріне байланысты жаңа форманың да бірнеше тұлғалық варианттары қалыптасады. В.Котвич алтай тілдеріндегі түбір сөз құрамындағы дауыссыз дыбыс пен қосымша құрамындағы дауыссыз дыбыстардың өзара үндесуіне байланысты *t, d, l, n* дыбыстарынан басталатын қосымшалардың төрт түрлі варианты қалыптасса, олардың құрамындағы дауысты дыбыстардың сингармониясы нәтижесінде *t, d, l, n* дыбыстарынан тұратын әр варианттың тағы да төрт түрлі нұсқасы қалыптасатынын көрсетеді¹. Мәселен, түркі тілдеріндегі көптік мәнді *√-tar/-ter/-tär, √-dar/-der/-där, √-lar/-ler/-lär, √-nar/-ner/-när* қосымшасы.

Ұзақ мерзімге созылатын лингвоонтогенездік үдерістер барысында қосымша морфемалар белгілі семантикалық және функционалдық бағытқа қарай бейімделіп дамиды, соған сай олардың семантика-грамматикалық, функционалдық сапасы қалыптасады. Қосымша морфемалардың полисемантикалық, полифункционалдық сипаты олардың әр түрлі сөз таптарына жататын сөздерге жалғану қабілетін көрсететін поливалентті сапасы арқылы анықталады. Зерттеушілер қосымшалардың валенттілігін екі топқа бөліп қарастырады: функционалды валенттілік және категориалды валенттілік. Функционалды валенттілікке белгілі бір қосымшаның бір ғана қызметте (тек сөз тудырушы немесе сөз түрлендіруші) көрініс беруі жатады. Функционалды валенттілік іштей сөз тудырушы, сөз түрлендіруші, тұлға тудырушы болып бөлінеді. Барлық функ-

¹ Котвич В. Исследование по алтайским языкам. – Москва, 1962. – С.32.

ционалды валенттіліктің мөлшері аталған қосымшаның толық немесе жалпы валенттілігін құрайды. Қосымша жалғанған сөз табының ерекшелігіне байланысты функционалды валенттілік – номинативті, субъстантивті, адъективті, вербалды, адъвербиалды т.б. болып белгіленеді. Категориалды валенттілік аталған қосымша арқылы қандай сөз таптары жасалатынына негізделеді және өнімділік дәрежесіне қарай қосымшалардың нақтылық, жүйелілік иерархиясын анықтаудың критерийі қызметін атқарады. Ал гомогенді қосымшалардың валенттілігін салыстыру, олардың әрқайсысындағы морфемалардың даму бағыты мен эволюциясын анықтауға мүмкіндік береді¹.

Тіл білімінде негізінен сөздің морфологиялық ерекшеліктерін қамтитын сөзжасам, тұлғажасам және сөзтүрленім/сөз-өзгерім ұғымдары қолданылады. Сөзжасам мәселесі дербес ұғымның лексикализациялануына тікелей қатысты болғандықтан ономонологиялық, семасиологиялық үдерістерге сай жүретін құбылыс. Сондықтан сөзжасам мәселесі фонология мен морфологияға, лексикологияға мен семантикаға бірдей қатысты дербес сала ретінде қарастырылуда. Сөзжасам үдерісі дербес лексема мәртебесіндегі жаңа атауларды тудыру, олардың құрылымын модельдеу, лексемалық бірліктердің семантикалық ерекшеліктерін (сөздердің әр түрлілігін) қамтамасыз ету үшін қызмет етсе; тұлғажасам үдерісі тілдегі барлық сөздерді, оның ішінде сөйлеуде, сөйлемде, мәтінде нақты тілдік грамматикалық категорияларға сәйкес келетін туынды сөздердің ретімен қолданылуын қамтамасыз ету үшін қызмет етеді².

Түркі тілдерінің академиялық грамматикаларында тұлғажасам мен сөзтүрленім/сөзөзгерім сөздің грамматикалық категорияларын сипаттайтын өзара синонимдес морфологиялық құбылыс ретінде танылса, кейбір еңбектерде бұл терминдер

¹ Тектіғұл Ж.О. Қазақ тіліндегі түркі негізді аффикстердің эволюциясы. – Алматы: Ғылым, 2002. – Б.31.

² Кубрякова Е.С. О формообразовании, словоизменении, словообразовании и их соотношении // ИАН, Серия литература и язык. Т. 35. – Москва: Известия АН СССР, 1976. – №6. – С. 518.

дербес ұғымдар ретінде қарастырылады. Көне түркі, орта түркі, қазіргі түркі тілдері бойынша А.Н.Кононов, Н.К.Дмитриев, Т.А.Бертагаев, Н.А.Баскаков, М.А.Хабичев, В.Г.Гузов, А.Ысқақов, А.Есенқұлов, А.Ибатов, Ы.Маманов, М.Томанов, С.Исаев т.б. зерттеушілер тарапынан кеңінен қарастырылды.

А.Н.Кононов түрік тіліндегі етістіктердің морфологиялық құрылымын екі топқа бөліп қарастырады: I. Формообразование глагола; II. Словообразование глагола. Сөзтүрленімді де тұлғажасам аясында саралаған ғалым тұлғажасамға етістіктің түрлерін, шақ және рай категорияларын, етіс категориясын, етістіктің жіктелуін, модальдық формаларын, есімшені және көсемшені жатқызады¹. Сөзжасамды «лексикалық морфология», «сөз жасаудың тұлғалық көрсеткіштерінің жүйесі» ретінде, сөзтүрленімді «сөз тіркестері мен сөйлемнің морфологиясы» немесе «синтаксистік морфология» ретінде қарастырған Н.А.Баскаков тұлғажасам мен сөзтүрленімнің арасына шек қоймай бір ұғым ретінде таниды. Ғалым сөзтүрленім жүйесін синтаксистік конструкциялар құрамындағы сөйлем мүшелерінің өзара синтаксистік қатынастарын білдіретінін дәйектеп, сөзжасам мен сөзтүрленімге «грамматикалық көрсеткіштер жиынтығы, тілдік механизмдегі морфемалар жиынтығы» деген анықтама бере².

Түркі тілдеріндегі қосымшаларды үш топқа бөліп қарастырған профессор Ә.Ибатов сөзжасам қосымшаларына түбірнегіздер мен туынды негіздерден жаңадан туынды сөз тудыратын қосымша морфемаларды; тұлғажасам қосымшаларына зат есімнің экспрессивті-эмоционалды мән беретін жұрнақтарын, сынестімнің шырай категориясын, реттік сан есімнің және үстеудің кейбір жұрнақтарын; сөзбайлам қосымшаларына зат есімге немесе субстантивтенген басқа да сөз таптарына жалғанатын көптік, септік, тәуелдік, жіктік жалғауларын жатқызады³

¹ Кононов А.Н. Грамматика современного турецкого литературного языка. – Москва – Ленинград: Изд-во АН СССР, 1956. – С. 190.

² Баскаков Н.А. О границах словообразования и словоизменения тюркских языках // Советская тюркология. – 1986. – №2. – С. 7-8.

³ Ибатов А. Сөздің морфологиялық құрылымы. – Алматы: Ғылым, 1983. – Б. 16-17.

Жалпы түркі тілдеріндегі тұлғажасам аффикстерінің басты ерекшеліктері мынадай белгілер бойынша сипатталады: тұлғажасам аффикстері негізінен сөзтүрленім/сөзөзгерім аффикстерінің алдында қолданылады; тұлғажасам аффикстерімен келген есімдер өзіне сөзтүрленім/сөзөзгерім аффикстерін қабылдайды; тұлғажасам аффикстерінің мағынасы сөзтүрленім/сөзөзгерім аффикстерінің мағынасынан кеңірек; есімдердің тұлғажасам аффикстері тек есімдер мен субстантивтенген сөздерге ғана жалғанады; тұлғажасам аффикстеріне аяқталған сөздер сөйлемде бастауыш, толықтауыш, анықтауыш және пысықтауыш қызметін атқарады; кейбір тұлғажасам аффикстері үндестік заңына бағынбайды; кей жағдайда тұлғажасам аффикстері негізгі сөздің (түбір, түбір-негіз, туынды сөз) құрамына кіреді; тұлғажасам аффикстері бірінен кейін бірі қабатталып қолданыла береді; тұлғажасам аффикстерінен кейін сөздің грамматикалық мағынасы әрі қарай дамиды¹.

Қарашай-балқар тілдері деректері негізінде морфологиялық зерттеу жүргізген М.А.Хабичев сөзжасам мен тұлғажасам ұғымдарының өзіндік ерекшеліктерін саралап көрсетеді: «Сөзжасам жүйесінің аффикстері жаңа лексикалық бірлік жасайтын болса, тұлғажасам негізгі және туынды түбірге жалғанып, сөзге жаңа грамматикалық мағына үстейді. Ол мағына әр түрлі болады: тәуелдік, салыстыру, ұқсату, кішірейту, қатыстық т.б. Тұлғажасамның кейбір аффикстері көп мағыналы болып, синкреттік сипатта да қолданылады. Кейде тұлғажасам аффикстері жалғанған сөздер дербес лексемаға айналып

¹ Қараңыз: Серебренников Б.А., Гаджиева Н.З. Сравнительно-историческая грамматика тюркских языков. – Баку, 1979; Кононов А.Н. Грамматика языка тюркских рунических памятников IX века. – Ленинград: Наука, 1986; Есенқұлов А. Көне түркі жазба ескерткіштеріндегі қосымшалар. – Алматы: Ғылым. 1976; Хабичев М. Карачаево-балкарское именное формообразование и словообразование. – Черкесск, 1977. – С.71-72; Щербак А.М. Очерки по сравнительной морфологии тюркских языков. – Ленинград, 1977. – С.33. Баскаков Н.А. О границах словообразования и словоизменения тюркских языках // Советская тюркология. – Москва, 1986. – №2. – С. 7-8; Саурықов Е.Б. Түркі тілдеріндегі үстеу сөз табының қалыптасуы. – Тараз, 2009. – Б. 72-73. т.б.

сөзжасам қосымшасына трансформацияланады»¹. А.М.Щербак та түркі тілдерінде сөзжасам мен сөзтүрленім аралығында жүретін морфологиялық көрсеткіштердің жиі кездесетінін атап көрсетеді².

Алғашқы қосымшалардың да тұлғалық өзгерістерге түсу мүмкіндігінің шектеулігіне орай бір форманттың бірнеше грамматикалық мәнде немесе бірнеше лексикалық (етістік – есім) мәнде қолданылуы мүмкін. Бұл құбылыс түбір сөздердің семантикалық дамуында ерекше орын алғандығы белгілі, әрі қосымша морфемалардың бір кездері толық мағыналы дербес сөз болғандығын қолдайтын зерттеушілердің пікіріне сүйенсек, синкретизм құбылысының қосымша морфемаларды да қамту мүмкіндігін теріске шығаруға болмайды.

Қосымша морфемалардың дербес лексема түріндегі архитұлғалары өзінің омонимдік сапасын сақтай отырып, қосымшалар құрамына өтуі де ықтимал. Осы орайда Ә. Қайдардың «...синкретикалық түбірлерге жалғанған қосымшалар да синкретикалық сипат алады, одан басқа аффикстердің ішінде екі функционалды, көп функционалды, индифферентті түрлері тағы бар» деген пікірін ескеру қажет³. Ғалымның көзқарасы бойынша, «жалпы грамматикалық форманттар, соның ішінде сөз тудырушы қосымшалар әдетте кз келген түбірге жалғана бермейді және олар белгілі бір тәртіппен ғана жалғанады, сондай-ақ аффикстерді ғылымда есім түбірге және етістік түбірге жалғанатын аффикстер деп екі топқа бөліп қарастыру дәстүрі бар. Сөздердің морфологиялық тұлғасын диахронды деңгейде зерттейтін морфологиялық этимология бұл қағиданы аксиома деп қарауға болмайтынын дәлелдейді»⁴. Қосымшалар

¹ Хабичев М. Карачаево-балкарское именное формообразование и словообразование. – Черкесск, 1977. – С. 71-72

² Щербак А.М. Очерки по сравнительной морфологии тюркских языков. – Ленинград, 1977. – С. 33.

³ Қайдаров Ә.Т. Қазақ тілінің тарих лексикологиясы проблемалары мен міндеттері // Қазақ тілі тарихи лексикологиясы мәселелері. – Алматы, 1988. – Б.27.

⁴ Қайдар Ә. Қазақ тілінің өзекті мәселелері. – Алматы: Ана тілі, 1998. – Б.64.

синкретизмі немесе грамматикалық синкретизм, екінші дәрежелі синкретизм жайлы пайымдаулар мен пікірлер В.Л.Котвичтің, Ф.В.Севортянның, А.Зайончковскийдің, И.А.Батмановтың, А.А.Юлдашевтің, А.М.Щербактың, А.Н.Кононовтың т.б. зерттеушілердің еңбектерінде қамтылған¹.

Түркі тілдеріндегі грамматикалық синкретизмдер қосымша морфемалардың полисемиялық сапасы аясына енеді. Сондықтан кейбір қосымша морфемалар тек зат есім мен етістікке ғана емес, сын есімдерге, сан есім категорияларына, үстеулерге де ортақ болып келуі мүмкін. Диахрониялық талдау барысында ғана анықтауға болатын кейбір көпфункционалды қосымшалардың тектестігі синхрониялық тұрғыдан аңғарылмауы мүмкін. Мысалы, негізінен қимыл есімін тудыратын көнетүркілік $\sqrt{-a\gamma u}$, $-\ddot{a}g\ddot{u}$ жұрнағы түркі тілдерінде зат есімдер жасауда да: $k\ddot{u}d\ddot{a}g\ddot{u} \rightarrow *k\ddot{u}d + \ddot{a}g\ddot{u}$ 'күйеу, күйеу бала', сан есімнің жинақтау мәнін беруде де: $ek\ddot{a}g\ddot{u} \rightarrow ek(i) + \ddot{a}g\ddot{u}$ 'екеу' қолданылады.

Түркі тілдеріндегі әртүрлі қызметте қолданылатын көне қосымшалардың бірі – $\sqrt{-q/-k}$, $-\gamma/-g$, $-\ddot{i}q/-ik$, $-\ddot{i}\gamma/-ig$, $-aq/-\ddot{a}k$, $-a\gamma/-\ddot{a}g$ тұлғалары. $\sqrt{-q/-k}$ және оның фонетикалық варианттары «туынды сөздер жасауға өнімі де мол, қызмет өрісі де аса кең омонимдес жұрнақтар»². $\sqrt{-q/-k}$, $-\gamma/-g$, $-\ddot{i}q/-ik$, $-\ddot{i}\gamma/-ig$ қосымша морфемасы көне түркі дәуірінде қимыл атауын және зат есімдер мен сын есімдер жасауға қатысса, қазіргі түркі тілдерінде әрі зат есім жасауға ($qaziq \rightarrow qaz + \ddot{i}q$ 'қазық'), әрі сын есім тудырға ($berik \rightarrow ber + ik$ 'берік') қабілетті. Б.Серебренников түркі тілдеріндегі $\sqrt{-q/-k}$, $-\gamma/-g$, $-\ddot{i}q/-ik$, $-\ddot{i}\gamma/-ig$ формантының қосарлы-жұптық мәнде жұмсалғанын көрсетеді: «суффикс $-\gamma/-g$ по-видимому имеет общее происхождение с тюркским суффиксом двойственного

¹ Қараңыз: Котвич В.Л. Исследование по алтайским языкам. – Москва, 1962. – С. 66; Севортян Э.В. Аффиксы именные словообразования в азербайджанском языке. – Москва, 1966. – С. 377-378; Юлдашев А.А. Принципы составления тюркско-русских словарей. – Москва, 1972. – С. 261; Кононов А.Н. Грамматика современного узбекского литературного языка. – Москва-Ленинград, 1961. – С. 245-246; Щербак А.М. К вопросу о происхождении глагола в тюркских языках // Вопросы языкознания. – 1975. – № 15. – С. 22.

² Ысқақов А. Қазіргі қазақ тілі. – Алматы, 1974. – Б.154.

числа, обнаруживается в таких словах, как *ajag* `аяқ`, *qulaγ* `құлақ`»¹. Мұндай мысалдардың саны тым аздығына және $\sqrt{-\gamma/-g}$ қосымшаларының қосарлы, жұптық мәнге қатысы жоқ басқа да зат есімдер мен сын есімдерге жалғануына байланысты (*ačiy* `ащы` (ДТС, 4), *adiγ* `аю` (ДТС, 6), *ariq* `арық` (ДТС, 54), *aziq* `азық` (ДТС, 73), *orig* `жол` (ДТС, 372), *qojuγ* `қою` (ДТС, 453) т.б) бұл пікірдің негізділігі анықталмай отыр.

Түркі тілдеріндегі $\sqrt{-q/-k}$, $-\gamma/-g$, $-iq/-ik$, $-iγ/-ig$ және $\sqrt{-gaj}$, $-qaj$ тұлғалы сөздердің әртүрлі сөз таптарына жатуы грамматикалық синкретизмдердің ерекшеліктерін көрсетеді. Г.И. Рамстедт түркі, монғол тілдерінде бірдей қолданылатын, сын есім тудырушы $\sqrt{-gak}$ қосымшасын $\sqrt{-sa-q}$, $\sqrt{-ra-q}$ аффикстері сияқты күрделі құрамды формант деп таниды және соңғы $\sqrt{-k}$ форманты негізгі мағынада қолданылатынын, $\sqrt{-ga}$, $\sqrt{-qa}$ тұлғалы екінші дәрежелі етістіктерге жалғанатынына айта отырып², $\sqrt{-gak}$ тұлғасының қазіргі тілдердегі варианты $\sqrt{-gaj}$, $-qaj$ формантының синкретикалық мәнін көрсетеді³. $\sqrt{-qaj}$ $/-kej$, $-\gamma aj/-gej$ қосымшасының кішірейту мәнін беруі де тілдік жүйені толық қамтымайды (*ajqaj* `айқай`), сондықтан көне форманттың қызметін бір мәнмен шектеуге болмайды. Н.А. Баскаков та $\sqrt{-qaj}$ $/-kej$, $-\gamma aj/-gej$ моделін $\sqrt{-qaq/-kek}$, $-\gamma aq/-gek$ моделімен байланыстырады⁴. Б.Серебренников пен Н.Гаджиева *bičyiw~pišaq* `пышақ` тәрізді мысалдарға сүйене отырып $\sqrt{-q/-k}$ форманты $\sqrt{-qil/-ki}$ аффикстерінің құрамындағы ызың дауыссыздардың түсіп қалуы нәтижесінде қалыптасуы мүмкін деген ой айтады⁵. Қазақ тіліндегі құрал-сайман атауын білдіретін *buryi*, *sürgi*, *süzgi*, *süngi*, *šalyi*, *šayñi* сияқты сөздердің қолданылуы $\sqrt{-\gamma/-g}$ $\sqrt{-\gamma u/-gü}$ қосымшаларының бір кездері етістіктің грамматикалық бірліктеріне қатысты қолданылуынан

¹ Серебренников Б.А. Вероятности обоснования в компоративистике. – Москва, 1974, – С. 162.

² Рамстедт Г.И. Введение в алтайское языкознание. – Москва, 1957. – С. 138.

³ Рамстедт Г.И. Введение в алтайское языкознание. – Москва, 1957 – С.184.

⁴ Баскаков Н.А. Каракалпакский язык. Сер. II. – Москва, 1952. – С. 401.

⁵ Серебренников Б.А., Гаджиева Н.З. Сравнительно-историческая грамматика тюркских языков. – Баку, 1979. – С. 109.

болуы мүмкін. Көнетүркілік $\sqrt{q}/-k$, $-\gamma/-g$, $-\ddot{y}q/-ik$, $-\ddot{y}\gamma/-ig$, $-aq/-\ddot{a}k$, $-a\gamma/-\ddot{a}g$ жұрнағы қазіргі түркі тілдерінде зат есім және сын есім тудыратын аффикстердің қатарына жатады. Бұл модельдердің көнелігін сөз тудырушы тұлға ретінде барлық түркі тілдерінде қолданылатындығымен және ескі жазба ескерткіштерінде жиі кездесетіндігімен түсіндіруге болады.

Түркі тілдеріндегі омонимиялық қосымша морфемалардың шығу тегі, қолданысы жайлы әртүрлі көзқарастардың айтылуы да олардың күрделі табиғатына байланысты. Қосымша морфемалардың тұлғалық және мағыналық, функционалдық сипатының өзгерістері жалпы тілдің даму эволюциясымен бірге жүріп отырады. Э.В. Севортян әзірбайжан тілінің деректері негізінде жиырмаға жуық етістік – есім мәнді синкреттік қосымшаларды көрсетеді¹. Қосымшалардың эволюциялық дамуы олардың тұлғалық өзгерістері, мағыналық тұрақтылығы немесе өзгергіштігі, көп функционалдылығы немесе бір ғана қызметте қолданылуы, тұлғалық және семантикалық жағынан сараланып бірізге түсуі тәрізді күрделі процестерді қамтиды. Алғашқы қосымшалардың да тұлғалық өзгерістерге түсу мүмкіндігінің шектеулігіне орай бір форманттың бірнеше грамматикалық мәнде немесе бірнеше лексикалық (етістік – есім) мәнде қолданылуы мүмкін. Бұл құбылыс түбір сөздердің семантикалық дамуында ерекше орын алғандығы белгілі, әрі қосымша морфемалардың бір кездері толық мағыналы дербес сөз болғандығын қолдайтын зерттеушілердің пікіріне сүйенсек, тілдік дамудың бастапқы кезеңдерінде полисемиялық құбылыстың қосымша морфемаларды да қамту мүмкіндігі аса жоғары болғанын байқаймыз.

Сөзжасам – деривациялық морфологияға, тұлғажасам мен сөзтүрленім – тілдің парадигматикалық жүйесіне, сөз таптарына қатысты болғанымен жалпы қосымша морфемалардың этимологиялық негіздері мен архиформаларын анықтаудың ұста-

¹ Севортян Э.В. Аффиксы именные словообразования в азербайджанском языке. – Москва, 1966. – С. 374,397.

нымдарын түбір морфемалардың архитұлғаларын жаңғырту-дың ғылыми-теориялық ұстанымдары мен амал-тәсілдері-нен бөліп қарауға болмайтынын тілдік деректер дәйектеуде. Сондықтан функционалдық-грамматикалық және семантика-лық грамматикалық қызметтері бойынша ажыратылатын қосымша морфемалардың көне формаларын жаңғырту, тари-хи даму жолын анықтау тілдің фонетика-фонологиялық, лекси-ка-семантикалық, морфонологиялық және морфологиялық қыр-ларын толық қамтуды қажет етеді.

Фонетика-фонологиялық, морфонологиялық, морфология-лық процестерді қамтитын грамматикалық даму барысында күрделі және жалаң қосымша морфемалардың тұлғалық-маз-мұндық дамуының түрлі бағытта, әртүрлі деңгейде жүруі гомогенді қосымшалардың ортақ белгілерінің көмескіленуіне алып келеді, оларға синхронды тұрғыдан гетерогенді сипат дарытады. Бұл түркі тілдеріндегі қосымша морфемалардың барлық тобына, сөзжасам жүйесіне де, сөзтүрленім мен тұл-ғажасамға да тән құбылыс. Сондықтан түркі тілдеріндегі қосым-ша морфемалардың генезисі мен этимологиясын анықтаудағы басты критерийлер мынадай пайымдауларға негізделеді: жа-лаң қосымшалардың архетипі полисемантикалы болып келеді; олар бір дыбыстан тұратын $\sqrt{-C}$, $\sqrt{-V}$ модельдерінен және дыбыс тіркестерінен тұратын $\sqrt{-CC}$, $\sqrt{-VC}$, $\sqrt{-CV}$ модельдерінен түзілген; $\sqrt{-C}$, $\sqrt{-V}\sqrt{-CC}$, $\sqrt{-V}\sqrt{-CV}$ модельдері құрамындағы дыбыстардың аллофондарға, дербес фонемаларға ыдырауына және үндестік заңына сәйкес олар полиформалы сипат алады; $\sqrt{-C}$, $\sqrt{-V}\sqrt{-CC}$, $\sqrt{-VC}\sqrt{-CV}$ модельдері құрамындағы дыбыстардың аллофондарға, дербес фонемаларға ыдырауына, альтернативалық құбылыстарға ұшырауына байланысты гетерогенді қосымшалар өзара синонимдес тұлғаларға айналады; $\sqrt{-C}$, $\sqrt{-V}\sqrt{-CC}$, $\sqrt{-VC}\sqrt{-CV}$ модельдері құрамындағы дыбыстардың дербес фонемаларға ыдырауына байланысты гомогенді полиформалы қосымшалар өзара омонимдес тұлғаларға айналады; $\sqrt{-C}$, $\sqrt{-V}\sqrt{-CC}$, $\sqrt{-VC}$, $\sqrt{-CV}$ модельдері құрамындағы дыбыстардың альтернативасымен

қатар жүретін идеофондық, идеосемантикалық үдерістерге байланысты гомогенді полиформалы және полисемантикалы қосымшалар антонимдес мәнге де, бір-бірінен алшақ әртүрлі мәнге де ие болып, соған сай функционалдық қызметі де өзгерістерге түседі; түркі тілдеріндегі бірнеше дыбыстан тұратын $\sqrt{-CVC}$, $\sqrt{-VCC}$, $\sqrt{-VCV}\sqrt{-VCVC}\sqrt{-CVCV}$, $\sqrt{-VCCV}$ т.б. модельді қосымша морфемалар жалаң қосымшалардың кірігуінен жасалған күрделі/құранды тұлғалар болып табылады; $\sqrt{-CVC}$, $\sqrt{-VCV}$, $\sqrt{-VCC}\sqrt{-VCVC}\sqrt{-CVCV}$, $\sqrt{-VCCV}$ т.б. модельді күрделі қосымшалардың құрамында морфемаларды дәнекерлеуші қыстырма дыбыстар да болуы мүмкін; түркі тілдеріндегі барлық қосымшалардың дербес лексемалармен байланысы синхронды тұрғыда айқын аңғарылмаса да, қосымшалар құрамындағы дыбыстардың идеялық мазмұнын сол дыбыстар қолданылатын дербес лексемалардың семантикалық аясынан тыс қарауға болмайды.

§4.Түркі тілдеріндегі сөзжасам жұрнақтары

Түркі тілдеріндегі сөзжасам жұрнақтары негізінен ортақ болып келеді, сөз тудырушы форманттар кешені әрбір тілдің фонетика-фонологиялық ерекшеліктеріне сәйкес бірнеше аллоформаларды қамтиды.

Зат есімдердің сөзжасам жүйесіндегі негізгі жұрнақтар.

$\sqrt{-\check{c}i/-\check{c}i(-\check{c}ij)}$, $-\check{c}u/-\check{c}ü$, $-\check{s}i/-\check{s}i$ – есімдер мен етістіктерге бірдей жалғанып кәсіп иесін, іс-әрекет иесін білдіретін зат есім тудырушы өнімді жұрнақ. тұлғасында қорлданылады. Түркі тілдеріндегі субъектілік мәнді білдіретін $\sqrt{-\check{c}i/-\check{c}i(-\check{c}ij)}$, $-\check{c}u/-\check{c}ü$ формантының этимологиясы жайлы түрлі пікірлер қалыптасқан. Аффиксті Г.И. Рамстедт қытай, корей тілдеріндегі *čija* `ер адам` сөзінен таратады¹, сондай-ақ ғалым бұл форманттың бастапқы кезде тек

¹ Ramstedt G. UberonomatopoetischeWörter in der sitaischenSpachen. – Journal de la SocieteFinno-ougrienne. – Helsinki, 1951. – P. 209.

адамға қатысты қолданылып, одан кейін есімшенің осы шағына айналғанын, одан әрі есімшенінің қайта субстантивтенгенін бұрыт тілінің материалдары негізінде көрсетеді¹. Э.В.Севортян түркі тілдеріндегі $\sqrt{-\check{c}i/-\check{c}i(-\check{c}ij)}$, $-\check{c}u/-\check{c}ü$, $-\check{s}i/-\check{s}i$ қосымшаларын сын есім тудырушы $\sqrt{-li/-li, -d\ddot{u}/-di, -t\ddot{u}/-ti}$ аффикстерімен сабақтастырады², – деген ой айтады. А.Н. Кононов та аталған қосымшаны сын есім тудырушы $\sqrt{-\check{s}il/-\check{s}il}$ аффиксімен сабақтастырады³. Ал Н.А.Баскаков шартты райдың $\sqrt{-\check{s}a/-\check{s}e, -\check{c}a/-\check{c}e}$ қосымшасымен байланыстырса⁴, Б.А.Серебренников еркелету мәнді $\sqrt{-\check{c}l/-\check{c}il/-\check{c}ij}$ морфемасының субъектінің белгілі бір затқа бейімділігі семасын сақтағанын көрсетеді, соған орай адамның белгілі бір кәсіпке, іс-әрекетке бейімділігін білдіретін $\sqrt{-\check{c}l/-\check{c}i(-\check{c}ij)}$, $-\check{s}i/-\check{s}i$ форманты мен еркелету мәнді $\sqrt{-\check{c}l/-\check{c}il/-\check{c}ij}$ формантымен генетикалық сабақтастықта қарастырады⁵. Ғалым пікірі бойынша, $\sqrt{-\check{c}l/-\check{c}i(-\check{c}ij)}$, $-\check{s}i/-\check{s}i$ қосымша морфемасының кәсіпті білдіретін мәні архисема емес, ол қалыптасқан дағды мен бейімділікті де білдіреді, бір құрамды $\sqrt{-\check{c}}$ морфемасы да аталған форманттың бір варианты болуы мүмкін. Түркі тілдері бойынша бірнеше фонетикалық варианттарды қамтитын $\sqrt{-\check{c}l/-\check{c}i(-\check{c}ij)}$, $-\check{s}i/-\check{s}i$ қосымшасы ортақ грамматикалық мағынаны сақтай отырып, әрбір тілге тән өзіндік реңктік ерекшеліктері бар мәндерді береді: «Кейбір тілдерде бұл аффикс жалғанған сөздер субъектінің белгілі бір әдетке, іске икемділігін, бейімділігін білдіре алады: шор тілінде: *urušca* `ұрысқақ`, *terči* `тершең`. Бұл мағына қазақ тілінде $-\check{s}il/-\check{s}il$, $-\check{s}e\eta$, $-qaq$ аффикстері арқылы беріледі. $-\check{s}i$ аффиксті сөздер

¹ Рамстедт Г.И. Введение в алтайское языкознание. Пер. с нем. – Москва: Наука, 1957. – С. 209.

² Севортян Э.В. Аффиксы именного словообразования в азербайджанском языке. Опыт сравнительного исследования. – Москва: Наука, 1966. – С. 84.

³ Кононов А.Н. Грамматика современного турецкого литературного языка. – Москва – Ленинград, 1972. – С.103.

⁴ Баскаков Н.Л. К вопросу о происхождении условной формы на -са,-се в тюркских языках// Академику Р.А. Гордлевскому к его 75-летию. – Москва-Ленинград, 1953. – С.60.

⁵ Серебренников Б.А. Историческая грамматика пермских языков. – Москва. 1963. – С.3-4.

бірсыпыра тілдерде субъектінің белгілі бір қоғамдық ағымға, тапқа қатысты екендігін білдіреді: өзбек тілінде: *respublikači*, *monorxiyači*; қазақ тілінде *staxanovši*, *mijčurinši* т.б. Ал қарашай-балқар, тува тілдерінде аффикс субъектіні тұрған, туған жеріне қарай ажырататын тәсіл ретінде қолданылады: қарашай-балқар: *nalbčikčī* `нальчик қаласының тұрғыны`, *qizilčī* (Қызыл қаласының тұрғыны) т.б. Бұл мән қазақ тілінде *-liq* аффиксі арқылы беріледі. Ал якут тілінде *-sit*, *-sut*, *-čit*, *-čit*, *-žit*, *-žut* аффиксі арқылы беріледі: *balıqsit* `балықшы`, *suoldžut* `жолшы`, *kusčut* `құсшы`, *timirdžit* `темірші` т.б.»¹. $\sqrt{-us/-üs, -is/-is, -uš/-üş, -iš/-iś}$ – етістіктен есім түзетін қосымша морфема. Түркі жазба ескерткіштері тілінде: *uruš*→*ur+uś* Он.2, қаз. *urīs*→*ur+iś* `ұрыс`; *süñüş*→*süñ+üś* КТү.12, қаз. *soyīs*→*soy+iś* `соғыс`. Түркі тілдеріндегі $\sqrt{-is/-is, -iś/-iś}$ аффиксі мен $\sqrt{-ši/-ši, -či/-či}$ жұрнағын өзара төркіндес қосымшалар ретінде қарастыратын көзқарастар қалыптасқан: «Қазіргі қазақ тілінде *-iś/-iś -ši/-ši, -is/-is, -si/-si* қосымшаларының мағыналары бір-бірінен ажыратылған, белгілі дәрежеде жіктелген сияқты болып көрінгенімен, олардың арасындағы этимологиялық байланысты аңғаруға болады: қазақ тілінде *tabīs* (зат.е.), *-tapši* (сын.е.), *tamši* (зат.е.) – *tamiz* (етістік), *kögis* (зат.е.) – *kökše* `көкшіл` (сын.е.), *qajši* (зат.е.) – диал. *qijyaś* `қайшы`. Башқұрт тілінде де осылай: әдеб. т. *tamsi* – говор. *tamīs* «тамшы», әдеб. т. *kajsi* – говор. *kajīs* `қайшы`, әдеб. т. *kamsi* – говор. *kamīs* `қамшы` болып жұмсалады»². Бұл кәсіп, қимыл-әрекет иесін білдіретін $\sqrt{-ši/-ši, -či/-či}$ қосымша морфемалары құрамындағы дыбыстардың өзара метатезалық байланысқа түсуінің әсері.

$\sqrt{-q/-k, -γ/-g, -iq/-ik, -iγ/-ig, -uq/-ük(ek), -uγ/-üg, -aγ/-äg(eg), -aq/-ek, -iq/-ik}$ форманты негізінен етістіктерге жалғанып есім сөз жасайтын өнімді жұрнақ: *artuq*→*art+uq* `артық` Тон. 40, қаз. *artiq*→*art+iq* `артық`; *bilig*→*bil+ig*, қаз. *bilik*→*bil+ik* `білік,

¹ Томанов М. Тіл тарихы туралы зерттеулер. – Алматы: Ғылым, 2002. – Б.282,283.

² Тектіғұл Ж.О. Қазақ тіліндегі түркі негізді аффикстердің эволюциясы. – Алматы: Ғылым, 2002. – Б.165.

білім. А.Н.Кононов зат есім тудырушы $\sqrt{-\gamma/-g}$, $u\gamma/-\ddot{u}g$, $-\ddot{i}\gamma/-ig$ форманттарының алты түрлі мағынасын көрсетеді¹. Н.А. Баскаков $\sqrt{-\gamma/-g}$, $-q/-k-u\gamma/-\ddot{u}g$, $-uq/-\ddot{u}k$, $-\ddot{i}\gamma/-ig$, $\ddot{i}q/-ik$ қосымша морфемалары генетикалық жағынан $\sqrt{-qaq/-\gamma aq}$, $-kek/-gek$ және осы модельдің қысаң дауысты варианттары $\sqrt{-\gamma\ddot{i}q/-gik}$, $-v\ddot{i}q/-vik$ формаларынан қысқарғанын тіл фактілері негізінде көрсетеді ($taq\gamma aq \rightarrow taraq$, `тарақ`, $o\gamma aq \rightarrow oraq/orijaq$ `орақ` т.б.)². Бастапқы кезеңде қимыл атауын білдірген көнетүркілік $\sqrt{-\gamma/-g}$, $-q/-k$, $-u\gamma/-\ddot{u}g$, $-uq/-\ddot{u}k$, $-\ddot{i}\gamma/-ig$, $\ddot{i}q/-ik$, $-aq/-ek$, $-a\gamma/-\ddot{a}g$ жұрнақтары арқылы жасалған көптеген сөздер қазіргі қыпшақ тілдерінде $\sqrt{-w}$, $-aw/-ew$, $-oo$, $-aa$, $-uu$, $-ov$ және $\sqrt{-aj/-ej}$ тұлғасымен қалыптасқан.

$\sqrt{-ma/-me, -ba/be, -pa/-pe}$ – есім сөздер жасайтын қосымша морфема. Түркі тілдеріндегі $\sqrt{-ma/-me}$ қосымшалары жалғанған сөздер субъектілік, объектілік мәнде және белгілі бір іс-әрекеттің атауы ретінде жұмсалады: $jati\gamma ma \rightarrow jati\gamma + ma$ `жатақ` Тон.44; $jalma \rightarrow jal + ma$ `сауыт` КТү.33; қаз. т. $baspa \rightarrow bas + pa$, $bölme \rightarrow böl + me$, $žazba \rightarrow žaz + ba$, $köpme \rightarrow kör + me$, $qazba \rightarrow qaz + ba$, $tospa \rightarrow tos + pa$, т.б. А.Есенқұлов көнетүркілік $\sqrt{-ma/-me}$ қосымшасының табиғаты жайлы: «Көне жазба ескерткіштерінде $-ma$ жұрнағы көбінесе етістік негіздеріне жалғанып, жаңадан зат есім тудырады: $jelme$ `атты әскер`, $tegme$ `шайқас`, ал $körigme$ `кіріптар`, $bitigme$ `жазған, жазушы` сөздері қазіргі түркі тілдерінде кездеспейді. Етістік негізге бұл арада $-ig$ жұрнағы жалғанып заттандырып, оған және $-ma$ жұрнағы жалғанып тұр»³, – деген ой айтады. Жалпы түркі тілдері бойынша $\sqrt{-ma/-me}$ қосымшасы бірнеше мәнде жұмсалады: 1) Қимыл, әрекет йесін білдіретін сөздер жасалады; 2) Заттың орнын және атауын білдіреді; 3) Қару-жарақтың, құралдың атын білдіреді; 4) Іс-әрекеттің объектісін білдіреді; 5) Іс-әрекет нәтижесін білдіреді.

¹ Кононов А.Н. Грамматика языка тюркских рунических памятников (VII–IX вв.). – Ленинград: Наука, 1980. – С.88.

² Баскаков Н.А. Каракалпакский язык. Т. II. Фонетика и морфология. – Москва, 1952. – С. 402–403.

³ Есенқұлов А. Көне түркі жазба ескерткіштеріндегі қосымшалар. – Алматы: Ғылым. 1976. – Б. 80.

√-īm/-im,-um/-üm – есім сөз тудыратын қосымша морфема: *batīm→bat+īm* КТү. 35 `батым`, қаз. *batīm→bat+īm; barīm→bar+īm* КТү. 41 `байлық, барлық; *kedīm→ked+im* КТү.33 `киім`, `сауыт, қару-жарақ`, `ер-тұрман, жабу`, қаз. *kijim→kij+im* `киім`. Түркі тілдерінде √-īm/-im,-um/-üm форманты бірнеше мағынада жұмсалады: «1) Мөлшер мен өлшемдік мағынада жұмсалады; 2) Іс-әрекеттің нәтижесін көрсетеді;3) Заттық атауды, объектіні білдіреді; 4) Кейде субъект мағынасында да қолданылады; 5) Процесс және оның нәтижесін білдіреді»¹. Зат есім тудырушы √-īm/-im,-um/-üm қосымшасы қазақ тілінде де белсенді қолданылатын әрі мағыналық ауқымы да аса кең сөзжасам моделі: *adīm→*ad+īm(atta+m)*, *bilim→bil+im*, *bitim→bit+im*, *bölim→böl+im*, *žarīm→žar+īm*, *kütīm→küt+im*. т.б.

√-č,-nč – етістіктен есім сөздер тудыратын қосымша морфема. Ескерткіштер тіліндегі √-č морфемасы қазақ тілінде √-iš/-iš,- is/-is қосымшасымен беріледі. *ötünč→ötün+č* Тон,15 `өтініш`, қаз. *ötiniš→ötin+iš* `өтініш, арыз, тілек`. Зерттеушілер ескерткіштері тілінде негізінен туынды етістіктерге жалғанатын √-č морфемасын етістік тудыратын қосымшамен бірге құранды жұрнақтар қатарында қарастырады. А.Н.Кононов *ötünč* лексемасының құрамынан қосымша морфема ретінде √-nč формантын ажыратады, аталған қосымшаны √-č және √-n тұлғаларының қосындысынан жасалған құранды жұрнақ деп таниды². Түркі жазба ескерткіштері тіліндегі √-č(-ič/-iš) және √-nč қосымшаларының байланысы жайлы А.Есенқұлов: «Тарихи-этимологиялық жағынан қарағанда бұл жұрнақтардың төркіні бір болуы да мүмкін. Ал көне ескерткіштердегі фактілерге жүгінсек, бір топтағы екі түрлі жұрнаққа жатады. Бірақ осы екі жұрнақты ұяға сыйғызуға болмайтын сияқты. Олар қазіргі түркі тілдерінің бәрінде бар және мағыналары да бір, яғни өтініш,

¹ Есенқұлов А. Көне түркі жазба ескерткіштеріндегі қосымшалар. – Алматы: Ғылым, 1976. – Б. 89-90.

² Кононов А.Н. Грамматика турецкого языка. – Москва, 1941. – С. 86.

қорқыныш, өкініш сияқты адамның көңіл-күйін көрсетеді»¹, дей отырып, $\sqrt{-\check{c}}, -n\check{c}, -\check{i}n\check{c}, -in\check{c}, -un\check{c}, -\check{u}n\check{c}$ қосымшасының құрамындағы $-i, -\check{c}$ тұлғалары түбір сөз бен жұрнақты байланыстырушы дәнекер қызметінде жұмсалатынын, сөз тудырушы морфема $\sqrt{-n\check{c}}$ жұрнағы екенін айтады. М. Томанов қазіргі түркі тілдеріндегі $\sqrt{-\check{s}}/-\check{c}$ қосымшасын еркелету мәнді морфемалар қатарында қарастырады: *ataš, babaš*, ноғай тілі: *abasa`ана`*².

$\sqrt{-ayu/-egü}$. Көне жұрнақ $\sqrt{-ayu}/-egü$ қазіргі түркі тілдерінде $\sqrt{-aq/-ek, -äk, -oq/-o\gamma, -a\gamma/-äg, -aw/-ew, -aj/-ej, -ov/-öv}$ т.б. тұлғаларымен, кей тілдерде $-oo, -öö, -uu, -üü$ созылыңқы дауыстыларымен қалыптасқан көпфункционалды жұрнақ. Мұндай фонетикалық өзгерістерді өзбек ғалымы Ф.Абдуллаев түркі тілдерінде кеңінен тараған $\gamma \approx v$ ($\gamma \approx j, \gamma \approx w$) сәйкестігінің нәтижесі³ ретінде қарастырса, келесі зерттеушілер үнемдеу заңымен байланыстырады. $\sqrt{-ayu/-egü}$ жалпыалтайлық қосымша морфемалар қатарына жатады: көне түркі тілінде *buzayu, buzay`бұзау`* ДТС, 130, түр. *buzagi*, өзб. *buzaq/buzok*, қаз., ққалп., құм. *buzaw*, ноғ. *buzav*, әзірб. диалектілерінде *buzoj/buzoo*, ұйғ. *tozaj*, қырғ. *tuzoo*, шор. *piza*, алт. *buzä*, чув. *paruw*; монғолдың ескі жазба тілінде *burägi*, монғ. *birau*, бур. *buruu/buriin*, қалм. *buru*⁴. Жалпы алтай тілдеріндегі ротацизм құбылысын сипаттайтын $r \approx z$ сәйкестігі түбір морфема құрамында да, қосымша морфема құрамында да кездесе береді. Көне түркі тілінде *ijšägi`ішек`* (ИДТЯ, 300), қырғ. тілінде *ijseg*, ұйғ. тілінде *üčäj*, як. тілінде *ijhe*, башқ. тілінде *äšäk*; қаз. тілінде *išek*. Алтайтанудағы типологиялық бағытты қолдаушы ғалымдар $\sqrt{-ayu}/-egü$ қосымшасын таза түркілік формант ретінде қарастырып, монғол тілдеріндегі $-ayu$ тұлғалы сөздер құрамындағы

¹ Есенқұлов А. Көне түркі жазба ескерткіштеріндегі қосымшалар. – Алматы: Ғылым, 1976. – Б. 81.

² Томанов М. Тіл тарихы туралы зерттеулер. – Алматы: Ғылым, 2002. – Б. 282,283.

³ Абдуллаев Ф. Фонетика хорезмских говоров. – Ташкент, 1967 – С. 191.

⁴ Новикова К.А. Названия домашних животных в тунгусо-маньчжурских языках// Исследования в области этимологии алтайских языков. – Ленинград, 1979 – С. 51

қосымша морфеманы монғол тіліне енген түркілік элемент деп таниды¹. Тұңғыс-маньчжур тілдерін зерттеуші ғалымдар √-ауи /-egü қосымшасының алғашқы дауыстысын түбір сөз еншісіне қалдырып, √-γи/-gü моделінің архетипі √-γин/-gün болуы мүмкін деген болжам ұсынады². Жалпы алтай тілдері бойынша сөздің абсолют соңындағы *n* дыбысы өзгеріске немесе түсіп қалуға бейім фонемалар қатарына жатады³, мысалы: *qon* ~ *qoj* `қой`, *želken* ~ *želket* `желкен`, *üčün* ~ *üčü* `үшін` т.б. В.Котвичтің сипаттамасы бойынша √-γин/-gün морфемасы жинақтау есімін білдіретін көне жұрнақ⁴. Сондай-ақ, күрделі жұрнақ √-ауин формантымен төркіндестігі жайлы, оның √-ауит, √-ауул сияқты варианттары болуы ықтимал екендігі туралы⁵, көне түркі тіліндегі *ijkägü* `екеу`, *besägü* `бесеу` тәрізді жинақтау сан есімдерін негізге ала отырып айтылған, -√-ауул/-egü қосымшасының архисемасы жинақтау мәнін білдіруі мүмкін деген пікірлер де бар.

√-qu/-kü, -γu/-gü – негізінен есім сөздер мен үстеулер жасайтын қосымша морфема. Көнетүркілік √-qul/-kü, -γul/-gü форманттарының мәні қазақ тіліндегі √-γaj/-gej, -qaj/-kej тұлғаларының мағынасы мен қызметіне сәйкес келеді: *ajγu* → *aj+γu* Тон. 10 `ақылшы, кеңесші (айқайшы)`, қаз. *aj* → *aj+qaj(šī)* `айғай, қатты шыққан дыбыс`. М.Томанов қазіргі түркі тілдеріндегі √-qil/-qij (түрікмен: *ataqī* `ата, әке`, тува: *avaqī* `ана`) және √-qal/-ke (қырғыз: *ateke*, *šešeke*, *erke* т.б.), √-qaj (өзбек, қазақ: *balaqaj*, татар: *qıwanqaj* `қоян`) қосымшаларының еркелету, кішірейту мәні ортақ екенін көрсетеді⁶. Қазіргі түркі тілдеріндегі қимыл есімін жасайтын √

¹ Щербак А.М. Ранние тюркско-монгольские языковые связи (VIII-XIV). – Санкт-Петербург, 1997. – С. 183.

² Новикова К.А. Названия домашних животных в тунгусо-маньчжурских языках// Исследования в области этимологии алтайских языков. – Ленинград, 1979. – С. 126

³ Сравнительно-историческая грамматика тюркских языков. Фонетика. – Москва, 1984. – С. 336.

⁴ Котвич В. Исследования по алтайским языкам. – Москва, 1962. – С. 72.

⁵ Сағындықов Б. Қазақ тілі лексикасы дамуының этимологиялық негіздері. – Алматы: Санат, 1994. – Б. 84.

⁶ Томанов М. Тіл тарихы туралы зерттеулер. – Алматы: Ғылым 2002 – Б. 282-283

-w(-aw/-ew) қосымшасы көнетүркілік √-q/-k, γ/-g-нің фонетикалық варианты екені және √-qu/-kü, -γy/-gü қосымшаларымен де генетикалық байланысы бар екені белгілі¹.

√-luq/-lük, -luγ/-lür, -lïγ/-lig, -lïq/-lik, -dïq/-dik, -tïq/-tik – есімдер мен етістіктерге жалғанып есім сөздер жасайтын жұрнақ. Көпфункционалды форманттың зат есім тудырудағы негізгі мәні – құбылыстарға, іс-әрекетке, сапа мен жағдайға, кеңістік пен уақытқа, өлшем мен көлемге, кәсіпке қатысты абстракт ұғымдарды білдіру. Ескерткіштер тілінде: *baslïγ*→*bas+liγ* ‘басшылық, бастық’ ДТД,34, қаз. *bastïq*→*bas+tïq*. √-luq/-lük, -luγ/-lür, -lïγ/-lig, -lïq/-lik қосымшаларының VII-IX ғасыр түркі мұраларында сирек кездесетінін сөзге тиек еткен А.Н. Кононов оларды өнімсіз жұрнақтар қатарында қарастырады². √-luq/-lük, -luγ/-lür, -lïγ/-lig, -lïq/-lik форманттарының Орхон, Енисей, Талас ескерткіштері тілінде біршама аз кездесуі және осы қосымшалар арқылы жасалған сөздердің сөйлем ішіндегі қызметінің ерекшеліктері аталған қосымшаның субъстантивтену, адекъективтену үдерістеріне ықпал ететін көпфункционалды табиғатына байланысты. Профессор М.Томанов √-luq/-lük, -luγ/-lür, -lïγ/-lig, -lïq/-lik форманттары арқылы абстракт мәнді қаз. т. *qïstïq* ‘қыстық’; чув. т. *čurelax* ‘құлдық’; өзб. т. *aqtïq* ‘ақтық’, *keliïšlik* ‘келіс, келу’; ұйғ. т. *balïliq* ‘балалық’; якут: *axliq* ‘астық’; әзірб. *gezel-lik* ‘сұлулық’ т.б.зат есімдері жасалатынын, олар заттың таралған аясын, шыққан мекенін, жинақы тобын білдіре алатынын, кейде адамның кәсіби, тіршілік ерешелігін (өзб. *juzumlik, kömürlük, pişendik* т.б.); тұрған, шыққан мекенін (өзб. *olmalijq, toškentlijk*); кәсіби, тіршілік ерекшелігін (түр. *čabanliq, qojlulïq* ‘ауыл шаруашылығы

¹ Қараңыз: Левитская Л.С. Историческая морфология чувашского языка. – Москва, 1976. – С. 162; Кононов А.К. Грамматика языка тюркских рунических памятников (VII-IX вв.). – Ленинград, 1980. – С.97; Томанов М. Қазақ тілінің тарихи грамматикасы. – Алматы, 1981. – Б. 191; Хасенова А. Етістіктің лексика-грамматикалық сипаты. – Алматы, 1971. – Б. 196. т.б.

² Кононов А.Н. Грамматика языка тюркских рунических памятников (VII-IX вв.). – Ленинград: Наука, 1980. – С. 88.

маманы`) т.б. білдіретінін көрсетеді¹. Түркітанушы-лингвистер $\sqrt{-luq/-lük}$, $-lyl/-lüz$, $-löl/-lig$, $-löl/-lik$ форманттарын етістіктің $\sqrt{-la/-le}$ қосымшасынан және есім жасайтын $\sqrt{-q/-k}$, $γ/-g$, аффиксінен жасалған құранды жұрнақ ретінде таниды². Түркі тіл білімінде $\sqrt{-laq/-lek}$, $lay/-leg$ аффиксінің фонетикалық варианттары саналатын $\sqrt{-daq/-dek}$, $taq/-tek$, $-töl/-tik$, $-löl/-lik$ қосымша морфемасының жалаң немесе құранды жұрнақ екені жайлы бірізді пікір қалыптасқан жоқ. Түркі тілдерінің агглютина-тивті табиғаты кез келген бір буынды тұлғаның тарихи тұрғыдан екінші немесе, тіпті, үшінші дәрежелі тұлға болу мүмкіндігін жоққа шығармайды.

$\sqrt{-an/-en/-in/-in,-un/-ün}$ – зат есім тудыратын қосымша морфема: *kelin* → **kel+in* КТү. 49, Т.2 қаз. *kelin* → **kel+in* `келін`; *oylan* → *oγ(u)l+an* Т.2, КЧ. 5, қаз. *ulan* → *ul+an* `ұл, ұлан`. Э.В. Севортян түркі тілдеріндегі есімдерге де, етістіктерге де жалғанып есім сөздер тудыратын $\sqrt{-an/-en/-in/-in,-un/-ün}$ қосымшасын кішірейту мәнін беретін аффикстер қатарында қарастырады³. Орхон, Енисей, Талас ескерткіштері тіліндегі $\sqrt{-an/-en/-in/-in,-un/-ün}$ қосымша морфемалары арқылы жасалған сөздер қимыл иесін (субъектіні), қимылдың, іс-әрекеттің атын білдіреді. В.М. Насилов ескерткіштер тілінде жиі қолданылатын *ini-jigün* қос сөзінің жинақтау мәніндегі `інілер, кіші бауырлар` мағынасында жұмсалғанын көрсетсе⁴, А. Есенқұлов көнетүркілік $\sqrt{-n}$ және $\sqrt{-γin}$ жұрнақтарының мағыналық жағынан ұқсайтынын, сондай-ақ өзіндік ерекшеліктері де барын айтады⁵. Қазақ тілінде (жалпы

¹ Томанов М. Қазақ тілінің тарихи грамматикасы. – Алматы: Мектеп, 1981. – Б. 116.

² Кононов А.Н. Грамматика современного узбекского литературного языка. – Москва, 1960. – С. 104; Севортян Э.В. Аффиксы именного словообразования в азербайджанском языке. – Москва, 1966; Гарипов Т.М. Башкирское именное словообразования. – Уфа, 1959. – С. 89.

³ Севортян Э.В. Аффиксы именного словообразования в азербайджанском языке. – Москва, 1966. – С. 172-173.

⁴ Насилов В.М. Язык орхоно-енисейских памятников. – Москва, 1960. – С. 18.

⁵ Есенқұлов А. Көне түркі жазба ескерткіштеріндегі қосымшалар. – Алматы: Ғылым, 1976. – Б. 88.

түркі тілдерінде) $\sqrt{-an/-en, \dot{i}n/-in}$ формантының морфемалық жігі айқын емес, түбір морфеманың мағынасы күңгірт дисиллабтар құрамында да жиі кездесуі бұл қосымшаның тарихы түркі тілдері дамуының ең ежелгі, түркілікке дейінгі кезеңінен бастау алатынын көрсетеді: *bulan* → **bul + an*, *erin* → **er+in*, *žajin* → **žaj+in*, *žilan* → **žil+an*, *qulan* → **qul+an*, *qulin* → **qul+in*, *qutan* → **qut +an*, *qojin* → **qoj+in*, *murin* → **mur+in*, *orin* → **or+in*, *özen* → **öz+en*, *šibin* → **šib+in* т.б.

$\sqrt{-qış/-kiš}$. Түркі тілдеріндегі $\sqrt{-qış/-kiš, -γış/-giš}$ форманттары $\sqrt{-γ/-g, -q/-k}$ және $\sqrt{-š (-iš/-iś), -s(-is/-is)}$ модельдерінің бірігуінен жасалған құранды жұрнақтар қатарынан орын алады. $\sqrt{-qış/-kiš}$ қосымша морфемалары іс-әрекеттің, абстрактылы ұғымның, үдерістің атын білдірумен қатар нақтылы заттың да атауын да көрсете алады: *arqış* → *ar+qış* `керуен` Е.49. Көне түркі ескерткіштері тілінде *arqış* лексемасы $\sqrt{-qış/-kiš}$ моделі арқылы жасалған *tirkış* → *tir+kiš* `тіркес` сөзімен қосарланып, қос сөз құрамында да қолданылады: *arqış-tirkış* `керуен` КТү.8. Бұл қазіргі түркі тілдерінде қолданылатын $\sqrt{-qış/-kiš, -γış/-giš}$ және $\sqrt{-qas/-kes}$ (*ajqas, tirkas, šajqas* т.б.) қосымшаларының өзара жақындығын көрсетеді.

$\sqrt{-sïq/-sïγ, -suq/-sük, -šïγ/-šïγ}$ – есім сөз тудыратын қосымша морфема. Түркі тілдерінде негізінен кішірейткіш мәніне басымдық беріледі. Орхон, Енисей, Талас ескерткіштері тіліндегі $\sqrt{-sïq/-sïγ}$ қосымшаларынан кішірейту мәні байқалмайды, «адамның әр түрлі тіршілік өміріне байланысты абстрактылы ұғымда жұмсалады; етістікке жалғанып, белгілі бір бағытты білдіреді»¹: *ačsïq* → *ač+sïq* `аштық`, *tosïq* → *to(d)+sïq* `тоқтық` КТк.8; *batsïq* → *bat+sïq* `батыс` ДТД,112; СДЕ,212; *toysïq* → *toγ+sïq* `шығыс` КТк. 2; *torsïq* → **tor+sïq* ~ *torsïq* → **tor+sïq* `торсық` Т.18.

$\sqrt{-las/-les(-laš/-leš), -das/-des(-daš/-deš), -tas/-tes(-taš/-teš)}$ – есім сөз жасайтын қосымша морфема. Түркі тілдеріндегі морфологиялық жылысу және сіңісу үдерістерінің нәтижесінде қалыптасқан күрделі тұлға – $\sqrt{-daš/-diš/-diš/-dič/-dič}$ формантын

¹ Есенқұлов А. Көне түркі жазба ескерткіштеріндегі қосымшалар. – Алматы: Ғылым, 1976. – Б.96.

септік категориясының қосымшасы $\sqrt{-da/-de, -ta/-te}$ тұлғасы мен ортақтық мән беретін $\sqrt{-š-č}$ морфемасының бірігуінен жасалғаны жайлы көзқарастар бар¹. Ескерткіштер тілінде: *saydič*→**say+dič* `дос` Т.2; *qadaš*→*qa+daš* `қандас туыс` Е.3. Қазіргі түркі тілдеріндегі *-daš(-tas/-tes)/-diš/-diš/-dič/-dič* форманты жиі қолданылатын өнімді жұрнақтар қатарына жатады: қаз. *qanattas, qurdas, žoldas* т.б.

Сын есім есім тудыратын негізгі жұрнақтар.

$\sqrt{-li/-li/-lü, -di/-di/-dū, -ti/-ti/-tü}$ –сын есім тудыратын өнімді жұрнақ. А.Н. Кононов $\sqrt{-li/-li/-lü}$ қосымшасымен $\sqrt{-liγ/-lig, -luγ/-lūg}$ қосымшалары арасында генетикалық сабақтастықтың жоқтығын көрсете отырып, ескерткіштер тіліндегі $\sqrt{-li/-li}$ формантының қолданысын бірыңғай мүшелер арасындағы жалғаулықтармен байланыстырады². Ескерткіштер тілінде: *erikli*→*erik+li* `ерікті` КТү. 41 ~ қаз. *erikti* →*erik+ti*; *küčli*→*küč+li* `күшті` Е.49 ~қаз. т. *küčti*→*küč+ti*.

$\sqrt{-liγ/-lig, -luγ/-lūg, -liq/-lik, -luq}$ –зат есімге жалғанып сын есім жасайтын қосымша морфема. $\sqrt{-liγ/-lig, -luγ/-lūg, -liq/-lik, -luq}$ форманты түбір сөздерге де, туынды сөздерге де жалғанатын өнімді жұрнақтар қатарына жатады. Орхон, Енисей ескерткіштері тіліндегі $\sqrt{-liγ/-lig, -luγ/-lūg, -liq/-lik, -luq}$ қосымшаларын жан-жақты талдаған А.Есенқұлов: «*-liγ* қосымшасы көнеден келе жатқан ескі тарихи жұрнақ. Бірақ оның қазіргі түркі тілдеріндегі қолданылу шеңбері мен беретін мағынасы, әр тараптағы ескерткіштерден біршама көлемділеу де, кеңдеу де»³ деген ой айтады. Ескерткіштер тілінде: *altunliγ*→*altun+liγ* `алтынды, алтын жалатқан` қаз. *altındi*→*altın+dī*; *atliq/atliγ*→*at+liq/liγ* `атты` ~ қаз. *atti*→*at+tī*; *jīlliq*→*jīl+liq* `жылдық` қаз. *žildiq*→*žil+dīq*. Көне түркі ескерткіштері тіліндегі сын есім тудырушы $\sqrt{-liγ/-lig, -luγ/-lūg, -liq/-lik, -luq}$ морфема сының семантикасы қазақ тілінде $\sqrt{-li/-li/-dīl/-dī, -ti/-ti}$ тұлғасының мәніне сәйкес келеді.

¹ Остроумов Н. Этимология сартовского языка. – Москва, 1940. – С.9.

² Кононов А.Н. Грамматика языка тюркских рунических памятников (VII–IX вв.). – Ленинград: Наука, 1980. – С. 107.

³ Есенқұлов А. Көне түркі жазба ескерткіштеріндегі қосымшалар. – Алматы: Ғылым, 1976. – Б. 140.

√-q/-k,-g/-γ,-ïq/-ik-ïγ/-ig/,-uq/-ük,-uγ/-üg – есім сөздер жасайтын өнімді жұрнақ. √-q/-k,-g/-γ,-ïq/-ik-ïγ/-ig/,-uq/-ük,-uγ/-üg қосымшалары негізінен абстрактылы ұғымды білдіреді, сондай-ақ субъектілік, объектілік мәндерді, іс-әрекет нәтижесін немесе қимылдық-әрекеттік үдерістерді білдіреді. Ескерткіштер тілінде: *isig*→**is+ig* `ыстық` Е,43 ~ қаз. *istiğ*→**is+tığ*; *tirig*→**tir+ig* `тірі, жаны бар, өлмеген` (ДТС, 564); ~ қаз. *tiri*→**tir+i*, *g* ≈ Ø. А.Н. Кононов √-q/-k жұрнағын зат есім тудырушы, √-g/-γ қосымшасын сын есім тудырушы форманттар деп ара-жігін ажыратып қарастыруды жөн санайды¹. Н.К.Дмитриев түркі тілдерінде зат есімдер мен сын есімдер жасауда белсенді қолданылатын √-q/-k,-g/-γ,-ïq/-ik-ïγ/-ig/,-uq/-ük,-uγ/-üg форманттарының шығу тегін есім сөздер тудыратын √-qaq/-kek,-γaq/-gekl/-gök жұрнақтарынан таратады². Түркі тілдерінің өзгеріске бейім жалғамалы табиғаты √-qaq/-kek,-γaq/-gekl/-gök қосымшаларының да архитұлға екеніне кепілдік бере алмайды.

√-qu/-kü,-γu/-gü–негізінен есім сөздер мен үстеулер жасайтын қосымша морфема. Көне түркі тіліндегі √-qu/-kü,-γu/-gü жалғауы~қазақ тілінде √-γi/-gi, -qï/-ki тұлғасында қолданылады: *başγu*→*baş+γu* `басқы` КТү.37 ~ қаз. *başqı*→*baş+qı*. Түркі тілдеріндегі есім сөздер жасайтын √-qu/-kü,-γu/-gü аффиксі негізінен зат есімге тән әрі көне қосымша ретінде қарастырылады.

√-ïqï/-iki–сын есім тудыратын құранды жұрнақ. Ескерткіштер тілінде: *biriki*→*bir+iki* `біріккен, бірлескен, ынтымақты` КТк.1 ~ қаз. *birikken,birlesken*. Функционалдық мәні қазақ тіліндегі есімдік категориясының қосымшасы √-γan/-gen, -qan/-ken формантына сәйкес келеді.

√-süz/-siz ,-suz/-süz – болымсыз мәнді қатыстық сын есімдер тудыратын өнімді жұрнақ. Түркі тілдері бойынша √-süz/-siz, -suz/-süz қосымшасы √-li/-li/-lü жұрнағының антонимдік сыңары.

¹ Кононов А.Н. Грамматика языка тюркских рунических памятников (VII-IX вв.). – Ленинград: Наука,1980. – С. 109-110.

² Дмитриев Н.К. Грамматика башкирского языка. – Москва-Ленинград, 1940. – С. 70.

Чуваш тіліндегі болымсыз мәнді $\sqrt{-s\ddot{a}r/-ser}$ форманттары $\sqrt{-s\ddot{z}l/-s\ddot{z}l}$, $-s\ddot{u}z/-s\ddot{u}z$ қосымшаларының фонетикалық варианттарын құрайды: «Чувашский аффикс $-s\ddot{a}r/-ser$ имеет привативное значение. Генетически он тождествен тюркскому аффиксу $-s\ddot{z}l/-s\ddot{z}l$, который отмечен в древнетюркском и в большинстве современных тюркских языков, кроме тюркских языков Сибири: якутского, хакасского, алтайского, тувинского, где словообразовательным формам $-s\ddot{z}l$ соответствует конструкция с отрицанием *çox*, *sijox* и т.д.»¹. Түркі тілдеріндегі болымсыздық ұғымды білдіріп, есім сөз тудыратын $\sqrt{-s\ddot{z}l/-s\ddot{z}l}$, $-s\ddot{u}z/-s\ddot{u}z$, $-h\ddot{u}z/-h\ddot{u}z$, $-s\ddot{a}r/-ser$ қосымшалары мағыналық жағынан етістік жасайтын $\sqrt{-s\ddot{i}ra}$, $-s\ddot{i}ra$, $-s\ddot{i}r\ddot{a}$ жұрнақтарымен байланысы аңғарылады. Түркі тілдеріндегі $\sqrt{-s\ddot{z}l/-s\ddot{z}l}$ форманты негізінен, сын есімнің жұрнағы болғанымен үстеулер мен есімдіктерге де жалғана береді, грамматикалық мағына арқалап сөз түрлендірушілік қызметті де атқарады.

$\sqrt{-n/-an/-en,-un}$ – есім сөздер тудыратын жұрнақ. Орхон, Енисей, Талас ескерткіштері тілінде $\sqrt{-n/-an/-en,-un}$ форманттары арқылы жасалған сын есімдер осы тұлға арқылы жасалған зат есімдерге қарағанда сирек кездеседі: *jоуап* → **jоу+ап* ‘жуан’ Тон,14 ~ қаз. *žiwan* → **žiw+an*; *uzun* → **uz+un* ‘ұзын’ Тон,52 ~ қаз. *uzin* → **uz+in*. Б.Юнусалиев $\sqrt{-n}$ морфемасы арқылы жасалған сөздер қатарына қырғыз тіліндегі *kelin* ‘келін’, *сан* ‘сан’, *žalın* ‘жалын’, *kujin* ‘құйын’, *žakin* ‘жақын’ лексемаларын жатқызса², М.Томанов қазақ тіліндегі $\sqrt{-n}$ тұлғалы есім сөздер тобына *bütün*, *qijin*, *tütün* сөздерін мысалға келтіреді³.

$\sqrt{-ye/-ge,-ga,-qa/-ke}$ сирек қолданылатын өнімсіз жұрнақ: *bilge* → *bil+ge* Тон. 31 ~ қаз. *bilge* → *bil+ge*; *qisya* → **qis+ya* ‘қысқа,тез’ КЧ. 23 ~ қаз. *qisqa* → **qis+qa*; *jujqa* → **juj+qa* ‘жұқа’ Тон.13 ~ қаз.

¹ Левитская Л.С. Историческая морфология чувашского языка. – Москва: Наука, 1976. – С. 128-129.

² Юнусалиев Б. Киргизская лексикология. – Фрунзе, 1959. – С. 122-125.

³ Томанов М. Тіл тарихы туралы зерттеулер. – Алматы: Ғылым, 2002. – Б. 158.

žuca→**žu+qa*. Қазіргі қазақ тілінде де √ -*ya*, -*ge*, -*ga*, -*qa*, -*ke* форманттары сирек кездесетін әрі түбір морфемамен кірігіп кеткен өлі жұрнақтар қатарына жатады. *Bilge* сөзінің құрамындағы √-*ge* жұрнағының мәнін қазақ тілінде √-*γir*, -*gir*, -*qir* және √-*γiš*, -*giš*, -*qiš*, -*kiš* қосымшалары береді.

√-*čaq*/-*ček*, -*šaq* сирек қолданылатын жұрнақ: *jumčaq*/ *jimšaq*→**jum*/ **jim*+*čaq/šaq* `жұмсақ` КТк. 5 ~ қаз. *žumsaq*→**žum*+*saq* `мамық ұлпа, ұлпілдек, қатты емес`. Көнетүркілік √-*čaq*/-*ček*, -*šaq* қосымшасының мәні мен қызметі қазақ тілінде де сирек қолданылатын √-*saq* формантының қызметіне сәйкес келеді.

√-*sīq*/-*sīγ*, -*šīγ*/-*šig* түбір сөздерге де, негіздерге де жалғанып қатыстық сын есімдер жасайды: *qatašīγ*→ *qata*+*šīγ* `бүлікшіл` КТү.43. Қазіргі түркі ескерткіштері тілінде есім сөздер тудыратын √-*sīq*/-*sīγ*, -*šīγ*/-*šig* жұрнақтарының мәніне √-*tīq*/-*tik*, -*īq*/-*ik* қосымша морфемаларының мағынасы сай келеді. Бұл аталған қосымшалардың тарихи даму барысындағы ортақ тегін көрсетуі мүмкін. Қазіргі түркі тілдерінде көнетүркілік √-*sīq*/-*sīγ*, -*šīγ*/-*šig* форманттарының фонетикалық варианттарының аясы кең. Белгілі түркітанушы Э.В.Севортян оғыз және қыпшақ тілдеріндегі есім сөздер жасайтын √-*sīq*/-*sīγ*, -*šīγ*/-*šig* және √-*čaq*/-*ček*, -*šaq*/-*šaq*, -*say*/-*saq* қосымшаларының өзара тығыз байланыста екенін әрі олардың мағыналары араласып қолданылатынын көрсетеді¹. Ғалымның пікірінше, √-*sīq*/-*sīγ*, -*šīγ*/-*šig*, √-*čaq*/-*ček*, -*šaq*/-*šaq*, -*say*/-*saq* форманттары етістіктің √-*sa*, -*sī* жұрнағы мен есім сөздер жасайтын √-*q*/-*γ* қосымшасының бірігуінен жасалған құранды жұрнақ.

√-*čīl* – есім сөздерден сын есім тудыратын жұрнақ. Ескерткіштер тілінде: *atčīl*→*at*+*čīl* «Атшыл, атты жақсы көретін»: *Ičjer ilki artzun atčīl anītutuqjoq* E.48 «Ішкі жерде еліктер артты (көбейді), оны аулайтын атшылдар жоқ». Қазақ тілінде сын есім тудыратын √-*šīl*, -*šil*, -*čīl*, -*čil* қосымшасы кеңінен қолданылады, мысалы, қаз. *ojšīl*, *sīršīl*, *žeršīl* т.б.

¹ Севортян Э.В. Аффиксы именного словообразования в азербайжанском языке. – Москва. 1966. – С. 222.

√-nč – есім сөздер тудыратын құранды жұрнақ ретінде қарастырылады. Мағынасы да, тұлғасы да √-nč қосымшасының етістік категориясына тән √-n және есім сөздер жасайтын √-č,-ič,-ič қосымшаларынан жасалғанын аңғартады. Сондықтан көне түркі тіліндегі √-nč қосымшасынан есім сөздер тудыратын жұрнақ ретінде √-č,-ič,-ič формантын ажыратып қарастыруға толық негіз бар. Енисей, Талас ескерткіштері тіліндегі етістіктерге жалғанатын сөзжасам жұрнақтары сөз түрлендіруші грамматикалық категориялардан айқын ажырамайтын тұстары да кездеседі. Бұл жөнінде А.Н.Кононов былай дейді: «Некоторые отглагольные прилагательные генетически связаны с причастиями, утратившими основные признаки глагольных форм и лишёнными возможности обозначать время совершения действия»¹. Ескерткіштер тілінде: *bulγanč*→**bul(γa)+nč* `былғаныш` Тон.22~қаз. *bilγaniš*→**bil(γa)+niš*.

√-a,-e сирек қолданылатын сын есім тудырушы жұрнақтардың бірі. Есім сөздерге жалғанып сындық мән береді: *biηa*→*biη+a*`мұңды`~қаз. *muηli/muηdi*. Сын есім тудырушы √-a,-e форманты арқылы жасалған сөздердің морфемалық жігі айқын емес, мысалы: қаз. *bula* `ерке`, *qula* `жылқының түсі` т.б.

√-r – есім сөздерден сын есім тудыратын жұрнақ. Көне түркі ескерткіштері тілінде өте сирек қолданылатын √-r форманты Енисей жазбалары тіліндегі *ujar* лексемасының құрамында ғана кездеседі: *ujar*→*uja+r* `атақты, текті, белгілі`: *ujar begimke adiriltim, ujar qadašimqa adiriltim* Е.17 «Текті бектерімнен айрылдым, атақты жолдастарымнан айрылдым. Қазақ тілінде де сын есім тудыратын √-r,-ir,-ir форманты қолданыста: *žumir*→**žum+ir*, *qijir*→**qij+ir*, *qisir*→**qis+ir*, *obir*→**ob+ir*, *šimir*→**šim+ir* т.б.

Етістік тудыратын негізгі жұрнақтар.

√-a,-e – есім сөздерден етістік жасайтын қосымша морфема. Көне түркі жазба ескерткіштері тілінде сирек қолданылатын

¹ Кононов А.Н. Грамматика языка тюркских рунических памятников (VII-IX вв.). – Ленинград: Наука, 1980. – С. 109.

√-a,-e жұрнағы жалғанған сөздердің мағынасы әр тарапты болып келеді. √-a,-e қосымшасының сөзжасамдық қызметін саралаған А.Н.Кононов осы тұлғаны қабылдау арқылы жалғанған туынды сөздердің мағыналық ерекшеліктерін ашып көрсетеді: «Аффикс -a/ä образует глаголы переходные – со значением обратить в предмет, объект действия то, что названо производящей основой; непереходные – со значением названия процесса действия, выведенного из значения исходной основы: *at+a* «называть», «давать имя», «титуловать» МЧ.12 *at*«имя»...»¹. А.Н. Баскаков √-a,-e қосымша морфемасының қалыптасу жолын √-la,-le жұрнағымен байланыстыра отырып, контоминациялық үдерістердің нәтижесі ретінде қарастырады². √-a,-e қосымшасы негізінен бір буынды түбір-негіздерге жалғанатын архаикалық көрсеткіш ретінде сипаттаған Э.В. Севортян қосымшаның көнелік белгілері оның мәнінен де аңғарылатынына назар аударады³. Ескерткіштер тілінде: *ata*→*at+a* `ата, атау` МЧ.12 ~қаз. *ata*→*at+a*; *jaša*→*jaš+a* `жаса (өмір сүр)` КТү.42 ~ қаз. *žasa*→*žas+a*; *sana*→*san+a* `сана` Тон.27 ~ қаз. *sana*→*san+a*; *tile*→*til+e* `тіле` Тон.23 ~ қаз. *tile*→*til+e*. Түркі жазба ескерткіштері тіліндегі етістік тудырушы √-a,-e жұрнағы қазіргі түркі тілдерінде де қолданыста: қаз. *asa*→*as+a*, *bosa*→*bos+a*, *qula*→**qul+a*, *qura*→*qur+a*, *sura*→**sur+a*, *žama*→**žam+a* т.б. Қазіргі түркі тілдеріндегі -a/-e көрсеткіші негізінен «өлі» түбір-негіздердің құрамында сақталған, «тілдің даму барысында «өлі» түбірлердің -a/-e аффиксімен кірігіп, тұтасып кеткендігі соншалықты, бұл көрсеткіштерсіз оларды дербес сөз ретінде қабылдау қиын»⁴, √-a,-e форманттары арқылы туындаған етістік тұлғаларды морфемдік-компоненттік талдау

¹ Кононов А.Н. Грамматика языка тюркских рунических памятников (VII–IX вв.). – Ленинград: Наука, 1980. – С. 116.

² Баскаков Н.А. Каракалпакский язык. – Москва, 1952. Т. II, Ч. I – С. 203.

³ Севортян Э.В. Аффиксы глаголообразования в азербайджанском языке. Опыт сравнительного исследования. – Москва: Издательство Восточной литературы, 1962. – С. 212.

⁴ Манкеева Ж.А. Қазақ тіліндегі байырғы түбірлерді жаңғырту. – Алматы: «Мемлекеттік тілді дамыту орталығы» ЖШС, 2010. – Б. 71.

нәтижесінде ажыратуға болады. Сондай-ақ морфема жігі айқын сөздер де кездеседі: *bos+a*, *qan+a*, *ört+e* т.б.

√-i/-i, -u/-ü–көне түркі тілдеріндегі етістіктер жасайтын жұрнақ. «Аффикс -i, -i, -u, -üобразует глаголы чаще медиального значения с семантикой приобретать качество, свойство, обозначенное производящей основой»¹. Көптеген зерттеушілер түркі тілдеріндегі √-i/-i морфемасын етістік пен есімдердің жіктелу кезеңінде-ақ белсенді қолданыста болған √-a, -e формантының қысаң нұсқасы ретінде қарастырады: *biti*→**bit+i* `жаз, жазу`, *toqı*→**toq+i* `қаша (тасты қашау)` КТк.13. Қазақ тілінде көнетүркілік √-i/-i, -u/-ü қосымшаның √-i/-i нұсқасы тұлғалық жағынан да, қызметі жағынан да толық сақталған: *arı*→**ar+i*, *ajni*→**ajn+i*, *beki*→**bek+i*, *damı*→**dam+i*, *eri*→**er+i*, *žani*→**žan+i*, *žari*→**žar+i*, *žasi*→**žas+i*, *žeki*→**žek+i*, *žori*→**žor+i*, *žoci*→**žos+i*, *keji*→**kej+i*, *qajı*→**qaj+i*, *sasi*→**sas+i*, *tani*→**tan+i*, *širi*→**šir+i*, *qurı*→**qur+i*, *nali*→**nal+i*, *moji*→**moj+i*².

√-la/-le етістік тудыратын өнімді жұрнақтар қатарына жатады. Түркі тілдеріндегі √-la/-le қосымшасының негізгі мәні: зат есімдерге жалғанып іс-әрекет үдерісін білдіреді. √-la/-le жұрнағы арқылы жасалған етістіктердің тура мағынасы өзіне негіз болған түбір сөздердің семантикалық-аялық шеңберінен алыстамайды. √-la/-le қосымша морфемасын ортақ етістің грамматикалық категорияларымен байланыстырған М.А.Ахметов қосымшаның сабақты етістіктердің ырықсыз етіс формасының көрсеткіші бола алатынын айтады³. Түркі тілдеріндегі есім сөздерден етістік тудыратын өнімді жұрнақ √-la/-le, -da/-de, -ta/-te тұлғалары іс-әрекеттің дүркінділік, қайталамалық мәнін беретін қосымша ретінде де қарастырылады. Ескерткіштер тілінде: *aŋla*→*aŋ+la* `аңла, түсін, аңғар, байқа` Тон.34 ~қаз. *aŋla*→*aŋ+la*; *atla*→*at+la*

¹ Кононов А.Н. Грамматика языка тюркских рунических памятников (VII-X вв.). – Ленинград: Наука, 1980. – С. 116-117.

² Манкеева Ж.А. Қазақ тіліндегі байырғы түбірлерді жаңғырту. – Алматы: «Мемлекеттік тілді дамыту орталығы» ЖШС, 2010. – Б. 93.

³ Ахметов М.А. Глагол в языке Орхоно-Енисейских памятников. – Саратов, 1978. – С. 45-46.

‘аттан’ ~ қаз. *attan*→*at+tan*; *başla*→*baş+la* ‘баста’ КТү.16 ~ қаз. *basta*→*bas+ta*; *eble*→*eb+le* ‘үйлену, үйлендіру’ Е.47 ~ қаз. *üjle(n)*→*üj+le(n)*. Көнетүркілік $\sqrt{-la/-le}$ қосымшасы қазіргі түркі тілдерінде $\sqrt{-la/-le-da/-de,-ta/-te}$ т.б. тұлғаларымен қалыптасқан.

$\sqrt{-q/-k,-i\dot{q}/-ik,-uq/-\ddot{u}k,-\gamma/-k,-i\dot{\gamma}/-ig,-u\gamma/-\ddot{u}g}$ – негізінен сын есімдер мен зат есімдерге жалғанып туынды етістіктер жасайды. «Көне жазбаларда $\sqrt{-i\dot{q}}$ жұрнағы арқылы жасалған туынды етістіктер бұйрық мәнді қимылды және іс-әрекеттің нәтижесін білдіреді¹. Ескерткіштер тілінде: *joliq*→*jol+uq* ‘жолық’: *Bir jegirminč aj sekiz jegirmine joluqdim* МЧ. 25 «Он бірінші айдың он сегізінде мен олармен жолықтым»~қаз. *žoliq*→*žol+i\dot{q}*; *tašiq*→*taš+i\dot{q}* ‘аттаныс, жорық (тасыну, аттану, жолға шығу)’: *Qaŋim qayan jiti jegirmi erin tašiqmīs* КТү.11 «Қаған әкем он жеті ермен аттанысқа шықты» ; *antiq* ‘ант беру’, *ta\dot{y}i\dot{q}* ‘тауға шығу’, *mu\eta i\dot{q}* ‘мұңға бату, мұңаю’ т.б. Бірнеше алломорфтардан тұратын $\sqrt{-q/-k,-i\dot{q}/-ik,-uq/-\ddot{u}k,-\gamma/-k,-i\dot{\gamma}/-ig,-u\gamma/-\ddot{u}g}$ қосымшалары арқылы жасалған етістіктер қазіргі түркі тілдерінде аса мол емес: башқ. *as\dot{i}q* ‘ашық’, *qa\dot{n}\dot{i}q* ‘қанық’; қаз. *tariq*, *toti\dot{q}* т.б.

$\sqrt{-is/-is,-i\dot{s}/-i\dot{s},-u\dot{s}/-\ddot{u}\dot{s}}$ – түркі тілдерінде белсенді түрде қолданылатын өнімді жұрнақ. Көнетүркілік $\sqrt{-is/-is,-i\dot{s}/-i\dot{s},-u\dot{s}/-\ddot{u}\dot{s}}$ морфемасы жалғанған сөздер екінші дәрежелі синкретизмдер қатарында жиі қолданылады. Бұл аталған қосымшаның есім сөз тудыруға да етістік сөз тудыруға да бірдей қатысы бар полисемантикалық формант екенін көрсетеді. Ескерткіштер тілінде ортақ етістің қосымшасы ретінде етістік түрлендіруші жұрнақ қызметінде де қолданылады. В.Т. Кондратьев түркі тілдеріндегі $\sqrt{-is/-is,-i\dot{s}/-i\dot{s},-u\dot{s}/-\ddot{u}\dot{s}}$ форманттарын көптік категориясымен сабақтастырса², Л.Н. Харитонов $\sqrt{-is/-is}$ аффиксінде ортақтық, көптік мәндердің екеуі де бар екенін айтады және ортақтық мәні бірінші қалыптасқан, ал көптік мәнге кейін ие болған деп

¹ Есенқұлов А. Көне түркі жазба ескерткіштеріндегі қосымшалар. – Алматы: Ғылым, 1976. – Б. 198.

² Кондратьев В.Т. Очерки грамматики древнетюркского языка. – Ленинград, 1970. – С. 25-26.

санайды¹. Ескерткіштер тілінде: *sünjüs//sünjüş→*sünj+üs//üş* `соғыс (сүңгілес)` КТү.15; *uruš→ur+uš* `ұрыс` т.б. Көне түркі тіліндегі $\sqrt{-is/-is, -iš/-iš, -uš/-üş}$ қосымша морфемасының мәні мен қызметі қазақ тіліндегі $\sqrt{-is/-is, -as/-es, -s}$ жалғауының мәні мен қызметіне сәйкес келеді. $\sqrt{-is/-is, -as/-es, -s}$ морфемасы дербес түбірлерге жалғанып, ортақ етістің грамматикалық мағынасын білдіреді. «Алайда, тілде тек диахрондық тұрғыдан ажыратылатын императив етістіктер біршама мол кездеседі. Олардың құрамындағы $\sqrt{-as/-es, -s}$ аффиксінің жіктелуі аса күрделі. Мысалы: **ad-as, *al/ž-as, *eg-es, *žar-as, *kü-r-es, *tal-as, *ul-as, *tüg-es* және т.б. Осы қатардағы етістіктердің бәрі бірдей ортақ әрекет мағынасын білдірмейді. Мысалы, *adas=, alžas=, žaras=* (киімі жарасу), *ulas=*(жалғасу). Бұл арада таза етістік сөзжасамына тікелей қатысты деп айтуға болады»².

$\sqrt{-n, -in/-in, -un/-ün}$ – т етістік түбірден туынды етістік тудыратын қосымша морфема: *ökün→ ök+ün* `өкіну, қайғыру` КТү. 40 ~ қаз. *ökin→ ök+in, ü~i; ötün→öt+ün* `өтін` Тон,15 ~ қаз. *ötün→öt+in; qilin→qil+in* `тәрбиеленді, қалыптасты`; *ičyin→ičy+in* `ышқын` КТү.13 ~ қаз. *išqin→išq +in; alqin→alq+in* `алқын` КТк.9 ~ қаз. *alqin→al+qin*. А. Есенқұлов *ičqin, alqin* лексемалары құрамынан *-qin* буынын етістік тудырушы жұрнақ ретінде қарастыра отырып, қазіргі тілдердегі соңғы буыны осы морфемаға сәйкес келетін басқа сөздерден $\sqrt{-n}$ жұрнағын ажыратады: «қазіргі түркі тілдерінде, сондай-ақ қазақ тілінде де *žulqin, bulqin, tolqin, qilqin* т.б. сөздерге талдау жасасақ, сөз тудырушы жұрнақ *-n* болады. Өйткені *žulqin(-n), bulqin(-n), tolqin(-n), qilqin(-n)* сөздерінің әрқайсысының өз алдына толық мағынасы бар екені анық. Міне, осы сияқты о баста *alqi, ičqi* сөздерінің де жеке-жеке мағына білдіруі мүмкін, бірақ кейде бастапқы мағынасы көмескіленіп бір тұтас лексикалық мағынаға ие болып кеткен көне тү-

¹ Харитоновна Л.Н. Залоговые формы глагола в якутском языке. – Москва, 1963. – С. 50-51.

² Манкеева Ж.А. Қазақ тіліндегі байырғы түбірлерді жаңғырту. – Алматы: «Мемлекеттік тілді дамыту орталығы» ЖШС, 2010. – Б. 79.

бірлер сияқты»¹. Қазіргі қазақ тілінде еш өзгеріссіз қолданылатын көнетүркілік *işqin*, *alqin* етістіктерінің құрамынан **alq*, **işq* имитатив түбірлерін және $\sqrt{-n/-in}$ жұрнағын ажырату теориялық тұрғыдан ешқандай қайшылық тудырмайды.

$\sqrt{-sira/-sire}$ – қосымшасы затқа қатысты болымсыздық мән береді, яғни есім сөздерге жалғанып белгілі бір заттың, құбылыстың жоқтығын көрсететін етістіктерді тудырады. Көнетүркілік $\sqrt{-sira/-sire}$ (*ilsire*→*il+sire* `елсіре`, *qayan+ sira*→*qayansira* `қағансыра` КТү.15) қосымшасы қазіргі түркі тілдеріндегі $\sqrt{-siz/-siz}$ қосымшасының мәнін береді және өзара төркіндес жұрнақтар ретінде қарастырылады. «С аффиксом *-siz* генетический связан глагольный аффикс *-sira/-sire* с помощью которого от имен образуются глаголы с привативным значением»². Көнетүркілік $\sqrt{-sira/-sire}$ құранды аффиксі басқа түркі тілдеріне қарағанда қазақ тілінде біршама сақталған: *äl+sire*, *et+sire*, *žilam+sira külim+sire*, *qa-n+sira*, *ölim+sire* т.б.

$\sqrt{-ad/-ed}$ –көне түркі ескерткіштерінде жиі қолданылатын формант. $\sqrt{-ad/-ed}$ қосымшасы негізінен есім сөздерге *et* `істеу, жасау` етістігінің тіркесуі арқылы, яғни дербес лексеманың грамматикализациялану процесі негізінде жасалған. Ескерткіштер тілінде: *künjed*→*kün+ed* `күңге айналу`, *qulad*→*qul+ad* `құлға айналу`: *Jeti жүз er bolip, elsiremis, qayansiramis budunïy, künjed-mis, qulandmis budunïy, türk terüsin ičünmïs budunïy ečüm-arap törüsinče jaratmïs, başkurmïs* КТү.13 «Жеті жүз ер болып, елсіреген, қағансыраған халықты, күнденген, құлданған халықты, түрк иелігінен айрылған халықты ата-бабам салтына қайта оралтты» (Айд.І,173-174). Қазіргі түркі тілдерінде *et* `істеу, жасау` формасы негізінен көмекші етістіктер қатарында қолданылады.

$\sqrt{-l,-il/-il}$ аффиксі ескерткіштер тілінде негізінен сөз түрлендіруші морфема қызметін атқарғанымен, жаңа сөз жасауда да белсенді түрде қолданылады: *qil*→**qil+l* `белгілі бір әрекетті

¹ Есенқұлов А. Көне түркі жазба ескерткіштеріндегі қосымшалар. – Алматы: Ғылым, 1976. – Б. 207

² Левитская Л.С. Историческая морфология чувашского языка. – Москва: Наука, 1976. – С. 129.

жасау` КТү.1 ~қаз. *qıl*→**qıl*+*l*; *tüzel*→*tüze*+*l* `түзел` КТк.4,5 ~қаз. *tüzel*→*tüze*+*l*; *tiril*→*tiri*+*l* `теріл, жинал`: *Taşra jorijur tijin kü es-idip, balıqdaqı tayıymıs, taydaqı inmis. Tirilip jetmis er bolmıs.* КТү.12 «Тыста (сыртта) жортып жүр дегенді есітіп, қаладағылар таудай болды, таудағылар төмендеді. Жиналып жетпіс ер болды» (Айд. III,59) ~ қаз. *teril*→*teri*+*l* `бір-бірлеп жиналу`. Бұл сөйлемдегі *tiril* лексемасы *öli* және *tiri* антонимдік жұбындағы *tiri* сөзіне қатысы жоқ, түркі тілдеріндегі `бір-бірлеп жинау` мағынасын беретін *ter* етістігінің фонетикалық варианты, ескерткіштер тілінде `тіріл` *tiril* лексемасы да қолданыста. √-*l*, -*il*/-*il*, -*ul*/*ül* жұрнағының алломорфтары қазіргі түркі тілдерінде де кездеседі: чув. *čerel* `сауығу (тірілу)`, *maqal* `топастану, ақылсыздану(мақаулану)`, *tasal* `тазалану`; қаз. *žam+il*, *žum+il*, *žoy+al*, **sab+il*, **šom+il* т.б.

√-*šur*/-*šür*/-*čur* – сирек кездесетін етістік тудырушы құранды жұрнақ. Ескерткіштер тілінде: *kiñšür*→**kiñ+šür* `дауласу, кектесу` *joñšur*→**joñ+ šür* `жанышу (жауласу)` КТү.6. Көнетүркілік √-*šur*/-*šür*/-*čur* форманты қазіргі қазақ тілінде сақталмаған. Махмуд Қашқаридың еңбегінде *tamčur* `тамшыла` лексемасы тіркелген: *jamγur tamčurdı* `жаңбыр тамшылады` (МҚ II,203). Қазақ тіліндегі етістік тудырушы √-*sir*/-*sir* (**žap+sir*, **qap+sir*, **qaw+sir*) аффиксі көнетүркілік √-*šur*/-*šür*/-*čur* тұлғасының алломорфы болуы мүмкін.

√-*qıš* – етістік тудырушы өнімсіз жұрнақ. А.Есенқұлов көне түркі жазба ескерткіштері тіліндегі √-*qıš* морфемасы *qıl* `қыл, жаса, істе` дербес лексеманың ықшамдалып, қосымшаға айналуы нәтижесінде қалыптасқанын көрсетеді¹. Ескерткіштер тілінде: *joqqıšdım*→*joq+qıš (dım)* `жойдым, жоқ қылдым`: *Ol süg anta joqqıšdım* БҚ.25 «Ол әскерді сонда жойдым (жоқ қылдым)».

√-*t*/-*it*/-*it* қосымша морфемасы көне түркі жазба ескерткіштері тілінде сөз түрлендіруші формант ретінде жиі қолданылғанымен жаңа сөз тудырушы жұрнақ қызметінде сирек кездеседі: *basitma*→*bas+it(ma)* `басындырма`: *Jelme qarayu edgüti urγıl basitma timis*

¹ Есенқұлов А. Көне түркі жазба ескерткіштеріндегі қосымшалар. – Алматы: Ғылым, 1976. – Б. 207.

Тон. 34 «Асықпа күзетшіні жақсылап қойың, бастырма, – деді» (Айд.ІІ,110); *jorīt*→*jor+īt* `жорт` КТк.4 ~ қаз.*žort*→**žor+t*; *jarat*→*ja-ra+t* `жаса, жарат` КТү.53 ~ қаз. *žarat*→**žara+t*.

√-*ir/-ir,-ar/-er,-ur/-ür,-r* сирек қолданылатын өнімсіз жұрнақ, негізінен морфемалардың жігі ажыратылмайтын тарихи негіздер құрамында кездеседі: *olur*→**ol+ur* `отыр` КТү. 26-~қаз. *otir*→**o(l)t+ir*. Көне түркі жазба ескерткіштері тіліндегі √-*ir/-ir,-ar/-er,-ur/-ür,-r* форманты етістік түбірлерді грамматикалық жағынан түрлендіре отырып та, жаңа мағына тудыра алады: *sökür*→**sök+ür* `шөгер`, КТү.2 ~қаз. *šöger*→**šök(g)+er*. Етістік тудырушы √-*ir/-ir,-ar/-er,-ur/-ür,-r* қосымшасы қазақ тіліндегі көне диссилабтар құрамында қолданылады: *žek*→**žek+ir*, *šaqir*→**šaq+ir*, *sekir*→**sek+ir*, *tükir*→**tük+ir* т.б. Еліктеуіш негізді етістіктер құрамында біршама жиі кездеседі: *baq+ir*, *qaq+ir*, *kek*→**kek+ir* т.б.

Түркі тілдері сөзжасам жүйесіндегі қосымшалардың әр тілдің дыбыстық ерекшеліктеріне сәйкес варианттылық түзу мүмкіндігіне байланысты бірнеше алломорфтарды қамтиды.

§5. Түркі тілдеріндегі жалғаулар

Зат есімдердің сөйлемдегі қызметі, сөйлем мүшелерімен грамматикалық қарым-қатынасын қамтамасыз ететін сан-мөлшерлік, тәуелділік немесе меншіктілік-объективтілік т.б. грамматикалық мағыналары көптік, жіктік, тәуелдік және септік категориялары арқылы жүзеге асады. Зат есімдерге көптік жалғауларының жалғануы олардың жекеше, көпше топтарға ажырауына негіз болады, сондай-ақ көптік формасындағы зат есімдер көптік мәнімен қатар жинақтау, тұспалдау, болжау мағыналарын да иеленеді. Жіктік жалғауын зат есімдердің бәрі бірдей қабылдай бермейді, лексикалық мәніне байланысты – адамның кәсібі, қабілеті, тегі, туыстығы, жынысы, жас шамасы тәрізді жеке басына тән белгілері мен қасиеттерін білдіретін сөздер тобы ғана жіктеледі. Зат есімдерге жіктік жалғауының

жалғануы бастауыш пен баяндауыштың сөйлем ішінде бір-бірімен синтаксистік қарым-қатынасқа түсінің негізгі амалы болып табылады¹. Белгілі бір заттың үш жақтың біріне меншіктілігін білдіру тәуелдік категориясы арқылы көрсетіледі². Септік категориясы зат есімдердің сөйлем ішінде өзге сөздермен дәнекерлесуін, сөйлем мүшесі ретіндегі грамматикалық қызметін қамтамасыз етеді.

Көптік категориясы. Көптік мағынаны сипаттайтын жалғаулар көпшілдік ұғымының мән-маңызының адам санасында қорытылуына байланысты қалыптасқан тілдік дамудың нәтижесі ретінде орнығып, объектінің сандық белгілерін және олардың субъектілерге қатысының ортақтық немесе жекелік сипатын танытудың, көптік, топтық, жинақтық, ортақтық белгілерінің көрсеткіші қызметтерін атқарады.

Түркі тілдері бойынша көптік категориясының негізгі грамматикалық көрсеткішін $\sqrt{-lar/-lär/-ler}$ форманты және олардың фонетикалық варианттары (*-dar/-där/-der*, *-tar/-tär/-ter*, *-nar/-närl/-ner* т.б.) құрайды. Адамзат санасының дамуымен бірге қалыптасқан көптік ұғымын сипаттайтын басты қосымшаның шығу тегі, тұлғалық құрамының қалыптасуы, мазмұнындағы көпшілдік идеясын беретін уәждік негіздер туралы да бірізді тұжырым орныққан жоқ. $\sqrt{-lar/-lär/-ler}$ аффиксінің қалыптасуы мен дамуы жайлы негізгі көзқарастар бірнеше бағытта өрбиді: $\sqrt{-lar/-lär/-ler}$ қосымшасы көптік мәнін сақтаған дербес лексеманың грамматикализация құбылысына ұшырауы негізінде жасалған, яғни жалғаудың этимологиялық негізінде болжамдық сипаттағы 'бірнеше', 'көп' мәнін беретін дербес лексема жатуы мүмкін (Т.Ковальский); $\sqrt{-lar/-lär/-ler}$ қосымшасы көптік мәнді түбір сөзге қосымша морфеманың жалғануы арқылы жасалған, яғни жіктеу есімдігі *ol* мен $\sqrt{-ar}$ жұрнағының кірігуінен қалыптасуы мүмкін (В.А.Богородский); екі қосымша морфеманың бірігуінен жасалған құранды жұрнақ,

¹ Қазақ грамматикасы. – Астана, 2002. – Б. 458.

² Аханов К. Грамматика теориясының негіздері. – Алматы, 1996. – Б. 150.

яғни есім сөздерден етістік тудырып, іс-әрекеттің қайталамалы сипатын білдіретін $\sqrt{-la}$ жұрнағы мен келер шақ есімшенің $\sqrt{-r}$ формантының бірігуі арқылы жасалып, ішкі семантикалық өзгерістің нәтижесінде көптік мәнге ие болған күрделі аффикс (Н.А. Баскаков)¹. Түркі тілдері көптік категориясының негізгі қосымшасы $\sqrt{-lar, -ler}$ формантының шығу тегі, қалыптасуы мен дамуы, архиформасы жайлы пайымдаулар мен тұжырымдар Б.А. Серебренниковтың², А.М.Щербактың³, А.Н.Кононовтың⁴ т.б. зерттеушілердің еңбектерінде қамтылған.

Түркітанушы-лингвистердің тұжырымдауы бойынша түркі тілдерінде $\sqrt{-lar/-ler}$ қосымшасынан басқа да көптік, ортақтық, жинақтық мән беретін бірнеше форманттар болған: «Кроме афф.-*lar/-lär*, собирательность – множественность обозначалась рядом аффиксов, давно утративших свою продуктивность и сохранившихся в составе отдельных слов и форм»⁵. Қазіргі түркі тілдері деректерінде архаикалық көптік категориясының жинақтау, топтау, ортақтық мәнінің реликтілері ғана сақталған: «В тюркских языках сохранились лишь реликты формы собирательной множественности. В давний период эти формы, очевидно, носили действенный характер»⁶. Түркілік баба-тіл кезеңінде белсенді қолданылған жинақтау, топтау мәніндегі көптік категориясының архиформанттары қатарында

¹ Қараңыз: Сравнительно-историческая грамматика тюркских языков. Морфология. – Москва: Наука, 1988; Томанов М. Қазақ тілінің тарихи грамматикасы. – Алматы, 1988.

² Серебренников Б.А. О некоторых частных деталях процесса образования аффикса множественного числа *-lar* в тюркских языках. – Советская тюркология. – 1970. – № 1.

³ Щербак А.М. Очерки по сравнительной морфологии тюркских языков: (Имя) – Ленинград, 1977.

⁴ Кононов А.Н. Показатели собирательности-множественности в тюркских языках. – Ленинград, 1969.

⁵ Кононов А.Н. Грамматика языка тюркских рунических памятников (VII–IX вв.). – Ленинград: Наука, 1980. – С.145.

⁶ Сравнительно-историческая грамматика тюркских языков. Морфология. – Москва: Наука, 1988. – С. 10.

$\sqrt{*}\text{-z}, *{-s}, *{-q(-k)}, *{-t}, *{-\check{c}}, *{-\check{s}}, *{-l}, *{-m}, *{-n}, *{-r}$ тұлғалары көрсетіледі¹. Архаикалық $\sqrt{*}\text{-z}, *{-s}, *{-q(-k)}, *{-t}, *{-\check{c}}, *{-\check{s}}, *{-l}, *{-m}, *{-n}, *{-r}$ форманттары тілдік жүйедегі фоносемантикалық, фономорфологиялық құбылыстармен, қазіргі түркі тілдеріндегі сөзжасам жұрнақтарымен ұштасып жатқан, грамматикалық мағыналары айқын ажыратылмаған көне модификаторлар, сондықтан олардың шығу тегі, даму жолы жайлы бірізді пікірлер толық қалыптаса қойған жоқ. Олардың басым бөлігі архитүбірлерге (өлі түбірлерге) жалғанғандықтан негіз сөз құрамына кірігіп, морфемалық жігі тұтасып кетсе, енді біразы күрделі қосымша морфемалар құрамында сақталған. Көптік категориясының дербес аффикстік дәрежесін сақтап қалғандарының саны тым аз.

Түркі тілдері бойынша көптік категориясының реликт нұсқаларының сілемдері этнонимдер құрамында сақталуы мүмкін, мысалы: $\sqrt{*}\text{-z}$ формантын $az \rightarrow *a + *z$ «аз», $oyiz//oyiz \rightarrow *oy(u)// *oy(i) + *z$ «оғыз», $qirqaz//qirqaz \rightarrow qirq + *(i)z//*(a)z$ «қырқыз//қырғыз» этнонимдерінің құрамынан ажыратуға болады. Сондай-ақ $qazaq$ «қазақ», $\ddot{a}zırbajan$ «әзірбайжан» лексемалары да көптік мәнді $\sqrt{*}\text{-z}$ модификаторын сақтауы мүмкін; $\sqrt{*}\text{-n}$ формантын $\gamma un, \ddot{u}jsin, najman, ar\ddot{u}in, albant$ т.б. этнонимдерінің сақтау мүмкіндігі жоғары; $\sqrt{*}\text{-t}$ модификаторының іздері $qon\ddot{ı}rat, kerejt$ т.б. ру-тайпа атауларының құрамында сақталған.

Түркі тілдерінде көптік, жинақтау мән беретін $\sqrt{*}\text{-z} \approx \sqrt{*}\text{-s} \approx \sqrt{*}\text{-\check{s}}$ модификаторлары тәуелдік жалғауының үшінші жағының құрамында $*{-s\ddot{i}} >$ алт., тув., хак., шор., чул. $\sqrt{*}\text{-z\ddot{i}} \sim$ як. $\sqrt{*}\text{-ta} \sim$ чув. $\sqrt{*}\text{-\check{s}}$, $-\check{s}e, -\ddot{a}\check{s}e, -e\check{s}e$; $\sqrt{*}\text{-z}$ нұсқасы жіктеу есімдігінің көпше түрінің бірінші жағында ($biz < bi + z \approx pis < pi + s$), тәуелдік жалғауы көпше формасының бірінші жағының көпше түрінде ($-biz < bi + z \approx -miz < mi + z \approx -piz < pi + z$), екінші жағының жекеше және көпше түрлерінде ($siz < si + z, s\ddot{i}\eta < s\ddot{i} + \eta$), бірінші және екінші жағының құрамында ($-miz < m + iz, -\eta (-n, -\gamma) uz < -\eta (-n, -\gamma) + \ddot{u}z$), екінші жақ көпшесінің құрамында

¹ Қараңыз: Кононов А.Н. Показатели собирательности-множественности в тюркских языках. – Ленинград, 1969; Сравнительно-историческая грамматика тюркских языков. Морфология. – Москва: Наука, 1988. – С. 10.

(-sін(-n) +із) кездеседі. Лингвистикалық түркітануда көне түркі тілінде кеңінен қолданылған *bodun* `халық`, *oylan* `ұлан (ұрпақ)`, *eren* `ерлер,батыр жауынгерлер` лексемалары құрамындағы соңғы дауыссыз *n* дыбысын көптік мәнді $\sqrt{*}$ -*n* формантымен байланыстырушы көзқарастар белгілі.

Түркі тілдеріндегі архаикалық көптік категориясының реликт форманттарының мән-мағынасын ашу жалпыалтайлық деңгейде қарастырғанда ғана біршама айқындала түседі. Мысалы, көптік категориясының архаикалық $\sqrt{-*}$ s форманты маньчжур тілінде $\sqrt{-sal/-sä/-se, -sol/-su}$ тұлғаларының құрамында (*sakda+sa* `қарт адамдар, қарттар`, *agu+sa/agu+se* `ағалар,үлкен бауырлар` *gege+se* `апалар (әпкелер)`, *aqa+su* `құлдар`, *šoqoto+so* `кедейлер` т.б.) сақталса, монғол, қалмақ тілдерінде дербесаффикстік деңгейде түбір сөздерге тікелей жалғанады (қалм. *xulgānā+s* `тышқандар`, монғ. *udu+s* `ірі қара, сиырлар (қодастар)`, *noqa+s* `иттер`), тұңғыс тілдеріне жататын нанай тілінде $\sqrt{-sal/-sel}$ қосымшасының құрамында сақталған (**kā+sal* `хандар`) $\sqrt{-sal/-sel}$ күрделі жұрнағының құрамында көптік мағына жүктеген $\sqrt{*}$ -*l* форманты да сақталуы мүмкін. Алтайтанушы ғалымдар $\sqrt{-sal/-sel}$ қосымшасының мазмұнынан ұжымдық сипаттағы `барлығы, бірге` семасын ажыратады¹.

Көне түркі ескерткіштері тілінде көптік жалғауларының $\sqrt{-lar,-ler}$: *begler* `бектер`, *kunčuylar* `әйелдер(бикештер)`, *atlar* `аттар` және $\sqrt{-t}$: *tarqant* `тарқандар` *čadapī+t* `туыс уәзірлер` форманттары қолданылады, жалпыалтайлық көне формант $\sqrt{*}$ -*t* тұлғасының көптік мәнде жұмсалуды өте сирек кездеседі. М.Томанов орта ғасыр мұрасы «Бабурнама» тілінде, қазіргі якут тілінде көптік мәнді $\sqrt{-t}$ және $\sqrt{-lar}$ қосымшаларының сөз түбіріне қатар жалғанатынын көрсететін деректердің кездесіп қалатынын айта отырып: «түркі тілдерінде -*t* форманты орта ғасырлардың соңғы кезеңдерінде өзінің көптік мағынасын жоғалтты» деген тұжырым жасайды².

¹ Рамстедт Г.Й. Введение в алтайское языкознание: Морфология / Пер. с нем. – Москва, 1957. – С. 60.

² Томанов М. Қазақ тілінің тарихи грамматикасы. – Алматы, 1988. – Б. 138.

Үндестік заңының жетілуіне орай қазақ тілінде көптік жалғауларының алты нұсқасы қолданылады: $\sqrt{-}$ -*lar*, *-ler*, *-dar*, *-der*, *-tar*, *-ter*. Жалғанған сөздеріне көптік мағына беретін көптік жалғаулары қазақ тілінде негізгі қызметіне қосымша «ұғымдық мәндерді де бейнелейді: біртекті нәрселердің жиынтығы (*mektepter+ter*, *üj+ler*); сын есім мен есімшені субстантивтендіреді (*žaqsı+lar*, *oqıyan+dar*); (сан есімге, мезгіл үстеуге жалғанып, болжалдау, мөлшерлеу, шамалауды білдіреді (*žası otız+darda*, *sayat üš+terde*, *biltir+larda*); бір нәрсенің жалпыға бірдей ортақтығын, меншіктеуші адамның көптігін білдіреді (*qız+dariñ*, *äke+leriñ*). Көптік жалғаулары бірыңғай мүшенің соңғысына ғана жалғанады»¹. Көнетүркілік $\sqrt{-}$ -*lar*, *-ler* тұлғалары қазақ тілінде дауысты және кейбір үнді дыбыстардан кейін қолданылады.

Түркі тілдері көптік категориясының ең белсенді қолданылатын қосымшасы болып табылатын $\sqrt{-}$ -*lar*, *-ler* форманттарының фонетикалық дублеттерінің парадигмалық аясы аса ауқымды: $\sqrt{-}$ -*lar*, *-ler*, *-lär*, *-lor*, *-lör*, *-lir*, *-lir*, *-nar*, *-när*, *-ner*, *-nor*, *-nör*, *-nur*, *-nir*, *-dar*, *-der*, *-där*, *-dor*, *-dör*, *-dir*, *-dir*, *-tar*, *-ter*, *-tär*, *-tor*, *-tör*, *-tir*, *-tir*, *-zar*, *-zer*, *-zär*, *-sar*, *-ser*, *-sär*, *-rar*, *-rer*, *-rär*. Түркі тілдеріндегі көптік категориясы қосымшаларының тұлғалық өзгерістері негізінен ассимиляциялық үдерістерге байланысты қалыптасады: «влияние высокой степени частности двух *t* глагольных словоформ на преобразование *-td<-tt-*, что привело к сложению вариантов аффикса *-lar* с начальными *t* и *d* в некоторых тюркских языках. Ассимилятивный процесс на этом не закончился – как было показано выше, в зависимости от конечного звука основы в тюркских языках выработались варианты с начальными *n, z, s, r*, ноль звука»².

Түркі тілдерінде $\sqrt{-}$ -*lar*, *-ler*, *-lär*, *-lor*, *-lör*, *-lir*, *-lir*, *-nar*, *-när*, *-ner*, *-nor*, *-nör*, *-nur*, *-nir*, *-dar*, *-der*, *-där*, *-dor*, *-dör*, *-dir*, *-dir*, *-tar*, *-ter*, *-tär*, *-tor*, *-tör*, *-tir*, *-tir*, *-zar*, *-zer*, *-zär*, *-sar*, *-ser*, *-sär*, *-rar*, *-rer*, *-rär*. т.б. көптік

¹ Қазақ тілі. Энциклопедия. – Алматы: IDK-ТИПО, 1998. – Б. 184.

² Сравнительно-историческая грамматика тюркских языков. Морфология. – Москва: Наука, 1988. – С. 21-22.

мәнді қосымша морфемалар құрамындағы дауыссыздардың редукцияға ұшырап көмескіленуі, элизиялануы негізінде немесе құранды жұрнақтардың қайта ыдырауы негізінде орныққан $\sqrt{-le, -la, -lä, -lo, -lö, -li, -li, -to, -tö, -ta, -te, -tä, -za, -ze, -zä, -zo, -zö, -a, -ä, -ar, -är, -er}$ т.б. варианттары да қолданылады¹. Басқа түркі тілдеріне қарағанда чуваш тіліндегі көптік жалғауының табиғаты өзгешелеу: $\sqrt{-sem}$. Г.Рамстедт түркі тілдеріндегі $\sqrt{-lar, -ler}$ қосымшасын монғол тіліндегі көптік мәнін білдіретін $\sqrt{-nar}$ тұлғасымен сабақтастырады, ғалымның пікірінше, жалғау монғол, якут тілдеріндегі дербес лексемалық деңгейдегі *nar, naar* 'бірге' сөзімен төркіндес. Зерттеуші, сондай-ақ $\sqrt{*-l}$ элементінің комитативті мағына беретін дербестік сапасына да мән береді². Түркі тілдерінде көптік категориясы арнайы қосымша морфемалар арқылы да, семантикалық мазмұнында жұптық, көптік және жинақтау-топтау мәні бар дербес лексемалар арқылы да сипатталады. Көптікті, жинақтау мен топтауды білдіретін логикалық ұғым кейбір зат есімдер мен есімдіктерден, сан есімдерден көрініс береді. Мазмұнында көптік мән сақтаған лексика-семантикалық композициялардың тұлғалық құрылымы да әртүрлі болып келеді: жеке сөз (*biz, šaš, qar, jılqı, on*), қосарлы сөз (*bala-šaya* 'балалар', *qız-qırqın* 'қыздар, келіншектер', *šal-šawqan* 'шалдар, кәрі адамдар' т.б.), қайталама сөз (*otar-otar, üjir-üjir, qušaq-qušaq* т.б.), күрделі сөз (*žüz elüw mın* т.б.), тұрақты сөз тіркесі (*tajli tajayümen keldi* 'түгел, бәрі') т.б.

Тәуелдік категориясы заттар арасындағы иелік, меншіктілік қатынастарды білдіреді. Түркі тілдеріндегі тәуелділік қатынастар үш түрлі жолмен жасалады: 1) Тәуелдік жалғаулары жалғану арқылы морфологиялық амалмен жасалады; 2) Жіктеу есімдіктері мен өздік есімдіктері *kentü, öz* лексемаларының тіркесуі және ілік септігі жалғаулары мен тәуелдік жалғаула-

¹ Қараңыз: Сравнительно-историческая грамматика тюркских языков. Морфология. – Москва: Наука, 1988. – С. 18-22.

² Рамстедт Г.И. Введение в алтайское языкознание: Морфология. – Москва, 1957. – С. 46-48.

рының жалғануы арқылы жасалатын морфологиялық-синтаксистік амал; 3) Жіктеу есімдіктерінің біріне ілік септігінің жалғануы арқылы жасалатын синтаксистік амал¹. Түркі тілдеріндегі тәуелдік мәнді білдіретін негізгі морфологиялық, грамматикалық көрсеткіш – тәуелдік жалғаулары. Түркі тілдерінде зат есімдерге және субъективтенген басқа сөз таптарына тән тәуелдік категориясы үндестік заңына сәйкес қалыптасқан бірнеше вариантты аффикстерді қамтиды.

I жақ, жекеше: *-m, -im, -it, -um, -üt, -m, -im, -it*;

I жақ, көпше: *-miz, -miz, -imiz, -imiz*;

II жақ, жекеше: *-ñ, -in, -it, -uñ, -ün, -uñ, -üg, -ñ, -in, -it*;

II жақ, көпше: *-ñiz, -inñiz, -itñiz*;

III жақ, жекеше: *-i, -i, -si, -si*;

III жақ, көпше: *-i, -i, -si, -si*.

Бірінші жақтың жекеше түрі: *ini-jigünim→ini-jigün+im* 'іні-жиенім', *beglerim→begler+im* 'бектерім', *budunim→budun+im* 'халқым', *oylanım→oylan+im* 'ұлдарым' КТү.51,52; *basım→bas+im* 'басым' ЫБ.10; *ayılam→ayıl(a)+m* 'қорам(аулам)'; *jılqım→jılqı+m* 'жылқым' Суд.5; *inim→ini+m* 'інім', *qizim→qiz+im*, 'қызым', *urım→uri+m* 'ұлым (ұрпағым)' Суд. 6; *ögüm→ög+üm* 'шешем' КТү.11; *siñilim→siñili+m* 'қарындасым', *qunñijım→qunñij+ım* 'бикешім' КТү.20 т.б. Бірінші жақтың көпше түрі: *jañimiz→jañ+imiz* 'жауымыз' Тон. 8. Екінші жақ тәуелдік жалғауы: *qayanin→qayan+in* 'қағаның' Тон.2; *ilin→il+in* 'елің' КТү.23; *bunıu→bun+u* 'мұның' КТк.8. Үшінші жақ тәуелдік жалғауы: *inisi→ini+si* 'інісі' КТү. 5; *oñli→oñ(u)l+i* 'ұлы' КТү.5; *eñsi→eñ+si* 'ағасы' КТү.5; *qañi→qañ+i* 'әкесі' КТү.5; *bıjruqi→bıjruq+i* 'кеңесшісі, уәзірі' КТү. 5; *begleri→begler+I* 'бектері', *budunı→budun+i* 'халқы' КТү.6.

Қазақ тілінде «тәуелдік категориясы арқылы меншіктеуші (иеленуші) жақ пен меншіктелуші (иеленілуші) зат қос-қабат көрсетіледі. Иеленуші субъект жекеше я көпше формалардағы жіктеу есімдіктерінің үш жағының бірімен байланысты болып

¹ Кононов А.Н. Грамматика языка тюркских рунических памятников (VII-IX вв.). – Ленинград: Наука, 1980. – С. 147-148.

отырады. Бірақ тәуелдеу категориясы үнемі иеленуші мен иеленілуші затты ғана білдіріп қана қоймайды, бір заттың басқа да әр қилы затқа әр алуан байланысы мен қатынастарын білдіреді»¹ Қазақ тілінде тәуелдеу категориясы үш түрлі тәсіл арқылы жасалады: морфологиялық немесе синтетикалық; синтаксистік немесе аналитикалық; аралас немесе морфологиялық әрі синтаксистік амалдардың өзара ұласуынан жасалған тәсіл.

Жіктік категориясы. Зат есімнің грамматикалық тұрғыдан өзгеріске түсуінің бір жолы – оның жіктелуі. Сөздің жіктелуі оның грамматикалық үш жақтың әрқайсысына тән жіктік жалғауын қабылдауы арқылы объектінің субъектіге қатысын айқындайды және сөйлем мүшелерінің синтаксистік қарым-қатынасқа түсуін қамтамасыз етеді². VI-IX ғасыр түркі жазба мұралары Орхон, Енисей, Талас ескерткіштері тілінде зат есімдердің жіктік мағынасы жіктеу есімдіктері арқылы беріледі: *jılanmen* `жыланмын` ЫБ.8; *barsmen* `барспын` ЫБ.10; *oyli men* `ұлымын(ұрпағымын)` Е.47; *jul tenri men* `жол тәңірімін` ЫБ.2; *qara qıǵ men* `қара құспын` ; *biyra men* `бурамын` ЫБ. 20. Бұл көне түркі тілінде жіктік мағынасының дербес грамматикалық категория ретінде толық жетілмегенін көрсетеді. Жаққа қатысты үштүрлі модификациямен берілетін жіктік категориясымен зат есімдер, субстантивтенген басқа да сөз таптары және етістіктер түрленеді. Түркі тілдеріндегі жіктік жалғаулары бірнеше фонетикалық варианттардан тұрады.

I жақ, жекеше: *-men, -ben, -mīn, -mīn, -bin, -bīn, -pīn, -pīn;*

I жақ, көпше: *-miz, -miz, -biz, -biz, -piz, -piz;*

II жақ, жекеше: *-sen -sīn, -sīn, -siz, -siz;*

II жақ, көпше: *-siz, -sīndar, -sīnder, -sizdar, -sizder;*

III жақ, жекеше: Ø.

III жақ, көпше: Ø, кей тілдерде көптік жалғаулары жалғанады.

Етістіктердің жіктелуі олардың шақ категориясымен түрленуіне сәйкес қолданылады. Бірінші жақ, жекеше түрі: қаз.,

¹ Қазақ тілі. Энциклопедия. – Алматы: IDK-TIPO, 1998. – Б. 386.

² Қазақ грамматикасы. – Астана: Астана полиграфия, 2002. – Б. 448.

башқ., түр., тув. *aldim* 'алдым'; екінші жақ: қаз., башқ., тув. *aldin*, түр., *aldin* 'алдың'; үшінші жақ: қаз., башқ., түр., тув. *aldi* 'алды'. Бірінші жақ, көпше түрі: қаз., башқ. *aldiq*, түр. *aldik*, тув. *aldimis* 'алдық'; екінші жақ: қаз. *aldindar/ aldinizdar*, башқ. *aldiyiz*, тув. *aldinar*, түр., *aldiniz* 'алдыңдар/алдыңыздар'; үшінші жақ: қаз. *aldi*, башқ., түр., тув. *aldilar* '(олар)алды'. Басқа түркі тілдеріне қарағанда етістіктердің ауыспалы осы шақтағы жіктелу формасы чуваш тілінде өзгешелеу қалыптасқан. Бірінші жақ, жекеше: чув. *wularäm* 'оқыдым', *sirtäm* 'жаздым'; екінші жақ: чув. *wularän* 'оқыдың', *sirtän* 'жаздың', үшінші жақ: чув. *wularä* 'оқыды', *sirčä/ sirtä* 'жазды'. Бірінші жақ, көпше: чув. *wularämär* 'оқыдық', *sirtämär* 'жаздық'; екінші жақ: чув. *wularär* 'оқыдыңдар/оқыдыңыздар', *sirtär* 'жаздыңдар/жаздыңыздар', үшінші жақ: чув. *wularäs* '(олар)оқыды', *sirčäs/ sirtäs* '(олар)жазды'.

Септік категориясы. Септелу – сөйлемдегі сөздердің септік жалғаулары арқылы бір-бірімен байланысқа түсіп, дәнекерлесуі¹. Септік жалғаулары – сөздерді бір-бірімен байланыстыратын түрі көп, мағыналары мен қызметі әралуан морфологиялық тұлға. Көне түркі жазба ескерткіштері тіліндегі септік жалғауларының саны жайлы әртүрлі пікірлер қалыптасқан: А.Н.Кононов 11 септікті – негізгі (основной), табыс (винительный), барыс-орын (дательный-местный), орын-шығыс (местный-исходный), шығыс (исходный), құралдық (инструментальный), ілік (родительный), бағыттық (направительный), орын-бағыттық (местный-направительный), барыс-бағыттық (дательный – направительный), барыс-шектік (дательный-предельный) көрсетсе², Ғ.Айдаров 7 септікті – атау, ілік, барыс, табыс, жатыс, шығыс, көмектес/құралды ажыратады³. Орхон, Енисей, Талас ескерткіштері тіліндегі септік сұрақтары, септелген сөздердің мағынасы, сөйлемдегі атқаратын қызметі VI-IX ғасыр түркілері ті-

¹ Қазақ грамматикасы. – Астана: Астана полиграфия, 2002. – Б. 456.

² Кононов А.Н. Грамматика языка тюркских рунических памятников (VII-IX вв.). – Ленинград: Наука, 1980. – С. 149.

³ Айдаров Ғ. Тоникук ескерткішінің (VIII ғасыр) тілі. – Алматы: Қазақстан, 2000. – Б. 59, 62.

ліндегі септелу жүйесін 7 септік аясында жіктеуге болатынын көрсетеді. Орхон, Енисей, Талас ескерткіштері тілінде септік тұлғаларының жасырын тұрып, нөлдік формада келуі де, септік мағынасын дербес сөздердің беруі де кездеседі. Сондай-ақ кейбір бірен-саран қосымшалар тұлғасы жағынан басқа бір септіктің қалыптасқан форманттарына сәйкес келсе, мағынасы жағынан кесесі бір септіктің форманттарына сай келеді, мысалы: $\sqrt{-da}$ жалғауы тұлғасы жағынан жатыс септігі қосымшасына ұқсағанмен, мағынасы барыс септігі қосымшасының мәніне сәйкес қолданылады: *ïyačda* → *ïyač+da* 'ағашқа': *Quzγunïγ ïyačda bamiš qatïγlï ba edγüti ba tip* ЫБ.14 «Құзғынды ағашқа байлаған, мықты байла! Жақсырақ байла, – деп» (Айд.ІІІ,160). Ескерткіштер тілінің септелу жүйесі қазіргі түркі тілдерінде негізінен сақталған, әрбір тілдегі септік категориясының саралану принциптеріне сәйкес түркі тілдеріндегі септіктер саны бірыңғай емес. Атау септік: Ø; Ілік септік: *-iñ, -in, -niñ, -nin, -un, -ün, -nun, -nüñ; -niñ, -nin, -diñ, -din, -tiñ, -tin*; Барыс септік: *-qal-ke, -γarul-gerü, -ru, -rü, -ra, -re, -a, -e, -ja, -je, -γa, -ge, -qa, -ke, -a, -e, -γaril-geri, -qaril-keri*; Табыс септік: *-ni, -ni, -i, -i, -iγ, -ig, -uγ, -üg, -in, -in, -un, -ün, -n, -di, -di, -ti, -ti, -ni, -ni*; Жатыс септік: *-ta, -te, -da, -de, -da, -de, -ta, -te*; Шығыс септік: *-tan, -ten, -dan, -den, -tän, -tin, -nan, -nen, -dan, -den, -tan, -ten*; Көмектес (құралдық) септік: *-in, -in, -n, -men, -ben, -pen*.

Атау септіктің арнайы тұлғасы ескерткіштер тілінде ғана емес, барлық түркі тілдерінде жоқ. Бірақ атау септіктің өзіне ғана тән субстанттықмән білдіретін грамматикалық мағынасы, нольдік формада айқындалып, грамматикалық субъектіні сипаттайтын синтаксистік қызметі болады. Сондықтан атау тұлғадағы сөзді «септік жалғауларының басына қою аса қажет, өйткені заттың кім, я не екенін білдіретін сөзбен жақ жағынан қиысып, субъектілік-координаттық қатынаста байланысып, сөйлем құрайды».¹ Ескерткіштер тілінде: *il/el* 'ел': *Il jeme il bolti* Тон.56 «Ел тағы да ел болды»; *er* 'ер': *Beg er jontınaru barmiš* ЫБ.5 «Бек ер жылқысына қарай барған»; *oγlan* 'ұл, бала': *Oγlan kekük tezkın bolti* ЫБ.23 «Бала

¹ Казак грамматикасы. – Астана: Астана полиграфия, 2002. – Б. 456.

көкек құрығын тапты; *qulun* `құлын`: *Teglük qulun irkek jonda emig tilejür* ҮБ.24 «Ерке құлын еркек жылқыны емгісі келер» (Айд.3).

Ілік септігі жалғауының негізгі мағынасы иелікті, меншікті білдіру. Ілік септігінің жалғаулары тәуелдік категориясымен тығыз байланыста қалыптасқан грамматикалық бірлік, септік категориясының грамматикалық тұрғыдан тиянақталуын оның тәуелдік жалғаулы сөзбен тіркесімділігі қамтамасыз етеді. Көне түркі ескерткіштері тілінде ілік септігі $\sqrt{-i\eta}$, $-i\eta$, $-ni\eta$, $-ni\eta$, $-u\eta$, $-ü\eta$, $-nu\eta$, $-nü\eta$ форманттары арқылы беріледі: *adiyiñ*→*adiy+iñ* `аюдың`, *tonuziñ*→*tonuz+iñ* `доңыздың`: *Adiyiñ qarni jarilmış tonuziñ aziyisinmiş tir* ҮБ. 6 «Аюдың қарны жарылған, доңыздың аяғы сынған, – деген» (Айд. III, 159); *ögüzig*→*ögüz+ig* `өгіздің`: *Bir qari ögüzig bilin biçe jimiş* ҮБ. 37«Бір қары өгіздің белін майда құмырсқалар қаптапты» (Айд.III, 164); *čöllig*→*čöl(l)+ig* `шөлінің`: *Juyči-sigitči öñre kün toysiqda...* КТү. 4 «Жылап-сықтаған: әуелі күн шығыстан...» (Айд.I,172). Орхон, Енисей, Талас ескерткіштері тілінде ілік септігі тұлғасының жасырын тұрып, нөлдік формада келуі де жиі кездеседі: *Kögmen joli* `Көгменнің жолы` Тон.23; *tabğaç qağani* `табғаштың қағаны`Тон.19; *on oq qağani* `он оқтың қағаны` Тон.19. Әрбір тілдің фонетикалық, грамматикалық ерекшеліктеріне байланысты көнетүркілік $\sqrt{-i\eta}$, $-i\eta$, $-ni\eta$, $-ni\eta$, $-u\eta$, $-ü\eta$, $-nu\eta$, $-nü\eta$ морфемасы қазіргі түркі тілдеріндебірнеше фонетикалық вариантта қалыптасқан: $\sqrt{-i\eta}$, $-i\eta$, $-ni\eta$, $-ni\eta$, $-u\eta$, $-ü\eta$, $-nu\eta$, $-nü\eta$, $-di\eta$, $-di\eta$, $-du\eta$, $-dün\eta$, $-dun$, $-dün$, $-don$, $-dzon$, $-dün$, $-ti\eta$, $-ti\eta$ т.б. Түркі тілдеріндегі ілік септіктерінің құрылымдық моделінің даму бағыты толық айқындалмаған мәселелер қатарынан орын алады. Түркітанушы лингвистердің бір тобы ілік септігінің бастапқы тұлғасы ретінде $\sqrt{-CVC}$ моделін таныса, келесі топ $\sqrt{-VC}$ моделін архиформа деп санайды.

Барыс септігінің негізгі мағынасы іс-әрекеттің, қимылдың кімге, неге, қайда бағытталғанын білдіреді, сондай-ақ сөйлем ішінде іс-қимылдың мерзімі мен мөлшерін, мақсатын да айқындайды. VI-IX ғасыр түркі жазба мұралары тіліндегі ба-

рыс септігі $\sqrt{-V}$ модельді $\sqrt{-a,-e,\sqrt{-CV}}$ модельді $\sqrt{-CV-qa, -ke, \sqrt{-ru,-rü, -ra,-re} \sqrt{-ja-je}$ және $\sqrt{-\gamma aru, \sqrt{-CVCV}}$ модельді $\sqrt{-gerü, -erü}$ қосымшалары арқылы жасалады: *abqa*→*ab+qa* `аңға`: *Er abqa barmış* ҮБ.12 «Ер аңға шықты» (Айд.ІІІ,160); *ajqa*→*aj+qa* `айға`: *Jılqa tegmişig jüditmajın ajqa tegmişig artatmajın* ҮБ.59 «Жылғы жеткендерін түрлендірмедім, айға жеткендерін бүлдірмедім» (Айд.ІІІ, 168); *qanqa*→*qan+qa* `ханға`: *Oğulanım erde imirım anca bol qanqa atar qabıylan* Суд.9 «Ұлдарым, ерлік істерде ұстазымдай бол, ханға табын, күшей»; *taşqa*→*taş+qa* `тасқа` *Jaşı taşqa jaratidim tolqu taşqa toqıtım* Тар.3 «Ауыр (үлкен) тасқа жаздырдым»; *toyisıqa*→*toyisıq+a* `шығысқа`, *batisıqa*→*batisıq+a* `батысқа`: *Küm suruyım күн toyisıqa batisıqa* Суд.4 «Менің дабысым мен билігім күн шығыс пен батысқа дейін»; *boqarsıqa*→*boqarsıq+a*: `арбаға`: *Eki öküzüg birboqarsıqakölmiş, qamsaju umatınturur tir* ҮБ. 25 «Екі өгізді бір арбаға жекті, олардың жүруге халі жоқ дер»; *kölke*→*köl+ke* `көлге`: *Uzun tonliy küzünüsin kölke işyinmiş* ҮБ. 22 «Ұзын киімді /әйел/ өз айнасын көлге тастады»; *süke*→*sü+ke* `соғысқа`: *Qan süke barmış şançmış* «Қан соғысқа аттанды, (жауын) шанышты»; *qoqu qışqa*→*qış+qa* `аққу құсқа`: *Er qoqu qışqa soquşmış* ҮБ.35 «Ер аққу құсқа кездеспеді» (Айд.ІІІ,159); *ebiñerü*→*ebi+ñerü* `үйіне`: *Ebiñerü kelmış* ҮБ.5 «Үйіне қарай келген» (Айд.ІІІ, 159); *ordusiñaru*→*ordusi+ñaru* `ордасына`: *Özi süsi ögire sebinü ordisiñaru keliр tir* ҮБ. 34 «Өзі, әскері шаттан-қуанып, өз ордасына келер, – дер» (Айд.ІІІ,164).

Табыс септігі жалғанған сөздер сөйлем ішінде сабақты етістікпен синтаксисті катынасқа түсіп, тура толықтауыш қызметінде жұмсалады. Түркі тілдерінде табыс септігі қосымшасының жасырын тұруы жиі кездеседі. Ескерткіштер тіліндегі табыс септігі негізінен $\sqrt{-in,-in, -n, \sqrt{-i,-i}}$ және $\sqrt{-iy,-ig, -uy,-üg}$ жалғаулары арқылы жасалады: *aqın*→*aq+in* `ағын`, *az jayızın*→*az jayız+in* `аз қаракерін(қоңыр)`: *Kültegin az jayızın binip oplaju tegip* КТү.45 «Күлтегін Аз қаракерін мініп шабуылға шығып»; *atıy*→*at+iy* `атты`: *Eñ ilki Tadiqın Çorın boz atıy binip tegdi* КТү.32 «Ең ілкі Тадықан Чордың боз атын мініп тиді» Айд.ІІІ, 65;

jeginimin→*jeginim+in* `жиенімді`, *atimin*→*atim+in* `немеремді`: *Jeginimin atimin körtim emti öltim...* Суд.8 «Жиенімді, немеремді көрдім. Енді өлдім» (Айд.ІІІ, 183); *oğulimin* → *oğulim+in* `ұлымды`, *qizimin* → *qizim+in* `қызымды`: *Ebledim oğulimin qizimin qalıñsız bertim imirima jüz erturiy bertim* Суд.7 «Ұлдарымды үйлендірдім. Қызымды қалың малсыз бердім» (Айд.ІІІ, 183).

Жатыс септігі. Ескерткіштер тілінде: *talujda* → *taluj+da* `теңізде`: *talujda jatıpan tapladuqimin tutarmen* ЫБ.3 «теңізде жатып кез келгенді тұтармын» (Айд.ІІІ,159); *tayda*→*tay+da* `тауда`, *tenride*→*tenri+de* `тәңріде`: *Er abqa barmış tayda qamlamış tenride erklig tir* ЫБ.12 «Ер аңға шықты. Тауда жығылды. Ерік тәңріде, - дер» (Айд.ІІІ,160); *jilta*→*jil+ta* `жылда`: *Tenri qutinta ucinñ ijilta qor esen tükel körüşmiş* ЫБ.15 «Тәңірі құтымен үшінші жылда есен-аман бірі-бірімен көріскен» (Айд.ІІІ,161); *ijolta* `жолда`: *Jolta atı armış* ЫБ.35 «Жолда аты арыды» (Айд.ІІІ); *ijirde* `жерде`: *Özluk at öñ ijirde arıp, öñür turu qalmış* ЫБ.17 «Өзіңдік ат ілкі жерде арып, өңіп, жүре алмай, тұрып қалды» (Айд.ІІІ,161); *Bolčuda* `Болшыда (жер аты)`: *Bolču-da otča borča kelti* КТү. 37 «Түргеш қаған әскері Болшыда отша, боранша келді» (Айд.І, 179); *Toğulada* `Тоғлада`: *Inigek kölke Toğulada Oğuz kelti* Тон.15 «Сиыр көлігімен Тоғлада оғыз келді» (Айд. ІІ,106); *on jaşda* `он жаста`: *On jaşda Umay teg ögüm qatun qutuğa inim Kültegin: er at bolti* КТү.31 «Он жаста, шешем Құлайдай қатынның бағына, інім Күлтегін ер атанды» (Айд.І, 177).

Шығыс септігі іс-әрекеттің, қимылдың неден, қай жерден басталғанын, қитыл иесінің басты объектіден алыстап, ұзап бара жатқанын сипаттайды. Кей жағдайларда іс-әрекеттің себебін, іс-қимылдың орнын да білдіреді. Орхон, Енисей, Талас ескерткіштері тіліндегі шығыс септіктері негізінен *√-dan,-den,-ta,-ten,-tın,-tın* форманттары арқылы жасалады: *beridenjen*→*beri+den(-jen)* `түстіктен`: *Tabğaç beridenjen teg!* Тон. 11 «Табағаш түстіктен тиіңдер»; *öñdenjen*→ *öñ+den(jen)* `шығыстан`: *Qitan öñdenjen teg!* Тон. 11 «Қытан шығыстан тиіңдер»; *Sabı entegöñden qayauγaru: sü jorılam temis* Тон.29 «Сөзі мынадай: алдынан қаған қарай Әскер жіберейік, – деді» (Айд.ІІ, 109). Кей жағдайда бірдей мән беретін

бір қосымшаның фонетикалық варианттары қосарланып келуі де кездеседі: *oғuzdantan* → *oғuz+dan+tan* `оғуздан`: *Anča olurur erikli oғuzdantan körüg kelti* Тон.8 «Сөйтіп отырған шақта оғыздан елші келді» (Айд.ІІ, 105); *taşdintan* → *taş+din+tan* `тыстан (сырттан)`: *Ani içig irmedim taşdintan üç qarluq üç iduq tatar...* МЧ.28 «Оны ішке кіргізбедім, сырттан үш қарлұқ, үш қасиетті татар...» (Айд.ІІІ, 139-144).

Көмектес септігі. Кейбір түркі тілдерінде көмектес септік көрсеткішінің қызметін атқаратын тұлғалар септік жалғауы ретінде танылмайды, жалғаулық шылаулар ретінде негізгі сөзден бөлек жазылады. Септіктің бұл категориясы іс-қимылдың, әрекеттің қандай да бір құрал арқылы атқарылатынын білдіреді, сондай-ақ іс-әрекетке ортақ субъектіні, іс-әрекеттің амалын, істің мақсатын да сипаттайды. Көне түркі тіліндегі құралдық септіктің негізгі қосымшасы *√-in, -in, -n, √-γ* форманттары арқылы және *birle* `бірге` лексемасының қолдануынан жасалады: *qilicin* → *qilici+n* `қылышпен`: *Altun qoruy saqimın qilicin kesipen* ЫБ.8 «Алтын сапты қылышпен кесіп» (Айд.ІІІ, 160); *Anin* → *Ani+n* `Анымен (Аны өзенімен)`: *Anin barmis Aңar jatip Bir atliybarmis* Тон.24 `Анымен барасыңдар, оған түнеп (одан әрі) бір аттық жүріс дедім` Айд. ІІ, 108; *subuy* → *subu+γ* `суымен`: *Ani subuy baralıм* Тон. 27 `Аны суымен баралық` (Айд.ІІ, 109); *sünügın* → *sünüg+in* `сүңгімен`: *Sünügın ačdimiz* Тон. 28 `Жолымызды сүңгімен аштық` (Айд.І, 109); *qayanimın* → *qayanim+in* `қағаныммен`: *Basiniyuma jayiy kelürir ertim. Qayanimın sületdimiz* Тон.53 `жауды келтірмедім, қағаныммен бірге соғыстық` (Айд.ІІ, 113). Ескерткіштер тілінде құралдық септіктердің *birle* `бірге` лексемасы арқылы да жасалатын түрлері де жиі кездеседі: *Izgl budun birle* `Ізгіл халқымен` КТү.43 ; *ečüm qayan birle* `ағам қағанмен бірге` КТү.17 ; *Kültegin birle* `Күлтегінмен` КТү.; *qayanin birle* `қағаныммен`: *Qayanin birle Suңa jışda sünüşdümüz* КТү.35 `Қағаныммен Соңа қойнауында шайқастық` (Айд.І,179); *qırqız birle* `қырғызбен`: *alti otuz jaşıma Ček budun Qırqız birle jayı boltı* БҚ.26 `Жиырма алты жасымда Чек халқы Қырғызбен қосылып жау болды`; *sü birle* `әскермен`: *Čača Seңün sekiz tümen sü bir-*

le süñüşdim БҚ. 26 'Чача-сеңгүн басқарған сегіз түмен әскермен соғыстым'.

Түркі тілдері морфологиялық құрылымының жалғамалылық сипатының негізгі көрсеткіші болып табылатын қосымша морфемалардың варианттылығы үндестік заңына сәйкес тілдің әуезділігін қамтамасыз етеді.

ШАРТТЫ ҚЫСҚАРТУЛАР

Ескерткіштер

БҚ	Білгеқаған
Е.	Енисей жазбалары
КТү.	Күлтегін, үлкен жазба
КТк.	Күлтегін, кіші жазба
КЧ	Кули Чор ескерткіші
МЧ	Мойун Чур ескерткіші
Он.	Онгин ескерткіші
Орх.	Орхон жазбалары
Тал.	Талас жазбалары
Тон.	Тониқук ескерткіші
ЫБ	Ырық Бітік
Суд.	Суджи жазбасы

Тілдер

алт.	алтай тілі
әзірб.	әзірбайжан тілі
башқ.	башқұрт тілі
бур.	бурят тілі
е.қып.	ескі қыпшақ тілі
қ.балқ.	қарашай-балқар тілі
қаз.	қазақ тілі
қар.	қарайым тілі
ққалп.	қарақалпақ тілі
қ.тат.	қырым татарлары тілі
құм.	құмық тілі
қырғ.	қырғыз тілі
маж.	мажар тілі
монғ.	монғол тілі

ноғ.	ноғай тілі
өзб.	өзбек тілі
тат.	татар тілі
түр.	түрік тілі
түркм.	түркімен тілі
тув.	тува тілі
тұңғ.м.	тұңғыс-манчжур тілі
ұйғ.	ұйғыр тілі
хак.	хакас тілі
чув.	чуваш тілі
як.	якут тілі

Әдебиеттер мен сөздіктер

Айд. I	Айдаров Ғ. Күлтегін ескерткіші. – Алматы: Ана тілі, 1995. – 232 б.
Айд. II	Айдаров Ғ. Тоникук ескерткішінің (VIII ғасыр) тілі. – Алматы: Қазақстан, 2000. – 120 б.
Аманж. I	Аманжолов А. Түркі филологиясы және жазу тарихы. – Алматы: Санат, 1996. – 127 б.
Аманж. II	Аманжолов А. История и теория древнетюркского письма. – Алматы: Мектеп, 2003. – 366 с.
БРРБУС	Саяхова Л., Усманова М. Башкирско-русский, русско-башкирский учебный словарь. – Санкт-Петербург: «БХВ-Петербург», 2000. – 224 с.
ДТД	Древние тюркские диалекты и их отражение в современных языках. Под ред. И.А. Батманова. – Фрунзе: Илим, 1971. – 194 с.
ДТС	Древнетюркский словарь. Под ред. В.М. Наделяева, Д.М. Насилова, Э. Р. Тенишева, А. М. Щербака. – Ленинград: Наука, 1969. – 676 с.
ИДТЯ	Изысканный дар тюркскому языку: Введение, лексико-грамматический указатель, глоссарий. Фазылова Э.И. и Зияевой М.Т. – Ташкент, 1978.
КРС	Киргизско-русский словарь. Сост. К.К. Юдахин. – Москва: Советская энциклопедия, 1985. Т. I. – 503 с. Т. II. – 474 с.
КРПС	Караимско-русско-польский словарь. – Москва, 1974.
ҚМС	Базылхан Б. Қазақша-монғолша сөздік. – Улаанбаатар, 1977. – 392 б.
ҚқТТС	Қарақалпақ тилинің түсіндірме сөзлігі. Жуапты ред. М.Календеров. I, II т. – Нөкіс: Қарақалпақстан, 1982, 1984.
ҚТДС	Қазақ тілінің диалектологиялық сөздігі. 1-кітап. – Алматы: Ғылым, 1996. – 196 б.
ҚТТС	Қазақ тілінің түсіндірме сөздігі. 10 томдық. – Алматы: Ғылым, 1974, 1976, 1978, 1979, 1982, 1985, 1986.
Құрыш.	Курышжанов А.К. Исследование по лексике старокыпчакского письменного памятника XII в. «Тюркско-арабского словаря». – Алма-Ата: Наука, 1970. – 232 с.
Мал. I	Малов С.Е. Памятники древнетюркской письменности. – Москва-Ленинград: Изд-во АН СССР, 1951. – 452 с.
Мал. II	Малов С.Е. Памятник в честь Кюль-Тегина. Памятник в честь Бильге-кагана (хану Могилян). Памятник в честь Тоньюкука // Орхонские надписи. – Семей: Дәуір, 2001. – С. 64-124.

МҚ	М.Қашқари. Девону луғот ит турк. С.М.Муталлибов. I том. Ташкент: УзССР Фанлар академияси нашриётининг боспахонаси, 1960. -499 с; II том. 1961. – 427 с; III том. 1961. – 461 с; IV том. Дивону луғот ит турк. Индекс-луғат. Ғ. Абдурахманова, С. Муталлибов. Узбекистон ССР Фан нашриёти. Тошкент, 1967. – 525 с.
МҚС	Базылхан Б. Монғолша-қазақша сөздік. – Улаанбаатар-Өлгий, 1987. – 885 б.
ОА	Жолдасбеков М., Сартқожаұлы Қ. Орхон ескерткіштерінің толық атласы. – Астана: Kulteegin, 2005. – 360 б.
РВУС	Сабо М. Русско-венгерский учебный словарь. AKADEMIAI KIADO BUDAPEST, 1989. – 262 с.
РКС	Русско-киргизский словарь. Сост. Б.О. Орузбаева, Д.Ш. Шукуров, Ю.Я. Яншансин. – Фрунзе: Главная редакция Киргизской Советской Энциклопедии, 1988. – 479 с.
РКумС	Русско-кумыкский словарь. Под ред. З.З. Бамматова. – Москва: Гос.изд.иностранных и национальных словарей, 1960. – 1148 с.
РНС	Русско-ногайский словарь. Сост. Абдулжалилов Ф. А., Джанбидаева К.К., Калмыкова С.А., Курманалиев М.К. – Москва, 1978.
РЯС	Русско-якутский словарь // под ред. П. С.Афанасьева, Л.Н.Харитонов. – Москва: Советская энциклопедия, 1968. – 720 с.
СДЕ	Батманов И.А., Арагачи З.Б., Бабушкин Г.Ф. и др. Современная и древняя Енисейка. – Фрунзе: АН КиргССР, 1962. – 248 с.
Сартқ. I	Сартқожа Қ. Орхон мұралары. – Астана: Kulteegin, 2003. – 392 б.
ТРС	Татарско-русский словарь. – Москва: Советская энциклопедия, 1966.
УзРС	Узбекско-русский словарь. Под ред. С.Ф. Ақобирова и Г.Н. Михайлова. – Ташкент: Главная редакция Узбекской Советской энциклопедии, 1988. – 727 с.
УРС	Уйгурско-русский словарь. – Москва: Советская энциклопедия, 1968. – 828 с.
ЭСТЯ	Севортян Э.В. Этимологический словарь тюркских языков. – Москва: Наука, I т. 1974. – 767 с.; II т. 1978. – 349 с.; III т. 1980. – 395 с.; IV т. (соавт. Левитская Л.С.) 1989. – 292 с.

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР

- Абдуллаев Ф. Фонетика хорезмских говоров. – Ташкент, 1967.
- Айгабылов А. Қазақ тілінің морфонологиясы. – Алматы: Санат, 1995.
- Айдаров Ғ. Күлтегін ескерткіші. – Алматы: Ана тілі, 1995.
- Айдаров Ғ. Тоникук ескерткішінің тілі (VIII ғасыр). – Алматы: Қазақстан, 2000.
- Акбаев Ш. Фонетика диалектов карачаево-балкарского языка. – Черкесск, 1963.
- Акишев К. Иссыкское письмо и руническая письменность // Байырғы түркі өркениеті. Жазба ескерткіштер. – Астана, 2000.
- Акульшин П.В. Проект создания Азиатской Академии С.С. Уварова и его место в обществ. движении России в 1810-1869 гг. // Проблемы новой и новейшей истории Востока. – Москва: Рязань, 1993.
- Акульшин П.В. Гражданин С.С. Уваров и его роль в жизни рос. Общества // Педагогика. – 1993. – № 4.
- Алпатов В.М., Варууль И. Ф., Старостин С. А. Грамматика японского языка. – Москва: Восточ. литература, 2000.
- Аманжолов А. Түркі филологиясы және жазу тарихы. – Алматы, 1996.
- Аманжолов А.С. К генезису тюркских рун // Орхонские надписи. – Семей: Дәуір, 2001.
- Аманжолов А.С. История и теория древнетюркского письма. – Алматы: Мектеп, 2003.
- Андреев А.А. К вопросу о раннем периоде биографии Александра Бековича Черкасского // Археология и этнология Северного Кавказа. Вып. 2. – Нальчик: Издательский отдел КБИГИ, 2013.
- Анесов Г.К. Семантическое развитие производных основ, образованных от гомогенных корней // Вопросы тюркского языкознания. – Алма-Ата: Наука, 1985.
- Аралбаев Ж. Қазақ фонетикасы бойынша этюдтер. – Алматы: Ғылым, 1988.
- Арсланов Л.Ш. Язык алабугатских татар Каспийского района Калмыцкой АССР. – Казань, 1988.
- Арсланова Ф.К. Погребальный комплекс VIII-VII вв. д.н.э. из Восточного Казахстана // В глубь веков. – Алма-Ата, 1974.
- Атамедов Н. Манышский говор диалекта туркменского языка. АДК. филол. наук. – Ашхабад, 1965.
- Аханов К. Грамматика теориясының негіздері. – Алматы, 1996.
- Ахинжанов С. М. Кыпчаки в истории средневекового Казахстана. – Алматы: Ғылым, 1995.
- Ахметов Ә. Байырғы америкалықтардың алтайлық тегі. – Астана, 2011.

Ахметов М.А. Глагол в языке Орхоно-Енисейских памятников. – Саратов, 1978.

Ахметьянов Р.Г. О генеалогической классификации кыпчакских тюркских языков // Советская тюркология. – 1978. – № 6.

Бабаев С.К. О происхождении балкарцев и карачаевцев // О происхождении балкарцев и карачаевцев. Материалы научной сессии по проблеме происхождения балкарского и карачаевского народов (22-26 июня, 1959 г.). – Нальчик: Кабардино-балкарское книжное издательство, 1960.

Babinger F. Gottlieb Siegfried Bayer (1694-1738). – München, 1915.

Базылхан Б. Қазақ және монғол тілдері бойынша салыстырмалы зерттеулер. АДД филол. наук. – Алматы – Улан-Батор, 1993.

Байтұрсынов А. Тіл тағылымы (қазақ тілі мен оқу ағартуға қатысты еңбектер). – Алматы: Ғылым, 1992.

Бан Гу. Батыс өңірі және үйсін мемлекеті. – Үрімжі: Шынжаң халық баспасы, 1987.

Бартольд В. В. История изучения Востока в Европе и России. – Ленинград, 1925.

Бартольд В.В. Киргизы. – Фрунзе, 1943.

Бартольд В.В. Двенадцать лекции по истории турецких народов Средней Азии. Соч. Т. 5. – Москва: Наука, 1968.

Бартольд В.В. Работы по истории и филологии тюркских и монгольских народов. Соч. Т.V. – Москва, 1968.

Бартольд В.В. Обзор деятельности факультета восточных языков. Соч. Т.IX. – Москва, 1977.

Баскаков Н.А. Каракалпакский язык. Фонетика и морфология. Т. 2. ч. 1. – Москва: Изд-во АН СССР, 1952.

Баскаков Н.А. К вопросу о происхождении условной формы на -са,-се в тюркских языках// Академику Р.А. Гордлевскому к его 75-летию. – Москва-Ленинград, 1953.

Баскаков Н.А. Тюркские языки. – Москва, 1960.

Баскаков Н.А. К вопросу о классификации тюркских языков // Известия АН СССР. ОЛЯ. – 1952. – № 2.

Баскаков Н.А., Абаев В.И. и др. Развитие и обогащение русского языка за счет заимствований из языков народов СССР // Взаимодействие и взаимообогащение языков народов СССР. – Москва, 1969.

Баскаков Н.А. Введение в изучение тюркских языков. – Москва: Высшая школа, 1969.

Баскаков Н.А. Историко-типологическая морфология тюркских языков (структура слова и механизм аглютинации). – Москва: Наука, 1979.

Баскаков Н.А. Алтайская семья языков и ее изучение. – Москва, 1981.

Баскаков Н.А. О границах словообразования и словоизменения тюрских языках // Советская тюркология. – 1986. – №2.

Баскаков Н.А. Историко-типологическая фонология языков. – Москва: Наука, 1988.

Батманов И.А. Язык енисейских памятников древнетюркской письменности. – Фрунзе, 1959.

Батманов И.А. Современный киргизский язык. Ч. I. – Фрунзе, 1963.

Батманов И.А., Кунаа А.Ч. Памятники древнетюркской письменности Тувы. Вып. I. – Кызыл, 1963.

Батманов И.А. Источники формирования тюркских языков в Южной Сибири и Средней Азии // Источники формирования тюркских языков Средней Азии и Южной Сибири. – Фрунзе, 1966.

Бахаддин Өгел. Ұлы Хун империясының тарихы. 2-кітап. – Алматы, 1998.

Бернштам А.Н. История гуннов. – Ленинград, 1951.

Библиграфический словарь Тюркологов Евразии. Российские тюркологи (XX век). Т. I. Книга 1. – Анкара, 2011.

Бизақов С. Вариант сөздер сөздігі. – Алматы: Білім, 2000.

Бирюкович Р.М. Звуковой строй чулымско-тюркского языка. – Москва, 1979.

Бичурин Н.Я. Собрание сведений о народах обитавших в Средней Азии в древние времена. Т. 1. – Москва-Ленинград, 1950.

Благова Г.Ф. «Бабур-наме»: Язык, прагматика текста, стиль. К истории чагатайского литературного языка. – Москва, 1994.

Богородицкий В.А. Введение в татарское языкознание в связи с другими тюркскими языками. – Казань, 1934.

Бодуэн де Куртенэ. Избранные труды по общему языкознанию. Т. I. – Москва, 1963.

Бодуэн де Куртенэ. Об одной из сторон постепенного человечения языка в области произношения, в связи с антропологией // Введение в языковедение. Хрестоматия. – Москва, 2000.

Боргояков М.И. Источники и история изучения хакасского языка. – Абакан, 1981.

Бураев И.Д. Некоторые фонетические особенности говора алароунгинских бурят // Исследования бурятских говоров. Вып. II. – Улан-Уде, 1968.

Валиханов Ч.Ч. Собрание сочинений. Т.1. – Алма-Ата, 1984.

Вербицкий В.И. Словарь алтайского и аладагского наречий тюркского языка. Изд.2. – Горно-Алтайск: Ак чечек, 2005.

Виттеккер Ц.Х. Гражданин С. С. Уваров и его время. – Санкт-Петербург, 1999.

Владимирцов Б.Я. Сравнительная грамматика монгольского письменного языка и халхасского наречия. Введение и фонетика. – Ленинград, 1929.

Гаджиева Н.З. Кумыкский язык // Младописьменные языки народов СССР. – Москва-Ленинград, 1959.

Гаджиева Н.З. Проблемы тюркской ареальной лингвистики. – Москва, 1975.

Гарипов Т.М. Башкирское именное словообразования. – Уфа, 1959.

Гаркавец А.Н. Кипчакские языки: куманский и армяно-кыпчакский. – Алма-Ата, 1987.

Гаркавец А.Н. Кыпчакское письменное наследие. Том I. Каталог и тексты памятников армянским письмом. – Алматы: Дешт-и-Кыпчак, 2002.

Гердер И.Г. Трактат о происхождении языка. – Москва, ЛКИ, 2007.

Грамматика современного башкирского литературного языка. – Москва, 1981.

Golb Norman and Omeljan Pritsak. Khazarian Hebrew Documents of the Tenth Century. – Ithaca: Cornell Univ. Press, 1982.

Голб Н., Прицак О. Хазарско-еврейские документы X века. 2-е изд. – Москва –Иерусалим, 2003.

Горяева В.Д. Городские центры и монументальная архитектура средневековой Киргизии // Автореф.д.к.ист. наук. – Фрунзе, 1976.

Готлиб Зигфрид Байер – академик Петербургской Академии наук. Сб. статей. – Санкт-Петербург, 1996.

Грамматика ногайского языка. Под ред. Н.А. Баскакова. – Черкесск, 1973.

Грамматика современного якутского литературного языка. Фонетика и морфология. Под ред. Е.И. Коркиной. – Москва, 1982.

Грамматика хакасского языка. Под ред. Н.А.Баскакова. – Москва, 1975.

Грамматика карачаево-балкарского языка. Под ред. Н.А. Баскакова. – Нальчик, 1976.

Грач А.Д. Хронологические границы древнетюркского времени // Тюркологический сборник. – Москва: Наука, 1966.

Греков Б.Д., Якубовский А.Ю. Золотая Орда и ее падение. – Москва, 1950.

Грунин Т. И. Документы на половецком языке XVI в. – Москва: Наука, 1967.

Грязнев М.П. Погребение бронзовой эпохи в западном Казахстане // Казахи. – Ленинград, 1927.

Гузев В.Г. Староосманский язык. – Москва, 1979.

Гулямов Х. Джизакский говор узбекского языка. АДК филол.наук. – Ташкент, 1954.

Гумилев Л.Н. Көне түріктер. – Алматы, 1994.

- Гумилев Л.Н. История народа хунну. Т. 1. – Москва, 1997.
- Ғабитханұлы Қ. Көне түркі жазба ескерткіштерінің Қытайда зерттелуі // Тіл және қоғам. – Астана, 2006. – № 2(7).
- Ғұн тарихының жылнамасы. – Түркістан: Тұран, 2004.
- Дамирчизаде Ә.М. Азәрбајжан әдеби дилинин тарихы. – Бақы, 1979.
- Дерффер Г. О состояний исследования халаджской группы языков // Вопросы языкознания. – Москва, 1972.
- Дерффер Г. О трех количественных градациях гласных в тюркских языках // Советская тюркология. – 1976. – № 47
- Джангидзе В.Т. Даманисский говор казахского диалекта азербайджанского языка. – Баку, 1965.
- Джунисбеков А. Сингармонизм в казахском языке. – Алма-Ата: Наука, 1980.
- Дмитриев Н.К. Грамматика кумыкского языка. – Москва-Ленинград, 1940.
- Дмитриев Н.К. Грамматика башкирского языка. – Москва-Ленинград, 1940.
- Дмитриев Н.К. Вставка и выпадение гласных и согласных в тюркских языках // Исследования по сравнительной грамматике тюркских языков. IV. Фонетика. – Москва, 1955.
- Дмитриев Н.К. Строй тюркских языков. – Москва: Издательство восточной литературы, 1962.
- Документы на половецком языке XVI в. – Москва, 1967
- Драгомир В.В. К вопросу о полемике по проблеме роли С.С. Уварова в истории России: системный компаративный анализ. – Москва, 1998.
- Древние тюркские диалекты и их отражение в современных языках. Под ред. И.А.Батманова. – Фрунзе: Илим, 1971.
- Дроздов Ю.Н. Тюркская этнонимия древнеевропейских народов. – Москва: Опора, 2008.
- Дьяконов И.М. История Мидии. – Москва-Ленинград, 1956.
- Дьячковский Н.Д. Консонантизм якутского языка. АДК филол. наук. – Якутск, 1982.
- Есбосынов Е. Ескі қыпшақ тілінің лексика-грамматикалық ерекшеліктері. – Астана: Ер-Дәулет, 2006.
- Есенқұлов А. Көне түркі жазба ескерткіштеріндегі қосымшалар. – Алматы: Ғылым, 1976.
- Ескеева М.Қ. Тарихи дыбыс өзгерістері. – Астана: ЕҰУ, 2001.
- Ескеева М.Қ. Қазақ жазуының тарихи негіздері. – Астана: ЕҰУ, 2002.
- Ескеева М.Қ. Түркі филологиясына кіріспе. – Астана: ЕҰУ, 2003.
- Ескеева М.Қ. Көне түркі және қазіргі қыпшақ тілдерінің моносиллабтық негізі. – Алматы: Арыс, 2007.

Ескеева М. Қ. Түркі тілдері жүйесіндегі қазақ тілінің тарихи орны. – Астана: Кантана Прес, 2011.

Жирмунский В.М. Тюркский героический эпос. – Ленинград: Наука, 1974.

Жүсіпұлы М. Ахмет Байтұрсынов және қазіргі қазақ тілі фонологиясы. – Алматы: Ғылым, 1998.

Зайончковский А. К вопросу о структуре корня в тюркских языках: глагольные основы моносиллабические (односложные) типа С+Г (согласный + гласный) // Вопросы языкознания. – 1961. – № 2.

Зайончковский А. Новонайденный арабско-кипчакский словарь // Народы Азии и Африки. – 1964. – № 3.

Мусаев К. Лексикология тюркских языков. – Москва: Наука, 1984.

Закиев М.З. Татар халқы теленең барлыкка килуе. – Казан, 1977.

Закиев М.З., Кузьмин-Юманади Я. Ф. Волжские Булгары и их потомки. – Казань: ИНСАН, 1996.

Закиев М.З. Древнетюркская ономастика и ее морфонология. – Астана: Prosper Print, 2013.

Зиндер Л.Р. Общая фонетика. – Москва, 1979.

Зејналов Ф.Р. Түрк дилләринин мута сәли грамматикасы. – Бақы, 1959.

Зейналов Ф.Р. Об одном «древнем тюркском языке» в Среднем Иране // Советская тюркология. – 1972. – № 6.

Ибатов А. Сөздің морфологиялық құрылымы. – Алматы: Ғылым, 1983.

Иванов С.Н. Николай Федорович Катанов. – Москва, 1973.

Иванов И.В. Синология в России // Актуальные проблемы востоковедения. – Ашхабад, 2004.

Иностранцев К. Хунну и гунны // Труды тюркологического семинария. Ленинградский институт живых восточных языков. – Ленинград, 1926.

Исаев С. Қазақ әдеби тілінің тарихы. – Алматы, 1989.

История отечественного востоковедения с середины XIX века до 1917 года. – Москва, 1997.

Исхаков Ф.Г. Характеристика отдельных гласных в современных тюркских языках // Исследования по сравнительной грамматике тюркских языков. Фонетика. Часть 1. – Москва: Наука, 1955.

Кажибеков Е.З. Глагольно-именная корреляция гомогенных корней в тюркских языках. – Алма-Ата: Наука, 1986.

Казанская лингвистическая школа. Книга первая. – Казань: Татарское книжное издательство, 2008.

Кайдаров А.Т. Развитие современного уйгурского литературного языка. – Алма-Ата: Наука, 1969.

Кайдаров А. Структура односложных корней и основ в казахском языке. – Алма-Ата: Наука, 1986.

Каримуллин А. Прототюрки и индейцы Америки. По следам одной гипотезы. – Москва: Инсан, 1995.

Карсаков И. Тюркология в германоязычных странах (Германия, Австрия, Швейцария). – Москва, 2008.

Кенесбаев И. Современный казахский язык. – Алма-Ата: КазГос. пед.уч., 1962.

Киекбаев Дж. К вопросу о родстве урало-алтайских языков // Некоторые вопросы урало-алтайского языкознания. – Уфа, 1970.

Киселев С.В. Древняя история Южной Сибири. – Москва-Ленинград, 1951.

Кляшторный С.Г. Древнетюркские рунические памятники как источник Средней Азии. – Москва: Наука, 1964.

Кляшторный С.Г., Ливицкий В.А. Открытие и изучение древнетюркских и согдийских эпиграфических памятников «Центральной Азии» // Археология и этнография Монголии. – Новосибирск, 1978.

Кляшторный С.Г. Кипчаки в рунических памятниках // *Turcologica*, 1986. – Ленинград: Наука, 1986.

Кляшторный С.Г., Султанов Т.И. Казахстан летопись трех тысячелетий. – Алма-Ата, 1992.

Кондратьев В.Т. Очерки грамматики древнетюркского языка. – Ленинград, 1970.

Кононов А.Н. Грамматика турецкого языка. – Москва, 1941.

Кононов А.Н. Грамматика современного турецкого литературного языка. – Москва-Ленинград: Изд-во АН СССР, 1956.

Кононов А.Н. Родословная туркмен. Сочинение Абул-Гази-хана Хивинского. – Москва – Ленинград, 1958.

Кононов А.Н. Грамматика современного узбекского литературного языка. – Москва-Ленинград, 1960.

Кононов А.Н. Тюркская филология в СССР 1917-1967. – Москва: Наука, 1968.

Кононов А.Н. Показатели собирательности-множественности в тюркских языках. – Ленинград, 1969.

Кононов А.Н. О фузии в тюркских языках // Структура и история тюркских языков. – Москва, 1971.

Кононов А.Н. История изучения тюркских языков в России: Дооктябрьский период. – Ленинград: Наука, 1972.

Кононов А.Н. Грамматика современного турецкого литературного языка. – Москва-Ленинград, 1972.

Кононов А.Н. Махмуд Кашкарский и его «Дивану лугат ит-турк» // Советская тюркология. – Баку, 1972. – №1.

Кононов А.Н. В.В.Радлов и отечественная тюркология // Тюркологический сборник. – Москва, 1972.

Кононов А.Н. Грамматика языка тюркских рунических памятников (VII–IX вв.). – Ленинград: Наука, 1980. – С.135-142.

Кормушин И.В. К методике сравнительного изучения алтайских языков // Проблема общности алтайских языков. – Ленинград: Наука, 1971.

Кормушин И.В. Лексико-семантическое развитие *qa в алтайских языках // Тюркская лексикология и лексикография. – Москва: Наука, 1971.

Корш Ф.Е. Классификация турецких языков // Этнографическое обозрение. – № 6. – Санкт-Петербург, 1910.

Котвич В. Исследование по алтайским языкам. – Москва, 1962.

Кошкарлов А. Фрикативные согласные в казахском языке // АДД филол. наук. – Алматы, 1996.

Крушевский Н.В. Очерки науки о языке // История языкознания XIX–XX веков в очерках и извлечениях. Ч. I. – Москва, 1960.

Кубрякова Е.С. О формообразовании, словоизменении, словообразовании и их соотношении // ИАН, Серия литература и язык. Т. 35. – Москва: Известия АН СССР, 1976. – №6.

Кузеев Р.Г. Происхождение башкирского народа, этнический состав, история расселения. – Москва: Наука, 1974.

Курышжанов А. Формы и значения падежей в языке Codex Cumanicus. АҚД филол. наук. – Алма-Ата, 1956.

Курышжанов А. Исследование по лексике «Тюркско-арабского словаря». – Алма-Ата: Наука, 1970.

Кызласов Л.Р. Новая датировка памятников енисейской письменности // Советская археология. – 1960 – №3.

Кызласов Л.Р. Новый этап развития енисейской письменности // Советская археология. – 1960. – № 3.

Кызласов И.Л. Рунические письменности Евразийских степей. – Москва, 1994.

Кызласов И.Л. Итоги и перспективы тюркской рунологии // Түркология. – 2002. – № 2.

Кыргыз тилинин грамматикасы. Морфология жана фонетика. – Фрунзе, 1980.

Қазақ грамматикасы. – Астана: Астана полиграфия, 2002.

Қазақ тілі. Энциклопедия. – Алматы IDK-ТИРО, 1998.

Қазақстан тарихы. Очерктер. – Алматы, 1994.

Қазақстан тарихы. I т. – Алматы, 1996.

Қайдар Ә. Қазақ тілінің өзекті мәселелері. – Алматы: Ана тілі, 1998.

Қайдар Ә. Қаңлы. – Алматы: Дайк-Пресс, 2004.

- Қайдаров Ә., Оразов М. Түркологияға кіріспе. – Алматы, 1985.
- Қалиев Ғ. Тіл білімі терминдерінің түсіндірме сөздігі. – Алматы: Сөздік-Словарь, 2005.
- Қашқари М. Түрк сөздігі. 3 томдық. А. Егеубаев. – Алматы, 1997.
- Құдасов С. Армян жазулы қыпшақ ескерткіші «Дана Хикар сөзінің» тілі. – Алматы, 1990.
- Құрбан Уәли. Біздің тарихи жазуларымыз. – Үрімші, 1986.
- Левин Г.Г. Лексико-семантические параллели Орхонско-тюркского и якутского языков: (В сравнительном плане с алтайским, хакасским, тувинским языками). – Новосибирск: Наука, 2001.
- Левитская Л.С. Историческая фонетика чувашского языка. – Москва, 1966.
- Левитская Л.С. Историческая морфология чувашского языка. – Москва: Наука, 1976.
- Литвинский Б.А. Кангюско-сарматский фарн. – Душанбе, 1968.
- Львов А.С. Лексика «Повести временных лет». – Москва, 1975.
- Лунин Б.В. Средняя Азия в дореволюционном и советском востоковедении. – Ташкент, 1965.
- Макаев Э.А. Рецензия: Проблема общности алтайских языков. – Ленинград, 1971 // ВЯ. – 1973. – №4.
- Малов С.Е. Каракалпакский язык и его изучения // Каракалпакия. Т. II. – Москва, 1934.
- Малов С.Е. К истории казахского языка // Изв.АН СССР. ОЛия. – 1941. – № 3.
- Малов С.Е. Памятники древнетюркской письменности. – Москва-Ленинград: Изд-во АН ССР, 1951.
- Малов С.Е. Древние и новые тюркские языки // ОЛия. Т. 2. Вып. 2. – Москва, 1952.
- Малов С.Е. Енисейская письменность тюрков. – Москва-Ленинград: Изд-во АН СССР, 1958.
- Малов С.Е. Уйгурские наречия Синьзяна. – Москва: Издательство АН СССР, 1961.
- Маженова М.Н. Абу-Хайян – исследователь кипчакского языка (материалы по истории казахского языка). АҚД филол. наук. – Алма-Ата, 1969.
- Население мира. Демографический справочник. – Москва: Мысль, 1989.
- Мазитова Н.А. Изучение Ближнего и Среднего Востока в Казанском университете (первая половина XIX в.). – Казань, 1972.
- Макаев Э.А. Вопросы построения сравнительной грамматики и тюркских языков // Советская тюркология. – 1971. – № 2.
- Манкеева Ж.А. Реконструкция первичных корней глагольных основ казахского языка. – Алма-Ата: Ғылым, 1991.

Манкеева Ж. Қазақ тіліндегі байырғы түбірлерді жаңғырту. – Алматы: «Мемлекеттік тілді дамыту орталығы» ЖШС, 2010.

Маргулан А. Основные этапы жизни и деятельности Ч.Ч. Валиханова. // Валиханов Ч. Избранные произведения. – Москва: Наука, 1986.

Мартине А. Принцип экономии в фонетических изменениях. – Москва, 1960.

Мелиоранский П.М. Памятник в честь Кюль-Тегина. – Санкт Петербург, 1899.

Мельников Г.П. Причины нарушения в системе киргизских гласных // Советская тюркология. – 1970. – № 1.

Миллибанд С.Д. Библиографический словарь советских востоковедов. – Москва, 1977.

Мудрак О.А. Развитие сочетаний с*ɬ в праалтайском языке//Доклады конференции памяти С.А.Старостина. Российский государственный гуманитарный университет. – Москва, 2006.

Мудрак О.А. Классификация тюркских языков и диалектов: (с помощью методов глоттохронологии на основе вопросов по морфологии и исторической фонетике). – Москва: РГГУ, 2009.

Мусаев К.М. Лексика тюркских языков в сравнительном освещении (Западно-кыпчакская группа). – Москва, 1975.

Мусаев К.М. Краткий грамматический очерк караимского языка. – Москва, 1977.

Мұсабаев Ғ. Үйсін туралы пікірлер // Қазақ тарихынан. – Алматы, 1997

Мырзабеков С. Қазақ тілінің дыбыстық жүйесі. – Алматы: Сөздік-Словарь, 1999.

Наджип Э.Н. Хорезми. Мухаббат-наме. – Москва, 1961.

Наджип Э.Н. Кыпчакско-огузский литературный язык мамлюкского Египта XIV в. АДД филол. наук. – Москва, 1965.

Наджип Э.Н. Исследования по истории тюркских языков XI-XIV вв. – Москва: Наука, 1989.

Наджип Э.Н. Культура и тюркоязычная литература мамлюкского Египта XIV века. – Туркестан, 2004.

Nadir Devlet. Türk Dünyasının Demografik ve Ekonomik Yapısına Toplu Bir Bakış //Türk Dünyası El Kitabı. – Birinci Cilt.2. –Baskı. –Ankara, 1992.

Население мира. Демографический справочник. – Москва: Мысль, 1989.

Насилов В.М. Язык орхоно-енисейских памятников. – Москва: Наука, 1960.

Насыров Д.С. Становление каракалпакского общенародного разговорного языка и его диалектная система. – Нукус–Казань, 1976.

Новикова К.А. Названия домашних животных в тунгусо-маньчжурских языках // Исследования в области этимологии алтайских языков. – Ленинград, 1979.

Омарбеков С., Жүнісов Н. Ауызекі тіліміздің дыбыс жүйесі. – Алматы: Мектеп, 1985.

Orkun N.X. Eski türk yaziltari. – Ankara, 1987.

Орузбаева Б.О. Кыргыз адабий тилинин жалпы элдик негиздери жөнүндө. – Фрунзе, 1968.

Остраумов Н. Этимология сартовского языка. – Москва, 1940.

Очерки истории исторической науки в СССР. Т. 1. – Москва, 1955.

Өмірәлиев Қ. Көне түркі әдеби ескерткіштері туралы зерттеулер. – Алматы: Арыс, 2010.

Петров Ф.А. Исторические взгляды С. С. Уварова // Ист. музей –энцикл. отеч. истории и культуры. Труды Гос. Истор. музея. Вып. 106. – Москва, 1998.

Петров Ф.А. Российские университеты в 1-й пол. XIX в. Формирование системы университетского образования. Кн. 2. Ч. 3. – Москва, 1999; Кн. 3. – Москва, 2000.

Плетнева С.А. Половецкая земля // Древнерусские княжества X-XII вв. – Москва, 1975.

Покровская Л.А. Грамматика гагаузского языка. Фонетика и морфология. – Москва, 1964.

Поливанов Е.Д. Субъективный характер восприятия звуков языка // Избранные работы. – Москва, 1968.

Поливанов Е.Д. Факторы фонетической эволюций языка как трудового процесса // Статьи по общему языкознанию. – Москва, 1968.

Поппе Н. Урало-Алтайская теория в свете Советского языкознания // Известия АН СССР. Отделение литературы и языка. – 1940. – №3.

Porpe N. Introduction to Altaic Linguistics. – Wiesbaden, 1965.

Потанов Л.П. Очерки по истории алтайцев. – Москва-Ленинград, 1953.

Radloff W. Phonetik der Nordlichen Türkschprachen. – Leipzig, 1882.

Радлов В., Мелиоранский П. Древнетюрские памятники в Кошоцайдаме // Орхонские надписи. – Семей: Дәуір, 2001.

Ramstedt G.J. Zur mongolisch-türkischen Lautgeschichte, III. Der j-Laut und damit zusammenhängende Fragen. KSz, XVI, 1915.

Ramstedt G. Uberonomatopoetische Wörter in der sitaischen Sprachen. – Journal de la Societe Finno-ougrienne. – Helsinki, 1951.

Рамстедт Г.И. Введение в алтайское языкознание. Пер. с нем. – Москва: Наука, 1957.

Рассадин В.Н. Бурятиязмы в якутском языке // О. Н. Бетлинк и его труд о языке якутов. – Якутск, 1973.

Рассадин В.И. Очерки по исторической фонетике бурятского языка. – Москва, 1982.

Remusa A. Recherches sur les lingua Tateres. – Paris, 1820.

Рубинштейн Н.Л. Русская историография. – Москва, 1941.

Рутенко Ю.С. Тагальский язык в «Сравнительном словаре всех языков и наречий» П.С.Палласа//Электронная библиотека Музея антропологии и этнографии им. Петра Великого (Кунсткамера) РАН. http://www.kunstkamera.ru/lib/rubrikator/08/08_02/978-5-88431-211-1/ © МАЭ РАН.

Рясянен М. Материалы по исторической фонетике тюркских языков. – Москва: Изд-во Иностранная литература, 1955.

Сабыр М. Орта түркі тілі лексикасы мен қазақ тілі лексикасының сабақтастығы (XIV ғасыр жазба ескерткіштері негізінде). – Алматы: Қазақ университеті, 2004.

Сағындықов Б. Қазақ тілі лексикасы дамуының этимологиялық негіздері. – Алматы: Санат, 1994.

Самойлович А.Н. Некоторые дополнение к классификации тюркских языков. – Петербург, 1922.

Самойлович А.Н. Тюркское языкознание. Филология. Руника. – Москва: Восточная литература РАН, 2005.

Сартқожаұлы Қ. Орхон мұралары. – Астана: Күлтегін, 2003.

Сауранбаев Н.Т. Проблемы казахского языкознания. – Алма-Ата: Ғылым, 1982.

Саурықов Е.Б. Түркі тілдеріндегі үстеу сөз табының қалыптасуы. – Тараз, 2009.

Севортян Э.В. Аффиксы глаголообразования в азербайджанском языке. Опыт сравнительного исследования. – Москва: Издательство Восточной литературы, 1962.

Севортян Э.В. Аффиксы именного словообразования в азербайджанском языке. Опыт сравнительного исследования. – Москва: Наука, 1966.

Серебренников Б.А. Историческая грамматика пермских языков. – Москва, 1963.

Serebrennikov B.A. Zur Frage nach dem Ursprung der prothetischen Konsonanten *v* und *j* im Tschuwaschischen. AON, XIX,1, 1966.

Серебренников Б.А. О некоторых частных деталях процесса образования аффикса множественного числа *-lar* в тюркских языках. – Советская тюркология. 1970. – № 1.

Серебренников Б.А., Гаджиева Н.З. Сравнительно-историческая грамматика тюркских языков. – Баку, 1979.

Серебренников Б.А. Вероятностные обоснования в компаративистике. – Москва: Наука, 1974.

- Серебренников Б.А., Гаджиева Н.З. Сравнительно-историческая грамматика тюркских языков. – Москва, 1986.
- Современный татарский язык. – Москва, 1969.
- Сравнительная-историческая грамматика тюркских языков. Фонетика. – Москва: Наука, 1984.
- Сравнительная-историческая грамматика тюркских языков. Морфология. – Москва: Наука, 1988.
- Сравнительно-историческая грамматика тюркских языков. – Москва, 2002.
- Tekin T.A. Grammar of Orkhon Turks. Indian University, 1968.*
- Тектізүл Ж.О. Қазақ тіліндегі түркі негізді аффикстердің эволюциясы. – Алматы: Ғылым, 2002.
- Тенишев Э.Р. Грамматический очерк древнеуйгурского языка по сочинению «Золотой блеск». – Ленинград, 1953.
- Тенишев Э.Р. Система согласных в языке древнеуйгурских памятников уйгурского письма Турфана и Ганьсу // Вопросы диалектологии и тюркских языков. Т. 3. – Баку, 1963.
- Тенишев Э.Р. В.В.Радлов – фонетист и грамматист // Тюркологический сборник. 1971. – Москва: Наука, 1972.
- Тенишев Э.Р. Тюркская историческая диалектология и Махмуд Кашгарский // Советская тюркология. – 1973. – № 6.
- Тенишев Э.Р. Строй саларского языка. – Москва, 1976.
- Тенишев Э.Р. О наддиалектном характере языка тюркских рунических памятников // *Turcologica*. 76. – Ленинград, 1976.
- Тенишев Э.Р. О методах и источниках сравнительно-исторических исследований тюркских языков // Избранные труды. Книга первая. – Уфа: Гилем, 2006.
- Тихомиров М.Н. Русская историография XVIII в. // Вопросы истории. 1948. – № 2.
- Томанов М. Қазақ тілінің тарихи грамматикасы. – Алматы: Мектеп, 1981.
- Томанов М. Тіл тарихы туралы зерттеулер. – Алматы: Ғылым, 2002.
- Топоров В.Н. Сравнительно-историческое языкознание // Лингвистический энциклопедический словарь. – Москва, 1990.
- Трубецкой Н.С. Основы фонологии. – Москва, 1960.
- Трыарский Э.О. диалектной дифференциации армяно-кыпчакского языка // Советская тюркология. – 1987. – № 4.
- Тумашева Д.Г. Язык татар западной Сибири (Тюменский говор). Уч. Зап. Казанского университета. Кн. 2. – Казань, 1956.
- Туймебаев Ж.К. Проблема анлаутных губных согласных в алтайских языках (Ревизия фонетического закона Рамстедта – Пеллио). – Москва, 2005.

Түймебаев Ж.К. История тюрко-казахско-монгольских этноязыковых взаимоотношений. – Астана, 2008.

Түймебаев Ж.К., Егоров Н. И., Чеченов А. А. Актуальные проблемы исследования языков центральной Азии. Туранский языковой союз. – Көкшетау: КГУ, 2009.

Түймебаев Ж., Ескеева М. Көне түркі жазба ескерткіштері тілінің морфологиялық жүйесі. – Астана: Prosper Print, 2013.

Түркі тілдері. Энциклопедиялық басылым. – Астана: Фолиант, 2002.

Убрятова Е.И. Опыт сравнительного изучения фонетических особенностей языка населения некоторых районов Якутской АССР. – Москва, 1960.

Узбек тили лексикологияси. – Тошкент, 1981.

Фазылов Э.И. Староузбекский язык. Хорезмийские памятники XIV века. Т. I. – Ташкент, 1966. Т. II. – Ташкент, 1971.

Федчина В.Н. Как создавалась карта Средней Азии. – Москва: Наука, 1967.

Фролов Э.Д. Русская наука об античности. Историографические очерки. Изд. 2-е. – Санкт-Петербург, 2006.

Хабицев М.А. Памятник куманских языков // Советская тюркология. – 1974. – № 2.

Хабицев М. Карачаево-балкарское именное формообразование и словообразование. – Черкесск, 1977.

Хакимзянов Ф.С. Язык эпитафий волжских булгар. – Москва: Наука, 1978.

Харитонова Л.Н. Залоговые формы глагола в якутском языке. – Москва, 1963.

Хартанович М.Ф. Николай I и гр. С. С. Уваров – реформаторы. Вестник РАН. Т. 65. – 1995. – № 12.

Хасенова А. Етістіктің лексика-грамматикалық сипаты. – Алматы, 1971.

Хотенков В., Чернета В. Граф С. Уваров – министр-просветитель // Высшее образование в России. – 1996. – № 1, 2.

Хусаинов К.Ш. В.В. Радлов и казахский язык. – Алма-Ата: Наука, 1981.

Хусаинов К.Ш. Звуко-изобразительность в казахском языке. – Алма-Ата, 1988.

Хы Уей Гуанг. Сары ұйғырлардың мәдениет тарихы. – Бейжин: Ұлттар баспасы, 2000. (Қытай тілінде, сілтемені аударған Ш.Әбсалық).

Чанков Д.И. Согласные хакасского языка. – Абакан, 1957.

Шамов Г.В. Роль востоковедов Казанского университета в изучении Монголии и Китая (первая половина XIX в.). – Казань, КГУ, 1956.

Шарапатұлы Ш. Жалпы тіл білімі. – Қарағанды: Болашақ-Баспа, 2006.

Щербак А.М. Грамматический очерк языка тюркских текстов X-XII вв. из Восточного Туркестана. – Москва-Ленинград: АН СССР, 1961.

Щербак А.М. Грамматика староузбекского языка. – Москва–Ленинград, 1962.

Щербак А.М. Сравнительная фонетика тюркских языков. – Ленинград: Наука, 1970.

Щербак А.М. К вопросу о происхождении глагола в тюркских языках // Вопросы языкознания. – 1975. – № 15.

Щербак А.М. Очерки по сравнительной морфологии тюркских языков. (Имя). – Ленинград: Наука, 1977

Щербак А.М. Ранние тюркско-монгольские языковые связи (VIII-XIV вв.). – Санкт-Петербург: Наука, 1997.

Щербак А.М. Тюркская руника. – Санкт-Петербург: Наука, 2001.

Ысқақов А. Қазіргі қазақ тілі. – Алматы, 1974.

Юлдашев А.А. Система словообразования в спряжений глагола в башкирском языке. – Москва: Наука, 1972.

Юлдашев А.А. Принципы составления тюркско-русских словарей. – Москва, 1972.

Юнусалиев Б.М. Киргизская лексикология: Развитие корневых слов. Ч.І. – Фрунзе: Изд-во АН КиргССР, 1959.

Языки мира. Тюркские языки. – Бишкек, 1997.

Якобсон Р.О. Типологические исследования и их вклад в сравнительно-историческое языкознание // Введение в языковедение. Хрестоматия. – Москва: Аспект Пресс, 2000.

Яцунский В. К. Историческая география. – Москва, 1955.

МАЗМҰНЫ

АЛҒЫ СӨЗ	3
----------------	---

Бірінші тарау ТҮРКІТАНУ ҒЫЛЫМЫ

§1. Түркітану ғылымының әлемдік гуманитарлық ғылыми кеңістіктегі өзектелуі	5
§2. Түркітану ғылымы және <i>түрік, түркі</i> терминдері	12
§3. Түркітанудың кешенділік сипаты	20
§4. Лингвистикалық түркітану	37
§5. Лингвистикалық түркітанудың тарихи бастауы	41
§6. Түркітанудың Ресейде қалыптасуының тарихи алғы шарттары мен факторлары	57
§7. Лингвистикалық түркітанудың дамуы және түркі тілдерінің зерттелуі	74
§8. Шетелдердегі түркітану ғылымының дамуы және түркі тілдерінің зерттелуі	119

Екінші тарау ТҮРКІ ТІЛДЕРІ ЖӘНЕ ТҮРКІ ТІЛДЕРІНІҢ ТАРИХИ ДАМУ КЕЗЕҢДЕРІ

§1. Түркі тілдері	149
§2. Түркі тілдері дамуын тарихи-хронологиялық тұрғыдан кезеңдестіру мәселесі және түркі тілдері дамуының ежелгі дәуірі	191
§3. Түркі тілдері тарихи дамуының сақ-ғұн дәуірі	217
§4. Түркі тілдері дамуының көне түркі немесе ерте орта ғасыр кезеңі	230
§5. Түркі тілдері дамуының орта ғасыр немесе ескі түркі кезеңі	249
§6. Түркі тілдері дамуының жаңа және ең жаңа кезеңі	265

Үшінші тарау
ТҮРКІ ТІЛДЕРІН ГЛОТТОГЕНЕАЛОГИЯЛЫҚ ЖӘНЕ
ГЛОТТОХРОНОЛОГИЯЛЫҚ ТҮРҒЫДАН КЛАССИФИКАЦИЯЛАУ
МӘСЕЛЕЛЕРІ

§1. Түркі тілдерін классификациялаудың теориялық-әдіснамалық және тарихи ұстанымдары	273
§2. Түркі тілдерін классификациялауда негізге алынатын фонетика-фонологиялық және морфонологиялық заңдылықтар	296
§3. Түркі тілдерінің классификациялары	320

Төртінші тарау
ТҮРКІ ТІЛДЕРІНІҢ ҚҰРЫЛЫМДЫҚ СИПАТЫ.
ФОНОЛОГИЯ. МОРФОЛОГИЯ

§1. Түркі тілдеріндегі екпін, үндесімділік, буын	348
§2. Түркі тілдері фонетика-фонологиялық жүйесінің жалпы сипаты	366
§3. Түркі тілдері морфологиялық құрылымының жалпы сипаты	410
§4. Түркі тілдеріндегі сөзжасам жұрнақтары	454
§5. Түркі тілдеріндегі жалғаулар	475
Шартты қысқартулар	491
Әдебиеттер мен сөздіктер	493
Пайдаланылған әдебиеттер	495

«Қазығұрт» баспасы ЖШС-нің президенті –
Темірғали Мұратбекұлы Көпбаев

ТҮЙМЕБАЕВ Ж., ЕСКЕЕВА М.

ТҮРКІТАНУДЫҢ ТАРИХИ- ЛИНГВИСТИКАЛЫҚ НЕГІЗДЕРІ

Редакторы Сәлима Қалқабаева
Суретшісі Ермек Мейірбеков
Беттеген Ниязбай Оразымбетов

Басуға 19.05.2015 ж. қол қойылды.
Қалыбы 66х96 1/16. Офсеттік басылым.
Қаріп түрі «Arno Pro», «Palatino Linotype».
Көлемі 32,0 б.т. Таралымы 1000 дана.
Тапсырыс №2875.

«Қазығұрт» баспасының компьютер орталығында теріліп, беттелді.

«Қазығұрт» баспасы, 480009, Алматы қаласы,
Абай даңғылы, 143-үй, 405 офис.
Телефон (факс): 8 (727) 394-42-86
e-mail: kazygurt@list.ru

Тапсырыс берушінің файлдарынан Қазақстан Республикасы
«Полиграфкомбинат» ЖШС-нде басылды.
050002, Алматы қаласы, М. Мақатаев көшесі, 41.